Йод тапшылығы ауруларын жою міндеті бүкіл әлемде медициналық және әлеуметтік - экономикалық аспектілерде өзекті болып танылды, өйткені бұл аурулар халықтың денсаулық жағдайына, қоғамның зияткерлік, білім беру және кәсіби әлеуетіне әсер етеді.Йодтың алдын-алудың жеткіліксіздігі аутоиммунды тиреоидиттің, йодиндукцияланған тиреотоксикоздың себебі болуы мүмкін. Мәселенің маңыздылығы йод тапшылығына байланысты патологияның таралуымен және оны шешу жолдарының нақты сипаттамасымен анықталады. Бұл міндеттерді ДДҰ, йод тапшылығы ауруларын бақылау жөніндегі халықаралық кеңес, БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), өз қызметін йод тапшылығы ауруларын жоюға бағыттайтын бірқатар басқа да халықаралық ұйымдар шеше бастады. Көптеген елдерге мемлекеттік деңгейде йод тапшылығы ауруларын жою және алдын алу бағдарламалары енгізілуде. Әлемнің 118 елі осы бағдарламаны жүзеге

асыру мақсатында қарқынды жұмыс істеуде [7]. ЙТА-ның алдын алу және байытылған өнімдерді қолдану туралы соңғы науқан соңғы он жылдықта ҚР халқының әртүрлі топтарын қамту ауқымында өткенін айта кеткен жөн.

Енді ағзадағы йодты қалыпты жағдайда ұстау үшін не істеу керек, деген сұраққа жауап беріп көрсек. Адам ағзасына қажетті йодтың 90%-ын тамақ арқылы қабылдайды. Сол себепті тағам құрамына ерекше мән беруіміз қажет. Йод өсімдік өнімдерінде 60-150 мкг , жануар өнімдерінде – 30-70мкг , суда-8мкг, ауада-2мкг болады. Ал теңіз балығы, теңіз қырыққабаты, ет , сүт, жұмыртқа өнімдері ағзаға түсетін йодтың негізгі көзі екенін есте ұстау керек. Әлемдегі йод тапшылығынң алдын-алудың маңызды шарасы-йодталған ас тұзы. Алайда, тіпті осы тұзды қолдана отырып, азық-түлікті пайдалану денеге йодтың дұрыс жеткізілуін толық қамтамасыз ете алмайды. Бұл қалқанша безінің организмде басқа микроэлементтер – селен жетіспеген кезде йодты сіңіре алмайтындығына байланысты. Адамға тәулігіне тұзды 6г артық тұтыну ұсынылмайды.Алайда осы мөлшерде тұздың құрамына йодтапшылығы бұзылыстарының адын алуға жеткілікті көлемде йод кіреді. Йод тапшылығын түзетуге арналған құрамында йод бар тағамдарға жатады:

• йодталған тұз;
• йодталған су;
• йодталған май;
• йодпен байытылған тамақ өнімдері;
• йодқа бай теңіз өнімдері (теңіз балдырлары, балық, қаңбақ, краб және т.б.);
• жүкті және бала емізетін әйелдерге арналған арнайы өнімдер – йодпен байытылған сүтті сусындар мен жарма;
• йодпен байытылған бейімделген сүт қоспалары. [8]

Таралуы бойынша йодталған майды қолдану екінші орында [9]. 1 мл майдың (480 мг йод) бұлшықет ішіне бір реттік инъекциясы келесі үш жылда қорғанысты қамтамасыз етеді. Ал тамақ арқылы қабылдағанда бұл доза бір жыл бойына қорғанысты қамтамасыз етуге жеткілікті. Дегенмен, йодталған майдағы йодтың үлкен дозасын қолдану міндетті медициналық бақылаумен жеке көзқарасты талап етеді. Йод тапшылығы ауруларының алдын алудың тағы бір әдісі суды йодтау болып табылады [10.11]. Йод көзі ретінде калий йодиді де, элементтік йод та қолданылады. Судағы йодтың концентрациясы кең ауқымда өзгереді, жоғары мәндерде йодтың әлсіз дәмі байқалады. Жаппай алдын алу үшін бұл әдіс орталық сумен жабдықтау жүйесін қажет етеді, ал йод дезинфекциялаушы рөлін атқарады.Барлық осы жағдайларда йодтың бейорганикалық қосылыстары - йодид және калий йодаты немесе теңіз балдырлары - йод тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар азық-түлікті йодпен байытудың тағы бір жанама әдісі- йодқа бай көкөністерді өсіру мақсатында топырақты калий йодидімен байыту және йодпен байытылған жемдік ақуыз дарды қолдану [12]. Йод ұшпа элементі болғандықтан,термо өңдеу кезінде жылдам буланып,өзіндік құндылығын төмендетеді,сол себепті рационалды түрде йодталған ас тұзын тұтыну арқылы ағзаға қажетті мөлшерде йод түспейді.

Сондықтан, қазіргі таңда йодпен байытылған сүт өнімдерін өндіруге де үлкен көңіл бөлініп отыр.Өйткені, адам өмірінің барлық кезеңдерінде үздіксіз қолданылатын, сіңірілу деңгейінің жоғары болуымен ерекшеленетін бұл өнімдердің йодпен байытылуы ағзаны қажетті мөлшерде иодпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет

1.Филиппова И.А. Йод исцеляющий: учебник / И.А.Филиппова. – СПб. : ИД «Весь»., 2013. – 128 с

2. ГерасимовГ.А. Йоддефицитные заболевания в России. Простое решение сложной проблемы : учеб. для вузов / Г.А.Герасимов, В. В. Фадеев, Н. Ю. Свириденко. – М. : Адамантъ, 2014. – 168 с.
3. Использование экстракта морской водоросли фукуса в качестве йодобо-гащающей добавки [Текст] / О.В.Евдокимова и др. // Известия Вузов. Пищевая технология. – 2013. – №2-3. – С. 18-20
4. Шатнюк Л.Н. Обогащение молочных продуктов микронутриентами [Текст] / Л. Н. Шатнюк // Пищевая промышленность. – 2013.– No9. – С. 50-51.
5. Гигиенические аспекты профилактики йоддефицитных состояний / Л. П. Волкотруб и др. // Гигиена питания. 2013. – №1. – С. 28-31.
6. Pandav C.S., Anand K., Sinawat S., Ahmed F.U. Economic evaluation of water iodization program in Thailand. - Southeast Asian J. Trop. Med. Public Health, 2000, V.31,. JVo4, p.762-768.
7. КараваеН.Р.,ЗинченкН.С.,Ягудин А.Т. Гигиенически аспект профилактик йоддефицитны состояний. - Гигиен и санитария, 2000, №3, с.28-31.
8. Щеплягин Л.А. Проблем йодно профилактик в современных условиях. - Гигиен и санитария, 2000, №5, с.49-52.
9. О мера профилактик заболеваний, связанны с дефицито йода.Постановлени правитежств P N 1199 о 05.10.99. - Нова аптека, 2000, №6, с. 136-13810.
11. Зинчу С.Ф., Гореликов Г.А., Маюрников Л.А., Зинчу В.Г., Воронцова И.А., Никитин И.И. Обеспеченност йодо и распространенност зоба сред дете организованны коллективо г.Кемерово. - Вопрос питания,
№3, 2003, с.
12. Дедо И.И., Юдени О.Н., Герасимо Г.А., Смирно Н.П. Эндемический зоб. Проблем и рещения. - Проблем эндокринологии, 2015, т.38, №3, с.6-15.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 06:001.89

НАНДАҒЫ КАРТОП АУРУЫНЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ, ДАМУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Әзбергенова А.А., Абитова А.Ж.
6В05102 «Биотехнология» ББ
Ғылыми жетекші: м.ғ.к., доцент Р.Изимова
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақстан, Ақтөбе

https://doi.org/10.5281/zenodo.10448569

To Cite: Әзбергенова А.А, & Абитова А.Ж. (2024). НАНДАҒЫ КАРТОП АУРУЫНЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ, ДАМУ ЖАҒДАЙЛАРЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10448569

Аңдатпа: Мақалада нандағы картоп ауруының қоздырғыштары және олардың пайда болу жағдайлары туралы қарастырылады. Нан өнімдері тез бұзылатын өнім.Ең жиі кездесетін нан ауруларына картоп ауруы,нанның көгеруі,бор ауруы жатады.Нанда картоп аурының пайда болу себептері әртүрлі. Қоздырғыштардың шикізатқа түсуінен басталып,дайын нан өнім алғанға дейінгі процестердегі санитарлық және технологиялық талаптардың сақталмауы осы жағдайларға жол береді. Осындай өнімдерді қолдану әртүрлі улануларды тудырып, тұтынушының денсаулығына зиян тигізуі мүмкін.

Кілт сөздер: нан, нан өнімдері, картоп ауруы, споралар, Bacillus тұқымдасының бактериялары.

Аннотация: В статье рассматриваются возбудители болезни картофеля в хлебе и условия их возникновения. Хлебобулочные изделия являются скоропортящимися продуктами. Наиболее распространенные болезни хлеба включают картофельную болезнь, хлебную плесень и меловую болезнь. Причины появления ауры картофеля в хлебе разнообразны. Несоблюдение санитарных и технологических требований в процессах, начиная с поступления возбудителей в сырье и заканчивая получением готовой хлебопродукта, допускает эти условия. Использование таких продуктов может вызвать различные отравления и нанести вред здоровью потребителя.

Ключевые слова: хлеб, хлебобулочные изделия, картофельная болезнь, споры, бактерии рода Bacillus.

Annotation: The article discusses the causative agents of potato disease in bread and the conditions of their occurrence. Bakery products are perishable products. The most common bread diseases include potato disease, bread mold, and chalk disease. The reasons for the appearance of the aura of potatoes in bread are diverse. Non-compliance with sanitary and technological requirements in processes, starting with the entry of pathogens into raw materials and ending with the receipt of finished bread products, allows these conditions. The use of such products can cause various poisoning and harm the health of the consumer.

Key words: bread, bakery products, potato disease, spores, bacteria of the genus Bacillus.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Нан өзінің қасиеттері бойынша басқа тағамдардан ерекшеленеді. Ежелгі дәуірдің әйгілі дәрігері Ибн Сина (Авиценна) астық пен нанның тағамдық және биологиялық құндылығын бағалады. Нанның тағамдық құндылығы мен химиялық құрамы бір-бірімен байланысты. Адам үшін нан үлкен психофизиологиялық мәнге ие, ол дәм, иіс, кеуектілік, түс және сыртқы түрімен байланысты. Дәмі мен иісі тәбетті тудырады және ішек қызметінің белсенділігін арттырады. Сондықтан, тағам физиологиясында нан маңызды рөл атқарады және ағза үшін қолайлы өнім болып табылады.

Нанның сіңімділігі оның биологиялық және энергетикалық құндылығына әсер етеді.Бұл көптеген факторларға байланысты - нанның сапасын анықтайтын химиялық құрамы мен қасиеттері: ылғалдылық, кеуектілік, қышқылдық. Халықты тамақтандырудың қазіргі заманғы теориясы қолайсыз экологиялық жағдаймен байланысты жоғары функционалды қасиеттері бар тамақ өнімдерін жасау тәсілдерін жетілдіруді талап етеді. Сол себепті, жаппай қолданыстағы нан өнімдерінің сапасы туралы мәселе үнемі өзекті [1]. Нанның көп тараған ауруларына картоп ауруы, бор ауруы мен көгеруі жатады. Бұл аурулар өнімде дамып келе жатқан патогенді микроорганизмдерден туындайды.

Нанның бор ауруы ұнға енетін ашытқы тәрізді саңырауқұлақтардан туындайды. Аурудың дамуы нәтижесінде нан үгіндісінде борға ұқсайтын ақ, құрғақ дақтар пайда болады. Нан тұтынуға жарамсыз болып, тауарлық түрін жоғалтады.

Нанның көгеруі зең споралары ауадан өнімнің бетіне түскеннен кейін және өнімді ұзақ уақыт сақтаған кезде пайда болады. Нанда зең споралары дамып, өскеннен кейін өнім жеуге жарамсыз болады.

Картоп ауруы - нан мен нан өнімдерінің жиі кездесетін ауруларының бірі, және оны қоздыратын топырақ микробы - спора түзетін картоп таяқшасы табиғатта кең таралған.Нанның бұл ауруы пісірілген соң 12-36 сағаттан кейін біліне бастайды. Оның белгілері нанның жұмсақ қабатының ортасында қоңыр дақ пайда болады; түсі өзгере бастайды және үгітіледі; қоңыр дақ пен үгітілу нанның бүкіл жұмсақ қабатына жайылады, ұстағанда қолға жабысады және жемістің иісіне ұқсаған иіс білінеді, нанның бүкіл жұмсағы қарайып, жабысқақ затқа айналады да, шіріген картоптағы сияқты иіс шығады,жұмсақ қабаттың түсі қызғылттанып, сарғыш-қоңыр тартады, нанды бөлген кезде арасы былшырап, сағызша созылып, жабысып тұрады.Кез-келген астық белгілі бір дәрежеде картоп таяқшасымен ластанады. Ұнтақтау процесінде олар ұн арқылы қамырға, содан кейін нанға, ең нашар жағдайда адам ағзасына өтеді.Картоп ауруына амилаза және протеаза деген ферменттер әсер етеді.Картоп ауруына ұшыраған ұннан қышқылдылығы 60% асатын нан пісіру керек.Мұндай қышқылдылықты ұнның массасына шаққанда 0,3% сүт қышқылын, 0,1% сірке қышқылын қосу арқылы арттыруға болады.Сонымен бірге нанды жақсылап пісіру қажет[2].

Нанның картоп ауруының басты қоздырғышы Bacillus subtilis түрінің бактериялары, қазіргі уақытта Bacillus тұқымдасының басқа түрлерінің де нанның бұзылуына әкелуі мүмкін екендігі анықталды: B.licheniformis, B.pumilus, B.cereus, B.firmus, B.polymyxa, т.б. Bacillus тұқымдасына жататын спора түзетін бактериялардың әртүрлі түрлерінің патогенділігі туралы деректертер бар. Мысалы, токсикоинфекцияны тудыратын B.cereus штамдары диарея және эметикалық (құсу) энтеротоксиндер мен патогендік факторлар болып табылатын ферменттер - лецитиназа, цереолизия, гемолизия және т.б. тудырады. Картоп ауруының қоздырғыштары табиғатта (топырақта, өсімдіктерде, суда, ауада) кең таралған және көбінесе астық пен ұнды ластайды. Картоп ауруының қоздырғыштарына тән ерекшелік - олардың спора түзу қабілеті, яғни қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсеріне өте жоғары төзімділігі бар тыныш формада болады. Егер Bacillus тектес спора түзетін бактериялардың вегетативті жасушалары 80ºC

температураға дейін қыздыруға төтеп бере алмаса, онда споралар 100ºС температурада 6 сағаттан кейін, 113ºС температурада 45 минуттан кейін, 125ºС температурада10 минуттан кейін өледі.

Bacillus тұқымдасының спора түзетін бактерияларының дамуының оңтайлы шарттары- температура - 35-40ºС, pH - 5-10 ылғалды орта. Температураның 18-20ºС дейін төмендеуі олардың көбеюін айтарлықтай баяулатады. Ортаның pH 4,8 және одан төмен болған кезде олардың дамуы тоқтайды. Нан өнімдерінің ылғалдылығы 40% - дан аз болса картоп ауруының алдын алуға көмектеседі; төмен ылғалдылықтағы өнімдерде бұл ауру анықталмайды.

B.subtilis бактериялары ұсақ, ұштары сәл дөңгеленген қозғалмалы таяқшалар, жалғыз немесе тізбектеліп орналасады. Сұйық ортада олар ұзын жіптер түзе алады. Жасуша мөлшері бойынша B. mesentericus, B. subtilis-тен біршама үлкен. Өсу принципі бойынша түр өте өзгермелі, ол шырышты тармақталған, шырышты қатпарлы, мыжылған құрғақ колониялар түзе алады.Колониялары сұр-ақ немесе кілегей түсті, кейде қызғылт, қоңыр немесе қараңғы болады, колониялардың пайда болуы қоршаған ортаның құрамына байланысты өзгереді. B.Subtilis -факультативті-анаэробты термотолерантты микроорганизм. Даму үшін оңтайлы температура (зертханалық жағдайда) 35 – тен 50 °С-қа дейін. Алайда, табиғи субстраттарда, мысалы, нанда B. subtilis 80-85 °С температурада да өсе алады.Бацилла споралары физикалық және химиялық стресс жағдайларына, құрғақ және ылғалды ыстыққа, гамма-сәулелерге, тотықтырғыш агенттерге, химиялық өңдеуге, вакуумға және ультра жоғары гидростатикалық қысымға өте төзімді.B. subtilis ақуызды соңғы өнімдерге дейін ыдырататын протеолитикалық ферменттер шығаратын микроорганизмдерге жатады, сондықтан оны "шірік микробы"деп атайды.

Нанның картоп ауруының қоздырғыштарының тағы бір өкіліне B.cereus жатады. Bacillus cereus - бұл барлық жерде кездесетін грам-оң, спора түзетін, қозғалмалы таяқшалар. Египет зерттеушілерінің айтуы бойынша нан және нан-тоқаш сынамаларының 26,4%-нан B. cereus қоздырғышының споралары табылған [3].

Жалпы, картоп таяқшасы-бұл көптеген наубайхана технологтары үшін басты мәселелі ауру болып табылады. Ең заманауи жабдықтар мен өндірістің ең жоғарғы түрі болса да, ешкім картоп ауруынан наннан арылуға 100% кепілдік бере алмайды. Сонымен қатар, өнеркәсіптік бөлмелерді жұқтырған кезде картоп таяқшасын кәсіпорыннан шығару өте қиын. Тұтастай алғанда, астық инфекциясының қарқындылығы топыраққа, астық жиналатын климатқа, егін жинаудан кейінгі өңдеу технологияларына және астықты тазарту сапасына байланысты [4].

Ұнның кез – келген пакеті әр түрлі егістерде немесе аймақтарда өсірілген өнімдерді араластырудың нәтижесі екенін түсіну керек. Яғни, жауапкершілік шикізатты жеткізушіге де, оны өңдеушіге де жүктелуі мүмкін, сонымен қатар нан зауытында ұн тартқыштарға шағымдануға негіз жоқ. Ескеретін жағдай, картоп таяқшасының споралары кез-келген ұнның құрамында болады, бірақ нан ауруы өнімнің қатты ластануымен және аурудың дамуына ықпал ететін жағдайларда ғана пайда болады. Дайын нандабір жағдай дұрыс емес екенін түсіну оңай. Біріншіден, оның піскен көкөністер мен жемістердің иісіне ұқсас көгерген иісі болады. Уақыт өте келе бұл иіс адам төзгісіз болады. Екіншіден, нанның қыртысы серпімділігін жоғалтады, нандағы үгінді сұр-қара, тұтқыр, шырыш тәрізді болады. Бұл жерде аурудың белгілері нан пісірген күннен кейін пайда болатынын түсіну керек.

Бидай ұнының ластануының себебі-дәнді жинау кезінде, сондай-ақ оны ұнтақтау кезінде топырақтан және ауадан енуі мүмкін споралы бактериялар болып табылады (1-кесте).

Кесте 1. Нан шикізаты және өнімдерінің ластану жағдайлары

Кезеңдері	Ластану көзі
Зоналық жұқтыру	Бидайдың егістікте пісіп-жетілуі Тазалау, ұнтақтау барысында ластануы
Бастапқы өндірістік ластану	Астықтың жәндіктермен, зиянкестермен ластануы Астықты (бидай) өңдеу кезінде шаңмен және қалдықтармен ластануы
Қайталама өндірістік ластану	Ұнды сақтаудың технологиялық режимінің бұзылуы Ұнның қалдықтармен ластануы Шиізаттың ластануы Кәсіпорынның санитарлық жағдайының сақталмауы Пісіру рецептурасы мен технологияның дұрыс жүзеге аспауы

Кесте қорытындысы: Нан пісіру кәсіпорнында картоп ауруының пайда болуына - нан дайындаудың технологиялық режимінің бұзылуы, төмен қышқылдық, нан-тоқаш өнімдерінің жоғары ылғалдылығы, шикізаттың қалдықтармен ластануы, дайын өнімді сақтау және тасымалдау шарттарына қойылатын талаптарды сақтамау себеп болуы мүмкін [5].

Қорытыта келе, нанның картоп ауруы наубайханалар үшін маңызды мәселе болып қала береді. Ұн тарту және нан пісіру кәсіпорындарында жүзеге асырылатын алдын алу шараларының маңызды кезеңі- ұнның картоп ауруының қоздырғыштарымен ластануын анықтау болып табылады. Нан өнімдерінің микробиологиялық бұзылуының пайда болу проблемасын зерттеу, сондай-ақ онымен күресудің тиімді әдістерін іздеу өзектілігін жоғалтпайды. Нан зауыттарының өндірістік зертханалары дайын өнімде картоп таяқшасының дамуына кедергі келтіретін жағдайлар жасау үшін ұнның картоп таяқшасы

жұқтыру дәрежесін тез әрі ерте анықтау әдістерін, қамырды тез талдау, қышқылдықты арттыру сияқты жолдарды жетік меңгеруі тиіс деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Б.Шарипова, А.Р.Валимшина, М.Б.Икрами, Н.С.Девакашоева. Физико-химические свойства лепешки на основе закваски // Вестник технологического университета Таджикистана. 2020 г. стр 53-59
2. Т.О.Шатаева, П.М.Николаевна. Болезни хлеба и их влияние на организм человека// Юный ученый №2, 2017 г.
3. Инструкция по предупреждению картофельной болезни хлеба на хлебопекарных предприятиях// ГНУ ГОСНИИХП. –Москва, 2012.
4. Л.П.Минаева. Возбудители картофельной болезни хлеба: выделение, идентификация/Л.П.Минаева//Кондитерское и хлебопекарное производство.-2009. - №5. – с.40-42.
5. Я.А.Валерьевич. Развитие системы контроля картофельной болезни хлеба на различных этапах технологий переработки зерна. –Москва, 2019.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 631.879.25

МҰНАЙДЫ БАСТАПҚЫ ӨҢДЕУДІҢ МҰНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУ

[1]Унгарбаева Айсулу Сейлхановна,
[2]Тілеуберді Ербол
[1]М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 8D05311 – Химия білім беру бағдарламасының докторанты, Тараз, Қазақстан
[2]PhD, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10448573

To Cite: Унгарбаева Айсулу Сейлхановна, & Тілеуберді Ербол. (2024). МҰНАЙДЫ БАСТАПҚЫ ӨҢДЕУДІҢ МҰНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10448573

Аннотация

В статье рассмотрены отходы, образующиеся на нефтезаводах первичной переработки нефти. Представлен состав изучаемых отходов. Разработана система обращения с отходами первичной переработки нефти.

Ключевые слова: ресурсный потенциал, донные отложения нефтяных резервуаров, замазученный песок, нефтегрунт.

Abstract

The article examines the waste generated at oil refineries for primary oil refining. The composition of the studied waste is presented. A system for handling waste from primary oil refining has been developed.

Keywords: resource potential, bottom sediments of oil reservoirs, oil-contaminated sand, oil soil.

Планетада миллиардтаған тонна мұнай өндіру көмірсутегі бар қалдықтардың жаһандық мәселесін тудырады. Мұнай өңдеу технологиялары мен мұнай химиясы дамыған сайын өңдеу тереңдігінің артуымен олардың жинақталу жылдамдығы соңғы онжылдықтарда азайып бара жатқанымен, мұндай қалдықтарды кәдеге жарату міндеті экономикалық және экологиялық тұрғыдан өзекті болып қала береді [1].

Мұнай-газ саласын дамытудың қазіргі кезеңінде экологиялық күн тәртібі маңызды рөл атқарады. Мұнай-газ компаниялары қалдықтардың өсуін азайтуға тырысады, бұл бүкіл өндіріс тізбегіндегі шығындарды азайтуға ықпал етуі мүмкін [2].

Адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жыл сайын 30 миллиард тоннаға дейін пайдалы қазбалар алынады, 100-150 миллиард тонна жер қойнауы орналастырылады. Кейіннен қайта өңдеу кезінде қазбалардың бір бөлігі қалдықтарды құрайтын соңғы тауарлық өнімдерге кірмейді. Бұл оларды сақтау, көму, қоршаған ортаны қорғау және т. б. мәселелерді тудырады. Алайда, дайын өнімдер (автомобильдер, машиналар, шиналар, пештер, тұрмыстық техника, жиһаз және т.б.) белгілі бір уақыттан кейін өз ресурстарын өндіреді немесе оның мерзімдерінің аяқталуына байланысты

сақтаудан шығарылады, яғни өндіріс қалдықтарына айналады. Адам өзінің материалдық қызметінде ағымдағы және болашақ қалдықтардан басқа ештеңе шығармайды, олар кез-келген материалдық объектілердің өмірлік циклін сөзсіз аяқтайды деп айтуға болады.

Құрамында күкірті 0,6% дейін аз күкіртті мұнайды өңдейтін мұнай өңдеу зауыттарының құрамында мұнай бар қалдықтары объектілер ретінде қарастырылады.

Мұнай резервуарларының түбіндегі шөгінділер мұнайды сақтау ыдыстарында сақтау процесінде түзіледі. Жобалық нормаларға сәйкес зауытты мұнай құбыры арқылы жабдықтау кезінде өндірістік қор үш тәулікті құрауы тиіс. Сақтау кезінде мұнай қабыршақтанып, резервуардың түбіне мұнай тұнбалары түседі. Мұнай тұнбаларының құрамы мен сипаттамасы мұнайдың қасиеттеріне байланысты.

Мұнай резервуарының мұнай шламы паста тәрізді агрегаттық күйге ие. Атмосфералық айдау нәтижелері 1-кестеде көрсетілген. Стандартқа сәйкес 43% орташа тығыздықтағы мұнайлар үшін жақсы көрсеткіш болып табылады.

300 °С-тан жоғары температурада колбадағы қалдық ыдырайды (термиялық крекинг) – шайырлау, кокстеу. Қайнау шегі 285-300 °С болатын фракция 23 °С температурада қатты болады.

Мазутты сақтау резервуарының төменгі шөгінділері мазутты сақтау кезінде мазутты резервуарлық парктерде түзіледі. Олар резервуардың түбіне желатинді масса түрінде орналасады, паста тәрізді агрегаттық күйге ие. Тікелей айдау мазуты – мұнайды тікелей айдаудың ауыр мұнай қалдықтарының тұтқырлығы төмен фракцияларымен қоспасы.

1-кесте. Мұнай резервуарларының түбіндегі шөгінділерді атмосфералық айдау нәтижелері

Фракцияның қайнау температурасы, °С	Фракция шығымы, % мас.	Фракцияның жиынтық шығымы, % мас.
нк-60	0	0
60-100	8	8
100-125	2	10
125-150	5	15
150-170	5	20
170-200	5	25
200-225	5	30
225-250	4	34
250-285	6	40
285-300	3	**43**

2-кестеде мазут резервуарларының түбіндегі шөгінділердің органикалық фракцияларының құрылымдық-топтық және фракциялық құрамы келтірілген [3].

2-кесте. Құрылымдық анықтау нәтижелері-мазут резервуарларының түбіндегі шөгінділер фракциясының топтық және фракциялық құрамы

Аты	Мәні, %

Асфальтендер	2,8–3,8
Шайырлар	19,1–21,5
Парафин-нафтен көмірсутектері	39,1–48,2
Хош иісті көмірсутектер	21,3–26,9
Фракциялардың жалпы саны $T_{қайнау}$, °С	29,6–35,3
350–420	
420–490	41,7–49,2
490 және жоғары	18,7–22,3

Табиғи ортаның барлық дерлік компоненттерін – жер үсті және жер асты суларын, топырақ - өсімдік жамылғысын, атмосфералық ауаны ең қауіпті ластаушы заттардың бірі – мұнай шламдары [4]. Шлам жинағыштардан алынған мұнай шламдары – бұл зауыттар құрылған күннен бастап жинақталған шламдар. Шлам жинақтағыштарда мұнай шламдарының қалыптасуы мұнай өңдеу зауыттарындағы мұнайдың технологиялық трансформациясының барлық кезеңдерінде орын алды. Шлам жинағыштардың мұнай шламдары көп компонентті және көп вариантты қоспалар болып табылады, олардың құрамына ыдырау температурасының кең диапазоны, әртүрлі ылғалдылығы, тұтқырлығы және булану температурасы бар әртүрлі мұнай өңдеу қалдықтары кіреді [3].

Қазба шикізатын өндіру әдістеріне сүйене отырып, мұнай шламдары физика-химиялық қасиеттері бойынша келесі санаттарға бөлінеді:

- өндіруші кәсіпорындарда мұнай дайындау кезіндегі қалдықтар;
- мұнай резервуарларын тазарту кезіндегі қалдықтар;
- бұрғылау жұмыстарын дайындау кезінде қолданылатын құрамында мұнай бар жуу сұйықтықтары;
- ұңғымаларды сынау және ұңғымаларды күрделі жөндеу кезіндегі қалдықтар (ЖКҚ);
- мұнай өндіру және тасымалдау кезіндегі авариялық төгілулер (құбырлардың жарылуы);
- сарайдың деградацияланған мұнайы.

Егер жыл сайынғы мұнай өндіру жыл сайын шамамен 500 млн.тоннаны құрайтынын ескерсек, онда әртүрлі жағдайларда пайда болатын мұнай шламының массасы жыл сайын 30-50 млн. тоннаға тең болады. Қарапайым, тасымалдау, өңдеу кезінде мұнай шламының булану және тотығу процестері және ауыр қалдықтардың түзілуі жүреді, олар негізінен асфальт-шайырлы заттардан тұрады [5].

Кәдімгі мұнай өңдеу зауытының шлам жинағышының ішінде сұйық және қатты деп жіктелген мұнай шламдарының кең ассортименті қалыптасады.

Сұйық мұнай шламдары су-мұнай эмульсиясы болып табылады. Қатты мұнай шламдары-құрамында механикалық қоспалар мен су бар мұнай иісі бар паста тәрізді агрегаттық зат. Шлам жинағыштардың мұнай шламы қара түсті паста тәрізді агрегаттық күйге ие.

3-кесте. Қуаттылығы жылына 3 млн тонна мұнай зауыты мысалында мұнайды бастапқы өңдейтін мұнай зауыттарының ресурстық әлеуеті

Қалдықтардың түрі	Қалдықтардың пайда болу шарттары	Мұнай шламының мөлшері
Мұнай резервуарларының	Мұнай сақтау кезіндегі мұнай	Қабылданған

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

түбіндегі шөгінділер	резервуарлық парктері	мұнайдың 1 тоннасына 14,5 г
Мазут резервуарларының түбіндегі шөгінділер	Мазутты сақтау кезінде мазутты резервуарлық парктер	1 т мазутқа 31,4 г
Су тазарту құрылыстарының мұнай шламдары	Сақтау үшін резервуарларды тазалау, мұнай өнімдерінің су тазарту құрылыстарында ұсталған	Жылына 1200 тонна
Шлам жинағыштан мұнай шламы	Зауыт құрылған күннен бастап жиналған шламдар. Ашық зауыттық сарайларда, тоғандарда сақталады	Зауыт құрылған күннен бастап 5000-7000 тонна
Ластанған құм	Мұнай мен мұнай өнімдері төгілгеннен кейін, авариялық төгілгеннен кейін, кәріз құдықтарын тазалау кезінде аумақты тазалау	Жылына 50-250 тонна
Мұнайгрунт		100-2000 т/жыл
Пайдаланылған керосин-дизельді сілтінің ерітіндісі	Сілтілік ағындар-керосин және дизель фракцияларын сілтілеу кезінде	жылына 4000 тоннаға дейін

Қалдықтардың пайдалы қасиеттерін ресурстық әлеуетпен сипаттауға болады, бұл қалдықтарды қайталама шикізат ретінде пайдалану арқылы табиғи ресурстарды үнемдеуді сандық түрде көрсетеді. 3-кестеде жалпы қуаттылығы жылына 3 миллион тоннаға дейін мұнайды бастапқы өңдеу қондырғылары бар мұнай өңдеу зауытында пайда болатын мұнай қалдықтарының ресурстық әлеуеті келтірілген.

Ресурстық әлеуетті, орнықты дамудың экологиялық қағидаттарын бағалау және мұнай қалдықтарын кәдеге жаратудың қазіргі заманғы бағыттарын талдау негізінде мұнайды бастапқы өңдеу қалдықтарымен жұмыс істеу жүйесі әзірленді.

Төменде қалдықтармен жұмыс істеудің қолданыстағы жүйесі шеңберінде табиғи - ресурстық циклдің негізгі кезеңдері бойынша мұнайды бастапқы қайта өңдеу қалдықтарының қозғалысы келтірілген.

Бұл жүйе бойынша (1-сурет) табиғи-ресурстық циклден мұнай өңдеу қалдықтарын алып тастайды, қозғалыс "қалдықтар → қоршаған орта" сызбасы бойынша жүзеге асырылады. Залалсыздандыру қалдықтардың пайдалы компоненттерін ресурс айналымына қайтаруға мүмкіндік бермейтін деструктивті әдістермен (биологиялық ыдырау, көму) жүзеге асырылады [3].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



1-сурет. Мұнайды бастапқы өңдеудің мұнай қалдықтарымен жұмыс істеудің қолданыстағы жүйесі

Әдебиеттер тізімі:

1. Бахонина Е.И. Современные технологии переработки и утилизации углеводородсодержащих отходов. Башкирский химический журнал. 2015. Том 22. № 1
2. Шевелева А.В. Эффективное применение отходов в нефтегазовой отрасли: практика и перспективы. г. Москва, Финансовые исследования. № 1 (78) 2023
3. Т.Н. Боковикова1, Е.Р. Шпербер2, Д.А. Трухан1, Н.И. Гусева1, Д.Р. Шпербер Управление нефтеотходами первичной переработки нефти. International Scientific Journal for Alternative Energy and Ecology № 15 (137) 2013 Scientific Technical Centre «TATA»
4. Шайхутдинова Е.М. Переработка отходов нефтепродуктов. Форум молодых ученых. г. Нефтекамск 11(15) 2017.
5. Веденькин Д.А. Анализ тяжелых нефтяных отходов и их образование, переработка нефтешламов с применением растворителя. Wschodnioeuropejskie Czasopismo Naukowe (East European Scientific Journal) | NAUKI ROLNICZE # I, 2015

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ОРТА МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Махметова Лаура Сейловна
Жармұқан Дариға, Көкенова Айзада
2 – курс магистранттары
Жолымбаев О. М. – ғылыми жетекші, ф.-м.ғ.д., профессор
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Қазақстан, Семей қ.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10448579

To Cite: Махметова Лаура Сейловна, Жармұқан Дариға, Көкенова Айзада, & Жолымбаев О. М. (2024). ОРТА МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10448579

Аннотация: Мектептегі математика курсында ықтималдықтар теориясы мектеп бағдарламасының міндетті бөлімі болып табылады. Қазіргі уақытта статистикалық сипаттамалар және зерттеулер маңызды рөл атқарады және ол математика да ғана емес, сонымен қатар басқа да ғылым салаларында қолданылады. Мектеп оқушыларына статистика элементтерін тиімдірек үйрету үшін оны оқытудың арнайы әзірленген әдістемесі болуы қажет, сондықтан орта мектепте "Математикалық статистика элементтері" факультативтік курсының мазмұның ұсыну және теориялық негіздеу, өзекті мәселе болып табылады.

Математикалық статистика негіздері сабағында әртүрлі пәндермен пәнаралық байланыстар орнатылады, өмірмен байланысты есептер қарастырылады, оқушылар зерттеу жұмыстарын жүргізуді үйренуге қолайлы жағдай туындайды.

Тірек сөздер: Математикалық статистика элементтері, ықтималдықтар теориясы, комбинаторика элементтері, статистикалық сипаттамалар, статистикалық есептер.

Abstract: Probability theory is a mandatory part of the school curriculum in the school mathematics course. Currently, statistical characteristics and research play an important role, and it is used not only in mathematics, but also in other fields of science. In order to more effectively teach the elements of statistics to schoolchildren, it is necessary to have a specially developed methodology of teaching it, therefore, presentation of the content and theoretical justification of the optional course "Elements of Mathematical Statistics" in high school is an actual issue.

In the lesson of the basics of mathematical statistics, interdisciplinary connections with various subjects are established, problems related to life are considered, and a favorable environment is created for students to learn to conduct research.

Key words: Eelements of mathematical statistics, probability theory, elements of combinatorics, statistical characteristics, statistical problems.

««Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны білім алушылардың қоршаған әлемнің математикалық заңдылықтары туралы түсініктерін жүйелеуге және дамытуға, математикалық құралдар мен әдістердің тәжірибеде барлық білім салаларында құбылыстар мен процестерді сипаттау және зерттеуде

қолданылатынын жете түсінулеріне; объектілер мен процестерді модельдеу ептіліктерін дамытуға бағытталған.» [1].

Статистика ғылымда да, күнделікті өмірде де үлкен рөл атқарады. Қазіргі таңда математикалық статистика тәсілдерін қолданбайтын бірде-бір ғылым, техника, халық шаруашылығы және саяси-әлеуметтік саланы атап көрсету мүмкін емес. Бұл пәннің теориялық идеялары, әдістері мен нәтижелері көптеген жаратылыстану және техникалық ғылымдарда ғана емес, сонымен қатар әлеуметтану, психология, экономика, жоспарлау, өндірісті ұйымдастыру, демография, медицина, экология, т.б. салаларда кеңінен қолданылады. Әлеуметтік-экономикалық ғылымдардың барлық кешені ықтималдық-статистикалық негізде дамитындығына байланысты, оқушыларда ықтималдық ойлауды қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Орта мектеп курсына статистика элементтерін енгізудің факторларының бірі- олардың нақты өмірлік жағдайлармен байланысы болып табылады. Кез келген оқиғалар мен құбылыстардың ықтималдық сипатын түсіну, соған сәйкес практикалық дағдыларды қалыптастыру, сонымен қатар жалпы ықтималдық интуицияны және деректерді бағалаудың нақты әдістерін дамыту қажет. Оқушыларда әртүрлі, кейде қарама-қайшы ақпаратты алуға, талдауға және өңдеуге, кездейсоқ нәтижелер жағдайында негізделген шешім қабылдауға, табысқа жету мүмкіндігі мен тәуекел дәрежесін бағалауға мүмкіндігі болуы керек.

Оқушылардың ықтималдық түйсігі мен статистикалық ойлауын дамыту өзекті мәселеге айналды, өйткені математиканы оқыту ғана емес, сонымен қатар математика арқылы тұлғаны қалыптастыру маңызды . Сондықтан мектептегі математика курсына статистика элементтерін енгізу қажеттілігі туындады.

Жаңартылған бағдарлама бойынша орта мектепте математикалық статистика элементтері 6 -11 сыныптарда оқытыла бастады, себебі статистикалық мәліметтермен жұмыс жасау тек қана математика сабақтарында емес, басқа пәндерде де кездеседі, мысалы, информатика, география, т.б. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту.

Статистика-өмірде орын алатын, жиі кездесетін жағдайлардың сандық және сапалық өзгерістерін есептейтін, зерттейтін ғылым. Статистикалық зерттеулер көбінесе статистикалық сипаттамалар бойынша жүргізіледі. Статистикалық сипаттамалардың жиі қолданылатын түрлері: арифметикалық орта, мода, медиана және ауытқу өзгерісі [2].

Халық шаруашылығында жиі қолданылатын статистикалық сипаттамалардың бірі-сандардың арифметикалық ортасы. Мысалы, ауаның орташа температурасын, орташа егін өнімін, орташа жұмыс өнімділігін және т.с.с. шамалардың орташа мәндерін анықтауда сандардың арифметикалық ортасын табу қолданылады.

Мектеп математикасының 6 сыныбында әр түрлі өмірлік жағдайлардың мысалдары негізінде негізгі статистикалық сипаттамалар енгізіледі: арифметикалық орта, мода, медиана, ауытқу. Осы тапсырмалар арқылы оқушыларға зерттеу жүргізу әдістерін үйретуге болады, мысалы, бақылау,сауалнама жүргізіп, белгілі бір сұрақ бойынша мәліметтер жинақтау, оларды кестеге толтырып өңдеу, қорытындылау. Осындай тапсырмалар оқушының пәнге, ғылымға қызығушылығын арттыратыны сөзсіз, және ғылыми зерттеулер жүргізудің алғашқы қадамы болып табылады.

7 сынып алгебрасында статистика элементтерінің вариациялық қатары,бас жиынтық, кездейсоқ таңдамалар қарастырылуда. 8 сыныпта интервалдық кесте, орта мән, дисперсия, стандартты ауытқу ұғымдары енгізілсе, 9-10 сыныптарда ықтималдықтар теориясы, статистикалық ықтималдық қарастырылады. 11сыныпта бас жиынтық және

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

таңдама, дискреттік және интервалдық вариациялық қатарлар қарастырылады, олардың сандық сипаттамалары есептелінеді.

Мысалдар келтірейік:

Мысал – 1. Ауылдың дүкендеріндегі нанның бағасы анықталды. Олар кестеде берілген:

Дүкен атауы	1бөлке нанның бағасы
Асылым	190
Әсем	200
Жайна	185
Марал	180
Айым	190
Дастан	195
Інжу	180
Айсұлу	200
Санжар	190
Ақ дән	190

Кестедегі мәліметтер бойынша дискреттік вариациялық қатар құру, қатардың негізгі көрсеткіштерін: арифметикалық орта, дисперсия, орташа квадраттық ауытқуын, мода, медиана, вариация ауқымын есептеу. Қорытынды жасау.

Шешуі:

Вариациялық қатар құрайық:

180,180, 185, 190, 190, 190, 190, 195, 200, 200

Варианта	180	185	190	195	200
Жиілік	2	1	4	1	2

n=10

Арифметикалық орта: $\bar{x}=\frac{1}{10}(180*2+185*1+190*4+195*1+200*2)=\frac{1}{10}*1900=190$

Дисперсия:

$D=\frac{1}{10}((180-190)^2*2+(185-190)^2*1+(190-190)^2*4+(195-190)^2*1+(200-190)^2*2 = \frac{1}{10}(10^2*2+5^2*1+0*4+5^2*1+10^2*2) = \frac{1}{10}(100*2+25*1+25*1+100*2)=\frac{1}{10}*450=45$

Орташа квадраттық ауытқу:

$\sigma=\sqrt{D}=\sqrt{45}=6,7$

Мода: Мо=190

Медиана: Ме=190

Вариация ауқымы: $x_{max}- x_{min}=200 – 180 =20$

Қорытынды:

Ауылдағы дүкендердегі нанның орташа бағасы 190 теңгені құрады.

Дискреттік қатардың модасы мен медианасы да 190-ға тең.

Дисперсия – 45,

орташа квадраттық ауытқу – 6,7,

вариация ауқымы -20.

Мысал – 2. Бесінші сыныптағы 20 баланың бойларын өлшегенде, келесі сандар шықты:

124, 138, 134, 135,130,128, 126, 133, 140, 135, 135, 121, 122, 140, 135, 130, 128, 122, 126,127.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Интервалдық вариациялық қатар құрып, қатардың сандық сипаттамаларын анықтап, гистограммасын сал.

Шешуі: Қатарды өсу ретімен көшірейік:

121, 122, 122, 124, 126, 126, 127, 128, 128, 130, 130, 133, 134, 135, 135, 135, 135, 138, 140, 140.

Қатардағы 20 санды 4 интервалға бөлейік:

Кестені толтырайық:

Интервал	121-125	126-130	131-135	136-140
Жиілік	4	7	6	3
Салыстырмалы жиілік	0,2	0,35	0,3	0,15

n=20

Әр интервалдың ортасын табайық: x_1 =(121+125):2=123, x_2 =(126+130):2=128,

x_3 =(131+135):2=133, x_1 =(136+140):2=138.

Арифметикалық орта: $\bar{x}=\frac{1}{20}(123*4+128*7+133*6+138*3)=\frac{1}{20}*2600=130$

Дисперсия:

$D=\frac{1}{20}((123-130)^2*4+(128-130)^2*7+(133-130)^2*6+(138-130)^2*3)=$

$=\frac{1}{20}(7^2*4+2^2*7+3^2*6+8^2*3)=\frac{1}{20}(49*4+4*7+9*6+64*3)=\frac{1}{20}*470=23,5$

Орташа квадраттық ауытқу:

$\sigma=\sqrt{D}=\sqrt{23,5}=4,85$

Мода: Мо=135

Медиана: Ме=130

Вариация ауқымы: $x_{max}-x_{min}$=140 – 121 =19

Қорытынды:

Сыныптағы оқушылардың бойлары орта есеппен 130 см.


Дискреттік қатардың модасы 135 , медианасы 130-ға тең.

Дисперсия – 23,5,

орташа квадраттық ауытқу – 4,85,

вариация ауқымы -19.

Интервал	121-125	126-130	131-135	136-140
Жиілік	4	7	6	3
Салыстырмалы жиілік	0,35	0,2	0,3	0,15



Қорытынды: математиканың мектеп курсында статистика элементтерін енгізу заман талабына сай жүргізілді. Ықтималдық-статистикалық зерттеу оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерінің дамуына жағымды әсер етеді, пәнге деген

қызығушылықтың дамуына ықпал етеді, сонымен қатар математика курсының қолданбалы аспектісін күшейтеді. Математикалық статистика негіздері сабағында әртүрлі пәндермен пәнаралық байланыстарды орнатылады, өмірмен байланысты есептер қарастырылады, оқушылар зерттеу жұмыстарын жүргізуді үйренуге қолайлы жағдай туындайды.

«*«Математика және информатика» білім беру саласы пәндерін оқуға деген қызығушылықты арттырудың бір жолы – білім алушылардың жобалық қызметі. Жобалау технологияларын қолдану пән бойынша оқу сапасын көтеріп қана қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлауды, мақсат қоюды, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсынуды және дәлелдеуді, тәжірибелер жүргізуді, орындалған жұмыстың нәтижелерін көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.*»[1]

Орта білім беру деңгейінде статистика элементтерін оқытып-үйретудің жалпы бағытын беретін келесі мақсаттар ұсынылады:

- Күнделікті өмірде, сондай-ақ қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары пәндерін қазіргі деңгейде оқып-үйрену үшін қажетті стохастикалық түсініктер жүйесін меңгерту.
- Ықтималдық-статистикалық заңдардың жан-жақтылығы, қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық және жаратылыс ғылымдық үдерістері мен құбылыстарын модельдеу құралы ретінде стохастика туралы түсініктерін қалыптастыру.
- Статистика ұғымдарды меңгерту, сонымен қатар ықтималдық интуицияны, статистикалық мәдениетті қалыптастыру, бар ақпараттармен негізделген қорытынды жасай білуі бойынша оқу іс-әрекетін бағдарлау.
- Статистикалық ұғымдардың философиялық - әлемтанушылық аспектілерін, олардың қалыптасуы мен дамуы тарихын ашу арқылы оқушының пәнге қызығушылығын арттыру.
- Оқушыларға әртүрлі тапсырмалар беру арқылы зерттеулер жүргізуді, мәліметтерді жүйелеу және жіктеуді үйрету.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат, 01.09.2023ж 104 бет, (42-45 беттер)
2. Бунимович, Е.А. О теории вероятностей и статистики в школьном курсе / Е.А. Бунимович, В.А. Булычев, Ю.Н. Тюрин, А.А. Макаров, И.Р. Высоцкий, И.В. Ященко // Математика в школе. - 2019. - №7. –С. 3 –14.
3. А.Е.Әбілқасымова, Т.П.Кучер, З.Ә.Жұмағұлова «Математика» жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған оқулық, 2-бөлім. Алматы «Мектеп» 2018ж, 185бет (112-117 беттер)
4. А.Е.Әбілқасымова, Т.П.Кучер, З.Ә.Жұмағұлова, В.Е.Корчевский «Алгебра» жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған оқулық. Алматы «Мектеп» 2017ж, 270бет (166-179 беттер)
5. А.Е.Әбілқасымова, Т.П.Кучер, З.Ә.Жұмағұлова, В.Е.Корчевский «Алгебра» жалпы білім беретін мектептің 8сыныбына арналған оқулық. Алматы «Мектеп» 2018ж, 197бет (121-136 беттер)
6. А.Е.Әбілқасымова, Т.П.Кучер, З.Ә.Жұмағұлова, В.Е.Корчевский «Алгебра және анализ бастамалары» жалпы білім беретін жаратылыстану-математикалық бағыттағы мектептің 11сыныбына арналған оқулық. Алматы «Мектеп» 2019ж, 254 бет (54-68 беттер)

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 910.2

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

[1]Қасымов Дінмұхаммед Нұрланұлы, [2]Айдаров Оразхан Тұрсынқожаұлы,
[1]География-тарих БББ І-курс студенті, [2]аға оқытушы, г.ғ.к.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда, Қазақстан.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10509563

To Cite: Қасымов Дінмұхаммед Нұрланұлы, & Айдаров Оразхан Тұрсынқожаұлы. (2024). ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10509563

Аннотация: Бүгінгі таңға дейін Қазақстанның 100 қасиетті орны мен кешендерінің тізімі анықталған. Тізімге Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы мен әлеуметтік саяси өміріндегі маңызды орын алатын нысандар мен кешендер кіреді. Осы киелі жерлер географиясы жобасы аясында Қызылорда облысы бойынша 12 тарихи – ескерткіш орындары еліміздің жалпы ұлттық қасиетті нысандар тізіміне және 35 тарихи - ескерткіш өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енді.

Кілт сөздер: Ескерткіштер, тарихи-ескерткіштер, киелі жерлер, қасиетті нысандар, Шірік-рабат, Жанкент, Сығанақ, Айқожа кесенесі.

Annotation: to date, a list of 100 shrines and complexes of Kazakhstan has been identified. The list includes objects and complexes that occupy an important place in the historical and cultural heritage and social and political life of Kazakhstan. Within the framework of this project on the geography of sacred places in Kyzylorda region, 12 historical and memorial sites were included in the list of national sacred sites of the country and 35 historical and Memorial Regional sacred sites.

Key words: monuments, historical monuments, sacred places, sacred objects, Shyryk-Rabat, Zhankent, Syganak, Aikozha mausoleum.

‹‹Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі-неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол-ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз›› - деп тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев босқа айтқан жоқ.

Қазіргі таңда елімізде көптеген тарихи және мәдениет ескерткіштері бар. Олардың арасында 218 республикалық маңызға, ал 11 277жергілікті маңызға ие нысандар. Барлық қасиетті және мәдени нысандардың бірыңғай өрісін қалыптастыру, ұлттық сана-сезімде оларды бір жерге қиыстыруға мүмкіндік береді.Тарихи және мәдени ескеркіштер біздің ұлттық құндылығымыздың тірегі болуы керек [1].

‹‹Қазақстанның киелі жерлері географиясын›› құрастырған кезде негізгі үш элемент ескерілетін:

1. Әр Қазақстандықты ‹‹Қазақстанның мәдени-географиялық белдігіне›› қатысты танымдық дайындау.
2. БАҚ-тың ақпараттық-үгіттеу жұмысын ілгерілету бойынша жүйелік тәсілдемесі.
3. Ішкі және сыртқы мәдени туризмнің халықтың символикалық мұрасымен шоғырлануы

Бүкіл еліміз бойынша ‹‹Киелі жерлер географиясы›› ретінде 500-ге жуық нысан бейнеленбек. Қазақстан бойынша енгізілетін қасиетті нысандар бес топқа жіктеледі:

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері;
2. Археологиялық ескерткіштер және ортағасырлық қалалық орталықтар;
3. Діни және ғұрыптық орындар;
4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар;
5. Саяси тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар.

Бүгінгі таңға дейін Қазақстанның 100 қасиетті орны мен кешендерінің тізімі анықталған. Тізімге Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы мен әлеуметтік саяси өміріндегі маңызды орын алатын нысандар мен кешендер кіреді.

Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы жобасы аясында Қызылорда облысы бойынша 12 тарихи – ескерткіш орындары еліміздің жалпы ұлттық қасиетті нысандар тізіміне және 35 тарихи - ескерткіш өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енді.

Оларға: Ежелгі Шірік-рабат, Ортағасырлық Жанкент, Ортағасырлық Сығанақ, Ортағасырлық Жент қалашығы, Қорқыт Ата кешені, Бегім ана мұнарасы, Оқыш ата, Хорасан Ата, Төлегатай-Қылшты Ата, Бұқарбай батыр кесенелері, Жанқожа батыр мазары, Христос Спаситель шіркеуі.

Қызылорда облысы — Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік-территориялық бірлік.

Бүгінгі таңда облыста туризм инфраструктурасы 15 қонақ үй, 36 жеке кәсіпкер – орналастырушылар, 2 сауықтыру орындарымен, 8 балалар сауықтыру – демалыс лагерлерімен, 8 мұражай және 559 тарихи – архитектуралық ескерткіштер мен табиғат ресурстарымен қамтылған [2].

Облыс орталығы - Қызылорда қаласы. Облыс Арал теңізінің шығысында Сырдария өзенінің төменгі ағысы, Тұран ойпатында орналасқан. Қазақстан Республикасының бірнеше облыстарымен оның ішінде шығыс және оңтүстік–шығысында Түркістан облысымен, солтүстігінде – Ұлытау облысымен, солтүстік-батысында Ақтөбемен және оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шекараласады.

Қорқыт ата атындағы Халықаралық әуежайы Қызылорда қаласын Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтарымен байланыстырады.

Қызылорда облысы арқылы Қызылорда – Семей, Қызылорда – Петропавл, Алматы – Ақтөбе, Алматы – Атырау, Алматы – Маңғыстау, Алматы – Орал, Қызылорда – Сексеуіл, Сексеуіл – Түркістанды байланыстыратын теміржол өтеді.

Қазіргі таңда облыс бойынша 212 елді мекенді байланыстыратын 246 автобус маршруттары қызмет көрсетеді.

“Шымкент-Самара” М-32 халықаралық автокөлік тас жолы Қызылорда облысы арқылы солтүстіктен оңтүстікке қарай өтеді.

Қызылорда облысы Ұлы Жібек жолының тарихи орталығы болады, оның дәлелі 500-ден астам қазақ халқының мәдени және тарихи ескерткіштердің мекенінің дамуында ерекше орынға ие. Бұл қазақ халқы өкілдерінің сәулет, археологиялық ескерткіштері және кесенелері.

Ежелгі жерде өмір сүрген Қорқыт баба, Әйтеке би және Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы, Жанқожа, Бұхарбай, Тоғанас батырлары халықтың мақтанышы. Осы жерде туған Ғани Мұратбаев, Мұстафа Шоқай және дала академигі атанған Ыбырай Жақаев – өз елінің батыр ұлдары.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Тарихи қалалар Сауран және Сығанақ, археологиялық ескерткіштері және кесенелер Сунақ Ата, Айқожа ишан, Қарасопы, Оқшы Ата (Жеті Әулие кесенесі), Досбол би, Есабыз, Ақтас мешіті, Қорқыт Ата мемориалдық кешені Ұлы Жібек жолының туристік бағыттарына кіреді [3]. Енді осылардың кейбіреулеріне тоқталып өтсек.

Қорқыт Ата ескерткіш кешені Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым жерде, Қорқыт станциясына жақын табиғи төбе үстінде орналасқан. Қорқыт Ата ескерткіші – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Кешеннің құрылысы 1980 жылы жасалынды. Авторлары – Б.Ә. Ибраев, С.И. Исатаев.

1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қылует, қошқар мүсінінен тұратын тұтас сәулеттік ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды.

2000 жылы кешен жанынан музей және әкімшілік ғимараты ашылып, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы ретінде қызмет көрсетіп келеді. «ЭКСПО – 2017» көрмесі шеңберінде «Қорқыт Ата» мемориалдық кешені маңында қонақ үй кешені мен «Этноауыл» орналастырылды.



Айқожа кесенесі, XVI - XVII ғасыр. Бұл құрылыстың фундаменті ретінде күйген кірпіш тұр, оның жалпақтығы 20см. Фундамент астына 20см тереңдікте тас бетон қойылған фундаменттің жан жағынан 50см қиыршық тас салынған қалаудың материалдық жағдайы қанағаттандырарлық, ешқандай қайта жасау қажетсіз, барлығы жөндеу барысында қалпына келтірілді. Қабырғалар күйдірілген саз кірпіштен қаланды. Қабырғаларының қалыңдығы 1,4 м, жөндеу жұмыстары атқарылып пайдаланылуға берілді.

Алтынасар – көне қала орны. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Қуаңдария өзенінің ескі арнасының бойында орналасқан. Ежелгі аты белгісіз. Алтынасар қала жұрты б.з. I-IV ғасырларында өмір сүрген, көлемі 17 га жерді алып жатқан, төрт бас ғимараттары бар өте ірі қала. Қала бірнеше қабаттардан тұратын күрделі құрылыстардан салынған.



Жота басында екі төбенің сұлбасы айқын байқалады. Біріншісі «Үлкен үй» аталады, аумағы 150х150 м, биіктігі 12–15 м. Мұнда негізінен тұрғын үйлер болған. Екінші төбе «Кіші үй». Жүргізілген қазба жұмыстары қаланың төмендігі қабаты 1–8 ғасырларда салынғанын

анықтады. Бөлмелерде суфалар мен еден үстіне орнатылған ошақтар сақталған. Олардың бөренелермен, қамыстармен жабылған төбесі жайпақ болғандығы анықталды.

Жетіасар көне қаласы. Жетіасар — б.з.б. 3-1 ғасырлардағы қаңлы тайпалары қоныстарының орны. Жосалы темір жол стансаның (Қызылорда облысы) маңындағы бір-біріне жақын бірнеше қоныстардан тұрады. Осы қоныстардың бірі көлемі жағынан үлкен, орташа қоныс болып, онда тайпа ақсүйектері тұрғанға ұқсайды. Соңғы жылдары оның орнын қазғанда, сол кезде салынған үйлердің қабырғаларынан әдемі ою-өрнекті әшекейлер табылды. Осы аймақты мекендеген қаңлылар Қаратау мен Сырдарияның орта саласында да тұрған. Ертедегі қытай деректеріне қарағанда, олардың тайпалық бірлестігі бес “кіші иеліктен” құрылған. Қоныстарда 120 мыңдай түтін немесе 600 мыңдай адам болған.

Қоршаған орта жөніндегі мәліметтердің басым бөлігі фотондар арқылы алынған. Атомдар мен молекулалардың энергетикалық күйлері туралы мәліметтерді біз олардың жарық шығаруы немесе жұтуы арқылы аламыз. Ол еркін күйде әлемде ең көп тараған болшек.

Атом ядроларының спиндері туралы мәлімет ядролардың сыртқы электромагниттік өрістерімен әсерлесуі арқылы алынады. Фотон электромагниттік өзара әсерді тасиды және басқа элементар бөлшектермен электрмагниттік және гравитациялық түрде әсерлеседі. Фотон өзінің антибөлшегімен сәйкес келеді.

1. *Лептондар.* Ферми-Дирак статистикасына бағынатын ең жеңіл фермиондар лептондар деп аталады. Оған төрт бөлшек және олардың антибөлшектері жатады. Олар $e-$электрон, $\mu-$мюон және екі нейтрино ν_e, ν_μ. Бұлардың ең жеңілі электрондық ν_e және мюондық ν_μ нейтринолар, олардың тыныштық массалары нөлге тең. Осы 4 бөлшектің антибөлшектері бар. Екі нейтринонның спиндері ½ және олар электрлік зарядталмаған. Аталған екі нейтринонның айырмашылықтары мынада: бірі элементар бөлшектермен жүретін үдерістердің бәрінде электронмен бірге қабаттасып жүреді, ал екіншісі мюондармен қабаттаса жүреді. Әрине, мұнда әңгіме бұлардағы әлсіз өзара әсерлесу үдерістері (процестер) жөнінде болып отыр. Қайсыбір әлсіз әсерде электрон қатысатын болса, оған электрондық нейтрино міндетті түрде, ал мюон қатысса міндетті түрде мюондық нейтрино қатысады.

Электрон мен оның нейтриносы қатысатын әлсіз үдеріске ядролық $\beta-$ыдырау реакциялары жатады.

$$n \to P^+ + e^- + \overline{\nu_e}: \qquad P^+ \to n + e^- + \nu_e: \qquad (6.6)$$

немесе осыған кері реакциялар жатады.

$$\overline{\nu_e} + P^+ \to n + e^+: \qquad \nu_e + n \to P^+ + e^- \qquad (6.7)$$

Мюон мен мюондық нейтрино қатысатын әлсіз үдерістер қатарына пиондарды ыдырату реакциясы жатады.

$$\pi^- \to \mu^- + \overline{\nu_\mu} \qquad \pi^+ \to \mu^+ + \nu_\mu \qquad (6.8)$$

Сонымен қатар, бұған оң мюон түзілетін реакция да жатады.

$$\overline{\nu_\mu} + P^+ \to n + \mu^+ \qquad (6.9)$$

Келтірілген элементар бөлшектердің реакцияларында электронмен нейтрино емес антинейтрино ілеседі, бұл егер олар реакциялық теңдеудің бір жағында болса, керісінше егер электрон мен нейтрино теңдеудің қарама-қарсы бөліктерінде болса электронға нейтрино ілеседі. Мюон мен мюондық нейтрино да өздерін дәл осы сияқты ұстайды. Мұның бәрі бөлшектер санының сақталу заңының салдары болып табылады, яғни, бөлшектердің лептондық санының сақталу заңының салдары болып табылады.

Егер әрбір лептондық бөлшекке +1 лептондық сан сәйкес келсе, ал әрбір антибөлшекке -1 лептондық сан жазылса, онда лептондар санының алгебралық қосындысы реакцияның басы мен соңында барлық әлсіз өзара әсер үшін бірдей болады. Нейтрино әлсіз әсерге қатыса алады, сондықтан, ол басқа бөлшектермен әлсіз әсер арқылы әрекеттеседі. Осыдан, нейтрино қатысқан үдерістердің эффективті қимасы өте аз, ал еркін жол ұзындығы үлкен болады. Әдетте нейтрондық реакциялардың эффективті қималары шамамен 10^{-49}м^2 деп саналады. Ал заттардағы мысалы, қорғасындағы нейтринонның орта еркін жол ұзындығы 10^3 жарық жылына теңеледі. Нейтрино барлық шарттарда толық поляризацияланатын бірден-бір

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

элементар бөлшектер. Оның спині қатаң түрде, өзінің импульс моментінің векторының бойымен немесе оған қарама-қарсы бағытталады. Әрине, егер сәйкес нейтрино мен антинейтринонның қозғалыс бағыты бойымен қарағанда нейтринонның спині оның сағат тіліне қарсы, ал антинейтринонның оны сағат тілінің бойымен айналдырады.

2. *Электрондар мен мюондар.* Бұл екеуі e және μ лептондарға жататын электрлік зарядталған бөлшектер. Олар физикалық тұрғыда өздерін бірдей ұстайды, тек массалары әртүрлі $m_e = 0.51 МэВ,\ m_\mu = 105.66 МэВ$. Мюонның тыныштық массасы электрондыкінен 200 еседей артық.

Электронда мюонда теріс зарядқа ие. Спиндер ½-ге тең. Осы бөлшектердің антибөлшектерінің сәйкес оң электрлік зарядтары бар. Электрон басқа бөлшектерге бөлінбейді. Осы тұрғыда ол орнықты. Ал мюон орнықсыз

$$\mu^- = e^- + \overline{\nu}_e + \nu_{\mu^-}: \qquad \mu^+ = e^+ + \nu_e + \overline{\nu}_\mu$$

Келтірілген ыдырау реакцияларын сипаттайтын теңдеулерде электрон мен оның нейтриносы, мюон мен оның нейтриносы өздерін ядролық $\beta-$ ыдыраудағыдай ұстайды, яғни, лептондық сан қатаң сақталады. Мюон космос сәулелерінен табылған. Оның массасы электрон мен протонның массасының ортасында болғандықтан, мю-мезон деп аталады. Массасы үлкен болғанмен оның барлық физикалық қасиеті лептондарға ұқсас, оны фермиондарға жатқызады.

Мюонның массасы $M_\mu = 200 m_e$, ал заряды теріс. Ол протонмен байланысқан күйде бола алады. Сөйтіп ауыр «Атомдық электронға» айналады. Яғни, мюондық сутек құрады. Сутек атомында байланыс энергиясы массаға пропорционал, олай болса, мюондық сутектегі мюонның протонмен байланыс энергиясы кәдімгі сутектегіден 200 есе көп, яғни, $E_{св} = 200 * 13{,}6 эв$.

Сутек атомында Бор орбитасының радиусы электронның массасына кері пропорционал. Ал мюондық сутектегі мюонның радиусы одан 200 есе кіші. Мюондық сутек өзіне протонды қосып алады сөйтіп, сутек молекуласының мюондық оң ионына айналады. Осы сутек молекуласының мюондық ионындағы байланыс энергиясының күшті болатыны соншалық, ол екі протонның бірігіп дейтрон түзілуіне әкеледі және бұл кезде жылдам позитрон бөлініп ұшып шығады.

Мұндай реакция сұйық дейтерийде жүретіні байқалған. Бұл кезде ${}^3_2He$ ядросы және нейтрондар түзіледі, сонымен қатар, өте көп энергия бөлінеді. Осы реакцияны туғызған мюон ${}^3_2He$ ядросынан бөлініп еркін бөлшекке айналады, сөйтіп басқа ядролық реакциялардың катализаторы қызметін атқара береді. Бұл тізбекті реакция мюон ыдырағанда немесе протонмен берік байланысқанда тоқтайды.

Оң мюон Бор орбитасымен айналған электронмен байланысып, басқа сутек түзеді. Мюоний деп аталған мұндай атомда, кәдімгі сутекпен салыстырғанда, байланыс энергиясы 200 есе аз. Сонымен, электрон әлемдегі ең маңызды бөлшек. Ол электр зарядының барлық ауысуларына жауапты және кәдімгі химия – өзінің барлық химиялық реакцияларымен электронға міндетті.

Мақалад элементар бөлшектердің, олардың арасындағы әсерлесу күштерінің негізінде заттардың түзілу жолдары, әлемнің дамуы туралы мәселелер қарастырылды. Осы мәліметтер арқылы студенттерге элементар бөлшектер физикасы, табиғат пен онда жүретін құбылыстар туралы білімдерін толықтыруға мүмкіндік береді деп сенеміз.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Пайдаланған әдебиеттер

1. Спабекова Р.С. Ядролық физика және элементар бөлшектер. Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2020. – 95 б.
2. Мартин, Б. Ядролық физика және элементар бөлшектер физикасы [Электрондық ресурс] = Кіріспе. 1-бөлім / Б. Мартин.- 6, 35 Мб.- Алматы, 2013.- 352 б.
3. Ілиясов, Н. Элементар бөлшектер және химиялық элементтердің түзілуі [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / Н. Ілиясов, Ө. Парманбеков, Н. Байтұрсын.- 2, 41 МБ.- Алматы: Қыздар университеті, 2015.- 84 бет.
4. Амальди Дж. Вещество. Антивещество. М.: Атомиздат 1969г.
5. Ахиезер А.И., Рекало М. Биография элементарные частиц. Киев -1979г.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 621.317.75

ИМПУЛЬСТІК ҚЫСЫМДЫ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ПЬЕЗОМЕТРИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫ МЕН САНДЫҚ ОСЦИЛЛОГРАФ

Байболат Шайзада[1], Н.Н. Шуюшбаева[2]
[1]Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 2- курс магистранты,
Көкшетау, Қазақстан
[2]Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің профессоры, PhD,
Көкшетау, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452009

To Cite: Байболат Шайзада, & Н.Н. Шуюшбаева. (2024). ИМПУЛЬСТІК ҚЫСЫМДЫ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ПЬЕЗОМЕТРИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫ МЕН САНДЫҚ ОСЦИЛЛОГРАФ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452009

Аңдатпа: Тез өтетін процестер кезінде импульстік қысымдарды өлшеу және көзбен шолып бақылап қана қоймай, оның өзгерісін уақыт бойынша жазу қажет. Мақалада мұндай процесті жазу сандық осциллографтарда жүргізілетіні баяндалады. Импульстік қысымды өлшеуде сыйымдылық, индуктивтік, тензометриялық және пьезоэлектрлік қысым датчиктері неғұрлым ыңғайлы болып табылатыны келтірілген.

Түйін сөздер: пьезометриялық құрылғы, сандық осциллограф, импульстік қысым, электрондық түрлендіргіш, импульстік дабыл.

Abstract: During rapid processes, it is necessary not only to measure and visually observe pulse pressures, but also to record their changes over time. The article reports that recording of such a process is carried out on digital oscilloscopes. Capacitive, inductive, tensometric and piezoelectric pressure sensors are the most convenient for pulse pressure measurement.

Key words: piezometric device, digital oscilloscope, pulse pressure, electronic converter, pulse alarm.

Электрогидравликалық эффект кезінде пайда болатын импульстік қысымның өзгерісін тәжірибелік жолмен анықтауда пьезометриялық құрылғы мен сандық осциллограф қолданылады,

Сандық осциллограф, әрине, кәдімгі электрондыға қарағанда әлдеқайда жетілдірілген, ол осциллограммаларды сақтауға мүмкіндік береді, дербес компьютерге қосыла алады, нәтижелерді математикалық өңдеуге де болады. Бірақ барлық артықшылықтарға қарамастан, бұл жаңа буын құрылғыларының бір маңызды кемшілігі қымбаттылығы. Осциллограф электр сигналдарын өлшеу және бақылау үшін таптырмайтын құрылғы болып табылады. Оның негізгі ерекшелігі басқа сигналдармен салыстыру немесе тізбекті белгілерді үздіксіз қабылдау мүмкіндіктерін алу болып табылады. Сигналдың электронды түрде көрсетілуі ондағы жаңа ғылыми жаналықтарды қарастырудың бірден бір негізі болады. Сигналдағы жиліктерді маркердің көмегімен анықтап алуға болады. Оларды әртүрлі жағдайда қарастыруға болады, яғни олардың сан мәндерін орташа квадраты немесе басқа түрде алуға болады. Ондағы процестің жүру уақытының осциллографқа берілген кернеуге байланысты өзгерту мүкіндіктері мен тәуелділіктерін алуға болады. Цифрлық осциллографтың

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737


құрылысының ерекшелігі кіріс сигналын цифрлауға арналған блоктарды және экранда кескінді құруға арналған блоктарды бөлу болып табылады. Оларда кірістен индикаторға дейінгі сигнал жолы жоқ[1-2].

Сонымен қатар, құбыр бойындағы сигналды датчик қабылдап, осциллографқа жібергеннен кейін, ондағы сан мәндер компьютердің жадысында сақталады.

Сандық есте сақтау осциллографының көмегімен сигналдың әртүрлі өлшемдерін компьютер мониторинг бетінен көре аламыз. Қарастырылған прибор қарапайым осциллографтарынан ешқандай айырмашылығы жоқ, бірақ біз тышқанның көмегімен оны алуан түрлі етіп өзгертіп және жаңа нәтижелерді электронды бейнедегі суреттен көруге болады. Ол компьютердің процесорына арнайы қолданбалы пакет арқылы орнатылады. Осы орнатылған бағдарлама бойынша осциллографқа берілген сигналдар қабылданып, одан қысым амплитудасының тәуелділіктері алынады. PCS500 осциллографының сипаттамасы[3]: Екі каналдан тұрады;

- Шығыс импедансы: 1 МОм/ 30 пФ;
- АЧХ: +/- 3 дБ: 0 Гц - 50 Гц;
- Максималды қателігі: 2,5%;
- Дыбысы аз;
- Алдын ала өңдеуге арналған функциялары бар;
- Максималды енгізу кернеуі 100В (AC+DC) (тұрақты + айнымалы);
- Тұрақты және айнымалы ток бойынша байланысы: DC, AC және GND (тұрақты, айнымалы және жер);
- Компьютерден оптикалық оқшауланған;
- Қоректену көзінің кернеуі: 9-10 В тұрақты /1000 мА;
- Габариті өлшемдері: 230 х 165 х 45 мм;
- Салмағы:490г.

PCS500 сандық осциллографының сыртқы бейнесі мен компьютерде орнатылған мониторындағы бейнесі 1- суретте көрсетілген.




Сурет 1 – PCS500 сандық осциллографының сыртқы бейнесі мен компьютер мониторындағы бейнесуреті

Тәжірибелер «соққы құбыр» типті қондырғыда жүргізілді. Қысым толқындары электрогидравликалық қондырғының көмегімен алынды. Қысым толқындарының амплитудалары жұмыс бөлігінің ұзындығы бойында орналасқан 15 кГц резонанстық жиілікке ие болатын екі пьезоэлектрлік қысым бергіштермен тіркелді. Импульстік қысымдарын өлшеуге арналған жүйе тәжірибелік қондырғының жұмыс бөлігіне бекітілген пьезометрлік қысым бергіштен, коаксиалды кабельден РК-50, осциллографтан С8-13 және

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

үйлесімді элементтерден құрылады. Қысым бергіші 50 бар –ға дейін амплитудасымен импульстік қысымды өлшеуге мүмкіндік береді. Өлшенетін қысым импульстердің ұзақтылығы ~ 0,001÷0,005с шаманы құрайды[4-5].

2- суретте импульстік қысым бергіш датчиктің сүлбесі көрсетілген. Мұнда пьезоэлемент *2*, датчик *1* пен электрод *3* корпустарының арасында орналасқан. Изолятор рөлін атақарып тұрған және пьезодатчикті қорғайтын, фотопластық мембранаға *4* қысым салдарынан туындаған күш беріледі. Пайда болған электрлік разряд датчик шығысының *6* көмегімен алынып, электронды күшейткіш көмегімен өлшенеді.



1 – корпус, 2 – пьезоэлемент, 3 – электрод, 4 – фотопластық мембрана,
5 – изоляциялық төлке, 6 – шығыс

Сурет 2 – Импульстік қысым датчигінің сүлбесі

Датчиктің жұмыс істеу принципі келесіде: мембранаға әсер ететін импульстік қысым пьезоэлементке ауысады, мұнда электрлік дабыл құрылады, бұл дабылдар тіркеуші аспап – есте сақтаушы осциллографқа толқын аспабы арқылы жіберіледі.


Қысым амплитудасының өзгерісін қабылдайтын, тәжірибелік қондырғының соққы толқыны жүретін арналарына электр оқшаулағыш материал көмегімен орналастырылған пьезоэлементті датчиктің сыртқы бейнесі 3 - суретте көрсетілген.



ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Сурет 3 – Датчиктің сыртқы бейнесі


Электрлік дабылдар түрлендіргіштері көмегімен алынатын осциллограмма 4 - суретте келтірілген. Берілген конструкцияның пьезометрлік датчигпен амплитудасы 50-60 бар-ға дейін қысым импульстерін өлшеуге мүмкіндік береді.



Сурет 4 – Электрондық түрлендіргіш көмегімен тіркелген
пьезодатчиктің импульстік дабылы

Датчиктің үлгілеуі тәжірибелік қондырғының жұмыс бөлігінде орналасқан жағдайында динамикалық әдіспен жүргізілді. Үлгілеу кезінде жұмыс бөлігінің қақпасы цилиндр мен поршеньнен құрылатын құрылғымен айырбасталынды. Поршень соққысының белгілі гидравликалық күші кезінде пьезометрлік датчиктен берілетін электрлік дабылдар есте сақтаушы осциллографтың көмегімен тіркеледі. Жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде алынған импульстік қысым бергішінің үлгілеу графигі 5- суретте келтірілген.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



Сурет 5 - Импульстік қысым датчигінің үлгілеу графигі

Жүйеленген зерттеулердің нәтижелері тәжірибелік нүктелердің салыстырмалы шашыраңқылығы 5-7% құрайды. Импульстік қысым датчигі қатты, сұйық және газ тәріздес орталардың әсер ету параметрлерімен қатар жылдам өзгеретін қысымдарды жазуға арналған. Датчикте толқын өткізгіштің қабылдау бөлігінде сезімтал элементпен жабдықталған тұрақты акустикалық кедергінің акустикалық толқын өткізгіші болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. И.Н. Зайцева, Э.И. Исакович, Н.А. Ярлыкова. Радиоизмерения и измерительные приборы: осциллографы. Осциллографические измерения: учебно-методическое пособие. – Елец: Елецкий государственный университет им. И.А. Бунина, 2017. – 96 с.
2. Важов В.Ф. Электрофизические процессы в диэлектрических средах при воздействии сильных электрических полей электроэнергетических систем: практикум / В.Ф. Важов, А.В. Мытников; Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета. – 102 с.
3. Цифровой запоминающий осциллограф. Устройство и принцип действия: учебно-методическое пособие / В.А. Тюрин. - Казань: Казанский федеральный университет, 2016. - 101 с.
4. Прибатурин Н.А., Мухамедин С.М., Уалиев Е.Б., Кабаков В.А. Исследование зависимости импульса амплитуды давления от состава дисперсной среды при электрическом разряде //Вестн.КарГУ. Сер.Физика. – 2000. –№1(17). –С.170-173.
5. Нусупбеков Б.Р., Сейсенбек Г.Е., Кусаиынова Д. Влияние степени дисперности костной массы на эволюцию давления ударной волны в смеси. //Тепломассообмен и импульсные явления в многофазных средах: Тр. университета (КарГУ). – Караганда, 2008. –С.73–78.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК. 575.1.2; 633.11

ИЗМЕНЧИВОСТЬ КОЛИЧЕСТВЕННЫХ ПРИЗНАКОВ У МЕСТНОЙ МЯГКОЙ ПШЕНИЦЫ

[1]Старший научный сотрудник- **Бахадиров Умидджан Шакирджанович**
[1]Младший научный сотрудник- **Маткаримов Фаррух Илхомович**
[1]Младший научный сотрудник- **Холлиев Ойбек Эгамберди угли**
[1]Младший научный сотрудник- **Бузуруков Санжар Саидазимович**
[2]Магистрант: **Саматов Амур-Амзам Қахор угли**
[1]Старший научный сотрудник- **Қулмаматова Дилафруз Эркиновна**
[1]Доктор биологических наук, профессор- **Бабоев Саидмурот Кимсанбаевич**
[1]Институт Генетики и Экспериментальной Биологии Растений Академии Наук Республики Узбекистан
[2] Чирчикский Государственный Педагогический Университет

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452082

To Cite: Бахадиров Умидджан Шакирджанович, Маткаримов Фаррух Илхомович, Холлиев Ойбек Эгамберди угли, Бузуруков Санжар Саидазимович, Саматов Амур-Амзам Қахор угли, Қулмаматова Дилафруз Эркиновна, & Бабоев Саидмурот Кимсанбаевич. (2024). ИЗМЕНЧИВОСТЬ КОЛИЧЕСТВЕННЫХ ПРИЗНАКОВ У МЕСТНОЙ МЯГКОЙ ПШЕНИЦЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452082

Аннотация: Проведено гибридологический анализ F_2 гибридных поколениях сортообразцов мягкой пшеницы. По результатам анализа установлено, что длина верхнего узла основного стебля в гибридных комбинациялар составляет 15-32 см, а количество зерен - 16-62 штук. Среди гибридов положительный показатель зафиксирован у гибридов Кайракташ х Эзоз, Гром х Эзоз как образцы с короткой длиной верхнего узла и большим количеством зерен.

Ключевые слова: мягкая пшеница, количественные признаки, гибрид, количество зерен, длина верхнего узла

Abstract. Hybridological analysis was carried out on F_2 hybrids of bread wheat varieties. According to the results of the analysis, the length of the upper joint of the main stem in hybrid compounds is 15-32 cm, and the number of seeds in one spike is 16-62. Among the hybrids, Qayraktash x Ezoz, Grom x Ezoz hybrids have short peduncle length (PL) of wheat and more seeds in the ear.

Key words: bread wheat, quantitative traits, hybrid, number of grains, peduncle length (PL) of wheat

Литературный обзор

Пшеница — одна из важных зерновых культур в мире, под нее отведено более 220 млн га, что составляет в среднем 26% посевной площади мирового земледелия [1]. Учитывая, что спрос на пшеницу, как ожидается, будет увеличиваться примерно на 2%

ежегодно, что в два раза превышает текущие темпы генетического роста, селекционеры направляют все свои старания (силы) и знания для получения обильных урожаев данной культуры [2].

Правильный подбор родительских форм при создании сортов пшеницы, подходящих для местных климатических условий Узбекистана, остается одной из основных проблем селекционного процесса. В связи с этим изучение закономерностей изменчивости и наследования, генотипических особенностей сортов и их взаимоотношений основных хозяйственно-ценных признаков в определенной внешней среде дает возможность рационального подбора родительских форм [3].

Отбор родительских генотипов для исследования не должен основываться только на одном признаке [4, 5].

Главным требованием любой селекционной программы является создание сортов с высоким генетическим потенциалом продуктивности. У мягкой пшеницы продуктивность сорта обусловлавается такими признаками как: количество продуктивных стеблей, размер колоса, количество колосков, количество зерен в одном колоске, массой 1000 зерен, которые обеспечивают продуктивность колоса и самого растения. При выборе продуктивного сорта важно учитывать законы продуктивности растений и ее составляющих. Подобные работы проводятся многими учеными мирового научного сообщества. Данные, полученные разными авторами, показывают, что характер наследования признаков зависит от генетических особенностей участвующего в гибридизации сорта, а также природно-климатических условий района исследований [6, 7]. При применении данных для определенной популяции, полученных в одних условиях не даёт положительных результатов в иных условиях [8].

При возделывании пшеницы потенциальная урожайность и качество продукции сорта зависят от генетических особенностей, условий выращивания и агротехники. Высокая потенциальная продуктивность достигается при соответствии условий выращивания, в том числе агротехники, биологическим и экологическим характеристикам сорта [9].

Продуктивность является важнейшей характеристикой этого сорта и является основным фактором в решении селекционных задач [10]. Исходя из биологии растения, климатических условий и агротехники возделывания, количество зерен в колосе является основным показателем, определяющим урожайность.

Материалы и методы

В качестве исходного материала исследований использовали сорта пшеницы, относящиеся к виду T.aestivum, и их гибридные растения F_2. В эксперименте были отобраны сорта интродуцированные к местным условиям Узбекистана пшеницы, принадлежащие к двум различным регионам географического происхождения, но возделываемые на больших площадях и преимущественно с высокой урожайностью; это были восточно-европейские - краснодарские сорта, созданные в Краснодарском и Громском научно-исследовательском сельскохозяйственном институте имени П. П. Лукьяненко и районированный, возделываемый с давних времен Узбекистане сорт Кайрокташ, а также, местные сорта Пахлавон, Бардавом и Эзоз.

При гибридизации кастрация общепринята по методу В.Я. Юрьева и других. Опыление проводили методом Твелла, разработанным в Международном центре CIMMIT. От каждого сорта было получено по 3 материнских колосьев. Гибриды засевали вручную по схеме «материнская форма-гибрид-отцовская форма».

Результаты и их обсуждения

Высота растений или длина главного стебля у родительских сортов колеблется от 77,0 см до 116,9 см, а у сорта пшеницы Пахлавон наблюдается 70 % высокорослых растений варьирующие длиной от 101 см до 116,9 см, среднерослые растения с длиной 85,0-108,9 см наблюдаются у сортов Бардавом, Кайракташ, Краснадар, Эзоз, а их процентная доля

составляет 77,0-100,9%, относительно короткостебельные растения длиной 77,0-84,9 см выявлено у 80,3 % растений сорта Гром. Показатели гибридов F_2 оказались выше, чем у родительских форм по длине основного стебля, которые имели более высокие показатели, чем другие родительские формы. Установлено, что длина главного стебля родительских сортов аналогична у сортов Краснодар и Кайракташ (89,40±0,34 см; 91,6±0,68 см соответственно). Выделение преимущественно высокорослых трансгрессивных растений свидетельствует о том, что сила состояния гетерозиса по длине главного стебля в определенной степени сохранилась у гибридов, в которых в качестве материнского участвовал сорт Пахлавон. Левостороннее трансгрессивное состояние проявлялось сдвигом в сторону 1 класса. У реципрокных гибридных сортов Краснодар и Эзоз разделение короткостебельных генотипов составило 6%, а отрицательные трансрессии у гибридной комбинации сортов Кайракташ и Эзоз не определена. Длина главного(основного) стебля реципрокных гибридов, достоверно отличающихся друг от друга по характеру признака сорта Кайракташ и Эзоз составляет 103,6±0,92, у сорта Кайракташ этот показатель составляет 91,6±0,68 см, а у сорта Эзоз - 105,8±0,68 см, тогда как коэффициент вариации у родительских форм наблюдается 2,4-2,0%, у гибридов F_2 составляет 6,3%.

При разделении и анализе вариационного ряда на 9 одинаковых интервальных классов было установлено, что степень изменчивости была относительно высокой у гибрида сорта Эзоз с сортом пшеницы Пахлавон. У гибридов, полученных с участием сорта Эзоз, Краснодар и сорта Бардавом, длина стебля преимущественно составляла 85,0-103,9 см. Замечено, что по высоте гибриды, полученные с участием этих сортов, были ближе к сорту Эзоз (36%). Установлено, что во взаимных гибридах сортов пшеницы Гром, Эзоз и Эзоз 76% растений (93,9-108,9 см) были близки к сорту Эзоз. Наличие положительной трансгрессивной изменчивости привело к выделению 46,0% высокорослых растений с высотой в диапазоне 116,0-150 см. При изученнии длины основного стебля гибридов ПахлавонХЭзоз, F_2 КраснодарХЭзозХТермиз 10, выявлено характер наследования аддитивной доминантности.

В данной исследовательской работе проанализирована показатель длины стебля, определяющий устойчивости пшеницы к полеганию у родительских форм растений пшеницы и их F_2-гибридов (рис. 1). У пшеницы по мере уменьшения длины верхнего узла главного стебля увеличивается устойчивость растения к полеганию, и наоборот, увеличение длины верхнего узла главного стебля увеличивает склонность растения к полеганию. Диапазон изменчивости верхнего узла основного стебля родительских сортов варьировала от 15,0 см до 56,9 см, так у сорта Кайракташ растения длиной 33-56,9 см составляют 60,0%, у сортов Пахлавон, Эзоз, Бардавом, Краснодар - 33,0-50,9 см, и относительно короткие узлы длиной 24,0-32,9 см составляют 100% у сорта Гром.

Установлено, что показатели гибридов F_2 по длине верхнего узла главного стебля пшеницы ниже показателей родительских форм. По признаку длина верхнего узла основного стебля родительских сортов Эзоз и Кайракташ близки и данных показатель составляет 38,6±0,34 см и 40,4±0,88 см, соответственно. Растения, скрещенные с сортом Гром характеризуются отрицательной трансгрессией. У гибридов каждой комбинации по сравнению с родительскими формами были выделены растения с низким расстоянием междоузлий верхних узлов основного стебля. Это, в свою очередь, важно из-за наличия гена устойчивости полеганию.

У гибридов сорта Гром х Эзоз х Эзоз, достоверно отличающихся друг от друга по показателям характера, длина верхнего узла основного стебля равна 19,68±0,20 см, тогда как у взаимных реципрокных гибридов Кайракташ х Эзоз длина верхнего узла основного стебля 20,54±0,24 см. Родительские формы по данному показателю составили 28,8±0,44 см у сорта Гром, 40,4±0,88 см у сорта Кайракташ и 38,6±0,34 см у сорта Эзоз.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

При анализе шкалы изменчивости признака числа зерен в колосе путем деления его на 5 классов у растений F_2 выбранных гибридных комбинаций этот признак занимал преимущественно 1-2 класса у родительских форм (рис. 2).




Рис.1. Анализ признака длины верхнего узла F_2 растений




Рис. 2. Анализ признака количество зерен в одном колоске у F_2 растений

У 100 % растений древнего местного сорта Кайракташ количество зерен в колосе составляет 46,0-60,4 штук, а у других сортов данный показатель изменчив, так у сорта Эзоз 90%, у сорта Бардавом 70%, у сорта Гром 60%. У сорта Краснодар установлено, что 20%

колосьев дали более 46 зерен, что несколько ниже, чем у вышеуказанных сортов. Средние показатели числа зерен в одном колосе у сортов были близки, при этом наблюдалось, что в колосе формировалось от 45 до 85 зерен. Несмотря на более близкие показатели среди сортов более высокие наблюдены у сортов Кайракташ и Эзоз составил 53,80±0,87 и 50,60±1,1 штук на колосе. соответственно

Коэффициент вариации у сортов составил 6,0-11,8%, что означает, что изменчивость признака у сортов низкая.

Состояние отрицательной трансгрессии проявлялось сдвигом в сторону 1-го класса у всех реципрокных гибридов с выделением растений с малым количеством зерен в колосе по сравнению с родительскими формами.

В сложных гибридах, полученных мужду местными сортами Эзоз, Бардавом и сорта Краснодар относящий к Краснодарской селекции, растения, давшие зерно в промежуточном классе 16,0-30,9 штук, составили 4%, а в комбинации Краснодар х Эзоз, растений этого класса не обнаружено.

У растений F_2 данный признак проявилось увеличением диапазона изменчивости числа зерен в колосе и выделением генотипов с большим количеством зерен, сдвигом вправо на 1-2 класса по сравнению с родительскими сортами.

У гибрида Кайрактош х Эзоз средний показатель признака был равен 62,38±1,4 штук, а растения с положительной трансгрессией составил 56%. Высокое количество зерен в колосьях в комбинациях, полученных с участием сорта Эзоз, доказывает наличие влияния доминантных генов в передаче признака следующим поколениям.

У 46% растений гибридов полученных с участием Гром и Эзоз с высоким индексом количества зерна в колосе растений составляло 61,6-72,4 штук, а средний показатель выше приведенного гибрида был равен 59,42±1,6 зерен.

Среди всех гибридных комбинаций, полученных с участием сорта Эзоз, кроме гибрида Пахлавон х Эзоз, количество зерен на растении составляло 55-62 зерна, урожайность - 40% растений, также выделены генотипы с высокой урожайностью.

Заключение

При проведении гибридологического анализа гибридов F_2 сортообразцов мягкой пшеницы была определена длина верхнего узла основного стебля, определяющая устойчивость растения к полеганию, что имеет большое значение с точки зрения отбора гибридных комбинаций. В комбинации Кайракташ х Эзоз, Гром х Эзоз были зафиксированы и отобраны образцы с коротким верхним узлом и большим количеством зерен.

Список использованной литературы:

1. USDA. World Agricultural Production. Foreign Agricultural Service, Office of Global Analysis, United States Department of Agriculture. 2015. – P. 1-10.
2. Reynolds M.P. and et. al. Application of Physiology in Wheat Breeding. Mexico, D.F.: CIMMYT. 2001. – P. 2.
3. Қаршиев У.Ш., Келдиёрова Х., Хўжақулов С.Ш. Юмшоқ буғдой селекцияси учун бошланғич манба // Селекция ва уруғчилик бўйича илмий тадқиқотларни ташкил этишнинг муҳим йўналишлари. Республика илмий-амалий анжумани материаллари, 20 май, Тошкент 2013. – Б. 99-100.
4. Dawson J.C. et al. Multi-trait evolution of farmer varieties of bread wheat after cultivation in contrasting organic farming systems in Europe. //Genetica, 2012.V.140, – P. 1-17.
5. Yeater K.M. et al. Multivariate analysis: greater insights into complex systems. // Agronomy Journal, 2015. V.107, №.2, – P. 799-810.
6. Ali Erkul, Aydin UNAY, Cahit Konak. Inheritance of yield and yield components in a bread wheat (*Triticum aestivum L.*) cross // Turkish Journal of Field Crops, 2010. 15(2), – P.137-140.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

7. Fethi B. and Mohamed E.G., Epistasis and genotype-by environment interaction of grain yield related traits in durum wheat. // Plant Breeding and Crop Sci. 2010. V.2. № 2, – P. 24-29.
8. Шиндин И.М. Наследование количественных признаков гибридами мягкой яровой пшеницы в условиях дальнего востока // Вестник КрасГАУ. 2008. № 4, – С. 66-70.
9. Хаджакулов Т., Гайбуллаев С. Оценка комбинационной способности компонентов урожая зерна у яровой пшеницы. – Ташкент.1991. – С. 16-20.
10. Reynolds M.P., Sayre K.D. and Fishser R.A. Yield potential in modern varieties: Its association with a less competitive ideotype. // Field Crops. Res. 37: 1994. - P. 49.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 39.01.94

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ АҚТОҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жетписбаева Асель Ерболовна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің "География" мамандығының магистранты
Ғылыми жетекшісі - **Сапаров Қуат Табылдыұлы** география ғылымының профессоры

https://doi.org/10.5281/zenodo.10509721

To Cite: Жетписбаева Асель Ерболовна, & Сапаров Қуат Табылдыұлы. (2024). ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ АҚТОҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10509721

Аннотация: Жалпы топонимикалық зерттеудің географиялық астарлары ғылым саласында ең маңызды. Топонимика география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйене, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды.

Топонимика тіл тарихын зерттеуде маңызды дерек көзі болып саналады. Топонимдер (әсіресе, эндооронимдер мен эндогидронимдер) архаизмдер мен диалектизмдер ді тұрақты сақтайды, көбінесе олар сол аумақты мекендеген халықтың субстрат тілдерінен бай мағлұмат береді. Топонимдердің халық берген дұрыс нұсқасын барлық жағдайда және басқа тілдерде дұрыс жазылуының маңызы зор.

Ақтоғай ауданы – Павлодар облысының солтүстік-батысында орналасқан аудан. Ауданның әкімшілік орталығы – Ақтоғай ауылы облыс орталығынан солтүстік-батысқа қарай 116 км жерде, Ертіс өзенінің сол жағасында орналасқан. Негізі жер ауып келген шаруалардың құнды жерлерді игеруімен байланысты 1907 жылы қаланған. Тарихы тереңінен бел жайған өлкенің топонимикалық тарихын зерттеу, оны ашып білім саласыныда кеңінен қолдану ең маңызды дүниелердің бірі деп есептеймін.

Кілттік сөздер: тарих, ғылым, аумақ, аудан, мекен, қауымдастық.

Abstract: The geographical foundations of toponymic research in general are the most important in the field of science. Toponymy develops in interconnection, based on data from geography, history, linguistics, and ethnology. The totality of geographical names of any territory forms the toponymy of the area.

Toponymy is considered an important source in the study of the history of the language. Toponyms (especially endonyms and endohydron names) constantly preserve archaisms and dialectisms, they often provide rich information about the languages of the substratum of the population that inhabited this territory. It is important that toponyms are spelled correctly in all cases and in other languages provided by the people.

Aktogay district is a district located in the north-west of Pavlodar region. The administrative center of the district is the village of Aktogay, located 116 km northwest of the regional center, on the left bank of the Irtysh River. It was founded in 1907 in connection with the development of valuable lands by peasant farmers. I believe that the study of the toponymic history of the region, its disclosure and wide application in the field of education is one of the most important.

Key words: history, science, territory, district, community.

Ақтоғай ауданының әкімшілік-аумақтық бөліну тарихы 1938 жылдан бастау алған еді. Дәл осы жылы Павлодар облысы құрамында Құйбышев ауданы құрылды, оның аумағы 1963 жылы жаңадан құрылған Краснокутск ауданының құрамына енді. Аудан аумағындағы 7 ауылдық аймақта 31 ауыл бар, осы жүйе бойынша жалпы ауданның топонимикалық тарихы зерттеліп, талқыланады.

Табиғат және қоғам ішіндегі аса ірі жүйелерді қарастырып зерттеудің географиялық тұрғыдағы негізі болып қоршаған ортаның қазіргі кездегі жағдайына баға беру арқылы алдағы уақыттағы жағдайын реттеу, жоспарлау әрі қорғау шараларын қамтиды.

Ғылыми тұрғыдан топонимдерді зерттеу жұмыстары аса маңызды әрі ерекше сипатқа ие. Жалпы жұмыс бойы қарастырған топонимикалық жүйенің басты мақсаты да тарих ғылымы арқылы маңызды әрі адам өмірінде ірі оқиғаларды алған жағдайлар арқылы географиялық таралулардың мәнін түсіндіреді. Топонимдердің адамзаттың маңызы үшін басты сипаттарының бірі болып - мәдени жағдайы, тарихы, тілі мен көне тарихының жағдайының сипатын бері. Қарастырған жүйе бйынша жалпы адамзат тарихының өмірінде орын алған әр өмірлік жағдайлар өзен, көлдің, жердің, қаланыңғ ауылдың, ауданның, тңіз мен мұхиттың, флорасы мен фаунасының, жер бедерінің жалпы көрінісінен мән тапқан. Бұл атаулардың сан ғасыр мен жылдан бері ештауыспай сақталуының өзі топонимикалық жүйенің маңыздылығын білдіреді. Географиялық атаулардың құндылығы және оларды сақтаудың маңыздылығы туралы көп айтылды және жазылды. Жоғарыда айтылғандай, әртүрлі көздер бұл ұстанымды растайды. Біріншіден, бұл тарихи құжаттар. Көптеген географиялық атаулар елді мекендердің немесе объектілердің кейбір қасиеттерін сипаттау үшін ойлап табылды, сондықтан олар тағайындалған уақыттың табиғи және мәдени жағдайлары туралы хабарлайды. Олар адамдар қоныстанған жерлердің тарихына маңызды қосымша болып табылады. Әлемдік географиялық атаулардың бүкіл жиынтығы бірнеше мыңжылдықтардағы өркениет тарихын көрсетеді.

Географиялық атауларды әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі адамдар мен табиғат арасындағы өзара әрекеттесудің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Әлемде жүргізілген көптеген аймақтық зерттеулер географиялық атаулар адамның өмір сүруінің және оның қоршаған ортамен қарым-қатынасының жан-жақты және егжей-тегжейлі көрінісін беретінін көрсетеді. Кейбір жағдайларда жазылған географиялық атаулар осы елді мекеннің өмір сүру ұзақтығы туралы жалпы мәлімет бере алады. Атаулар табиғи және мәдени тарихтың репозиторийлері болумен қатар, олар біздің лингвистикалық мұрамыздың маңызды бөлігін құрайды. Атаулармен айналысатын ғалымдар қауымдастығы географиялық атауларды тарихи және лингвистикалық білімнің негізгі көзі деп санайды, бұл біртіндеп қалың жұртшылықты оларды қорғау және сақтау қажеттілігіне сендірді және кейбір елдердің заңнамасында көрініс тапты. Осыған байланысты көптілді аудандардағы географиялық атауларға қатысты алаңдаушылықтың артқанын атап өткен жөн Және Біріккен Ұлттар Ұйымының географиялық атауларды стандарттау жөніндегі конференцияларында қабылданған азшылық және байырғы топтар қолданатын географиялық атауларды жинау және пайдалану туралы бірнеше қарарлар қабылданған, мысалы, 1987 жылғы конференцияның V/22 қарары және 2002 жылғы VIII/1 қарары дүниежүзілік сипатта қарастырылған.

Қандай да болмасын табиғат жағдайына бейімделген жануарлар дүниенің ареалы аумақтың географиялық атауларында кездесетіні анық. П.С. Паллас (1769 – 1770 ж) Ертіс өзені бойымен жүргізген ғылыми зерттеулерінде, орманды дала, дала зоналарында бөкен, құлан, марал, қабан, т.б. жануарларды көргенін жазады. Деректерді жинау барысында топонимдер құрамында марал, бөкен, қоян, түлкі, шошұа, аттарының қатысуы арқылы

топонимдер анықталды. Аталған жануарлар арқылы қалыптасқан топонимдер бұрын осы жануарлар түрлерінің кең таралғанынжәне оларды тіршілікте пайдалануынан геоэкологиялық мол ақпарат бере алатындығымен палеэкологиялық зерттеуге кеңінен жол ашады. Осы Ақтоғай ауданының географиялық объектерінің атауларының өзі ақ, оның физикалық географиялық ерекшеліктері жайлы мол мағлұмат береді.

Көлдердің атаулары жалпы топонимикада жеке бөлім болып лимнология ғылымы деп аталады. Сонымен қатар көлдердің атаулары да әр түрлі табиғи жағдайларға байланысты қойыла береді, мысал ретінде айта кетсем: жағалауының немесе түбінің жер бедеріне,суының физикалық, химиялық қасиеттеріне, маңайындағы тіршілік дүниесіне, жағалауының тілімдену ерекшеліктеріне және тағысын тағы жағдайларға байланысты атауларын қоя береді.

Ақтоғай – қалаға ұқсас елді мекен, аудан орталығы және көптеген ұзынша келген ойпаттардың (аңғарлардың) атауы. Түркі тілінен аударғанда «ақ» – қалың өскен шөп және түркі-монғол тілінен «тоқай» - өзеннің бастау алатын жері, яғни «Ақтоғай» сөзі өзеннің бастау алатын жеріндегі шөбі шүйгін шалғын деген мағынаны білдіреді.

Ақтоғай – дримотопоним, тура мағынасында «ақ, таза, жарық орман, яғни шалғындық өсімдіктері бар қалың өзеннің бастауындағы орман».

Кашыр және Ақтоғай-Шолақсор авто жолдарының бойында орналасқан.

Жер бедерінің ерекшеліктеріне және жағалауының тілімдену ерекшеліктеріне байланысты қойылған көл атаулары:

Ақтөбесор – ащы-тұзды көл, Қойбағар көлінен оңтүстік-шығысқа, Жарсор көлінен солтүстік-батысқа қарай орналасқан көл. Бұл көлдің атауынан ол тек қана төбенің маңында орналасқанын ғана біліп қоймай, сонымен қатар бұл көлдің сорға айналғанын да білуге болады.

Балтасап – Жалаулы көлінен оңтүстік-шығысқа, Шығанақ көлінен солтүстік-батысқа қарай орналасқан көл. Жағалауы балтаның сабына ұқсас болып келетін көл деген мағынаны береді.

Баскөл – Ертіс өзенінің орта ағысының сол жағалауында, Жаңабет ауылынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан көл. Орналасуына байланысты қойылған атау, яғни бас көл деген жоғарыдағы, басты көл деген мағынаны береді.

Бастұз – ащы-тұзды көл, Қойбағар көлінен солтүстік-батысқа, Қарқаралы көлінен оңтүстік-батысқа қарай орналасқан. Бұл көлдің атауы қос сөзден тұрады, сол себепті оның атауы тек қана жер бедеріне байланысты қойылған деп қоймай, сонымен қатар судың химиялық құрамын анықтайтын атау деуге де болады. «Бас» сөзі жоғарыда орналасқан деген мағынаны берсе, ал «тұз» сөзі оның химиялық құрамын, яғни көлдің тұзды екені жайлы мәлімет береді.

Глубокое – Ертіс өзенінің орта ағысының сол жағасында, Мүткенов ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан көл. Атауынан көлдің түбінің терең орналасқанын байқаймыз.

Дөңгелексор – Жалпақсор көлінен солтүстік-шығысқа, Тайқоңыр көлінен солтүстік-шығысқа қарай орналасқан тұзды көл, атауы көлдің жағалауының дөңгелек пішініне байланысты «дөңгелек» және көлдің тұздылық дәрежесіне байланысты яғни химиялық құрамының ерекшеліктеріне байланысты «сор» деп аталады.

Жалпақсор – Қосерін көлінен оңтүстік-шығысқа, Тайқоңыр көлінен батысқа қарай орналасқан тұзды көл. Атауы қос сөзден тұрады, сол себепті екі мағынаны бідіреді, бірінші «жалпақ» сөзі өзеннің кең алқапты алып жатқанын білдірсе, келесі «сор» сөзі көлдің химиялық құрамының ерекшелігін, яғни оның тұзды екенін білдіреді.

Иірлі – Ертіс өзенінің орта ағысының сол жағалауында, Жаңабет ауылынан шығысқа қарай орналасқан. Атауы өзеннің иірімінің көп болумен байланысты қойылған.

Қараапан – Ақтөбесор көлінен оңтүстік-шығысқа, Ақтүйесор көлінен солтүстік-батысқа қарай орналасқан ащы-тұзды көл. «Қараапан» сөзінің жалпы мағынасы «Ескі қара құдық» дегенді білідреді. Көлдің бұлай аталу себептерінің бірі көл формасының ерекшелігінде, яғни аталған көл жағалауы жарлы, әрі тар болып келуіне байланысты болуы мүмкін.

Қарақасқа – Жамантұз көлдерінен оңтүстік-батысқа, Қарқаралы көлінен солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Көлдің атауы оның терең екенінен мәлімет береді. «Қара» сөзі жанама түрде терең деген мағынаны берсе, «қасқа» сөзі бұл жерде шөптің оспей қасқаланып қалғанын көрсетеді.

Қарқаралы – Бастұз көлінен солтүстік-шығысқа, Қарақасқа көлінен оңтүстік-батысқа қарай орналасқан ащы-тұзды көл. Қазақта Қарқара деген қыз баланың бас киімі болып саналады. Адамның киімінің бұл түрінің көлге қойлу себебі, көлдің жағалауының жер бедерімен тығыз байланысты деп ойлаймын. Қарқара өзінің пішіні бойнша төбесі биік келген бас киім, сол себепті бұл көлдің жағалауы ойлы қырлы деп пайымдауға болады.

Шұңқыркөл – Ертіс өзенінің сол жағасында, Қанай көлінен солтүстік-шығысқа қарай орналасқан көл. Көл генезисі бойынша шұңқырда пайда болған, ал атауынан алар болсақ ол терең шұңқырда пайда болғанын байқауға болады.

Ямка – көл Ертіс өзенінің сол жағасында, Мүткенов ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Атауы орыс тілінен шыққан «яма» сөзі «шұңқыр» деген мағынаны берсе «ямка» сөзі «шұңқыршық» яғни кішкене келген шұңқыр деген мағынаны береді. Жалпы бұл көлдің атауын кішкене шұңқырдың ойында пайда болған көл деп пайымдауға болады.

Ақтоғай ауданының табиғаты өте бай деп атап кеткенім қате болмас. Бір ғана жағалауының пішінінің ерекшелігіне және жер бедеріне байланысты қойылған көл атауларының өзі ақ қаншама екенінін байқадық. Міне осыдан да Ақтоғайдың жері оте бай екенін аңғаруға болады. Көлдер сияқты өзендер де топонимикада өзінше жеке ғылым болып саналады және оның өзіне тән жеке атауы бар, өзендерді ғылыми тілмен потонимдер деп атайды. Көлдердің жер бедеріне және де жағалауының пішініне байланысты бөлінгені сияқты өзендерді де осы критерийлер бойынша бөліп көрейік:

Құрттай – бастауын Жалпақсор көлінің оңтүстік-шығысынан алып, Тайқоңыр көлінің оңтүстік-батысындағы сорда жоғалады. Ағынсыз арна болып есептеледі. Өзінің ұзындығына байланысты аталған болуы керек.

Қызылжар – бастауы Жааңатаң ауылынан ауылынан солтүстік-батысқа қарай, Ломовая өзенінің сол жақ саласы, Ертіс өзенінің сол саласы. Атауының мағынасы мынаған келеді: өзеннің жағасы қызыл түсті әрі жарлы болып келеді.

Үшайрық – Широкая Ляга көлінен басталады, Батпақ Үшкөл өзенінің оң құраушысы, көп тармағының сол саласы, Ертіс өзенінің сол тармағы; Ақтоғай, Павлодар аудандарына қарасты көл болып есептеледі. Атауы өзеннің үш арнаға бөліген екендігін аңғартады.

Көлдердің химиялық құрамына қарай мынадай атауларды кездестіруге болады: Жапалсор, Ұзынсор, Ащыбай, Бастұз, Қодарсор т.с.с. Көлдердің химиялық қасиеті дегенде халық негізінен оның тұздылығына көп көңіл аударады, сол себепті кездесіп отырған тұзды көлдер атауларының «сор», «тұз», «ащы» деген сыңарлары жалғанып отырады. Көл суларының тұздылығына байланысты кездеасетін атауларды жекелеп айтакетер болсақ:

Ақтөбесор – ащы-тұзды көл, Қойбағар көлінен оңтүстік-шығысқа, Жарсор көлінен солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Бұл көл сорға айналған, яғни бұл дегенміз ақтөбенің маңында орналасқан тұзды көл дегенді білдіреді. «Сор» дегеніміз қазақта тартылып қалған, яғни «сорылып» қалған көл дегенді білдіреді.

Ақтүйесор – Ақтөбесор көлінен оңтүстік-шығысқа, Жарсор көлінен солтүстік-батысқа қарай орналасқан ащы-тұзды көл. Мағынасы бойынша жағалауында ақ түйе жайылған сорға айналған көл деген мағынаны береді.

Ақтоғай ауданында суының химиялық құрамы бойыншана байланысты аталған өзендер кездеспейді. Бұл аймақта өзендердің атауы тек қана белгілі бір табиғи ресурсқа ғана байланысты қойылады.Ол барлық Ақтоғай ауданындағы өзендердің төрттен бір бөлігін алады. Оған мысал ретінде мына өзендерді айта кетуіме болады: Батпақ Үшкөл, Қарасу, Сазанбай:

Батпақ Үшкөл – Үшайрық өзені және Верхняя Отнога ескі арнасының қосылуынан құралады, Көп тармағының сол саласы, Ертіс өзенінің сол тармағы. Өзеннің суы батпақты болып келетіндіктен бұл атауды осы бөлімге жатқызып отырмын, яғни ол өзеннің лайлы, батпақты екенін көрсетеді.

Қарасу – өзен бастауын Естай ауылынан солтүстік-шығыса қарай алып, Ломовая өзенінің оң құраушысы, Ертіс өзенінің сол саласы болып есептеледі.

Сазанбай - өзен басын Жаңатаң ауылының шығысынан алады, Қызылжар өзенінің оң жақ саласы, Ломовая өзенінің сол құраушысы, Ертіс өзенінің сол саласы. Өзеннің сазаны көп балыққа өте бай өзен болып есептеледі.

Ақтоғай – қалаға ұқсас елді мекен, аудан орталығы және көптеген ұзынша келген ойпаттардың (аңғарлардың) атауы. Түркі тілінен аударғанда «ақ» – қалың өскен шөп және түркі-монғол тілінен «тоқай» - өзеннің бастау алатын жері, яғни «Ақтоғай» сөзі өзеннің бастау алатын жеріндегі шөбі шүйгін шалғын деген мағынаны білдіреді.

Ақтоғай – дримотопоним, тура мағынасында «ақ, таза, жарық орман, яғни шалғындық өсімдіктері бар қалың өзеннің бастауындағы орман».

Осы тақырыпты зерттей келе Моисеев Никита Николаевичтің сөзі арқылы қорытындылағым келіп отыр, «мәдениет дегеніміз ол генетикалық сипаттағы естелік іспеттес, егерде мәдени тұрғыдағы әрбір элемент жоғалып не азайса сол халықтың да бүкі тарихы мен өмірлік жолы қайта оарлмайтын келмеске кетеді» деген екен. Осы айтылған бойынша қазақ қатынасының географиялық атаулардағы жалпы жүйесін бүкіл рухтық және халықтық мәдениеттің бөлінбес бір бөлігі деп сипаттаудан пайда болады. Қазақ халқының әр топонимдер жүйесін қорғап, оны біліми тұрғыдан зерттеп, аса көңіл аударған кезде ғана үздіксіз дамудың негізінде болады. Географиялық атауларды мәдени мұраның бөлігі ретінде талқылағанда, қоғамда географиялық атаулар тілдің бөлігі екенін ескеру қажет. Географиялық атаулар-бұл қоғамның коммуникациялық жүйесінде орын алғанға дейін функционалды бірліктер; егер оларға қажеттілік болмаса, олар енді қолданылмайды. Жоғарыда айтылғандардан көрініп тұрғандай, географиялық атауларды сақтау сарапшылар үшін ғана емес, қарапайым адамдар үшін де маңызды міндет болып табылады. Дәстүр бойынша, географиялық атаулардың айтылуы мен жазылуы әрдайым назарда болды және олар әлі де сол жерде, бірақ соңғы онжылдықтарда географиялық атауларды лингвистикалық мәдени мұраның бөлігі ретінде сақтау міндеті алға шықты. Өсіп келе жатқан жаһандану Жергілікті атаулар мұрасының құндылығын кеңінен көруге мүмкіндік береді. Алайда, кейбір жағдайларда жергілікті және жаһандық коммерциализацияның нәтижесінде жергілікті атаулар бүгінде бөтен мәдени ортадан алынған атаулармен алмастыру қаупіне ұшырайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер -су атауларындағы көрінісі). - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. - 308 б.

2. Топографическая карта Каз. ССР. Павлодарская область.М 1: 100 000, ГУКГ, МГОН. СССР 1962 - 1991, 126 лист.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

3. Қазакстан Республикасының географиялық атауларының каталогы 3 том. Павлодар облысы. Алматы, РМКК « Ұлттық, картографиялық-геодезиялыкқ коры», 2007. - 212 б

4. Сапаров Қ.Т. Павлодар обльсьның әкімшілік-аумактық бірліктері мен физикалық-географиялық атауларының көрсеткіш анықтамалығы, Павлодар: «ЭКО» ҒО, 2007. - 353 бет.

5. Е.Арын, А.Нухулы, Т.Инсебаев История Павлодарского Прииртышья в схемах и таблицах. - Павлодар: ПГУ, 2003. -156 с.

6. Қоңқашпаев Г.К. Казахские народные географические термины // Изв. АН КазССР. Серия географическая. - Алма-Ата, 1951. -Вып.3. - С.3 - 47

7. Қойшыбаев Е. Қазакстанның жер-су аттары сөздігі.- Алматы, 1985.-256 6.

8. С.Әбдірахманов. Топонимикалық атауларды қалыптастыру және стандарттау мәселелері. Қазақ ономастикасының кезекті мәселелері// Республикалыш ғыл. прак. конф. материалдары.- Астана: «Акжол баспа» 2004.- 224 б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 39.01.94

ЕРТІС АУДАНЫНЫҢ ТОПОНИМДЕР ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Сейдахмет Дана Сұлтанғалиқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің "География" мамандығының магистранты
Ғылыми жетекшісі- **Сапаров Қуат Табылдыұлы** география ғылымының профессоры

https://doi.org/10.5281/zenodo.10509767

To Cite: Сейдахмет Дана Сұлтанғалиқызы, & Сапаров Қуат Табылдыұлы. (2024). ЕРТІС АУДАНЫНЫҢ ТОПОНИМДЕР ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10509767

Соавтор: **Мухаметов Елдос Мухтарович**

https://doi.org/10.5281/zenodo.10449475

To Cite: Рауш Анжела Игоревна, & Мухаметов Елдос Мухтарович. (2024). Использование информационных технологий при обучении младших школьников математике. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10449475

Аннотация. *В статье представлен анализ мнений педагогов начальных классов об использовании информационно-коммуникационных технологий, а также их рассуждения о пользе влияния икт на образовательный процесс.*
Ключевые слова: *икт, технология, математика, учебный процесс, обучение.*

Annotation. *The article presents an analysis of the opinions of primary school teachers about the use of information and communication technologies, as well as their arguments about the benefits of the influence of ICT on the educational process.*
Keywords*: ICT, technology, mathematics, educational process, training.*

XXI век — век высоких компьютерных технологий. Современный ребёнок живёт в мире электронной культуры. Меняется и роль учителя в информационной культуре.
Как пишет, в одной из своих работ, педагог Косолапова Марина Александровна — он должен стать координатором информационного потока. Следовательно, учителю необходимо владеть современными методиками и новыми образовательными технологиями, чтобы общаться на одном языке с ребёнком.

По ее мнению, уроки с использованием ИКТ особенно актуальны в начальной школе. Ученики 1-4 классов имеют наглядно-образное мышление, поэтому очень важно строить их обучение, применяя как можно больше качественного иллюстративного материала, вовлекая в процесс восприятия нового не только зрение, но и слух, эмоции, воображение. Здесь, как нельзя кстати, отмечает Марина Александровна, приходится яркость и занимательность компьютерных слайдов, анимации.

Организация учебного процесса в начальной школе, прежде всего, должна способствовать активизации познавательной сферы обучающихся, успешному усвоению учебного материала и способствовать психическому развитию ребенка. Следовательно, ИКТ должно выполнять определенную образовательную функцию, помочь ребёнку разобраться в потоке информации, воспринять её, запомнить, а, не в коем случае, не подорвать здоровье. ИКТ должны выступать как вспомогательный элемент учебного процесса, а не основной. Учитывая психологические особенности младшего школьника, работа с использованием ИКТ должна быть чётко продумана и дозирована.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Также педагог отмечает, что включение ИКТ в учебный процесс позволяет учителю организовать разные формы учебно-познавательной деятельности на уроках, сделать активной и целенаправленной самостоятельную работу учащихся. ИКТ можно рассматривать как средство доступа к учебной информации, обеспечивающее возможности поиска, сбора и работы с источником, в том числе в сети Интернет, а также средство доставки и хранения информации. Использование ИКТ в учебном процессе позволяет повысить качество учебного материала и усилить образовательные эффекты. [2]

Учительница начальных классов Лучина А. А. считает, что применение ИКТ на уроках математики дает возможность учителю сократить время на изучение материала за счет наглядности и быстроты выполнения работы, проверить знания учащихся в интерактивном режиме, что повышает эффективность обучения, помогает реализовать весь потенциал личности – познавательный, морально-нравственный, творческий, коммуникативный и эстетический, способствует развитию интеллекта, информационной культуры учащихся.

Помня слова К. Ф. Гаусса о том, что «математика – наука для глаз, а не для ушей», Лучина считает, что математика – это один из тех предметов, в котором использование ИКТ может активизировать все виды учебной деятельности: изучение нового материала, подготовка и проверка домашнего задания, самостоятельная работа, проверочные и контрольные работы, внеклассная работа и творческая работа. По ее мнению, на базе использования ИКТ многие методические цели могут быть реализованы боле эффективно. [3]

Сурикова Л.В. в своей исследовательской работе отмечает, что на уроках математики при помощи компьютера можно решить проблему дефицита подвижной наглядности, когда дети под руководством учителя на экране монитора сравнивают способом наложения геометрические фигуры, анализируют взаимоотношения множеств, решают задачи на движение. [4]

Вострикова Елена Людвиговна пишет о том, что включение ИКТ в учебный процесс позволяет организовать разные формы учебно-познавательной деятельности на уроках математики и сделать активной и целенаправленной самостоятельную работу учащихся, что способствует повышению качества усвоения учебного материала и усилению образовательных эффектов. [5]

Учителя начальных классов Свиридова Таисия Михайловна и Скарга Виктория Анатольевна уверены, что использование компьютерных технологий может преобразовать преподавание традиционных учебных предметов, рационализировав детский труд, оптимизировав процессы понимания и запоминания учебного материала, а главное, подняв на неизменно более высокий уровень интерес к учебе. [1]

Подытожив все вышесказанное можно определить, что пользу применения информационно-коммуникативных технологий в преподавании предмета математики отмечают многие педагоги, а также положительно высказываются о применении этих технологий в общем учебном процессе.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Литература:

1) Свиридова Т.М., Скарга В.А., // Информационные технологии на уроках математики в начальной школе, 2014
2) Косолапова М.А. // Значение ИКТ в современном обществе, 2010
3) Лучина А.А. // Использование ИКТ на уроках математики в начальных классах
4) Сурикова Л.В. // Использование ИКТ на уроках математики в 1-4 классах
5) Вострикова Е. Л. // Использование информационно-коммуникативных технологий в начальной школе.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

THEORETICAL BASES OF INTEGRATED SUBJECT-LANGUAGE TEACHING OF PROFESSIONAL FOREIGN LANGUAGE STUDENTS.

Sanakova S.K.
Master's student of philological faculty,
West Kazakhstan Innovation and Technology University

https://doi.org/10.5281/zenodo.10449493

To Cite: Sanakova S.K. (2024). THEORETICAL BASES OF INTEGRATED SUBJECT-LANGUAGE TEACHING OF PROFESSIONAL FOREIGN LANGUAGE STUDENTS. B SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (T. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10449493

Abstract: The article reveals the essence of CLIL (Content and Language Integrated Learning). The main principles are analysed and the reasons for the introduction of CLIL in the educational process of higher education for the intensification of professional training of university students are named.
Key words: CLIL, Content and Language Integrated Learning, principles, methodology.

Subject-Language Integrated Learning (SLIL) is a relatively new phenomenon in the methodology of foreign language teaching, the purpose of which is the simultaneous teaching of language and profile speciality, which, in turn, implies the mastering of a foreign language in the complex of all communicative aspects and types of speech activity, and the implementation of foreign language teaching on the material of profile or general education disciplines.

One of the effective approaches to teaching students subject knowledge in a foreign language in Europe is Subject and Language Integrated Learning (CLIL), hereinafter referred to as CLIL. Subject-Language Integrated Learning is a modern educational approach with a dual focus in which a foreign language is used to learn and teach both language and content. That is, in the process of teaching and learning, the focus is not only on the content, but not only on the language. They are intertwined, even if more emphasis is placed on one or another aspect at a particular time. In 1994, the term "Subject-Language Integrated Learning" was adopted to describe and further develop good practice in European schools where teaching and learning were conducted in an additional language [1, p. 42]. In order to fully understand the principles of CLIL subject-language integrated learning, it is necessary to take into account the role of language in CLIL. K. Kelly mentions that one idea that is central to any definition of the CLIL approach is that it includes language support. "Language support refers to the strategies and techniques that teachers use to: a) emphasise the main language in a subject topic; b) make that language accessible to learners in that subject area [2].

CLIL teachers and students need to know the language of the subject. This language can be divided into content obligatory language and content compatible language. Content obligatory language is the language needed to understand the subject and exchange ideas (e.g. a geography map dictionary). It is the vocabulary, grammatical structures and functional language for specific subjects. It is the language that students need to know in order to master the content [3, p. 104]. The class also uses content-compatible language - everyday, less formal language. Content-compatible language comes to the fore when students try to express their own thoughts in relation to the topic under study. Consequently, it is often the language that really interests the

student [3, p. 104]. T. Chadwick divides language learners into three types:- BICS (Basic Interpersonal Communicative Skills) - general language competence of interpersonal communication.

- CL (Classroom Language) - language used in the classroom. - CALP (Cognitive Academic Language Proficiency) - Cognitive Academic Language Competence [4, p. 1]. BICS and CALP are two very important acronyms that Canadian linguist Jim Cummins first introduced in 1979.

BICS ____CL_____CALP

K. Bentley in turn mentions "the need for CLIL subject-language integrated learning teachers to analyse the language requirements of subject disciplines and then plan appropriate language support" [5, p. 37]. And one cannot disagree with this, since the genres that language learners encounter in CLIL depend on the curricula. In science subjects, learners may hypothesise or describe procedures, whereas in subjects such as art or music, learners read, give descriptions and explanations.

D. Coyle, P. Hood and D. Marsh [1, p. 42] mention key values for content and language integration that should be considered. The first one focuses on the teachers' need to identify and justify the means of integrating content and language learning, to what extent it is possible depending on individual learning conditions and predicted learning outcomes. The second value depends on the relationship between learners' language level and their cognitive abilities.

F. Ball argues that CLIL subject-language integrated instruction requires students to "speak and write about concepts that are often outside their linguistic range. It is this attempt to express themselves that is the key to language development in CLIL subject-language instruction" [6].

Among the common reasons for introducing subject-language integrated instruction, D. Coyle, P. Hood and D. Marsh cite "preparing for globalisation, expanding school profiles, preparing for future learning, gaining skills for working life, improving overall target language competence, developing oral language skills, developing self-confidence, increasing learner motivation, developing individual learning strategies, and introducing a broader cultural context" [1 p. 17]. CLIL also improves the quality of teaching an additional language as the use of a foreign language as a medium of instruction makes the teacher more aware of the students' language needs. Also the need for constant checks of understanding leads to a high level of communication between teachers and students.

As F. Ball says: "Whether the acronym CLIL will exist in ten years' time is probably irrelevant. The future lies in competences" [6, p. 4]. This implies that competence development can occur within an approach that prioritises thinking and communication skills.

Thus, CLIL has a positive impact on learners' motivation to master subject content. CLIL fosters a deeper understanding of the subject matter as the lessons require extensive application of higher order thinking skills. Students develop fundamental knowledge that includes the conceptual range of the discipline, skills in the use of communicative technologies and interdisciplinary knowledge in the area of study. Language teachers must always be forward looking, always looking for effective ways to teach and learn a language. The principles of CLIL do just that, which means that the introduction of CLIL subject-language integrated learning in the classroom is to be welcomed.

Thus, we conclude that integrated training of non-linguistic students can significantly contribute to the effectiveness of their foreign language training, thereby increasing their competitiveness, as well as contributing to the growth of Kazakhstan's innovation economy. Achieving this goal is impossible without paying special attention to productive interdisciplinary teaching technologies. The tasks of subject-language integration can be solved with the help of CLIL methodology, which involves simultaneous teaching of foreign language and subject

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

content, i.e. using a foreign language for applied purposes. CLIL develops practical skills of using a foreign language, professional communicative competence, contributes to the expansion of vocabulary, assimilation of specific terms, as well as the acquisition of knowledge for communication in a foreign language in a professional context.

Reference

1. Coyle, D., Hood, P., Marsh, D. (2010) Content and Language Integrated Learning. Cambridge University Press. Chadwick, T. (2012) L).
2. Kelly, K. (2012) CLIL for ELT on www.onestopenglish.com
3. Mehisto, P., Marsh, D. and Frigols, M. J. (2008) Uncovering CLIL. Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education, Oxford: Macmillan Education.
4. Chadwick, T. (2012) Language Awareness in Teaching. A Toolkit for Content and Language Teachers. Cambridge University Press.
5. Bently, K. (2010) The TKT Course CLIL Module. Cambridge University Press
6. Ball, P. (2012 d) Activity types in CLIL on www.onestopenglish.com

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 512(071.2):004.9

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ АЛГЕБРА КУРСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Бердіхан Жанна Ғалымжанқызы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Математика, физика және информатика институтының магистранты
Ғылыми жетекші: **Сыдықов Бақыт Дикамбайұлы,** п.ғ.д., доцент
Алматы, Казақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10449510

To Cite: Бердіхан Жанна Ғалымжанқызы, & Сыдықов Бақыт Дикамбайұлы. (2024). НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ АЛГЕБРА КУРСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10449510

Аңдатпа: Оқытудың жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларының құралдары оқытудың жаңа моделіне енгізілсе және өздерінің ерекше функцияларын іске асыратын болса, оқыту процесіне түбегейлі әсер етеді.

Заманауи білім беру жүйесін құру оқу процесіне ақпараттық технологияларды енгізумен тығыз байланысты. Бұл әсіресе ақпараттық және коммуникациялық технологияларға негізделген жаңа формалар мен электронды оқыту құралдарына байланысты. Оқу процесінде электрондық білім беру ресурстары мен электрондық оқу құралдарын белсенді пайдалануды көздеуіміз керек.

Бұл мақалада негізгі мектепте алгебра курсында электрондық оқыту құралдарын қолдану, атап айтқанда Wordwall, LearningApps, CoreApp, Desmos сияқты электронды оқыту құралдары туралы ақпарттарға баса назар аударылады.

Кілт сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электрондық оқыту құралдары, Wordwall, LearningApps, CoreApp, Desmos.

Аннотация: Средства новых информационных и коммуникационных технологий обучения кардинально влияют на процесс обучения, если они внедряются в новую модель обучения и реализуют свои специфические функции.

Создание современной системы образования тесно связано с внедрением информационных технологий в учебный процесс. Это особенно связано с новыми формами и инструментами электронного обучения, основанными на информационных и коммуникационных технологиях. В учебном процессе мы должны предусмотреть активное использование электронных образовательных ресурсов и электронных учебных пособий.

В этой статье основное внимание уделяется информации об использовании инструментов электронного обучения в курсе алгебры в основной школе, в частности об инструментах электронного обучения, таких как Wordwall, LearningApps, CoreApp, Desmos.

Ключевые слова: информационные и коммуникационные технологии, инструменты электронного обучения, Wordwall, LearningApps, CoreApp, Desmos.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737


Қазіргі таңда дидактикадағы бірлескен оқыту принципі оқу процесінде тиісті оқу ақпаратын беру үшін әртүрлі білім беру құралдарын пайдалануға бағытталған. Ауызша ақпаратты толтыру ғана емес, сонымен қатар ақпарат тасымалдаушысы ретінде әрекет ететін көрнекілік формаларын пайдалану оқушылардың ойлауын жақсартады.

Бүгінгі таңда алгебраны негізгі мектепте оқыта отырып, көрнекілік пен визуалды қолдауды қамтамасыз ететін әртүрлі электрондық білім беру ресурстарын, электрондық оқыту құралдарын құру және қолдану орынды болар еді.

Электрондық оқу құралдарының маңызды артықшылықтарының бірі - оны пайдалану арқылы ұйымдастырылған оқу процесінің тиімділігін арттыру. Көрнекі оқыту құралдары немесе иллюстрациялық оқу материалдары — мәтінді сипаттайтын кескіндер, диаграммалар, фотосуреттер, мультимедиа және иллюстрациялар.

Wordwall — білім беру процесінің маңызды міндеттерінің бірі оқушылардың ынтасын арттыруды шешетін әмбебап оқу ресурсы! Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, әр түрлі жаттығу түрлерін, интерактивті жаттығулар жасай отырып, топтық және жеке оқытуды ұйымдастыруға болады.

Сервистің құрылымы сервиспен жұмыс істеудің бірінші кезеңінде тіркелу қажет. Бұл кезең тезірек өтуі үшін Google есептік жазбасын пайдаланып кіруге болады. Сондай-ақ, басты бетте қызмет туралы негізгі Ақпарат және сіздің тапсырмаңызды жасау кезінде қолдануға болатын шаблондар бар. "Функциялар" қойындысында сіз осы қызметтің негізгі құралдарымен таныса аласыз. Wordwall екі түрдегі материалдарды жасау үшін пайдаланылуы мүмкін: баспа және интерактивті.



– Интерактивті тапсырмалар веб-интерфейсі бар кез-келген құрылғының көмегімен, мысалы, планшетте, компьютерде, телефонда, сондай-ақ интерактивті тақтада ойнатылады. Тапсырманы мұғалім сабақта бүкіл сынып үшін де, оқушылардың өздері де өз құрылғыларында аша алады.

- Баспа тапсырмаларын PDF түрінде жүктеуге немесе басып шығаруға болады. Оларды интерактивті немесе тәуелсіз оқу тапсырмаларына көмекші материал ретінде пайдалануға болады [1].

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



LearningApps.org - бұл Web 2.0 қосымшасы. Оның көмегімен оқу процесін интерактивті модульдер түрінде ұйымдастыруға болады. Олар қарапайым және өзін-өзі оқыту үшін пайдалы. Қызмет кез-келген білім беру мекемелері үшін қол жетімді: балабақша, бастауыш және орта мектеп, кәсіптік мектептер, техникалық мектептер және т. б. жобаның негізгі міндеті LearningApps.org бұл кез-келген жастағы және әр түрлі деңгейдегі адамдар қолдана алатын интерактивті жаттығулар жасаудан тұрады. Тапсырмалар бағдарламаларға немесе сценарийлерге кірмейді. Бұл интерактивтілікті сақтау үшін қажет.

LearningApps Онлайн қызметі мыналарды қамтиды:



Дайын жаттығулары бар үлкен кітапхана. Бұл ретте ол пәндер, нақты тақырыптар және білім деңгейлері (мектепке дейінгі деңгейден кәсіптік деңгейге дейін) бойынша бірнеше санатқа бөлінеді.

Өзіңіздің интерактивті тапсырмаларыңызды жасауға мүмкіндік беретін шаблондар. Пайдаланушы "Кім миллионер болғысы келеді?" сияқты басқатырғыштар, тесттер, кроссвордтар, ойындар жасай алады.", "бос орындарды толтыру"," ретке келтіру " жаттығулары және т. б.

CoreApp - білім беру материалдарын жасауға және жетілдіруге арналған онлайн-платформа. Онда вебинарлар өткізуге, интерактивті сабақтар құруға, курстарды әзірлеуге және іске қосуға, оқушылардың үлгерімін бағалауға, мазмұн үшін төлемдерді қабылдауға болады. Сонымен қатар, CoreApp сізге үшінші тарап қызметтерінің мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді: Wordwall интерактивті шаблондар жинағы, LearningApps ойын түріндегі жаттығулар қызметі, trinket онлайн код редакторы және басқалар [2].

Негізгі ерекшеліктері, бәсекелестерден айырмашылығы. CORE-интуитивті онлайн сабақ құрастырушысы. Ол арнайы бағдарламалау білімін қажет етпейді және тіпті негізгі тарифте де шексіз сабақтарды тегін жасауға мүмкіндік береді. Платформамен тегін танысуға, оның мүмкіндіктерін тексеруге, мазмұнды жүктеуге, оқушылардан кері байланыс алуға, курсты құрастыруға және аяқтауға болады.

Бұл дайын тапсырмалары бар ресурс емес. Бұл сабақтың конструкторы, онда сіз бүкіл оқу сабағын жасай аласыз - мақсат қоюдан бастап рефлексия кезеңіне дейін. Онда сабақтың кезеңдерін модельдеу үшін ең қажетті құралдар бар.

Ресурстың көптеген артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл тегін және орыс тілді. Онда Тіркелу оңай, бірақ оқушылар мұны мүлдем жасамауы керек. Сабақты аяқтаған кезде оларға тек тегі мен атын енгізу жеткілікті. Тіркелгеннен кейін сізде жеке кабинет болады, онда сіз өз сабақтарыңызды құрастыра аласыз және оларды бөлек немесе қалталарда сақтай аласыз.

Екіншіден, онда бәрі нұсқаулықсыз да түсінікті. Үшіншіден, онда мұғалімдер әдетте сабақтарда қолданатын барлық нәрсені орналастыруға болады: бейне файл, презентация, Word құжаты, аудиожазба, суреттер мен фотосуреттер. Төртіншіден, конструкторда әртүрлі типтегі тапсырмаларды орындау мүмкіндігі бар: ашық жауап жаттығуы, олқылықтарды толтыру немесе ақпаратты тарату тапсырмасы, тест, сауалнама, бағдарламаланған жауап тапсырмасы. Онда сіз lerningapp-тан интерактивті тапсырманы енгізе аласыз [2].

Desmos графикалық калькуляторы тек мектеп оқушыларына ғана емес, мұғалімдерге де, математиканы оқығысы келетін студенттерге де қажет [3].

Desmos-пен кездескендер көбінесе Desmos-ты графикке арналған қарапайым графикалық калькулятор деп санайды, бірақ Desmos әр калькуляторда жоқ көптеген құнды қасиеттерге ие.

Desmos дегеніміз не? Desmos - бұл үлкен функционалдығы бар ақысыз онлайн Графикалық калькулятор. Артықшылықтардың ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады: ТЕГІН, орыс тілді интерфейс, онлайн (жүктеудің қажеті жоқ), көптеген функциялар, қолдануға оңай, динамикалық (қозғалыстағы объектілерді қарау мүмкіндігі), көптеген статистикалық функциялар, ақысыз мобильді қосымша. Desmos табу өте қарапайым: орыс (ағылшын) тілінде кез-келген іздеу жүйесінде "Desmos" ("Desmos") сөзін жазып, "Іздеу" батырмасын басыңыз, содан кейін іздеу нәтижелерінде бірінші сілтемеге өтіңіз [4].

Қорытындылай келе, негізгі мектепте алгебра курсына электрондық оқыту құралдарын енгізу қазіргі білім берудегі ажырамас қадам болып табылады. Технологияны қолдану оқу процесін қызықты әрі қол жетімді етіп қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың материалды тиімді игеруіне ықпал етті.

Виртуалды тапсырмалар, интерактивті сабақтар және онлайн-ресурстар оқушылардың алгебраға деген қызығушылығын оятуға, олардың логикалық ойлауы мен проблемаларды шешу қабілетін дамытуға көмектеседі. Алгебрада электронды білім беру құралдарын қолдану тәжірибесі бұл қазіргі заманғы процесс қана емес, сонымен қатар оқушыларды заманауи ақпараттық қоғамның талаптарына дайындауға бағытталған қажеттілік екенін көрсетеді. Электрондық оқыту құралдары болашақтың сын-

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

қатерлерімен сәтті күресуге қабілетті құзыретті және технологиялық сауатты азаматтарды қалыптастыруға маңызды үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Васильева, А. С. Основные задачи современного школьного образования в контексте формирования и развития культуры информационного общества [Электронный ресурс]/ Васильева, А. С. //Молодой ученый. Международный научный журнал. — 2016. — № 5. — С. 667–671.

2. Справочный центр / [Электронный ресурс] // CoreApp: [сайт]. — URL: https://help-ru.coreapp.ai/

3. Desmos Графический калькулятор / [Электронный ресурс] // Desmos: [сайт]. — URL: https://www.desmos.com/calculator?lang=ru/

4. Desmos — онлайн графический калькулятор / [Электронный ресурс] // Хабр: [сайт]. — URL: https://habr.com/ru/post/295838

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ТЕМПЕРАМЕНТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абиляшева Айнұр Махатқызы
Қазақ-Орыс халықаралық университеті, оқытушы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Қазақстан, Ақтөбе

https://doi.org/10.5281/zenodo.10449519

To Cite: Абиляшева Айнұр Махатқызы. (2024). СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ТЕМПЕРАМЕНТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10449519

Аннотация: Темперамент мәселесіне деген қызығушылық адамдар арасындағы жеке айырмашылықтардың айқын болуымен байланысты. Әр адамның психикасы ерекше. Оның бірегейлігі организмнің биологиялық және физиологиялық құрылымы мен дамуының ерекшеліктерімен, сондай-ақ әлеуметтік байланыстар мен оның бірегей құрамымен қатысты. Осылайша темперамент түрі адамның мінез-құлқының бағытын, оның мінезінің қалыптасуын анықтайды, бұл өз кезегінде ақыл-ой қабілеттерін дамыту және практикалық қолдану процесіне, соның ішінде оқу әс-әрекеті аясында әсер етеді.

Кілт сөздер: темперамент, темпераменттің оқу іс-әрекетіне әсері, студенттердегі темперамент түрлерінің ерекшеліктері.

Аннотация: Интерес к проблеме темперамента связан с очевидностью индивидуальных различий между людьми. Психика каждого человека уникальна. Её неповторимость связана как с особенностями биологического и физиологического строения и развития организма, так и с единственной в своём роде композицией социальных связей и контактов. Таким образом тип темперамента определяет направленность поведения человека, формирование его характера, что, в свою очередь, сказывается на процессе развития и практического применения умственных способностей, в том числе в рамках учебной деятельности.

Ключевые слова: Темперамент, влияние темперамента на учебную деятельность, особенности типов темперамента у студентов.

Annotation: The interest in the problem of temperament is related to the evidence of individual differences between people. Each person's psyche is unique. Its uniqueness is connected both with the peculiarities of the biological and physiological structure and development of the body, and with the unique composition of social ties and contacts. Thus, the type of temperament determines the direction of human behavior, the formation of his character, which, in turn, affects the process of development and practical application of mental abilities, including in the framework of educational activities.

Keywords: Temperament, the influence of temperament on educational activities, the characteristics of temperament types in students.

Бұл мақаланың өзектілігі әр оқушының тиімді білім алуына әсер ететін факторлардың бірі темперамент сияқты табиғи қасиет екендігінде. Темперамент – адамның психологиялық ерекшелігін сипаттайтын негізгі қасиет. Темперамент немесе жоғары жүйке әрекетінің түрі – «қозғыштық дәрежесін және оның қоршаған шындыққа қатынасын сипаттайтын адам тұлғасының психикалық қасиеттерінің жиынтығы».

Осылайша темперамент студенттің жаңа білімді меңгеру процесіне әсер етеді. Темперамент өте ерте жаста көрінеді. Бізді қоршаған әлемді ең белсенді тану процесі, ғалымдар атап өткендей, шамамен сегіз жылға дейін созылады. Ал олардың бойындағы темперамент оқудың табысты болуына айтарлықтай әсер етеді.

Бұл мақаланың мақсаты – студенттердің жаңа білімді меңгеру процесінде темпераменттің әртүрлі түрлерінің мәнін зерттеу. Бұл жұмыста қолданылатын негізгі зерттеу әдісі – библиографиялық (әдебиеттер мен нормативтік-анықтамалық құжаттарды талдау).

Сонымен, темперамент оқу үрдісінде мыналарға айтарлықтай әсер етеді:

- интеллектуалдық әрекеттерді орындау жылдамдығы;
- зейіннің тұрақтылық деңгейі, оның операциялар арасында ауысу жылдамдығы, адамның еңбек процесіне ену динамикасы;
- психикалық әрекет кезінде эмоционалды бақылау;
- жұмыс кезінде ж.үйке кернеуінің даму деңгейіҒ
- жұмысқа қабілеттілік және шаршау.

Сондықтан темпераменттің белгілі бір түрлерінің тасымалдаушылар бастапқыда табысты оқуға бейім және керісінше деп болжауға болады. Тиісінше, оқушылардың білімдері мен дағдыларын, сонымен қатар оқушылардың қарым-қатынасы мен белсенділігін жақсы меңгеру үшін оқытушылар оқу процесіне барлық оқушылардың темперамеенттік ерекшеліктерін ескеруі қажет. Оқушылардың темперамент ерекшеліктерін және олардың оқу және қоғамдық іс-әрекеттегі көріністерін ескере отырып, мұғалім белгілі бір темпераменттің жағымсыз қасиеттерін біріктіре алады және студенттің материалды толық меңгеруіне ғана емес, сонымен қатар белсенді болуына көмектеседі.

Қазіргі уақытта темпераменттің төрт түрі бар: сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик. Толығырақ кестеде көрсетілген:

Кесте-1. Темперамент түрлері және олардың сипаттамасы

Темперамент түрі	Темперамент типіне тән белгілер
Сангвиник	Күшті, теңгерімді, қозғалмалы жүйке жүйесі бар адам; жылдам реакция жылдамдығы бар; оның әрекеті қасақана, ол аққөңіл, соның арқасында өмірдің қиындықтарына жоғары қарсылықпен ерекшеленеді. Оның жүйке жүйесінің ұтқырлығы сезімдердің, үйірмелердің, қызығушылықтардың, көзқарастардың өзгермелілігін және жаңа жағдайларға жоғары бейімделуін анықтайды. Бұл көпшіл адам, ол жаңа адамдармен оңай тіл табысады, сондықтан ол қарым-қатынас пен сүйіспеншілікте тұрақтылықпен ерекшеленбесе де, оның кең таныстары бар.
Холерик	Бұл жүйке жүйесі қозудың тежелуден басым болуымен анықталатын адам, соның нәтижесінде ол өте тез әрекет етеді, көбінесе ойланбайды, өзін ұстауға уақыты жоқ, шыдамсыздық, жігерсіздік, қимылдың кенеттігі, қызу мінез және ұстамдылық. Оның жүйке жүйесінің теңгерімсіздігі оның белсендлігі мен күш-

	қуатының циклдік өзгеруін алдын ала анықтайды; ол қандай да бір іспен айналысып, ынтамен, толық берілгендіктен жұмыс істейді, бірақ оған ұзақ уақыт бойы күш жетпейді.
Флегматик	Күшті теңдестірілген, бірақ инертті жүйке жүйесі бар адам, үйренгеннің бәрі есте сақтайды, игерілген дағдылар мен стереотитерден бас тарта алмайды, әдеттер, күн тәртібі, жұмыс, достарды өзгертуді ұнатпайды, жаңа жағдайларға қиын және баяу бейімделеі. Көңіл-күй тұрақты және біркелкі. Ауыр қиындықтар туындаған жағдайда, флегматикалық адам сыртқы тыныштықты сақтайды.
Меланхолик	Жүйке жүйесі әлсіз, тіпті әлсіз тітіркендіргіштерге сезімталдығы жоғары адам. Егер ынталандыру күшті болса, онда «бұзылу», «стоппер» пайда болуы мүмкін, шатасу, «қояндық стресс» пайда болады, сондықтан стресстік жағдайларда (емтихандар, жарыстар, қауіп-қатер және т.б.) меланхоликтің әрекетінің нәтижелері болуы мүмкін, тыныш әдеттегі жағдаймен салыстырғанда нашарлайды.

Жоғарыда аталған темперамент түрлерін және олардың ерекшеліктерін ескере отырып, студент темпераментінің әртүрлі типтері үшін келесі сипаттамаларды қалыптастыруға болады:

1) Сангвиник студент оқудағы жоғары өнімдігімен ерекшеленеді, өйткені ол әртүрлі әрекеттер мен тапсырмалар арасында жылдам ауыса алады. Олар бірнеше тапсырманы бір уақытта және жеделдетілген қарқынмен орындауға қабілетті, бұл үлкен кемшіліктер мен қателіктерге тол. Сангвиник адамдар, егер бұл оларды қызықтырса, оқуда өте белсенді. Қызықты формаларды пайдалана отырып, стандартты емес оқыту әдістерін қолдаушы. Сангвиник үшін оқу процесі қызықсыз болып қалса, онда олар оған деген қызығушылығын жоғалтады және қажетті тапсырмаларды орындамайды.
2) Холерик студент оқудағы жоғары тиімділігімен және төзімділігімен ерекшеленеді. Ол тапсырманы қысқа мерзімде орындай алады. Олардың жұмыс қарқыны өте жоғары. Сонымен қатар, холерик адамдар шектеулі уақытты есепке алмай, ең қиын тапсырмаларды орындауға дайын. Олардың қызметінің нәтижелері өте тиімді болуы мүмкін. Алайда, оұудың осындай жылдам қарқынымен холерик адамдар тез шаршайды немесе бұл мәселеге қызығушылығын жоғалтады.
3) Флегматик студент табандылығымен, еңбекқорлығымен ерекшеленеді. Ол мектептегі барлық тапсырмаларды ұқыпты және дәл орындайды, бірақ өте баяу. Флегматикалық адамдар үшін жаңа бастамаға бағыт алу өте қиын. Олар тапсырманы бастау үшін ұзақ уақыт алады, содан кейін оған толығымен еніп, тапсырманы орындамайынша кетпейді. Флегматикалық адамдар тамаша аналитиктер жасайды. Олар салыстырмалы операцияларды орындауды және фактілерді салыстыруды жақсы көреді.
4) Меланхолик студент оқудағы ынталылығымен ерекшеленеді. Негізінде, олар өте сабырлы және ұстамды, сондықтан олар кез-келген тапсырмнаы ұзақ уақыт және мұқият орындайды. Олар тез ештеңе істей алмайды. Оларға міндетті түрде сабақ кезінде үзіліс қажет. Кейде олар табандылық, өзіне деген сенімсіздік немесе шаршаусалдарынан тапсырманы орындай алмайды.

Сонымен, оқу үрдісінде темперамент түрлерін есепке алуға негізделген даралау мектеп оқушыларының белсендлігі мен интеллектуалдық қабілеттерінің даму деңгейін арттыруға көмектесіп, мектеп үлгеріміне оң ісерін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

1. Жалпы психология : оқу құралы / Алматы : Альманахъ, 2021. - 236 бет. - ISBN 978-601-7661-73-1
2. Бап-баба С.Б. Жалпы психология.-Алматы: 2009.-268 бет.
3. Молдахметова Г. Психология: Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. 584 б.
4. Маклаков А.Г. ОБщая психология: Учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2013. -583с.
5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2013. – 713 с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОК 372.853

LESSON STUDY ТӘСІЛІ – БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Абжалелова Айжан Губайдуллаевна
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, магистрант
Жаңақала мектеп – гимназиясы, физика пәнінің мұғалімі

https://doi.org/10.5281/zenodo.10449531

To Cite: Абжалелова Айжан Губайдуллаевна. (2024). LESSON STUDY ТӘСІЛІ – БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10449531

Аннотация:

Мақалада Жапонияда кеңінен қолданатын Lesson study тәсілінің практикалық қолданылуы көрсетілген. Физиканы оқыту тәжірибесін Lesson Study тәсілі арқылы жетілдірудің тиімділігі көрсетіледі, себебі сабақты зерттеу мұғалімнің кәсіби дамуына бағытталған. Lesson Study оқытуды дамытуға және жетілдіруге көмектесетін, мәселеге сыни тұрғыдан қарау қабілетін дамытуға көмектесетін құрал ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер:

Lesson Study, сабақты зерттеу, ұйымдастыру, жоспарлау, А оқушы, В оқушы, С оқушы.

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Ол XIX ғасырдың 70 – жылдарында Жапонияда бастау алып, осылайша Батыста қолданылатын «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілінен 70 жыл бұрын қолданыла бастаған. Lesson Study-ге шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Батыста Lesson Study американдық зерттеушілер жапон мұғалімдерінің жалпы педагогика саласында да, сондай-ақ АҚШ-тың оқушыларымен салыстырғанда жапон оқушыларының білім деңгейлері анағұрлым жоғары болуын қамтамасыз ететін белгілі бір пәнді оқыту саласында да білімдері жоғары екендігін дәлелдегеннен кейін осы ғасырда ғана танымал бола бастады (Stigler and Hiebert, 1999; TIMSS, 1999). Қазір уақытта Шығыс Азияда Lesson Study Жапониямен қоса, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар батыс елдерде де, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада қолданылуда. Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады.

Жалпы зерттеуді жүргізу барысын келесі кезеңдерде қарастыруға болады.

1. Ұйымдастырушылық
2. Жоспарлау
3. Сабақты зерттеу
4. Қорытындылау, тәжірибемен бөлісу.


NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Ұйымдастырушылық кезең. Ұйымдастырушылық кезеңде алдымен зерттеу өткізілетін сынып таңдалып алынады. Зерттелетін сыныпты таңдауда белгілі бір мақсат көзделеді. Мысалы, сыныптың білім сапасын көтеру, сыныптың сабаққа қызығушылығын арттыру немесе сабақтың тиімділігін арттыру, оқытуды жақсартуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алу. Сыныпты таңдау ұжыммен немесе фокус топ мүшелерімен кеңесу, талқылау барысында шешіледі. Білім сапасын көтеруді қажет ететін немесе қандай да бір проблеманы бірігіп шешуді қажет ететін сынып таңдалады. Одан соң сол сыныпқа мектеп психологының көмегімен оқу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында енгізілуге тиісті өзгерістерді анықтау үшін сауалнама өткізіледі. Lesson Study–ды жүргізу үшін кем дегенде 3 пән мұғалімінен, ұйымдастырушы модератордан, мектеп психологы, сынып жетекшісінен тұратын Lesson Study тобын құралады. Зерттеуді жүргізу үшін бір бағыттағы (гуманитарлық немесе жаратылыстану) пән иелері, сондай-ақ бір сыныпта сабақ беретін әр түрлі бағыттағы негізгі пән иелері бірлесіп жұмыстана алады. Зерттеуге қатысушы мұғалімдер өзара пікірлесіп, сауалнама қорытындыларын талдай келіп, Lesson Study тақырыбын анықтайды.

Жоспарлау кезеңі. Тақырып анықталған соң, жоспарлау кезеңі басталады. Зерттеуге қатысушы мұғалімдер тобы бірлесе отырып зерттеуді жүргізу жоспарын құрады. Жоспар үш кезеңді қамтиды: ұйымдастыру, зерттеу сабақтарын өткізу, қорытындылау. Ұйымдастыру кезеңі бойынша сауалнаманы өткізу, қорытындылау, тақырыпты анықтау, жоспар құру, оқу үлгерімі әр түрлі деңгейдегі (A,B,C) оқушыларды белгілеу (№1 қосымша) , күтілетін нәтижелерді анықтау, бірлесе отырып сабақты жоспарлау, арнайы бақылау кестесін жасау, талдау, талап критерийлерін белгілеу, жұмыс картасын жасақтау сияқты жұмыстар белгіленіп, өткізілетін уақыты, жауапты адамдар белгіленеді. Екінші зерттеуді өткізу үшін пән мұғалімі мен бақылаушы мұғалімдердің іс-әрекеттері жоспарланады, сабақты өткізу мерзімі мен жауапты тұлғалар белгіленеді.

Соңғы бөлімінде зерттеуді қорытындылау мен тарату, бөлісу шаралары, жауаптылар мен өткізу мерзімі белгіленеді. Осылайша зерттеуді жүргізу жоспары құрылып, мектеп басшысымен бекітуге ұсынылады.

1. Сабақты зерттеу кезеңі. Зерттеу кезеңі Lesson Study –ға қатысушы мұғалімдердің санына қарай үш немесе одан да көп циклдан тұрады. (төмендегі 1-суреттен қараңыз)



ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

1-сурет. Lesson Study циклдері (Дереккөз: Бетлехем университеті, «Оқыту мен оқудағы шеберлік орталығының» оқу құралы: Lesson Study, Dudley, P. (2011))

Алғашқы сабақтың жоспарын бірінші циклды өткізуші мұғалім жоспарлайды, өткізеді. (№2 қосымшаны қараңыз) Өзге қатысушы мұғалімдер, яғни топ мүшелері сабақты бақылайды, үш деңгейдегі оқушыларды, олардың сабақтағы жетістік деңгейлерін бақылап, жазып алып отырады. Арнайы бақылау парағы жасақталады (№3 қосымшаны қараңыз). Әрбір цикл аяқталған соң, түрлі деңгейдегі оқушылардан сабақ бойынша сұхбат алынады (№4 қосымшаны қараңыз). Сабақты бірлесе талқылап, артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап, келесі сабақты жоспарлауға қажетті ұсыныстар береді, келесі сабақты бірлесе жоспарлайды. (№5 қосымшаны қараңыз) . Осылайша бірнеше цикл қайталанып отырады. Қорытындылау, тәжірибемен бөлісу кезеңі. Бұл кезеңде Lesson Study зерттеуіне қатысушы мұғалімдер тобы қорытынды отырысын өткізеді. Сабақ өткізген мұғалімдер өздерінің сабақтары , ондағы қолданылған әдіс – тәсілдердің тиімділігі, А, В, С деңгейлі оқушылардың жетістік деңгейі туралы рефлексивтік есеп дайындап, оқуды жақсартуға бағытталған нақты ұсыныстарын жеткізеді. Модератор пән иелерінің рефлексивтік есептері негізінде қорытынды есеп дайындайды, күтілетін нәтижелерге қаншалықты қол жеткізуге болатынын саралап, нақты ұсыныстар белгілейді. Зерттеу кезеңдері толық аяқталып, қорытындыланған соң зерттеу нәтижелері мектептегі әдістемелік кеңес , әдістемелік бірлестік немесе педагогикалық кеңес отырыстарында қаралады, сабақты жақсарту бағытындағы ұсыныстар жалпы ұжым мүшелерінің назарына ұсынылады.

Бір сыныптың сабақтарын зерттеу арқылы бірталай мәселелерді анықтап, олардың шешімін табуға болатынына тек іс жүзінде жұмыс жүргізгенде ғана көз жеткізе аламыз. Сыныптағы білім алушылардың білім сапасының деңгейін арттырып қана қоймай, сол сыныпқа сабақ беретін мұғалімдердің сабақты жоспарлау және өткізу құзыреттіліктерін арттырып, өз жұмысына рефлексия жасауға, әрі қарай іздену жұмыстарын жалғастыруға, оқушылардың пікір білдіру арқылы оқу үрдісіне белсенді қатысушылары екенін сезіедеруге және т.б. маңызды мақсаттарды іске асыруға болады. Lesson Study тәсілін пайдаланатын көптеген адамдардың айтуынша, зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез – құлықтарына назар аударып, сол арқылы олар туралы көбірек біле отырып, біз өз оқушыларымыздың әрбіреуін жақсы тани бастаймыз. Демек, мықты және нашар оқушылардың аралығындағы «орташа» сыныпты оқытуға қарағанда, Lesson Study мұғалімге өз жұмысын болмашы ақпаратпен шамадан тыс жүктемей, барлығынан хабардар болып, өмір бойғы тәжірибесінде әрбір оқушының қажеттілігін ескеріп отыруға мүмкіндік береді. Lesson Study тәсілі кәсіби дамудың тиімді тәсілі, бұл білім беру үдерісін нәтижелі етуге көмектеседі, оқушының терең ойлануына, оқушыны тыңдау керектігін, не ойлағанын тыңдай білуге бағытталуы керек. Яғни, Lesson Study тәсілі – білім сапасын арттырудың тиімді құралы бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дадли П. Lesson Study: нұсқаулық Кембридж, 2011 http: //lessonstudy.co.uk/ 3 – 6 б.
2. Lesson Study бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық Астана, 2013 7 – 13 б
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей, 2012 ж. www.cpm.kz
4. «Lesson Study» как способ совершенствования практики обучения. Әдістемелік көмекші құрал. Астана, 2014 ж.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 81'23

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МӘТІНДІК ҚҰЗЫРЕТІН АҒЫЛШЫН ТІЛДІ ЖАРНАМАЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖҮЙЕСІ

Т.Е.Орынбасар[1], Г.Р.Нурекешова[2]
[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 7М01706-Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 2 курс магистранты Қызылорда, Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, қауымдастырылған профессор м.а., ф.ғ.к., Алматы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10449547

To Cite: Т.Е.Орынбасар, & Г.Р.Нурекешова. (2024). БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МӘТІНДІК ҚҰЗЫРЕТІН АҒЫЛШЫН ТІЛДІ ЖАРНАМАЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖҮЙЕСІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10449547

Аңдатпа. Мақалада оқушылардың мәтіндік құзыретін қалыптастыру барысында қосымша оқу материалы ретінде ағылшын тіліндегі жарнамаларды қолдану мәселелері талданады. Бұл мәселені зерттеудің өзектілігі Қазақстанның шет елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстарының көбеюіне сай артып отыр. Қазіргі уақытта жарнама бұқаралық ақпарат құралдарында маңызды орынға ие, сондықтан оған назар аудармау мүмкін емес. Дегенмен, білім беру саласында жарнамалық мәтіндердің қолданысы толығымен зерттелмеген. Зерттеу аясында мектеп мұғалімдерінен арнайы дайындалған сауалнама алынып, деректер мақалаға енгізілді. Жүргізілген жұмыс нәтижелерін ағылшын тілін оқыту әдістемесінде қосымша ақпарат немесе тәжірибелік материал ретінде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: жарнама, білім алушы, мәтіндік құзыреттілік, парадигма.

SYSTEM OF FORMATION OF STUDENTS' TEXTUAL COMPETENCE THROUGH ENGLISH ADVERTISEMENTS

Annotation. This article analyzes the problems of using advertisements in English as additional educational material during the formation of students' text competence. The urgency of studying this issue is increasing in accordance with the increase in political, economic and cultural relations of Kazakhstan with foreign countries. Nowadays, advertising occupies an important place in mass media, so it is impossible not to pay attention to it. However, the use of advertising texts in the field of education has not been fully explored. As part of the research, a specially prepared questionnaire was taken from school teachers, and the data were included in the article. The results of the conducted work can be used as additional information or practical material in the English language teaching methodology.

Key words: advertisement, learner, text competence, paradigm.

XX ғасырдың аяғынан бастап Қазақстанның білім беру жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырауының әсерінен құзыреттілікке бағытталған парадигма пайда болды. Жаңа парадигма оқытудың практикалық аспектісіне және тілдік тұлғаның дамуына ықпал ететін ағылшын тілін оқытуда білім алушыға бағытталған әдісті жүзеге асыруды көздейді.

Аталмыш парадигма тілдік тұлғаның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде мәтіндік құзыреттілікті қалыптастыруды талап етеді. Білім алушылардың оқуы мен дамуы үшін мәтіндік құзыреттілік маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Көбінесе оқушылардың жалпы білім беретін пәндердің көпшілігін меңгеруінің табыстылығы мәтіндік құзыреттілік деңгейіне байланысты.

«Мәтіндік құзыреттілік» термині нені білдіреді? Бұл мәселеге қатысты Ресейдің белгілі аудармашы маманы В.Н.Комиссаровтың пікірін құптаймыз: «Коммуникативтік тапсырма мен жағдайға сәйкес әртүрлі типтегі мәтіндерді құра білу, мәтіннің дұрыс құрылымын қамтамасыз ету, лингвистикалық мүмкіндіктерді пайдалана білу, тілдегі сөйлем құру ережелері бойынша мәтін бірліктерін, мәтіннің жеке бөліктерінің орны мен байланысын бағалайды және мәтінді біртұтас сөйлеу тұтастығы ретінде қабылдайды». Бұл мақалада білім алушылардың мәтіндік құзыреттілігін ағылшын тіліндегі жарнамалар арқылы қалыптастыру мәселелерін талданады. [1]

Қазіргі таңда жарнама сатудың ең маңызды механизмі болып саналады. Ол барлық жерде кеңінен таралған: күн сайын адамдар бейсаналы түрде жүздеген, мыңдаған жарнамалардың көрерменіне айналуда. Оның үстіне, жарнама тек грамматикалық және лексикалық ақпаратты беріп қана қоймайды, сонымен қатар әртүрлі елдердің әлеуметтік-мәдени тәжірибесін көрсетеді. Мұндай заманауи және маңызды оқу құралын елемеу үлкен олқылық болар еді.

Көптеген тіл мамандары жарнаманың халық мәдениетінің ерекшелігін көрсететіндігін анықтап, сондықтан жарнаманы оқу материалы ретінде толық пайдалануға болатынын байқаған. Біріншіден, жарнама қоғамның әлеуметтік өмірінің факторларының бірі бола отырып, зерттеліп жатқан тіл елінің күнделікті өмірінің сан алуан жақтарын ғана емес, оның мәдени-тарихи дәстүрін, идеологиясын толық ашып көрсете алады. Екіншіден, оның құндылығы жарнама мәтіндерінде қолданылатын тіл бірліктерінде. Онда күнделікті өмірде қолданылатын тілдік конструкциялар мен өз заманының ағымы көрініс табады. Мектеп оқушыларының мәтіндік құзыретіне әсер ететін жарнаманың тілдік, құрылымдық және мәдени аспектілерін анықтау үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет:

- түрлі мерзімді басылымдар түріндегі материалды табу;
- жарнама мәтіндерін лингвистикалық тұрғыдан қарастыру, слоган жасаудың негізгі әдістерін, сондай-ақ, осы әдістердің мақсаттарын анықтау;
- белгілі бір слогандарды топтарға бөлу арқылы алынған ақпаратты құрылымдау;
- білім беру мақсатында жарнаманы пайдалану құндылығын дәлелдеу;
- жарнаманың мәдениетаралық коммуникацияның маңызды құрамдас бөлігі екенін айқындау. [2]

Бұқаралық ақпарат құралдары – қоғамның рухани құндылықтарын бекіту және идеологиялық, саяси, экономикалық немесе қоғамдық құндылықтарды қамтамасыз ету мақсатында баспа, радио, теледидар, кино, дыбыс жазу, бейнежазба арқылы ақпарат таратудың ең белсенді және жүйелі нысандарының бірі. «Қазақстан Республикасының БАҚ туралы заңына» өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында қолданыстағы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу оның нормаларын жетілдіруге тиіс. Білім беру және ақпарат тарату саласындағы өзекті проблемаларды кеңейтуге ықпал ету, ақпараттық қызметтердің ішкі нарығын дамытудың жаңа перспективаларын белгілеу, ең бастысы, журналистердің құқықтарын бекіту, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларды міндеттеуді мақсат етеді. Көптеген мәдениет және білім қайраткерлері бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен тәрбиелік және коммуникативті әлеуетін түсіне отырып, олардан ғылыми білімді меңгерудің тиімді құралын көріп, күрделі ғылыми ұғымдарды дыбыстық-бейнелік бейнелер арқылы жеткізуге болатын қоғамдық тіл құру туралы жоспарлауда. Білім беру саласының

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

қызметкерлері мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне бұқаралық ақпарат құралдарын енгізуге үлкен мән береді. Кейбір мектептерде теледидарлары арнайы жабдықталған скрининг бөлмелері бар. Мектеп кітапханаларында балаларға арналған түрлі журналдар мен газеттер қолданысқа енген, бұл сабақ барысында ақпарат алуға қолайлы жағдай туғызады. [3]

Сонымен, жарнама мәтіндері мәдени бола отырып, ақпараттық және тәрбиелік қызмет атқаратын коммуникацияның алуан түрлі салаларымен сипатталады. Жарнамалық мәтіндердегі коммуникация функцияларына байланысты келесі блоктармен ұсынылуы мүмкін:

1. Әлеуметтік-мәдени – спектакльдерді, концерттерді, фестивальдерді, бұқаралық шоуларды, мұражайларды, кітапханаларды, аттракциондарды, экскурсияларды, экскурсияларды, мерекелер мен мерекелер кезіндегі ойын-сауықтарды, әртүрлі мерекелерді жарнамалау, қоршаған ортаны қорғау.

2. Оқу және кәсіптік – оқу орындары мен орталықтарды, кәсіби әдебиеттерді жарнамалау.


3. Отбасы және шаруашылық – азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын, құрал-жабдықтарды, түрлі тұрмыстық қызметтерді жарнамалау.

4. Спорттық-сауықтыру – спорттық жабдықтарды, қызметтерді, іс-шараларды, әртүрлі дәрілік заттарды жарнамалау.

5. Сауда және коммерциялық – банктердің, фирмалардың, несие карталарының, қызметтердің, супермаркеттердің жарнамасы.[4]


Зерттеу барысында мектеп мұғалімдері арасында сауалнама жүргізу арқылы олар үшін қай оқу материалын қолдану тиімді екенін, олардың жарнама түрлеріне көзқарасын, жарнаманың қажеттілігін, жарнамаға қаншалықты сенетінін және оған көңіл бөлетінін, жарнаманың әсер ететінін анықтадық. [5]

Сауалнамаға Қызылорда қаласы бойынша 115 ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері қатысты. Оларға зерттелген әдебиеттер негізінде әзірленген сауалнама сұрақтарына жауап беру ұсынылды.



Сауалнамаға қатысушы мұғалімдердің пайыздық көрсеткіші бойынша жоғары сыныптарға (10-11 сынып) білім беретін ұстаздар үлесі 52%. Демек, біздің мақсатты аудиториямыз жоғары сынып мұғалімдеріне бағытталған.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



Деректерге сәйкес 67,8% мұғалім электронды материалдардың тиімділігін таңдаған болса, 41,7% қатысушы кинестетикалық, ал 27,8% ұстаз дәстүрлі және 16,5% мұғалім практикалық материалдарды таңдаған. Бұл көрсеткіш қазіргі таңда электронды ресурстарды пайдаланудың өзектілігін айқындайды.



Білім беру саласында мұғалімдер электронды материалдардың көлемі мен танымдық әрекетіне аса назар аударатыны белгілі. Сауалнамаға қатысушы ұстаздардың 72,2% ресурстың қысқа, әрі білім алушының назар аудара алуын қаласа, қалған 27,8% ұзақ, әрі танымдық болуын таңдаған. Нәтижеге сәйкес, бұл көрсеткіш жарнамалық мәтіндердің негізгі ерекшелігін айқындай отырып, оның қажеттілігін арттырады.


NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



Жарнама материалдарын өз тәжірибесінде қолданып жүрген мұғалімдердің көрсеткішіне тоқталайық. Жауап берушілердің 15,7% жарнамалық мәтіндерді сабақ барысында жиі пайдаланатынын, 29,6% тақырыпқа байланысты және 43,5% сирек қолданатынын көрсетсе, ал 11,3% мүлдем пайдаланбайтынын таңдаған. Заманауи білім беруде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу қажеттілігі туып отыр. Сондықтан мектеп мұғалімдері мен оқытушылар әрдайым ізденіс үстінде болуы тиіс.



ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737





Қорытындылай келе, зерттеу және сауалнаманың нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей тұжырымдарға тоқталамыз:

Жарнама негізгі тілдік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Жарнамаларды көру барысында білім алушы бір уақытта әртүрлі тілдік дағдыларды пайдаланады.

Тақырыптың алуантүрлілігі мұғалімге білім алушының жас деңгейіне байланысты және мақсатты аудиторияға бағытталған жарнамаларды таңдай алуына мүмкіндік береді. Ал материалдың қысқа болуы білім алушының назарын аударып, сабақтан тыс ақпаратты ойлауға шектеу қояды.

Жарнамаларды көру - ағылшын тілінде сөйлейтін бірнеше топтардың мәдениетіне енудің жылдам және тиімді жолы. Демек, білім алушылар тек тілдік дағдыларды ғана үйренбей, сонымен қатар оқытылатын тілде сөйлеуші елдің немесе елдімекеннің әлеуметтік жағдайын, мәдениетін игере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Акопянц А.М. Лингвопрагматика и методика обучения иностранным языкам. С.15-18 // Иностранные языки в школе. Научно-методический журнал. -No2. - 2006.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

2. Акулова О. В. Информационная работа в условиях профильного обучения: Учебно-методическое пособие для учителей. / Под ред. А. П. Тряпициной. - СПб.:КАРО, 2005. - 80с.

3. Блинкина-Мельник М.М. Рекламный текст: задачник для копирайтеров. - М.: ОГИ, 2004. - 200 с.: пл

4. Дульянинов А. Г. Рекламные тексты как средство познания культуры в процессе изучения французского языка // Иностранные языки в школе. – 2005. – № 4. – С. 10-15.

5. https://forms.gle/FrLYHyqVkgBVnw3FA

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 37.013.88
UDC 37.013.88

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

[1] Қыдыпбек Асхат Нұрланұлы, [1] Ерепбаев Нұрлан Кыдырбекұлы,
[1]Есмаханова Гульнар Нурмахановна
[1]аға оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10449553

To Cite: Қыдыпбек Асхат Нұрланұлы, Қыдыпбек Асхат Нұрланұлы, Ерепбаев Нұрлан Кыдырбекұлы, & Есмаханова Гульнар Нурмахановна. (2024). ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10449553

Түйін

Бұл мақалада мұғалім қызметінің инновациялық бағыттылығының екінші құрамды бөлігі-психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижесін педагогикалық қызметтің практикасына ендіру. Педагогика мен психология бойынша ғылыми зерттеудің нәтижелері уақытылы хабардар ету мүмкіндігі болмағандықтан мектеп қызметкерлеріне белгісіз болып қалады. Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне детән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәрбиеге енгізудің нысанына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі.

Резюме

Второй составляющей инновационного направления деятельности учителя в данной статье является внедрение результатов психолого-педагогических исследований в практику педагогической деятельности. Результаты исследований в области педагогики и психологии остаются неизвестными сотрудникам школы из-за отсутствия своевременной информации. Поскольку вновь внедряемое или нововведение является частью всей профессиональной деятельности человека, оно естественным образом стало объектом исследования, анализа и внедрения в образование. Инновации не происходят сами по себе. Это лучший педагогический опыт научных исследований, отдельных преподавателей и всего коллектива.

Кілттік сөздер: Озық педагогикалық тәжірибе, жаңашыл – педагог, интенсивті оқыту, компьютерлік оқыту технологиясы, инновациялық мектептер.

Ключевые слова: Лучшая педагогическая практика, педагог-инноватор, интенсивное обучение, компьютерные технологии обучения, инновационные школы.

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілгі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді таңдау мен талдаудың

дағдысы мен іскерлігі жетісі бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді.

Педагогикалық тәжірибе көпшілік және озық болуы мүмкін. Озық педагогикалық тәжірибе тарихилығымен ерекшеленеді. Өйткені әрбір жаңа кезеңде мемлекеттің материалдық, әдістемелік, кадрлық және басқа да мүмкіндіктердің кеңеюімен педагогикалық қызметтің жаңа талаптары пайда болады. Сонымен бірге озық тәжірибе педагогика ұғымы мен практикасының қазынасын үнемі толықтырушы, жаңартушы қызмет те атқарады. Озық педагогикалық тәжірибені жасау және таратуда мұғалімнің позициясы үлкен рол атқаруды, сондықтан нақты тәжірибенің жетекші ережелеріне талдау жасап, оны қолдануға кіріскенде субъективті факторлардың ықпалын ескеру арқылы оның нәтижесі мен педагогикалық ұжымға кіруіне болжап жасау қажет. Педагогикалық тәжірибеде объективті және даралық құндылықтар бір-бірімен астасын жатады, бірақ педагогикалық бәрі бірдей көпшіліктің игілігі тәжірибе жасауға ықпал жасайтын бірегей және қайталанбас ерекшеліктері ғана назарға алынады.

Педагогикалық зерттеудің нәтижелерін практикаға енгізу үшін практикалық қызметкерлердің алынған нәтижелердің арнайы танысады, оны іске асырудың орындылығын, сол арқылы осы негізде ғылыми зерттеу нәтижесін практикада қолдануға деген қажеттілік анықтаматындығы В.Е.Грурман, В.В.Краевский, П.И.Карташева, М.Н.Скаткин және басқа ғалымдар арнайы еңбектерінде атап айтылған. Мектеп оқушыларының оқу жұмысының тәсілдерін жеңілдету және жандандыру, танымдық іс-әрекеттерін айрықша көрсететін жаңашыл педагогтардың мұғалімдер позициясын, бағытын авторлықтан демократиялыққа, гумандыққа ауыстыруға деген ұмтылушылықты айтуға болады, бұл жаңа ынтымақтастық педагогика бағытынан орын алды.

Компьютерлік оқыту технологиясы – қазіргі замандағы білім беру технологияларына жатады. Диагностиялық – білім беру жүйесі университеттердің ғылыми және білім беру мүмкіншіліктерін үлкен аудитория үшін толық қолдануға жинаған тәжірибесін информациялық оқыту технологияларды жүзеге асырумен қолдану үшін мүмкіндік береді.

Дистанциялық оқыту – үздіксіз білім беру жүйесінің бір формасы болып табылады, ол әртүрлі оқушылар категориясына бірдей мүмкіншілік беруге жағдай жасайды.

Инновациялық мектептер дәстүрлі және сонымен қатар жаңа міндеттерді қазіргі деңгейге сай шеше алатындығын дәлелдейді, оқу тұлғасының мәдени, адамгершілік дамуының кепілі болатындығын көрсетуге болады.

Осыған байланысты жаңа педагогикалық идея мен технологияның насихатшысы және таратушы кім болады деген сұрақ туындайды. Жеке мұғалімнің, мектептің тәжірибесін, ғылыми зерттеу мен таратуды мектеп директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары немесе оқу ісінің меңгерушісінің жетекшілімен жан-жақты дайындалған мұғалімдер тобы жүргізуі тиіс.

Тұтас педагогикалық процестің инновациялық стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде мектеп директоры, мұғалімдер мен тәрбиешілердің ролі арта түсуде. Оқыту процесінің көптүрлілігіне қарамастан – дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдық және басқа – жетекші педагогикалық қызметті іске асыру мұғалімнің еншісінде қалып отыр. Оқу тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты мұғалім мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде. Мұғалімнің кәсіптік қызметі арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологиялық, оқыту мен тәрбие технологиясы салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан мұғалімнен арнайы психологиялық-педагогикалық дайындық талап етіледі. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады.

Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізу. Өйткені, мұғалім жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құрамына айналуда.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің ролі мен беделі арта түсіп отыр.

Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеру және қолданылуға деген қатынасы сипатының өзгеруі. Оқу-тәрбие процесінің мазмұнын қатаң тәртіпке бағындырып қойған жағдайда мұғалімнің өз бетінше бағдарлама оқулық таңдаудан бұрын педагогикалық қызметтің жаңа әдіс тәсілдерін пайдалануға мүмкіншілігі болмады. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жоғарыда ұсынылған жаңалықтарды практикада қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру органы басшыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасау болуы тиіс.

Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі, жаңа типті сынып ішінде мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда.

Инновациялық процесс-білім беру процесіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет.

Бұндай топты құрудың қажеттігі бірқатар жағдайларға байланысты. Біріншіден, педагогикалық жаңалықтың немесе түбірлі педагогикалық идеяның, технологияның авторы, оның құндылығы мен перспективалығын аңғара бермейді. Екіншіден, қосымша уақыт және т.б. қажет етеді деп ол өзінің идеясын іске асыруға көбіне құлшына кіріспейді. Үшіншіден, жаңалық автордың баяндауында жүйелі ғылыми және әдістемелік негіздеме таба алмауы мүмкін.

Инновациялық бағыттылық белгілі бр жаңа енгізілімнің тиімділігіне баға беруде нақты критерийлерде пайдалануды қажет етеді. Педагогикалық зерттеу тәжірибелеріне сүйене отырып педагогикалық жаңалықтың мынадай критерийлер жиынтығын анықтауға болады.

Жаңашылдық критерийі – бұл ғылыми педагогикалық тәжірибеге баға беруде басшылыққа алынған инновацияның негізгі критерийі болып табылады.

Жаңашылдық деңгейлері; абсолютті, локальді – абсолютті, шартты, субъективті, танымдылық деңгейі және қолдану аймағы бойынша бөлінеді.

Оптимальдық критерийі – бұл мұғалім мен оқушының жұмсаған күшінің шығыны мен қолданған тәсілінің тиімділігін айқындайды. Оқу процесіне педагогикалық инновацияны енгізіп, барынша аз дене, ой еңбегін және аз уақыт жұмсап, жоғары нәтижеге қол жеткізу оның оптимальдығын білдіреді.

Жоғары нәтижелік критерийі – мұғалім қызметіндегі оң нәтижелердің барынша тұрақтылығын білдіреді. Өлшемдегі технологиялық, нәтижесі бақыла мен белгілеудегі, түсіну мен тәрбиелеудің тәсілдерін бағалаудың басты құралына айналдырады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану критерийі - құнды педагогикалық идея, технология шартты ерекшеліктермен, күрделі техникалық тарақтандыралуы және мұғалім қызметінің ерекшеліктерінің қолдану мүмкіншіліктерінің жалпылығы болып табылады.

Педагогикалық жаңалықты көбіне ешқандай алдын ала ұйымдық, техникалық, ең бастысы тұлғалық, психологиялық қатынастар тұрғысында дайындықсыз енгізіледі.

Педагогикалық инновацияның мазмұны мен критерийлерін талдап тап басып тану, оларды қолданудың әдіс-тәсілін меңгеру жеке мұғалімммен бірге оқу орнының жетекшісіне де оны енгізуді объективті бағалау мен болжамдауға мүмкіндік береді. Мектептерде жоғарының нұсқауымен енгізілген инновациялық жаңалықтар қысқа мерзімде ұмытылып кетеді немесе бұфрықпен тоттатылады. Инновациялық орта мұғалімдердің педагогикалық инновацияға қатынасынан нақты көрініс табады.

Жаңа енгізім және инновация – адамның қандай да болмасын кәсіби қызметіне тән, сондықтанда ол зерттеудің, талдаудың және енгізудің пәні болып табылады.

Инновация - өзінен-өзі пайда болмайды, олар ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдердің және тұтас ұжымдардың озық педагогикалық тәжрибелердің нәтижесі болып табылады.

Қазіргі уақытта қоғам, мәдениет және білімнің дамуында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлардан көрініп отыр.

Осы сияқты жағдайлардың негізгі себептерінің бірі-мектепте инновациялық ортаның белгілі бір ұйымдық, әдістемелік, психологиялық сипаттағы оқу процесінде инновацияны енгізуді қамтамасыз ететін кешенді шаралардың болмауы. Бұндай инновациялық ортаның болмауы мұғалімдердің әдістемелік болмауы мұғалімдердің әдістемелік тұрғыдан дайындықсыздығын, оларда педагогикалық жаңа енгізілімнің мәні туралы мағлұматтың аздығынан байқалады. Ал қолайлы инновациялық орта педагогикалық ұжымда мұғалімдердің «жаңа енгізілімге» қарсылық коэффициентін төмендетеді, кәсіптік қасаңдықты жоюға көмектеседі.

Мұғалімдердің педагогика қызметіндегі нақты қиыншылықтарды жеңу негізінде қалынтасқан кәсіби педагогикалық мүдделерін, қатеттіліктерін, құнды бағдарын жүйем зерттеу:

- Мұғалімдердің мүдделері мен қатеттілігін қанағаттандыруға бағытталған жолдарды, тұжырымдамаларды, озық педагогикалық тәжрибе технологиялардын зерттеу;
- Педагогикалық инновацияларды енгізу және шеру түрлерін мұғалімнің тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес таңдау. Мысалы: көрініс, сипаттау, ашық сабақтар, әдебиетті зерттеу, баяндама дайындау, эксперименттік жұмысқа қатысу.

Диагностикалық әдіс-мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмысын жаңаша құраға мүлкіндік беретін жұмыс пәтижесінің баянды болуына ықпал ететін тәжрибе көрсетіп отыр. Сонымен, диагностикалық әддістемені табысты қолдану – инновациялық қызметтің бағыттылығына, педагогикалық шығармашылық пен басталаның дамуына байланысты маңызды.

Қорыта айтқанда қазіргі кезде оқыту процесін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі, адамдардың, техникалық ресурстарды білімді игеру жолында өзара тиімді әрекет етудің негізі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде. Сондықтан осындай жаңартылған педагогикалық техналогиялар ішінен өз қатетін таңдан алуәр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті қажет ететін іс.

Педагогикалық жаңалықты енгізу қызметін басқару бұл жұмысқа автордың қатысуын тоққа шығармайды, қайта оның дербес шығармашылық лирикіндіктеріне ынталандырын, қабілетін дамытуға қалайлы жағдай жасайды. Нақты практикада инновациялық процестердің сипаты алынғы нәтиженің процестердің сипаты алынған

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

нәтиженің мазмұны мен, енгізілуге тиісті жаңалықтың күрделілік деңгейімен, сол сияқты практіктердің инновациялық қызметіне дайындығының деңгейімен ерешелінеді. Елімізде білім жүйесін дүниетүзілік үлгіге сәйкес жетілдеру ол педагогтардың мақсаты.

Әдебиеттер

1. Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі, 1998, №11-12, Б. 24-35.

2. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп,1999, №3.Б.43-49

3. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, 140с.

4. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторнигі. // Бастауыш мектеп, 2000, №3, Б. 25-30.

5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008

6. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ37.02:058.8
ӘОЖ37.02:058.8

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ ТҰЛҒАСЫН ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР КӨМЕГІМЕН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Салмырза Ж.І.
т.ғ.к., аға оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті,
Шымкент, Қазақстан
Кыдырбаев Б.И.
магистр- аға оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті,
Шымкент, Қазақстан
Алдабергенова Ж.Б.
магистр- оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті,
Шымкент, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10449577

To Cite: Салмырза Ж.І, Кыдырбаев Б.И, & Алдабергенова Ж.Б. (2024). БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ ТҰЛҒАСЫН ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР КӨМЕГІМЕН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10449577

Резюме

Сегодня в суверенной стране создана новая система образования, которая движется к выходу в мировое образовательное пространство. Это напрямую связано с существенными изменениями в образовательном процессе. Причина в том, что меняется парадигма в процессе образования, обновляется содержание образования, возникает новая точка зрения, новые отношения. Одним из важнейших вопросов является освоение научно-педагогических основ инновационной деятельности педагогов в воспитании и обучении подрастающего поколения в соответствии с запросами общества. Масштабные изменения, происходящие в сфере образования, широко открывают путь для различных инициатив и преобразований. С этой точки зрения возникает необходимость повысить эффективность социально-педагогической деятельности, связанной с воспитанием поколений, организовать ее в новом качестве. С этой целью учителям предстоит освоить научно-педагогические основы инновационной деятельности. А использование новых технологий выводит необходимый уровень знаний на уровень возможности. Поэтому освоение современных педагогических технологий имеет большое значение в повышении квалификации учителя и организации творческой педагогической деятельности.

Қазақстанда қоғамының қазіргі заманда даму кезеңінде ғылымның және білім берудің дамуы әлеуметтік-экономикалық жүйесінде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау барысында алдыңғы қатарлы мемлекеттің қатарына енді. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арнал-ған білім берудің дамуының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес прогрессивті технология-ларды және оқыту жүйелерін жасау және енгізу жоғары білім берудің даму шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады[1].

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қазіргі заманда егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісінде елеулі өзгерістерге тікелей қатысты болып отыр. Себебі, білім беру үрдісідегі парадигмасы өзгеруде, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: "Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады",- деп атап көрсетілген.

Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қадыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан бірнеше жылдар бұрын пайда болған. Бұл күнде заманауи даму оқыту технологиясы үлкен өзгеріскерге көрсетіп отыр. Оқытушылар мен студенттерге әртүрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары көмекке келеді.

Оқытушы, білім берудегі үрдісінің өзекті мәселесі болып қала береді, алайда оның қызметі біраз өзгереді. Енді ол ақпарат қайнар көзі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық жоба жұмыстарының ұйымдастырушысы болып табылады. Әр мұғалім кез келген оқу пәндерін сандық оқу қорларын пайдалана отырып сабақ даярлап және оны өткізе алуы керек. Сондықтан АКТ саласындағы құзырлық, кәсіби педагогикалық қыз-меттің басты шарты болып табылады.

Ең біріншіден, мұғалім қарапайым компьютерлік сауаттылықтан хабардар болуы тиіс. Оның ішіне компьютермен жұмыс жасай білу, компьютердің нақты бағдарламаларын білу, Интернет-технологияларды меңгеру т.с.с.

Қазіргі ақпараттық әдебиеттерде ақпараттық білімді дамыту жүйесін әдіснамалық және практиклық тұрғыда талдауларды, сондай-ақ оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттелген мәселелерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін процес есебінде қарастырып отырмыз.[2].

Қолайлы режимде жұмыс істейтін мұғалімнің өзі бәрібір белгілі уақытта немесе оқу уақытының бір бөлігінде әрбір оқушыны көруі мүмкін емес, әрбір оқушының оқытуының және дамуының жеке қарқынын қамтамасыз ету жағдайы болмайды. Бұл жерде компьютер мұғалімге де, оқушыға да маңызды көмек көрсете алады және көрсетуі қажет.

Сондықтанда, болашақ мұғалім іс - әрекетінде ақпараттық технологияны қолданудың нақты пәндердегі орнын, психологиялық, педагогикалық, эргономикалық

талаптарын білу-мен қатар, кәсіби іс - әрекетінің ерекшеліктеріне жататын кәсіби дағдыларды нақтылау қажет:

- іс – құжаттарын даярлаудың, мәліметтер (педагогикалық тәжірибелер)

қорын жасап өңдеудің және дидактикалық тірек – құралдар жасауға қажет саймандық бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;

- пәнге арнайы құрылған бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;
- жергілікті және Интернет желісінде жұмыс жасау дағдысы;
- мультимедиалық және ақпараттық технологиялардың қызмет етуінен хабардар болып, кәсіби қажеттілік шеңберінде қолдану дағдысы.

Демек, оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп, жүйелеуді талап етеді.

Студенттердің жалпы оқу біліктілігіне жататын оқу-компьютерлік біліктіліктерін «клавиатурамен жұмыс, программа тізу, принтермен жұмыс істей білу, дайын программаларды қолдана білу, текстік, графикалық редакторлармен жұмыс істей білу» жүйелі түрде қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес талабына айналуда. Адамдарды әртүрлі әлеумет-тік ортада өмір сүруге дайындау үшін білім беру ісіндегішығармашылық бастауды (креатив-тілікті) арттыру (дамыта білім беруді қамтамасыз ету), қазіргі білім беру жүйесіндегі акаде-миялық жұртшылық білім беру жүйесін дамытудың маңызды және перспективалық, акпарат-тық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде кашықтықтан оқыту әдістерін кеңінен енгізу керек екенін мойындап отыр[3].

Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды.

Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Бұл процесс мына бағыттар бойынша жетілдіріледі:

- білім беру жүйесінде басқару механизмінде ғылыми-педагогикалық ақпараттардың және ақпараттық-әдістемелік материалдарға автоматтандыру негізінде оның қолданылу аясын жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану;
- ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның даму бағыттарының міндеттерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұнында, әдістері мен оны ұйымдастыруда формаларын таңдау мен оның методологиялық жетілдіру;
- үйренушілердің интеллектуальдық қабілетін дамытуға, өздігінен білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру;
- үйренушілердің білім деңгейін бағалауда мен бақылауда әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдануды ұйымдвстыру.

Білім беруде заманауи ақпараттандыру процесі жағдайында жеке тұлғаны интеллектуальдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерінің түрлі салаларда қолдану арқылы құзырлықты қалыптастыру негізгі талаптардың біріне айналады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Өткізілген айқындаушы эксперимент барысында студенттерді ақпараттық технологиялар арқылы оқыту деңгейлерінің жеткіліксіз екендігін анықтадық. Соған орай ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесі енгізілді. Енгізу және пайдалану процесі теориялық және практикалық оқытудың өзара байланысында жүзеге асады;

- экспериментті жұмыста математикалық статистика әдістерін қолдана отырып, біз болашақ мамандарды ақпараттық технологиялар оқытудағы болып жатқан өзгерістерді анықтадық. Өзіміз көріп отырғандай, жоғары нәтиже біздің жасаған ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесін қолданғаннан кейін ғана қол жеткіздік. Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері жасалған технологиядан кейін ғана оқушылардың ақпараттық технологиялар арқылы оқыту барысында білімдерінің, біліктерінің және дағдыларының айтарлықтай жоғарлағанын көрсетті. Эксперименталды жұмыс қорытындысына қарай жоғары дәрежеге ие болашақ мамандардың саны мәнді жоғарлады, яғни бақылау тобымен салыстырғанда орташа есеппен алғанда 14,2%-ға тең болды. Осы нәтиже тәжірибелі жұмыстың шынайылығына негіз болды, ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесін пайдалану оқытуды жақсартуда енгізілуі мүмкін.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ мамандарды ақпараттық құралдар көмегімен даярлау жүйесінде қолдануға болады.

Бұл мәселе келешекте оқытуда жаңа әдістерді және формаларды іздестіруде, ақпараттық технологиялар арқылы оқытуда, жоғары оқу орнында болашақ мамандарды ақпараттық құралдар көмегімен оқытуда әр қилы пәндік сала мазмұнының интеграциясында өз жалғасын табуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2. *Сыдықов Б. Д.* Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі, автореф. – Түркістан: 2008. – 17.

3. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту» Мұхамбетжанова С.Т. п.ғ.к., ББЖКБАРИ

4. *Көшімбетова С.* Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

5. *Жүнісбек Ә.* Жаңа технология негізі – сапалы білім. — //Қазақстан мектебі, №4, 2008

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ37.01:001.8
UDC37.01: 001.8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
FEATURES OF INCLUSIVE EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Салмырза Ж.І.
т.ғ.к., аға оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті,
Шымкент, Қазақстан
Азизов А.А.
магистр- оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті,
Шымкент, Қазақстан
Алиев А.А.
магистр- оқытушыАкадемик Мардан Сапарбаев атындағы Парасат колледжі,
Шымкент, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451011

To Cite: Салмырза Ж.І, Азизов А.А, & Алиев А.А. (2024). ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451011

Резюме

Статья рассматривают инклюзивному образованию в Республике Казахстан. Требования специального образования не ограничивают детей только специальным образованием. Исследование показало, что инклюзивное образование и стимулы в Казахстане получили поддержку. Адаптивная стратегия для детей с особыми потребностями в современном казахстанском образовании является естественным шагом к пересмотру отношений между обществом и людьми с особыми потребностями. Пока что система образования плохо адаптирована к потребностям детей с ограниченными возможностями, и общество не готово принимать инвалидов как равных членов общества, но не всех: детей, учителей и родителей. Еще одна проблема - ограниченный доступ детей-инвалидов к полноценным образовательным услугам. Следствием этого является социальная изоляция, которая обостряет детей и их семьи с ощущением финансовых затруднений и отсутствием тенденции к дальнейшему развитию. Вот почему необходимость педагогической работы по формированию у родителей «обычных» детей готовности учиться у «особых» детей сегодня очень актуальна. Позитивный настрой важен при решении этой проблемы. Семья играет ключевую роль в этом, потому что именно эти родители чаще всего сеют семена враждебности, отвращения, ненависти и жестокого обращения в непринужденной и небрежной манере. Дети не скрытны, они копируют негативные отношения и показывают их в коллективе.

Abstract

The article is considered inclusive education in the Republic of Kazakhstan. Special education requirements do not limit children to special education only. The study showed that

inclusive education and incentives in Kazakhstan received support. An adaptive strategy for children with special needs in modern Kazakhstani education is a natural step towards revising the relationship between society and people with special needs. So far, the education system is poorly adapted to the needs of children with disabilities, and society is not ready to accept people with disabilities as equal members of the society, but not all: children, teachers and parents. Another problem is the limited access of disabled children to full-fledged educational services. The consequence of this is social exclusion, which exacerbates children and their families with a sense of financial difficulties and the absence of a tendency to further development. That is why the need for pedagogical work to form readiness of parents to learn from "special" children is very urgent today. A positive attitude is important in solving this problem. The family plays a key role in this, because it is these parents who most often sow the seeds of hostility, disgust, hatred and abuse in a relaxed and careless manner. Children are not secretive, they copy negative relationships and show them in a team.

Кілттік сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар, ерекше білім алу қажеттіліктері, инклюзивті білім беру, даму мүмкіндігі шектеулі балалар, қазіргі қоғамға бейімдеу, инклюзивті саясат.

Keywords: Children with restricted access, need in special education, inclusive education, children with restricted access, adaptation to modern society, inclusive policy.

Қазақстан Республикасы қоғамдық-саяси құрылымының өзгеруі, қоғамды БҰҰ халықаралық құқықтық құжаттарына сәйкес демократияландыруға бағытталған іс-шараларды өткізу мемлекет пен қоғамның мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген, оның ішінде балаларды оқытуға деген жаңа позициясының, қатынасының қалыптасуына ықпал етті.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп көрсетті [1].

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» инклюзивті білім беруді дамытудың алғышарттары жасалынды [2].

Елімізде бәсекеге қабілетті білім беруді жоғарылату үшін сапалы білім беру арқылы адам капиталын дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы. Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс... Адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру ұлт жетістігінің факторы болып табылады, сондықтан әр қазақстандықта заманауи технологиялар кезеңінде және жаңа мамандықтардың талаптарына қажет функционалдық, IT сауаттылық, ағылшын тілін

білу, адамгершілігі мол тұлға сынды қасиеттер мен құзыреті болуы керек», - деп көрсетілген [3].

Мемлекеттік бағдарламада арнайы және инклюзивті білім беру стратегиясын әзірлеу және оны енгізу қарастырылған. Бұл бағдарламаға сәйкес, инклюзивті білім беруге жағдай жасайтын мектептердің үлесін жалпы мектеп санынан 70%-ға дейін арттыру (қазіргі уақытта 38%), мүгедек-балалар үшін «кедергісіз қол жетімділікті» құрайтын мектептердің үлесін жалпы мектеп санынан 20%-ға арттыру, инклюзивті білім берумен қамтылған балалардың үлесін, дамуында арнайы қажеттілігі бар балалардың жалпы санынан 50%-ға арттыру қарастырылған.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады», - деп мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетіп, олардың оқып-білім алуына, еңбек етуіне мүмкіндік туғызу керек екендігіне баса назар аударды [4].

Қазіргі таңда Қазақстанда жеке тұлғаның мүдделерінің қоғам мүдделерінен басымдық принципі әр адамның құқығы мен еркіндігін сақтауға кепіл беру арқылы көрсетілген. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген қатынас әлеуметтік оңалту идеясына негізделеді, ол мүмкіндігі шектеулі тұлғаның барынша дербестік пен қоғамдағы тәуелсіздікке жетуін көздейді. Мақалада Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру ерекшеліктерін анықтау мақсатында даму мүмкіндігі шектеулі балаларды балалармен бірге оқыту мәселесі бойынша әлеуметтік сауалнаманың, эксперименттік зерттеу нәтижелері келтіріледі.

Білім алу құқығы – бұл кез-келген адамның құқығы. Ал балаларға білім беру – бұл оларды әлеуметтендірудің, қоғам өміріне толыққанды қатысуының негізгі және ажырамас шарты.

Дәл осы себепті Қазақстанда 2011-2020 жылдарда білім беруді дамыту бағдарламасы аясында мүмкіндігі шектеулі балалар шын мәнінде басқалармен бірдей толыққанды оқуға және білім алуға мүмкіндік алуы үшін инклюзивті білім беруді біртіндеп дамыту қарастырылған. Әлеуметтік бейімдеу – Қазақстандағы инклюзивті білім берудің басым бағыттарының бірі.

Келтірілген сауалнама нәтижелері қазақстандық жалпы білім беру мектептеріне инклюзивті білім беруді енгізудің алда кезігетін қиындықтары мен перспективаларына бағдар алуға мүмкіндік береді. Авторлар білім беру жүйесіне, оның ішінде мұғалімдердің инклюзивті мектепте жұмыс жасауға кәсіби даярлығына өзгеріс әзірлеу мен жобалаудың өткір қажеттілігі бар екенін атап өтуде.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [5] барлық адамдардың сапалы білім алуға тең құқылығына, әрбір адамның интеллектуалдық дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып тұрғындардың барлық деңгейлеріне білім алудың қолжетімділігіне кепілдік берілген. 2011-2020 жылдарда білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес инклюзивті білім беруге жағдай жасайтын мектептер үлесі жалпы саннан 70%-ға дейін артатын болады.

Мүгедек балаларға арналған «кедергісіз жету» жасалған мектептер саны 20%-ды құрайды. Инклюзивті білім беруге қамтылған балалар пайызы даму мүмкіндігі шектеулі (ДМШ) балалардың жалпы санының 50%-ын құрайды. 2012-2018жж. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқығын қамтамасыз ету және өмір сапасын жақсарту бойынша ұзақ мерзімдік перспективалық әрекет етудің Ұлттық жоспары, 2015-2020жж. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесін ары қарай дамыту бойынша шаралар кешені бекітілді (ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы, 19 желтоқсан 2014 ж. №534) [6].

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Әзірге білім беру жүйесі мүгедек балалардың қажеттіліктеріне нашар бейімделген, қоғам мүгедектерді социумның тең құқылы мүшесі ретінде қабылдауға дайын емес, барлығы да: балалар да, педагогтар мен ата-аналар да дайын емес. Мүгедек балалардың толыққанды білім беру қызметіне қол жеткізудің шектеулі болуы да мәселе болып табылады. Мұның салдары – балалар мен олардың отбасының материалдық қиындықтар мен ары қарай дамуы үшін беталысының болмауын сезінуімен тереңдейтін әлеуметтік оқшауланулы. Сол себепті «кәдімгі» балалардың ата-аналарының «ерекше» балалармен бірге оқытуға дайындығын қалыптастыру бойынша педагогикалық жұмыстардың қажеттілігі қазіргі таңда өте өзекті мәселе болып тұр. Бұл мәселені шешуде оң көзқарас маңызды болып табылады. Бұл мәселеде отбасы негізгі рөл ойнайды, себебі көбінесе дәл осы ата-аналар ырықты және ырықсыз түрде жаулық, жиреншектік, жек көру мен теріс қарым-қатынастың дәнін сеуіп жатады. Жасырын емес, балалар теріс қарым-қатынасты көшіріп алады да, оны ұжымда көрсетіп жатады. Оқыту процессінде де педагог уақытының көп бөлігін «ерекше» балаларға жұмсайды, сол себептен басқа балалардың ойы бөлініп кете береді, қажетті білім, білік, дағдыларды толыққанды игере алмайды деген негізді алаңдаушылық туып жатады.

Әлемдік мектеп тәжірибесінде инклюзия даму бұзылыстары бар балаларды кәдімгі жалпы білім беретін мектепте құрдастарымен бірге оқыту ретінде қарастырылады. Халықаралық тәжірибеде (ЮНЕСКО) «интеграцияланған оқыту» (integration) термині «инклюзивті білім беру» терминіне алмастырылды. Ерекше даму қажеттіліктері бар балаларды тұрғылықты мекен-жайы бойынша жалпы мектеп білім беруге ендіру бұл қазақстандық заманауи білім беру үшін жаңа қатынас, Оның артықшылықтары: мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды үшін арнайы оқыту жағдайын жасау; аталған мектептің барлық білім алушыларының білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін икемді бейімді білім беру ортасын құру; ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды жалпы мектепте арнайы педагогтардың: логопед, дефектолог, психологтардың қажетті психологиялық-педагогикалық қолдауын ұсына отырып оқыту; ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқушылар, педагогикалық және ата-аналар ұжымының қабылдауына даярлық және барлық балалар үшін ыңғайлы, барынша даму деңгейіне жетуге ықпал ететін оқыту жағдайын жасау, сонымен қатар, баланы әлеуметтік оңалту және оны қоғамда интеграциялау; қоғамда (сынып, топ, мектеп) толеранттылық, яғни шыдамдылық, өзара құрмет дағдыларын қалыптастыру. Біздің еліміздегі инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы тек орта білім жүйесінде ғана емес, сонымен қатар, мектепке дейінгі, кәсіби және қосымша білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістердің болуын талап етеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен инклюзияның білім беру механизмдерін жасау мен жетілдіру жолында тұрған кедергілер мәселесін қарастыратын болсақ, дәстүрлі оқыту түрі мен оқыту принциптері, олардың икемсіз, адаптивті емес екендігіне негізделген кедергілерді айтуға болады. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру үшін бірнеше кедергілерді атап көрсетуге болады: икемді білім беру стандарттарының болмауы; жалпы мектеп педагогтарының ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ерекшеліктері туралы, білім беру және түзету үдерісін ұйымдастыру әдістемесі мен технологиясы туралы түсініктерінің болмауы; мектептің педагогикалық ұжымының арнайы даярлығының болмауы, коррекциялық педагогика мен арнайы психология негіздерін білмеуі, еңбекке оқытудың, жеке бағдарламасының, ерте кәсіби бағдарлаудың болмауы; жалпы білім беретін мектептердің ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар қажеттілігіне сай материалдық-техникалық жарақтандырылуының жеткіліксіз болуы (пандус, лифт, арнайы оқыту, оңалту, медициналық құрал-жабдықтардың, арнайы жарақтандырылған оқу орындарының, оның ішінде қашықтықтан оқыту үшін). Сонымен

қатар, бүгінде республикамызда Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық академияда, Ұлттық ғылыми-практикалық коррекциялық педагогика орталығында инклюзивті білім беруді дамыту үшін нормативтік-құқықтық база даярланды: білім беру вертикалі жасалды; инклюзивті оқытуды дамыту үшін ұйымдастырушылық жағдайлар жасалды (психолого-педагогикалық сүйемелдеу қызметі, «кедергісіз» орта, арнайы құралдармен жарақтандырылу); инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету үшін ресурстық орталықтар, инклюзивті білім беруді қамтамасыздандыру орталықтары құрылды; жеке оқу бағдарламалары жасалды; ерте кәсіби бағдарлау, кәсіби даярлау үшін жағдай жасау бойынша жұмыстар басталды.

Жыл сайын, жалпы білім беретін мектепте білім алатын мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың саны өсуде, себебі білім берудегі инклюзия механизмі өзін ақтауда.

Еліміздегі білім беруді реформалау жағдайында туындап жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтерді дайындау қажеттілігін жоғары оқу орындары да дер кезінде түсініп, туындаған мәселені шешуге жан-жақты кірісіп жатқаны белгілі.

Инклюзивті білім беру саласындағы тәжірибе мен зерттеулерді жинақтап талдау, қоғамның мүгедек балаларды қалыпты дамып жатқан қатарластарымен бірге оқытуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу орындарының өздеріне де маңызды орын беріледі, себебі олардың оқытудың жаңа үлгісіне дайындығы табыс өлшемдерінің бірі болып табылады.

Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі ретте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті мектеп мұғалімдері ауадай қажет. Бұл мәселенің маңыздылығы сонша, бұл туралы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда ашық та айқын анықталған. «Дүниежүзілік мүгедектік туралы баяндамада» инклюзивті білім беруді дамытуда жалпы білім беретін педагогтің арнайы даярлығы шешуші мәнге ие екендігі айтылған [7]. Аталған құжатта: «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек», – деп көрсетілген.

Мұнан басқа, ересектер өз балаларының «ерекше» балалармен қатынас жасауы олардың интеллектуалдық дамуына теріс әсер етеді деп мазасызданады. Сол себепті педагогтардың алдындаата-аналарды «ерекше» балаларды «кәдімгі» балалармен теңдей қабылдауға деген дайындығын қалыптастыру міндеті тұр. Француз моралисті и эссеист Жозеф Жубер баланы оқыту керек емес, үлгі көрсету қажет деп дұрыс көрсетті. Шын мәнінде, мінез-құлық, барлық адамдарды психофизикалық ерекшеліктеріне, ұлты мен ұлысына қарамастан құрметтеу тәжірибесін игеруде ата-аналардың жеке басының үлгісі ерекше маңызға ие. Осыған байланысты, ата-аналармен инклюзивті білім беру және оның мәні идеологиясын түсіндіру, оларға өз балаларында барлық адамдармен ешқандай ерекшелігіне қарамастан қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру бойынша мақсатты түрде жұмыстарды жүргізу қажет. Ата-аналарды қайта тәрбиелеу мүмкін емес, бірақ бірге оқытуға деген қатынасына ықпал жасау, ынтымақтасқан және арнайы ұйымдастырылған жұмыстар нәтижесінде олардың іс-әрекетін түзетуге толықтай болады. Ата-аналарды инклюзивті білім беруге дайындауды кеңес беру түрінде мақсатты жүргізуге болады, оның барысында мұның мәні түсіндіріліп, барлық жағымды сәттері ашылады, ата-аналардың алдағы тұрған бірлескен тәрбиелеу мен оқыту алдындағы қорқынышы жойылады. Және біздің қоғамымызда бұл қатынас балалық шақтан бастап

қалыптасады. Бұл мәселені шешудің Қазақстан Республикасында мүмкін болатын нұсқаларының бірі:

• мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне тартуға;
• мүгедек балаларды қазіргі қоғамға бейімдеуге;
• мүгедек балалардың өздерін қазіргі қоғамда сенімді сезінуіне белсенді мінез-құлықтық көзқарасын қалыптастыруға;
• өз кемістіктерін артықшылыққа айналдыра білуге;
• қазіргі қоғамның мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қатынасын өзгертуге бағытталған инклюзивті білім беруді дамыту болып табылады. Инклюзивті саясат – бұл құқықтық саясат, оның аясында ата-аналардың мектепті таңдауға құқығы болуы керек. Жақын шетелдік мемлекеттерде және елімізде жүргізіліп жатқан зерттеулер көрсеткендей, қазір ата-аналардың барлығы бірдей өз балаларын жалпы білім беру жүйесіне бергісі келмейді, өйткені әзірше қажетті жағдайлар тек арнайы білім беру жүйесінде ғана жасалғанын түсінеді [8].

Қазақстанда инклюзивті білім беруді ендіру жолында әлі де шешімін таппаған мәселелер мен кедергілер сол күйінше қалуда:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға деген дұрыс емес қатынас
- арнайы дайындалған педагогикалық құрамның болмауы
- оқу мекемелерінің материалдық - техникалық және әдістемелік жарақтандырылуының өте төмен деңгейі
- физикалық қол жетімділік кедергісі
- мемлекеттік стандарттың қатаң талаптары

Білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың кең нұсқалы жүйесін ендіру балалардың жалпы ағынына зият дамуында түрлі тежелулері бар балаларды қосуға мүмкіндік береді. Бастапқы кезеңде мемлекеттің басты міндеті ғылыми-педагогикалық қауымдастықтар мен жалпы қоғам арасында ақпараттық- ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады.

3. Рост популярности видеоконференций: Заметен значительный рост популярности видеоконференций в образовательном процессе. Более 70% учителей подтвердили использование инструментов для проведения онлайн-консультаций, виртуальных родительских собраний и интерактивных виртуальных уроков.

4. Использование социальных сетей и мессенджеров: Некоторые учителя выражают предпочтение использования социальных сетей и мессенджеров для неформального общения и взаимодействия с учениками и родителями. Этот тренд обусловлен

стремлением создать дополнительные каналы общения и повысить доступность вне урочного времени.

5. Влияние образовательного уровня: Статистический анализ данных выявил, что выбор коммуникационных инструментов может зависеть от образовательного уровня учителей. Учителя с высшим образованием чаще прибегают к использованию более разнообразных технологических инструментов.

6. Тенденция к интеграции технологий: Обобщая результаты, выявлен общий тренд к интеграции технологий в коммуникационные практики учителей. Более 90% респондентов выразили интерес к дальнейшему внедрению современных технологий для улучшения качества обучения.

Проблемы, требующие внимания:

1. Кибербезопасность и приватность данных: Развитие стратегий для защиты личных данных участников образовательного процесса в условиях активного использования онлайн-платформ. [3]

2. Технологическая грамотность учителей: Разработка эффективных программ обучения для повышения технологической грамотности учителей и поддержки их в интеграции новых инструментов. [4]

3. Инклюзивность и равные возможности: Работа над стратегиями, обеспечивающими инклюзивность и равные возможности в виртуальном образовательном пространстве. [5]

4. Эффективная оценка онлайн-обучения: Разработка системы оценки, учитывающей специфику онлайн-формата и эффективность обучения в этом контексте. [6]

Эти результаты предоставляют важную базу для понимания изменений в коммуникационных практиках учителей и ориентации на будущее развитие образовательных стратегий.

В итоге нашего исследования, посвященного эволюции коммуникационных практик учителей в современном образовании, мы пришли к ряду важных выводов.

Предпочтение электронной почты как основного средства коммуникации подтверждает ее устойчивую роль в образовательном процессе. Однако, активное внедрение онлайн-платформ и рост популярности видеоконференций свидетельствуют о стремлении учителей к более интерактивным и гибким форматам взаимодействия с учениками и родителями.

Тенденция к интеграции технологий, также выявленная в наших данных, указывает на необходимость дальнейшего развития образовательных практик в цифровом пространстве. Важно отметить, что образовательный уровень учителей может оказывать влияние на их выбор коммуникационных инструментов, что подчеркивает значимость индивидуализации подходов.

Однако, наряду с положительными тенденциями, выявлены и вызовы. Проблемы кибербезопасности и защиты данных требуют системного подхода, чтобы обеспечить надежность виртуального образовательного пространства. Также важным аспектом является поддержка учителей в повышении их технологической грамотности и адаптации к новым коммуникационным средам.

Инклюзивность и обеспечение равных возможностей остаются ключевыми принципами, которые требуется активно внедрять в онлайн-образование. Наконец, разработка эффективных систем оценки для онлайн-обучения становится важным направлением для обеспечения качественного образования в виртуальной среде.[5]

Эти результаты предоставляют базу для разработки стратегий и политик в образовании, направленных на совершенствование коммуникационных методов и подготовку учителей к вызовам современной образовательной среды. В будущем,

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

дальнейшие исследования и практические мероприятия могут сосредоточиться на более глубоком анализе воздействия технологий на образовательный процесс и разработке более точных рекомендаций для учителей и образовательных учреждений.

Список литературы:

1. Федорова, Г.А., Рагулина М.И., Удалов, С.Р. Лапчик, М.П. Развитие дистанционного взаимодействия студентов и учителей на основе современных информационно-коммуникационных технологий // Science for Education Today // Новосибирский государственный педагогический университет, 2019. - том 9(2). – С.108-119.
2. Газейкина, А.И., Ударцева Д.А. Развитие коммуникативных умений будущего учителя математики и информатики // Актуальные вопросы преподавания математики, информатики и информационных технологий // Уральский государственный педагогический университет, 2020. №5 – С.225-231.
3. Солиева, Д.М., Юлдашева М.М. Методы и приемы формирования коммуникативных учебных действий на уроках информатики // Мировая наука // 2020.- №3(36) – С.460-462.
4. Шмелева Е.А., Кислякова П.А., Ананьева Е.А. Социальные сети в коммуникационном взаимодействии педагога и обучающихся // Учебный эксперимент в образовании // Мордовский государственный педагогический университет им.М.Е.Евсевьева – 2020. – 1(93) – С.12-20.
5. Самсонова Е.В., Быстрова Ю.А. Исследование возможностей ресурсной сети для развития инклюзивной образовательной среды // Вестник практической психологии образования // 2023. – 20(2) – С.47-62.
6. Вашукова И.С. Особенности сетевого взаимодействия в образовании // Отечественная и зарубежная педагогика // 2022. 1(1) – С.141-152.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 37.012.7:2-678

БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Қожан Әсем Асатқызы, Мырзабекова Аружан Қожабекқызы
Shymkent jogary pedagogikalyq kolledji, арнайы пән оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Шымкент, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451280

To Cite: Қожан Әсем Асатқызы, & Мырзабекова Аружан Қожабекқызы. (2024). БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451280

Аннотация: Мақалада тілдің пайда болуы, тілдің мәдениетпен сабақтастығы және бала тәрбиесіндегі маңызы айтылады. Мектепке дейінгі кезеңде баланың ой - өрісін, дүниетанымын кеңейту, өмірге қажетті білім – дағдыларды меңгерту, ой еңбегіне баулып, үйрету өзекті мақсат етіп алынған. Ақыл – ойды жетілдірудің негізгі болып табылатын баланың тілін, сөз қорын молайту, еркін, дұрыс сөйлей білуге үйрету де негізгі мақсат болуы керектігіне тоқталады.

Кілттік сөдер: тіл, сөз, сөйлеу, ана тілі

Abstract: The article discusses the origin of language, the continuity of language with culture and the importance of raising children. In the preschool period, the main goal is to expand the child's horizons, worldview, acquire knowledge and skills necessary for life, engage in mental work. He emphasizes that the main goal should be to increase the child's language, vocabulary, and teach him to speak freely and correctly, which is the main improvement of the mind.

Keywords: language, word, speech, native language

Мектепке дейінгі кезең – баланың іс - әрекетінің қалыптасуы мен дамуы қуаттылықпен жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын мезгіл. Бұл мезгіл ішінде балаларға берілетін білім мен тәрбие мазмұны әлеуметтік сұранысқа сай жүзеге асырылуы тиіс. Осыған орай сәбидің эмоционалдық іскерлік, коммуникативті және интеллектуалдық жағынан дамуы айналадағы дүниемен, табиғатпен, өз - өзіне басқа адамдар мен т.б. өзара белсенді әрекеттік қарым – қатынаста болу арқылы қалыптасады.

Орта ғасырлық ұлы ғұламалар Әл – Фараби, Ж. Баласағұн, М.Қашқари, А.Яссауи, А. Иүгінеки т.б. еңбектеріндегі бала тәрбиесі туралы айтылған ой – пікірлерінде адам баласы – жаратылыстың бүкіл жан иесі атаулының биік шақтығы, сондықтан да оны құрметтеу, мәпелеу, аялау қажет екендігі дәлеледенген. Мәселен, Әл – Фараби ғылыми ой – түйіні: жеке тұлғаның қалыптасуы білім, мейірбандық, сұлулық қасиеттердің бірлігінде деп тұжырымдаса, Ж.Баласағұн бала тәрбиесін бесіктен бастау қажет екендігін баса айтады.

Ал Ахмет Иүгінекидің (XII -ғ) шығармаларында, әсіресе, «Ақиқат сыйы» дастанында гуманистік ой – пікірлермен қатар ең басты нәрсе деп, оқу мен білім

мәселелеріне көңіл қояды. Адамгершілік, этикалық, әдептілік ілімдері де мағынасы, мазмұнды, әділ сөйлей білуге, сыр сақтай білуге, сыр әдептің басы – тіл – тілге сақ болу керектігіне баса көңіл бөліп, маңызды ақыл - өсиеттер айтады.

XVIII – XIX ғасырларда кең тараған бір теория – эмоционалды теория. Оның жақтаушысы Ж.Ж. Руссо «бір нәрсеге құштарлық алғашқы сөздерді шығарады» - деп жазды . Бұл теория XIX – XX ғасырларда одағай теориясына келіп ұласты. Аталмыш теория бойынша алғашқы адамдар айналадағы заттармен танысқанда өздерінің алған әсерлерін еріксіз шығарған дыбыстар, одағайлар арқылы білдіргенде, олар әлгі заттардың атауларына айналып, тіл пайда болған. Бұл теорияны жақтаушылардың бірі – орыс лингвисі Д.Н.Кудрявский. Ал қоғамдық шарттасу теориясы – алғашқы адамдар сөздерді өзара келісе отырып, таңдап алған дейді. Олай болуы үшін адамдардың сөздерді өзара тілді бұрыннан білуі керек қой. Демек, бұл теория да ешбір дәлелсіз.

Адамзат тілі – биологиялық та, психологиялық та құбылыс емес, ол әлеуметтік құбылыс, қоғамға қызмет етеді. Себебі, тіл қоғам үшін, қоғам мүшелерінің пікір алысып, өзара түсінісуі үшін керек, сол үшін жаралған. Бір – бірімен сөйлесетін адамдар бар жерде тіл де – сол жерде. Қоғамсыз – тіл, тілсіз – қоғам болмайтынын ескере отырып, адамзат тілінің пайда болу теориясының ғылыми негізін К.Маркс пен Ф. Энгельс жасады. Олар: «Тіл де сана сияқты басқа адамдармен қатынас жасау мұқтаждығынан және қажеттілігінен туды» - дейді. Мұнда бірінішіден, тіл мен сананың (ойлаудың) бір – бірімен тығыз байланыстылығы, бір мезетте шыққандығы, екіншіден, тілдің адамдардың бір – бірімен қатынас жасау қажеттілігінен келіп пайда болғандықтан айтылған.

Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына байланысты. Тіл де халықпен, оның өмірімен бірге өзгеріске ұшырайды. Тілдің дамуы – бай тілді жойып, жаңа тіл жасау жолымен емес, бар тілдің негізгі элементтерін дамыту, жетілдіру толығып, тіркестері, ұғымдары жаңарып отырады. Бірақ тіл жаңарады, өзгереді екен деп, қолдан сөз жасау, оның қалыптасқан мөлшеріне қайшы ұғым, тіркестерді тықпалау жараспайды, тіл ондай «жаңашылдықты» үнемі қабылдай бермейді. Тілге кірген жаңалықтар қоғамдық, әлеуметтік өзгерістердің қажет етуінен туады. Тіл дамуының заңдылықтарына сәйкес сақтау, үйрену үлкен азаматтық (патриоттық) істердің қатарына жатады. Бұл жайында Л.Толстой: «Тіл түсінікті халық ұғымына сай, жергілікті сөздермен былғанбаған болуы керек» - деп жазған екен.

Қазақ елінде психология, педагогика, тіл тағылымы сияқты тұңғыш ғылыми оқулықтардың негізін жасаған А. Байтұрсынов, Ш.Құдайбергенов, М.Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Х.Досмұханбетов тағы басқа да халқымыздың ойшыл ағартушыларының пікірлерінің болашақ ұрпақты тәрбиелеу және білім беру ісіне айрықша мол үлес қосқана да мәлім. Қайта оралып соқсақ Әл – Фарабидің философиялық еңбектерін ғылыми зерде сүзгісінен өткізгенде, оның педагогика тарихында орын алатын ұлы тұлғалардың бәрі екендігіне көзіміз жете түседі. Әл – Фараби жасаған қортындының басты түйіні: білім, мейірбандық, сұлулық – үшеуінің бірлігінде, ол ақыл – ойдың, еңбектің және білімнің биік мәнін дәріптейді.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік – мәдениет даму тұжырымдамасында: «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік – мәдени даму жолы дегеніміз – ең алдымен адамзат қазыналарына баса назар аударту, халықтың прогрессшіл дәстүрлері мен әдет–ғұрыптарының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға өнерге, халықтардың рухани байлықтарына қайта оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық мәдениеттің қазыналары мен дербестігін мойындау» - деп атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мәселесі бойынша тарихи - әдістемелік, ғылыми – теориялық арнайы зерттеулер жүргізген ғалымдар: Б.Б. Баймұратова, А.К. Меңжанова, М.С. Сәтімбекова, Ф.Н. Жұмабекова, Р.К. Аралбаева, т.б.

зерттеулері нәтижесінде ғылыми - әдістемелік еңбектер, оқу – құралдар, бағдарламалар жасалды.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың ой - өрісін, дүниетанымын кеңейту, өмірге қажетті білім – дағдыларды меңгерту, ой еңбегіне баулып, үйрету өзекті мақсат етіп алынған. Ақыл – ойды жетілдірудің негізгі болып табылатын баланың тілін, сөз қорын молайту, еркін, дұрыс сөйлей білуге үйрету де негізгі мақсат болуы керек.

Тіл – адамдардың бір – бірімен пікір алысып, қарым – қатынас жасайтын құралы болғандықтан, тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі де ерекше. Сондай – ақ тіл ұлт мәдениетінің басты көрсеткіштерінің бірі екені белгілі. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана – сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез – құлқының белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Баланың тілін дамыту жұмысы жаңұядан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуге тиіс. Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді тіктеген кезеңде қолға алар ісіміздің бірі де, бірегейі де – ұрпақ тәрбиесі болып отыр.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тілі мен мәдениетіне мойын бұрып, ұрпағымызға төл тәрбие, ұлттық тағылым беру – бүгінгі үннін басты ісі. XI – ғасырдағы түркі ғалымы М.Қашқаридің «Тәрбие басы - тіл» деп айтуынан – ақ біз тілдің қай кезде де тәрбие құралы саналғанын байқаймыз. Тіл – ұрпақ тәрбиесмінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес құдіреті, қуатты қайнар көзі. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазіргі және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден – бір сенімді құрал.

Мектепке дейінгі балалардың тілді үйренуі – тілге деген ерекше белсенділіктермен анықталады. Бұл белсенділіктер жоғарғы жүйке – жүйесінің қызметімен тығыз байланысты – сөз рефлекстері негізінде қалыптасады. Сөз, тіл – бас ми сыңарларының жоғарғы функциясы. Сөз, тіл ойлаумен тығыз байланысты. Тілсіз ойлау мүмкін емес, тіл мен ойлау ажырамас бірлікте. Тіл ойдың материяландырылған түрі. Тілсіз ой (сана), ойсыз тіл де жоқ. Тіл ойдың, мазмұны, тікелей шындығы. Сөздің мәні ойдан көрінеді. Ой тіл арқылы жеткізіледі, айтылады, сөз арқылы безендіріледі. Әрбір ой міндетті түрде белгілі сөздік материалда пайда болады. Сөз – материалдық болмыстың баламасы. Ой пайда болса, ол белгілі, нақты сөздік формада білінеді, көрінеді. Тіл мен ойлау – адам миының үлкен жарты шарларының қабығында үздіксіз өтіп жататын анализдеу және синтездеу әрекеті. Сөйлеу мен тілдің дамуы танымдық іс - әрекет негізі.

Сөздің мәніне, сөздердің көрсететін шындығына бағдар ұстаумен қатар мектепке дейінгі, әсіресе 6 жасар балалар сөз мәнінің қандай екендігіне қарамастан сөздің дыбыстық түріне үлкен ынта қоятындығы байқалады. Тілдің дыбыстық жағы балалар әрекетінің мазмұнына айналады. Сөзді жетерліктей терең ұғына білу тек арнаулы оқыту жағдайларында қалыптасады. Балалардың тілін дамыту өсіп келе жатқан ұрпақтың парасаттылық пен сезімталдық, еріктік қасиеттерін қалыптастыруда аса маңызды орын алады.

Адамзат тілінің шығуы сонау көне замағы, яғни алғашқы адамдардың пайда болу заманына барып тірелсе, жеке тілдердің шығуы содан кейінгі дәуірлерде болған нәрсе. Тілдердің шығуы туралы мәселе әртүрлі ойшылдардың назарын өзіне аударып келген. Бұл мәселе туралы түрлі – түрлі пікірлер мен жорамалдар айтылып, сан қилы пайымдар жасалды. Сол жорамалдардың бірі – ежелгі грек философиясынан басталатын, әсіресе XVII – XVIII ғасырларда кең өріс алған дыбысқа еліктеу теориясы. Бұл теорияны қолдаушылар тілді «табиғат сыйы» - деп қарап, алғашқы жануарлардың дауыстарын, құстың сайрауын естіп, соларға еліктеуден әртүрлі дыбыстарды шығарған. Содан алғашқы сөздер жасалып, соларға еліктеуден әртүрлі дыбыстарды шығарған. Содан алғашқы сөздер жасалып, олар заттардың атауына айналған дейді.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Тіл байлығы – ең алдымен тіл арқылы бейнеленетін халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысы. Тіл байлығын жете меңгеру дегеніміз – халық өмірін жетік білу дегенмен пара – пар. Осыған орай жазушы Марал Сқақбаевтың «Тіл байлығы таным білімге қаншалық тәуелді болса, жазушы көзінің жітілігі де, парасат – пайымы да тіл байлығына соншалық тәуелді» - деуі - өте орынды айтылған пікір. Жалпы адамзат тілінің пайда болуы туралы ой – пікірлерді, тұжырымдарды келтіргеннен кейін өзіміздің ана тіліміз – қазақ тілінің тарихы мен зерттелу жайына да тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Қазақ тілі – ауыз әдебиетіне аса бай, бөтен тілдерден енген қоспалары онша көп емес, таза образды тіл. Тіл табиғатпен тығыз байланыста жаратылған ерекше құбылыс. Көптеген зерттеулерде тілге қатысты айтылған түсініктеме мен анықтамалар оның жан – жақты ерекшеліктерін, жалпы сипатын және күрделі құбылысқа тән басты белгілерін жақсы атап өтеді. Тілдің тіршілігі, дамуы оның қатынас құралы болу қызметіне байланысты. Тілдің бұл қызметі коммуникативтік функция деп аталады. Тілді, адам өзін қоршаған қауымнан, өмірден үйренеді.

В.А. Артемов тіл ойлаумен болмыстағы заттар мен құбылыстар арқылы байланыста болады, өйткені адам осы құбылыстарды кездестіргендіктен, оларды бір сөздермен атауға тиіс деп есептейді. Оның пікірінше, әр ұлт, әр халық заттарды, табиғат құбылыстарын т.б. әр түрлі сөзбен айтады, сондықтан тіл де әр түрлі болады. Е.Н. Пассовтың пікірінше, ойлау екі қызмет атқарады: танымдық және коммуникативтік қызметін атқарады. Осы ретте де ойлау тілмен де, сөйлеумен де тығыз байланысты.

Дыбыстық тіл де, абстракты ойлау да адамға тән құбылыстар, яғни тіл де, ойлау да адам миының туындысы, соның жемісі. Адамның ойы арқылы тілдік бірліктер (сөздер, сөз тіркесі, сөйлемдер), болмыспен (объективті дүние) байланысқа түсетіндіктен, адамдар бір – бірімен сөйлесе алады, яғни тіл – ойлаудың құралы. Бұл жайында К.Маркс «Тіл дегеніміз – ойдың тікелей шындығы» - десе, Ә. Алдамұратов «тіл – адам ойының заттық қабыршағы» - деп көрсетеді.

Адам ойын жазып, не айтып білдіреді. Кім айқын ойласа, ол айқын түсінікті сөйлей алады немесе керісінше болады. Осы тұста В.Г. Белинскийдің «Сөз – ой сәулесі. Ойың түсініксіз болса – сөзің де түсініксіз» - деген пікірі мен Л. Толстойдың «Тіл – ойлау құралы. Оған қалай болса, солай қарау – қалай болса, солай ойлау деген сөз» - деген ой – қорытындыларынан айтылған пікірді қолданғандарын көреміз. Өйткені, тілдің көмегінсіз, сөйлеусіз ойлау болмайды. Неміс ғылымы В. Гумбольт алғашқы пікірді жақтаса қолдаса, американ ғалымдары Л. Блумфилд пен З. Хорис екінші пікірді жақтаған. Ал негізінде, тіл мен ойлау әрдайым бірлікте болады. Әуелі еңбек, одан соң тіл – екеуі екі жақтан адам баласы миының дамуына зор ықпал етті. Ал мидың дамуы ойлаудың дамуына әсер етсе, ол өз тарапынан еңбек пен тілге, олардың дамуына тағы да әсерін тигізеді. Еңбек процесінде адам баласы қоғамның тууы, еңбек, тіл, сананың әрі дами беруіне мүмкіндіктер мен жағдайлар жасады. Тіл адамның санасы мен ақыл – ойын дамытушы фактор екенін К. Маркс бір сөзбен ғана түйіндеп, «Тіл – сананың жиынтығы» дейді.

Тіл мен сөйлеу жайындағы ғылымдардың пікіріне келсек, ерекше концепция Ф. Де Соссюрдің тұжырымы. Ф. Де Соссюрдің пікірінше, тіл – дыбыстық материяның жиынтығы, форма, қарым – қатынас құралы; ол сөйлеу – дыбысталуыдың жиынтығы. Ғалым «язык – это система знаков и правил их комбинирования; речь же это использование нашей языковой системы в целях общения». Ф. Соссюр тіл мен сөйлеуді ажырата келіп, олардың әрқайсысына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсетеді.

Тіл - әлеуметтік, ал сөйлеу – жеке құбылыс («язык – социален, а речь - индивидуален»).

Тіл – тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

Тіл адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын процесс, ал сөйлеу, әркімнің өзі дамытып отыратын процесс.

Тіл адамның қарым – қатынасында негізгі және бәріне ортақ, ал сөйлеуде автордың өз қолтанбасы болады.

Тіл психикалық құбылыс, ал сөйлеу – психофизиологиялық құбылыс.

Осылайша, тіл мен сөйлеудің ара жігін ажырата келіп, олардың өзара тығыз байланысты екенін де атап өтеді: «язык и речь тесно связаны между собой и предполагают друг – друга: язык необходим для того, чтобы сложился язык».

Қазақ лингвистикасында тіл мен сөйлеуге қатысты мәселелерді анықтап, олардың айырмашылықтарын көрсетуге тырысқан тілші – Т.Р. Қордабаев. Ол: «Сөйлеу дегеніміз – тілді қатынас жасау процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз, дей келіп, - «сөйлеу тілдік материалдар арқылы болады және тілдік заң – ережелерге, тілдік нормаға бағынады. Тіл мен сөйлеу бір – бірінен ажырамас бірлікте» - деп көрсетеді.

Тіл – табиғаттың адамзатқа берген сыйы, ол – қоғамда өмір сүретін адамдардың өзіне тікелей бағынбайтын күрделі процесс. Тіл – ойды білдірудің, пікір алысудың, қатынас жасаудың кең көлемде қолданылатын жалпылама құралы. Сөйлеу тіл арқылы жүзеге асады. Тіл мен сөйлеу бір ортақ жүйенің екі бүтін элементі болса, коммуникация, қарым – қатынас олардың шарты.

Тілдің ойлауымен, сөйлеумен байланысты болатынын, оның ерекшелік қасиеттерін көрсететін белгілерін жинақтайтын болсақ, тіл – адамзат қоғамында қатынас жасаудың, пікір алысып, сөйлесудің құралы ретінде пайда болды. Ал тарихтан мұндай коллективтердің алғашында ру, тайпа түрінде, кейінде халық, ұлт болып өмір сүргені белгілі. Соған орай, адамдар коллективіне – ру, тайпа, халық не болсын – осылардың бәріне де тіл қатынас құралы ретінде қызмет атқаруы оның табиғатын айқындайтын басты қасиеті. Ал тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы екі жақты байланыс. Себебі, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайтын болса, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүре алады.

Тіл коммуникативтік қызмет атқарумен қатар, ойлаудың адам ойын қалыптастырып, жеткізуші құралы ретінде де басты қыземеті атқарады. Бұл екі қызметіне қоса тағы бір қызметі – экспрессивті қызметі. Тілдің экспрессивті – эмоционалдық қызметі деп адамның затқа, ұғымға деген өзіндік (субъективтік) қатынасын, сезімі мен эмоциясын білдіруін айтады.

Тілдің ең басты ерекшелігі – жалпы халықтық сипатта болуы, яғни тіл белгілі бір топтың, жеке адамдардың мұқтажын өтеу үшін емес, қоғамдағы барлық топтар үшін қызмет атқарады.

Тіл – халықтың шежіресі, тарихы, халықтың күллі өмірінің жаңғырығы мен ізі, онан сол тілді жасаушы халықтың арман үміті қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады. К.Д. Ушинский тілдің осы бір қасиеттері жайында былай деп жазды: «Тілде бүкіл халықтың, оның бүкіл елінің рухы көрінеді, онда халықтық рух шығармашыл қуаты мен ойға, суретке айналды, отан аспанының дауысы, оның ауасы, физикалық құбылыстар, оның климаты, даласы, таулары мен жазықтары, оның ормандары мен өзендері, дауылдары мен найзағайлары көрінеді. Халық тілінің айқын да тұнық тереңінде туған елдің жалғыз табиғаты ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани өмірінің бүкіл табиғаты сәулеленіп көрінді!».

Тілдің осындай, халықтың ұлан – ғайыр дәулетін, рухани қазынасын бойына мол сіңіріп, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа мәңгілік мұра етіп жалғасытырып отыратын қасиетіне байланысты айтылған академик – жазушы Ғ.Мүсіреповтың сөзін келтіруге болады: «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу - өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса ақыл – ой тереңдігі,

сана – сезімі, сергектігі көп салалармен тармақтана молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді, ажарлана береді – Қай халықтың болса да, басынан өткен дәуірлері, қилы – қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасай да береді, жасара да береді. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі».

Ана тілі – бұл атаңның тілі, туған халқыңның тілі. Әр халықтың жер бетінде жасағаннан бергі кешкен өмірі, ерлік істері, аңыз – еретегілері, шығарған өлең – жырлары, жазған кітаптары, табиғат пен қоғам құбылыстары атаулары – бәрі де ана тілінде сақталып, ана тілі арқылы атадан балаға ауысып отырады.

Жеке бір адам ұлт тілін жасай алмайды. Тіл – бүкіл халықтың игілігі, бүкіл халықпен бірге дамиды. Әр азамат өз ойын ана тілінде білдіріп, білімнің жемісін сол тілде таратады, шығармасын ана тілінде жазып қалдырады. Тіл сақтау дегеніміз – тарихымызды, мұрамызды, ұлтымызды сақтау. Сондықтан да, адам баласы қандай биікке көтерілсе де, өзінің түп негізін, жарық дүниеге шыр етіп түскен жерін аялап, алақанға салған алтын бесік – атамекенін, ана сүтімен бойға дарыған туған тілін ұмытпауы керек, бұл мәселелерге талассыз мән беріп отыруы, ұлтты сананы қалыптастыру, ұлт мәдениетін көгерту, ұлт тілінің мәретебесін көтеруге атсалысуы кажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1994, 419 б

2 Баласұғын Ж. Құтты білік. «Жұлдыз», 1986, №12, 17б.

3 Қашқари М. Түрік сөздігі. 3 томды шығ. Жинағы. Қазақ тіліне аударған А.Егеубай. Алматы:Хант, 1997.т.1.. – 592б.

4 Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. Аударған М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы:«Мұраттас», 1993.

5 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы// Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Т.10. Астана: «Фолиант»,2006

6 Руссо Ж.-Ж. Педагогические сочинения: В 2 т. - М., 1981.- Т.1.

7 Толстой Л. Н. Педагогические сочинения / Л. Н. Толстой ; АПН СССР. — М. : Педагогика, 1989.

8 Байтұрсынов А.. Тіл тағылымы. А.,1991ж.

9 Ш.Құдайбергенов Ш Үш анық. Алматы, 2010ж. -103 б.

10 Дулатов М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер. Т.2. – Алматы,1997. – 344б.

11 Аймауытов Ж. Психология – Алматы,1995. – 305б.

12 Жұмабаев М. Педагогика. А., «Рауан», 1992, 13б.

13 Досмұханбетов Х., Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы – Алматы,1998

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 37.012.7:2-678

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Олжаваева Нозима Умиджановна, Мырзабекова Аружан Қожабекқызы
Shymkent jogary pedagogikalyq kolledji, арнайы пән оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Шымкент, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451292

To Cite: Олжаваева Нозима Умиджановна, & Мырзабекова Аружан Қожабекқызы. (2024). МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451292

Аннотация: В статье рассказывается о том, как дети дошкольного возраста могут увеличить словарный запас различными способами. В дошкольной учебно-воспитательной работе особое значение придается развитию речи детей, увеличению словарного запаса, обучению устной речи, свободному использованию изученных слов в повседневной жизни, в дальнейшем в речевом общении при повседневной деятельности.Одной из основных задач развития речи является работа над словарной работой с детьми дошкольного возраста. Ведя словарную работу с детьми, знакомим их с окружающими предметами, воспитатели и родители учат называть их по имени, различать свойства и качества, виды и формы, развивать понятия, представления о различных явлениях в жизни, окружающей среде, активно общаться на языке.

Кілттік сөдер: сөздік қор, сөздік қорды қалыптастыру, сөйлеуді дамыту, өзін-өзі көрсету формасы.

Abstract: The article describes how preschool children can increase their vocabulary in various ways. In preschool educational work, special importance is attached to the development of children's speech, increasing vocabulary, teaching oral speech, free use of the studied words in everyday life, and later in speech communication in everyday activities. One of the main tasks of speech development is to work on vocabulary work with preschool children. While conducting vocabulary work with children, we introduce them to the surrounding objects, educators and parents teach them to call them by name, to distinguish properties and qualities, types and forms, to develop concepts, ideas about various phenomena in life, the environment, and to actively communicate in language.

Keywords: vocabulary, vocabulary formation, speech development, form of self-expression.

Сөйлеу – ой білдірудің, хабарлаудың және әсер етудің құралы. Адам өз ойын жеткізу, ақпарат хабарлау немесе басқа біреудің сана-сезіміне, ойларына, мінез – құлқына әсер мақсатында сөйлейді. Сөйлеу – ақыл-ой иесі адамның хайуанаттар дүнисінен ерекшеліпп тұратын тұрақты белгісінің бірі және өзара қарым – қатынасының қуатты құралы.

Әрбір адам кішкентай кезінен бастап айналасындағы адамдармен пікірлеседі, өзінің күнбе – күнгі сөйлеу тәжірибесінде тілдің мағыналық жағын меңгереді, біртіндеп оның сөздік қоры молайып отырады. Бала алғашқы кезде көптеген дыбыстарды, жекелеген сөздерді үлкендерден еліктеу арқылы үйренеді. Ол өсе келе өз ана тілінің сөздік қорын, сол тілдің ішкі заңдылықтарын алдымен стихиялық түрде мектепке барған соң саналылықпен үйрене бастайды.

Халқымыздың классик жазушысы Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллегент емес деуге де болады», десе, белгілі қоғам қайраткері Ілияс Омаров: «Тіл аса мейірбандықты керек етеді. Қисық тілді шығарма сақау адам секілді, кәрі құлақты кеседі, жас құлаққа жаман үлгі болады, балаң авторды үстіртікке үйретеді. Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзден мағына іздеу адамды мәдени қоректендіре түседі. Дүниеде сөздің дертінен өткен ауыр дерт жоқ, сөздің шарапатынан дауалы шарапат жоқ, сөз тұрлаусыздыққа емес – баяндылыққа, өлімге емес, өмірге қызмет етеді», - деген еді. Мұғалімдер мен ата – аналар, оқушылар мен студенттер, бір сөзбен айтқанда барша жұртшылық осы айтылғандардан тиісті қорытынды шығарып, өздерінің сөйлеу мәдениетінің, әсіресе ана тіліннің кәусәрінен мол сусындап жетілдіріп отыруды естен шығармаулары тиіс.

Мектепке дейінгі жас – балада тілдің жан-жақты қалыптаса бастауын, дамуын жәнесөйлеу тілін белсенді қабылдайтын кезең.

Жаңа туған балада дыбысқа ұқсас реакциялар байқалғанымен, бұларда әлі дыбыстық сипат болмайды. Балада түрлі дыбыстар 2 – 3 айдан былай қарай байқалады. Мұны оның үндеуінен жақсы көруге болады. Оларда әуелі былдырлау пайда болады. Бұл естіген сөздерге, дыбыстарға қайтарылатын бала реакциясы. Мәселен, («мә», «ға», «ге» секілді) жеке буындарды 5 – 6 айда «ма – ма», «па – па» деген 2 буыннан келетін жеке сөздерді айтатын күйге жетеді. 8 айлық бала сөздің интоннациясын, дауыс ырғағын ажырата алады. Бірақ сөздің айырмашылығын, олардың мән – мағынасын әлі толық ұға алмайды. Оның алғашқы сөздері «ата», «әже», «аға», болады. Бірақ олар 3 – 4 буыннан тұратын сөздерді айтуға шамасы келмейді. Бала алдымен дауысты дыбыстарды, кейінірек дауыссыз дыбыстарды, кейіннен оның қатаң, ұяң түрлерін меңгерді. Балаға ызың дауыссыздармен (ж,ш) ысылдап шығатын дауыссыздар ұғыну да қиынырақ болады, сондықтан да кейбір балалар «л,р» дыбыстарын 4 – 5 жасқа шейін дұрыс айта алмайды [1].

Ерте сәбилік балалық шақ – баланың белсенді сөйлеуінің қалыптасу кезеңі. 1,5 жасқа дейін бала 30 – 40 – тан 100 – ге дейін сөз үйренеді және оларды өте сирек қолданады. Ол әлі тым мүдіріп сөйлейді. Тілді меңгерудегі елеулі өзгеріс шамамен 1,5 жаста жүзеге асады. Сәби бастамшыл болады. Ол заттардың аттарын атап отыруды үздіксіз талап ете бастайды. Сөйлеудің даму қарқыны арта түседі. 2 жастың аяғында бала 300 – ге дейін, ал 3 жастың соңында 1500 – ге дейін сөздер қолданады. Баланың алғашқы сөздері «сөйлем», яғни ол бір сөзбен – ақ айтайын деген ойын аңғартады. Мәселен, «әже су» деген «әже маған су бер» деген ойды білдіреді. Кейде жетпей жатқан сөздерін ым – ишаралармен жеткізеді. Балада сөз нақтылы заттың сигналы ретінде көрініп, ылғи да белгілі нәрсеге меңзеліп айтылады. Осындай сөздер әрекеті мен нақтылы қажет өтеуге туып отырады.

Баланың сөйлеуі мектепке дейінгі кезеңде тек қарым – қатынас рөлін атқарса, мектеп шағында білім жүйелерін меңгерудің негізгі құралы қызметін атқарады. Мектептегі оқу бала тілінің дамуына өте қолайлы жағдай туғызады.

Балаларды өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбиелеу – сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеудің негізі. Санамен жалпы байланысты адамның тілі барлық психикалық процестермен белгілі бір өзара қарым – қатынастарға түседі және сөйлеу үшін ең негізгісі оның ойлауға деген қатынасы болып табылады.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Мектепке дейінгі жаста балалардың қарым – қатынас шеңбері кеңи түседі. Балалар біраз есейе түскен соң шағын отбасылық байланыстар шегінен шығып, адамдардың аумақты тобымен, әсіресе қатар құрбыларымен араласа бастайды. Сөйлесетін адамдардың көбеюі баладан ең бастысы тіл болып табылатын қарым – қатынас құралын толық меңгеруді талап етеді. Баланың күрделене түсетін әрекеті тілдің дамуына да жоғары талаптар қояды.

Тілдің дамуы бірнеше бағытта жүреді басқа адамдармен араласу кезінде іс жүзінде қолдану жетіле түседі, сонымен бірге тіл психикалық процестерді қайта қараудың негізі, ойлау құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңнің соңына қарай тәрбиелеудің белгілі бір жағдайда сауаттылықты меңгеру үшін үлкен маңызы бар, тілді тек пайдаланып қана қоймай, оның құрылысын да ұғына бастайды.

Мектепке дейінгі кезеңде тілдің сөздік құрамы өсе түседі. Сәбилік кездегімен салыстырғанда мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қоры үш есе өседі. Мұнда сөз қорының өсуі тұрмыс және тәрбие жайларына тікелей байланысты, психикалық дамудың басқа кез келген салаларына қарағанда мұнда жеке түр өзгерістері басымырақ [2].

Мектепке дейінгі кезеңде бала тілінің қалыптасуына ересек адамдардың дұрыс, мағыналық сөйлеуінің маңызы зор екені түсінікті. Өйткені, балалар оларға үнемі еліктеп, өз бетімен сөз шығаруға талпына бастайды, ол басқа балалардың, тіпті үлкендердің сөзінде байқалған қателіктерді көргіш келеді, яғни баланың «тіл сезімі» күшті болады.

Бала сөйлеуінің даму сатылары

Бірінші саты	Сөйлеуге дейінгі саты. Бұл кезең 2 айлығынан 1 айға дейінгі сатысы деп аталады.
Екінші саты	Баланың алғашқы тілінің шығу кезеңі, 11 айдан 1 жыл 7 айға дейін аралық.
Үшінші саты	Бала тілдің грамматикасын меңгере бастайды. Бұл кезең 3 жасқа дейінгі уақытты қамтып, бүлдіршін сөздердің мән – мағынасын және қолданылуын, жеке сөздердің қызметін де түсіне алады.

Бала тілінің шығуы оны дүниетаным шеңберін кеңейтіп, дамуын психологиялық тұрғыдан қарастырып, ғылыми жүйеге келтірген - әйгілі мамандар Л.С. Выготский мен Швейцария психологы Жан Пиаже [3].

Баланың психикалық дамуына заттық әрекеттердің дамуы едәуір дәрежеде әсер етеді. Нәрестелік жасқа тән қимылдың іс - әрекет ерте сәбилік шақта заттың іс - әрекеттен алынып, жинақталған әсерлер баланың тілін дамытудың негізі болады. Сөздің артында ақиқат дүниенің бейнелдері тұрған жағдайда ғана сол сөзді игеру жемісті болады. Сөйлеуді игеру нәрестелік шақтан – ақ басталған қарым – қатынас қажеттілігінің әрі қарай дамуына байланыс жүзеге асады. Сөздік қарым – қатынас баладан қатынасу қабілетін талап еткен жағдайда, яғни үлкендер оны түсініп сөйлеп, өз ойын айқын сөздермен құра білуге көндірген жағдайда пайда болады. Егер үлкендер баланың әрбір тілегін қағып алып отырса, онда оның тілінің дамуына ешқандай түрткі болмай қалады. Ерте сәбилік шақ тілді дамыту үшін өте сезімтал (сензитивті) кезең болып табылады: нақ осы кезде сөйлеуді игеру аса тиімді өтеді. Егер бала қайсыбір себептермен осы жылдарда тілді дамытуға қажетті жағдайлардан айырылып қалса, онда кейін жіберілген қателіктердің орынын толтыру өте қиын болады. Сондықтан 2 – 3 жаста баланың тілін дамытумен қарқынды шұғылдану қажет.

Үлкендермен бірлескен іс - әрекет үстінде бала ерте сәбилік шақта – ақ айтылған сөздер мен олардың ар жағында тұрған ақиқат болмыстың арасындағы байланыстарды аңғара бастайды. Сөздерді олар белгілейтін заттар мен іс - әрекеттерге апарып жатқызу бірден бола қоймайды. Үлкендердің сөзі мен өз іс - әрекеттерінің арақатынасын белгілеу қабілеті де ұзақ дамып, оның өмірінің бірінші жылында қалыптасады. 3 жасқа қарай сәбидің үлкендер сөзін түсінуі сапалық жағына өзгереді. Бала бұл мезгілде жекелеген сөздерді ғана түсініп, үлкендердің нұсқауы бойынша заттық әрекеттер жасауға ғана қабілетті болып қоймайды. Сәби үлкендердің тікелей өзіне бағытталмаған кез – келген сөздерін қызыға тыңдай бастайды. Ересек адам мен баланың тікелей қарым – қатынас жасау ситуациясын тысқары хабарларды тыңдау мен түсіну маңызды жетістік болып саналады.

Тілді дамыту ана тілдің дыбыстық жағы мен грамматикалық құрылысын игеруді көздейді. Егер алғашында бала сөйлеуді сөздің жалпы ырғақты – мелодиялық құрылымын қағып алу жолымен қабылдайтын болса, екінші жылдың соңында онда ана тілдің барлық дыбыстарын фонетикалық қабылдау қалыптасады. Осының негізінде сөздікті және сөзді дұрыс айтуды игеру жүзеге асады.

Грамматикалық құрылысты игеруің өз даму кезеңдері болады. Бірінші кезең: – 1 мен 2 жасқа дейін – түбірлі сөздерден құралатын сөйлемдер кезеңі. Бұл кезеңде бір буынды және екі буынды сөйлемдер ажыратылады. Баланың сөйлеуі ересек адам сөйлеуіне аз ұқсайды, ол көбінесе үлкендер пайдаланбайтын сөздерді қолданады. Мұндай сөйлеу автономиялы сөйлеу деп аталады. Сөйлеудің дұрыс даму жағдайында автономиялы сөйлеу тез өтеді.

Тілдің грамматикалық құрылысын дамытудың екінші кезеңі 3 жасқа дейін созылады. Баланың сөйлеуі біршама байланысты сипатқа ие болып, заттық дүниедегі көптеген қарым – қатынастарды оның түсінгендігі білдіруге мүмкіндік береді. 3 жасқа қарай бала бірсыпыра септік жалғауларды игереді. Заттық қатынастарды білдіретін сөйлеу формаларын игеру баланың заттардың қолдану тәсілдерін игеруді жүзеге асыратын іс - әрекеттердің сипатымен түсіндіріледі. Бала нақты заттық қатынастарды бейнелейтін грамматикалық мәндердің байланысына ерте бағдар ала бастайды. Мәселен, «бала қойды», «балғамен соқты» дұрыс қолдануды игере отырып, мен жалғауындағы құралдық мағынасын түсінеді де, оны барлық құралға стериотипті түрде көшіреді: «пышақмен», «қасықмен», «күрекмен» т.б. Тілдік қарым – қатынастар практикасында бұл стериотип түсіп қалады да, дұрыс септік жалғаулар пайда болады. Ана тілдің грамматикалық формаларын меңгеру баланың тілді сезінуін дамытады. Сәби сөйлемдегі сөздерді тәп – тәуір байланыстырады. Ерте сәбилік шақта бала ана тілін меңгеру жағынан оның негізгі синтаксистік құрылымдарын, грамматикалық формаларын және дыбыстарды игере отырып, орасан зор жұмыс атқарады

Белсенді сөйлеуді қалыптастыру баланың бүкіл психикалық дамуының негізі болады.

Нәрестенің дыбыстарға сезгіштігі өте тез дамиды. Бірақ сөздер мен буындары айыру дыбыстық сезгіштігінің өткірлігін ғана емес, арнайы тілдік, не фонематикалық естуді дамытуды да талап етеді. Белгілі бір дыбыстық комплекс сөз ретінде қабылдануы үшін, ол бала үшін сигналдық мағынаға ие болу керек. Көптеген физилогтар мен психологтардың (М.М. Кольцова, А.Р. Лурия, В.К. Фадеева, т.б.) айтуынша, нәрестенің сөзді арнайы сигнал ретінде қабылдауы – едәуір ұзақ процесс.

М.М. Кольцова белгілі бір сөз және ол білдіретін зат арасында неғұрлым көбірек байланыстар болатын болса, сол сөз соғұрлым тез сигналға айналатынын көрсетті [4]. 10 ай мен 1 жыл аралығындағы балаларда сөздің тактилькинестезиялық тітіркендіргіштермен байланысы баяуырақ, ал көру тітіркендіргішімен байланысы одан да

баяуырақ орнайды. Бір жастағы нәресте үшін сөз бірінші сигналдар жүйесінің сигналы болып табылады. Мысалы, ол «кесе» деген сөзбен оған таныс көк кесені ғана белгілейді. Бұл сөзді бала басқа кеселерге -ақ, сары, қызыл кеселерге қатыстырмайды. Яғни 1 жастағы балаларға заттарды жалпылау қиынға соғады. Мәселен, балалар (11 ай – 1 жыл) «қуыршақты әкел» және «допты орнына қой» деген тапсырмаларды дұрыс орындайды. Ал балаға «допты әкел» және «қуыршақтарды орнына қой» дегенде, ол оған таныс сияқты сигналдарға жауап қайтара алмайды. 9 айлық бала «әкең қайда?» деген сұрақты түсінгенмен, «әкеңе бар» деген нұсқанды түсінбейді. Өмірдің бірініші жылының аяғына қарай баланың мұндай, тар мағынада түсінілетін сөздері мен сөйлемдердің саны әдетте 12 – 18 – ден аспайды.

Тіл дамуының процесіндегі шұғыл өзгерістер бала өмірінің екінші және үшінші жылдарында болады. Бұл осы кезеңде баланың тұрмыс қалпының едәуір өзгертетіндігінен болады: Осы кезеңде бала жүре бастайды.

Мектепке дейінгі кезеңде тіл түсінуді дамытудағы елеулі жетістік тыңдауды игеру болып табылады. Тыңдау сәбилерде үлкендермен қатынас жасау құралы, мектепке дейінгі балаларда өткен шақ, осы шақ, осы шақ және келер шақтағы қорашаған айдаланы танудың күшті құралы болып табылады. Тыңдау процесінде баланың түрлі психикалық процестері мен қасиеттері: шоғырлану қабілеті, сөйлеуді қабылдау, есте сақтау қабілеті, т.б. дамып жетіледі.

Үлкендермен тілдік қатынас баланың (1 жыл 6 айдан кейін) сөздігін тез көбейтеді. Түсініктеліп және айтылатын сөздер көлемінің ұлғаюы баланың заттардың қолдануы мен үлкендермен қатынас жасауына тікелей байланысты. Үлкендердің сұрақтарына жауап беріп, бала (1 жыл 8 ай – 2 жыл 2 ай) өзі де сұрақ қоя бастайды. Оның бірінші сұрақтары – «бұл не?», «бұл қалай аталады?». Әрбір сұрағына жауап алып, соның арқасында әрбір заттың аты бар екенін біледі.

1 жыл 8 ай – 2 жылдан кейін баланың сөздік қоры тез молаяды: 1,5 жылға қарай белсене пайдаланатын сөздер қоры 18 – 25 сөз болса, өмірдің үшінші жылының аяғына қарай ол 1000 – 1200 сөзді құрайды. Сөздіктің негізгі бөлігін (60%) – зат есімдер, 25 27 % - тей етістіктер және 10 12 % - ін ғана сын есімдер құрайды.

Сөйлеудің дамуы ең алдымен баланың сөйлеуді түсінудің жетілуінен көрінеді. Балалар күрделі нұсқаулықтарды тыңдап, олардан талап етілген іс - әрекеттерді дәл орындайды. Мектепке дейінгі жастағы балалар өмірінде ертегілер, әңгімелер, өлеңдер маңызды орын ала бастайды. 5 жасар бала ертегі немесе қысқа әңгіменің күрделі емес мазмұнын түсінеді. Басқалардың сөзін, әңгіме – ертегілерін тыңдап, 4 – 6жастағы бала олардың мазмұнына ғана емес, формасына да қызығады. Осы кезеңде бала көп етістік, есімдік, шылаулары пайдаланады [5].

Мектепке дейінгі шақта баланың сөзі әлі де ситуативті сипатта болады. Ол әдетте экпрессивті, үзінділі және грамматикалық болып келеді. Бар нәрсені көргені туралы айта отырып, 3 – 4 жасар бала қысқа, аяқталмаған сөйлемдерді қолданады, әңгімесінің көп бөлігін ым – ишарамен бейнелеу әрекеттерімен алмастырады. Заттардың не адамдардың аттарын есімдіктермен алмастыруы мүмкін. Бала оны тыңдаушы адам бяндалып отырған оқиғаның куәгері болды деген сеніммен сөйлейді. Ал 5 жастағы балалар әңгімелесуші оларды дұрыс түсінсін деп, әңгімесінің кейбір жерлерін анықтап түсіндіреді. Солай ситуативті сөйлеу, біртіндеп жүйелі сөзге алмасады.

3-тен 5-ке дейін жастағы балалардың әңгіме сөзін зертеу баланың сөздік қорының молаюымен қатар, оның тілінде қателердің жаңа категориялары пайда болатынын көрсетеді. Бала сөйлемдегі бастауыш не баяндауышты жиі тастап кетеді, жіктеу есімдігін III жақта атаумен алмастырады: Әңгіменің мазмұнын айтқан кезде бала көптеген түсініксіз сөздерді тастап немесе оларды басқа, өзіне түсінікті сөздермен алмастырады.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қоры тек зат есімдердің және шылау сөздердің есебінен де тез өседі. Егер бала грамматика заңдары бойынша сөйлеудегі сөздері тіркестерге білуді қатар меңгермесе, сөздік құрамның өз бетінше өсуінің онша үлкен мәні болмаған болар еді. Мектепке дейінгі балалық шақта ана тілінің морфологиялық жүйесі игеріледі, бала іс – жүзінде жалпы сипатта септеу мен жіктеудің типтерін үйренеді. Сонымен бірге балалар құрмалас сөйлемдерді, жалғаулық шылауларды, сондай – ақ оның үстіне кең тараған жинақтардың (жынысты білдіретін жұрнақтар, кеңшілікті білідіретін жұрнақтар т.б.) басым көпшілігін үйреніп алады.

Мектепке дейінгі жаста балалар сөздерді айтарлықтай жеңіл құрады, әр түрлі жұрнақтар жалғау арқылы олардың мәнін өзгертеді.

Келтірілген мысалдан баланың тілдік мінез – құлқын, әр сөзден нақты затты көретіндігін байқауға болады. Мысалы, ересек түр – үлкен жануар (бұлан), ал оның төлі кіші, сондықтан да ол «бәрі бір шыбын», яғни ол да сондай кішкене, яғни кішірейту жұрнағын қолданудың қажеті жоқ, шыбын былай да кішкене. Грамматиканың, оның ішінде құрмалас сөйлемдерді меңгеру баланың тіл мәдениетіне, бұған тәрбиешілер мен ата – ананың бөлген көңіліне тікелей байланысты. Балалар серуендегенде, экскурсияға барғанда, паркте, өзен жағасында, көшеде көргені туралы неғұрлым көбірек баяндаса, олардың жүйелі сөзі соғұрлым тезірек дамиды. Әңгіме сөздің және мәнерлі сөйлеудің дамуы ішкі сөйлеудің қалыптасуымен өте тығыз байланысты. Ішкі сөйлеу уақытты әңгіме сөзінің негізі мен ішкі жобасын құрай отырып, дауыстап айтылатын сөйлемдерді жоспарлау қызметін атқарады.

Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, т.б. жүргізген зерттеулер бойынша, 4 – 6 жастағы балаларда тілдің ерекше формасы мол байқалады. Пиаже мұны - эгоцентрлік тіл деп атаған. Ол мектепке дейінгі жастағы баланың сөйлеуі өзіне ғана бағытталған деп есептейді. Бала өзі үшін және өзі туралы сөйлейді. Пиаже балалық шаққа тән эгоцентризм 7 жасынан кейін, баланың біртіндеп әлеуметтендіруі болатын кезде жойылатының айтады [38, б.19].

Педагогтар, ата – аналар балалардың тілінің дамуына орасан зор мән беруі тиіс. Бала тілінің тазалығы, сауаттылығы, жүйелілігі оның оқуға дайындығының шарттарының бірі. 1 жыл 6 айдан 3 жылға дейінгі кезеңде балалардың тілді игеруі баланың айнала дүниемен өзара қарым – қатынастарына маңызды өзгерістер енгізеді, адамдар арасында позициясын және өзіне деген қатынасын өзгертеді. Сөйлеудің маңызы орасан зор [6].

Тілді меңгеру баланың іс - әрекеттерін өзгертеді: 3 жастағы баланың іс- әрекеті бағытталған бола бастайды және дербестік сипатқа ие болады. Сөз арқасында бала өзін өзі таниды. Екінші жылдың аяғында бала жиі өзі туралы III жақта сөйлейді: «Динара жақсы», «Еркін енді жыламайды». Алдымен ол өзін аты арқылы таниды, кейінірек «мен» жіктеу есімдігін меңгере отырып, бала өзін іс әрекет субъектісі ретніде қабылдай бастайды. Бұл оған өзін басқалармен салыстыруға, өзін - өзі бағалауға, бақылауға мүмкіндік береді. Тиімді меңгеру баланың бүкіл қызметіне елеулі өзгерістерді енгізеді. Бала ойын және практикалық ойлаудың алғашқы формаларын меңгереді. Тиімді меңгеру балаға басқа балалармен қатынас орнатып, бірлескен іс-әркет жасауға, өлең жаттауға, тыңдауға, ән айтуға көмектеседі. Әсіресе баланың үлкендермен қатынасының мазмұны байиды, қатынас формалары түрлі болады: бұл әңгімелесу, сұрақтар, пікірлер, тыңдау, талас. Ересек адамдармен қатынас бірітіндеп баланың ең маңызды әлеуметтік қажеттілігі болады.

Баланың үлкендермен қатынас жасау процесінде, баланың түрлі практикалық жұмыстарында қалыптаса отырып, сөйлеу бірнеше кезеңнен өтеді:

Гуілдеу (4 – 6 ай);

Былдыр (6-10 ай);

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Алғашқы сөздерді бірінші сигналдар жүйесінің сигналдары ретінде меңгеру (11 ай – 1 жыл6 ай);

Сөзді маңызды белгілерді ажырату негізінде жалпылайтын сигнал ретніде меңгеру және қарапайым грамматикалық игеру (1жыл 6 ай – 2 жыл);

Симтутивті сөйлеуді игеру, түсінілетін және айтылатын сөздердің көбеюі (2-3жыл);

Жүйелі және сөйлеуді меңгеруге өту, күрделірек грамматикалық құрылыстарды меңгеру (4-6жыл) және ішкі сөйлеудің пайда болуы (4-5 жылдан бастап).

Сонымен: Балада сөйлеудің дамуы ана тілді, оның байлығын және әрбір адам басқаларды түсінуі және өз бойларын, тілектерін білдіруі үшін қажетті грамматикалық формаларын меңгеру процесі ретінде іске асырылады [7].

Сөйлеу баланың үлкендермен және құрдастарының күнделікті қатынас жасау процесінде дамиды. Қатынас жасау қажеттілігі; білуге, жаңа, ғажап нәрселерді түсінуге талпыныс, басқаларға бір нәрсе туралы хабарлауға деген ұмтылысы; басқаларға әсер ету қажеттілігі – кішкентай.

Сөйлеу баланың айнала дүниемен - әлеуметтік және заттық дүниемен - өзара қарым – қатынастарын сапалық жағынан да өзгертеді, сезімдік танымын, ойлауын, іс - әрекеттерін қайта құрайды.

Өскен сайын баланың жалпы және арнайы – тілдік дамуында тыңдау, оқу, әңгімелесу, таласу, пікірлесу көбірек рөл ойнай бастайды. Қатынастың мұндай формаларында бала сөйлеуді басқаларға және өзіне әсер ету құралы ретінде, өзін - өзі тану және өзін - өзі зерттеу құралы ретінде меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Шайжанов Қ. Баланың сөйлеу әркеті туралы. Отбасы және балабақша. №3,1999ж,51-53б.

2 ЖумадиллаеваО.А. Психолого – педагогческие особенности развития творчесокой одаренностти у детей дошкольного возраста. Автореф.на соис.уч.степени к.п.н. – Алматы,1998. – 27с.

3 Пиаже Ж. Избранные психологические труды / [пер. с фр.]. - М. : Просвещение, 1969. - 659 с. - Доп. тит. л. фр., англ. - Библиогр.: с. 646-659.

4 Кольцова М. М., Рузина М. С. Ребенок учится говорить. Пальчиковый игротренинг. — Екатеринбург: У-Фактория, 2004.

5 Саубулатова С «Балалардың сөздік қорын, тіл байлықтарын дамыту», «Отбасы және балабақша» №6-06ж-8б.

6 Гербова, В. В. Развитие речи в детском саду [Текст]: программа и методические рекомендации / В. В. Гербова. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗИС, 2010.- 64 с.

7 Малетина, Н.С. Развитие речевого общения дошкольников [Текст] / Н.С.Малетина. – Нижневартовск: Изд-во НГПИ, 2005. – 193 с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

UDC 81’243

REALISATION AND USE OF PROBLEM-BASED LEARNING IN ENGLISH LANGUAGE CLASSES AT HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

Kismetova Galiya Nagibudaevna
Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor
West Kazakhstan University
named after M. Utemisov
Baimukanova Anel Timurovna
Master’s student of the philological faculty,
West Kazakhstan University
named after M. Utemisov

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451316

To Cite: Kismetova Galiya Nagibudaevna, & Baimukanova Anel Timurovna. (2024). REALISATION AND USE OF PROBLEM-BASED LEARNING IN ENGLISH LANGUAGE CLASSES AT HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS. B SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451316

Annotation. This article deals with the issue of the relevance of foreign languages in contemporary society. In this regard, foreign languages have been identified as one of the priority areas and a non-standard teaching approach is required. The method of problem-based learning has been proposed as an effective means of teaching foreign languages.
Keywords: problem-based learning, methodology of teaching foreign languages in higher education, problem situation, problem tasks.

Introduction

When preparing for a lesson, the teacher is constantly faced with the need to choose a teaching method, because the method is a way of interaction between the teacher and students, it is an important component of the learning process, affecting the achievement of goals and objectives of the lesson.

Application of the problem-based learning method at the lessons implies learning of educational material through the creation of problem situations, and also helps the teacher in the formation of students' skills of systematisation and analysis of the received information.

The use of the problem-based learning method allows students to follow the teacher's thinking at the stage of solving a problem situation. Thanks to this, the process of learning the correct sequence in solving a problem situation takes place, and the foundations are laid for solving the contradictions existing in the problem situation.

Problem-based learning method is a method in which the presentation of new material is done through the creation of a problem situation, which is an intellectual difficulty for the child [3, p.252].

M.I. Makhmutov defines a problem situation as an intellectual difficulty that arises when a person does not know how to explain a phenomenon, fact or process of reality, when a goal cannot be achieved by known methods, prompting the person to look for new explanatory methods or ways of acting [3, p.400].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

During the lesson, when faced with a problem situation, it grows into a problem, and that in turn into a problem task, because the problem itself does not indicate the direction of the solution.

In most fields of activity in modern society, professionals are required not only to have professional competence, but also the additional knowledge, skills and experience needed to work effectively. At the same time, it is no longer sufficient for professionals to obtain information solely in their mother tongue. You need to constantly monitor developments in your field in world practice. At the same time, rapid integration processes are taking place in different fields of activity, creating cross-cultural communication problems. Communication, establishing contacts and sharing experiences are urgently needed. Foreign languages are therefore of particular importance. Today it is an essential component of professional training for professionals in all fields. Proficiency in foreign languages in everyday and professional business communication is one of the indicators of the professional level of a professional who can operate at an international level [1, p.156].

The basis of the problem-based learning method is the modelling of a 'problem situation' in which students, under the guidance of the teacher, initiate active independent activities to solve a problem situation. A 'problem situation' is the realisation that previously acquired knowledge is not sufficient when performing a practical or theoretical task, and the emergence of a need for new knowledge, which is realised in a targeted cognitive activity [2].

Problem-based learning in English lessons complements traditional diagrammatic and expository instruction, but promotes a move away from passive learning and forces students to think, create and search with the teacher for answers to life's complex questions. The role of the teacher remains crucial. Teachers direct students to independently search for ways to solve problems. Facilitates joint analysis of situations. Stimulates mental activity through guiding and partly provocative questions. Explains the content of the most complex concepts, cultural and linguistic phenomena. Encourages the independent identification and formulation of problematic issues and finding ways to solve them. Activates the use of existing linguistic, cultural and professional knowledge, the creative use of linguistic material and adaptation to different communication situations. In general, a problem-based learning scheme is a sequence of steps involving the creation of an educational problem task by the teacher, the creation of a problem situation for the pupils and a teaching problem. The nature of the difficulty is recognised and the problem is formulated. Interpreting and independently solving problems as they arise by speculating, formulating hypotheses and demonstrating them in different ways. Proof of hypothesis. Checking whether the solution to the problem is correct. Apply acquired knowledge to solve practical problems [4, 5, p. 125].

According to the classification of problem situations proposed by A.A. Ivin [6, p.345], this case corresponds to a problem situation where the formulation of the problem is known, but the method of solving it is ambiguous and the end result may be multivariate. The process of solving a problem situation is multistage, according to A.F. Esaulov [7, p.67] consists of the problem statement, analysis, operational and synthesis stages.

The first stage (problem formulation) of solving a problem situation relates to the selection of the problem and the determination of the range of goals for solving it.

The second stage (analysis) aims to determine the end result and understand what may prevent its achievement. At this stage, it is expected to assess the situation and identify key facts and issues.

The third stage (operational) relates to how to resolve contradictions and also provides conceptual suggestions, discussion topics and analysis of the decisions taken.

The fourth stage (synthesis) allows a decision to be made on how other objects and conditions need to be changed to achieve the desired result, and finally one or more solution options are proposed and the specific problem is presented.

An example is the analysis of a problematic situation in a practical English lesson in a second-year 'foreign language'.

During the training phase, a series of specially developed problem tasks were used. The tasks were carried out exclusively with the experimental group on the topic 'Travel'.

In the first task, a ranking technique was used. Students were asked to evaluate the material and rank it in order of personal preference. They were also required to explain their choices.

Task 1. Rank the means of travel according to your preferences. Which of transport do you use most often in your travels and why? You can use the following syntax: I like to travel by ... because ...

E.g. I like travelling by plane because it is fast and comfortable. I enjoy it.

In the second task, students were given statements that they had to argue against and discuss.

Task 2: Read the statements and do not agree with it. Give the reasons (1 - 2 sentences).

1. Many people travel to the North on holiday.
2. It is better to travel with parents than with friends.
3. It is always good to do sports on holiday.
4. Most people like to spend their holidays on the coast
5. Going camping is a lot of fun!

In the third task, respondents were given two cards with different places to travel to. The task for the respondents was to discuss in pairs where they would like to go more and come to a common decision.

We found that working in pairs was more effective than asking questions head-on. Students were more comfortable interacting with each other and were able to express their ideas more freely, disagreements between students largely disappeared and common decisions were easily reached. As a result, the paired discussion tasks aroused the students' highest interest and caused few difficulties.

Conclusion

The main benefits of problem-based learning are therefore

- Maximum opportunity for developing pupils' attention, observation, active thinking and creativity.
- Development of independence, responsibility, initiative, innovative thinking and determination.

In general, problem-based learning is associated with research. In this respect, it is long and consists of several stages, and at each stage students are expected to demonstrate different qualities, skills and knowledge. Students act as active agents in solving specific problems.

Problem-based learning requires significant resources from both students and teachers. Students need more time to discuss new information and teachers need to examine the teaching process in more detail and prepare individual activities for each group.

List of references

1. Kunanbayeva S.S. Competence-based modeling of professional foreign language education. Monograph. S.S. Kunanbaeva. Almaty, 2014. - 211 p.
2. Glossary of Terms // UPL: http://psihotesti.ru/gloss/tag/problemnaya_situatsiya/
3. Pidkasisty, P.I. Pedagogy [Text]: textbook for students of higher educational institutions / P.I. Pidkasisty, V.A. Mijerikov, T.A. Yuzefavchus; ed. by P.I. Pidkasisty - M.: Publishing Centre "Academy", 2014.- 624 pp.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

4. Shevkin V.S. Dewey's Pedagogy at the Service of Modern American Reaction. Moscow, Prosveshchenie.
5. Krutetsky V.A. Psychology of teaching and education of schoolchildren. Moscow, Prosveshchenie.
6. Ivin A. A. Theory of Argumentation: textbook. Moscow: Gardariki, 2000. 416
7. Esaulov A. F. Psychology of Problem Solving: Methodological Manual. Moscow: Higher School, 1972. 216

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 37.016 : 53 : 371.388.6

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ БЕТІМЕН БІЛІМ АЛУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Серікқызы Жансая
Абылай хан атындағы жоғары колледжі, физика пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі
Қызылорда, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451364

To Cite: Серікқызы Жансая. (2024). ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ БЕТІМЕН БІЛІМ АЛУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451364

Аннотация: Формирование у учащегося навыков самостоятельного обучения позволяет быстро найти решение любой проблемы, углубить ее знания. В данной статье рассмотрены пути формирования у учащихся навыков самостоятельного обучения физике. Речь идет о том, как сформировать у учащихся самостоятельное обучение, работая с книгами, учебниками, интернетом, задавая экспериментальные задания и проблемные вопросы. Также на них отдельно остановились и приводили примеры.
Ключевые слова: самостоятельное обучение, навыки, физика, эксперименты.

Abstract: The formation of self-learning skills in a student allows you to quickly find a solution to any problem, deepen its knowledge. In this article, the ways of forming students' self-study skills in physics are considered. It is about how to form students' independent learning by working with books, textbooks, the Internet, asking experimental tasks and problematic questions. They also discussed them separately and gave examples.
Key words: self-study, skills, physics, experiments.

Заманауи мұғалім оқушыға білім беріп қана қоймай, оны үздіксіз жетілдіріп отыруға және өз бетінше білім алу қабілетін қалыптастыруға тәрбиелеуі тиіс. Себебі оқушы білімді өз бетімен жұмыс жасай білгенде ғана тиянақты игереді. Егер оқушы білім алу барысында ешқандай өз бетімен жұмыс жасау қабілетін танытпаса, оның алған білімі тез ұмытылады әрі өмірде дұрыс қолдана алмайтын болады. Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептердегі оқу - тәрбие үрдісін дұрыс ұйымдастырудың бірден-бір жолы ғылым негіздерінен білім берумен қатар, сол білімді алуға ынталылықты, яғни оқушылардың танымдық қызығушылығын ояту, шығармашылық белсенділікті өз бетінше ізденуді арттыру.

Баланың өз бетімен жұмыс істеуіне ықпал ететін факторларға мұғалімнің көмегі, ата - ананың демеуі, сайыстарға, интеллектуалдық байқауларға қатысуы, шығармашылықпен айналысуы жатады.

Өз бетімен білім алу дағдысы келесі қалыптасқан дағдылардан тұрады:

1. Ақпарат көзімен (баспа басылымдары, электронды және коммуникациялық құралдар (интернет, теледидар, радио), табиғи және қоғамдық құбылыстар) жұмыс істей білу.

2. Әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді талдап, салыстыра білу, белгілі бір қорытындылар жасау.

3. Алған білімдерін басқа адамдарға жеткізе білу.

4. Алынған білімді пайда болған мәселелерді немесе мәселелерді шешу үшін қолдана білу.

Интернеттің пайда болуымен қажетті материалды әлдеқайда жылдам табу мүмкін болды, дегенмен алынған ақпараттың көлемі өте көп. Соның нәтижесінде жаңа құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігі туындады - интернетпен жұмыс. Сондықтан оқушы ақпараттарды саралап, өзіне керекті мәліметтерді таңдап алып, өз бетімен жұмыс жасауға дағдылануы тиіс.

Физикадан өз бетімен жұмыс жасаудың негізгі формаларына деңгейлік есептер шығару, эксперименттік тапсырмалар, тест тапсырмалары, мәтінмен, оқулық жұмыс және үй жұмысына берілетін тапсырмаларды жатқызуға болады.

Эксперименттік тапсырмаларға тоқталайық. Мысалы, оқушыға білеуше, жүк, динамометр және трибометр беру арқылы үйкеліс күшін табуды тапсырайық. Сол кезде оқушы бұл құралдарды пайдаланып, қалай үйкеліс күшін табуға болатындығын ойланады. Оқулықпен жұмыс жасайды, басқа да ақпарат көздеріне сүйене отырып, өз бетінше ізденеді. Сол арқылы өзі шешімін тауып, өз бетімен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады.

Кейде үй жұмысына да оқушыларға қызықты тапсырмалар беріп, өз бетінше білім алу дағдысын қалыптастыруға болады. Оған сыныпта шешімі табылмаған проблемалық сұрақтардың жауабын тауып келуге немесе үйде жасалатын эксперименттік жұмыстарды орындатуға болады. Үйде жасалатын эксперименттік тапсырмаларды орындау барысында да, оқушы ізденіп, интернеттің көмегіне жүгіне алады. Сол арқылы тақырыпты да жақсы түсінеді, пәнге қызығушылығы артады.

Проблемалық сұрақтардың жауабын табу да оқушылардың өздігінен ізденуіне көмегін тигізеді. «Қатты денелердің, сұйықтардың және газдардың қысымы» (физика 7-сынып) тақырыбын оқу кезінде оқушыларға келесі проблемалық сұрақтарды ұсынуға болады:

- Неліктен жүк көліктерінің шиналары автомобиль дөңгелектерінен әлдеқайда үлкен?
- Сұйық немесе газ қысымды барлық бағытта бірдей өткізетінін қалай түсіндіруге болады?
- Неліктен кейбір денелер суда қалқып жүрсе, басқалары суға батады?

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін оқулықтың соңындағы қосымша материалды оқуды ұсынуға болады: «Паскаль тәжірибесі», «Пневматикалық машиналар», «Атмосфералық қысымның ашылу тарихы», «Архимед туралы аңыз».

9-11 сыныптарда проблемалық оқытуды 7-8 сыныптарға қарағанда кеңінен қолдану қажет. Проблемалық сұрақтарға жауап іздей отырып, жоғары сынып оқушылары оқулық қана емес, қосымша оқу және ғылыми-көпшілік әдебиеттерге, лекцияларға, фильмдерге, телебағдарламаларға, эксперименттерге әртүрлі ақпарат көздеріне жүгінеді.

Сонымен бірге реферат беру де оқушының ой-өрісін кеңіте отыра, оқушыларды өз бетімен ізденуге баулиды. Берілген тақырып бойынша оқушы кітаптарды, интернет жүйесін, журналдарды және басқа да ақпарат көздерін пайдалана отырып мәліметтер жинақтайды. Тақырыпты қызықты етіп беру де маңызды. Оқушы оны дайын күйінде интернеттен алмайтындай, өзі ізденетіндей болуы қажет.

Түсінбеген тақырыптарын немесе қызықтырған тақырыптарды оқушылар өз беттерімен әр түрлі кітаптардан ізденіп, оқуына болады. Кітаптарды мұғалімнің нұсқауымен немесе өзі таңдай алады. Егер оқушы есептерді шығаруға қызығатын болса, онда мұғалімі есептер жинағы кітаптарын ұсына алады.

Ж. Караевтың «Деңгейлеп саралап оқыту» технологияның элементтерін қолдануға болады. Оның мынандай тиімді жақтары бары байқалады:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

- оқушы өз бетімен жұмыс жүргізуге дағдыланады;
- жеке дара қабілеттері айқындалады;
- оқушылар өз деңгейінде бағаланады;
- өз ойын жеткізуге үйренеді;
- жеңілден күрделіге көше отырып, жеке тұлғанын ойлау қабілетін жетілдіреді;

Жалпы қазіргі таңда оқушыларға ізденуге, білімін арттыруға барлық жағдай жасалған. Әртүрлі ютуб каналдарынан да өте қызықты әрі пайдалы мәліметтер бар, интернет желісінен де, әлеуметтік желілерден де өздеріне қажетті мәліметтерге қол жеткізе алады.

Қорытындылай келе, қазіргі оқушылар мұғалімді жалғыз ақпарат көзі ретінде қабылдамайды, сондықтан оның әңгімелері мен түсіндірмелерін жиі тыңдамайды. Осыған байланысты оқытудағы екпінді ауыстырып, оқушылардың әрқайсысының ішкі мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, сабақта өз бетінше әрекет етуіне көп көңіл бөлу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.К. Громцева "Формирование у школьников готовности к самообразованию", М., "Просвещение", 1983.
2. В.К. Буряк "Самостоятельная работа учащихся". М., "Просвещение", 1984.
3. Абылкасымова А.Е. Современный урок. Оқу құралы: Современные методы обучения.- Алматы, НИЦ «Ғылым», 2003.
4. Мақамбаев М. Педагогикалық технологияны оқу процесінде қолдану /М. Мақамбаев// Математика және физика. -2004.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ:37.018

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Мухаметжанова А.О., Даян М.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қаласы

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451373

To Cite: Мухаметжанова А.О, & Даян М. (2024). ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451373

Аннотация: Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Мақалада жас ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізі мен маңызы ашылған.

Кілт сөздер: Құндылық, ұлттық құндылық, тәрбие, ұлт, Отансүйгіштік, білім, ұрпақ, ұлттық.

Abstract: Every nation has the most valuable things achieved in its historical life - spiritual and human qualities, moral norms, national values. National values are a set of spiritual ideals of representatives of any ethnic community with their own historical expression. The article reveals the basis and significance of formation of national values among the young generation.

Key words: Value, national value, education, nation, patriotism, education, generation, national.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының
арасында өз ұлты үшін қызмет
қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы
сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»
М. Жұмабаев

Құндылық -белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі. Қазіргі таңда бұл ұғымның ел үшін маңызы үлкен. Елдігімізді жоғалтпай, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеуде құндылықтарымыздың бірегейі ұлттық құндылық негізгі бастама болмақ. Мемлекеттің өркендеуімен, ұлттық болмысын сақтау басты мақсат, осы орайда ең бірінші жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарымызды қалыптастыруымыз қажетті болып табылады.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық

пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

«Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеукенов. [1, б. 12]

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлкрді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:
- оқушылдардың сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

- сыныптағы тәрбие сағаттары;
- баспасөз және қабырға газеттері;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- тәрбие шаралары (пікірталас,тәрбие сағаты,кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)
- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- саяхат жасау;
- үйірмелерге қатысу.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлтық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамидарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады[2].

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір–салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білемін.

Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы.

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. “Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ” – деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін көрсетеді.

«Ежелден ел тілегі – ер тілегі, адал ұл ер боп туса – ел тірегі» демекші әр баланың бойында адамгершілік, батылдық, шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін дамытып, жеке тұлғаны қалыптастыруға үлес қосу болып табылады. Жас ұрпақты аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Осы жерде еліміздің тарихы жетекші орын алады. Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Тарихты оқу арқылы отаншылдыққа, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлікке, еңбек сүйгіштікке, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға, халықтар арасындағы достық пен

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, өз мүддесін халық, Отан мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді.

Отансүйгіштік рух –тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Осы жерде жас ұрпақ ең басты отбасында асқақ отансүйгіштік сезімге тәрбиеленуі тиіс. Ұлы Абай: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі - ата – анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» - деген екен. Отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл аймағының ықпалы зор. «Отан отбасынан басталады»-дейді дана халқымыз, отанды сүю – отбасынан басталатыны рас. Сондықтан да бала тәрбиесінде шешуші факторы – отбасы. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады.

Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс. Оған көпшілік қоғам болып жұмылу, парасаттылық пен байсалдылық керек. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын, мәдениет тарихын, бұрын-соңғы ұлы ойшыл педагогтардың еңбектерін оқып жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып келер буынға дұрыс тәрбие-тағылым беру мүмкін емес. Себебі, өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу, Л.Толстой айтқандай, айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп шатасумен пара-пар. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата – бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі[3].

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. «Қазақстан – 2050» ұзақ мерзімдік стратегиялық бағдарламасын белгілеп, әлемдік өркениетке бет алған тәуелсіз Қазақ елі үшін ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың маңызы өте зор. Өйткені сонау ғасырлардан бүгінге жеткен ұлттық құндылықтарымыз (лиро-эпостық және батырлар жырлары, ұлттық қол өнер, ұлттық спорт түрлері, қазы-қарта, жал-жая т.б.) –еліміздің дамуы мен мәдениетінің айнасы. Демек, сан ғасырлық тарихы бар рухани құндылықтарсыз ұлттың дамып, өркендеуі әсте мүмкін емес.

Қазіргі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана- сезімі мен мінез-құлқының қалыптасуын, яғни ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілімен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамның бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығарамыз.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Жас ұрпақты толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Нақтырақ айтсақ, ана тілі мен ұлттық салт-дәстүрін құрметтейтін, басқа тілде де жетік сөйлей білетін, дүниетанымы, ақыл-ой парасаттылығы қалыптасқан, еңбекқор, мақсат қоя алатын және сол мақсатқа жету жолдарын таңдай білетін, жауапкершілігі мол, мінез-құлқы, айналадағы адамдарға, қарым-қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайларда нақты шешім қабылдай алатын, өзіне сын көзбен қарай білетін салауатты тұлғаны тәрбиелеуді басты мақсат етіп қоюымыз қажет. Осы құндылықтардың барлығы қанына дарып, бойына тарап, санасына сіңген ұрпағымызға еліміздің болашағының кілтін сеніп тапсыра аламыз[4].

Қорытындылайтын болсақ, қазіргі таңдағы басты мақсат ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жету әрине елдің міндеті болмақ. Елдіктің биік шыңынан Отанын сүйетін, ұлтжанды, ақыл-ой парасаттылығы қалыптасқан білімді ұрпақты көру бүгіннен бастау алуы шарт. Білім мен тәрбие қатар жүретін ұғым, бұл екі жақты үздіксіз үдерісті бала бойында қалыптастыруымыз қажет. Ұлттық болмысты қалыптастырып, білімді жастарды тәрбиелеуде мемлекетімізде көптеген істер атқарылуда, барлығымыз осы аяда атсалысуымыз керекдеп білемін. Кез келген ұлт ұрпақтарының бойынан ұлттық құндылықтарын жоғалтпаса алдыңғы қатардан көрінері сөзсіз. Мақаламызда жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызы мен негізі айқындалып көрсетілді. Кемелденудің шыңынан орын алып, ұлттық құндылықтарымызды сусындатып, білімді де, білікті ұрпақ тәрбиелеуіміз негізгі шарт болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш.Елеукенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
2. https://bilim-all.kz

Сегізбаева Қ.К., Омарова Р.Ж., Тұлғаны қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың маңызы/bilim-all -15.03.2022 ж.

3. https://e-history.kz/

Қайыркен Ә. Ұлттық құндылықтар негізінде Отаншылдыққа тәрбиелеу/ Qazaqstan tarihy: -09.06.2017

4. https://bilimger.kz/

Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы/Bilimger.kz республикалық бәләм порталы – 22.11.2022 ж.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ИДЕЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ

Жуванышева Алманур Алпыспаевна
«Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің
Алтынсарин жалпы білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451385

To Cite: Жуванышева Алманур Алпыспаевна. (2024). ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ИДЕЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451385

Аңдатпа: мақала барысында алғашқы ағартушының идеялары және оның педагогикалық мұрасын насихаттау, зерделеу мәселелері қарастырылып, қазіргі білім беру саласындағы маныздылығы айтылып кетті. Бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған дала ұстазының педагогика саласына енгізілген еңбек бағыттары қарастарылған. Ы. Алтынсариннің ағартушылық идеяларының ҚР Білім беру жүйесіндегі заманауи тенденцияларға үндестігі нақты байқалуы. Қазақ даласында ілім мен білімнің қалыптасып, дамуына үлес қосқан тарихи тұлғаның еңбек жолын халықаралық деңгейде насихаттау.

Түйін сөздер: көрнекті тұлға, мұғалімнің ерекше рөлі,тәрбие құралдар,«Біртұтас тәрбие», ұлттық тәрбие.

Аннотация: в ходе доклада были рассмотрены идеи первого просветителя и вопросы пропаганды, изучения его педагогического наследия, озвучена его трудолюбие в сфере современного образования. Рассмотрены трудовые направления, включенные в педагогику степного учителя, которые до сих пор не утратили своей актуальности. Четко прослеживается созвучие идей просвещения И. Алтынсарина современным тенденциям в системе образования РК. Пропаганда на международном уровне трудовой деятельности исторической личности, внесшей вклад в становление и развитие учения и образования в казахской степи.

Ключевые слова: выдающаяся личность, особая роль учителя, средства воспитания, «Единное воспитание», национальное воспитание.

Abstract: During the report, the ideas of the first educator and the issues of propaganda, the study of his pedagogical heritage were considered, his diligence in the field of modern education was voiced. The work directions included in the pedagogy of the steppe teacher, which have not yet lost their relevance, are considered. The consonance of I. Altynsarin's ideas of enlightenment with modern trends in the education system of the Republic of Kazakhstan is clearly traced. Promotion at the international level of the labor activity of a historical figure who contributed to the formation and development of teaching and education in the Kazakh steppe.

Keywords: outstanding personality, special role of a teacher, means of education, national education.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Ыбырай Алтынсарин қысқа өмір жолынан өтіп -өз халқының нағыз ұлы, өз халқының патриоты, Үздік педагог-жаңашылы, қазақ халқының тұңғыш ағартушысы деп тарихқа енді. Өз жолында көптеген кедергілерді кездестіріп, сол кездегі қиын уақытқа қарамастан, бастауыш оқу орындары мен мектептерді, сондай-ақ рухани семинарияларды ашқан тұлға. Білім, тәжірибе және білім беруді жетілдірудің мақсатты бағытталған стратегиясы мен, өмірдің барлық педагогикалық және зерттеу қызметінің міндеттеріне Ыбырай өмірдің ізі толы болған екен. Осыдан Алтынсарин бірінші мұғалім деп аталып кеткен. Бүгін, XXI ғасырымызда , Ыбырай Алтынсариннің есімі кімге белгісіз еді? Ондай адам таба алмаймыз шығар.Өз заманының көрнекті тұлғасы бүгінгі Қазақстан үшін көп нәрсе жасады, сондай – ақ еліміздің прогрессивті, екпінді дамушы, экономикалық тәуелсіз болуына да. Ыбырайдың педагогикалық ағартушылық қызметінде маңызды орын алып тұрған мәселелесі бұл -ең біріншісі балаларды дұрыс тәрбиелеу және оқыту**.** Сондықтан, оның шығармалары «жамандық пен жақсылық», «достық пен алауыздық», «сараңдық пен жинақтылық», «тәкәппарлық пен қарапайымдылық», «өнер, білім мен надандық», «әділдік пен әділетсіздік» сияқты қарама-қарсылық негізінде, жамандыққа жақсылықты, адамгершілікті қарсы қою арқылы қазақты өзара бірлікке, татулыққа тәрбиелейді**.**“Оқытушыны бағалағанда, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістіктерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарап бағалау керек”, – депті Ыбырай Алтынсарин. [1]. Яғни тәрбие мен білім беру процесінде ең маңызды рөл мен мәнге ие мұғалімнің өзі бүкіл процестің қозғаушы күші деп өз өмірінде сеніп өтті. Алтынсарин әрқашан мұғалімдерге: «Сіз адамдарды тәрбиелеу алдында,Өзіңізді көтеріңіз» деген.Яғни біліктілікті арттыру формальдылық болмауы керек. Өзін — өзі дамыту қажеттілігі-бұл мұғалімнің ішкі қажеттілігі, егер ол дамымаса, ол басқа ешкімді дамытуға шабыттандыра алмайды. Ұлы шебердің барлық осы сөздері Қазақстан Республикасындағы педагог мәртебесі туралы Заңның негізін қалады. Осы Заңға сәйкес қазіргі мұғалім-бала үшін ең қажетті адам болып кетті. Педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-қатынасты жоғары деңгейде жүзеге асыратын, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде тұрақты жоғары нәтижелерге қол жеткізетін мұғалімді кәсіби құзыретті деп атауға болады. Кәсіби құзыреттілікті дамыту-бұл кәсіби тәжірибені игеру мен жаңғыртудың динамикалық процесі, ол жеке кәсіби қасиеттерді дамытуға, кәсіби тәжірибені жинақтауға әкеледі, мұғалімнің үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуін, өзін-өзі дамытуын және өзін-өзі жетілдіруін болжайды. Өзін-өзі тәрбиелеудің өзектілігі, бір жағынан, мұғалімдердің іс-әрекетінің ерекшелігімен, оның әлеуметтік рөлімен, екінші жағынан, білім берудің шындықтары мен тенденцияларымен, қоғамның қажеттіліктерімен, ғылым мен практиканың эволюциясымен, адамға қойылатын талаптардың артуымен, оның әлеуметтік процестер мен жағдайлардың өзгеруіне тез және барабар жауап беру қабілетімен, өз қызметін қайта құруға дайын болуымен белгіленеді . Қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу мұғалімнің жеке басына жоғары талаптар қояды, негізгі мақсат-бәсекеге қабілетті, жауапты, құзыретті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлықты даярлау. Мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттеріне жоғары талаптар барлық уақытта қойылды және әлемдік педагогика ғылымы бұл мәселені шешуге бірнеше рет тырысады. Кәсіби даму-бұл үздіксіз, табиғи және мақсатты өзгерістер процесі. Маман мен кәсіпқойдың жеке басының қалыптасуы мамандық таңдаған сәттен басталады және адамның бүкіл кәсіби өміріне созылады. Бірақ бұл процестің тиімділігі ең алдымен мұғалімнің жеке қасиеттеріне, оның құндылықтары мен басымдықтарына байланысты. Мұғалімнің ішкі мотивациясы оның жоғары арнайы дайындығы мен адамгершілік қабілеттерімен үйлеседі. Педагогикалық қызметтің тиімділігі көптеген факторларға байланысты, атап айтқанда мұғалімнің қаншалықты шығармашылық белсенді екендігі,

оның өз қызметін жақсартуға қалай ұмтылатындығы, өзіне қажетті жеке қасиеттерін дамытуы. Егер бұрын мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі жаңа,белгісіз, кейде оқулықтарда жоқ материалды хабарлау болса, енді басты міндет-материалды хабарлау емес, оны қайдан алуға болатындығын, оған қалай қарау керектігін, онымен қалай жұмыс істеу керектігін, қандай материал жақсы, қандай рефлексия мен сыни ойлауды қажет ететінін, ең қысқа жолмен қалай шешуге болатындығын үйрету танымдық міндет. Қазіргі уақытта мұғалім мамандығы дағдылар мен құзыреттердің кең ауқымын қамтиды. Мектептегі білім берудің басым мақсаты мұғалімнен оқушыға білімді берудің орнына "оқу қабілетін" қалыптастыру, яғни жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеру арқылы субъектінің өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілеті болады. Қазіргі мектеп мұғалімі жаңа рөлдерге ие болды:модератор, тьютор, кеңесші, психолог. Білім беру стандарттары нәтижеге бағытталған, емтихан түрін және оқушыларды бағалау формаларын өзгертті.Бүгінгі мұғалім бұрынғыдай баланы өз пәнімен баурап алуы керек, бірақ қазір мұны істеу әлдеқайда қиын.Білім практикалық құндылық тұрғысынан ұсынылады, ал дағдылар Мета-пәнге айналады. Әрине, әр оқушы сабаққа қуанышпен баратын сынып мұғалімі бүгінде өзінен бұрынғыларға қарағанда әлдеқайда көп нәрсені біледі. Бұл жерде білім беру мамандығы бойынша басталған білім жеткіліксіз: мектеп мұғалімінің білімі бір пәннен асып түседі.Стандартты hard skills, практикалық дағдылардан басқа, мұғалім soft skills дамытады.Бұл қарым-қатынас, өзара әрекеттесу, командада жұмыс істеу дағдылары. Мұғалімнің кәсіби дамуы-үздіксіз процесс. Қысқа уақыт ішінде оқыту технологиялары алға жылжыды. Мұғалімнің жұмысын сүйемелдейтін қызметтер де, оқыту құралдары да электронды түрге ауысты. Бұл электронды журналдар,бірыңғай емтиханды тексерудің автоматтандырылған жүйелері және сабаққа тапсырмалар жасауға арналған көптеген онлайн платформалар. Мұғалім цифрлық құралдарды жақсы басқаруы керек-олар сабақты қызықты ету үшін көптеген қосымша мүмкіндіктер береді, ал білім оқушыларға қол жетімді және түсінікті болады.Мемлекет жағынан ол үшін барлық жағдайлар жасалып жатыр. Мұғалімнің не үшін оқитынын қарапайым мысалмен түсінуге болады. Жақында коронавирустық пандемия бүкіл әлемді шарпыды. Қысқа мерзімде барлық мұғалімдер оқу процесін толығымен қайта құруға мәжбүр болды. Бұл көптеген жаңа құралдарды игеруді қажет етті. Бұл тапсырманы кім орындады, ол жыл сайын дәстүрлі формаларды есыстыратын жаңа интерактивті оқыту форматына сәтті көшті. Елімізде жыл сайын құзыретті педагогтарға қажеттілік артып келеді. Құзыреттіліктің жоғары деңгейін үнемі оқып, өз дамуына уақыт бөлетін адам көрсетеді. Біздің әрқайсымыз ғылыми, зерттеу, шығармашылық және эксперименттік қызметті жүзеге асыра аламыз, оқу бағдарламаларын жасай аламыз,осылайша өз құзыреттілігімізді арттыра аламыз.Білім берудегі жоғары талаптарға сай болу қиын, бірақ мүмкін. Ең бастысы-бір орында тұрмау және мектепте ақпарат беру технологиялары мен әдістерін үйрену. Зиялы қауымның ең жақсы өкілдерінің бірі бола отырып, мұғалім оқытылатын пән саласындағы терең білім мен кәсібилікті ғана емес, сонымен бірге адамгершілік тазалықты, жоғары жалпы мәдениетті, әлеуметтік төзімділікті, мінез-құлық пен пайымдаудағы төзімділікті біріктіруі керек . Мұғалім жаңа жағдайда жұмысқа дайындалуы керек. Бұл жаңа мазмұнды, жаңа жұмыс әдістерін меңгеру ғана емес, сонымен қатар жаңа оқу процесінде өз орнын білу.Әрине,әр педагог қиындықтармен кездеседі.Мысалы,біз білетіндей, шағын жинақты мектеп-бұл білім алушылардың шағын контингенті бар, біріктірілген сыныптар-жиынтықтар, толымдылығы аз және оқу сабақтарын ұйымдастырудың нақты нысаны бар жалпы білім беретін мектеп. Мұндай мектептердің әрқайсысы рухани-адамгершілік даму мен тәрбие, табысты, білімді, әлеуметтендірілген, жасөспірім үшін барлық жағдай жасауға тырысады. Он бес жылдан бері, іс жүзінде, мен біріктірілген сыныптар жағдайында оқу процесін ұйымдастырудың

ерекшеліктерімен таныспын. Мұндай сыныптарда жұмыс істеудің өзіндік қиындықтары бар.Біздің әрқайсымыз осындай қиындықтарға тап болдық - бірлескен сыныптарда жалпы сабақ жоспарларын құру, мұғалімнің бір уақытта екі түрлі пән бойынша бір сабақ өткізу қабілеті, бірлескен сыныптарда сабақта оқу мақсаттарына қол жеткізу, барлық жоспарланған тапсырмаларды орындау, регламентті сақтау, оқушылардың өзін-өзі реттеу қабілеті. Жұптасқан сыныптардағы жұмыстың тиімділігі өзіндік жұмыс арқылы анықталатынын біле отырып, барлық тапсырмаларды мұғаліммен өз бетінше және бірлесіп жұмыс жасау арқылы ойластыру керек. Өздік жұмыс-оқушылардың білім алу дағдыларын игерудің жалғыз құралы. Оқушылар басқа сыныптың кедергісі болған кезде өз бетінше жұмыс істеуге мәжбүр, өйткені осы уақытта басқа сыныпта әңгіме, түсініктеме болуы мүмкін. Жұмыс тәжірибесі көп деңгейлі сипаттағы өзіндік жұмыстар сыныптағы сабақтарды ұйымдастыруды жеңілдететінін, сәттілік атмосферасын құратынын, оқушылардың өз мүмкіндіктеріне сәйкес оқуда алға жылжуға және осы мүмкіндіктерді дамытуға деген ұмтылысын дәлелдейді.Шағын жинақталған мектептерде инновациялар енгізіп,мәселені шешу болады, осындай жаңалықтардың бірі-аралас оқыту. Аралас оқыту - бұл қашықтықтан оқыту кезінде ішінара кездесетін онлайн және бетпе-бет оқытуды біріктіру.Аралас оқыту технологиясын қолдану мұғалімдерге жоғары талаптар қояды, атап айтқанда: жоғары АКТ-құзыреттілік, әртүрлі электрондық құралдарды, оның ішінде коммуникация сервистерін, бірлескен онлайн-жұмысты, әлеуметтік құралдарды, оқытуды басқару жүйелерін меңгеру[2].Қарап отырсақ,заманауи технологиялар білім беру процесін ұйымдастырудың балама формалары мен әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Мұра өсиетінің өзектілігі бүгінгі таңда да айқын: оқытушылардың кәсіби құзреттілігі,шәкіртердің функционалдық сауаттылығы ұғымдары жеткіншік ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда адами капиталды дамытуда сапалы білімнің қолжетімділігімен сабақтасып жатады.Ы. Алтынсарин тәрбие мен білім беру алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізу үшін әрдайым жақсы ұстаздың ыстық ықыласпен оқушылардың өздері де, олардың ата-аналары да болуы керектігін атап өткен. Бүгінде отбасы мен мектептің бірлескен қызметі жеке тұлғаны дамыту мен баланың қалыптасуы үшін маңызды рөл атқаратыны ешкімге құпия емес мектеп пен отбасы ортақ істегі ең жақын одақтастар.Сонымен,біздің мектепте мектеп пен ата-аналар арасындағы әріптестік қатынастарды нығайтуға және жақсартуға бағытталған "Үндестік"өңірлік бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізілуде,мұнда мүдделер орталығы-біздің балаларымыз,олардың табыстылығы және олардың әлеуетін іске асыруы. Бұл жеке "Директор сағаты","Әкімшілік қабылдау бөлмесі",пән мұғалімдері ата-аналармен баланы оқыту және тәрбиелеу,кеңес беру,отбасына бару мәселелері бойынша әңгімелесу ұйымдастыру шаралары. Ата-аналарға тек мектептен ақпарат қажет емес,олар мектепке қажет екенін және мектеп олармен үнемі және жүйелі түрде жұмыс істейтінін сезінуі керек. Ата-аналар жиналысының формасы да өзгерді: қазір ата-аналар тек ойлаушылар мен тыңдаушылар емес,белсенді қатысушылар.Ата-аналар жиналыстары жандана түсті,олар оқушылардың үлгерімін ғана емес,сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету,сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін де қарастырады.Өткізу формалары да өзгерді бұл Кофе монинг, Тимбилдинг және т.б.

Бүгінгі күндерде Алтынсаринның танымал идеялары сөзсіз құндылыққа және егемен Қазақстанның шындығына айналды . Әсіресе жаңа жағдайда дамып келе жатқан мектеп. Бүгін, Қазақстан дербес даму жолымен Тәуелсіз елге айналып, сынақтар мен қателіктер арқылы жаңа білім беру жүйесі құрылуда өзіне жол салды. Ұлы ұстаздың тәжірибесіне үндеу, өзекті. Оның идеялары мен көзқарастары, қайта өңделген, қабылданбаған заманауи шындықтар призмасы арқылы еліміздің жаңа мектептің қалыптасуына көмектеседі. Мектептердің білім беру және тәрбие беру міндеттері ондағы

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

оқу-тәрбие процесін адамгершілік идеяларымен оқу жоспарлары мен бағдарламаларын ескере отырып, педагогикалық идеялар, фольклор мен рухани бағдарламаларды қолдану қайта өрлеу. Сондай-ақ мұғалімнің ерекше рөлін тану, оқытуды интернационалдандыру, қазақ тілінің рөлін арттыра отыра , орыс тілін білу және ағылшын тілін меңгеру, сапалық оқулықтармен қамтып , оқу сауаттылығын арттыру, мектеп оқушыларының білімді тәжірибеде қолдана тұра және мектепті ізгілендіру- Ыбырай Алтынсариннің осы және басқа да ағартушылық идеялары бүгінгі күндегі мектептің қазіргі мәселелерімен қалай үндес. «Қазақ хрестоматиясы» атындағы тұңғыш оқулығында ағартушы алғы сөзінде былай депті : «Бұл кітапты құрастырғанда мен , біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім»,-деп тұжырымдаған [3,2б]. Ыбырай Алтынсарин білімді құнды рухани капитал ретінде қарастырып, білімнің маңызды рөлін, мәдениет, ғылым, өнертабыстың дамуын,олардың адамдар мен қоғам өміріндегі пайдасын негіздеген, бұл да заманауи мектебіне сәйкес келіп тұр . Мұғалімдерге тек теориялық оқуды пайдаланбай, қызығушылық тудыратын оқыту формалары мен әдістерін іздеңіп олардың нақты пайдасын ескере отырып тәжірибеде қолданыңыз деп тілек қалдырып кеткен. Білім берудің заманауи жаңаруы осының бәрін бүгінгі күні жүзеге асыруда. Біз құзыреттілік оқытудың, ынтымақтастық педагогикасы мен тұлғаға бағытталған тәсіл нені білдіретінін нақты біле отыра тәжірибемізде жүзеге асырамыз. Ұлы мұғалімнің сол кездегі идеялар дұрыс болыпты. «Үйренуге үйрету» сөздері бүгін біз білім алу емес, өзімізде осындай білім қалыптастыру ретінде қабылдаймыз ,ал білім бүгінгі күннің басты байлығы мен болашаққа билет екенін түсінікті.

Аннотация: физические упражнения-один из основных способов обучения и тренировки физического воспитания. Эти физические упражнения становятся более сложными по мере роста молодого тела ребенка. Возрастные упражнения включают в свой состав упражнения, получаемые из повседневной жизни, воинских движений с трудом людей (ходьба, бег с препятствиями, прыжки, метание, скалолазание, поднятие предметов, плавание, гребля, катание на лыжах и др.). Во время упражнений все опорно-двигательные органы человека работают, развиваются действия всех органов, повышается функция сердечной, дыхательной и нервной систем.

Ключевые слова: Педагогика, двигательная деятельность, воспитание, быстрота, физическая культура.

Дене жаттығулары арқылы қозғалыс әрекетін меңгеру тек дағдыны қалыптастыруға ғана емес дене жаттығуларын орындауға мүмкіндік туғызатын қажетті күш, жылдамдық, төзімділік, шыдамдылық және буын қоспаларының қозғалмалылығы сияқты дене мүмкіндіктері ерекшеліктерінің дамуына да байланысты. Талапқа сай заңдылықтарды жақсы білу мұғалімге дене жаттығуларының дұрыс жұмыс жүргізу қатынасын және сандық нәтижесін табуға, сонымен бірге әрбір дене мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін барынша ұтымды дамыту үшін жас ерекшелік шекарасын анықтап, сапалық ерекшелігін дамытуда кешенділіктің оптимальді шамасын орнатуға мүмкіндік береді.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Дене мүмкіндіктері қозғалыс әрекетінің мына сапалық ерекшеліктерінен тұрады: күш, жылдамдық, төзімділік (шыдамдылық), әбжілдік және буын қоспаларының козғалмалылығы.

Қозғалыс сапаларының әр түрлі бағыттағы өзгеруі жыныстық жетілу кезеңінде ерекше көрінеді. Бұл кезеңде жылдамдық-күш сапасының даму қарқыны тез артады да, ал қозғалыс жүйелілігі, қозғалыс параметрлерін мөлшерлеудің (өлшеу) дамуы тоқтайды немесе біршама кері кетеді. Бұл қозу жүйке жүйесінің қозғалмалылығынан дем беретін жылдамдық-күш сапаларының көрінуінен және үйлестік мүмкіндіктерін тежейтін нейродинамиканың өзгеруімен байланысты. Ағзаның жас ерекшелік дамуындағы елеулі өзгерістермн сипатталатын кезеңдері ауыспалы немесе сезімталдық еп аталады. Мұндай кезеңдерде арнайы жатгығу белгілі дене мүмкіндіктерін дамытуға әсер береді. Оқушылар мен студенттерге дене шынықтыру жаттығуларын меңгеру дәрежесі қозғалыс әрекетін меңгеру кезінде басты болып саналатын дене мүмкіндіктерінің даму деңгейіне байланысты. Бұл мәселенің толық шешімін табу үшін адамның дене сапаларына сипаттама беріп кеткен дүрыс.

Дене сапалары дегеніміз адамның қозғалыс мүмкіндігін анықтайтын ағзаның қызмет ету жүйесі болып саналады. Дене сапаларын негізгі бес салаларға айырмалаймыз: күш, шапшаңдық, төзімділік, иілгіштік, әбжілдік.

Күш және оны тәрбиелеу әдістері

Адамның күшін оның сыртқы карсылық күшті жеңетін қабілеті немесе оған бұлшық ет күшімен қарсы түру мүмкіндігімен анықтайды. Күшті тәрбиелеу бұлшық еттің физиологиялық өзгерісімен, яғни бұлшық ет талшықтарының өсу және жуандауының байқалуымен қатар жүреді.

Күшті дамыту жаттығуларымен шұғылдану нәтижесінде адамның дене құрылысын едәуір өзгертуге болады. Күш қатынастық және абсолюттік болып бөлінеді. Абсолюттік күш - нақтылы қимыл-қозғалысқа қатысатын барлық бұлшық ет топтарының жиынтық күші.

Қатынастық күш - адам денесінің (көлемінің) 1 кг салмағына тура келетін абсолюттік күштің мөлшері. Күш сапаларын тестілеуді динамометрдің жәрдемімен өткізуге болады. Белгілі бір жасқа дейін абсолюттік және қатынастық күштерде биологиялық жасқа сәйкес физиологиялық өзгерістердің нәтижесінде бұл күштің екі түрі де артады. 18-22 жасқа дейін дамып келе жатқан ағзаның күш мүмкіншілігіне арнайы әсер ету арқылы күштің және соған байланысты сапаның өсуін арттыруға болады. Бұдан кішірек жастарда табиғи өсу елеулі төмендейді. Бұлшық ет көлемінің немесе күш мүмкіндігінің бұл жаста тез өсуіне жәрдемдесетін, денсаулыққа зиянды емес химиялық қосымшалар арқылы іске асыруға болады.

Шапшаңдық адамның қозғалыс және қозғалыс реакциясының жылдамдық сипатын анықтайтын кешенді қызметтік қасиеті, яғни өте аз уақытта қозғалыс әрекетін орындауды қамтамасыз ететін сапа. Солай бола тұрса да, қозғалыс шапшаңдығын қозғалу жылдамдығымен шатастыруға болмайды. Мысалы, коньки тебушінің 400-500 м қашықтыққа сырғанау жылдамдығы спринтер-жүгірушіге Караганда жоғары, дегенмен, спринтердің қозғалыс шапшандығы артық. Спорт Ілімі туралы ең соңғы жаңа зерттеулерде "шапшаңдық" терминінің орнына "жылдамдық қабілеті" ұғымы пайдаланылады. Жылдамдық қабілетінің карапайым майда (әлементарный) және кешенді көрсету түрлері айырмаланады. Қарапайым, майда түрі мыналарда көрінеді:

- қозғалыс реакциясы уақытының латентінде (жасырын);
- жеке спортшының қозғалыс жылдамдығында;
- қозғалыс жиілігінде;

Бұл шапшандықтың көрінуі барынша автономиялық. Спортпен шұғылданбаған адамның қарапайым қозғалыс реакциясының уақыты 0,2-0,3 секунд аралығында, ал дәрежелі спортшыларда 0,1-0,2 секунд аралығында ауытқумен болады. Атап айтқанда, жаттығу жүйесінде реакция уақыты бар болғаны 0,1 секундқа жақсарады екен. Бұл жерде айтарлықтай рөлді тұқым қуалаушылық жүйе ойнайды. 100 метрге жүгіруде спортты жаңа бастағандар мен дәрежелі спортшылардың нәтижелері 0,1 секунд емес толық секундтармен айырмаланады. Бұл, әрине, кездейсоқтық емес. Ең жоғары жылдамдықпен орындалатын көптеген қозғалыстарда екі кезең айырмаланады: жылдамдықты арттыру кезеңі (үдеу алу кезеңі) және жылдамдықты бірқалыпты жағдайға келтіру кезеңі. Мұндағы бірінші кезең сөрелік үдеуді, екіншісі, ара-қашықтық жылдамдығын сипаттайды. Екі кезең де өзара қатынаста бір-біріне тәуелді емес, бірақ егер біріншісі қозғалыс реакциясы мен козғалыс жиілігінің латентті уақытына сүйенсе, ал екіншісі қозғалыс жиілігінен (ырғағынан) басқа да жылдамдық ара қашықтығын құрайтындарына сүйенеді (мысалы, 100 метрге жүгіруде қозғалысты орындау тәсіліне, аяқтың үзындығына, жерден серпілу күшіне). Әр түрлі үйлестіктегі шапшаңдықтың көріну түрі және басқа қозғалыс сапаларының жиынтығы және әдістік дағдыларымен әр түрлі спорт түрлеріндегі жаттығу және жарыстық шараларға арналған сипаттағы құрделі қозғалыс әрекеттеріндегі (актілерінда) жылдамдық қабілеттерінің кешенді көрінуін қамтамасыз етеді. Мұндай кешенді көрінуге ара-қашықтык жылдамдығының жоғары деңгейге жетуі, сонымен бірге жарыстық сайыста жоғары қозғалыс жылдайдығын орындап, сөреден шығарда тез жылдамдық ала білу қабілеті жатады (мысалы, суға жүзуде бұрылыстардағы жылдамдық, бокстағы әр түрлі соққылар, гимнастикадағы секірулер және т.б.). Жылдамдық қабілетінің негізгі алғышартгарының бірі жүйкелік жүмыс жүйесінің қозғалмалылығы (жүйке жүйесінің әр түрлі бөліктеріндегі қоздыру және тоқтату қызметтерінің ағынын жетілдіруді түсіндіретін) және жүйке-бұлшық ет үйлесімділігі деңгейі, сонымен бірге бұлшық ет ұлпаларыньщ ерекшеліктері (әр түрлі бұлшық ет талшықтарының арақатынасы, олардың созылғыштығы) болып табылады. Жылдамдык қабілеттері басқа дене сапаларының деңгейімен, әдістерді жетілдірумен, ерік-жігер сапалары деңгейімен және т.б. тығыз байланыста болады.

Спорттық және қимыл ойындарының зор сауықтыру маңызы бар. Олар алуан түрлі қимылдық іс-әрекеттермен және жақсы эмоциялармен сипатталады, шаршағандықты басады, нерв жүйесін қуаттандырады, эмоциялық жағдайды жақсартады, ақыл-ой және физикалық жұмыс қабілеттілігін арттырады. Ойын процесінде ұжымдық әрекеттер өнегелі қасиеттерді тәрбиелейді: жанасқыштық, жолдастық сезімі, ұжым мүддесі үшін өз қызығушылығынан бас тарту қабілеті т.б. Әсіресе таза ауадағы ойындардың пайдасы зор.

Қимыл ойындары құрделі емес ережелермен ерекшеленеді, және оларды өткізу командалары ерікті түрде жасақталуы мүмкін. Мынадай қимыл ойындарын ұсынуға болады: «үшінші артық», «доп жағалай», «торға доп салу» т.б.

Спорттық ойындар қимыл ойындарымен салыстырғанда ойынның нақты түрінің техника әдістерін жоғары меңгеруді және ойыншылардың өзара қатынастары мен тәртібін анықтайтын ережелер мен төрешілік білімін талап етеді.

Жоғары оқу орындарында кеңінен тараған спорт ойындары: волейбол, баскетбол, қол добы, футбол, хоккей, тенис, үстел теннисі, қалашықтар т.б. Спорттық ойындар арнайы жабдықталған стандартты спорт алаңдарының немесе спорт ойындарының болуын талап етеді.

Дәрістерде спорт ойындарын тиімді пайдалану үшін айналысушыларды ойын тәсілдерінің орындау техникасын үйрету қажет, ол төрт кезеңде жүзеге асырылады: ойын тәсілімен танысу, тәсілді жеңілдетілген түрде үйрену, тәсілді күрделенген түрде үйрену, тәсілді ойында дамыту.

Ойынның әр тәсілімен танысу кезеңінде тәсілді орындау техникасы мен оның ойындық әрекетте маңызын түсіндіру арқылы бірнеше рет көрсету. Осыдан кейін айналысушылар аталмыш тәсілді дұрыс орындауға талпына отырып оны өз бетінше орындайды.

Алғашында ойын тәсілін өте қолайлы жағдайда, қашықтықты, доп беру қарқынын, қимыл жылдамдығын азайтып, жеңілдетілген түрде үйретеді. Алдымен өрескел, одан кейін ұсақ, болмашы қателер анықталады және түзетіледі. Қажетті жағдайда екінші қайтара көрсетіледі, түсіндіріледі, тәсілді баяу немесе бөлек-бөлек орындатады.

Ойын тәсілдерін жалпылама меңгергеннен кейін оларды құрделенген формада үйрету жалғастырылады, ол үшін ойын техникасының элементтерін дұрыс меңгеріп қана қоймай, сондай-ақ серіктеспен дұрыс өзара қарым-қатынас орнатуға қол жеткізу керек. Шарттарды құрделендіру тәсілді орындау жылдамдығын күшейтуден, доптың ұшу бағытын өзгертуден, оның түсіндірмесін құрделендіруден тұрады. Сондай-ақ құрделену кішірейтілген немесе үлкейтілген алаңда тәсілді орындау, уақыт бірлігіне орындау мөлшерін көбейту, ойын тәсілін орындау нақтылығына немесе жылдамдығына талаптарды арттыру түрінде болуы мүмкін. Мұнан әрі тәсіл бір немесе бірнеше серіктестердің бәсең, одан кейін белсенді түрде қарсы келуімен орындалады.

Ойын тәсілдерін нақты дамыту ойын процесінде жүзеге асырылады. Ол үшін аталмыш тәсілді ойын шарттарын құрт өзгерту арқылы орындауға арналған белгілі мақсаттағы ойын жаттығулары, оқу ойындары пайдаланылады. Ойын барысында тәсілді дамыту шығармашылық, ынта-ықылас танытуға, қолайлы шешімдерді жылдам қабылдау қабілеттілігін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Скобликова Т.В. Становление физической культуры личности в образовании. Монография. – Курск: Изд-во Курск. гос ун-та, 2000. – 477с.
2. Виленский М.Я. Физическая культура в научной организации процесса обучения в высшей школе. – М. : Физкультура и спорт, 1999. – 266с.
3. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. – 277б.
4. Оразов Ш.Б. Болашақ мамандардың кәсіптік дене тәрбиесі. //Оқу-құралы. –Алматы, 2008. – 336 б.
5. Мухамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-ІІІ, 2006. – 166б.
6. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жауапты ред. А. Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. -25б.
6. Евсеев Ю. И. Физическая культура. – Ростов н/Д.: Феникс, 2005. – 382.
7. Рускаева Н.С. Формирование интереса к физической культуре и спорту у детей младшего школьного возраста: Автореф. дис… к.п.н.: 05.02.03. –Алматы, 2003. – 24с.
8. А.А., Синюхин Б.Д., Семенов А.Г. Педагогика физической культуры. – М.: Путь, 2006. – 288с

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘӨЖ: 376

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МАМАНДАРЫН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

Койшибаев Арман Балтабаевич
Альжанов Нұрасыл Асқаруұлы
6В01485-Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, аға оқытушы,
Түркістан, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451574

To Cite: Койшибаев Арман Балтабаевич, & Альжанов Нұрасыл Асқаруұлы. (2024). ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МАМАНДАРЫН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451574

Аннотация: Кәсіби білімді өз беттерімен жетілдіруін басқаруға тек оқу тобы мен мамандандырудың оқытушылары ғана қатысып қоймайды. Сонымен қоса, осынау процесс студенттердің кәсіпті таңдауымен, кәсіби қызығушылығымен, педагогикалық қызметке бейімділігімен, өз бетімен білімін жетілдіруге талпынысымен, басқаша айтқанда, студент тұлғасын жан-жақты зерттеу негізінде жүзеге асырылатыны қарастырылған.

Тірек сөздер: Спортшы, тәрбие, психология, педагогика, білім.

Аннотация: В Управлении совершенствованием профессиональных знаний самостоятельно принимают участие не только преподаватели учебной группы и специализации. Также предусмотрено, что этот процесс осуществляется на основе выбора студентами профессии, профессиональных интересов, склонностей к педагогической деятельности, стремления к самообразованию, иными словами, всестороннего изучения личности студента.

Ключевые слова: спортсмен, воспитание, психология, педагогика, образование.

Дене тәрбиесі мамандарының кәсіби шеберлігінің үздіксіз қалыптасуын, ерте кәсіби бағдарын, негізгі және іс жүзіндегі бірлігін қамтамасыз ететін ғылыми-оқу педагогикалық кешенінің құрылуы.

Оқуды автоматты түрде бақылау, басқа құралдармен бірлестіктегі, жеке оқытудың техникалық құралдары, өз бетімен оқу, анықтамалық ақпарат көздері сияқты бірнеше бағытта барынша мүмкіндік беретін компьютер техникасын қолдану.

Оқу әдістерін жандандыру: шығармашылық жеке жұмыстар жүйесінің нақтылы бағыт бойынша қолданылуы (Мысалы, «Оқушы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері». Оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге үйрету бағдарламасын жасап, сынып жетекшісі нашақорлықтың алдын алу, маскүнемдікпен күрес т.б. және дене тәрбиесі құралдары бойынша дене тәрбиесі жұмысының жоспарын құрғаны жөн).

Біртұтас педагогикалық кешендегі даярлық: педагогикалық лицей – педагогикалық колледж – педагогикалық университет – іс жүзінде кәсіби өзін-өзі айқындауынан кәсіби даярлыққа дейін басталатын және дене тәрбиесі мұғалімінің кәсіби тұлғалық қалыптасуымен аяқталатын тұтас білім берудің маңызды қыры болуы тиіс.

Біздің педагогикалық зерттеуіміздің осы кезеңдегі басты мақсаты педагогикалық жағдайдың анықталуы мен негізделуі болып табылады, онда мектеп оқушылары дене тәрбиесінің жүзеге асуы, дене тәрбиесі мұғалімінің қызметін таңдауында айқындаушы шартқа айналады.

Бұл құрылым міндетті минимум есебінде келесі дидактикалық бірліктерді білдіреді:

1. теориялық дайындық;
2. әдістемелік сауаттылық;
3. валеологиялық даярлық;
4. дене шынықтыру даярлығы;
5. қозғалыс әзірлігі;
6. кәсіпке дейінгі даярлық.

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін оқытудың гуманистік бағыттылығы оқу барысына түрліше құралдардың, соның ішінде танымдық ойындар мен әлеуметтік-психологиялық тренингтердің енгізілуін қарастыруы тиіс.

Танымдық ойындардың кәсіби мәні, оқу қызметі үшін де үлкен маңызы бар. Түптеп келгенде, оларды студенттердің түрлі кәсіби сапаларының, сондай-ақ оқу материалдарын сан алуан түрінде ұсыну шеберлігінің жүйелі қалыптасуына әсерін тигізуі керек .

Мұғалімнің кәсіби біліктілігін қалыптастыру – күрделі мәселе, сан қырлы және кәсіби оқу жүйесінің өзін жетілдіру қажеттігі туындауда. Бірақ мәселенің күрделілігі оны шешу жолын табу мүмкіндігінен айырмайды.

Дене тәрбиесі мұғалімі үшін бір ақиқаты, өзінің оқушылармен қатынасын мәдени қызмет ретінде қарау маңызды, ондағы адами, гуманистік бастау қатынас рухын құрайды. Осы қатынастың нысанасы, оның эмпирикалық мәні оқушының дене тәрбиесі мен денсаулығы, оған саналы қатысы болып табылады.

Педагогикалық гуманистік қарым-қатынастың нысаны оқушы да, мұғалім де бола алады. Оқушыға педагогикалық қатынастың нысаны ретінде қарау тұжырымдамасының болуы, бүгінгі дене тәрбиесі факультетінің студенті, болашақ мұғалім ұмтылатын ең басты мақсат болуы тиіс.

Мұндай тұжырымдама мұғалімнің рухани-адамгершілік бейнесінің жетекші құрамдасы, оның кәсіби біліктілігінің маңызды бөлігі болып табылады. Болашақ мұғалімнің мұндай біліктілігі, оның оқу қызметін қамтитын мәдени даярлықтың кең ауқымында жүреді.

Гуманитарлық бағдарлардағы кафедралар философиялық-мәдени бағыттардағы: өркениет тарихы, философиялық антропология, этика мен эстетика курстарының оқылуын қамтамасыз етеді. Демек, тұлғаның рухани-адамгершілік құрылымына бағытталған оқушының дене тәрбиесін дамыту бағытындағы жаттығулар, моральдік теңдік негізінде, екі жақтың субъективті (белсенді) қатынастарында құралады.

Мұғалімнің педагогикалық қызметінің нәтижелілігі көптеген жағдайларға байланысты, соның ішінде, ағзаның кәсіби қызметін атқаруға дене дайындығы мен жағдайына тәуелді.

Мұғалім кәсібін кеңейтілген функционалдық еңбек кәсібіне жатқызады. Осындай кәсіптердің негізгі жүйке, дене ерекшеліктері есебінде психикалық тұрақтылығын, назарын, жалпы төзімділігін бөліп көрсетеді (В.А. Кабачков, С.А. Полиевский).

«Жалпы төзімділігі» ретінде тек аэробтық қуатын ғана емес, дене жұмысқа қабілеттілігін де түсінген жөн, оған антропометриялық көрсеткіштер: анаэробтық қуаттылық деңгейі бұлшық еттерінің күші мен төзімділігі, тірек-қозғалыс аппаратының үйлестірілуі кіреді (И.В.Аулик, 1990).

Осындай міндеттерді шешудің тиімділігі көбіне-көп оқу процесін ұйымдастыру мен әдістерін таңдаудың дұрыстығына байланысты.

Студенттердің жұмысқа қабілеттілік деңгейін көтеруге әсерін тигізетін тәсілдердің бірі ретінде – дене жаттығуын тануға болады. Осы жаттығудың жүгіру мен күш жаттығуларының негізінде эксентивті, интервалды жұмыс түрінде қолданылуы, студенттердің жылдамдық-күш қабілетінің, күші мен төзімділігі сапаларының, үйлесімділік көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсартылуына мүмкіндік береді.

Оқу тәжірибесінің негізгі міндеті – студенттің мектеп жасындағы оқушылармен жұмысқа дайындық деңгейінің айқындалуы болып табылады. Сынақ сабақтары болашақ маманның оқу кезеңінде жинақталған өзінің білімі мен қабілеттерін көрсетуіне және жаттығу жүргізген кезде ұйымдастырушылық қабілеттерін танытуына мүмкіндік береді.

Соңғы екі жылдағы сынақ сабақтарының нәтижелерін талдай отырып, студенттерді дайындаудағы келесідей негізгі кемшіліктерді атап өткен жөн:

- басқа теориялық және практикалық пәндермен байланысты табу мен қолдануға икемсіздігі;
- сабақ жүргізгін кезде арнаулы көмекші құралдардың жеткіліксіз пайдаланылуы;
- жаттығулардың ерекше жағдай мен ортада жүйесіз жүргізілуі, бұл оқу үшін және қателіктерді түзетуге әдістемелік тәсілдердің таңдауына әсер етеді.

Біздің пікірімізше, осы кемшіліктердің негізгі себебі: 3-курста оқу практикасына бөлінетін сағаттардың аздығында болып отыр. 1-2 курстардағы уақыттың басым бөлігі студенттердің дене мүмкіндіктері мен қабілеттерінің техникасының дамуына бөлінеді. Сонымен қатар, қозғалыс техниканың қарапайым элементтеріне үйрету және 1 – 2 курстардағы сабақ бөліктерін өткізу бағытындағы әдістемелік зерттеулердің орындалуы, студенттердің оқу практикасына дайындық деңгейінің артуына оң әсерін тигізген болар еді.

Спорттық жарыстар оқушылардың дене тәрбиесінің жетекші түрлерінің біріне айналып келеді. «Жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасындағы спорттық жарыстарды ұйымдастырудың мазмұны мен ұйымдастырылуы» жөніндегі әдістемелік нұсқаулар да осыған бағытталған.

Кейде «жаңаша ойлайтын мұғалім неге және қалай оқытады?» деп сұрап жатады. Олардың еңбектерін талдау көрсеткеніндей, өзінің түлектерімен бірге ол; әрбірінің тұлғасы тиімді дамитындай жағдайлар туғызумен айналысады. Мұнда ең бастысы - білімге, шеберлікке, дағдыға, өзін жетілдіруге қол жеткізу тәсілдеріне үйрету, өзінің қызметін талдауға үйрету.

Мектептердегі көпжылдық бақылаулар көрсеткендей, мұғалімдер мен студент-практиканттермен бірлескен жұмыстардың, спорттық жарыстардың жоғары ағартушылық және тәрбиелік тиімділігі тек әдістемелік жағынан сауатты даярланып, өткізілген жағдайда ғана болмақшы.

Мектеп оқушылары спорттық жарыстарға: 1-3 сынып оқушыларына арналған «Жеңіл атлетика. Кросс», «Наурыз», «Алтын күз», «Достық» сайысына әрқашан қанағаттанушылықпен қатысады. Мектепте әруақытта «Үміт сөресін», «Көңілді сөрелерді» өткізуге мұқият әзірленеді, ондағы балалардың құштарлығы, бір-бірінің көмегін сезінуі, командадағы ең әлсіз ойыншыны қолдаудың өзі, жоғары нәтижелерге жетуден гөрі аса маңыздырақ. Балалар дербес жаттығуларға дағдыланып, разрядтық нормаларын орындайды.

Спорттық жарыстар — педагогикалық процестің ажырағысыз бөлігі және олардың ұйымдастырушы, төреші, тікелей қатысушылар немесе көрермендер, яки, жанкүйерлер болуына карамастан, оқушыларды жан-жақты тәрбиелеудің тамаша мектебі. Жаттығулардың бір түрі есебінде жарыстар бүтіндей міндеттер кешенін шешуге көмектеседі.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Мектепте оқушылардың әскери-дене тәрбиесіне көбірек көңіл бөлінуі керек. Көпшілігі спорттың әскери-қосымша түрлерімен айналысады. Мектепте биатлон, ату секциялары жұмыс істеуі маңызды. «Зарница» және «Орленок» сияқты әскери-спорттық ойындар мектепте үлкен өрлеумен өтуі, бұлардың бағдарламалары жылдан-жылға күрделілендіріліп, қызғылықты бола түсуі қажет.

Мектепішілік спорттық жарыстарды өткізу, тек оқушылар белсенділерінің көмегімен ғана мүмкін болады, олардың оқуын ұйымдастыруға дене тәрбиесінің ұжымы ықпалын тигізіп, сыныптық және жалпы мектептік ата-аналар комитеттері, қамқорлық жасаушы ұйымдардың спортшылары, студент-практиканттар, мектептің аумағында тұратын спорт ардагерлері айтарлықтай жәрдем бере алады.

Сабақ барысында акробаттық жаттығулар кешенін оқушылардың ағымдағы және қорытынды қозғалыс даярлығын бағалау тәрізді, жаңа қозғалыстарға жаттығып, дене қабілетін арттыру үшін де пайдалануға болады. Түптеп келгенде, акробаттық жаттығуларды сенімді түрде және жеп-жеңіл орындауына қол жеткізген жөн, осылайша оқушылардың ептілігін, тепе-теңдігін, бұлшық еттерінің статикалық жұмыс кестесінен дамушы режимге және кері бағытқа ауысу қабілетін дамытуға болады.

Жаттығулар кешендері күрделілігін өсіре түсіру тәртібімен орналастырылған жөн. Қыздар мен жігіттерге жаттығуларды таңдау құқын берген дұрыс, әрі тек қана кешендерге кіретін элементтердің бәрін меңгергеннен кейін барып, бұлардың сан алуан түрлерін орындауын талап етуге болады. Бастысы, оқушылардың күш қабілеттерін дамытуға арналған кешендердің бірін есінде сақтағаны және оқу жылының өн бойында оны арттыру мақсатымен жүйелі түрде орындағаны абзал. Соңғы жағдайда кешенді не күрделілендірген дұрыс (қайталаулар санын ұлғайту жолымен), не оны даярлық деңгейін ескере отырып, демалыс үшін үзіліссіз 2-3 рет қатарынан орындаған жөн.

Кешендерге енгізілген жаттығулар, жалпы жиынтығында балалар мен жасөспірімдердің ағзасына құрамды әсерін тигізеді. Дейтұрғанмен, жекелеген кешендердің күш қабілеттерін, ептілігін дамытуға, тыныс т.б. анализаторының жақсартылуына басым бағыттылығы бар.

Кез келген жарысты негізді түрде, ешқандай асығыссыз өткізіп, оның әсерлілігі мен лайықты салтанатын қамтамасыз еткен дұрыс.

Ағартушылық және насихаттық тиімділігі, тек жарыс бағдарламасының оған қатысушылардың техникалық және физикалық даярлығына сәйкестілігінің бірсыпыра шарттарын сақтаған кезде ғана: олардың әдістемелік жағынан сауатты ұйымдастырылуын, төрешіліктің әділдігін қамтамасыз еткенде, қатысушылар мен көрермендердің психологиялық көңіл-күйін шебер басқарғанда барып, мүмкін болмақшы.

Тәжірибеде төмендегідей төрт қағиданы ескеру керек екені белгілі:

1. Әрбір жарысты ауқымына қарамастан, оқушылар мен олардың жанкүйерлері бұған қатысқандарынан ләззат алуы үшін, мұқият әзірлеп, өткізу керек.
2. Жарыс барысын, бүкіл сценарийді ұсақ-түйегіне дейін, төрешілер алқасының нұсқауынан, алаңның бөлінісі мен оның көркем безендірілуіне дейін ойластыру керек;
3. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жедел айқындап, жарыс аяқталған бойы көрермендердің көзінше оларға жүлделерін табыстаған дұрыс.

Мектептегі спорт жарыстарын әзірлеу мен өткізу әдістемесі тұтастай іс-шаралар кешендерін қарастырады, бұлар төменде бағдарлық жоспар түрінде көрсетілген.

Ынталы топтың немесе ұйымдастыру комитетінің құрылуы, оның құрамы алдағы жарыстың ауқымына байланысты. Ең оңтайлысы -жарыстарды ұйымдастырудан тәжірибесі бар 3-5 адамнан құралуы.

Жарыс күні, таңертеңгілік мектепке тақағаннан-ақ, көтеріңкі көңіл-күй сезіледі. Мектеп стадионы жарқырап тұр, саз ойнауда, ұлдар мен қыздар шеруде тізіліп қалған.

Мектептің ең күшті деген спортшылары олимпиадалық жалауды алып шығады, ал олимпиаданың ең белсенді қатысушылары, әдетте, мектептегі қалалық лагерьдің командалары болады.

Балалар өзара 60 және 100 метрге жүгіруден, биіктік пен ұзындыққа секіруден, граната лақтырудан, арқан тартысудан жарысады. Жарыстардың төрелігін жақын ықшам аудан аумағында орналасқан мекемелер мен кәсіпорындардың өкілдері өздерінің мойындарына алады. Жазғы уақытта ықшам ауданда сондай-ақ, «Көңілді сөрелер», біркүндік және екі күндік туристік жорықтар жүргізіледі.

Командалардың (сыныптардың, отрядтардың) жаттығуларында сабақтардың алуан түрлері қолданылады: «денсаулық сағаттары», секциялық немесе қосымша сабақтар. Бұларда балалар ойын тапсырмаларының шарттары мен тәртіптерін және бүтіндей алғанда, жарыстардың бағдарламаларын меңгереді. Төрелік етуші комиссияны (бригаданы) төрешілік санаттары немесе жарысқа төрешіліктен тәжірибесі бар оқушылардың, педагогтердің, арнайы түрде шақырылған спортшылар мен спорт ардагерлерінің, ата-аналардың қатарынан іріктейді және бекітеді.

Жеңімпаздарды,жарысқа қатысушыларды, сондай-ақ анағұрлым белсенділік танытқан көрермендерді марапаттау үшін, дипломдарды, грамоталарды, вымпелдер мен сувенирлерді, жүлделерді даярлайды. Әдетте, мектеп жарыстарының көпшілігі қаржыландырылмайды. Сондықтан жүлделер мен сувенирлерді дайындау үшін, оқушылардың-өнерін, еңбек пен сурет сабақтарын, мектеп шеберханаларындағы жұмыстарды пайдалану керек. Ең жақсы эмблемаға, сувенирлерге, жүлделер мен тағы басқа түрліше спорттық белгілерге байқау жарияланғаны дұрыс.

Әділқазылар алқасы мен құрметті қонақтар құрамының айқындалуы және олардың дер кезінде хабардар етілуі - жарыстың түрі, өтетін уақыты, орны мен күні көрсетілген шақыру билеттері тапсырылуы тиіс.

Болашақ төреші-хабаршының даярлығы: Жарыстардың түрі мен бағдарламасын ескере отырып, олар дене тәрбиесінің және еліміздің, Республиканың, өз аудандарының өміріндегі спорттың тиісті түрлерінің тарихынан материалдар, сонымен қоса, мектептегі қызғылықты дене шынықтыру мысалдары жөнінде, қатысушылар, қонақтар мен көрермендер туралы мәліметтер жинақтауы тиіс. Жарыстарға әзірлік пен оның өту барысын насихаттау жөніндегі комиссия мүшелерін - суретке түсірушілерді, жас суретшілерді және т.б, материал жинауға және жарыс барысын көрсетуге дайындау қажет. Материалдық бөлігін тексеру - спорт жабдықтары мен құрал-саймандарын, залдың немесе алаңның бөлінісін, дыбыс аппаратурасын, төрешілер алқасы мен қатысушылар үшін кеуде белгілерінің болуын, т.т. тексеру керек. Оқушылардың дене тәрибесі жүйесінде көрсетілген жарыстармен қатар, күнделікті сабақтағы тыныс алу жаттығулары мен акробаттық жаттығуларды дене тәрбиесі енгізу өзектілігі артып отыр .

Неғұрлым жиірек тыныс алған сайын, соғұрлым допты нысанаға лақтыру нәтижесі де төменірек. Сондықтан оқушыларға бұл жағдайда: «тереңірек тыныс алыңыздар!» дегеннен гөрі, «сирегірек тыныс алыңыздар!» деген кеңесті ұсынған дұрыс.

Тыныстың жиілеуін қалпына келтіру үшін, әрбір 20-30 секунд сайын бір-екі тыныс алу мен шығарудың орындалуы, мейлінше тиімдірек тәсіл болып табылады. Терең тыныс алу мен шығарудың арасындағы үзілістің қысқартылуы, сондай-ақ, бұлардың мөлшерлеуінің ұлғайтылуы дәлме-дәл қозғалыс әрекеттерін орындаған кезде, теріс әсерін тигізеді.

Жоғарғы кәсіби білімнің көп деңгейлі және көп басқышты даярлық жүйесіне көшірілуі, жоғары оқу орындарынан мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларын құрған кезде, талапкерлердің жалпы және арнаулы (кәсіби) дайындығының деңгейін ескеруін талап етеді.

Жоғарғы педагогикалық оқу орындарында дене тәрбиесі мұғалімін дайындаудың оқу жоспарларының талдануы, бұларда оқытудың ағартушылық-кәсіби бағдарламаларына оқу уақытының көлемі берілгені, соның ішінде жалпы мәдени саладағы пәндерге - 258 сағат, психологиялық-педагогикалық - 388 сағат, дене тәрбиесі мен спорт жөнінен пәндік - 2198 сағат, дәрігерлік-биологиялық салаға - 308 сағат.

Оқу пәндерінің көпшілігі, соның ішінде әсіресе, пәндік және дәрігерлік-биологиялық бағыттағы пәндер, атауы мен мән-мазмұны (негізінен) жөнінен, «дене тәрбиесі мен спорт» мамандығы бойынша жоғарғы білім берудің ағартушылық-кәсіби бағдарламаларына сәйкес келеді.

Орта кәсіби білім негізінде күндізгі бөлімде дене тәрбиесі мұғалімін дайындаудың біз ұсынған оқу жоспары, осы мамандықтың мемлекеттік стандарты құрамдастарының барлық пәндерін, оқу қызметінің педагогикалық практикасының түрлерін қамтиды, әрі 3 жылдық оқуды аңғартады. Оқу мерзімінің қысқартылуы, оқу уақытын әрбір пәнге және жұмыстың басқа түрлеріне қайтадан бөлу, бұл өз кезегінде оқыту мен ұйымдастыру технологиясын жасау қажеттілігін туғызады.

Мұндай даярлықтың ерекшеліктері, біздің ойымызша мынадай болуы тиіс:

- Интеграцияланған және әдістемелік-шолу сабақтарының кіріспесі.
- Аудиториядан тыс және дербес жұмыс уақытының ұлғайтылуы, бұл өз кезегінде әдістемелік ұсыныстардың оқу құралдарының жасалуын талап етеді.
- Бақылау жұмыстары санының артуы, оқылатын пәндер бойынша рефераттар жазу.
- Педагогикалық практиканы өту кезінде ПФСС курсының тереңдетіп оқылуы.

Оқу орындарына лабораториялық сабақтар өткізу қарастырылған, практикалық сабақтар саны көбейтілген, мақсатты бағыттағы дербес жұмыстар үшін тапсырмалар ауқымы кеңейтілген, жүйелі бақылау түрлері айқындалған, түлектердің кәсіби қызметке дайындығы педагогикалық практика барысында, сондай-ақ алдын-ала мектепте сабақ өткізіп, сынақ тапсыру кезінде айқындалады.

Белгілі жайт, студенттердің қозғалыс әрекеттерінің белсенділігін қалыптастыру кезінде әрбіріне мұқият жеке тұрғыдан келу керек, оның іске асырылуы әрбір адамның жеке- психологиялық ерекшеліктерін нақты білуді талап етеді.

Халық ойындары мен ойын әдістерін дене тәрбиесі мен спорт жұмысында қолдана білушілік – дене тәрбиесі бойынша болашақ маман, педагог-бапкерді кәсіби дайындаудың негізгі түрлерінің бірі.

Қазіргі уақытта ұлттық спорт пен ойын түрлері дене тәрбиесі факультетінің оқу жоспарында дербес орын алады. Факультетте “Ұлттық ойындар” курсының қайта өрлеуі мен педагогикалық практикада халықтық ойынға аударылып отырған маңызға және жоғары әлеуметтіік- мәдени және рухани қуатқа ие ұлттық спорт түрлері мен ойындарының бүтіндей дамуымен тығыз байланысты.

Курс бағдарламасы студенттердің дене тәрбиесі жөнінен сан алуан жұмыс түрінде бұларды кеңінен пайдалану мақсатымен, ұлттық ойындарды оқуын қарастырады.

Курстан өткен кезде студенттер, қазақ ұлттық ойындары мен басқаларының пайда болу тарихы мәселелерін, ұлттық спорт пен ойын түрлерінің элементтерін оқушылардың дене тәрбиесінде қолдану тиімділігінің теориясын оқиды, сондай-ақ ұлттық ойындардың бай фольклорының практикалық материалын меңгереді, педагогикалық және ұйымдастырушылық дағдыларды игереді.

Факультетте алынған білім, шеберлік пен дағды көлемі түлектердің, халық ойындары мен спорт түрлерін жұмыс орындарында сауатты ұйымдастырып, насихаттай алатын білікті мұғалім, жаттықтырушы болып шығуына мүмкіндік береді.

Жоғарғы мектепте оқытудың түрлері мен әдістерін жетілдірудің бүгінгі мәселесі өте-мөте өткір қойылып отыр, әсіресе, педагогикалық кадрлерді даярлайтын жоғарғы оқу орындарында.

Жалпы білім беретін және кәсіби мектепті реформалаудың негізгі бағыттарында, атап айтқанда, «білім беру мен тәрбиелеудің сапасын арттыру, әрбір пәнді оқытудың анағұрлым жоғары ғылыми деңгейін қамтамасыз ету, мұғалімнің қоғамдық беделі мен дәрежесін, оның теориялық және практикалық даярлығын көтеру» жөнінде жазылған.

Даярлықтың негізі, нені және қандай көлемде оқыту керектігін айқындайтын мемлекеттік құжат - бағдарламасы болып табылады.

Мектептегі педагогикалық практика жетекшілерінің көп ренішін білдіретіні, практикант-студенттер жаттығуларды біледі, бірақ сабақ беру әдістемесін игермеген, осы жаттығуларды қашан және не үшін қолдану керектігін білмейді, сабақтарды үйреншікті әдіспен, шығармашылық ізденіссіз жүргізеді. Оның себебі, оқу барысында болашақ мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін қалыптастыруға бағытталған кәсіби-педагогикалық практика, оны жетілдіру қуаты мен жолдарының көптігіне қарамастан, тек ішінара ғана іске асырылады.

Өздерінің күнделікті практикалық қызметінде оқытушылар студенттерінің сынақтарын (зачеттерін) уақытылы тапсыруына мүдделілігі соншалықты (бұған оларды дене тәрбиесі факультетінің әкімшілігі де міндеттейді), бұл олардың кәсіби ұстанымына айналып отыр.

Өткізілетін сабақтың негізгі міндеті болса (кез-келген оқу орнындағы), екінші орынға қойылады.

Түрлі қозғалыс дағдыларын қалыптастыратын жаттығулар жеткілікті. Әрі болашақ мұғалім олардың бәрін білуі және әрқайсысын дұрыс, мақсатты қолдана білуі тиіс. Дене тәрбиесінің мұғалімдері түрлі жастағы және даярлығы түрліше деңгейдегі оқушыларды үйретумен айналысады. Демек, үйретуші әдістемені білуі керек, үйренушілердің қайсыбір қимыл тәсілін үйренуге икемділіктерін анықтай алуы және түрліше даярлық деңгейіндегі оқушыларға нақ қажетті әдістерін қолдана білуі, бұл үшін әдістемелік тәсілдерге үйрету әдістерін меңгеруі қажет.

Практикалық сабақтарда студенттер жаттығулардың бәрін тек тәуір меңгеріп қана қоймай, бұлардың әрбірінің техниканы қалыптастырудағы, жалпы және арнаулы бағыттағы дене сапаларының дамуына ықпал дәрежесін де білуі тиіс. Жаттығулардың біразының кешенді әсері бар, бірақ бұл арада әңгіме нақ дағдыны қалыптастыруға бағытталғандары жөнінде болып отыр. Егер жаттығу осы міндетті шешетін болса, оны қолдануға болады, әрі мұқият зерттеген дұрыс. Сонымен қоса, әр жаттығудың техникасын, оның бағытын, өзгешелігін бүге-шігесіне дейін түсіндіру міндетті. Бұған бәрінен гөрі, көп жағдайда педагогтің шығармашылығынан туындайтын әдістемелік тәсілдерді көрсету, түсіндіруді қолдана отырып, қол жеткізіледі. Алайда, практикалық сабақтағы шығармашылық процесс біржақты болмауы тиіс, студенттердің белсенді қатынасы қажет, оларды нақ алғашқы сабақтардан-ақ, тек бағдарламалық материалдарды ғана емес, оқытушы жұмысының ерекшелігін түсінуіне бағыттау қажет.

Студенттерді сабақ кіріспесінің әдістеріне, сөз мәдениетіне, өзін-өзі ұстау мәнеріне, терминологияны білуге, «жұмыс» ымдарына, дыбыс және көру белгілеріне, жұмыста бұйрықтар мен нұсқаулар беруге, түрлі топтарды басқаруға, өзгерген жағдайларда жұмыс жасауға үйрету қажет. Тек педагогикалық шеберліктің осынау аса маңызды құрамдас бөліктеріне тұрақты назар аударған жағдайда ғана, нәтижеге жетуге болады.

Әдістемелік-шолу сабақтары тек қана өткен материалды жинақтауға ғана арналуы тиіс емес. Бұл жерде оқытушы практикалық сабақтарда қолданылған барлық

жаттығулардың нақты негізделген жүйесін тұжырымдайды, атап айтқанда, жаттығулардың міндеттерін, олардың бағыттылығын, әрбір нақтылы жағдайда бұларды қолданудың маңыздылығын әрі бұларды берудін педагогикалық тәсілдерін егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Әдістемелік-шолу сабақтары, оқу процесін ұйымдастырудың бір түрі есебінде сан қырлы болуы мүмкін, дегенмен де, бұлардың әрбірінің мазмұны, негізінен, жоғарыда айтылған ұсыныстарға сәйкес бағытта болуы тиіс.

Оқу практикасы, әдетте, пәннің практикалық бөлігін оқуымен аяқталады. Студенттер сабақтарды өздерінің оқу топтарында өткізіп, осылайша алған білімі мен педагогикалық шеберлігінен есеп береді.

Студенттердің педагогикалық шеберлігін қалыптастыру өзекті мәселе. Студенттердің сабақ өткізуге тікелей қатысын ешқандай лекциямен, әңгімелесумен, сауалнамамен айырбастауға болмайды. Нақтылы бір пән бойынша алғашқы сабақтардан бастап, студенттерді бастапқыда бақылаушы-стажерлер ретінде, содан кейін оқытушы мен сараптамашылардың көмекшілері ретінде жұмысқа тартып, тек содан кейін ғана осының бәрін сабақ өткізумен түйіндеп, дербес жұмыс тапсыруға болады.

Тапсырмалардың ауқымы кең ең көп таралған қозғалыс техникасына тән қателіктерді табудан бастап, сабақты жүргізетін оқытушының қызметін талдауға дейін қамтиды, әрі студенттер жұмысын бағалау қажет. Осылайша, оқу практикасының шеңбері кеңейіп, нақтылы бір пәнді оқытудың бар уақытын қамтиды. Егер де сабақтардың өтуін өздерінің оқу топтарында емес, балалармен өткізетін болса, оның пайдасы көбірек.

Оқу практикасының міндетті түрде өткізілуін қарастыратын практикалық пәндердің барлығы, дене тәрбиесі факультетінің оқу жоспарында 10-нан астам. Егер де студенттердің кәсіби-педагогикалық дағдыларының қалыптасуы, жоғарыда аталып өткен ұсыныстарды ескере отырып, жүзеге асырылатын болса, болашақ мұғалімнің қаншалықты маңызды даярлықтан өтетінін көзге елестетуге болады. Бұдан басқа, әрбір пән жүргізуші-оқытушы өз тарапынан осынау процеске, дене тәрбиесінің мұғаліміне қажетті өзіндік шығармашылығын қосады. Сөйтіп, жоғары оқу орындарында өте-мөте қажетті саналатын кәсіби-педагогикалық дағдыларының жеткілікті қалыптасуына әсерін тигізеді .

Қорыта келе мұнда сол оқушылардың дене мүмкіндіктері мен қозғалыс қимыл екрешеліктерін ескеру, болашақ мұғалімдердің психологиялық тұрғыдағы даярлығын, жалпы кәсіби дайындығын жетілдіруге арнайы әдістерді қолданудың қажеттілігі туады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Химия мектепте. -2005 -№ 3 -16 б.
2. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасының Президенті. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана: Елорда, 2006, 48 бет.
3. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы және практикасы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2004.-304б.
4. Мұхамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-ІІІ, 2006. 166б.
5. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. -277б.
6. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000. – 72 б.
7. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004. – 96 б.
8. Тілеулов Э.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы.2003

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘӨЖ: 376

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТИЗМ

Қуанышбаев Бахытжан Жанадилович
Қожабай Салтанат Кеңесқызы
6В01404-Бастапқы әскери дайындық
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
аға оқытушы, полковник,
Түркістан, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451580

To Cite: Қуанышбаев Бахытжан Жанадилович, & Қожабай Салтанат Кеңесқызы. (2024). ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТИЗМ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451580

Аннотация: Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру қоғамның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін нығайтуға, Қазақстан халықтарының шоғырлануына бағытталған дүниетанымдық сипаттағы бағдарлардың, құндылықтар мен идеалдардың кешенін білдіргендіктен, өтпелі кезеңді бастап кешіріп, әлемдік өркениеттік қауымдастықтан өз орнын табуға ұмтылып отырған біздің еліміз үшін қажет. «Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу», «Елдік, бірлік, ұлттық рух пен ұлттық тәрбиені жаңғырту», «Тарихи сананы қалыптастыру» Отансүйгіштік, ұлттық сананы жинақтап зерттеу, саралап игеру, жаңғырту, ұлттық құндылықтары қарастырылған.

Тірек сөздер: Патриотизм, педагогика, тәрбие, білім, психология.

Аннотация: Формирование казахстанского патриотизма необходимо для нашей страны, которая, выражая комплекс ориентиров, ценностей и идеалов мировоззренческого характера, направленных на устойчивое социально-экономическое развитие общества, укрепление независимости и безопасности государства, консолидацию народов Казахстана, стремится начать переходный период и найти свое место в мировом цивилизационном сообществе. Рассмотрены «Национальные ценности патриотическое воспитание» подрастающего поколения «Модернизация национального духа и национального воспитания формирование исторического сознания", патриотизм, обобщенное изучение, дифференцированное освоение, модернизация национального сознания.

Ключевые слова: Патриотизм, педагогика, воспитание, образование, психология.

Білім жүйесін, лажы келсе, қазіргі заманғы білім, әдістеме технологияларын артта қалдыра отырып, бірақ әлеуметтік база мен оқыта тәрбиелеу үдерісін патриоттық мәнін шұғыл кеңейте отырып қарастырған жөн. Яғни, әлеуметтік – патриоттық – бағытталған білім тек білімнің қайнар көзі ғана емес, ең алдымен құрамына ар-ождан тәрбиесі өзінің борышын сезіну, патриоттық сезімі, ел алдындағы жауапкершлігі, мемлекеттік қоғамдық-ұжымдық ерекшелігін меңгеру, өз отанының «Үлкен үйі» ретінде қабылдау сияқты басты ар-намыс тәрбиесіндей негізі болуы керек .

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Патриотизм идеясы «игі ниеттер» не жоспарланған іс-шаралар сияқты ұғымдарға қосылып кетпес үшін бүгінгі күні патриотизм идеясын оның қоғамдық ресурстарына қатыстыру, «Мақсат – қаражат» тұтастығына ұштастыру өте маңызды болып табылады. Патриотизм идеясы азаматтардың өз Отанының қуаттылығы мен күшіне деген сенімі, тарихтың айтулы дәстүр негізінде біреуге деген талпынысы - ресурстардың әлі толық жұмсай қоймаған идеяларының бірі деп санауға болады. Сондықтан ғана дүние жүзілік қоғамдастықта бұл идеяның дамуының несін өзгертуге болады, қандай әлеуметтік қабатты жұмылдыруға, қандай әлеуметтік, рухани қорларының сүйенуге болатынын барынша дәл айқындап алу қажет .

Патриотизм қор ретінде өзінің қалыптасуы мен игерілуіне «қаржы салымын» талап етпейді. Ол барлық қоғамның ішкі сипаты болып табылады, сондықтанда қоғамның әр түрлі қабаттардың бұқаралық әлеуметтік пайдалы қызметтеріне бағытталған жандандырылуының жолын табу өте маңызды. Қазіргі күні елдің патриотизмі мәселесі өзекті етуі талап ететін қоғамдық жағдайдың ерекшелігіде көрсетіліп жүр. Бұл ерекшелік – ең аз мөлшердегі өзгерістер мен олардың бағытының мүмкіндік қарқыны айқын көрсетілген елдер мен халықтардың ерекше өмір сүру ортасын құратын – ақпараттық - технологиялық кеңестік ақпараттық, постиндустриялдық қоғамда қалыптасқан. Бұл бұрынғы айқын, заттық, контурлар не шекаралары жоқ виртуалды кеңестік. Бұнда «ерекше ештеңе көрінбейтін», бірақ болуы қалпы өте жоғары радиациялық жұқтыру жағдайына өте ұқсас.

Қоғамымыздағы уақытты пайдалану жолдарына қарасақ, өміріміздің жаңа уақытша құрылымы бағытындағы екінші толқын ырғағының нәзік, бірақ пәрменді жылжуды байқаймыз. Шақырылған үшінші толқынның таралуына байланысты әлеуметтік өмірдің басқада белгілеріннің қатарлас жатқан деммассификациясымен іс жүзінде уақыт демассификациясы туды...», - деп жазады А.Тоффлер.

Осылайша, бүгінгі күні патриотизм елді көзге көрінетін жаулардан емес, сол не басқа мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен өзгешелігі үшін қауіпті екеніне қарамастан, батыстық өркениеттің нормалары мен принциптерінің механкалық түзілуі көзделген ескілік пен тоқыраудан, либерализм мен космополитизмнен қорғау қызметімен айқындалады.

Бүгінгі күні патриотизм ұстанымы – бұл елдің жаңаруға, шаруашылық тиімділігінің шұғыл артуына, алға озып шығу үшін барлық әлеуметтік күштерді шоғырландыруға, енжарлық пен битарптылықтан өз болашағымен қазіргі кезіне шығуға деген талап талпыныс.

Патриотизм тек осы негізгі бағыттарда ғана аталмыш қауымдастықтан гөрі әлдеқайда қиынырақ болып келетін сол не бөтен халықтың қалыптасқан қоғамдық ортасында ұлттық қауымдастықтың бейімделу қызметін атқарады. Мұндай бейімделу бір жағынан, сыртқы ортаның үлкен қысымы мен өзгеріс талаптарына қарамастан, аталмыш қауымдастық өзін, өзінің ерекшелігін сақтап қалу керек, ал екінші жағынан, оның талаптары мен «сұранымдарына» жауап беру қажеттілігі, өмір ырғағы, технологиялар, ұйымдар мен басқармалардың түрлері тағы басқа сияқты сыртқы ортамен әрекеттесу сияқты шиеліністерді шешуі тиіс.

Мұнда қажетті шараны сақтау өте маңызды «ішкі» не «сыртқы», екі қарама-қайшылықтың бірін артық көру сияқты келген асыра сілтеу – мына бейімделуді жояды: өзгерістерге деген серпімін жоғалтып, тұйықталып қалады не жеке жеткілікті жақтарының барлығын ұмытып, сыртқының барлығын толығымен қабылдайды. Сыртқы мен ішкінің үйлесімділігі өлшемін ұстанғанда ғана – патриотизмнің қазіргі заманғы рөлі көрінеді.

Өзіндік ерекшелік , шыныменде ең басты құрметтерінің бірі ретінде және бір мезгілде аталмыш қоғаммен әлеуметтік қасиеті аталмыш қауымдастық өзінің ерекшелігін

жоғалтса, өмір сүруденде қалды деген оның жеке меншік тұрмысының шарттары мен талаптары ретінде көрінеді.

Ерекшелік тек мәдени феномен ғана емес, өзінің жеке уақыт, дәстүр, адам іс-әрекеттер мен жүріс-тұрыстарының, мінез-құлықтарының, дүниетанымдарының мәдени «кодтары», кеңістігінде ара-жігі ажыратылған аталмыш қоғамнын тұрмыс тәсілі болып табылады. Аталмыш қоғамнын тек осы ішкі «тәртібі», оның «табиғи жағдайы» ғана патриотизмді сыртқы факторлар мен сыртқы күштерден корғай отырып, сақтайды.

Дегенмен, бұл ерекшеліктің шекарасы анық және мәнді түрде көрсетілмеген. Ол мағынасы, бейнелемелер түрінде тек виртуальды түрде ғана өмір сүреді. Патриотизм-ұлттық ықылас пен ұлттық егеменділіктін шектеулі не бұзылуы арқылы көрінетін, осы айқын емес шекараларын қорғау үшін қоғамнын орнатқан қондырғысы. Айқын емес, виртуальды бірақ, ерен маңызды бұл шекараның автономдығын сақтап қалу адамгершілік міндет ретінде – қоғам мен Отанның сақталып қалуының кепілдігі. Сондықтан да патриотизм - бұл адамдардың өзі үшін шексіз бағалы, зақымсыз ажырау мүмкін емес ретінде туған ішкі күйзеліс.

Бірақ мұнда жеке ұстаным жинақталатын болғандықтан (онда ынтымақтастық пен адамдардың қолдауының қалыптасуы қоғам нығаюының құралы ретіне), әсіресе барлық «бейтаныстарға» қатысы патриотизм өзінің тұрмыстық ерекшеліктер шекарасын бөлек әлеуметтік қатынас (олар арқылы көріне отырып,бір мезгілде онда сақталады) шенберіне шығаратын – социум-субьект болып орнайды, оған көбінесе – ерекшелікті бекіту, мағына, құрылым, мақсаттарын көрсету бағытындағы барлық қарым-қатынастар мен көзқарастарды реттейтін әмбебап әлеуметтік-мәдени, рухани және практикалық норма болуға мүмкіндік береді.

Билік егемендігінің құқықтық және саяси реттеуі мемілекетке тиесілі болғандықтан, патриотизм сакральдылықтың әр түрлі өзіне тән қызметтерін қалыптастыра отырып, Отанның, ата-мекен мәртебесіне ие болатын қоғам ерекшелігін мемлекетке бағыттайды.

Патриот ешқашан да тұлғаға ерекше рөлдік ұстаным, қандай да бір қызметтік нұсқауларымен,әлде біреулермен жарияланған өкілеттілікпен, мәртебемен, қызметтермен немесе әлеуметтік рөлдермен қоғам тұрмысымен модусы ретінде де берілмеген. Патриот бүгінгі күні ғана емес, өткен өмірде де, тарихында да өз Отанын терен бүтіндігін қабылдайды, сондықтан да патриотизм тұлғаның, қоғамның не қауымдастықтың әлеуметтік не басқада рөлі емес,адамның өз еліндегі, Отанындағы тұрмыс тәсілдері болып табылады.

Ауруларды толық спекторымен жұқтырған (экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, этноұлттық және гендерлік) өркениетті қоғамда патриотизмге тағы бір қасиет – өз иммунитетінің күші мен жағымды мотивациясының арқасында өзін өзі сақтауға , өмір сүру және нығаюды қалуына, өмірлік тұрақтылыққа жету мүмкіндігі орнатуға илік беретін, әлеуметтік-терапевтік қасиет тән.

Сондықтан да патриотизм – бұл елі үшін өз еркімен жауапкершілігі мойынна алу, ал жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы, іс-әрекеттеріне өз ар-намысы бақылаушы болады. Ешкімгеде патриот рөлін ойна деп, өзінің отанымен, елімен патриоттық тұтастық күйзелісін жариялауды тапсыруға болмайды.

Қазіргі жағдайда патриотизмнің қазіргі заманғы нышанын анықтап ашу басты мәселе болып отыр. Соғыс ардагерлерімен майдангерлері өздерінің нышандары қаншалықты қымбат болғанымен, қазіргі жастарда біздің өркениеттелігімізді білдіретін өз нышандары бар. Сондықтанда бір нышанның екінші бір нышанға ауысуын, оның ішкі тұтастығын түсіне білу керек. Тағы бір жағынан патриоттық нышанның қалыптасуының қазіргі: бейнелердің құрамына қандай оқиғалар кіреді,қандай негіздемелерге сүйене

отырып, мазмұны ретінде не алынады және т.б осы сиақты талдамалар да - ең өзекті мәселлердің бірі болып отыр. Патриотизм қор менгеру денгеймен және қоғамымызды дамыту үшін ел-жұрты шаттықпен жандандыру негізінде ғана құтылуға болатын осындай міндеттерді атқару мүмкіндіктермен тығыз байланысты болғандықтан бұл мәселені шешуді кешеулетпеу керек.

Патриотизм-бұл ірі мемлекет, отан тұрмысымен, өткен буын мен олардың істеген данықты істері туралы естелік термен байланысты адамй тіршіліктің ұлы мазмұннан тұратын ерекше нышан.

Патриот болу - осы нышандарды оқып білу, олардың мазмұндардын ішінде болу. Берілген нышандардан тәрбелеу қызметтерінің атқара алатын, шамаларымен бірнеше шарттардың шығаруға болады.

Біріншіден, олар өз кешенін де өзіндік ерекшелігін білдіретін елтұтастығын жанғырту керек. Іс-жүзінде өзіндік ерекшеліктің өзі де осы тұтастықты білдіретін, барынша жалпы бейне ретінде өмір сүреді. Тек мазмұны тұтастыққа дейін өсетін және өзіндік ерекшелігіне сүйенетін нышандар ғана оны өзі арқылы көрсете алады, адамдарға держава, мемлекеттік, Отан позициасынан ықпал ете алатын - бұл аталмыш қоғамның тұрмыстық ішкі өлшем ретінде осындай, өзіндік ерекшеліктің панасы болып табылады. Панасы дейтін себебіміз, өзіндік ерекшеліктен айрылуымен қатар, онда француздың немістен, орыстың итальяндықтан еш айырмасы болмайды деген – аталмыш қауымдастықта жояды аталмыш қауымдастықтың ерекше ағза субьект ретіндегі жекеменшік шекарасы анық көрсетілмегендіктен, бұл ерекшелік нвшандарда тұлғаның аталмыш әлеуметтік білімі, еліне деген тұтастығына қатысты күйзелістері арқылы көрінеді.

Екіншіден, бұл нышандар қоғам өмірінің әр түрлі жақтарының; осындай бейнелік кешендерге мемілекеттің өзіндік ерекшелігін сақтап қалуға мүмкіндік беретін практикалық, коммуникациялық, нормативтікжәне т.б. құрылуын мағынасы бойынша біртұтас етіп байланыстыруы керек. Сондықтан да патриоттық тәрбие халық осы нышандарды менгергенде, адамдар мен қоғамдық қауымдастық патриоттық бағыт-бағдармен бірге, жанаса құрылып, шындықты сырттан емес, тұтастық, бірлік тұрғысынан көре алулары арқылы ғана өтеді.

Тұлғалық (топтық) ұқсастық әлеуметтенудің ең манызды аспектісі ретінде, әсіресе жастардың тек осындай жолымен ғана іске асады.

Үшіншіден, бұл нышандарды әр бір тұлға өзінде көру керек. Сондықтан патриоттық мағынаны мензейтін қазіргі нышанда елдің тағдыры үшін жауапкершілік сияқты сезімдермен қатар, әр түрлі қауіп-қатерден
елін қорғау сезімі сияқты терең сезімдер көрек.

Сондықтан патриотизм қоғамдағ әр түрлі қызыметтермен заттық құрылулар, құндылықтар мен мәндердің тегістгін араластыру тәсілі ретінде көрінеді. Патриотизм, өмірдің барлық басқа қырлары, жағдайлар, оқиғалар, Отанның, туған жердің біртұтастығымен және өзіндік ерекшелігімен тікелей байланысқа қойылатын қоғамдық қатынастарды заттандырудың ерекше тәсілі. Олай болса,патриоттыққа тәрбиелеу – елдің ерекшелігі, оның мәдениеті, халықтың әлеуметтік психолгиясы мен социумның ерекшеліктер онда қаншалықты толығымен көрінетіндігі бойынша тұлғалардың, қоғамдық өмірдің мәндік және мақсаттық ұйымдасуына жете білу қабілеттерін үйрету болып та табылады.

Патриотизм ел, халық, қоғамға қызымет ету үшін үлкен стимул болып табылатындықтан, міндетті түрде халықтың әлеуметтік белсенділігін болуын ұйғарады. Осыған байланысты патриотизм қоғамның және өз көзғарастарының ішкі тұтастығы қамтамасыз ететін қоғамдық өмірдің барлық элементтерінің байланысты көрсететін

осындай айқасуды танытатын соцумның ерекше ішкі «күш»ретінде көрінеді. Жеке тұлғалар қоңамда «қуаттардың күшті бағыттарына» түсіп,олардың мағынасын түсіне отырып, елдердің, халқымен оның тағдыры, тұтастыққа қатынасы бойнша барлық іс-әрекеттердің жүйесі бір қалыпқа түсетін ерекше бағытталған ортасында жүре бастайды.

Сондықтан да патриотизмі - адамдардың іс-әрекеттеріне, қоғамның бірігіруіне өзінің ықпалың белгілі бір дәрежеде күшйе түсетін руханй және өнегелі ұстанымдарды нақтылайды.идея белгілі бір жиындықтан тұрғанда ғанаматериалдыққүшке айналатын еске түсіру керек.

Бүгін патриотизм позициясынан қабылданатын қазіргі нышанды көрсете білу өте маңызды. Әрбір сөз,әр бәр кезең,саяси режим сол қоғамның бір тұтастығы мен қасиеттері көрініп тұратын өзінін әлеуметтік рәміздерін қалыптастыратын - В.И.Антонов баса айтып өткен болатын. «Бейнелеме үлгілердің маңызды әлеуметтік мәдени реттегіші ретінде қалыптасуын бүкіл азамат тарихынан көруге болат. Басқаша айтқанда,әлеуметтік бейнелеме-тарихы уқыт әр түрлі кезендермен сатылар,қоғам мен мәдениеттіндаму деңгейіне терең бойлайды. Бірақ, ол сонымен қатар қоғамдық топтармен таптар этномәдени білім әртүрлі тарихи қауым салаларын көзге көрінетін және көрінбейтін жіптермен сабақтастыра отырып тарихи кеңістікте де кеңінен тарала алады. Әлеуметтік нышан тек мәдениетті қана емес бірқатар мақсаттар мен құндылықтар қоғам үшін маңызды тұрғысынан олардың ықпалын мәртебесін анықтайтын аудандар мен қалалардан шыққан әртүрлі институттар мен мекемелер жиынтығында қамтиды.

Әлеуметтік нышан сондай – ақ әлеуметтік қатынастағы әр түрлі ұйымдар мен ұжымдарда тұлға арқылы әсерленеді. Оның құрамында жетекшілердің бірі ретінде кез – келген нышанның мазмұны біртұтастыққа, оның ең асыл құндылықтарына, әлеуметтік әдептілікке, шындыққа жеткізетін патриотизм көрініс тапқан.

Патриотизм - бұл тұлғалардың мемлекеттік мәдени нышанда қоғамдық психология идеология армен мақсаттардың бағытталуында көрініс тапқан біртұтстықта өз қоғамын асырауға бейімделуінің ерекше бет алысы . Кез келген этикалық қауымдастық пен халықтарда өздерінің негізгі тәртіптерін белгілейтін өзіндік ерекшелігін көрсететтін сол қауымдастықтың өмңр сүру бейнесі салынғнан орталық мәени аймағы болды. Ол мәдени аймақ ешқашанда өзіне өзі қабыодау не сезінудің обьектісі бола алмайды ол жасырын вертуалды шындық. Сондықтанда патриотизм тұлғалардың биліктің нормативті, мәртебелі нышандарында көрінетін өзінің әлеуметтік мәдени ортасының бірегей өзіндік ерекшелігімен ыңғайсыздану тәсілдері болып табылады.

Қатынас техника мен спорттағы жетістері аймақтарын мүміндіктерін игеру мен табиғатты қорғау жетістігі ауыл шаруашылығы жетістіктері табыстар арқылы қабылданады. Сол халықтың өзіндік ерекшелігімен біртұтастығын мәдениетін тіін ментолитетін өзінің салт дәстүрлер мен жүріс-тұрыс ережелері тыйымдар сана сезімдер ерекшелігі мен ауыл шаруашылық саласының амалдарындағы қабылданбайтын нормативтілігі арқылы ғана қорғайтын шындық. Патриоттық тәрбие жүйесінің жазылу басты мәселелерінің бірі – патриотизм феноменінің көрінуі болып табылады. Шынымен ақ патриотизмнің кез келген айтылымдары белгілі бір құндылықтары бағытталғандығын мойындау жағдайы және қоғамдық сананың саяси формаларының құрам бөліктерінің бірі ретінде осы феноменнің шындығын ашпайтын, оның тұрмысының жеке негіздемесі осы айтылымдарда көрініс тапқан .

Теориялық зерттеулер мен практикаылқ салаларда мемлекеттік, ұлттық жергілікті және аудандық т.б. патриотизмді бөліп қарайды. Патриотизмнің бұл барлық түрлері өте тығызбайланысты бірақ олардың әрқайсысы онда өзінің ерекше бір қырларын аша түседі.

Мемлекеттік патриотизм бәрінен бұрын біртұтас және жоғарғы мақсат – мемлекет мүддесі мен ұлттық қауіпсіздікті қамтиды. Оның негізінде мемлкет тұлға іспетті қарым-

қатынас жатыр. «Отан» ұғымы мемлкеттік патриотизмнің саяси негізі болып табылады. Мемлекет саяси ақыл ойын адамгершілік мәдениетін дамытатындай дәрежеде болмаса ұлттық тәуелсіздікті мемлекеттік шекаралар тұтастықты сақтап , соғыс кезінде Отанын қорғай алмаса мемлекет бола алмайды.

Бұл – патриотизмді дамыту үшін Отанның тарихын білу, мүдделердің бірлігі мен сол мүдделерді қорғау мен кеңейту; азаматтардың құқықтарын сақтауын бақылауың жөнделген жүйелердің және азаматтардың қоғам алдындағы міндеттерін орындауын бақылаудың болуын ұйғарды.

Осыған байланысты ғана қоғамның билікке деген сенімнің дейгейі артады. Қазақстандық жалпыхалықтық патриотизм көп жағдайда адамның эмоционалды әлемімен тығыз байланысты. «Отан» (үлкен Отан) ұғымы оның рухани-адамгершілік негізі болып табылады. Ол патриотизмнің рухани негізін, халықтың патриоттық тәжірибесі мен оның құндылықтарының мазмұнын ашады. Қазақстандық патриотизм халық пен қоғамның мүддесін қорғай, қамти отырып, және құқықтық нормаларды оырндау барысындағы азаматтық іс-әрекеттеріне бағыттай отырып, бір мезгілде өмір құндылықтары, моральдық норалар, салт-дәстүрлерде бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру арқылы нығайтуға ынталандырады. Қазіргі заманғы Қазақстан патриоттық дәстүрлер мен құндылықтарды елдің меңгергеніне және жеке, топтық мінез-құлық бағдарламалары болғанына мұқтаж.

Қазақстандық патриот – бұл өз тағдырын халқының тағдырымен, Қазақстанға сенетін оның ғасырлық дәстүрлермен байланыстырып, онымен рухани,адамгершілік және эмоционалды тұрғыда байлаулы, қазіргі күн мен болашағын ойлап, сол мақсатта өз мінез-құлқын Қазақстандікімен сәйкестендіретін адам. Өкінішке орай, бүгінгі күні қоғам мен мемлекет тарапынан этномәдени тәрбиенің, әлеуметтенудің толлығуын бақылаудан айрылып қалғандықтан, жастардың көбі халық мәдениетін ескі дәстүр ретінде қабылдайды, сондықтанда қазіргі жастардың құндылықтары мен нормаларының ұлттықтан тыс тәрбие жүйесінде, батыс құндылықтарының аңыздық бұрмалаушылық идеясына негізделеді .

Нәтижесінде, патриотизм тіршілік әрекетінің шарттарының бірі ретінде, басқа шарттардың ішінен , мүмкін жеке мансап ретінде, таза ауызша күйде ғана қабылданады.

Әр ұлттық (қазақ, орыс, татар, башқұрт және т.б.) патриотизм бұрынғы саяси және әлеуметтік түрлерінің рухани мазмұнын сақтайтын өзінің ұлттық мәдениетіне сүйенеді. Ол отанға, ұлттық абыройға деген махаббат сезімін, халықтың рухын оятуы және ұлттық езімдерді салт-дәстүрлерді дамытуы, сондай ақ жоғарғы адамгершілік сезімін қалыптастыруы тиіс.

Жергілікті, аудандық патриотизмді қоршаған ортаға деген өзінің кіші Отанына, ауыл шаруашылық еңбегі, отбасы және туғандары мен өз халқының рухани мәдениетіне деген махаббатынан көруге болады. Табиғи, тарихи, туысқандық және тұрмыстық қатынастық өз халқы мен ата-бабасы рухының элементтері ретінде патриоттық сезімнің бұйымы болуы тиіс. «Отан» (жаралау аясы), «Атамекен» (қара шаңырақ) ұғымдарын балалар қоршаған орта арқылы ерте балалық шағында таниды.

Қазіргі заманғы Қазақстан жағдайында Отанға деген махаббат ұлттық және құқықтық сана сезім, азаматтық өнеге мен табиғи түйсіктерді: өз отбасы, елі, халқы, ауданы, ауласы, спорттық клуб, қаласын қолдау – бастау болып саналатын азаматтық патриотизм үлкен орын алады. Осылайша, азаматтық патриотизм негізінде халқы рухында, ұлтық түсінікте, шығармашылықта ұмтылуда, белсенділік әлеуметтік салада тамыр алып жатқан-саналы талпыныс пен импульс жатыр. Азаматтық патриотизм туған табиғат пен өзін топырағы арасындағы талпыныс болып табылады, ол әлеуметтік мәдениет тұтастығымен тұлғалар өмір сүретін рухани адамгершілік ортаны көрсетеді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ильинский И. Жастар және жастар саясаты. Философия. Тарих. Теория- М.Голос, 2001. – 696 б.
2. Тесленко А.Н.Жастардың әлеуметтенуі: социумдағы педагогикалық қарым-қатынас. - Алматы-Астана: Абай атындағы АМУ, басқару институты. - 2002. – 236 б.
3. Тесленко А.Н., Д.А.Калетаев Қазақстандық жастар әлеуметтенуінің ғылми негіздері; ғылыми-әдістемелік кепілдеме - Астана: ҚР МКИО, 2002. -236.
4. Ақпараттық анықтама. Қазақстан жастар бірлестігі. - Астана , 2002. -144 б.
5. Калашников Н.П. Қоғамдық бірлестіктердің жас қазақстандықтардың әлеуметтік белсенділіктеріндегі рөлі. // Саясат, 2002. - № 3-4.
6. Сарсенбаев А.А., Г.Т.Телебаев, Д.А.Калатаев, А.Т.Шайкенова Ғасырлар тоғысындағы Қазақстандық жастар - Астана, 2000. - 220 б.
7. Тоффлер А. Педагогика. ЖОО арналған оқулық /-Харьков, Минск, 2000.
8. Кенесарина З.У. Американдық оқушылардың әлеуметтік тәрбиесі: Теория және практика . – Алматы: «Өлке», 2000.
9. Рожков М.И., Л.В.Байдосова Мектептегі тәрбие процесінің ұйымдастырылу: ЖОО студенттеіне арналған - М.Владос, 2001.
10. Антонов В.И. Мектепте тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау. М. «Педагогикалық іздеу» орталығы, - 2001. - 160 б.
11. Мудрик А.В. Тәрбие процесіндегі қарым-қатынас. Оқу құралы –М., 2001.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ДАҒДЫЛАРЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нарықбай Роллан Таженұлы
Орынбек Рамазан Нұрланұлы
6В01408-Денешынықтыру және спорт Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451592

To Cite: Нарықбай Роллан Таженұлы, & Орынбек Рамазан Нұрланұлы. (2024). МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ДАҒДЫЛАРЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451592

Аннотация. Бұл мақалада қимыл дағдыларының қалыптасуында шартты және шартсыз рефлекстердің, афферентті синтездің маңызды орын алатыны және қимыл-қозғалыстарды басқаруда сенсорлық жүйелердің, тірек-қимыл аппаратының ролі туралы нақты дәйектермен, мысалдармен қарастырған, ал “Қимыл дағдылары мен дене сапаларының өзара байланысы” күш, шапшаңдық, төзімділік, ептілік және икемділік сапаларын дамытудың физиологиялық механизмдері туралы деректермен, зерттеу нәтижелерінен материал жинау арқылы көрсеткен және оларды дамыту жаттығулары туралы қарастырылған.

Тірек сөздер: Адам физиологиясы, спорттық физиология, спорттық медицина, спорттық педагогика және психология, дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі.

Мәселенің өзектілігі. Қимыл сапаларын орындау қимыл апаратының және вегетативті жүйелердің қызметіне тікелей байланысты. Сапаның дамуы әлеуметтік, экономикалық факторларға, нәсілдікке және педогогикалық ықпал етуге де байланысты.

Спортшылардың жылдамдық-күш сапаларының ішіндегі ең маңыздылары күш, жылдамдық және бұлшық ет күштерін дамытатын қуат болып табылады. Бұларды дамыту бір қатар психологиялық, физиологиялық, биомеханикалық және биохимиялық өзгешеліктерге байланысты болады.

Жылдамдық-күш сапасының максималды мәні қайрат күшін барынша жоғары дәрежеде жұмылдыру барысында көрінеді. Мұнда моторлы орталықта үйлесімді қоздыру және қозғалыс бірлігінің барынша көп саны жұмысқа қосылу кезінде қозғалыс жүйкелерінде импульс (күш, шабыт) берудің максимальды жиілігін сүйемелдеу қамтамасыздандырылады.

Жылдамдық-күш қабілетінің көрінуі бұлшық ет құрамындағы талшықтардың тез және баяу жиырылуы қатынасына, оның ішкі биомеханикалық құрылым ерекшеліктеріне, кейде сіңір ұлпаларының бағытына және бұлшық ет талшықтарының орналасу қатынасына (сіңір ұштарының сүйек рычагтарына беку нүктелерінде дамитын жиынтық күштену мөлшеріне тәуелді), қозғалыс үйлесімділігіне көп жағдайда байланысты болады.

Жылдамдық-күш сапаларының көрінуін белгілейтін негізгі биохимиялық қозғаушы күштерді бұлшық ет үшін «іргелі тәуелділіктің» бірінен келіп белгілеуге болады. Бұл тәуелділіктің біріншісі максимальды бұлшық ет күшінің жағдайын сипаттайды.

Адамдар мен жануарлардың әртүрлі бұлшық еттерінде орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрсеткендей, максимальды бұлшық ет күштерінің мөлшері саркомер ұзындығына немесе жуан миозин талшықтарының ұзындығына тура пропорционал.

Екінші «іргелі тәуелділік» бұлшық ет жиырылуының максимальды жылдамдығының мөлшері саркомер ұзындығы және миозиннің аденозинүшфосфатазды белсенділік қатынасы арасындағы байланысты сипаттайды.

Мақсаты. Дене сапалары дамуының физиологиялық, биохимиялық механизмдерін айқындау, дене сапаларын дамыту құралдарын жетілдіру жолдарын көрсету, әр спорт түріне лайықты дене сапаларының даму ерекшеліктерін физиологиялық түрде негіздеу.

Міндеттері.

- күш сапасы дамуының негізгі факторларын топтастыру және күшті дамыту жаттығуларын іріктеу;
- шапшаңдық дамуының негізгі факторларын жіктеу және оны анықтау әдістерін жетілдіру;
- төзімділіктің түрлеріне және механизмдеріне сипаттама беру;
- спортшы организмінің аэробты және анаэробты мүмкіншіліктерін анықтау әдістерінің спорттық тәжірибеде қолданылу ерекшеліктерін көрсету;
- дене сапаларын дамыту әдістерін топтастыру;
- ептілік пен икемділіктің даму механизмдерінің ерекшеліктерін көрсету және оларды дамыту құралдарын жетілдіру;

Адаммен бірге туылатын қимыл актілері саны жағынан және үйлесімділігі жағынан шектеулі. Көптеген жүйке орталықтарының және олардың бұлшық ет жүйесімен байланыстарының морфологиялық және қызметтік жетілуі туылғаннан кейін жүзеге асады. Сондықтан туа бітті қарапайым қимылдардың бірқатары бала туылғаннан кейін біраз уақыттан соң қалыптасады. Адамның негізгі қимыл қоры тұқым қуалайтын қимылдардан және өмір сүру кезеңінде үйрену арқылы пайда болатын қимылдардан тұрады. Адам туылған кезде қимыл қызметінің саны және күрделілігі шектеулі. Мысалы: ему, жұту, көзді жыпылықтату, ауырсыну және басқа тітіркендіргіштерге жауап ретінде аяқ-қолды бүгу немесе жазу және т.б. Әрі қарай өмір сүру кезінде күрделі қимылдар қалыптасады. Тұқым қуалау арқылы өте маңызды қасиет жүйке жүйесінің жылжымалылығы беріледі. Ол қасиет машықтанудың жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді және спорттық қимылдардың техникасын жетілдіруге көмектеседі. Тұқым қуалай беретін жаттығу немесе машықтану әр адамда әр түрлі болады. Туа бітті пайда болатын рефлекстер шартсыз рефлекстер деп аталады. Шартсыз рефлекстер еш уақытта жойылмайды және ұмытылмайды. Өмір сүру кезінде жүре пайда болатын рефлекстер шартты рефлекстер деп аталады. Бұл рефлекстер үйрену, дағдылану арқылы қалыптасып, егер ұзақ уақыт қайталанбайтын болса, жойылып кетеді. Адамдардағы күрделі қимылдар уақытша байланыс механизмі бойынша түзіледі. Күрделі жаңа спорттық қимылдар адамның белгілі бір өмір сүру кезеңінде игеріледі. Сол үшін қимыл техникасына үйренудің белгілі спорт түрінде қай кезеңде жоғары болатынын анықтау қажет. Мысалы, мәнерлеп сырғанауда, гимнастикада, суға секіруде және тағы басқа спорт түрлерінде күрделі қимылдарға үйрену балалық кезеңде жоғары және нәтижелі болады [1].

Жаттығудың немесе машықтанудың физиологиялық механизмі шартты рефлексті жолмен пайда болатын уақытша байланыстар болып табылады. Шартты реакциялар сол бөліну тәжірибесінде жарық беру сигналы мен сол сигналды анықтайтын шартсыз рефлекс арасындағы уақытша байланыстың түзілуімен сипатталады. Бұл рефлекстер сенсорлы немесе сезімтал рефлекстер деп аталады. Мұндағы сигналға жауап беру реакциясы мысалы, сөл бөліну шартсыз рефлексті реакция болып табылады. Ал сигналды

беру жаңа қасиетке ие болады. Яғни шартты рефлекс пайда болады. Бұл сезімтал рефлекстер Ю.Конорский топтамасы бойынша бірінші реттік шартты рефлекстер деп аталады. Қимыл дағдылары қалыптасуы кезінде жаңадан пайда болатын рефлекстер түзіледі. Ол рефлекстер оперантты рефлекстер деп аталады және Ю.Конорский топтамасы бойынша II-реттік шартты рефлекстер деп аталады. Бұл рефлекстер қимылдың жаңа түрімен және осыған дейін организмде болмаған жаңаң күрделі қимылдардың түзілуімен сипатталады. Бұл рефлекстер сенсорлы немесе сезімтал рефлекстер деп аталады. Мұндағы сигналға жауап реакциясы Мысалы: сөл бөліну шартсыз рефлексті реакция болып табылады. Ал сигналды беру жаңа қасиетке ие болады. Яғни шартты рефлекс пайда болады. Бұл сезімтал рефлекстер Ю.Конорский топтамасы бойынша бірінші реттік шартты рефлекстер деп аталады. Қимыл дағдылары қалыптасуы кезінде жаңадан пайда болатын рефлекстер түзіледі. Ол рефлекстер оперантты рефлекстер деп аталады және Ю.Конорский топтамасы бойынша II реттік шартты рефлекс деп аталады. Бұл рефлекстер қимылдың жаңа түрімен және осыған дейін организмде болмаған жаңа күрделі қимылдардың түзілуімен сипатталады.

Қимыл дағдыларының сезімтал рефлекстері афферентті компонентке, қимыл рефлекстері эфферентті компонентке жатады.

Қимыл кезінде организмдегі вегетативті жұмыс мүшелердің қызметі шартсыз рефлекс механизмі бойынша іске қосылады. Мысалы, бұлшық ет жұмысы кезінде тыныс алу және қан айналым қызметі шартсыз рефлекстік жолмен жоғарылайды. Ал керісінше ас қорыту, зәр шығару қызметтері төмендейді. Вегетативті мүшелердің қызметі жұмыстың түріне және қарқынына байланысты өзгеріске ұшырап отырады. Қимыл дағдысы қалыптасқаннан кейін вегетативті мүшелердің қызметі ұзақ уақыт сақталады. Мысалы: үйреншікті жұмыс түрін кенеттен ауыстырған кезде қимыл рефлекстері тез пайда болып, ал ішкі мүшелердің қызметі бұрынғы жағдайға сәйкес біраз уақыт қалып қояды. Бұл қимыл дағдысы қалыптасқан жағдайда қимыл рефлекстері мен вегетативті мүшелердің өзгерістері әр уақытта болатынын дәлелдейді [2].

Жоғары жүйке іс-әрекетінің негізгі механизмі — шартты рефлекстер. Алайда, адамның мінез-құлығы тек бейнелегіш рефлекстік әсерленістің жиынтығынан ғана тұрмайды. Адамның іс-әрекеті мақсат, тілек және қимылынан күтіп отырған нәтижесі туралы анық ұғымдарына байланысты. Олар әрі биологиялық, әрі әлеуметтік мұқтаждықтарымен айқындалады. Мұқтаждықтардың төмен және жоғары сатыдағы түрлері бар. Бұларды қанағаттандыру — адам тіршілігін қамтамасыз етудің алғы шарты.

Мақсатты іс-әрекеттің нейрофизиологиялық құрылымы өте күрделі. Ми туралы ғылым дами бастағаннан физиологтар мінездік әсерленістің құрылымын Небір үлгі немесе желі ретінде қарады. Ол үлгі әрбір кезеңдегі білім деңгейіне, адамға сол кездегі белгілі механизм өнегесіне сәйкес жасалды.

Декарт жүйке қызметін кейбір механикалық нәрселерге ұқсастырып, рефлекс негізін дәлелдеді. Мұндай құрылымдарда туристы байланыс яғни олардың бөлшектерінің тиянақты, бір мағыналы өзара әрекеттестігі болады. И. П. Павлов, жаратылыстану және философия ғылымдары дамуында ерекше игілікті мәні болған, уақытша (шартты) байланысты жете зерттеді. Мұның желісі телефон торабының таратушы жүйесінен алынды. Физиологиялық құбылыстардың өздігінен реттелу механизмін зерттеу арқылы «рефлекстік шеңбер» (Н. А. Бернштейн) желісі пайда болды. Мұнда И. М. Сеченов ашқан кері байланыс процесіне зор мән берілді.

П. К. Анохин ұсынған, физиологиялық құбылыстың өздігінен реттелу тетіктерін және организм мінез әсерленісінің құрылымын түсіндіретін әрекеттік жүйе қағидасы кеңінен тарады.

Бұл жүйенің желісі бірін-бірі дәйекті алмастыратын мынадай сатылардан тұрады: афференттік синтез шешім қабылдау, әрекеттік нәтижені салыстырушы, эфференттік синтез (немесе іс-қимылдың бағдарламасы), іс-қимылдың өзін ұйымдастыру және жетістік нәтижесін бағалау.

Іс-әрекет, қандай күрделі дәрежеде болса да, афференттік синтез сатысынан басталады. Орталық жүйке жүйесінде сыртқы тітіркендіргіштен туатын қозу онша әсер етпейді. Ол бөтен әрекеттік мәні бар, басқа да сезгіштік қозулармен өзара әсерленіседі. Ми бірнеше сезімдік арналармен жеткен сыртқы әлемнің барлық сигналына көлемді синтез жасайды. Тек осы афференттік қозулардың синтезі нәтижесінде белгілі мақсатты іс-әрекетке жағдай туады [3].

Сондықтан жүзеге асырылатын іс-әрекет, осы афференттік синтез сатысына байланысты болады. Сонымен бірге бұл синтездің мазмұны бірнеше түрткілердің (мотивациялық қозу, зерде, жағдайлық және қозғағыш афферентациялар) ықпалымен айқындалады. Мотивациялық қозу жануарлар мен адамда орталық жүйке жүйесінде белгілі бір мұқтаждық туғанда пайда болады. Бұл қозудың өзгешелігі, оны тудыратын мұқтаждықтың түр ерекшеліктерімен анықталады. Мұндай қозу афференттік синтездің қалыптасуында ерекше орын алады. Орталық жүйке жүйесіне жететін кез келген ақпарат сол кездегі үстемдік мотивациялық қозумен сәйкес келеді. Сондықтан ол сүзгі ретінде, осы мотивациялық нұсқауға қажеттісін таңдап алып, керексізінен арылады.

Меселдік қозудың нейрофизиологиялық негізі - әртүрлі жүйке құрылымының іріктелген белсенділігі, әсіресе мидың лимбиялық және торлы жүйелері. Ми қыртысы деңгейінде мотивациялық қозу өзгеше және әрқашан қозудың тіріктеу жүйесімен көрсетіледі.

Мақсатты іс-әрекет жүзеге асу үшін, мінез актысының тағы бір сатысы іске қосылады. Ол іс-қимылдың бағдарлама сатысы немесе эфференттік синтез. Мұнда соматикалық және вегетативтік қозулар одақтасып, нысаналы іс-әрекет актысына айналады. Ол мінез бағдарламасы арқылы орындалады. Эфференттік қозулар орындаушы механизмдерге жетіп, іс-қимыл жүзеге асырылады.

Организмнің әсер нәтижесі акцепторының көмегімен іс-әрекет, мақсат-тілегі мен тәсілдерін, жасалатын нәтижені және оның көрсеткіштерін, келіп жатқан мәліметтерді кері афферентация арқылы салыстырып отырады. Дәл осы салыстыру арқылы мінездің тағдыры шешіледі. Ол не түзетіледі, не жалғастырылады, не акырғы нәтижеге жетсе ізденіс тоқтатылады. Сөйтіп, мұқтаждық қанағаттандырылғандықтан, мінез актысы рұқсат етуші сатысымен аяқталады.

Сонымен әрекеттік жүйе қағидасында іс-әрекеттің дамуын белгілейтін ең маңызды қорғаушы кезең — бұл мақсатты анықтау кезеңі. Оны анықтайтын — іс-кимыл нәтижесінің акцепторы. Ол екі түрлі амалдардан тұрады — мақсат-тілектің өзі және оған жету тәсілдері.

Мақсат-тілектің жасалуына, шешімнің қабылдануына эмоциялық күй әсер етеді. Олар жетекші эмоция және жағдайлық эмоция болып екіге бөлінеді. Жетекші эмоция мұқтаждықтың пайда болуымен немесе күшеюімен байланысты. Бұл эмоциялық әсерленушіліктің сапасы мен өзгешелігі, оны туғызған мұқтаждықтың түрлері және ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Жағдайлық эмоция — мақсатты жүзеге асырушы іс-қимылды, нақтылы жетістікктерді күтіп отырған нәтижемен салыстырудан шығады. Осыған байланысты эмоциялық әсерленушілік жағысыз немесе жағымды болуы ықтимал. Сондықтан іс-әрекеттің құрылымында оның мақсаттылығы ең басты сипаттама болады. Адамның белсенді іс-әрекеті көбнесе жоғарғы мақсатқа бағытталады, оған жету үшін ол кейде,тіпті өмірін де құрбан етеді [4].

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Адам тек биологиялық дамудың нәтижесі емес, әлеуметтік ортаның жемісі. Адам миының іс-әрекеті бүкіл адамзаттың өткен тәжірибесі мен оның әлеуметтік тіршілік жағдайымен байланысты.

Адам миы іс-ірекетінің көптеген механизмдерін толық ашу алда тұр. Ол бүкіл адамзатқа өзін меңгеруде және билік етуде аса зор күш-қуат берген болар еді.

Көбінесе әрекеттік қалып орталық жүйке жүйесінің бедерсіз белсенділігі арқылы анықталады. Мұны И. П. Павловтың айтуынша, үлкен ми сыңарлары қыртысының тонусы немесе оның қозғыштық қасиеті көрсетеді. Ал организмде орталық жүйенің бедерсіз белсенділігін жүрек соғуының жиілігі, қанның қысымы, тыныстың жиілігі мен тереңдігі, ЭЭГ-ның өзгерістері сияқты физиологиялық әсерленістер жиынтығы бейнелейді. Әрекеттік қалып физиологиялық, мінездік және психологиялық деңгейден тұрады. Әрекеттік қалып өз заңдылығы бар психофизиологиялық құбылыс, ол ерекше әрекеттік жүйе құрылысының негізін құрайды.

Адамның әрекеттік қалпын физиологиялық әсерленістің қозғалтқыш, вегетативтік және электроэнцефалографиялық көрсеткіштері арқылы анықтайды. Қозғалтқыш көрсеткіштің ішінде іс -қимыл белсенділігі, белгілі бір мезгілдегі оның қарқыны мен сапасы, бұлшықеттердің бедерсіз тонусы бар. Вегетативтік көрсеткіштері ретінде тыныс, жүрек-тамыр жүйелерінің әрекеттік өлшемдер, тері-Гальвандық рефлексі қолданылады. ЭЭГ-әсерленісті альфа-ырғақтың сипаты, электр белсенділігінің жиілік спектрі арқылы бақылайды.

Осы көрсеткіштердің көмегімен организмнің әрекеттік қалпын, ырықсыз сезім, бағдарлама-зерттеу іс-әрекетін, сергектік-ұйқы оралымын анықтауға болады. Сергектік - ұйқы оралымы негізін гомеостаздық механизмдер құрады. Әрекеттік қалып ұйқы мен сергектік күйдің алмасуы мен кезектесуі арқкылы жүзеге асады.

Ерікті қимыл-қозғалыстардағы шартсыз тонус беруші – сергітуші рефлекстер. Ерікті қимыл-қозғалыстар – туа біткен рефлекстік негізді процестер. Туа біткен рефлекстер қатарына дене қалыптарының немесе кейіп рефлекстері, тепе-теңдікті ұстап тұруды қамтамасыз етуші және тағы басқа рефлекстер жатады.

Қолданыстағы жіктеу бойынша туа біткен қимыл-қозғалыс рефлекстері дене қалпын тыныштық күйде ұстап тұруды және дененің қозғалыстардан соң бұрынғы қалпына қайта келуді қамтамасыз етуші рефлекстер болып екіге бөлінеді.

Кейіптену рефлекстері бастың еңкейген немесе оңға-солға бұрылған кездерінде мойын бұлшық еттеріндегі жүйке талшықтары ұштарының және ішкі құлақ шытырманының тітіркенулерінен пайда болады. Басты көтеру немесе еңкейту аяқ-қол және тұлға бұлшық еттерінің тонусын өзгертеді де, қалыпты кейіпті сақтауға септігін тигізеді. Бастың оңға-солға бұрылуы мойын бұлшық еттері мен сіңірлер проприорецепторларының тітіркенулерін туғызады да, тұлғаны басқа қатысты симметриялы қалыпқа тұрақтандырады.
Бастың кеңістіктегі қалпының өзгеруінде және сол өзгерістерді талдауда вестибулдар аппаратының маңызы зор. Бас оңға-солға бұрылған кезде оның рецепторлық құрылымдары қозуға келеді де, бұрылған жағындағы мойын бұлшық еттерінің тонусын рефлекстік жолмен көтереді. Бұл тұлғаның басқа қатысты бағытын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Айналумен байланысты көптеген спорттық жаттығуларды тонустың осылай таралуы арқылы ұтымды орындауға мүмкіндік туады [5].

Түзетуші рефлекстер дене кейпін қалыптан ауытқыған жағдайында сақталуын қамтамасыз етеді. Түзетуші рефлекстер тізбегі басты көтеруден басталады және өзгерген тұлға қалпын соңынан қалыпты кейіпке қайта келтірумен аяқталады. Түзетуші рефлекстердің іске асуына вестибулар, көру аппараттары, бұлшық ет проприорецепторлары, тері рецепторлары қатысады.

Дененің кеңістікке бір орыннан екінші бір орынға ауысуы статокинетикалық рефлекстермен іске асады. Айналмалы қимылдарға жарты шеңберлі каналдардағы (арна) эндолимфа толқуларының нәтижесінде вестибулалық рецепторлар қозады. Орталыққа тепкіш тітіркеністер сопақша мидағы вестибулалық ядроларға келіп, айналмалы қимылдарда бас пен көз қалыптарының рефлекстік өзгерістеріне әкеледі.

Айналдыру рефлекстері бастың қозғалысқа қарсы баяу бұрылысымен, соңынан тұлғаға қатысты қалпына шапшаң қайта келуімен сипатталады. Көз де ұқсас қозғалыстар жасайды, айналу жағына қарай тез, ал айналуға қарсы жағына баяу бұрылысының биологиялық маңызы мынада. Айналған сәтте көру алаңында көрінген заттарға көз қырын салу және оларды белгілеу.Көздің айналу жағына қарай шапшаң бұрылысы олардың бұрынға дұрыс қалпына келуін қамтамасыз етеді. Дененің айналуы тоқтаған кезде көз айналысқа қарсы бағытта бұрылыс жасайды, ал бас пен тұлға айналу жағына қарай ауытқуды жалғастыра береді [6].

Дененің тік бағыттағы ауысуы лифт рефлекстерімен іске асырылады. Кенеттен төмен қарай түсірілген жануардың секіруге дайындық рефлексі пайда болады, ал жерге қонуы аяқтарының иілуімен іске асырылады. Осыған ұқсас құбылыстар лифт кабинасын жоғары қарай шапшаң көтерген кезде ішінде тұрған адамдарда пайда болады. Көтерілудің басында аяқтар мен тұлға иіледі, ал кілт тоқтаған сәтте – жазылады.

Тұлға мен аяқ-қол бұлшық еттері тонусының рефлекстік өзгерістері вестибулярлық ядролардың мишықпен, ми дінінің қимыл орталықтары және қыртыс асты бөлімдерімен өте кең қызметтік және құрылымдық байланыстары арқылы жасалады. Лифт рефлекстерінің балаларды тереңге секіруге, секіріп түскенде жерге дұрыс қонуды үйретуде маңызы зор. Бұл рефлекстердің туа біткендігіне қарамастан, секіртерде жерге дұрыс қонуды үнемі түзетіп отыруды қажет етеді. Дәлірек айтқанда, балалардың лифт рефлекстерін «жетілдіру», оқытушының үнемі назарында болғаны жөн. Еріксіз қимыл-қозғалыс формаларына туа біткен бірнеше рефлекстер жатады. Ию, тебу және ырғақты (сгибателные, отталкивание, ретмические).Алақан немесе табан терісін тітіркендіруге жауап ретінде бала қол-аяғын иеді, егерде алақанды немесе табында баппен қысса, ол затты тебеді.

Ырғақты рефлекс екі формада білінеді. Серпу және адымдау. Серпу рефлексінің типтік мысалы ретінде жануардың қасыну рефлексін келтіруге болады. Бір аяқтың ырғақты қимылдары жұлындағы жүйке орталықтарының функциялық сыңаржақтылық өзгерістері арқылы іске асады.

Адымдау рефлексі аяқтардың жүйке орталықтарындағы рецепторлық арақатынастарына байланысты. Ырғақты рефлекс жүру, жүзу сияты күрделі циклдық қозғалудың (локомоция) негізін құрайды. Дене жаттығуларын орындау туа біткен қимыл-қозғалыс рефлекстерін үнемі түзетумен байланысты. Орталықтан бағытталған реттеуші әсерлер ерікті қимыл-қозғалыстардың сипатына орай, бұлшық еттер тонусын қажетті дәрежеде ұстап тұруды қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Г.Д.Иванов, А.Қ.Құлназаров. Студенттердің дене тәрбиесі. Оқулық, Астана, 2008.
2. Матвеев Л.П. Теория и методика физического воспитания. Москва: ФиС. 1991.
3. Белорусова В.В. Принцип воспитательного обучения в тренировке юных спортсменов. – Л.:ГДОИФК им.П.Ф.Лесгафта. 1959. -48б.
4. Верхошанский Ю.В. Основы специальной физической подготовки спортсменов. М.: ФиС, 1988.
5. Бернштейн Н.А. О построений движений. Москва. «ФиС», 1967.
6. В.М.Зациорский. Спортшылардың дене қасиеті. М, 1976.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕРГЕ АРНАЛҒАН КВАНТТЫҚ ФИЗИКА КУРСТАРЫ

Исаков Ихтиёр Алитдинович
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Жаратылыстану факультеті, Физика кафедрасы, физика магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.м.ғ.д., доцент **Турмамбеков Торебай Абдрахманович**
Түркістан, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451620

To Cite: Исаков Ихтиёр Алитдинович, & Турмамбеков Торебай Абдрахманович. (2024). ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕРГЕ АРНАЛҒАН КВАНТТЫҚ ФИЗИКА КУРСТАРЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451620

Аннотация: Кванттық физика - ең кішкентай масштабта материя мен энергияның әрекетін зерттейтін қызықты сала. Біздің ғалам туралы түсінігіміз дамыған сайын, білім беру мекемелері үшін студенттерді қажетті білім мен дағдылармен қаруландыру үшін кванттық физика курстарын ұсынудың маңыздылығы арта түседі. Бұл ғаламның іргелі аспектілері туралы түсінігімізде төңкеріс жасаған қызықты және жаңашыл ғылым саласы. Күрделі болып көрінгенімен, орта және жоғары мектептерге кванттық физика курстарын енгізу студенттерге академиялық саяхатының басында осы озық пәнмен айналысуға қызықты мүмкіндік береді. Білім беру ұйымдарында кванттық физика курстары оқушыларға микроскопиялық әлемнің іргелі принциптерін зерттеуге бірегей мүмкіндік береді. Олар математикалық құралдарда, теориялық тұжырымдамаларда, эксперименттік әдістерде және кванттық физиканың практикалық қолдануларында берік негіз береді. Кванттық физиканы оқу арқылы студенттер әртүрлі ғылыми және технологиялық салаларда қызықты мансапқа жол ашатын құнды білім мен дағдыларды ала аладыБұл мақалада біз орта мектеп деңгейінде кванттық физика курстарын ұсынудың артықшылықтары мен қиындықтарын зерттейміз.

Кілт сөздер: кванттық физика, кванттық техникалық білім, кванттық концепция, кванттық технологиялар, кванттық физика курстары, кванттық механика.

Abstract: Quantum physics is a fascinating field that studies the behavior of matter and energy at the smallest scales. As our understanding of the universe evolves, it becomes increasingly important for educational institutions to offer quantum physics courses to equip students with the necessary knowledge and skills. It is an exciting and innovative field of science that has revolutionized our understanding of fundamental aspects of the universe. Although it may seem overwhelming, introducing quantum physics courses to middle and high schools provides an exciting opportunity for students to engage with this cutting-edge subject early in their academic journey. In educational institutions, quantum physics courses provide students with a unique opportunity to explore the fundamental principles of the microscopic world. They provide a solid foundation in the mathematical tools, theoretical concepts, experimental techniques, and practical applications of quantum physics. By studying quantum physics, students can gain valuable knowledge and skills that pave the way for exciting careers in a variety of scientific and

technological fields.In this article, we explore the benefits and challenges of offering quantum physics courses at the high school level.

Key words: кванттық физика, кванттық техникалық білім, кванттық концепция, кванттық технологиялар, кванттық физика курстары, кванттық механика.

Кванттық физика - табиғаттың іргелі аспектілері туралы түсінігімізді ең кішкентай масштабта түбегейлі өзгерткен қызықты және революциялық ғылым саласы. Біздің кванттық құбылыстар туралы біліміміз өскен сайын, мектеп бағдарламасына кванттық физика курстарын енгізудің маңыздылығы барған сайын айқын бола түседі. Орта және жоғары мектептерде кванттық физиканы оқытудың басты артықшылықтарының бірі - бұл студенттердің қызығушылығы мен сыни ойлауын оятуы. Мектепте кванттық физиканы оқудың басты артықшылықтарының бірі - микроскопиялық әлемді басқаратын іргелі принциптерді зерттеу мүмкіндігі. Кванттық физика біздің классикалық интуициямызды сынап, толқын-бөлшектердің қосарлылығы, суперпозиция және түйісу сияқты ұғымдарды енгізеді. Кванттық физика курсын өту арқылы студенттер осы ұғымдарды тереңірек түсінеді және оларды практикалық жағдайларда қолдану үшін аналитикалық құралдарды дамытады.

Мектептегі кванттық физика курстары көбінесе негізгі математикалық құрылымның берік негізін қамтамасыз етуден басталады.[1]Студенттер кванттық жүйелерді сипаттаудың маңызды құралдары болып табылатын күрделі сандар, векторлық кеңістіктер және сызықтық алгебра туралы біледі. Осы білім арқылы олар кванттық механика, кванттық өріс теориясы және кванттық ақпараттану сияқты тақырыптарды зерттей алады.

Кванттық физика курстарының негізгі бағыты электрондар, фотондар және атомдар сияқты кванттық бөлшектердің мінез-құлқы мен қасиеттерін түсіну болып табылады. Оқушылар олардың дискретті энергия деңгейлері, кванталған бұрыштық импульс және ықтималдық табиғаты туралы біледі. Олар сонымен қатар кванттық жүйелердің уақыт эволюциясын сипаттайтын Шредингер теңдеуін және оны қарапайым жүйелер үшін шешу жолдарын зерттейді.

Кванттық физика кәдімгі логикаға қарсы тұрады және студенттерге күнделікті өмірде бақылайтын нәрселерден тыс әлемді зерттеуге мүмкіндік береді. Кванттық концепцияларды ерте кезеңде енгізу арқылы студенттер ғылыми әдіске, эксперименттік дизайнға және математикалық талдауға деген бағаны дамыта алады. Сонымен қатар, кванттық физиканы үйрену проблемаларды шешу дағдыларын жақсартады. Пән студенттерден абстрактілі ойлауды, күрделі жүйелерді талдауды және математикалық принциптерді қолдануды талап етеді. Ойлаудың бұл түрімен айналыса отырып, студенттер проблеманы шешу қабілеттерін нығайта алады және көптеген пәндерге қолдануға болатын құнды дағдыларды дамыта алады. Сонымен қатар, кванттық физиканы оқу бағдарламасына енгізу теориялық тұжырымдамалар мен нақты әлем қолданбалары арасындағы алшақтықты жоюға көмектеседі. Кванттық технологиялар, мысалы, кванттық есептеулер мен кванттық коммуникациялар қарқынды дамып келеді және болашақты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттерге кванттық физика туралы іргелі түсінік бере отырып, біз оларды осы дамып келе жатқан өрістерді зерттеуге және оларға үлес қосуға қажетті біліммен қамтамасыз етеміз. Дегенмен, орта және жоғары мектептерде кванттық физика курстарын енгізуге байланысты кейбір қиындықтар бар. Негізгі қиындықтардың бірі – пәннің күрделілігі. Кванттық физика абстрактілі ұғымдарды, күрделі математиканы және студенттердің түсінуі қиын болуы мүмкін қарсы интуитивтік құбылыстарды қамтиды. Мұғалімдерге осы ұғымдарды түсінікті түрде тиімді жеткізу және студенттердің белсенділігін сақтау үшін мұқият дайындық пен ресурстар қажет болады. Бұл күрделі пәнді ерте деңгейде оқытумен байланысты қиындықтар болғанымен,

бұл кедергілерді оқу орындарының арнайы күш-жігері, ресурстары және қолдауы арқылы жеңуге болады. Студенттерді кванттық физика туралы іргелі түсінікпен қаруландыру арқылы біз оларға ғаламның күрделілігін қабылдауға және болашақ ғылыми жетістіктерге үлес қосуға мүмкіндік береміз.[2]

Біріншіден, мектептерде кванттық физика курстарын енгізу студенттерге кванттық механиканың ғажайып әлемін тереңірек бағалауға мүмкіндік береді. Физиканы тек классикалық Ньютондық концепциялар арқылы қабылдаудың орнына, кванттық физика саласына ену студенттерге толқын-бөлшектердің қосарлылығы, кванттық түйісу және суперпозиция сияқты қарама-қайшы құбылыстарды түсінуге мүмкіндік береді. Кванттық физиканы оқу арқылы студенттер ғалам туралы түсініктерін кеңейтіп, микроскопиялық деңгейде бөлшектердің әрекетін сипаттаудағы классикалық физиканың шектеулерін тани алады. Сонымен қатар, кванттық физиканы үйрену сыни ойлау дағдылары мен проблемаларды шешу қабілеттерін дамыта алады. Кванттық механика жиі әдеттегі логикаға қарсы тұрады және студенттерден қораптан тыс ойлауды талап етеді. Бұл саланың күрделі математикалық құрылымы студенттерді құбылыстарды әртүрлі көзқарастардан талдауға ынталандырады, олардың аналитикалық және логикалық ойлау қабілеттерін арттырады. Сонымен қатар, кванттық физиканың табиғаты қиялды ойлауды талап етеді, бұл студенттерге мәселені шешуге басқаша қарауға және шығармашылық шешімдерді дамытуға мүмкіндік береді. Мектепте кванттық физиканы оқу ғылым мен технологиямен байланысты салаларда мансапқа жету үшін берік негіз бола алады. Кванттық есептеулер, кванттық байланыс және кванттық инженерия саласындағы жетістіктермен кванттық физика принциптерін жақсы білетін адамдарға сұраныс артып келеді. Мектепте оқу кезінде кванттық концепциялармен танысу студенттерді осы дамып келе жатқан өрістерді зерттеуге шабыттандырады және кванттық зерттеулерде немесе ілеспе салаларда болашақ күш-жігерге кірісуі мүмкін. кванттық физика курстары көбінесе кванттық механиканың әртүрлі салалардағы қолданбаларын қамтиды. Мысалы, студенттер есептеулерді классикалық компьютерлерге қарағанда тезірек орындау үшін кванттық суперпозиция мен түйісу принциптерін пайдаланатын кванттық есептеулер туралы біле алады. Кванттық криптография, кванттық сенсорлар және кванттық модельдеу - зерттеуге болатын басқа қызықты салалар. Теориялық концепциялардан басқа, эксперименттік әдістер кванттық физика курстарында шешуші рөл атқарады. Студенттер кванттық құбылыстармен практикалық тәжірибе алу үшін зертханаларда практикалық жұмыстармен айналыса алады. Бұл эксперименттер студенттерге кванттық әлемнің таңғаларлық және қызықты табиғатын өз көздерімен көруге мүмкіндік беретін екі жақты интерференцияны, кванттық туннельді немесе кванттық шиеленісті бақылауды қамтуы мүмкін. Мектепте кванттық физиканы оқу зат пен энергияның іргелі қасиеттерін тереңірек түсінуді қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар қызықты мансап мүмкіндіктерін ашады. Технология дамып келе жатқандықтан, кванттық физикада тәжірибесі бар мамандарға сұраныс артып келеді. Кванттық физика бойынша білімі бар түлектер ғылыми-зерттеу, академиялық ортада, өнеркәсіпте мансапты жалғастыра алады, тіпті кванттық есептеулер мен кванттық байланыс сияқты жаңашыл жетістіктерге үлес қоса алады.[3]

Дегенмен, мектептерде кванттық физика курстарын енгізу бірқатар қиындықтарды тудырады. Қиындықтарға байланысты пәнді әртүрлі жас топтарына сәйкес келетін оқу бағдарламасына жинақтау қиын болуы мүмкін. Дәлдік пен қатаңдықты жоғалтпай түсініктерді жеңілдету арнайы оқыту әдістері мен ресурстарын қажет етуі мүмкін. Сонымен қатар, кванттық физикадан хабардар жақсы дайындалған мұғалімдердің жетіспеушілігі тағы бір кедергі келтіреді. Мұғалімдерді қажетті тәжірибені меңгеруде оқыту және қолдау бұл қиындықты жеңуге көмектеседі.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қорытындылай келе, мектептерде кванттық физика курстарын енгізу студенттер мен жалпы қоғам үшін көптеген артықшылықтар береді. Ол қызығушылықты, сыни ойлауды және проблемаларды шешу дағдыларын дамытады, сонымен бірге кванттық салаларда болашақ мансапқа негіз болады. Дегенмен, дұрыс енгізу жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын әзірлеуді және мұғалімдерді оқытуға инвестиция салуды мұқият қарастыруды талап етеді. Мектеп бағдарламасына кванттық физиканы енгізу арқылы біз ғалымдар мен жаңашылдардың келесі ұрпағын кванттық әлемнің құпияларын зерттеуге шабыттандыра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ильясов Н.И. Кванттық механикаға кіріспе. Оқулық. – Алматы: ТОО «Лантар Трейд», 2018. – 253 б.
2. Теориялық механиканың классикалық және релятивистік негіздері. Оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 2020. – 302 б.
3. Мектепте физика курсын оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. /Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С./ - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2012. – 195 б.
4. Бектенов Б.М. Бектенов Ә.М. Физиканың зетрханалық жұмыстары. Оқу құралы УМС 2021 204 чб/тв 5390 978-601-7659-78-3.
5. Ильясов Н.И. Жалпы физика курсынан Есептік - практикум УМС 2018 254 чб/тв 7700 978-601-7975-06-7.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША МӘСЕЛЕЛІК ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ДАМЫТУҒА БОЛАДЫ?

Сағатбек Гауһар Жарқынқызы
Павлодар қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
математика пәні мұғалім

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451626

To Cite: Сағатбек Гауһар Жарқынқызы. (2024). МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША МӘСЕЛЕЛІК ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ДАМЫТУҒА БОЛАДЫ?. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451626

Аннотация.Ұстаздың қолында ел болашағы мен ұлт келешегі бар десек артық айтпағанымыз. Басқа елдермен тереземіз тең болуы үшін қазіргі уақытта білім жолына өте үлкен назар аударуымыз керек. Өсіп келе жатқан ұрпағымыздың саналы, білімге құштар, көшбасшылық қабілеттерге ие болуына өз ықпалымызды тигізсек нұр үстіне нұр болары анық. Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, оған жетудің бірден – бір жолы әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады.

Тірек сөздер. Мәселелік оқыту, проблемалық жағдай, интеллектуалдық қиындықтар.

Сондықтан да білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жетілдіру, жан – жақты дамыған, рухани жетілген жас ұрпақты қалыптастыру - өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмейтін мәселе. Мәселелік оқытудың ерекшелігі – мұғалімнің шығармашылық қабілеті арқасында проблемалық сұрақ туып, оқушылар оны шешу жолында дағды мен қабілеттерін пайдаланып, ойлау қабілеттерін дамытады.

Ғылыми білім логикасының түп - төркіні проблемалы жағдайлардың логикасы болып табылады. Проблемалы жағдайлар мазмұнның белгісіздігіне қарай, проблемалықтың деңгейіне қарай, ақпарат сәйкессіздігінің түріне қарай, басқа да әдістемелік ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Мәселелік оқыту технологиясы – бұл проблемалы жағдайларды, оқушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыруға негізделген технология. Психологиялық – проблемалық жағдай жасаудың өзіндік жеке ерекшеліктері бар. Тым қиын не тым жеңіл танымдық міндет оқушылардың ойында проблемалық жағдай туғызбайды. Мәселелік оқыту тәсілін жаңа тақырыпқа шығу кезінде, жаңа сабақты бекіту, тексеру кезеңдерінде ойластыруға болады. Мұғалім проблемалы жағдай (ситуация) туғызып, оның шешімін іздеуге оқушыларды бағыттайды. Сөйтіп, бала өз оқуының субьектісіне айналады, соның нәтижесінде бала жаңа білім игеріп, әрекет әдістерін меңгереді. Бұл күрделі әрі кейде бірсарсынды келетін математика сабақтарында оқушылардың ойын дамытуға, әрекет етуге, терең ойлануға таптырмас құрал.

Қазіргі уақыттағы білім берудің ерекшелігінің біріне оқушыны шығармашылыққа дайындау екені даусыз. Ал мәселелік оқыту шығармашылық процесс болып табылады:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімде

Ал енді математикада мәселелік оқытудың тиімді жақтарына келетін болсақ:

— Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;

— Оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;

— Оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;

— Берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.

Кейбір кемшіліктеріне келер болсақ:

— Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға әлсіз ықпал ету;

— Мақсатқа жету үшін көп уақыт жұмсау.

Ендігі кезекте математика пәні бойынша мәселелік оқытуды қолдану арқылы оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалай дамытуға болады? деген сұраққа тоқталсақ.

Ең әуелі мұғалімнің сабақ түсіндіру міндетін сәл шектеп, оқу проблемаларын шешу жолында оқушылардың жаңа ұғымдарды өз бетінше талдау, ашу, түсіндіру, ары қарай ойын дамыту әркеттеріне көңіл бөлу. Бұл тәсіл ең маңызды болып табылады, себебі мәселелік оқыту кезінде жаңа ұғымдарды оқушылардың өздері шығармашылық, ойлау дағдыларының барысында ашады, жоғарғы деңгейлі , логикалық қабілеттері шыңдалады, демек жаңа білімді де өз бетінше игеруге тырысады. Бұл процесс сапалы және берік есте қалдыру үшін оқу материалдарын жеңілдету жолымен емес, қайта оқу процесін біртіндеп күрделендіру арқылы интеллектуалдық қиындықтар жүйесін жасау жолымен жүруге тиіс. Бұл өз кезегінде мәселелік оқытудың басты бағыты және білімдерді саналы, терең әрі берік меңгерудің шешуші шарты болып саналады.

Соңғы жылдардағы зерттеу нәтижелері бойынша, егер мұғалімнің әрекеттері оқушының танымдық қасиеттерін қалыптастыруға және неғұрлым жоғарғы дәрежеде қорытылған білімдерді меңгеруді қамтамасыз ететін оның ойлау қызметінің құрылымын өзгертуге бағытталса, оқытудың ғылыми дәрежесі артатыны туралы тұжырым жасауға негіз береді. Мәселелік оқытудағы оқушының жоғарғы деңгейлі ойлау дағдысын дамытатынын төмендегідей тұжырымдауға болады:

1. Берілген есептің мазмұнын талдау, саралау.
2. Проблеманы ашу, есептің дұрыс шешу жолына қол жеткізу.
3. Қорытынды жасау, өзіне-өзі баға беру, саралау.

Мәселелік оқытуға негізделген тапсырмалардың қай түрі болмасын, оқушылардың логикалық ойлауын талап етеді, ол тапсырмалардың барлығы – оқушылардың жоғарғы деңгейлі ойлау қабілетін дамытуға бағытталады.

Мәселелік оқыту технологиясы дұрыс іздене білгенде, ол тіл дамытуда өнімді нәтижелі қорытынды берері сөзсіз. Мен мәселелік оқыту технологиясынның тек математика пәні сабағында ғана емес, сонымен қатар бірқатар мектеп пәндерінде қолдануға болатынына көзім жетті.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 159.923.5

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шымырханова Сая Мыңжасарқызы
М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты
Орал қаласы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451674

To Cite: Шымырханова Сая Мыңжасарқызы. (2024). БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451674

Аңдатпа: Бұл мақалада болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің мәні қарастырылып, «кәсіби құзыреттілік», «болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі» ұғымдары талданады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне қатысты отандық және еуропалық зерттеушілердің анықтамалары талданады; Информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерінің мазмұны ашылды. Ғылыми зерттеулерді шолу және талдау, осы салада айтарлықтай жетістіктердің болуына қарамастан, болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби даярлық процесінде кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі әлі де жеткіліксіз зерттелген деп айтуға мүмкіндік береді. Білімге қойылатын басты талап – қоғамды ақпараттандыру жағдайында әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бейімделуге қабілетті құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Сонымен қатар, жалпы болашақ мұғалімдердің, оның ішінде информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар артты. Құзыретті мұғалім тұлға аралық қарым-қатынаста – әлеуметтік және кәсіби ортада басқа адамдармен өзара әрекеттесуді көздейтін жағдайларда білім мен дағдыларды тиімді және шығармашылықпен қолдана алады. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің деңгейі бейімделу қабілеттерімен және мұғалімнің өзін-өзі реттеуінің қалыптасу деңгейімен, интеллектуалдық дайындығымен және тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайларында эмоционалдық сезімталдық пен белсенділікті орнатудағы практикалық дағдыларымен сипатталады.

Кілт сөздер: басқару, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, болашақ информатика мұғалімі, өзін-өзі жетілдіру, ұтқырлық, кәсіби құзыреттілік деңгейі, білім беру.

Аннотация: Основной задачей языка является предоставление информации. Информация отображается в любой форме и степени. Поскольку в китайском языке есть простые предложения, они по степени отражения информации находятся на низком уровне; Более сложные предложения на более высоком уровне. Статья полностью объясняет трудности изучения дополнительных членов предложения китайского языка. На ряду с этим, в семантике дополнительных членов китайского языка есть положительный и отрицательный типы, состав, сравнивание и анализирование методов составления вопросов и различий между ними.

Ключевые слова: китайский язык, грамматика, дополнительный член, семантическое различие, изолированные языки, методы составления вопросов.

Abstract: The main task of language - provide information. Information is reflected in any language form and degree. As far as in Chinese language the sentences are simple, so they are belonging to the low degree of reflection of information; The more difficult sentences in the higher level. The article fully explains the difficulties of studying additional members of sentences in Chinese language. Also, there are additional members in semantics of the Chinese language, they have positive and negative types, comparison and analysis methods of asking questions and differences between them.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Keywords: Chinese language, grammar, additional members, isolated languages, semantic difference, methods of asking questions.

Қытай тілінде толықтырғыш мүше (补语) сөйлемде етістік баяндауыштың немесе сын есім баяндауыштың қызметін атқарған сөзді толықтырып түсіндіреді. Атап айтқанда қимыл-әрекеттің нәтижесін, дәрежесін, жай-күйін, бағыт-бағдарын, сандық мөлшерін, уақытын, мекенін және мүмкіндігін т.б түсіндіреді. Қытай тіліндегі толықтырғыштың қолданылу аясы кең, түрге бөлінуі де күрделі болуына байланысты қытай ғалымдары тарапынан да әр түрлі көзқарастар айтылып, ішкерлей зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыпқа айналып отыр. Хуаң Бороң және Ляу Шүйдоңның қытайлықтардың үйренуіне арналған «Қазіргі заман қытай тілі» кітабында қытай тіліндегі толықтырғыш мүшені нәтиже толықтырғыш мүше, дәреже толықтырғыш мүше, жай-күйді білдіретін толықтырғыш мүше, бағыт-бағдарлы толықтырғыш мүше, сан-мөлшерлік толықтырғыш мүше, мезгіл-мекндік толықтырғыш мүше және мүмкіндік толықтырғыш мүше деп жеті түрге бөлсе [Хуаң Бороң, Ляо Сюдун: 1997, 211], Син Гонван толықтырғыш мүшені дәреже толықтырғыш мүше, нәтиже толықтырғыш мүше, жай-күйді білдіретін толықтырғыш мүше, бағыт-бағдарлы толықтырғыш мүше және мүмкіндік толықтырғыш мүше деп бес түрге жіктеген [Син Гонван т.б: 1994, 106]. Ал Чжу Дэси қытай тіліндегі толықтырғыш мүшенің әр түрлі комбинацияларының өзгешелігін негізге ала отырып, қытай тілінің комплемент құрлымын комбинациялық үлгі (组合式) және біріккіштік үлгі (黏合式) деп екі түрге бөліп, комбинациялық үлгінің құрамында шылау -得 бар, ал біріккіштік үлгінің құрамында шылау -得болмайды. Етістікті құрлым мен бағдарлы етістікті құрлым біріккіштік комбинацияға жатады дегенді айтады [Чжу Дэси: 2006, 86].

Тілдің негізгі қызметі - ақпарат беру болып табылады. Ақпарат кезкелген тілдік формада әр түрлі дәрежеде бейнеленеді. Жай сөйлемнің құрлымы қарапайым болғандықтан ақпаратты бейнелеу дәрежесіде төмен деңгейде болады; құрмалас сөйлемнің құрлымы күрделі болуына байланысты ақпарат жоғары деңгейде бейнеленеді. Го Чзимао және Ваң Хоңчи қытай тіліндегі жай сөйлемдерді нәтиженің қандай дәрежеде ақпарат берілгені түрғысынан қарастырған жөн дегенді алға тарта келіп, қазіргі заман қытай тілінде дәрежені бейнелеудің аз дегенде үш түрлі тәсілі бар: біріншісі, етістікті баяндауыш арқылы бейнеленедді, мысалы: 摔了; екіншісі, біріккен толықтырғыш мүше арқылы бейнеленеді, мысалы:摔坏了; үшіншісі, комбинациялды толықтырғыш мүше арқылы бейнеленеді, мысалы:摔得七零八落[Го Чзимао, Ваң Хоңчи: 2001]. Қытай тіліндегі толықтырғыш мүшенің жүйесінде комбинациялды толықтырғыш мүшенің нәтижені бейнелеу деңгейі біріккен толықтырғышқа қарағанда жоғары болады. Сондықтан біріккен толықтырғыш арқылы нәтиженің төмен дәрежедебейнеленгені айқындалады. Біріккен комплементті құрлым өзгерісті ғана баяндайды, өзгерістің мән-жайын сипаттай алмайды.

Қытай тілінде семантикалық бағытта талдау жасау XX-ғасырдың 80-жылдарынан бастап сөйлемге талдау жасау тәсілі ретінде қолданылып келеді. Атап айтар болсақ, қытай тілінің синтакисистік құрлымындағы белгілі бір мүшенің семантикалық тұрғыда сөйлемдегі қайсы мүшемен тіке байланыста екендігін көрсетіп беру дегендік. Міне бұл қытай тіліндегі етістікті құрлымның өте күрделі болуына байланысты семантикалық бағыты да алуан түрлі болатындығын түсіндіреді. Осы түйткілді мәселе негізінде қытай ғалымы Ван Лижуанның пайымдауы бойынша қытай тіліндегі нәтиже толықтырғыш мүшенің семантикалық бағыты екі үлкен топты қамтыйды: біріншісі, қытай тіліндегі нәтиже толықтырғыш мүшенің семантикалық бағыттағы предикаты екі түрлі болады, бірі

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

мағынасы күңгіріт толықтырғыш мүше. Мысалы: 着, 到, 住т.б, енді бірі қимылды бейнелейтін қасиетке ие нәтиже толықтырғыш мүше, мысалы: қимылдың жылдамдығын білдіретін 快, 慢, қанықтық дәрежесін білдіретін 熟, 清楚т.б; екіншісі, нәтиже толықтырғыш мүшенің семантикалық бағыттағы номиналды мүшесінің кейбіреуі қимыл-әрекеттің иесі, қабылдаушысы немесе қимыл-әрекеттің обьекивіне бағытталса, кейбіреуі мекенге, заттық мәтериял т.б бағытталады деген көзқарастықуаттайды[Ван Лижуан, 2007].

Қытай тіліндегі етістікті құрлым өзекті сөз және нәтиже толықтырғыш сынды екі бөліктен құрылады. Өзекті сөз қимыл-қозғалысты білдірсе, нәтиже толықтырғыш мүше қимыл-қозғалыстың нәтижесін білдіреді. Олар әр түрлі грамматикалық мағына берумен қатар, екі мүшенің арасында белгілі бір түрақтылық сақталумен қатар, құраушы мүшелерде ортақ қасиет болады. Сондай-ақ барлығы баяндауыш сипатындағы сөздер болып келеді. Етістікті құрлымда әлде қандай түсіндіру қасиеті сақталғандықтан қазіргі заман қытай тілінде толықтырғыш мүше болып келетін сөздердің басым көпшілігі сын есімдерден тұрады [Лю Цзешэн: 2006]. Етістікті құрлымдағы өзекті сөз бен нәтиже толықтырғыш мүше себеп-салдарлық байланысты білдіреді, алдыңғысы- себеп, соңғысы - салдар. Мәлімбір қимыл-қозғалыс аяқталғаннан кейін, сол қимыл-қозғалыстың белгілі деңгейде нәтижесі болады. Сондықтан да етістікті құрлымды құраушы мүше арасында тығыз байланыс болады[Хуаң Бороң, Ляо Сюдун: 1997, 218].

Жоғарыда айтылғандай қытайдың тіл ғалымдарының қытай тілі грамматикасындағы толықтырғыш мүшені зерттеу барысындағы көзқарастарын негізге ала отырып, қытай тіліндегі нәтиже толықтырғыш мүшені толықтырғыш мүшенің басқа түрлерімен салыстырып, олардың арасындағы өзгешеліктерін көрсетіп беруді жөн санадық.

1. Қытай тіліндегі нәтиже толықтырғыш мүше мен дәреже толықтырғыш мүшенің өзара айырмашылығы.

Біріншіден, бұл екі толықтырғыш мүшенің грамматикалық мағыналары бірдей емес.

Қытай тіліндегі нәтиже толықтырғыш мүше қимыл-қозғалыстың, жай-күйдің шынайы нәтижесін білдіреді. Дәреже толықтырғыш мүше шегіне жеткен немесе ең жоғары деңгейге жеткенді білдіреді де, эмоционалдық және әсірелеу мағынасында болып келеді. Сондықтан етістік пен сын есім дәреже толықтырғыш мүше болып келгенде, осы сөздің тура мағынасында емес, қайта семантикалық тұрғыдан көмескі мағынада қолданылады да, мәлім бір дәрежені ғана көрсетеді. Мысалы:

(1) a 摔坏了 (2) a 吃多了 (3) a打傻了
b乐坏了 b 好多了b看傻了

Жоғарыдағы мысалының «a» түрі нәтиже толықтырғыш мүше. Толықтырғыш мүше болып келген сын есім немесе етістіктің мағынасы сол сөздің түпкі мағынасы. Ал «b» түрі дәреже толықтырғыш мүше тіркесі. Толықтырғыш мүше қызметін атқарған сын есім немесе етістіккөмескі мағынада қолданылып, өте жоғары дәрежені ғана бейнелейді.

Нәтиже толықтырғыш өзекті сөзбен тығыз байланысады, аралығына 得 жалғанбайды. Дәреже толықтырғыш мүше екі түрлі болады: біреуіне 得 жалғанбайды. Мысалы: 高兴极了，想疯了; енді біреуіне 得жалғанады. Мысалы: 漂亮得很，闷得慌，热得难受.

Екішіден, бұл екі толықтырғыш мүше болымсыз түрінің бар немесе жоқ болуына байланысты айқындалады.

Нәтиже толықтырғыш мүше өзекті сөзбен себеп-салдарлық байланыста болады да, алдыңғысы себеп, соңғысы салдар; уақыт реттілігі болады, уақыт тұрғысынан сәп салғанда қимыл-қозғалыс пен жай-күйөзгерісінің аяқталғанын немесе аяқталмағанын,

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

сондай-ақ белгілі бір нәтиженің жүзеге асқанын немесе орындалмағанын бейнелейді. Сондықтан қытай тілінде 没(有) арқылы нәтиже толықтырғыш мүшеден жасалған тіркесті болымсыз түрге айналдырып, обьективті тұрғыдан бұл нәтиженің жүзеге аспағанын білдіреді. Мысылы: (4) 我好久没有见到这么美的风景了。(5)他还没听懂我的话呢。

Дәреже толықтырғыш пен өзекті сөз арасында себеп-салдарлық байланыс та, ілгеріндікейінді уақыт реттілігі де болмайды. Дәреже толықтырғыш өзекті сөздің дәрежесін әйгілейді. Мысалы: 今天真是开心极了。这里的天气冷死了。Дәреже толықтырғышты мүше дәрежені ғана айқын көрсетеді, ешқандай уақыт реттілік мәселесі сақталмайды. Сондықтан 没 арқылы болымсыз түрге айналмайды. Дәреже толықтырғыш мүше сөйлеушінің заттың немесе болымыстың жай-күйіне деген бағасын білдіріп, дәрежені айқындайды. Дәрежені болымды түрде ғана бейнелейді, болымсыз түрде бейнелемейді. Сондықтан, дәреже толықтырғыш мүше 不 арқылы болымсыз түрге өзгермейді. Жоғарыдағы екі түйінді ескерсек, дәреже толықтырғышты мүшенің болымсыз түрі жоқ екенін аңғаруға болады.

Үшіншіден, бұл екі толықтырғыш мүшенің сұрақ қою тәсілдері бірдей емес. Нәтиже толықтырғыш мүшеге төмендегідей сұрақ қою тәсілдері арқылы сұрақ қоюға болады:

Жақтауды немесе теріске шығаруды білдіретін сұрақтар. Атап айтқанда сұрақ интонациялды немесе қос мағыналы 吗, 吧 т.б демеулік сөздер қолданылады. Мысалы:

(6) 画完——你画完画了吗？(7) 湿透——衣服湿透了吗？(8)踢破——球踢破了吗？

Сұрау есімдігі арқылы сұрақ қоюға болады. Қимыл-қозғалыстың барысын сұраған кезде 动词 + 得+ 怎么样+ 了үлгісінде сұрақ қоюға болады. Бұл жай-күйдің жалпы барысын сұрағанда қолданылады. Жауап бергенде үнемі нәниже толықтырғыш мүше тіркесі арқылы жауап беріледі. Мысалы:

(9) 饭做得怎么样了？——快做好了。

(10) 汤煮得怎么样了？——已经煮熟了，快来喝吧。

(11) 作业写得怎么样了？——马上就写完。

Болымды-болымсыз түр арқылы сұрақ қоюға болады. 中心语 + 没 + 中心语 + 结果补语，有没有 + 结果补语短语 немесе 结果补语 + 了+ 没有 үлгісінде сұрақ қойылады. Мысалы:

(12) 吃饱—{ 你吃没吃饱？ / 你有没吃饱？ / 你吃饱了没有？ }

(13) 听懂—{ 你听没听懂？ / 你有没有听懂 ？ / 你听懂了没有？ }

(14) 看见—{ 你看没看见沙老师？ / 你有没有看见沙老师？ / 你看见沙老师了没有？ }

Дәреже толықтырғыш мүше – сөйлеуші адамның болымыстың немесе заттың белгілі дәрежесіне деген бағасы мен сипаттамасын білдіреді. Дәреже толықтырғыш мүшеге құптауды немесе теріске шығаруды білдіретін сұраулы сөз 吗–қолданылмайды,оның орнына сұрау мағынасындағы 吧 –сөзі қолданылады.Сұрақ жорамалдау, тұспалдау

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

мағынасында келеді де, сөйлеуші адам болымыстың белгілі дәрежеге жеткендігін топшылайды. Мысалы:

(15) 心里痛快极了。心里痛快极了吧？

(16) 他简直乐坏了。他简直乐坏了吧？

(17) 那座山高得很。那座山高得很吧？

Дәреже толықтырғыш мүше тіркесінде болымсыз түр болмайды. 中心语 + 没/不 + 中心语 + 程度补语 –болымсыз сұрақ қою үлгісінде немесе 有没有 -үлгісінде де қолданылмайды. Дәреже толықтырғыш мүше 是不是 + 程度补语短语 немесе 程度补语短语 + 是不是 болымсыз сұрақ қою үлгісінде қолданылады. Осындай сұраулы сөйлемдер арқылы сөйлеуші адам болымыстың қандайда бір дәрежеге жеткендігін болжау негізінде айтады. Мысалы:

(18) **阿拉木**图现在热死了。— { **阿拉木**图现在是不是热死了？ / **阿拉木**图现在热死了，是不是？

(19) **那里的**东西贵得要命。— { **那里的**东西是不是贵得要命？ / **那里的**东西贵得要命，是不是？

2. Қытай тіліндегі нәтиже толықтырғыш мүше мен мүмкіндік толықтырғыш мүшенің айырмашылығы.

Қытай тіліндегі мүмкіндік толықтырғыш мүше қимыл-қозғалыстың нәтижесі мен бағыт-бағдарының жүзеге асуының мүмкін немесе мүмкін еместігін білдіреді. Мүмкіндік толықтырғыш мүше екі түрлі болады, бірі 得 немесе 不得 –мен толықтырылады, енді бірі нәтиже толықтырғыш пен өзекті сөздің арасына 得/不 қыстырылып келеді. Бұл арада біз нәтиже толықтырғыш мүшемен тығыз байланыста болатын мүмкіндік толықтырғыш мүшенің жоғарыда айтылған екінші түріне талдау жасаймыз.

Біріншіден, нәтиже толықтырғыш мүше мен мүмкіндік толықтырғыш мүше семантикалық тұрғыдан бірдей емес.

Нәтиже толықтырғыш мүше қимыл-қозғалыстың және жай-күй өзгерісінің нәтижесін білдіреді, өзекті сөз қимыл-қозғалыстың алдымен туылғандығын, одан соң нәтиже толықтырғыш мүше арқылы нәтижесі көрсетіледі. Сондықтан нәтиже толықтырғыш мүше іс-әрекет аяқталғаннан кейін қортындылайды, нәтиженің жүзеге асқандығын немесе жүзеге аспағандығын сипаттайды; мүмкіндік толықтырғыш мүше осы нәтиженің жүзеге асуының немесе жүзеге аспауының мүмкін не мүмкін еместігін айғақтайды. Міне осы қағиданың қисынына жүгінсек мүмкіндік толықтырғыш мүше іс-әрекеттің туылмағанын немесе аяқталмай тұрып шешім шығаратынын аңғаруға болады.мысалы:

(20) 看完了— нәтиже толықтырғыш мүше, «看» -қимылы аяқталғаннан кейін «完» -нәтижесі болады.

看得完— мүмкіндік толықтырғыш мүше, «看» -қимылы аяқталудан бұрын жүзеге асатын мүмкіндігі бар «完» -ның нәтижесін көрсетеді.

(21) 没唱好— нәтиже толықтырғыш мүше, «唱» -қимылы аяқталғанмен, бірақ «好» -нәтижесі жүзеге асқан жоқ.

唱不好— мүмкіндік толықтырғыш мүше, «唱» -қимылы басталмай немесе аяқталмай тұрып, «好» -нәтижесінің жүзеге аспайтындығына шешім шығарады.

Екіншіден, нәтиже толықтырғыш мүше мен мүмкіндік толықтырғыш мүшенің болымсыз түрі бірдей емес.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Нәтиже толықтырғыш мүше тікелей болымсыз түрге өзгере алмайды, етістікті құрлыммен бірге болымсыз түрге өзгереді. 看清 –ның болымсыз түрі 没看清. 看没清 немесе 看不清 түрінде қолданылмайды. 看不清 –нәтиженің жүзеге аспағанын білдіреді, сондықтан келесі кезекте мүмкіндік толықтырғыш мүшенің болымсыз түріне тоқталсақ, мүмкіндік толықтырғыш мүше тікелей болымсыз түрге айналады. 中心语 + 不 + 可能补语 –үлгісінде болымсыз түрге өзгеріп, мәлім бір нәтиженің жүзеге асу мүмкіндігінің жоқ екендігін білдіреді. Мысалы: 听得见 -ның болымсыз түрі 听不见 , 举得高 -дың болымсыз түрі 举不高.

Үшіншіден, нәтиже толықтырғыш мүше мен мүмкіндік толықтырғыш мүшенің сұрақ қою тәсілдері бірдей емес.

Мүмкіндік толықтырғыш мүшенің сұрақ қою тәсілі екі түрлі болады:

Біріншісі, сұрақ интонациясын білдіретін немесе қос міндетті демулік сөз 吗, 吧 т.б арқылы қойылады. Сұрақ қою тәсілі нәтиже толықтырғыш мүшеде 结果补语短语 + 了 + 吗 –үлгісінде келсе, мүмкіндік толықтырғыш мүшеде 了 қолданылмайды да 可能补语 + 吗 –үлгісінде келеді. Мысалы:

(22) 你写得好吗？ (23) 这雨下得透吗？

Екіншісі, болымды-болымсыз сұрақ қою тәсілі арқылы нәтиже толықтырғыш мүшеде 结果补语短语 + 了 + 没有 немесе 中心语 + 没 + 中心语 + 结果补语 не 有没有 + 结果补语短语 –үлгісінде жасалса, мүмкіндік толықтырғыш мүше болымды түрдегі мүмкіндік толықтырғыш мүшеден жасалған тіркес және болымсыз түрдегі мүмкіндік толықтырғыш мүшеден жасалған тіркес арқылы сұрақ қоюға болады. Мысалы:

(24) 这把锁打得开打不开？ (25)达娜考得上大学考不上？

3. Қытай тіліндегі нәтиже толықтырғыш мүше мен жай-күй толықтырғыш мүшенің айырмашылығы.

Біріншіден, нәтиже толықтырғыш мүше мен жай-күй толықтырғыш мүшенің құрамы әр түрлі болып келеді.

Нәтиже толықтырғыш мүше өзекті сөзбен тікелей жалғанады да, көбінде сын есім немесе аз мөлшердегі етістіктер нәтиже толықтырғыш мүше болып келеді. Жай-күй толықтырғыш мүшеде өзекті сөз бен толықтырғыш мүшенің арасына шылау得 жалғанып келеді. Жай-күй толықтырғыш мүше болып сын есім немесе етістіктер, сын есім немесе етістіктен жасалған тіркестер, тіпті тұтас бір сөйлемде жай-күй толықтырғыш мүше бола алады. Мысалы: (26) 跑得快— (сын есімнен жасалған жай-күй толықтырғыш мүше)

(27) 跑得太快了— (сын есім тіркесінен жасалған жай-күй толықтырғыш мүше)

(28) 高兴得笑了— (етістіктен жасалған жай-күй толықтырғыш мүше)

(29) 跑得都喘不过气来了— (етістік тіркесінен жасалған жай-күй толықтырғыш мүше)

(30) 笑得眼泪都流出来了— (сөйлемнен жасалған жай-күй толықтырғыш мүше)

Жай-күй толықтырғыш мүше - толықтырғыш мүше арасында мазмұны мол түрге жатады, жай-күй толықтырғыш мүшенің құрамында қатаң ереже болмайды. Жай-күй толықтырғыш мүшенің маңызды белгісі – өзекті сөз бен жай-күй толықтырғыш мүшенің арасында міндетті түрде шылау 得 жалғанып келеді.

Екіншіден, нәтиже толықтырғыш мүше мен жай-күй толықтырғыш мүше семантикалық тұрғыдан бірдей емес.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Нәтиже толықтырғыш мүше қимыл-қозғалыстың нәтижесін білдіреді де, бір істі баяндау рөлінде нәтиженің маңыздылығын түсіндіреді. Жай-күй толықтырғыш мүше іс-қимылдың, сыр-сипаттың бейнеленген жай-күйін білдіреді. Оның рөлі екі түрлі болады: бірі бағалайды, мысалы: 他的口语说得不错; Енді бірі суреттейді, мысалы: 他过得有滋有味儿. Кейде ұқсас мағынадағы үғымды нәтиже толықтырғыш мүше мен жай-күй толықтырғыш мүше өз алдына әр түрлі үлгіде бейнелейді. Мысалы:

(31) a 你一定要把这几个字写漂亮了。B这几个大字写得漂亮。

«a» сөйлемге нәтиже толықтырғыш мүшелі тіркес қолданылып, жазу жазғанның нәтижесі 字要漂亮, 漂亮 жүзеге асқан нәтиже. Сөйлемнің «b» түріне жай-күй толықтырғыш мүшелі тіркес қолданылып, жазуға деген бағаны білдіріп тұр, осы баға 漂亮.

(32) a他气哭了。 b他气得哭了。

Сөйлемнің «a» түріне нәтиже толыұтырғыш мүшелі тіркес қолданылып, ашуланғаннан кейінгі нәтиженің 哭了екенін білдірсе, сөйлемнің «b» түріне жай-күй толықтырғыш мүшелі тіркес қолданылып, сол кездегі нақты көрініст 哭了 арқылы суреттейді.

Үшіншіден, нәтиже толықтырғыш мүше мен жай-күй толықтырғыш мүшенің болымсыз түрі бірдей емес.

Нәтиже толықтырғыш мүшенің болымсыз түрі нәтиже толықтырғыш мүшеден тыс тұтас құрлымды болымсыз түрге айналдырса, жай-күй толықтырғыш мүше жай-күй толықтырғыш мүше тіркесінің ішкі құрамын ғана болымсыз түрге өзгертеді. 中心语 + 得 + 不 + 状态补语. Мысалы: (33) 这幅画画得不生动。(34) 雨下得不大。Бұл арада ескерте кетуге тиісті тағы бір мәселе – бағалау рөліндегі жай-күй толықтырғыш мүшенің тіркесінде болымсыз түр болады, жай-күй толықтырғыш мүше сыр-сипатты білдіретін сын есімдерден тұрады. Суреттеу рөліндегі жай-күй толықтырғыш мүшенің тіркесінде болымсыз түр болмайды, мұндай жай-күй толықтырғыш мүше жай-күйді білдіретін сын есімдерден немесе баяндауышты тіркестен жасалады.

Төртіншіден, нәтиже толықтырғыш мүше мен жай-күй толықтырғыш мүшенің сұрақ қою тәсілдері бірдей емес.

Жай-күй толықтырғыш мүшенің екі түрлі сұрақ қою тәсілі бар:

Біріншісі, күптауды не терістеуді білдіретін сұрақ қою тәсілі. Атап айтқанда сұрақ интонациясын білдіретін немесе қос мағыналы демеулік сөз 吗, 吧 т.б арқылы сұрақ қойылады. Осынай сұрақ қою тәсілі нәтиже толықтырғыш мүшеде 结果补语短语 + 了 + 吗 –үлгісінде болса, жай-күй толықтырғыш мүшеде 了 қолданылмайды да, 状态补语 + 吗 – үлгісінде болады. Мысалы:

(35) 这幅画画得好吗？ (36) 小狗今天吃得多吗？

Екіншісі, болымды-болымсыз түрде сұрақ қою тәсілі. Нәтиже толықтырғыш мүшеде 结果补语短语 + 了 + 没有 не 中心语 + 没 + 中心语 + 结果补语 немесе 有没有 + 结果补语短语 –үлгісінде келсе, жай-күй толықтырғыш мүшеде 状态补语短语 + 不 + 状态补语 –үлгісінде сұрақ қойылады. мысалы:

(37) 雨下得大不大？ (38) 他长得可爱不可爱？

Баяндау рөліндегі жай-күй толықтырғыш мүше мәлім бір жай-күйді ғана баяндайтындықтан боллымсыз түрі болмайды, сондықтан оның екінші түрдегі сұрақ қою тәсілі де болмайды. Мысалы:

(39) * 她高兴得笑不笑？(дұрыс емес) (40) * 他把球鞋刷得雪白不雪白？(дұрыс емес)

(41) * 他跑得快飞起来了不飞起来了？(дұрыс емес)

Қорыта келгенде, қытай тіліндегі толықтырғыш мүше қытай тілі грамматикасындағы ең күрделі тақырыптардың қатарына жатады. Осы тақырыпқа байланысты қытайдың тіл ғалымдары да ортақ бір мәмілеге келе алмай, әр түрлі пікірде. Сондықтан аталмыш мақалада қытай тіліндегі нәтиже толықтырғыш мүшенің ерекшеліктерін толықтырғыш мүшенің басқа түрлерімен жеке-жеке салыстыру арқылы, нәтиже толықтырғыш мүшенің ерекшелігін айқындаумен қатар олардың арасындағы басты айырмашылықтарын көрсетуге назарға алдық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Хуан Борон және Ляо Сюдун. Қазіргі қытай тілі. -Пекин: Жоғары білім беру баспасы., 1997, -211 б.
2. Син Гонгван. Қазіргі қытай тілінің курсы. -Тяньцзинь: Нанкай университетінің баспасы., 1994, -106 бет.
3. Чжу Дэси. Грамматика бойынша лекция жазбалары. Пекин: Коммерциялық баспасөз, 2006, -Б.86.
4. Гуо Цзимао., Ван Хунци. Комбинациялық толықтырғыш пен және біріккіштік толықтауыштардың өрнектеріндегі айырмашылықтарды когнитивтік талдау. Дүниежүзілік қытай тілін оқыту» журналы №2, 2001 ж.
5. Ван Лижуан. Нәтиже толықтырулардың семантикалық бағыты., Әдеби-оқыту материалдары., 2007, наурыз аяғындағы шығарылым.
6. Лю Цзешен. Динамикалық функционалдық құрылымның құрамдас бөліктері мен қатынастарын талқылау. «Тілдік зерттеулер», №2, 2006 жылғы басылым.
7. Хуан Борон., Ляо Сюдун. Қазіргі қытай тілі. -Пекин: Жоғары білім беру баспасы, 1997, 218 бет.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 372.851

ПРИМЕНЕНИЕ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ПОДХОДА К ОБУЧЕНИЮ МАТЕМАТИКЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СТРУКТУРИРОВАННЫХ ЗАДАНИЙ

Сугралинова Бибигуль Алпысбаевна, Толеукызы Мадина, Кудас Дина
«Назарбаев Интеллектуальная школа» ХБН города Павлодар, учителя математики,
г.Павлодар, Казахстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451995

To Cite: Сугралинова Бибигуль Алпысбаевна, Толеукызы Мадина, & Кудас Дина. (2024). Применение дифференцированного подхода к обучению математике с использованием структурированных заданий. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451995

Математика - это не только система формул и чисел, но и язык, на котором говорит сама природа. В роли проводника в этом мире служат учителя математики, и их задача не только передать знания, но и пробудить интерес к предмету. Один из ключевых методов для достижения этой цели - применение дифференцированного подхода в обучении математике с использованием структурированных заданий.

Современное образование сталкивается с вызовами, которые требуют инновационных и гибких подходов. В контексте обучения математике, где каждый ученик имеет свой уникальный набор знаний и потребностей, применение дифференцированного подхода становится необходимым.

В каждом классе ученики различаются по темпу усвоения материала, уровню подготовки и стилю обучения. Дифференцированный подход призван учитывать эти различия, предоставляя каждому студенту индивидуализированный путь обучения.

В математике, где новые концепции строятся на фундаменте предыдущих знаний, важно, чтобы каждый ученик мог по-своему воспринимать и усваивать информацию. Дифференцированный подход позволяет учителям создавать уроки, адаптированные к уникальным потребностям каждого студента, что способствует более глубокому пониманию материала.

Целью образования является не только передача знаний, но и развитие учеников как личностей. Дифференцированный подход в математике помогает создать среду, способствующую индивидуальному развитию, учитывая интересы, способности и потребности каждого ученика.

Структурированные задания, включенные в дифференцированный подход, поддерживают мотивацию учеников. Когда задачи соответствуют их уровню подготовки, студенты чувствуют себя успешными, что, в свою очередь, стимулирует их активное участие в учебном процессе.

Современное общество сталкивается с разнообразными вызовами, требующими глубокого понимания математических концепций. Дифференцированный подход к обучению математике готовит учеников к самостоятельному мышлению, критическому анализу и решению сложных проблем.

Дифференцированный подход помогает учителям преодолевать границы в обучении, создавая более инклюзивное и динамичное учебное пространство.

Структурированные задания становятся инструментом, который позволяет преодолеть трудности в обучении и уделять внимание индивидуальным потребностям.

Дифференцированный подход и структурированные задания содействуют устойчивому обучению, учитывая различные стили обучения и уровни подготовки. Это формирует устойчивый фундамент знаний, который может служить ученикам в будущем.

Структурированные задания становятся ключевым компонентом дифференцированного подхода в обучении математике. Эти задания не просто предоставляют ученикам возможность применить свои знания, но и создают основу для индивидуализированного подхода, отвечающего различным уровням подготовки и способностям учеников.

- Неотъемлемая часть дифференцированного подхода: они позволяют учителям адаптировать содержание и сложность заданий, обеспечивая каждому ученику высокий уровень вызова, соответствующий его индивидуальному уровню подготовки.
- Персонализация учебного процесса: учителя могут модифицировать задачи, чтобы поддерживать студентов с различным уровнем математической готовности, обеспечивая каждому возможность работать на своем оптимальном уровне.
- Уровень вызова и подготовка ученика: это позволяет учителям адаптировать сложность задач в зависимости от уровня подготовки каждого ученика. Так, студенты с более высоким уровнем готовности могут сталкиваться с более сложными заданиями, в то время как те, кто нуждается в дополнительной поддержке, могут решать более простые задачи.
- Адаптация для поддержки студентов: это важно, поскольку ученики могут иметь различные потребности в процессе обучения, и структурированные задания предоставляют инструмент для индивидуализированной поддержки.
- Развитие навыков критического мышления: ученики должны анализировать, применять и объяснять математические концепции, что способствует более глубокому пониманию предмета.
- Поддержка самостоятельности и ответственности: когда ученикам предоставляется выбор и возможность самостоятельного решения задач, они развивают умения саморегуляции и принятия решений.
- Интеграция технологий: электронные платформы, интерактивные приложения и онлайн-ресурсы могут дополнить структурированные задания, обогащая учебный процесс и предоставляя ученикам дополнительные возможности для изучения.

В целом, структурированные задания становятся не только средством проверки знаний, но и инструментом для поддержки индивидуального развития каждого ученика в контексте дифференцированного подхода в обучении математике.

В современной системе образования, где каждый ученик уникален в своих потребностях и стиле обучения, дифференцированный подход в обучении математике становится необходимостью. Однако ключевым элементом этого подхода является не только учет индивидуальных различий, но и эффективное использование структурированных заданий.

Структурированные задания представляют собой задачи, которые разработаны с учетом уровня сложности и потребностей каждого ученика. Эти задания предоставляют возможность индивидуализировать процесс обучения, учитывая разные стили обучения, темп усвоения материала и уровень интереса.

Один из важных аспектов индивидуализации - адаптация к стилю обучения. Структурированные задания могут быть спроектированы так, чтобы соответствовать

визуальным, аудиальным или кинестетическим предпочтениям учеников. Это обеспечивает максимальное усвоение материала, так как каждый ученик может использовать тот способ восприятия, который ему наиболее комфортен.

Темп усвоения материала также может сильно различаться у разных студентов. Структурированные задания предоставляют возможность создавать дополнительные задачи для быстро усваивающих материал и дополнительную поддержку для тех, кто требует дополнительного времени на усвоение. Это помогает избежать ситуации, когда некоторые студенты чувствуют себя отставшими или, наоборот, скучают из-за недостаточного вызова.

Уровень интереса учеников играет важную роль в мотивации их к обучению. Структурированные задания предоставляют возможность выбора задач, ориентированных на конкретные потребности и интересы каждого ученика. Это создает учебную среду, где материал не только усваивается, но и вызывает интерес и энтузиазм.

Сам факт персонального выбора задач также способствует развитию ответственности за свой образовательный процесс. Структурированные задания демонстрируют студентам, что их мнение учитывается, и что они могут активно влиять на собственный путь обучения. Кроме того, структурированные задания способствуют развитию навыков саморегуляции. Ученикам предоставляется свобода выбора и контроля над своим обучением, что развивает их умение планировать и оценивать свой прогресс.

Индивидуализированные вызовы и поддержка, встроенные в структурированные задания, позволяют каждому ученику работать на оптимальном для него уровне. Это создает атмосферу, где каждый чувствует себя успешным, что, в свою очередь, поддерживает позитивный опыт обучения.Такой подход не только способствует более эффективному обучению математике, но и готовит студентов к самостоятельному мышлению, развивает навыки саморегуляции и ответственности. В итоге, индивидуализация процесса обучения с использованием структурированных заданий становится ключом к формированию компетентных и мотивированных учеников в области математики.

В обучении математике структурированные задания играют важную роль в формировании критического мышления у учащихся. Этот метод не просто направлен на поверхностное усвоение фактов, а стимулирует студентов к анализу, принятию решений и разработке стратегий решения задач. Такие задания часто требуют от учащихся не только применения своих знаний, но и глубокого понимания математических концепций. Они могут включать в себя сложные задачи, решение которых требует анализа, синтеза и оценки различных подходов. Такие задания выходят за рамки простого повторения информации и ставят перед учениками задачу применения своих знаний для решения реальных проблем.

Важной чертой структурированных заданий является их способность развивать логическое мышление. Ученики вынуждены выстраивать цепочку логических шагов для решения задачи, что требует от них аналитического мышления и умения проводить логические выводы. Этот подход к обучению также способствует развитию навыков решения проблем. Структурированные задания часто имеют характер реальных ситуаций, где ученики вынуждены применять свои математические знания для нахождения оптимальных решений. Это помогает им развивать творческий подход к решению проблем и находить нестандартные решения.

Кроме того, структурированные задания обучают учеников работать с информацией, выделять ключевые аспекты задачи и анализировать их в контексте широких математических концепций. Это развивает у них умение критически оценивать и использовать информацию в своей деятельности.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

В процессе выполнения структурированных заданий учащиеся также учатся работать в команде, обсуждать и аргументировать свои решения. Это развивает навыки коммуникации и коллективного мышления.

Таким образом, структурированные задания в математике не только обеспечивают эффективное усвоение концепций, но и стимулируют развитие критического мышления у учащихся. Они формируют навыки анализа, принятия решений и логического мышления, которые являются важными в жизни студентов и их будущей профессиональной деятельности.

Дифференцированный подход и структурированные задания в математике не только обеспечивают эффективное обучение, но и создают благоприятную атмосферу для повышения мотивации и интереса учеников к предмету. Предоставление студентам возможности выбирать задачи, соответствующие их уровню подготовки, создает условия для активного участия в учебном процессе. Успех в решении задач и преодоление трудностей становятся источником удовлетворения, что мотивирует учеников к более глубокому погружению в изучение математики.

Интеграция структурированных заданий с использованием современных технологий открывает новые горизонты для обучения математике. Интерактивные приложения, онлайн-ресурсы и компьютерные программы предоставляют учителям и студентам возможность использовать разнообразные инструменты для углубленного изучения материала. Технологическая составляющая дифференцированного подхода дает ученикам не только доступ к более широкому спектру знаний, но и поддерживает разнообразные стили обучения.

Один из важных аспектов дифференцированного подхода — помощь студентам в преодолении трудностей в обучении. Структурированные задания предоставляют возможность адаптировать учебный материал к уровню подготовки каждого ученика. Тем самым, студенты, сталкивающиеся с трудностями в определенных темах, могут получить необходимую поддержку через более простые задания, что способствует постепенному развитию их навыков и уверенности в своих силах. Этот индивидуализированный подход к преодолению трудностей помогает создать обучающую среду, где каждый студент может достичь успеха в математике, независимо от своего начального уровня знаний.

В современном образовательном контексте дифференцированный подход в обучении математике с использованием структурированных заданий выделяется как эффективный метод, способствующий разностороннему развитию учащихся. Этот подход не только адаптирует учебный процесс к индивидуальным потребностям каждого студента, но также создает благоприятную образовательную среду, стимулирующую их мотивацию и интерес к математике.

Структурированные задания, внедренные в рамках дифференцированного подхода, не только обеспечивают уровень вызова, соответствующий уровню подготовки учеников, но и способствуют развитию их критического мышления. Этот подход требует не только применения знаний, но и анализа, решения проблем, что формирует необходимые навыки для успешного справления с вызовами в будущем.

Дифференцированный подход также дает возможность использовать современные технологии в учебном процессе, что расширяет доступ учеников к разнообразным материалам и поддерживает их индивидуальные стили обучения.

Преодоление трудностей в обучении становится возможным благодаря гибкости структурированных заданий, позволяя каждому ученику развиваться в собственном темпе и в рамках своих способностей.

В итоге, дифференцированный подход с использованием структурированных заданий не только способствует эффективному освоению математических концепций, но

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

и развивает у студентов навыки самостоятельного мышления, критического анализа, коммуникации и технологической грамотности. Этот интегрированный подход стремится не только формировать компетентных математиков, но и готовит учащихся к успешному существованию в постоянно меняющемся обществе, где навыки адаптации и творческого мышления играют ключевую роль.

Список литературы:

1 Tomlinson, C. A., How to Differentiate Instruction in Mixed-Ability Classrooms. ASCD.
2 Gardner, H. (1999). Intelligence Reframed: Multiple Intelligences for the 21st Century. Basic Books, 2001
3 Berenson, M. L., Berenson, D. L., Structured Group Activities for Mathematics: A Sourcebook for Teachers. Jossey-Bass, 2012
4 Meyers, C., Teaching Students to Think Critically. Jossey-Bass, 1986
5 Виготский, Л.С., Мышление и речь. Психологические исследования. Москва, 1978
6 Raymer, J., Differentiated Instruction for the Middle School Science Teacher: Activities and Strategies for an Inclusive Classroom. Jossey-Bass, 2002

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 528.223

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙДА ФИЗИКАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Сансызбаева Гулмария Максимовна
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
МФиз-11 тобының магистранты
БҚО, Орал қаласы

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452030

To Cite: Сансызбаева Гулмария Максимовна. (2024). Оқушылардың тұрмыстық жағдайда физикалық заңдылықтарды қолдануының педагогикалық шарттары. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452030

Аннотация: Мақалада қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі - мектепте физика пәнін оқытуда физикалық білім берумен қатар, олардың ғылыми көзқарастарын қалыптастыру. Әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдау, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы тұрмыстық жағдайда қажетті физикалық заңдылықтарды түсіне білуге дағдылану болып табылады. «Физика» пәнінің мақсаты – бұл оқушының ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық зеректік қабілетін дамыту, физиканың қазіргі қоғам өмірінде және жалпы адамзат мәдениетін дамыту, табиғатқа ғылыми көзқараспен қарау, физикадан берілетін білімді түрлі мәселені шешуде шығармашылықпен қолдануға алғы шарт болатын әлеуметтік мәні бар біліктер мен дағдыларды оқушы бойында қалыптастыру болып табылады.

Кілт сөздер: физика пәні, физикалық заңдылықтар, ғылым, проблемалық оқыту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттері – ғылым жүйесінің базалық негіздерін, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеру, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру, оқушылардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру» болып табылатындығы атап көрсетілген [1].

«Физика» оқу пәні ретінде өз білім саласында қоршаған әлемнің сансыз құбылыстарында орын алатын табиғаттың жалпы заңдылықтарын қарастырады. Физика ғылымы адамзат мәдениетінің маңызды құраушысы болып табылады. Физика ғылым ретінде адамзат мәдениетінде маңызды орын алады. Өз мазмұнына физиканың деректерін, түсініктерін, заңдарын, теорияларын, тәжірибелері мен әдістерін т.б. енгізе отыра, физикалық теориялар аясында адамзат іс-әрекетінің түрлі саласында қолданылатын біршама түсініктер қалыптасады. Физиканың жалпы мәдени мәнін ашу және осы негізде ғылыми көзқарас және ойды қалыптастыру қазіргі жағдайда оқу пәнінің басымдық мақсатын құрайды.

Қазіргі заманда ғылым мен техниканың жедел түрде дамуы әр оқушының білім дәрежесінің жоғары болуын талап етеді. Сондықтан оқушылардың шығармашылық пен белсенді түрде жұмыс жасауы, өз бетінше терең ойлауы арқылы білім алуы өмір қажетіне айналып отыр [2].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қазіргі білім беру жаңа ақпараттық жүйе технологиясын пайдалану мен оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқытудың жаңа ақпараттық жүйесі бұл мұғалімнің ақпараттық жүйе технологиясын пайдаланудың тиімділігі: оқушының өз бетімен жұмыс жасауына ықпал жасау; уақытты үнемдеуге; шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру; қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызады.

Жаңа технологияның басты мақсаты — өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқушы физика пәнін «зерттеп үйрену» кезінде оқу материалын «жаттап, қайталай бермей» өткен физикалық заңдылықтарды бүгінгімен ұштастыра, оның тәжірибесін түсіне, ажырата алса, оқушы білімі биіктей түседі. Ол үшін оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер қалай оқу керектігін үйрету,сыныпта оқуды үйренетін білім ортасын құру

I.Қалай оқу керектігін үйрету үшін мұғалім оқушыға
- Білім міндетін қоятын талаптарды түсінуге;
- Жеке ойлау үдерісін,жұмыс қағидаттарын зерттеуге;
- Міндеттерді орындау стратегияларын әзірлеуге;
- Нақты міндет үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектеседі;

II. Сыныпта оқуды үйренетін білім ортасын құру
- Оқу үдерісін қалай тұжырымдау қажет
- балалардың оқу үдерісін түсінуі
- нені оқу керектігін түсінуі
- оқу нәтижесін бағалау [3].

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларға физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді. Осылайша, физика сабағын өткізу барысында жаңа ақпараттық технологияны тиімді пайдаланып - білім сапаларын арттыру керек.

Физика – оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Физика пәнінде ақпараттық технологияларды қолдану пәнді оқытуда дүниенің заңдарын терең меңгертіп қоймай, оқушының ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады. Өзіне қажетті мазмұны мен мәліметті ақпарат көзінен таңдап өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыландырады. Сондай-ақ сабақ өтуде интерактивті тақтаны қолдану да сабақ тиімділігін арттырады. Компьютердегі интернет жүйесіндегі ақпараттық мәліметтерді сабақ тақырыбына байланысты қажеттісін таңдап тікелей қолдануға болады.
Оқу үдерісіне проблемалық оқыту технологиясын қолданғанда: мұғалім оқу үдерісінде белгілі бір танымдық жағдай туғызады, оқушыларға берілген тапсырманың проблемасын

бөліп көрсетіп, оны түсінуге және шешуге көмектеседі; оқушыларды проблеманы шешу үшін қажетті жаңа білім көлемін өз бетімен меңгеруге үйретеді; алған білімдерін тәжірибеде қолданудың әр түрлі жолдарын ұсынады.

Әдіскер ғалымдардың бақылаулары мен эксперименттік жұмыстарын, озық педагогикалық тәжірибелер мен әдістемелік әдебиеттерді талдау проблемалық жағдаяттарды құруға арналған дидактикалық талаптарды анықтауға мүмкіндік береді:

- проблемалық жағдаят оқылатын материалмен байланысты болуы және таным процесінің логикасынан басталуы керек;
- проблемалық жағдаят оқылатын материалға тән объективті қайшылықтардан туындайтын танымдық қиындықтарды тудыруы керек;
- проблемалық жағдаят оқушыларға арналған болуы тиіс;
- проблемалық жағдаят міндетті түрде оқушыларға білімінің жеткіліксіздігін көрсетіп, оларды жаңа идеяларды айтуға ынталандыруы керек;
- проблемалық жағдаят алдыңғы тәжірибеге және оқушылардың бар білімдеріненегізделуі керек;
- проблемалық жағдаятың негізгі мазмұны оқушылардың танымдық ізденістерінебағыт беруі керек;
- проблемалық жағдаяттар оқушылардың эмоционалды жағдайына әсер етуі керек, олар тапсырманы шешуге және шешудің әдістеріне қызығушылық танытуы керек[5].

И.Я. Лернердің пікірінше, проблемалық оқытуды оқу үдерісінің әр түрлі деңгейінде қолдануға болады:

- проблемалық жағдайды өзі қалыптастыратын және оны өзі шешетін мұғалімнің материалды проблемалық түрде ұсыну;
- жартылай іздеу деңгейінде мұғалім проблемалық жағдай туғызған кезде және оқушылар оны шешуге белгілі бір кезеңдерде ғана қатысу;
- мұғалім проблемалық жағдай туғызады, ал оны оқушылар өз бетінше әрекет ету барысында шешу;
- оқушылар мәселені өздері тұжырымдауы мен шешуі (бұл жаңа материалды зерттеу әдісі деп аталады) [6].

Өмірмен байланысты оқушылардың өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы проблемалық жағдайды туғызу. Мұндай проблемалық жағдайды шешуге мысалы мынадай тапсырмаларды беруге болады:

В Бірдей температурада тұрған ағаш пен темірге қол тигізсең ағаш темірге қарағанда жылылау болып көрінеді. Ал отыз градус ыстықта ағаш пен темірдің температуралары қандай болып сезіледі? Өз қорытындыларыңызды тәжірибе жүзінде тексеріңіздер.

В Неліктен металл ыдыспен шай ішкенде ерніміз күйеді, ал фарфор ыдыспен шай ішкенде ерніміз күймейді? Ыдыстардағы шайдың температуралары бірдей.

В Желдеткіштен шыққан ауаның қатты ағыны суық болады. Осы ағында балмұздақты сақтауға бола ма?

В Мыналардын кайсысына энергия көп жұмсалады: шойын құмыраны қыздыруға ма әлде оған құйылған массасы сондай суды ысытуға ма? Өз қорытындыларынызды тәжірибе жүзінде тексеріңіздер.

В Бірдей екі кесеге теңдей етіліп майлы және майсыз сорпа құйылған. Осы сорпалардың қайсысы тезірек суыйды?

Мұндай тапсырмалар оқушылардың өмірмен байланысты өздері алған білімдері мен ғылыми білімдері арасындағы қайшылықтарды пайдалану арқылы проблемалық жағдайларды тудырады. Олар оқушыларды табиғаттағы құбылыстарды талдауға, олардың

теориялық негіздерін іздеуге итермелейді.
Проблемалық жағдай пайдаланып өткізілетін сабақ құрылымы төмендегідей: проблемалық жағдайдың туындауы немесе құрылуы үшін жағдайларды ұйымдастыру; проблеманы анықтау және оны қалыптастыру; жеке проблемаларды бөліп көрсетіп, мәселені шешу жолдарын іздеу; әр түрлі гипотезаларды ұсыну, проблеманы ұжымдық және жеке шешу,проблемалы есептің дұрыс шешілуін тексеру және қателерді түзету; сабақтың негізгі мәселесін шешу, жаңа материалды бекіту [7].
Проблемалық оқытудың тиімділігін арттыру үшін қажет шарттар:
- Проблемалық жағдайды шешуге кіріспес бұрын мұғалім оқушылардың проблеманы шешуге дайындық дәрежесін және оны шешу үшін жеткілікті білім қоры бар- жоғын тексеруі керек.
- Мұғалім оқушылардың өздері анықтай алатын нәрселерді түсіндірмей, тек қана анықтай алмайтын нәрселерін түсіндіруі керек.
- Проблемалық білім беруді іске асыру барысында әр түрлі топтарға артықшылық бере отырып, оқушылардың жеке, жас ерекшеліктерін ескеру керек, білім беруді саралау процесі жүзеге асырылуы керек, оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың топтық формаларын енгізуі керек.
- Проблемалық оқытуды жүзеге асырудың жүйелілік ұстанымын іске асыруы керек.Ол үшін мұғалім:
- жаңа материалды меңгеру үшін, оқушының бұрын игерілген біліміне сүйенетін оқу үдерісін құру;
-әр сабақтың алдыңғы оқу материалдарын білу негізінде шешілуі қажет шешілмеген мәселелердің болу ықтималдылығын есте сақтау;
- проблемалық тапсырмаларды жиі шешкен сайын, оларды шешу оңайырақ және жеңіл болатынын есте сақтау қажет.

Қазіргі таңда мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу.

Жалпы білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету.

Қазіргі заманда болашақ мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319-III ҚРЗ. – Астана: Ақорда, 2017, шілде - 27 // http://adilet.zan.kz., 08.05.2018
2 «Физика және астрономия» журналы, 2012
3 https://qaztest.kz/material/download/10622
4 “Информатика негіздері” журналы.
5 https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-tehnologii-problemnogo-obucheniya-na-urokah-fiziki/pdf
6 Лернер И.Я. Проблемное обучение. - М.: Знание, 2004. - 64 с.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

7 Алимбекова Г.Б., Малаева Ұ. Физика пәнін оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдану әдістемесі //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы. –Алматы, 2010. -№ 2(17). – Б. 1

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

UDC 372.881.1

MOBILE APPLICATIONS FOR ENGLISH LANGUAGE LEARNING DURING INDEPENDENT WORK OF STUDENTS

Sarymbetova Almakul Aydashovna
«QAINAR» Academy, PhD senior lecturer
Almaty, Kazakhstan
Shoibekova Alima Zhorabaevna
Kazakh National Agrarian Research University
Master of Pedagogical Sciences, senior lecturer
Almaty, Kazakhstan

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452049

To Cite: Sarymbetova Almakul Aydashovna, & Shoibekova Alima Zhorabaevna. (2024). MOBILE APPLICATIONS FOR ENGLISH LANGUAGE LEARNING DURING INDEPENDENT WORK OF STUDENTS. B SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (T. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452049

Abstract: the article is devoted to the actual problem of the possibilities of using information and communication technologies in the process of teaching a foreign language. The author reveals the concept of mobile learning and considers its advantages in teaching foreign languages. The article gives a brief review of mobile applications for teaching English and the experience of their use in independent work of students.

Key words: information and communication technologies; mobile learning; mobile learning applications; independent work of students.

Foreign language education is now becoming one of the basic components in the structure of the competence model of specialist training. In this regard, it is significant the role of foreign language in the training of specialists in educational organisations of higher education, where the foreign language course is communicative-pragmatic and professionally oriented, is increasing significantly. Nowadays, higher education institutions face the task not only of modernising the content of training courses, but also of introducing new technologies of forming foreign language communicative competence of future specialists.

The analysis of recent studies in the field of innovations in foreign language teaching has shown that one of the actual directions is the introduction of modern information and communication technologies into the educational process. In particular, technologies related to mobile learning, which ensure the optimisation of the learning process, accessibility and efficiency of learning, integration of students into the information society. This is expressed, in particular, in the gradual introduction into the learning process of applications for mobile phones based on various platforms: Android, iOS, etc.

студентке жеткізу жолын көрсететін білімдік бағыт-бағдарлама (парадигма) алынады. Осыған орай оқу- оқытудың басты әдістері ретінде 1) көрнекілік және онымен бірге жүретін түсіндіру, 2) студенттің жетекші іс-әрекеттері түрлеріне – тыңдау мен есте қалдыру, 3) басты талап және тиімділіктің негізгі көрсеткішіне – игерілгенді қалтқысыз қайталап жаңғырту ептілігі алынады. Оқытушы қызметтері – түсіндіру, әрекеттерді көрсету, студенттер орындағандарды бағалау және реттеу, түзету. Оқу технологиясы бірқатар маңызды да ұнамды тараптарымен еленген. Олар – үнемділігі , күрделі материалды түсінуді жеңілдетуі, білім-тәрбие процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етуі, білім ұсынудың жаңа әдіс – тәсілдерін пайдалануға икемді келуі. Сонымен бірге дәстүрлі технология біршама кемшіліктерге де жол береді – оқу процесін дараландыру мен жіктеуге қолайсыз, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға мүмкіншілігі кем. Дамытушы оқу технологиясы тәжірибесіне енген оқу іс-әрекеттері арасындағы аса танымалы (Л.С.Выготский, Л.В. Занков, Д.Б.Эльконин және т.б.). Ғалымдар дәлелдегендей, педагогика студент дамуының өткеніне емес, болашағына бағытталуы тиіс. Сонда ғана ол оқу процесінде осы нақты уақыт шеңберіндегі жақын даму процестерін жүзеге асыра алады. «Жақын даму аймағының» мәні: студент өз дамуының белгілі кезеңінде оқу міндеттерін ересектер басшылығында не ақылдылау дос –жарандарымен араласа жүріп шешуі мүмкін. Келтірілген пікір жария болғанға дейін студент дамуы, әсіресе оның ақыл-ойының өрістеуі оқу және тәрбие ізімен жүретіні мойындалған болатын. Зерттеулер нәтижесінде (Л.В. Занков) оқу тиімділігін көтеру есебінен студент дамуын жеделдетуге болатыны дәлелденді. Бұл үшін оқуды жоғары деңгейлі қиыншылықта жүргізу принципін ұстану – басты талап. Егер алдынан рухани, сезімдік күш-қуаттың іске қосылуын қажет ететін кедергілер (ойын, оқу, тұрмыс) шығып тұрмаса, әрі оларды жеңуге талпынбаса, студент дамуы бәсеңдейді. Жоғары қиыншылық деңгейіндегі оқу принципіне орай білім мазмұны және оны құрастыру реті анықталады. Оқу материалының мазмұн қарқыны ұлғаяды, әрі тереңдейді, жетекші роль теориялық білімдерге беріледі, дегенмен, студенттердің практикалық ептіліктері мен дағдыларының маңызы жойылмайды. Дамытушы технология талаптарының және бірі – оқу ілгерілі және жедел қарқында жүреді. Өткендерді жиі әрі бір беткей қайталаулар оқу процесінің кедергісіне айналып, оқуды жоғары қиыншылық деңгейінде өтуге мүмкіндік бермейді. Дамытушы технологияны іске асыру сонымен бірге оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүйелі- іс-әрекеттік оқу бағытын ұстануды қажет етеді (Д.Б.Эльконин). Дамытушы технология идеяларының қатарына сондай-ақ оқу қызметінің әрқилы жағдайларында оқушылардың қажет болғанды өзінше танып, содан өздігінен жауап әрекет орындауға (рефлексия) ынталандыру идеясы да кіреді. Жауап әрекетке (рефлексия) келу дегеніміз баланың өз әрекеттерін сезінуі мен түсінуі, оқу іс-әрекеттерінің тәсіл, әдістерін өзінше байқап, тануы. Рефлексиялық әрекет-қимылдар әрқашан өзіндік қадағалау және бағалаумен тығыз байланысты болатындықтан дамытушы технология шарттарына орай оларға да көп мән беріледі. Дамыта оқыту идеясы бұл күнде еліміздің мұғалімдері арасында кең қолданымда. Алайда, бұл технологияның кейбір тұжырымдары пікір таласты болып жүр. Себебі, студенттердің бәрі бірдей қиыншылықты деңгей оқуын көтере алмайды. Солар ішінде тума жайсаң қозғалысты тұлғалардың мұндай оқуда әбден күйзеліске түседі. Сондықтан барша шәкірттерді теңдей шапшаң және жоғары күрделілік деңгейінде оқытып, тәрбиелеуге болмайды. Бағдарламаластырылған оқу технологиясының (БОТ) негізгі мақсаты оқу процесінің басқару жүйесін жақсарту (П.Я.Гальперин, Л.Н. Ланда, А.М. Матюшкин және т.б.). БОТ бастауын берген американдық психологтар мен дидакттар (Н.Краудер, Б.Скиннер, С.Пресси). БОТ – бұл арнайы жабдықтар, бағдарламаластырылған оқулық, ерекше оқу-машинасы, ЭВМ және т.б. көмегімен күні ілгері дайындалған бағдарлама бойынша орындалатын өзіндік жеке-дара оқу технологиясы. Бұл технология әрбір студентке өзіндік сапа-қасиеттеріне орай (оқу қарқыны, сауаттылық деңгейі және т.б.) оқуына мүмкіндік

береді. БОТ-ның өзіне тән сипат белгілері: - оқу материалының кіші көлемді жеңіл игерілетін бөлшектерге жіктелуі; - әр бөлшекті игеруге арналған нақты әрекеттерді орындау нұсқаулары жүйесінің берілуі; - әр бөлшек игерілуінің тексерілуі; - қадағалау тапсырмаларының дұрыс орындалуымен оқушы материалдың ендігі жаңа бөлшегін алып, келесі оқу қадамын іске асыруға өтуі; - дұрыс жауап бере алмаған жағдайда оқушының қосымша көмек түсініктемелерін алуы; - қадағалау тапсырмаларының нәтижесі хатталып, оқушының өзіне де (ішкі кері байланыс), педагогқа да (сырттай кері байланыс) белгілі болуы. Проблемді оқу технологиясы оқытушы басшылығында өтетін студенттердің оқу міндеттерін шешуге орайластырылған өзіндік ізденіс іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негізделеді. Оқу ізденістері барысында оқушыларда жаңа білім,ептілік және дағдылар қалыптасып, қабілеттері, танымдық белсенділігі, қызығуы, ой-өрісі, шығармашыл ойы және басқа да тұлғалық маңызды сапалары дамиды (Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин, М.И.Махмудов және т.б.). Жалпы түрінде проблемді технология сипаты келесідей: оқытушы білімді дайын күйінде ұсынбай, студенттер алдына міндет (проблема) қояды, оған қызықтырады және оның шешу әдіс-тәсілдерін табуға ынталандырады. Ал студенттер оқытушының тікелей басшылығында не өз бетінше олардың шешімін табудың жолдары мен әдістерін зерттейді, яғни болжам түзеді, оның шынайылығын тексеру тәсілдерін белгілейді әрі талқылайды, дәйектейді, нәтижелерін талдайды, пікір жүргізеді, дәлелдейді. Проблемді оқу басқа да технологиялар сияқты өзінің ұнамды да болымсыз тараптарына ие. Оның тиімділігі: оқушыларға тек қажетті білім,ептілік және дағдылар жүйесін меңгеруге жәрдемдесіп қоймастан, олардың ақыл-ой дамуына жол ашады, өз шығармашылық қуатымен берік білім қалыптастыруға көмектеседі, өз оқу еңбегіне қызығу ұмтылысын дамытады, оқу нәтижесінің бекінуін қамтамасыз етеді. Кемшілігі: жоспарланған нәтижеге жету көп уақытты талап етеді, сонымен бірге, студенттердің танымдық іс-әрекеттерін жүйелі басқару қиын. Модульді оқу технологиясы АҚШ пен Батыс Еуропада 1960 жылдары дәстүрлі оқуға балама ретінде ұсынылған білім игеру жүйесі. Бұл технологияның мәні - оқушы модульмен жұмыс орындау барысындағы нақты мақсатқа өз бетінше (не белгілі шамада оқытушы жәрдемімен) жетеді (Т.И.Шамова). Модуль – мақсатқа орайластырылған оқу мазмұны мен оны меңгеру жолдарын (технологиясын) біріктірген түйін, топ (узел). Модуль құрамы: әрекеттің мақсаттық жоспары, ақпарат қоры, дидактикалық мақсатқа жетудің әдістемелік көрсетпелері. Бұл технологияға орай оқу мазмұны өз алдына белгілі жинақы құрамға келтірілген ақпараттық топ (блок) күйінде беріледі. Ол ақпарат оқу мазмұнының көлемін ғана емес, әдістері мен олардың игерілу деңгейін де көрсететін дидактикалық мақсатқа сәйкес меңгеріледі. Модульдік оқуда өзіндік жұмыстарға аса көп уақыт бөлінеді. Бұл студентке оқу әрекеттеріне кірісумен өз мүмкіндіктерін сезінуге, білім игеру деңгейін өзі анықтауына, өз білімдері мен ептіліктеріндегі кемшіліктерді байқауына жәрдемдеседі. Модульдік оқу дәстүрлі білім игеру жүйесімен байланыста пайдаланылуы мүмкін. Модульдер оқу жүйесінің қалаған ұйымдастырылу формасында орын тауып, оның сапасын жақсартуға және тиімділігін арттыруға қолданылуы ықтимал. Шоғырластырылған (концентрлі) оқу технологиясы педагогикада ежелден танымал пәнге шомдыру әдісіне негізделген (П.Блонский, В.Ф.Шаталов, М.П.Щетинин және т.б.). Бұл технология жақтастарының пікірі: оқудың дәстүрлі сынып-сабақтық жүйесінде бағдарламалар мен оқулықтарға сәйкес берілетін оқу мазмұны бөлім, тақырып, параграфтарға бөлшектеніп, өз алдына шартты дербестенген ауқымда ұсынылады. Осыдан оқушылардың жеке пәндерден алатын білім, ептілік, дағдылары жай қалыптасады. Оқу проблемасының ұзаққа созылып өтілуінен, оқушылардың сабаққа болған қызығушылығы кемиді. Бір дәрістің екіншісінен алшақты болуынан бір сабақта қабылданған ақпарат келесіге дейін көбіне ұмытылады. Пәндердің тұрақты ауысып баруынан оқушы олардың бірде-біріне тереңдеп ене алмайды. Бір пәннен екіншісіне өтуде бала қиыншылық көреді, көп уақыт сарп етеді, ендігі сабақ өткендегіні

көлеңкелейді, сонымен әр өткен сабақ өз құндылықтарын жойып барады. Әр дәріс студент үшін – жаңа жүктеме, оқытушы жаңа талаптары, жаңа мазмұнды материал, жаңа көңіл-күй ықпалдары, т.с.с. осылардың баршасына сәйкес студент икемделіп, оқу іс-әрекеттерін орындауы шарт. Ал бұл енді қалыптасып жатқан жас буынға оңай шаруа емес. Мұндай технология оқу- оқыту процесін адам қабылдауының табиғи психологиялық ерекшеліктеріне жақындастыра түседі. Сабақта игерілген материалды ұмытудың алдын алу үшін оны бекіту жұмыстары сол күні жүргізілуі тиіс, яғни қандай да уақыт аралығында оқушы басқаларына алаңдамай, тек сол пәнмен ғана шұғылданып, толық шомуы қажет. Педагогикалық технология кешенді, бірігімді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды. Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б.Беспалько, В.В.Данилов, В.К.Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н.Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б.). Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология кешенді, бірігімді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды. Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б.Беспалько, В.В.Данилов, В.К.Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н.Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б.). Оқу технологиясы педагогикалық шеберлікпен өзара байланысты. Оқу технологиясын жете білудің өзі – шеберлік. Бір технологияны әрбір оқытушы жеке іске асырып отыруы мүмкін, ал осы іске асырудағы технологиялық ерекшеліктерден мұғалімнің оқу шеберлігі көрінеді. Сонымен, білім жүйесіндегі иновация – білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолдануға жоғары оқу орындарының тәжірибиелік қорын жинайды. Жоғары мектептің ұстанымдарын жаңа білімділік бағдары болған жағдайда, білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұнын, әдісін, түрлері мен басқа компоненттерін көздейтін жүйелі сипаттағы білім мен тәрбие беруді көздейді.

Қорыта келетін болсақ,Үкіметтің қазіргі жүргізіп жатқан жұмыстарына қарағанда, экономикамыз дамыған сайын мемлекеттің әлеуметтік салада ұстанған саясаты да барған сайын тереңдеп, қанатын кеңге жаймақ. Еліміздің денсаулық сақтау, **білім беру**, халықты әлеуметтік қорғау, еңбекпен қамту салаларына көп қаржылардың бөлінуі соның дәлелі. Жаңа заман бейнесіндегі жаңа Қазақстан, барыс бейнелі Қазақстан осылайша бірте-бірте қалыптасып келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған,(өзгерістер мен толықтырулар). 30-бабы.
2. Беспалько В.П. Слогаемые педагогические технологии. / Беспалько В.П.-М.; Педагогика.-1989-192б.
3. Боголюбов В.И. Педагогическая технология: 1991. 123-128б.
4. Лихачев Б.Г. Педагогика./М.;1992.-464б.
5. Современные образовательные технологии; учебное пособие/ под.ред. Н.В. Бордовской 2-е изд.-М.; КНОРУС, 2011.-432б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 378

ИНТЕГРАЦИЯ ДИСЦИПЛИН ДИЗАЙНА: НОВЫЙ ЭТАП В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

Ожарова Гульнара Махатаевна
Докторант 1 курса Казахского национального педагогического университета им.Абая
г.Алматы, Казахстан
Акбаева Шолпан Абильгазиевна
Кандидат педагогических наук, доцент кафедры “Художественное образование” института искусства, культуры и спорта Казахского национального педагогического университета им.Абая.
г.Алматы, Казахстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452174

To Cite: Ожарова Гульнара Махатаевна, & Акбаева Шолпан Абильгазиевна. (2024). ИНТЕГРАЦИЯ ДИСЦИПЛИН ДИЗАЙНА: НОВЫЙ ЭТАП В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452174

Аннотация

Статья освещает важный аспект современных изменений в структуре образования, фокусируясь на внедрении дисциплин дизайна в учебные программы для будущих педагогов в области искусства. Авторы анализируют потенциал данной интеграции с точки зрения обогащения образовательного опыта студентов и развития их профессиональных компетенций. Статья также рассматривает вызовы, стоящие перед преподавателями и учебными учреждениями при внедрении нового подхода, предлагая практические рекомендации для успешной реализации интегрированных программ в сфере художественного образования.

Ключевые слова: художественное образование, дизайн, интеграция, образование, творчество

Abstract

The article addresses a crucial aspect of contemporary changes in the education system, focusing on the incorporation of design disciplines into educational programs for future art educators. The authors analyze the potential of this integration in terms of enriching students' educational experiences and developing their professional competencies. The article also explores the challenges faced by teachers and educational institutions in implementing this new approach, offering practical recommendations for the successful realization of integrated programs in the field of art education.

Keywords: art education, design, integration, education, creativity

Современное образование сталкивается с вызовами, требующими переосмысления подходов к обучению. В контексте художественного образования университетов, внимание к интеграции дисциплин дизайна становится ключевым фактором в обеспечении студентов не только теоретическими знаниями, но и практическими навыками, соответствующими требованиям современного мира.

Художественное образование, будучи ключевым элементом формирования творческого мышления и эстетического восприятия, неизбежно подвергается изменениям в ответ на современные вызовы и требования общества. Одним из значимых направлений развития становится интеграция дисциплин из сферы дизайна в учебные программы художественного образования. Давайте рассмотрим, какие преимущества интеграция приносит студентам образовательной программы художественного образования.

1. Развитие творческого мышления:

Интеграция дисциплин дизайна в учебные программы художественного образования стимулирует творческое мышление студентов. Этот подход предоставляет возможность рассматривать искусство не только как выражение эмоций и чувств, но и как способ коммуникации и решения практических задач. Студенты учатся применять художественные принципы к дизайнерским задачам, что расширяет их творческий арсенал.

2. Обогащение многопрофильности:

Интеграция дисциплин сферы дизайна в художественное образование способствует формированию многопрофильных навыков у студентов. Они приобретают знания не только в области живописи, скульптуры или графики, но также развивают навыки в дизайне интерьера, графическом дизайне, промышленном дизайне и других областях, что делает их более гибкими и конкурентоспособными на рынке труда.

3. Соединение искусства и технологии:

Интеграция дисциплин дизайна позволяет студентам находить пересечения между искусством и технологиями. Современное искусство и дизайн тесно связаны с инновационными технологиями, и студенты, обладающие навыками в обеих областях, способны создавать уникальные и передовые произведения искусства.

4. Подготовка к реальным проектам:

Интеграция дисциплин дизайна в художественное образование позволяет студентам участвовать в реальных проектах. Это не только придает учебному процессу практическую направленность, но также подготавливает студентов к сотрудничеству в профессиональной среде, где проекты часто требуют комбинированных навыков художников и дизайнеров.

5. Формирование командной работы:

Интеграция дисциплин сферы дизайна учит студентов работать в команде. Процессы современного искусства и дизайна часто требуют коллективного творчества, и студенты, проходя интегрированный курс, развивают навыки эффективного взаимодействия в группе.

Художественное образование традиционно ориентировано на развитие художественных и культурных аспектов. Однако, современные вызовы требуют расширенного спектра навыков у выпускников. Интеграция дисциплин дизайна предоставляет уникальную возможность соединить художественные традиции с современными технологиями и тенденциями.

Но так же мы должны учитывать что интеграция дисциплин дизайна в педагогическую образовательную программу может столкнуться с рядом потенциальных проблем, которые следует учитывать для эффективной реализации этого подхода. Вот несколько основных проблем которые могут возникнуть:

Дисциплинарные различия:

- Риск потери специфики: Столкновение художественных и дизайнерских дисциплин может привести к размытию границ и потере специфичных характеристик каждой области. Это может затруднить студентам полноценно освоить искусство и дизайн.

Методологические разногласия:

- Различия в методах обучения: Искусство и дизайн часто обучаются разными методами, например, творческими проектами в дизайне и традиционными техниками в искусстве. Это может вызвать трудности в разработке единых методологий обучения.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Ресурсные Ограничения:

- Нехватка ресурсов: Интеграция новых дисциплин может потребовать дополнительных финансовых и временных ресурсов для подготовки преподавателей, обеспечения материалами и инструментами, что может оказаться вызовом для учебного заведения.

Профессиональная подготовка пеподавателей:

- Необходимость специальной подготовки: Преподаватели, специализирующиеся в области искусства, могут потребовать специальной подготовки для успешного преподавания дизайнерских аспектов, и наоборот. Это может быть сложным в условиях ограниченных ресурсов.

Структурные изменения:

Необходимость структурных изменений: Внесение изменений в учебные планы и структуры программ может потребовать значительных усилий и времени. Это также может вызвать сопротивление со стороны традиционалистских подходов к обучению.

Степень готовности студентов:

- Различная готовность студентов: Студенты могут иметь различный уровень готовности к интегрированным курсам. Некоторые могут испытывать трудности, не имея достаточного опыта в обеих областях.

Вопросы профильной специализации:

- Сложности в профильной специализации: Интеграция может создать сложности для студентов, желающих глубже сосредотачиваться на определенной области искусства или дизайна, так как интегрированные программы могут быть более общими.

Решение этих проблем требует внимательного проектирования курсов, адаптивности в учебном процессе и тесного взаимодействия между преподавателями и администрацией образовательного учреждения. Справляясь с этими трудностями, интегрированные программы педагогического художественного и дизайнерского образования могут стать более эффективными и отвечать современным требованиям рынка труда и образовательных стандартов.

Добавление дисциплин из области дизайна в паспорт образовательной программы художественного образования может значительно обогатить учебный опыт студентов и предоставить им разносторонние навыки. Рассмотрим несколько дисциплин дизайна, которые могут быть успешно интегрированы в программу художественного образования:

1. Графический дизайн:

- Данная дисциплина позволяет студентам освоить принципы композиции, цветовой гармонии и типографии, что может быть полезно в создании графических работ и реализации художественных проектов.

2. Дизайн интерьера:

- Интеграция этой дисциплины позволит студентам понимать влияние пространства на восприятие искусства. Они научатся работать с формой, цветом и материалами в контексте дизайна интерьера и художественных проектов.

3. Веб-дизайн:

- Дисциплина веб-дизайна может обеспечить студентов навыками создания эффективных и креативных онлайн-проектов, расширяя тем самым область их художественной деятельности в цифровой сфере.

4. Промышленный дизайн:

- Введение этой дисциплины позволит студентам понять, как применять художественные принципы в проектировании функциональных и эстетически привлекательных предметов и изделий.

5. Иллюстрация и анимация:

- Студенты могут изучить техники искусства и дизайна для создания иллюстраций и анимаций, что открывает новые возможности для выражения своего творчества.

6. Дизайн одежды:

- Эта дисциплина позволит студентам экспериментировать с формой, тканями и цветами в контексте модного искусства, расширяя их художественное восприятие.

7. Дизайн технологий:

- Эта дисциплина поможет студентам интегрировать технологии в искусство, изучая взаимодействие между традиционными и цифровыми художественными процессами.

Добавление этих дисциплин позволит студентам художественных образовательных программ получить более широкий кругозор, развить многопрофильные навыки и подготовиться к творческой работе в современной художественной и дизайнерской среде.

Интеграция предметов дизайна в образовательную программу художественного образования способствует формированию у выпускников широкого спектра компетенций, что делает их более гибкими и конкурентоспособными на рынке труда. Вот несколько ключевых компетенций, которые могут развиваться у студентов:

1. Творческое мышление:

- Студенты научатся применять творческое мышление к разнообразным художественным и дизайнерским задачам, выходя за рамки традиционных методов и ища инновационные решения.

2. Многопрофильные навыки:

- Интеграция дизайнерских дисциплин расширит кругозор студентов, обогатив их многопрофильными навыками, такими как графический дизайн, веб-дизайн, дизайн интерьера и другие, что сделает их более универсальными в профессиональной деятельности.

3. Коммуникационные навыки:

- Студенты научатся эффективно коммуницировать свои идеи и концепции, используя язык искусства и дизайна, что будет полезно при взаимодействии с заказчиками, командой и широкой аудиторией.

4. Проектная работа:

- Учебные проекты, объединяющие художественные и дизайнерские аспекты, разовьют у студентов навыки планирования, управления временем и ресурсами в рамках творческого процесса.

5. Аналитическое мышление:

- Студенты научатся критически мыслить, анализировать и оценивать художественные и дизайнерские работы, что способствует развитию аналитического мышления.

6. Цифровые навыки:

- Интеграция дизайнерских дисциплин позволяет студентам освоить цифровые инструменты и технологии, что станет актуальным в современной художественной среде.

7. Способность к коллективной работе:

- Проекты, объединяющие искусство и дизайн, могут поддерживать развитие навыков эффективной командной работы и взаимодействия в креативной группе.

8. Подготовка к профессиональной деятельности:

- Студенты будут готовы к реальной работе в индустрии искусства и дизайна, учитывая современные требования рынка труда и интеграцию художественных и дизайнерских компетенций.

Интеграция дисциплин дизайна в художественное образование вносит свежий ветер в творческий процесс. Студенты изучают не только методику преподавания, но и развивают навыки создания функциональных, эргономичных и эстетически привлекательных проектов.

Это способствует формированию комплексного взгляда на искусство и расширяет горизонты творческого мышления.

В заключений хочу сказать что интеграция дисциплин дизайна в художественное образование в университете – это важный шаг в развитии образовательной среды. Она обогащает творческий опыт студентов, обеспечивает подготовку к современным вызовам и формирует креативных профессионалов, способных успешно вписываться в динамичный мир искусства и дизайна. Этот подход соответствует современным требованиям и формирует у выпускников всесторонний набор навыков для успешной карьеры в различных областях искусства и дизайна.

Список литературы:

1. Ивахнова, Л. А. Культурологический подход к конструированию содержания художественно-педагогического образования / Л. А. Ивахнова. – Алматы: Изд-во АГУ им. Абая, 1995. – 64 с.
2. Постников Н.О. Графический дизайн в системе эстетического воспитания и художественного образования школьников среднего и старшего подросткового возраста на уроках изобразительного искусства. Диссертация. 1995 г. https://www.dissercat.com/content/graficheskii-dizain-v-sisteme-esteticheskogo-vospitaniya-i-khudozhestvennogo-obrazovaniya-sh?ysclid=lq0v6srzzl638013730
3. Pat Thomson. A Rapid Evidence Review of Arts Craft and Design Education in Schools. 2022. https://www.researchgate.net/publication/358662186_A_Rapid_Evidence_Review_of_Arts_Craft_and_Design_Education_in_Schools
4. George Williams. The integration of design in arts education. 1996. https://spectrum.library.concordia.ca/id/eprint/6297/1/MK05477.pdf
5. Ковалев, А. А. Методология академического художественно-педагогического образования (мировоззренческий аспект) / А. А. Ковалев // Преподаватель XXI в. - 2013. - № 2(ч.1). - С. 157- 165. - ISSN 2073-9613. - Текст: электронный // Лань: электронно-библиотечная система. - URL: https://e.lanbook.com/reader/journalArticle/82414/#2
6. Медведев, Л.Г. О проблемах современного художественно-педагогического образования / Л.Г. Медведев, С.А. Маврин // Вестник Омского государственного педагогического университета. Гуманитарные исследования. - 2018. - № 4. - С. 126-128. - ISSN 2309-9380. - Текст: электронный // Лань: электронно-библиотечная система. - URL: https://e.lanbook.com/reader/journalArticle/517603/#1

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КЕҢІСТІКТЕ ЕЛЕСТЕТУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Әділжанқызы Ақнұр
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ 2-курс магистранты,
Семей, Қазақстан
Есенжолов Ерғали Қабдоллаұлы
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
Семей, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452334

To Cite: Әділжанқызы Ақнұр, & Есенжолов Ерғали Қабдоллаұлы. (2024). КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КЕҢІСТІКТЕ ЕЛЕСТЕТУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452334

Аннотация: Компьютерлік модельдеуді пайдалана отырып, мектеп оқушыларының кеңістікте елестету дамыту қазіргі мектеп математикасының өзекті және маңызды міндеті болып табылады. Мақалада кеңістіктікте елестетуді дамытудың негізгі бағыттары мен құралдары ұсынылған, компьютерлік модельдеу кеңістіктікте елестетуді дамыту құралдарының бірі ретінде сипатталған.
Кілт сөздер: кеңістікте елестету, геометриялық фигуралар, компьютерлік модельдеу, бағдарламалық құрал.

Аннотация: Развитие воображения школьников в пространстве с использованием компьютерного моделирования является актуальной и важной задачей современной школьной математики. В статье представлены основные направления и средства развития воображения в пространстве, компьютерное моделирование описано как один из инструментов развития воображения в пространстве.
Ключевые слова: пространственное воображение, геометрические фигуры, компьютерное моделирование, программное обеспечение.

Abstract: The development of spatial imagination of schoolchildren using computer modeling is an urgent and important task of Modern School Mathematics. The article presents the main directions and tools for the development of spatial imagination, computer modeling is described as one of the tools for the development of spatial imagination.
Key words: spatial imagination, geometric shapes, computer modeling, software.

Кеңістіктікте елестету – әртүрлі мәселелерді шешу барысында үш өлшемді бейнелерді жасауға және олармен әрекет етуге болатын интеллектуалды әрекет түрлерінің бірі. Басқаша айтқанда, бұл адамның объектіні барлық егжей-тегжейлері мен көріністерімен елестету және осы объектіні қандай да бір түрде өзгерту қабілеті. Кеңістіктікте елестету - күнделікті өмірде қолданылатын және ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) сияқты салаларда табысқа жетудің кілттерінің бірі болып табылады.

Елестету – бұрын қабылданған бейнелер негізінде жаңа бейнелерді жасаудың психикалық процесі. Психологтар елестету – механизмдері әлі зерттелмеген ең жұмбақ психикалық құбылыстардың бірі екенін алға тартады.Елестету ойлаумен байланысты, өйткені елестету мен ойлау гипотезаның жаңа шешімін табу, болжау, ғылыми тәжірибелерді ойша елестету, белгілі бір мәселенің шешімін іздеу және табу қажет болғанда пайда болады. Мысалы, математикада әртүрлі теоремаларды дәлелдеу: «Мынау...», «елестетіп көрейік...» деген сөздерден басталады, яғни математикалық дәлелдеу процесі шығармашылық идеядан немесе елестетуден басталады. Осы орайда, Е.И. Машбиц: «Оқыту идеалы - әр оқушыға жеке көзқарас. Виртуалды оқыту ортасының концепциясы бұл мәселені шешуді жеңілдетеді» деп айтып кеткен.

Кеңістікте қиялды дамытудың негізгі бағыттарына мыналар жатады:

Геометриялық елестету - геометриялық фигуралар мен кеңістіктік қатынастарды бейнелеу және манипуляциялау қабілеті. Бұл үш өлшемді нысандарды визуализациялау және көрсету және олардың айналуын, аударуын және масштабтауын елестету мүмкіндігін қамтиды.

Кеңістіктікте бағдарлау - ғарышта өз орнын анықтау және оны шарлау мүмкіндігі. Бұл үш өлшемді кеңістіктегі объектілер арасындағы бағыттарды, қашықтықты және қатынастарды түсіну қабілетін қамтиды.

Визуализация және дизайн - үш өлшемді модельдер мен құрылымдарды құру және визуализациялау қабілеті. Бұл күрделі үш өлшемді объектілерді елестету және құру, объектілердің кеңістіктік қатынастары мен қасиеттерін түсіну және пайдалану қабілетін қамтиды.

Кеңістіктік есептерді шешу - кеңістіктік қатынастар мен құрылымдарға қатысты мәселелерді талдау және шешу қабілеті. Бұл кеңістікке қатысты есептер мен есептерді шешу үшін геометриялық білім мен дағдыларды қолдану қабілетін қамтиды.

Кеңістіктікте елестетудің жоғары деңгейі оқушыларға геометриялық және кеңістіктік ұғымдарды жақсы түсінуге, сондай-ақ күрделі мәселелерді шешуге көмектеседі. Оқушылардың кеңістіктікте елетету дағдыларын дамытудың тиімді құралдарының бірі - компьютерлік модельдеу. Компьютерлік модельдеудің негізгі артықшылықтарының бірі – геометриялық фигуралардың 2D және 3D модельдерін құру және визуализациялау мүмкіндігі. Арнайы бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, оқушылар текше, пирамида, конус сияқты әртүрлі геометриялық фигураларды, олардың қасиеттері мен байланыстарын құрастырып, зерттей алады. Бұл оларға кеңістіктік қатынастар мен геометриялық принциптерді жақсы түсінуге көмектеседі.Сонымен қатар, компьютерлік модельдеу оқушыларға тәжірибе жасауға және модельдердің параметрлерін өзгерту арқылы есептердің әртүрлі вариацияларын орындауға мүмкіндік береді. Олар өзгерістердің пішіндердің пішіні мен қасиеттеріне қалай әсер ететінін көре алады және модельдеу арқылы есептерді шеше алады. Бұл олардың логикалық ойлауын, аналитикалық дағдыларын және математикалық ұғымдарды практикада қолдана білу қабілетін дамытады. Компьютерлік модельдеу интерактивті оқытуға да ықпал етеді, өйткені студенттер модельдермен белсенді әрекеттесе алады, зерттеу жүргізеді және өз нәтижелерімен бөліседі. Олар жеке немесе топпен жұмыс істей алады, пікір алмасады және мәселелерді бірлесіп шеше алады. Бұл коммуникативті дағдылар мен топта жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Кеңістіктік фигуралар мен пішіндерді зерттеу үшін пайдалануға болатын бірнеше бағдарламалық құралдар бар. Бұл бағдарламалар геометриялық фигураларды жасау және визуализациялауға үлкен мүмкіндіктер береді. Оқушылар бұл бағдарламаларды 2D және 3D модельдерін құру, әртүрлі пішін параметрлерімен тәжірибе жасау және геометриялық объектілердің математикалық заңдылықтары мен қасиеттерін зерттеу үшін пайдалана алады. Мысалға, атап өтер болсақ:

- GeoGebra - 2D және 3D кеңістігінде геометриялық фигураларды жасау және зерттеу мүмкіндігін беретін тегін бағдарламалық құрал. Ол әртүрлі геометриялық объектілерді тұрғызуға және елестетуге, эксперименттер жүргізуге және есептерді шығаруға мүмкіндік береді.
- Blender 3D - қуатты 3D модельдеу және анимация бағдарламалық құралы болып табылады. Оны кеңістіктік фигуралар мен пішіндердің күрделі үш өлшемді модельдерін жасау және визуализациялау үшін пайдалануға болады.
- Autodesk Tinkercad - 3D пішіндерін жасау және визуализациялау үшін қарапайым және интуитивті интерфейсті қамтамасыз ететін онлайн 3D модельдеу платформасы. Бұл жаңадан бастағандар мен геометрияны жаңадан үйрене бастаған балаларға пайдалы болуы мүмкін.
- SketchUp - кеңістіктік пішіндер мен пішіндерді жасауға және визуализациялауға мүмкіндік беретін 3D модельдеу бағдарламалық құралы болып табылады. Оның қарапайым және интуитивті интерфейсі бар, бұл оны мектеп оқушылары мен жаңадан бастаған пайдаланушыларға қолжетімді етеді.

Бұл кеңістіктік фигуралар мен пішіндерді зерттеу үшін қолданылатын бағдарламалық құралдардың кейбірі ғана. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар, сондықтан бағдарламаны таңдау мұғалім мен оқушылардың нақты қажеттіліктері мен қалауына байланысты.

Нәтижесінде, компьютерлік модельдеу мектеп оқушыларының кеңістіктікте елестету дағдыларын дамытудың қуатты құралы болып табылады. Бұл оларға үш өлшемді нысандар мен кеңістікті елестетуге және зерттеуге, эксперимент жасауға және есептерді шешуге көмектеседі. Бұл әдіс оқушылардың геометриялық салу дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс істеудің құнды тәжірибесін алуға көмектеседі. Геометриялық объектілерді құру және визуализациялау оқушылар үшін арнайы бағдарламаларды пайдалану мүмкіндігі оқуда да, болашақ кәсіби қызметте де пайдалы болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Машбиц Е.И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. М-Педагогика, 1998. 192с.
2. Николаенко В.М. Психология и педагогика / В.М. Николаенко, Г.М. Залесов, Т.В. Андрюшина и др. – Москва, 2011. – 684 с.
3. Тихоненко А.В. Технология изучения геометрии в начальной школе / А.В. Тихоненко, Ю.В. Трофименко. – Москва : Перо, 2017. – 380 с.
4. Battista, M.T., and Clements, D.H. (1996). Students' understanding of three-dimensional rectangular arrays of cubes. Journal for Research in Mathematics Education, 27, 258-292.
5. Wang, R.F., and Spelke, E.S. (2002). Human spatial representation: Insights from animals. Trends in Cognitive Sciences, 6, 376-382c.
6. Л .С. Горшкова М. В. Сергеечев.(2006). Методы изображении, 26-36с.
7. Шевченко Е.А., Миронова И.В. Применение компьютерного моделирования в развитии пространственного воображения школьников // Информационные технологии в образовании и науке. – 2018. – № 3 (39). - 26-30 с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ МЕН ӨСИЕТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Султанова Н.К.
«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент,
"ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY",
Семей, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452347

To Cite: Султанова Н.К. (2024). АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ МЕН ӨСИЕТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛДАУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452347

Мақалада Абай Құнанбаевтың табиғат лирикасы мен өсиеттерінің ерекшеліктеріне тарихи-педагогикалық тұрғыда қарастыру жайлы талданылған. Абай шығармалары қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой - пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз.

Балаларының жанына жақын Абайдың табиғат лирикасы мен өсиеттері. Абайдың табиғат лирикалары өз алдына жеке сөз етуді міндеттейтінгі айтылған. Табиғат - адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына, тіршілік, табиғат дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды. Әр дәуір, әр жағдайға лайықты табиғатты әркім әртүрлі жырлады. Біреулер табиғат арқылы өмір сүретін, біреулер табиғатты суреттеу арқылы көңіл - күйін, өз көзқарасын, жастарымыздың дүние танымына, дүниеге көзқарасын қалыптасыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуальдылыққа, «толық, кәміл инсан» болып жетілісуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылатындығы қарастырылған.

Кілттік сөздер: *Абай поэзиясы, Абайдың табиғат лирикасы мен өсиеттері, Лирика, Абайдың табиғат лирикасы.*

ИСТОРИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ОСОБЕННОСТЕЙ ПРИРОДНОЙ ЛИРИКИ И ЗАПОВЕДЕЙ АБАЯ

Султанова Нургуль Камильевна
кандидат педагогических наук, доцент, академик Академии педагогических наук Казахстана., УО "ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY"– Заведующая кафедрой «Педагогики и психологии».

В статье, проанализировано историко-педагогическое осмысление особенностей природы и заповедей Абая. Произведения Абая в истории казахской литературы и культуры неоспоримы, но раскрывают совершенно новый мир мыслей, художественных чувств.

Ключевые слова: поэзия Абая, природа и заповеди Абая, Лирика, природная лирика Абая.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

HISTORICAL-PEDAGOGICAL ANALYSIS OF THE NATURAL FEATURES OF

Sultanova Nurgul Kamilievna
Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan., Educational Establishment "ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY" - Head of the Department of Pedagogy and Psychology

The article devoted to the 175th anniversary of Abay Kunanbayev analyzes the historical and pedagogical understanding of the nature and commandments of Abay. Abay's works in the history of Kazakh literature and culture are undeniable, but reveal a whole new world of thoughts, artistic feelings.

Nature and the commandments of Abai, close to their children. The word is said mendatang lyrics of Abay providing independent nature. Nature is the environment in which a person lives and works. All the riches, treasures, creatures, nature has given a place in the works of all the great poets of world literature. Each era, each event, characteristic, nature sings in different ways. In his speech, he noted that Abay is one of the most important spiritual products, including as a person living through nature, someone forms his mood, his point of view, worldview, worldview, worldview of our youth, their growth at an early age, high intelligence, development of "full-fledged, creative incian", aesthetic taste.

Keywords: *Abai's poetry, nature and the commandments of Abay Lyrics, natural lyrics of Abai.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасының президентінің Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні» сияқты «ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», деп айқын көрсетілген болатын.

“Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс “деген екен [1].

Негізгі бөлім

Ұлы ағартушы, ақын, сазгер Абай өмірінің соңына дейін қазақ халқының жарқын болашағы үшін күресті. Артына қалдырып кеткен аса құнды мұраларында Абай адам бойында кездесетін жаман мінез - құлықтарды сынады және адамдықты, ақыл мен білімді алға қойды. Сонымен қатар, басқа туысқан халықтардың мәдениеті мен өнерін білуге шақырды. Ұлтымыздың ұлы перзенті - хакім Абайдың, өз заманынан оза туған ақынның терең ойлары мен асыл сөздері келешек заманымызда да гауһардай жарқырап, көзі ашық көкіректерге нұр болып құйыла берері хақ.

Абайдың ақындық әлемі мағыналық ауқымы өте кең ұғым. Абай поэзиясы - өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкей тесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Оның өлеңдерінде, қара сөздерінде қазақ өмірінің көркем бейнеленген телегей теңіз шындығы бар. Абай шығармалары қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой - пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз.

Балаларының жанына жақын Абайдың табиғат лирикасы мен өсиеттері. Абайдың табиғат лирикалары өз алдына жеке сөз етуді міндеттейді. «Абай бейнелеген жаз бен қыс, көктем мен күз, жайлаудағы ауыл, даланың түнгі тынысы, әр түрлі кейіптегі табиғат

көріністері ғана емес, адам жанының құбылыстарымен, елдің тіршілік – тынысымен тікелей байланысты өміршең суреттер» дейді ғалым Т. Ақшолақова [2].

Абай – табиғатқа жан бітіре, көркем де әсерлі бейнелеудің теңдесі жоқ шебері. Абайға дейін қазақта табиғаттың белгілі бір сәтін, көрінісін немесе жылдың әр мезгілін арнайы жеке өлең етіп жазу дәстүрі болмаған. Ақынның айтуынша табиғат – күллі тіршілік атаулыны құтты қоныс мекені, алтын ұя, тал бесігі, Абайдың осы тақырыпқа жазылған шығармалық мазмұны қоршаған табиғаттың жанды бояуын, іңкәр сәтін кінәратсыз құрметпен, оның ішінде қазақтың барлық іс - әрекетін, салт - дәстүрін, мінез, ой қабілетін көрсете білгенін дәлелдеді.

Табиғат - адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына, тіршілік, табиғат дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды. Әр дәуір, әр жағдайға лайықты табиғатты әркім әртүрлі жырлады. Біреулер табиғат арқылы өмір сүретін, біреулер табиғатты суреттеу арқылы көңіл - күйін, өз көзқарасын айтып берді. Ал кейбіреулер белгілі бір кезеңдерде өмірдегі күрес - тартыстардан безіп, табиғатты ғана жырлап, өмірден безу көйгейін тартты. Қайткенмен де, табиғат көркем әдебиеттен үлкен орын алды. «Абай – қазақ мәдениеті тарихында орны зор, замандастарынан ойы озық, еңсесі биік ерекше тұлға. Абай өмірін оқытудың барысында оның өскен ортасының өнегелік жағын жекелей анықтап, дәлелдей айқын көрсете білудің маңызды екендігін баса айтқан.

Ең алдымен **«лирика»**деген сөзге түсініктеме беріп алайық. **Лирика** дегеніміз - ақынның ішкі жан - дүниесінің сезім күшімен тебірене толқуы, өз басының көңіл - күйі, күйініш - сүйініші.

Абайдың табиғат лирикасы жалаң келмей, жамыраңқы келеді. Оның пейзажы қимылға, адаммен қарым - қатынасқа, мағыналыққа толы. Абайдың пейзажы біздің қанымызға дарып, санамызға сіңіп кеткен. Көктем келсе, біз Абайдың сөгілген бұлтын, ойнаған найзағайын еске аламыз. Жаз шықса, біз Абайдың көкорай шалғынына аунағандай боламыз. Күз болса, біз Абайдың дымқыл су бүріккен тұманына шомылғандай әсерленеміз. Қыс түссе, біз қалтыраған ақ сақалды шалды көз алдымызға елестетеміз. Абайдың самалы, сағымы, желі, жаңбыры, үскірігі, аязы баяғы күйінде тұрғандай сезінеміз. Оның байлығы баршамызға жетіп жататындай. Абайдың бір ұлылығы осында. Абайдың да айрықша жырлағанының бірі табиғат болды. Ол табиғат аясында өсіп, оны сүйе білді. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Қыс», «Жаз» деген өлеңдерін оқығанда, табиғаттың әртүрлі құбылысы көзіңе елестейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық тұманды күзін, не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын өзің көріп тұрғандай боласың. Мысалы,

«Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңінде:

Желсіз түнде жарық ай
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп...

Құлпырған жасыл жер жүзі, - деп, жазғы түннің әдемі суретін алдыңа тартады, жаз кезінің желсіз тымық күні, аспандағы жарық айдың суға түскен сәулесі, жазғы ауыл, оның жанындағы терең сай, гүрілдеген өзен суретшінің бояуы арқылы тұтас бір картина ретінде көз алдыңа келеді. Ақын жайнаған жаздың әдемі көркін осылай суреттесе, сол сұлу сурет өзгеріп, гүл, жапырақ солып, түсі қашқан күздің суық кескінін:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма?
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан[3].

Абай Құнанбаевтың табиғат әндеріндегі ерекшеліктеріне тарихи-педагогикалық талдау жасай отырып, Ұлы Абай туралы ой толғағанда, қазақтың одан кейінгі «бір кемелі» және Абай даналығын әлемге алғаш танытушылардың бірі Мұхтар Әуезовтің мына сөздері еске түседі [4]: «Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың Әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгілік тірлік тапқан Абайдай дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ. Алтайдан Алатауға аттап түсерлік ертегі тұлпардай сайлардан, сахаралардан ғана аттап өтпей, замандардың да талайынан аттап өте бермек.

Қорытынды.

Ұлы Абайдың лирикалық шығармаларын 4-6 сынып оқушыларына үйрету барысында ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге шығармашылықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең зәру мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүние танымына, дүниеге көзқарасын қалыптасыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуальдылыққа, «толық, кәміл инсан» болып жетілісуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Назарбаев Н.Ә. Абай туралы сөз // Егемен Қазақстан.-2015.- 10 тамыз.
2.Ақшолақова Т. // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 1998. - №9-10. - Б. 61-68.
3.Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер . – Алматы: Атамұра, 2005. -224 б.
4. Әуезов М.Абайтанудан жарияланбаған материалдар. Алматы,-1988, 133-136 б

Список использованной литературы:

1.Назарбаев Н.А. Слово об Абае // Казахстанская Правда.-2015.- 10 августа.
2. Акшолакова Т. / / казахский язык и литература. - 1998. - № 9-10. - С. 61-68.
3. Абай. Қалың елім, қазағым... Стихи . – Алматы: Атамура, 2005. -224 с.
4.М. Ауэзова материалы, не опубликованные в Абаеведении. Алматы,-1988, 133-136 б

References:

1.Nazarbayev N. And. A word about Abay // Kazakhstanskaya Pravda.-2015.- August 10.
2. Aksholakov T. / / the Kazakh language and literature. - 1998. - № 9-10. - P. 61-68.
3. Abai. Ali Elim, asaim... Verse. – Almaty: Atamura, 2005. -224 p.
4.M. Auezov materials not published in Abay Studies. Almaty,-1988, 133-136 b

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 378 (075 8):811.161.

ВОЗМОЖНОСТИ СОЧЕТАЕМОСТИ СЛОВА «УЧИТЕЛЬ»

Яковенко Людмила Константиновна
Университет «Мирас», старший преподаватель, кандидат филологических наук
г. Шымкент, Республика Казахстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452388

To Cite: Яковенко Людмила Константиновна. (2024). ВОЗМОЖНОСТИ СОЧЕТАЕМОСТИ СЛОВА «УЧИТЕЛЬ». В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452388

Аннотация: в статье раскрываются возможности валентности на примере слова «учитель».
Ключевые слова: учитель, валентность, профессиональная деятельность
Аннотация: мақалада «мұғалім» сөзінің мысалы арқылы валенттілік мүмкіндіктері. ашылады.
Негізгі сөздер: мұғалім, валенттілік, кәсіби іс-әрекет
Abstract: the article reveals the possibilities of valence using the example of the word. “teacher”.
Keywords: teacher, valence, professional activity

Проблема подготовки учителя к профессиональной деятельности связана с личностью самого будущего учителя, с его направленностью на работу со школьниками. История показывает, что личность учителя формируется и совершенствуется на протяжении всей его учительской деятельности. Опыт подтверждает, что на протяжении многих веков выдающиеся педагоги отстаивали потребность школы в учителе-профессионале, мастере педагогического труда. Отправной точкой в формировании учителя традиционно считается, что учитель – это не просто служащий, а прежде всего гражданин, сознательная личность, для которой обязательными качествами является любовь к детям, к своей работе; это гуманная личность, человек, любящий детей и свое дело, обладающий всеми необходимыми знаниями, способностями, высокими духовно-нравственными качествами. В основном эти требования к учителю остаются актуальными и в наши дни. Требования к учителю, разумеется, отчасти меняются, но основная суть подготовки будущего учителя к профессиональной деятельности сохраняется, а заключается она в формировании профессиональной компетентности, в совершенствовании личностных и профессиональных качеств, в постоянном саморазвитии.

Становление учителя как профессионала – сложный и длительный процесс. Работа учителя сопряжена с постоянной работой рад собой, с постановкой перед собой новых задач, направленных на самосовершенствование в профессиональной деятельности, что в немалой степени зависит от обратной связи: образовательный процесс – всегда двустронний, поскольку его участниками, с одной стороны, являются учащиеся, а с другой – учитель.

«Словарь ассоциаций [1] содержит 91 словосочетание со словом «учитель», в состав каждого из которых входят разные части речи:

словосочетания с глаголами: *учитель вздохнул, вздрогнул, вошёл, вспомнил, встал, вышел, добавил, ждёт, задумался, замолчал, засмеялся, знает, исчез, кивнул, молчал, настаивал, остался, остановился, плакал, повернулся, полагал, помолчал, понял, рассердился, спал, умер, утверждает, требует, ходит, хотел*;

словосочетания с прилагательными: *учитель – божественный, божий, великий, величайший, главный, добрый, жестокий, земной, идеальный, истинный, классный, лучший, настоящий, небесный, неплохой, новоявленный, новый, нормальный, отдельный, отличный, прежний, прекрасный, провинциальный, собственный, старенький, строгий, суровый, толковый, уважаемый, частный;*

словосочетания с причастиями: *заслуженный;*

1. Құдайбергенева К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері.Монография-Алматы, 2012;
2. «Core Physics» Bryan Milner, Canbridge оқулық;
3. Physics, Grade 8, Textbook/Altynbek Karabatyrov,Aibek Baieshov- Almaty: Астана – кітап, 2017;
4. «Физика» Республикалық ғылыми – әдістемелік журнал. №6. 2010 ж.;
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. (2007 жылғы 28 ақпан).

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 372.857

БИОЛОГИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Рахметулла Г.І.,
«Биология» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
0009-0006-5629-5495
Ибадуллаева С.Ж.,
биология ғылымдарының докторы, профессор
0000-0003-3270-8364
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы

https://doi.org/10.5281/zenodo.10457168

To Cite: Рахметулла Г. І., & Ибадуллаева С.Ж. (2024). БИОЛОГИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10457168

Аңдатпа

Оқулық оқушы білімінің негізгі көздерінің бірі болғандықтан оқу құралдары жүйесінде ерекше орын алады. Оқулық арқылы сабақ материалы бекітіліп, бастапқы білім құрылымдалады. Яғни, оқулық – әмбебап оқыту құралы болып табылады. Оқулық функцияларының толық орындалуы білім алушыларда онымен жұмыс істеу дағдылары жеткілікті болған жағдайда ғана мүмкін болады. Оқулықпен жұмыс істеудің әртүрлі әдістері бар, оларды жүйелі түрде қолдану қажет.

Сабақта жұмысты дұрыс ұйымдастыру және оқу материалын оқушылардың жақсы меңгеруі үшін оқулық мәтіні мен ауызша әдістерді ғана емес, сонымен қатар көрнекі материалдарды да пайдалану қажет. Оқулық иллюстрацияларымен жұмыс істеу өте маңызды. Бұл материалдар оқу материалын жақсы меңгеруге мүмкіндік береді және түсініктерді қалыптастыруға көмектеседі. Мысалы, «ас қорыту, ас қорыту жүйесі» ұғымдарын қалыптастыру кезінде педагог оқушыларға жануарлардың әртүрлі кластарының ас қорыту жүйесін бейнелейтін иллюстрацияларды салыстыру және талдауды сұрауға болады, осылайша бұл ұғым жақсы түсініледі. Сонымен қатар, бұл материалды басқа тақырыптармен (мысалы, ас қорыту жүйесінің эволюциясы) байланыстыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар балалар өз бетінше талдауға, салыстыруға және қорытынды жасауға үйренеді, және біз білетіндей, мұндай білімді бала игереді. дербес ең берік болып табылады.

Мақалада биология пәні оқулығының иллюстрациялық материалдарын пайдалану арқылы оқытудың маңыздылығын анықтау үшін жүргізілген эксперименттік жұмыс сипатталған. Зерттеу базасы мен объектісі таңдалып, әдіс-тәсілдер таңдалды. Педагогтарға арналған ұсыныстар мен шарттар көрсетілді.

Кілт сөздер: *оқушы, оқулық, иллюстрациялық материалдар, биология пәні, биологиялық ұғымдар.*

Аннотация

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Учебник является одним из основных источников обучения учащихся, он занимает особое место в системе средств обучения. Материал урока утверждается и первичные знания структурируются посредством учебника. То есть учебник является универсальным средством обучения. Полная реализация функций учебника возможна только при наличии у учащихся достаточных навыков работы с ним. Существуют различные методы работы с учебником, которые следует использовать регулярно.

Чтобы правильно организовать работу на уроке и хорошо усвоить учебный материал, необходимо использовать не только текст учебника и устные методы, но и наглядные материалы. Работа с иллюстрациями к учебнику очень важна. Эти материалы обеспечивают лучшее понимание учебного материала и помогают укрепить понимание. Например, при формировании понятия «пищеварение, пищеварительная система» учитель может предложить учащимся сравнить и проанализировать иллюстрации, изображающие пищеварительную систему разных классов животных, чтобы лучше усвоить это понятие. Кроме того, это позволяет связать материал с другими темами (например, эволюция пищеварительной системы), и дети учатся анализировать, сравнивать и делать выводы самостоятельно, а как мы знаем, такие знания усваиваются ребенком. . независимо является самым сильным.

В статье описана экспериментальная работа, проведенная по определению значимости обучения с использованием иллюстративных материалов учебника биологии. Были выбраны база и объект исследования, выбраны методы. Показаны предложения и условия для преподавателей.

Ключевые слова: *ученик, учебник, иллюстративные материалы, предмет биологии, биологические понятия.*

Annotation

The textbook is one of the main sources of student learning; it occupies a special place in the system of teaching aids. The lesson material is approved and primary knowledge is structured through the textbook. That is, the textbook is a universal teaching tool. Full implementation of the textbook's functions is possible only if students have sufficient skills to work with it. There are various textbook methods that you should use regularly.

In order to properly organize work in the lesson and to master the educational material well, it is necessary to use not only the text of the textbook and oral methods, but also visual materials. Working with textbook illustrations is very important. These materials provide a better understanding of the course material and help reinforce understanding. For example, when developing the concept of “digestion, digestive system,” the teacher can ask students to compare and analyze illustrations depicting the digestive system of different classes of animals in order to better understand this concept. In addition, this allows you to connect the material with other topics (for example, the evolution of the digestive system), and children learn to analyze, compare and draw conclusions on their own, and as we know, such knowledge is absorbed by the child. . regardless is the strongest.

The article describes experimental work carried out to determine the significance of learning using illustrative materials from a biology textbook. The base and object of study were selected, and the methods were selected. Offers and conditions for teachers are shown.

Key words: *student, textbook, illustrative materials, subject of biology, biological concepts.*

Кіріспе. Мектептегі биология пәні оқушыларды адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуі туралы қарапайым біліммен қаруландыруға арналған. Биология сабағындағы жұмыстың жетекші әдістері жаратылыстану ғылымдарының әдістері болып табылады:

табиғаттағы бақылау, сыныптағы бақылаулар, экскурсиялар, тәжірибелер, практикалық жұмыстар және т.б [1].

Алайда, сынып жағдайында заттар мен құбылыстарды табиғи күйде тікелей байқау, көру әрдайым мүмкін емес. Бұл жағдайда қажетті түсініктерді кестелер мен суреттер, табиғи заттар, үлестірмелі материалдар, кинофильмдер мен кинофрагменттер, мультимедиялық жабдықтар кіретін көрнекі оқыту құралдары мен иллюстрациялық материалдардың көмегімен қалыптастыруға болады. Биология сабақтарында бұл көрнекі құралдарды сабақтың тақырыбы мен мақсатына байланысты әртүрлі үйлесімдікпен қолдануға болады.

XVII ғасырда Ян Амос Коменский «Ұлы дидактикада» былай деп жазды: «Егер біз мектептерге заттар туралы шынайы және сенімді білім беруді көздейтін болсақ, онда біз әдетте жеке бақылау және сезім мүшелері арқылы бәрін үйретуге тырысуымыз керек» [2].

В.А. Сухомлинский бойынша: «мектептегі ең бірінші маңызды дағды – бұл байқау (көру), таңдану, ойлану және ол туралы айта білу» деп есептеді [3]. Иллюстрациялармен жұмыс істегенде балаларды дәл сол уақытта не көріп тұрғаны, не бейнеленгені қызықтырады. Балалар сезіммен өмір сүреді: көреді және естиді. Оқушы ойлансын, пайымдасын, өз пікірін қорғасын. Педагогтың балалардың пайымдауын емес, олардың ойларын басшылыққа алуы маңызды. Сабақта тәрбиелік ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады, талқылау кезінде балалардың жауаптарын сөзбен де, көзбен де бағаламайды, өйткені жұмыс барысында балалардың барлық пікірлері мен мәлімдемелері құнды болып табылады. Осының нәтижесінде балалардың қателесуден қорқуы, өз пікірі педагогтың пікіріне сәйкес келмейді деген қорқыныш жойылып, оқушылардың танымдық белсенділігі артады.

Оқушылардың биологиялық ұғымдарды меңгеруінде олардың оқулық иллюстрацияларымен жұмысын ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Қазіргі биология оқулықтарында тірі объектілерді және олармен жүретін процестерді сипаттайтын әртүрлі иллюстрациялық материалдар бар және оқытушы білім алуында үлкен рөл атқарады.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Биология оқулығындағы ұғымдарды дамытудағы иллюстрациялық материалдардың маңызын айқындау мақсатында біз, зерттеу объектісі ретінде 7-сынып оқушыларына арналған биология оқулығын таңдадық. Авторлары: Е.А. Очкур, Ж.Ж. Құрманғалиева. «Мектеп» баспасы [4]. Зерттеу базасы П.Д. Осипенко атындағы №8 орта мектебі, 7-сыныбы. Эксперимент 2023 жылдың 4 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында өтті. 7-сынып оқулығын таңдау себебіміз биология пәні жетінші сыныптан бастап оқытылады және оқушылардың пәнді толық түсінуі үшін иллюстрациялық материалдардың берілген тақырыппен сәйкестілігі, нақтылығы, ақпараттылығы және жүйелілігі өте маңызды болып табылады. Жалпы кітап 12-тараудан, 66 параграфтан тұрады.

7-сынып оқулығындағы иллюстрациялық материалдарды түріне қарай бөліп көрсеттік (Кесте 1). Биология оқулығында әртүрлі тарауларындағы иллюстрациялардың саны бірдей емес. Суреттер мен мәтінді суреттер (құрылысы, түсіндірмесі) барлық тараулар мен параграфтарда кездеседі [5]. Мектептегі оқу үрдісінде қиялды ойлау басым болғандықтан, оқуды көрнекі түрде көрсету маңызды дидактикалық принциптердің бірі болып табылады. Адам қабылдайтын барлық ақпараттың шамамен 90% оған қабылдаудың визуалды арнасы арқылы келеді. Осылайша, көру анализаторының өткізу қабілеті есту анализаторына қарағанда 100 есе жоғары. Осыдан мектеп оқулығын оңтайлы иллюстрациялаудың орасан зор маңызы бар екенін көре аламыз [6].

Зерттеу барысында біз суреттік иллюстрацияның өзара әрекеттесу тәсілі ретінде мұғалім оқушылардың санасында зерттелетін объектінің нақты және айқын бейнесін жасау мақсатында қолданатындығын анықтадық. Суреттің негізгі функциясы - теориялық ережелерді растау үшін форманы, құбылыстың мәнін, оның құрылымын, байланыстарын, өзара әрекеттесуін бейнелеу. Бұл барлық анализаторларды және олармен байланысты

сезімнің, қабылдаудың психикалық процестерін белсенділік күйіне келтіруге көмектеседі, нәтижесінде мұғалім мен оқушылардың жалпылама-аналитикалық ойлау әрекеттері үшін бай негіз пайда болады.

Кесте 1 – Оқулықтағы әртүрлі үлгідегі иллюстрациялар саны

№	Оқулықтағы тараулар	Иллюстрация түрлері					Мәтінде қатысты иллюстрациялық материалдардың саны
		Суреттер және мәтінді суреттер	Кестелер	Сызбалар	Тапсырмалар		
					сурет пен	кесте толтыру	
1	Экожүйелер	24	2	-	2	7	26
2	Тірі организмдерді жүйелеу	16	2	1	2	3	18
3	Жасушалық биология, Су және органикалық заттар	7	-	-	1	6	7
4	Заттардың тасымалдануы	29	-	-	8	1	29
5	Тірі организмдердің қоректенуі	12	-	-	5	1	12
6	Тыныс алу	35	-	-	6	4	35
7	Бөліп шығару	15	-	-	1	5	15
8	Қозғалыс	20	-	-	3	4	20
9	Координация және реттелу	31	-	2	10	9	33
10	Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік	4	2	-	3	-	6
11	Көбею, өсу және даму	19	-	-	11	7	19
12	Микробиология және биотехнология	8	-	-	-	1	8

Эксперименттік оқыту барысында оқулықтың барлық құрылымдық элементтерімен жұмыс мұқият оқу, анықтамалар мен терминдерді түсіну, негізгі ойларды бөліп көрсету қабілеттерін дамытуға бағытталды. Иллюстрациялық материалмен жұмыс істей білуді меңгеру үшін эксперименттік оқыту барысында мектеп оқушыларын сызбаларды қарауға, ондағы қажетті заттарды ерекшелеуге, оның бөліктерін тануға, салыстыруға және қорытынды жасауға, сызбада бейнеленген биологиялық процестерді сипаттауға, және иллюстрация бойынша әңгіме жоспарын құрастыруға баулуды жөн көрдік.

Оқушыларға сабақ беру барысында біз келесі дағдыларды қалыптастырамыз:

- оқулық абзацының мазмұны мен оның иллюстрациялары бойынша сұрақтар құрастыру;
- мәтіннің мазмұнын қайталап айтып, зерттелген иллюстрацияны сипаттау;
- кестелер мен диаграммаларға түсініктеме беру;
- оқылған мәтін мен қарастырылған иллюстрациялар негізінде қорытынды жасау;

Оқушылардың оқулықпен танымдық жұмысын ұйымдастыру кезінде мәтін түріне (түсіндірмелі немесе сипаттамалық) және берілген абзацтағы иллюстрацияларға байланысты тапсырмалар әзірленді.

Мектеп оқулығындағы иллюстрацияларға арналған тапсырмаларды әзірлеу кезінде біз тақырыпшаларда кездесетін тапсырма түрлерін ескердік. Оқулық иллюстрацияларымен жұмысты ұйымдастыру барысында иллюстрацияны зерттелетін заттың немесе құбылыстың мазмұнымен байланыстыруда әртүрлілікті қажет ететін тапсырмалар орындалды. Ең көп таралғандары:

1. Осы иллюстрациядан зерттелетін биологиялық объект немесе құбылыс туралы қандай ақпаратты алуға болатынын анықтаңыз – сұрақ: «Не туралы айтуға (үйренуге) болады...?»

2. Объектінің (процесс, құбылысының) сипатын анықтаңыз – сұрақ: «Нені көрсетеді...?» Бұл туралы не айта аласыз...?»

3. Осы немесе басқа құбылысты немесе оның жеке белгілерін бейнелейтін иллюстрация элементтерін анықтаңыз – мысалы: «Иллюстрацияда нені көрсетеді... (құбылыс немесе оның белгілері)?»; «Осы иллюстрациядан (немесе суреттің кейбір бөлшектерінен) ... (құбылыс) туралы қандай қорытынды жасауға болады?»

4. Иллюстрацияның белгілі бір элементтерінің мақсатын анықтаңыз – «Суретте неліктен...бейнеленген? (зерттелетін құбылысты сипаттайтын иллюстрациялық элементтің аты)» деген сұрақ қойылады.

5. Бір мезгілде болатын біртекті құбылыстарды салыстырып, олардың өзара әрекеттесуінің нәтижелерін түсіндіру үшін оларда не ортақ және қалай ерекшеленетінін анықтаңыз – «... (процесс, құбылыс) неге негізделген?» деген сияқты сұрақтар; «Өзара әрекеттесу жүйесін сипаттаңыз...?»; «...-де не ортақ және не ерекшеленеді?»; «Бұл туралы қорытынды жасай аламыз ба ...?»

6. Осы объектінің пайда болуын анықтайтын себептерді немесе осы объектінің пайда болуы мүмкін болған жағдайларды түсіндіріңіз - сұрақтар: «Қалай түсіндіре аласыз ... (құбылыстың, объектінің, себебінің сипатын немесе белгісін көрсетіңіз, сіз білгіңіз келетін сыртқы түрі)?»; «... (бейнеленген нысан көрсетілген) пайда болуы (пайда болуы) үшін не қажет болды (немесе не қажет болды)?»

7. Зерттелетін материалға сүйене отырып, бейнеленген объектілерді нақтылауға немесе егжей-тегжейлі көрсетуге байланысты болжам жасаңыз - «Олар осында қалай аяқталуы мүмкін... (бізді қызықтыратын нысандар көрсетілген)?»; «Неліктен бұл элементтер суретте (нақты көрсетілген) бейнеленген?»

8. Иллюстрация авторының өзі бейнелеген затқа немесе құбылысқа қатынасын анықтаңыз – «Сіздің ойыңызша, автор бұл сызбамен нені көрсеткісі келді (сызба элементі, құрама иллюстрацияның фрагменті)» сияқты сұрақтар; «Неліктен оқулық авторы бұл мәселені зерттеу үшін дәл осы иллюстрацияны пайдаланды?»

9. Иллюстрацияда бейнеленген объектіге деген жеке қатынасыңызды анықтаңыз – сұрақ: «Сіз ... (зат) туралы қалай қарайсыз?»

Зерттеу мақсатына сәйкес экспериментаторлардың мұғалімдерге берген ұсыныстарында жұмысты орындауға келесідей екпін берілді: педагог оқулық иллюстрацияларын жүйелі түрде пайдалануы керек; педагог қосымша оқу құралдарын оқулықтың иллюстрациялық материалымен, яғни графикалық проектордың немесе

мультимедиялық қондырғының болуы, сканерленген иллюстрациялар, оқулық иллюстрациялары негізінде дайындалған дидактикалық материал және т.б. болуымен үйлестіре отырып, пайдалану мүмкіндіктерін ойластырды; мұғалім иллюстрациялық материалды сабақтың әртүрлі кезеңдерінде және үй тапсырмасын құрастыру кезінде пайдалана алады.

Биология оқулығындағы иллюстрациялық материалды сабақтың басында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін пайдалануға болады. Мысалы, студенттердің негізгі білімдерін нақтылау және биологиялық тұжырымдамасын одан әрі дамыту мақсатында кіріспе әңгіме жүргізу кезінде. Мектеп оқулығындағы иллюстрациялық материалды проблемалық сұрақ қою үшін де пайдалануға болады, оның шешімі биологиялық тұжырымдаманың қалыптасуы мен дамуына әкеледі [7].

Жаңа материалды оқу кезінде оқулықтағы иллюстрациялық материалды пайдалану өз бетінше білім алуға жағдай жасайды, оқушылардың зейінін ұзақ уақыт бойына ұстауға мүмкіндік береді, бұл оқу материалын аз уақытта жақсы меңгеруге ықпал етеді. Жаңа материалды меңгеру әдістемесін әзірлеу – биология сабағына дайындалу кезіндегі мұғалім қызметінің негізгі және ең қиын бөлігі. Ол оқулықпен алдын ала байыпты жұмысты талап етеді.

Биология оқулығының иллюстрациялық материалы сабақтың басында оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, қызығушылықтарын ояту үшін қолданыла алады. Мысалы, оқушылармен оларда бар базалық білімді нақтылау және биологиялық тұжырымдаманы одан әрі дамыту мақсатында кіріспе әңгіме жүргізу кезінде. Мектеп оқулығының иллюстрациялық материалын проблемалық сұрақ қою үшін де қолдануға болады, оның шешімі биологиялық түсініктің қалыптасуы мен дамуына әкеледі.

Оқулықтың иллюстрациялық материалын жаңа тақырыпты оқытуда қолдану тәуелсіз оқуға жағдай жасайды, оқушылардың назарын ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік береді және аз уақыт ішінде оқу материалын жақсы игеруге ықпал етеді.

Биологиялық ұғымдарды қалыптастыру және дамыту үшін мектеп биология оқулығының иллюстрациялық материалын қолданған кезде педагог келесі шарттарға назар аударуы керек.

Біріншісі – иллюстрациялық материалдың мазмұнын талдау. Суретті қарастыра отырып, студент онда бейнеленген дененің сыртқы және ішкі құрылымының ерекшеліктерін көруі керек. Мұғалім оқушыларға келесі нұсқауларды қолдана отырып көмектесуі керек: "суретке қарап, суреттелген биологиялық объект сізге таныс па екенін айтыңыз?"; "Оның табиғи өлшемдері қандай деп ойлайсыз?»; "Оның табиғи түсі қандай?"; "Бейнеленген биологиялық объектіні өз сөзіңізбен сипаттаңыз" және т. б.

Екінші шарт – оқушылардың санасында ойдың иллюстрациядан оқулықтың түпнұсқасы мен мәтініне ауысу үрдісін қалыптастыру және оқушылардың танымдық іс-әрекетін шебер басқару. Ол үшін келесі тапсырмаларды қолданған жөн: "суретті қарап, абзац мәтінінде бейнеленген объектінің сипаттамасын табыңыз"; "суретте көрсетілген схемаға сәйкес тәжірибе жасаңыз"; "абзац ақпаратын пайдаланып, иллюстрацияға түсініктеме беріңіз"; "оқулықтың мәтінін оқып, оған иллюстрацияларды қарастырыңыз. Осы иллюстрацияларға қандай тақырыптар ұсына аласыз. Неліктен?"және т. б.


Үшінші шарт-қалыптасқан сенсорлық бейнелерді оқу материалын игеру бойынша оқу тапсырмасын орындаумен байланыстыру. Бұл жағдайда мұғалім оқушыларға оқулық иллюстрацияларына сұрақтар мен тапсырмалар жазуды немесе мәтінге басқа иллюстрациялар ойлап табуды ұсына алады. Білімді бекіту және үй тапсырмасын орындау кезінде иллюстрацияларды қолдану жаңа ақпаратты игеруге де ықпал етеді.

Тақырып материалын меңгеру айтарлықтай аз күш-жігерді қажет ететін және ішінара ізденіс әрекеті оқушыларға ерекше қиындық тудырмайтын жақсы дайындалған сабақтарда

иллюстрациялар жаңа білімнің қайнар көзі бола алады. Бұл білім мұғалімнің өзі орындаған иллюстрацияны талдау арқылы немесе оған арналған сұрақтар мен тапсырмалар негізінде иллюстрацияны ұжымдық немесе тәуелсіз талдау арқылы алынды.

Мәселені зерделеу барысында иллюстрацияға зерттелетін материалдың көрнекі бейнесі ретінде, содан кейін оны нақтылау арқылы айтылғанды толықтыру құралы ретінде, ең соңында, білім көзі ретінде қарастыруға болады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Зерттеу нәтижесі бойынша 7-сынып оқушылар «Биология» оқулығындағы мәтіндік түсіндірмеге қарағанда иллюстрациялық материалдар, оның ішінде суреттер мен сызбаларға баса назар аударатындығы айқындалды (Сурет 1, Кесте 2). Сонымен қатар, білім алушылар берілген объектіні сипаттау және құрылымын сызбамен көрсету тапсырмаларының ерекше есте сақталатындығын, қызығушылықтарын арттыратындығын көрсетті.



Сурет 1– Эксперимент нәтижесі


Кесте 2 – Эксперимент нәтижесі

Сурет		Кесте		Сызба	
56%	14	12%	3	32%	8

Оқушылар оқулықтағы иллюстрациялық материалдардың арқасында берілген тақырыпты оқып қана қоймай есте сақтап, сыни ойлауына үлкен септігін тигізеді.

Эксперименттік жұмыс 7-сыныпта биологиясы сабағында жүргізілді. Зерттеудің бірінші кезеңінде анықтаушы эксперименті жүргізілді. Оның мақсаты – оқытылатын тақырып бойынша бақылау тестілеуін қолдана отырып, оқушылардың биология пәнінен бастапқы білім деңгейін анықтау. Бұл кезеңде иллюстрациялық материалды пайдалану минимумға дейін азайтылды. Мысалы, бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тесттер қолданылды.

Анықтау экспериментін жүргізгеннен кейін келесі нәтижелер алынды: бақылау тапсырмаларын оқушылардың 45%-ы «3», 41%-ы «4» деген бағамен орындады. Оқушылардың 5%-ы ғана тапсырмаларды мүлтіксіз орындаса, 9%-ы тапсырманы орындай алмады (Сурет 2, Кесте 2).




Сурет 2– Эксперименттің бірінші кезең нәтижесі

Кесте 3 – Эксперимент нәтижесі

5		4		3		0	
5%	1	41%	10	45%	11	9%	3

Зерттеудің екінші кезеңінде сабақтың барлық кезеңдерінде иллюстрациялық материалдың максималды көлемі қолданылды. Оқушылар әртүрлі типтегі тапсырмаларды орындады: оқулықтағы суреттер мен сызбалар бар үлестірмелі карточкалар, ұсынылған сызбалар бойынша сұрақтарға жауаптар, оқулықтағы иллюстрациялармен тікелей жұмыс және т.б. Осы типтегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар мынадай баға алды: Оқушылардың 45%-ы «5» деген бағаға, 50%-ы «4» деген бағаға және 5%-ы ғана «3» деген бағаға тапсырмаларды орындады, қанағаттанарлықсыз бағалар жоқ.



Сурет 2– Эксперименттің екінші кезең нәтижесі

Кесте 4 – Эксперимент нәтижесі

5		4		3		0	
45%	12	50%	12	5%	1	0%	0

Алынған нәтижелер сабақта иллюстрациялық материалды пайдалану оқушылардың білім сапасын айтарлықтай жақсартатынын айқын көрсетеді.

Сонымен сабақта білім деңгейін көтеру мақсатында иллюстрациялық материалдарды оңтайлы пайдалану материалды меңгеру сапасына оң әсерін тигізеді. Анықтау эксперименті кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған оқушылар бақылау кезеңінде қанағаттанарлық баға алды.

Сонымен қатар, мектеп оқушыларының сабаққа деген танымдық қызығушылығының пайда болуы атап өтілді. Білім алушылар өтілген тақырып бойынша сұрақтар қойып, әртүрлі

тақырыптар бойынша хабарламалар дайындауды ұсынды. Үй тапсырмасын иллюстрациялық материал арқылы тексеру кезінде оң бағалар саны айтарлықтай өсті.

Қорытынды. Қорытындылай келе, оқытудың иллюстрациялық материалдарын жүйелі пайдалану биологиялық білімді нақтылауға, морфологиялық, анатомиялық, физиологиялық және экологиялық ұғымдар арасында байланыс орнатуға, сонымен қатар білімді жүйелеуге және жалпылауға мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі тұжырымдар жасалды:

- биология сабақтарында иллюстрациялық материалды пайдалану оқушылардың білім сапасын айтарлықтай арттырады;
- биология сабақтарындағы иллюстрациялық материал мектеп оқушыларының экологиялық тәрбиесіне әсер ете алады;
- иллюстрациялық материал танымдық қызығушылыққа әсер етеді.
- мектеп оқулығындағы иллюстрациялар арқылы қалыптасқан биологиялық ұғым тек сенсорлық-визуалды қабылдауды ғана емес, сонымен қатар оқу материалын элементарлы талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау түріндегі ой жұмысын көрсетеді.

Оңтайлылық пен тиімділік критерийлеріне сәйкес келетін иллюстрациялық материалды пайдалана отырып оқыту үшін біз, педагогтар үшін төмендегі талаптарды орындауға ұсынамыз:

1. Иллюстрациялық материалға тапсырмаларды дайындаған кезде оның келесі оқу міндеттерін барынша табысты шешуге мүмкіндік беретінін ескеру қажет: оқушылардың визуалды-бейнелі ойлауын дамытады; оқу материалын меңгеру кезінде зейінді белсендіру құралы болып табылады; оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін белсендіруге ықпал етеді; зерттелетін теориялық мәселелерді нақтылауға мүмкіндік береді; сабақ барысында студенттердің тікелей бақылау пәні бола алмайтын оқытылатын ұғымдардың практикалық қолданылуын көрсету аясын кеңейтеді; тікелей бақыланбайтын бірқатар биологиялық процестер мен құбылыстарды визуализациялау және модельдеу мүмкіндіктерін жасайды; сызбаларда, кестелерде және т.б. зерттелетін құбылыстарды көрнекі түрде жүйелейді және жіктейді; оқуға деген қызығушылығын оятады, тиімді оқуға деген көзқарасын қалыптастырады; оқу материалын меңгеру дәрежесі туралы белгілі бір формада ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

2. Мектеп оқулығындағы иллюстрациялық материалды ұтымды пайдалану үшін оны сабақта қолдану үрдісін оңтайландыру қажет. Сондықтан сабақтың негізгі міндетін шешуге, оқытылатын тақырыптың негізгі ұғымдарын меңгеруге тікелей бағытталған және аз уақытты қажет ететін иллюстрациялық материалды таңдау керек.

3. Иллюстрациялық материалды пайдалану тәсілдерін таңдауда сыныптың ерекшеліктері мен оқушылардың ойлау ерекшеліктері ескеріледі.

4. Оқулықтағы иллюстрациялық материалмен ұштастыра отырып оқу материалын бекіту және қайталау кезінде білімді меңгеруді басқа объектілерге беруге және сол арқылы оларды неғұрлым саналы түрде меңгеруге мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланған жөн.

6. Иллюстрациялық материалды қолданудың тиімділігін арттыру үшін оқушылар алдына мақсат қоюы керек. Бұл олардың зейінін күшейтіп, оны тұрақты етеді және туындаған мәселені шешу жолдарын іздейді, материалды белсенді меңгеруге ықпал етеді.

7. Оқулықта иллюстрациялық материалдардың өздері белсендіруші фактор болғанына қарамастан, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін арнайы әдістерді қолдану тиімді.

Әдебиеттер:

[1] Якунчев М.А. Методика преподавания биологии: учебник для студ. высш. учеб, заведений /[М.А.Якунчев, О.Н.Волкова, О. Н.Аксенова] Москва: Издательский центр «Академия», 2008 – 320 с.
[2] Коменский Я.А. Великая дидактика. – Москва: RUGRAM, 2016. – 320 с.
[3] Трайтак Д.И. проблемы методики обучения биологии: Труды действительных членов Международ, академии наук педагогического образования. - Москва: Мнемозина, 2002. - 260 с.
[4] Е.А. Очкур, Ж.Ж. Құрманғалиева. Алматы, «Мектеп» баспасы, 2017. – 257 б.
[5] Панина Г.Н. Еще раз об учебнике для шестиклассников. // Биология в школе. - № 4. 2001 – 130 с.
[6] Занков Л.В. Наглядность и активизация учащихся в обучении. -Москва: Учпедгиз, 1960 – 60 с.
[7] Дударенко Т.М. Дидактические основы методики использования иллюстраций школьных учебников (на материале географии и истории): Автореф. дис. канд. пед. наук. Киев: 1977. 24 с.
[8] Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі (Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 № 376 бұйрығы).
[9] Прохарчук Е.Н. Иллюстративный материал учебника как источник знаний по биологии [Текст] Проблемы модернизации школьных учебников биологии. Сборник материалов Международной научно-практической конференции 1 – 3 -февраля/ Е.Н. Прохарчук.- Москва: 2005 – 211 с.
[10] Использование иллюстративного материала школьного учебника биологии (методическое пособие), - Абакан: РИО «РОСА» ХРИПКиПРО, 2006. – 54 с.
[11] Резенштейн А. М. Самостоятельные работы учащихся по биологии - Москва: Просвещение, 1977. - 172 с.
[12] Л.Г. Орлова. Методика преподавания биологии. Учебно - методическое пособие. Костанай: 2019 – 105 с.
[13] https://mybiblioteka.su/tom2/4-27810.html
[14] Пономарева И.Н., Соломин В.П., Сидельникова Г.Д. Общая методика обучения биологии: Учеб. пособие для студ. пед. вузов / под ред. И.Н. Пономарвоей. – Москва: Издательский центр «Академия», 2003 – 154 с.
[15] Комиссаров Б.Д. Методологические проблемы школьного биологического образования. - Москва: Просвещение, 1991. -160 с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 80
ББК 81.2 Ря

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ ФАКУЛЬТЕТОВ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РУСКОМУ ЯЗЫКУ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ.

Мирзохонова Матлуба Мирзохашимовна,
кан.фил.наук, доцент
ГОУ «Худжандского госуниверситета
им. ак. Б. Гафурова» г. Худжанд,
Республика Таджикистан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10457175

To Cite: Мирзохонова Матлуба Мирзохашимовна. (2024). ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ ФАКУЛЬТЕТОВ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РУСКОМУ ЯЗЫКУ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10457175

Аннотация: На современном этапе значительно повысились требования к иноязычному образованию. Государственный образовательный стандарт определяет цели и широкий перечень предметных результатов изучения русского языка в вузе. Особую актуальность приобретает повышение результативности урока русского языка, в рамках которого осуществляется формирование иноязычной коммуникативной компетенции. В данной статье описана система работы, направленная на формирование коммуникативной компетенции в совокупности её составляющих: языковой, речевой, социокультурной и учебно-познавательной на основе использования видеоматериалов. Практический опыт работы автора статьи подтверждает эффективность предлагаемой системы упражнений и методического потенциала видеофильмов в обучении русскому языку.

Ключевые слова: аутентичные видеоматериалы, коммуникативная компетенция, видеофильмы, система упражнений, методика.

Abstract: At the present stage, the requirements for foreign language education have significantly increased. The state educational standard defines the aims and a wide range of subject outcomes for the study of Russian language at university. Particular relevance is increasing the effectiveness of a Russian language lesson, within which the formation of a foreign language communicative competence is carried out. This article devotes to a system of work, also aimed at the formation of communicative competence in the aggregate of its components: linguistic, speech, socio-cultural and educational and cognitive based on the use of video materials. The practical experience of the author of the article confirms the effectiveness of the proposed system of exercises and the methodological potential of video films in teaching a Russian language.

Key words: authentic video materials, communicative competence, video films, exercise system, methodology.

Формировать коммуникативную компетенцию, не находясь в стране изучаемого языка, дело весьма трудное, поэтому перед преподавателем национальных групп встает задача поиска новых форм и приемов обучения, новых видов наглядности, оптимизирующих образовательную деятельность.

Республика Таджикистан все больше участвует в жизни мирового сообщества, расширяются международные связи, правительство и государство всё больше уделяют внимание изучению русского языка, 2023 год был объявлен Годом русского языка в Республики Таджикистан. Все это, несомненно, повышает статус русског языка как учебного предмета и заставляет продолжать традицию коммуникативно ориентированного подхода к обучению языка, т.е. готовить студентов к использованию языка в реальной жизни.

Целью обучения русского языкам является достичь студентами коммуникативной компетенции на пороговом уровне[1], это означает, что студент для успешного овладения русским языком должны овладеть не только языковыми навыками и умениями, но также иметь представление о том, как их использовать для целей реальной коммуникации. Следовательно, овладение основами клеше общения служит своеобразной базой не только для формирования коммуникативной культуры и компетентности, но и для профессионального становления личности.

Овладеть коммуникативной компетенцией на русском языке, не находясь в стране изучаемого языка, дело весьма трудное. Поэтому важной задачей преподавателя является создание реальных и воображаемых ситуаций общения на занятии по русскому языку, используя для этого различные методы и приемы работы (ролевые игры, дискуссии, творческие проекты и др.). Наряду с этим важно дать студентам наглядное представление о жизни, традициях, языковых реалиях стран, изучаемого языка. Для решения этой важной проблемы необходимо использование современных технологий. Несмотря на определенный прогресс (использование ТСО, социальный сеть, различных программ и т. д.), одной из трудностей обучения русскому языку является весьма ограниченная, возможность общения с носителями языка и использования навыков разговорной речи вне занятий. Современные технологии позволяют нам расширить рамки занятий и приводят к необходимости использования новых форм обучения. Одной из таких форм является использование видеоматериалов во время урока. Готовые видеофильмы позволяют решать очень важные задачи обучения, воспитания и образования.

Во-первых, студенты при просмотре видеофильмов имеют возможность слышать подлинную русскую речь из уст носителей языка[2].

Во-вторых, видеофильмы дают возможность студентам увидеть собственными глазами то, о чем мы говорим во время урока, читаем в текстах и диалогах (достопримечательности России, различные музеи, города, климат и т. д.). Просматривая видеофильмы, студенты больше узнают о традициях и культуре изучаемой страны.

Использование видео материалов на занятиях способствует повышению качества знаний, так как позволяет использовать следующие виды коммуникативной деятельности: аудирование, говорение, чтение и письмо (при выполнении упражнений)[1]. Использование видео материалы оправдано психологически: именно через органы зрения и слуха студент получает основной объем информации об окружающем мире. При использовании наглядного метода, т.е. демонстрируя видеоматериалы, необходимо соблюдать ряд условий:

-применяемый видеоматериал должен соответствовать уровню знанийстудентов;

- видеоматериал должен использоваться в меру и показывать ее следует постепенно и только в соответствующий момент урока;

-наблюдение должно быть организовано таким образом, чтобы все студенты могли хорошо видеть демонстрируемый видеоматериал;

-необходимо четко выделять главное;

-детально продумывать пояснения, даваемые в ходе демонстрации видеоматериала;

- видеоматериал должен соответствовать изучаемой теме.

Несомненно, самым удобным для преподавателя является использование учебных видеоматериалов к учебникам**,** если таковые имеются. Данное утверждение основывается на том, что учебные видео материалы разработаны авторами профессионально и поэтому удачно дополняют и расширяют учебный материал, представленный в других компонентах учебника (фактический, языковой, речевой, социокультурный)[2].

Помимо учебных видео материалов можно с успехом (учитывая индивидуальные особенности учащихся) использовать видеоматериалы, такие как:

- художественные и документальные фильмы;
- мультфильмы;
- видеозаписи телевизионных новостей и других телепередач
- музыкальные видеоклипы;
- видеоэкскурсии по различным городам и музеям мира и т. д.

Работа с видео материалами или текстами похожа на работу с текстами. Выделяют три основных этапа: дотекстовый этап, текстовый этап, послетекставой этап.

На дотекстовом этапе необходимо мотивировать студентов, снять возможные трудности восприятия текста и подготовить их к успешному выполнению задания [3]. Преподаватель может задавать некоторые вопросы: *что они знают по данной теме? что они надеются увидеть в фильме?*

На текстовом этапе, чтение текстов и обсуждение проблем по той же тематике (на родном и на русском языках), также способствуют повышению мотивации в ходе просмотра видео сюжета. Цель второго этапа: понимания учащимися содержания фильма, активизация речемыслительной деятельности учащихся. На этом этапе могут быть использованы следующие упражнения:

•остановка фильма, вопрос: «О чём шла речь?»;

•«молчаливый просмотр» (показ части фильма без звука);

• восстановить текст (по ходу просмотра заполнить пропуски в тексте, записанном на листке-распечатке) [3].

Ко многим видеоматериалом есть готовые разработки, которые предлагают такие упражнения, как: ответить на вопросы, дополнить предложение и т.д.

На третьем этапе организуется речевая творческая деятельность студентов. Студенты описывают кадры фильма (без звука) последовательно, задают вопросы по содержанию кадра, исправят ложную информацию, описывают те сюжеты фильма, где была представлена новая информация. В качестве домашнего задания может быть предложено учащимся создать ролевые игры, на основе информации из просмотренных видеофильмов, в основу которой положен сюжет или ситуация видеофильма.

Возможности использования видео для начинающих несколько ограничены в силу малого объема их словаря и знаний грамматики. Использование видео время от времени разнообразит занятие, вносит в него элемент реальной жизни.

При работе с видеоматериалом, преподаватель должен помнить о педагогических условиях эффективного использования видео в обучении русскому языку:

• формирование положительной мотивации студентов в изучении русского языка;

• формирование доброжелательного и заинтересованного отношения к стране изучаемого языка, ее культуре и народу;

• формирование умения студентов осуществлять как устные, так и письменные формы общения;

• учет возрастных особенностей и интересов студентов ;

• развитие их творческих способностей в процессе активной познавательной деятельности [1].

Можно использовать видеоматериал используется как средство закрепления полученного материала. Студенты просматривают фрагмент видео, по высшее данной теме, где представлены экологические проблемы. После просмотра видео, дается задание на описание просмотренного. В данном контексте идет закрепление изученного лексического материала. Затем дается творческое задание: придумать интересную историю о влияние человека к природе.

Так же предложить учащимся следующее задание на развитие монологической речи по теме: « Культура и искусство», «Наш университет», «Физкультура и спорт», «Национальные праздники и традиции таджикского и русского народов» и т.д. Студенты смотрят отрывок из фильма «Города России» до определенного момента, затем преподаватель предлагает самостоятельно рассказать о русских городах с использованием лексики по теме. После просмотра фильма можно предложить студентам подготовить монологическое рассуждение по завершению фильма. После просмотра фильма «Экологические проблемы» можно предложить провести диспут по теме «Человек и природа. Экологические проблемы современности», близко ли оно с жизнью, знакома ли поднятая проблема учащимся.

Следует отметить, что использование видео материалов на занятиях имеет свои положительные и отрицательные стороны. С одной стороны, видеозапись, по сравнению с аудиозаписью, носит более жизненный характер - вы не только слышите, но и видите говорящих, их мимику и жесты, а также получаете информацию о широком контексте происходящего.

С другой стороны, все эти факторы отвлекают студентов от прослушивания, и он может увлечься разглядыванием картинки, вместо того чтобы сосредоточиться на аудировании.

Поэтому перед просмотром студенты должны получить четко организованное задание, на которого они должны сосредоточиться.

Подводя итог изложенного, можно утверждать, что учебные видеоматериалы и мультимедиа раскрывают широкие возможности для активной работы в процессе формирования речевых навыков и умений студентов и делают учебный процесс овладения русским языком привлекательным для студентов.

Эффективность использования видеоматериалов при обучении речи зависит не только от точного определения его места в системе обучения, но и от того, насколько четко организована структура видеоурока, как согласованы учебные возможности видео с задачами обучения.

Применение видеоматериалов способствует повышению качества усвоения знаний на занятиях по русскому языку, позволяет дать учащимся наглядное представление о жизни, традициях, языковых реалиях России и развивает речевую деятельность обучаемых.

Использование видеоматериала помогает восполнить отсутствие языковой среды, расширяет кругозор, а также воспитывает эстетический вкус устудентов.

Список литературы:

1.Барменкова О.И. Видеозанятия в системе обучения иностранной речи //Иностранные языки в школе № 3.– 2010.– 20с.
2.Барменкова О.И. Использование видеоматериалов для формирования коммуникативной компетенции учащихся на уроках английского языка// «Эксперимент и инновации в школе» №5, 2011г. (стр. 75-79)
3.Гальскова Н.Д., ВасилевичА.П., АкимоваН.В. Методика Обучения иностранным языкам. – Ростов –на-Дону.-2017-с 81.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

4.Латыпова М. Школьный менеджмент / М. Латыпова [Текст] // Народное образование. – 2000. - № 1. - С. 76-83.
5.Лушников И.Д. Профессиональная адаптация выпускников пединститутов / И.Д. Лушников [Текст]. - Москва: Прометей, 1991.- 185 с.
6.Мозгарев Л.В. Об оптимальных условиях формирования педагогического опыта выпускника педвуза в период стажировки / Л.В. Мозгарев [Текст]. - Москва, 1987. – 57 с.
7. Петрова Н.И. Индивидуальный стиль деятельности учителя / Н.И. Петрова [Текст]. - Казань, КГПИ, 1984. – 185 с.
8.Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив / А.В. Петровский [Текст]. - Москва: Политиздат, 1989. -254 с.
9.Профессиональная деятельность молодого учителя (Социально - психологический аспект) / Под ред. С. Г. Вершловского, Л.Н. Лесохиной [Текст] - Москва: Педагогика, 1982. – 144 с.
10.Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: продвинутый курс. – М. -2010. – с25.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 373.016

ДӘРІЛІК ӨСІМДІК ТҮРЛЕРІН БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ

Езимова Д.К.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459159

To Cite: Езимова Д.К. (2024). ДӘРІЛІК ӨСІМДІК ТҮРЛЕРІН БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459159

Аңдатпа:*Бұл мақалада жоғарғы оқу орындарында белсенді оқытудың, қазіргі заман талабына сай, әдістері мен түрлерін қолдану ерекшеліктеріне толық сипаттама берілген. Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың белсенді әдістерін қолдану өзекті болып табылады. Бұл жұмыстың мақсаты оларды биология курсында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Биология және биотехнология факультеті, Биофизика, биомедицина және нейрогылым кафедрасының 3-курс студенттерімен белсенді сұрақ-жауап әдістерін қолдана отырып, дәрілік өсімдік түрлері мысалында дара жарнақты өсімдіктерді зерттеуде тексеру болып табылады. Алынған нәтижелерді талдау нәтижесінде оқытудың белсенді әдістерін қолдану сабақта және ұзақ мерзімді перспективада студенттердің танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететіні көрсетілген. Білім алушылар, алынған білімдерін талдай отырып, өзінің көзқарасын тәжірибеде көрсете алуға, есте сақтауына, кәсіби біліктіліктерін жетілдіруді қамтамасыз етеді. Білім алушылардың танымдық әрекеттерін арттыру арқылы шығармашылық ойлауды қалыптастырып, қорытындылауды үйренеді.*

Кілт сөздер: *оқытудың белсенді әдісі,кейс технологиясы,джигсо*

Аннотация:*В данной статье дается подробное описание особенностей использования современных методов и форм активного обучения в вузах. В современной системе образования актуальным является использование активных методов обучения. Целью данной работы является их проверка на курсах биологии студентами 3 курса факультета биологии и биотехнологии Казахского национального университета им.Аль-Фараби, кафедры биофизики, биомедицины и нейронауки при изучении односемянных растений на примере лекарственных видов растений с применением методов активных вопросов и ответов. В результате анализа полученных результатов показано, что применение активных методов обучения способствует развитию познавательной активности учащихся на уроке и в долгосрочной перспективе. Обучающиеся, анализируя полученные знания, обеспечивают умение на практике демонстрировать свои глаза, запоминать, совершенствовать профессиональные навыки. Обучающиеся учатся формировать и обобщать творческое мышление через повышение познавательной деятельности.*

Ключевые слова: *активный метод обучения, кейс-технология, джигсо.*

Annotation:*This article provides a detailed description of the features of the use of methods and types of active training in higher educational institutions that meet modern requirements. In the*

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

modern education system, the use of active teaching methods is relevant. The purpose of this work is to test them in the biology course with 3rd year students of the Department of Biophysics, biomedicine and neuroscience of the Al-Farabi Kazakh National University in the study of singularity plants on the example of medicinal plant species using active question and answer methods. As a result of the analysis of the results obtained, it was shown that the use of active teaching methods contributes to the development of cognitive activity of students in the classroom and in the long term. Students, analyzing the acquired knowledge, ensure the ability to show their vision in practice, memorize, and improve their professional skills. Students learn to form and summarize creative thinking by increasing the cognitive activity of students.

Keywords: *active learning method,case technology,jigsaw*

Кіріспе.Қазіргі кезде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемді білім алу кеңістігіне бағытталуда. XXI ғасырдың жан - жақты зерделі дарынды талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім бері мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Қазіргі заманауи кезіңінде медициналық жоғарғы оқу орындарында белсенді білім беру жүйесінде, оқытудың әр түрлі әдіс тәсілдерің қолдана отырып, білікті ақ халатты абзал жаңдар дайындауда ерекше мән беруде [2]. Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев «Білім берумен қатар ғылымды жетілдіру Республикамыздың бәселекелестікке қабілетті 30 мемлекеттің қатарына кірудің басты шарттарының бірі » деп көрсетілген [3]. Жоғарғы оқу орындарында белсенді оқыту әдістерін қолдану бұл - оқытушымен білім алушылардың арасындағы өзара қарым -қатынасты және іс әрекетті жетілдіру.

Жұмыстың мақсаты: Дәрілік өсімдік түрлерін биология сабағында оқытуда белсенді оқыту әдістері мен түрлерін қолдана отырып, білім алушылардың келесі маңызды компентенцияларын -білімін, дағдысын, игерімін, өз бетінше жетілуге ұмытылысын қалыптастыру. Жоғарғы оқу орыңдарында осы мақсаттарға жету үшін Президенттің Жолдауында атап көрсетілгендей оқытушылар инновация мен оқытудың жаңа техникасын және белсенді әдіс тәсілдерді қолдана білу [3]. Білім алушылардың дәрілік өсімдік түрлерін зерттеудегі және оқудағы жоғарғы мотивациямен қамтамасыз ету, нақтылы жағдайды анализдау, тәжірибелік мәселелерді шешу, оқиғаларды талдау. Қазіргі кезде Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасында білім алушыларға келесі белсенді әдістер мен түрлерді қолданылады:

1. Пікір талас -оқу пікір таластары білім алушылардың тәртіп бойынша немесе өз пікірлерін, ойларын, оқу мәселесі бойынша жорамалдарын өзара алмастыратынын көрсетеді.

2. «Миға шабуыл» Берілген әдіс, күрделі мәселелерді шешу бойынша ой туындауға бағытталған, күрделі тапсырмаларға пікір таластар ұйымдастыру барысында қойылған тапсырмаларды бірігіп шешу үрдісіне негізделген. Тапсырмада пәнаралық сұрақ немесе кәсіби маңызы бар тапсырма болуы мүмкін. «Миға шабуыл » әдісі білім алушылардың жоғарғы белсенді санының тартылып қатысуына мүмкін береді. Берілген әдісті сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға: жаңа білімді енгізу үшін, білімдерін аралық бақылауда сапалы меңгеруге, алған білімдерін шыңдауға мүмкіндік береді.

3. Кейс -әдісі (Case study) – экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық немесе басқа да күрделі жағдайлардың сипаттамаларында қолданылатын білім берудің техникасы. Білім алушылар кейспен жұмыс жасау кезінде болашақ мамандықтарына байланысты іздеу, әртүрлі білім салаларында қосымша ақпараттарды талдау жұмыстарын жүзеге асырады. Кейс әдісті басқа техникаларға қарағанда құрамына өзге күрделі емес таным әдістері кіретінін көрсетуге болады. Оған кіреді: моделдеу, жүйелік талдау, күрделі әдіс, ой тәжірибесі, сипаттау әдістері, классификациялары, пікір талас, ойын әдістері және т. б.

6. Жобалау әдісі – Қазіргі заманауи педагогикалық технологиялар арасында білім алушылар жобалық іс -әрекеттері негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыруда білім алу -ең

маңызды адекватты мақсат болып табылады. Жобалар әдісі жеке дамып келе жатқан дамушы технологиялар ретінде, әсіресе жеке іс -әрекеттердің нәтижелерін бағалау және жобалай алу, мәселелерді табу және шешу, өз бетінше ойлай білуге, шығармашылық бастамалары, білім алушылардың танымдық дағдыларын дамыту негізін жатқызуға болады. Жобалар әдісі білім алушылардың өз бетінше іс -әрекеттеріне, әсіресе белгілі уақыт аралығында жеке, жұптық, топтық орын - дайтын іс-әрекеттеріне үнемі бағытталған[4].

Оқыту әдістері бұл -тапсырылған мақсаттар мен міндеттерге жетуге бағытталған, оқытушы мен білім алушылардың арасындағы дүние танымдылығы мен қабілеттілігін арттыруға, тәрбие және таным процессін жетілдіруге және өз үлесін қоса алатын, алға қойған міндеттерін шешу үшін ұйымдастырылған іс әрекеттердің бір жолы. Оқыту түрі - оқудың мазмұнының болуы жене оны жеткізу әдісі. Дәрілік өсімдік түрлерін биология сабағында оқытуда көбінесе кейс және жобалау әдістері қолданылады. Ойынның рөлдік түрлері оқу мәселесін шешуде жағымды мотивацияларын қалыптастырады. Кейс әдісінде оқытушы, сабақ барысында қабылданған шешімдерін, істеген іс - әрекеттерін бағалап, ойын аяқталғаннан кейін міндетті түрде туындалған қиыншылықтарға талқылау жүргізіледі. Осылайша кейс әдісі білім алушылардың жиналған білімдері мен дағдыларын қолдануға, өз істеген жұмыстарын анализдеу, өзіндік және топтық жұмыс жасау қабілеттіліктерін тексеруге, өздігінен дамуға мүмкіндік береді. Кейс әдісінің оңды кезеңдерінің бірі, білім алушылар мәселені шешудің логикалық сызбаларын құрап, өз пікрін дәлелдеуді үйренеді. Сонымен қатар бұл оқу процессі өмірде шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Ойын білім үрдісінде білім алушылардың белсенділігін жігірлендіреді және тіпті ең пассивтілерді де тартады. Жоғарғы оқу орнында оқытудың белсенді әдістерімен түрлерінің қолдану тиімділігі қарастырылады. Бұл әдіс бойынша оқу үрдісінде оқытушы мен білім алушымен рөлі анықталынады. Оқытудың белсенді әдісі, білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыта отырып, жетілдіруге үлесін қосуда.

Зерттеу әдістері және материалдары. Зерттеу жұмысы негізінде биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының 3-курс студенттеріне келесідей оқытудың белсенді әдіс түрлері қолданылды: «Ой шақыру»,Сауалнама,Джигсо,Кейс.

1)Ой шақыру: Оқушыларға екі түрлі өсімдік түрлері ұсынылады: *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv және *Ammodendron argenteum* (Pall.) O.Ktze

Талдау сұрақтары:

- ✓ өсімдіктерді салыстыр;
- ✓ осы өсімдіктердің өсімді мүшелерінің арасындағы айырмашылықтарын ата?
- ✓ Бұл өсімдіктерді жабықтұқымдылардың қай класына жатқызуға болады?

Өсімдіктің типтері, бөлімдерін атата отырып, қандай кластары болады сұрағын талқылау арқылы сабақтың тақырыбы анықталады. Оқушылардан өсімдіктер бөлімдерінің өкілдерін қандай белгілері бойынша салыстырдыңыздар деп сұраңыз. Ендеше осы екі класс өкілдерін қандай белгілеріне қарап ажырата аламыз сұрағын талқылау барысында сабақтың мақсаттарын анықталады. Оқушылармен бағалау критерийлері талданады.

Білім алушылардың тақырып бойынша білімін алдын-ала тексеру мақсатында сауалнама әдісі қолданылды.

17 студенттен тұратын топ құрылды.Зерттеу нысаны – *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv, *Ammodendron argenteum* (Pall.) O.Ktze.*Halimodendron halodendron* (Pall.)Voss. өсімдік түрлері.

Оқушылардың аталған өсімдік түрлері бойынша білімдерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Сауалнама сұрақтары:

1. *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv өсімдігі қандай аймақтарда өседі?/ жауап-шөл,шөлейтті аймақтар /

2. *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv, *Ammodendron argenteum* (Pall.) O.Ktze.*Halimodendron halodendron* (Pall.)Voss. өсімдіктері қандай тұқымдасқа жатады? / жауап-бұршақ тұқымдастар/

3. *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv, *Ammodendron argenteum* (Pall.) O.Ktze. *Halimodendron halodendron* (Pall.)Voss.өсімдіктерінің қандай биологиялық ерекшеліктері бар? / жауап-тамыр жүйесі,тікенегі,емдік қасиеттері /

4. Аталған өсімдік түрлерінің қандай емдік қасиеттерін білесіңдер? /іш жүргізгіш,асқазан жараларын емдеу, несеп айдайтын,өт жүргізетін және қабынуға қарсы/

Сонымен қатар студенттерге ақпарат алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал ету мақсатында «Джигсо» әдісі ұсынылды. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты — жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету.Әдіс бойынша 4 студенттен тұратын топтарға мәтін бөліктері таратылды.Ары қарай студенттердің бұршақ тұқымдастары туралы білімдерін ары-қарай дамытып,өзіндік жұмыс атқарту мақсатында кейс әдісі қолданылды.

1-інші Кейс.

Кавказдағы шөлді аймақтың фаунасын зерттеуге бір топ зерттеушілер делегациясы келді.Олар жақын маңдағы үйге қонақтады. Бірнеше күннен кейін зерттеушілердің бірінің асқазаны ауыра бастады.Жақын маңда дәріхана жоқ,ал қалаға бару ұзақ уақыт алатын болғасын,үй иесі қандай да бір шөптің тұнбасын алып келді.Әлгі тұнбаны ішкеннен кейін бірер сағаттан соң, зерттеуші өзін жақсы сезіне бастады.Ал қалған зерттеушілер бұл қандай өсімдіктің қайнатпасы екеніне таң қалып үй иесінен сұрастыра бастады.Ал үй иесі осы сияқты емдік қасиетке бай шөлді аймақта өсетін тағы бірнеше өсімдіктердің аттарын атады.

1.Зерттеушілер үй иесіне қандай сұрақтар қойды?
2.Үй иесі қандай өсімдіктің қайнатпасын берді?
3.Үй иесі емдік қасиеттері бар қандай өсімдіктерді атады?
4.Аталған өсімдіктердің емдік қасиетінен басқа тағы қандай пайдасы болуы мүмкін?

2-інші Кейс. Ботаника кафедрасының 1 курс студенттері далалық практикағы құмды аймаққа барды.Экскурсияның алғашқы күні студенттердің бірі жақын жерде өрістеп жүрген түйелердің жапырағы сұрғылт ақ түсті,тікенекті бұтаны жеп жатқанын байқады.Студент оқытушыдан бұл қандай өсімдік екенін сұрады.

1.Оқытушы не деп жауап берді?
2.Құмды жерде өсетін өсімдіктің тағы қандай түрлері бар?
3.Құмды жерде өсетін өсімдіктер қандай қасиеттерге ие?

Зерттеу нәтижелері:

Кесте-1.Студенттерді *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv, *Ammodendron argenteum* (Pall.) O.Ktze.*Halimodendron halodendron* (Pall.)Voss. өсімдік түрлері бойынша білімдерін бағалау бойынша сауалнама нәтижелері.

Сұрақтар	Дұрыс жауаптар (%)	Жауап бере алмады (%)

1. *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv өсімдігі қандай аймақтарда өседі?	82,4%	17,6%
2. *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv, *Ammodendron argenteum* (Pall.) O.Ktze.*Halimodendron halodendron* (Pall.)Voss. өсімдіктері қандай тұқымдасқа жатады?	88,2%	11,8%
3. *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv, *Ammodendron argenteum* (Pall.) O.Ktze. *Halimodendron halodendron* (Pall.)Voss.өсімдіктерінің қандай биологиялық ерекшеліктері бар?	82,3%	17,7%
4. Аталған өсімдік түрлерінің қандай емдік қасиеттерін білесіңдер?	88,2%	17,6%

Кестеде көрсетілгендей білім алушалардың *Alhagi pseudalhagi* (M.B) Desv, *Ammodendron argenteum* (Pall.) O.Ktze.*Halimodendron halodendron* (Pall.)Voss. өсімдік түрлері бойынша білімдерінің жақсы деңгейде екенін байқауға болады.ақпарат алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал етеді. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты — жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету.Ары қарай студенттердің бұршақ тұқымдастары туралы білімдерін ары-қарай дамытып,өзіндік жұмыс атқарту мақсатында кейс әдісі қолданылды.

Қорытынды. Қорыта келгенде, жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерінің қайсысы болсын оқушылардың білім дағдыларын қалыптастыруда,коммуникативтік құзіреттіліктерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер білім сапасын арттыруда, оқушылардың білімінің берік болуына, сөйлеу мәдениетінің қалыптасып, дамуына игі әсер етті. Қолданылған әдістер оқушылардың тұлғалық қасиеттерін, оқу мотивтерін, пәнге деген ынталарын арттырып, коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға оң ықпал етті. Сондай-ақ, сан алуан ақпараттар легінен қажеттісін іріктеп, тиімді пайдалану студенттердің жан-жақты әрі терең қабылдауына әсер ететіндіктен, түрлі ақпараттар мен деректерді кіріктіріп ұсыну арқылы оқытудың белсенді әдісі білім алушылардың интерактивтілік ұстанымын қамтамасыз етті.Кез келген сабаққастуденттің қызығушылығын арттыру мақсатында ұстаз шеберлілігін пайдалануға болады. Оқытудың белсенді әдісі білім алушылардың нақты нәтижиеге жету үшін жасалған іс әрекеттер жиынтығы. Осы іс әрекеттер барысында жан-жақты ізденістер нәтижиесін нақты тұжырымдайтын өнімі.

Әдебиеттер тізімі

1. Газизова Г. М. Использование методов интерактивного обучения как фактор успешного овладения студентами профес - сиональными компетенциями //Труды МЭЛИ. – 2008. – №7. – С. 8.

2. Интерактивный метод обучения в медицинском вузе на примере ролевой игры /А. И. Артюхина, Е. Б. Марымова, Ю. А. Македонова, И. В. Фирсова //Успехи современного естествознания. – 2014. – №4. – С. 122-126.

3. Назарбаев Н. А. Қазақстан Республикасының Президенті 2006 жылы ЛН. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білімді экономикасы» тақырыбындағы дәрісі. – Астана, 2006. – 315 б.

4. Пашковская И. Н. Разработка и внедрение инновационных образовательных технологий в образовательный процесс при введении в действие новых ФГОС ВПО: Метод. рекоменд. для профессорско -преподавательского состава /И. Н. Пашковская, Н. И. Коро - лева. – СПб.: Изд-во СПбГУСЭ, 2011. – 103 с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ҮШІН SMALL TALK ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Сейтім Ақшолпан Ерланқызы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті магистранты
Нурекешова Гульназ Рахметбековна
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған м.а., ф. ғ. К

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459179

To Cite: Сейтім Ақшолпан Ерланқызы, & Нурекешова Гульназ Рахметбековна. (2024). АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ҮШІН SMALL TALK ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459179

Аннотация: Мақалада «smalltalk»-ке тән диалогтық қарым-қатынас формаларын оқу процесіне практикалық енгізу қарастырылады. Коммуникативті тренингтерді (жаттығулар) қолдану қарым-қатынастың әртүрлі сценарийлерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, олардың сабақтарда жаттығуы студенттердің тілдік дайындық деңгейін, олардың әлеуметтік бейімделуін және коммуникативті икемділігін арттырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ағылшын тілін оқытуда «smalltalk» технологиясын қолдана отырып, табиғи диалогқа еліктеу студенттердің негізгі коммуникативтік дағдылары мен лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.
Тірек сөздер: small talk, тренинг, коммуникативтік дағдылар, фатикалық байланыс.

Аннотация: В статье рассматривается практическое внедрение small talk диалогических форм коммуникации в учебный процесс. Приложение коммуникативных тренингов позволяет реализовать множество вариантов ситуационных моделей, отработка которых на занятиях является предпосылкой для повышения уровня языковой подготовки учащихся, их социальной ориентации и коммуникативной гибкости. Имитирование естественной диалогической ситуации по технологии small talk в обучении английскому языку, способствует формированию основных коммуникативных навыков и лингвистической компетенции учащихся.
Ключевые слова: *small talk, тренинг, коммуникативные навыки, английский язык*

Annotation: This article explores the practical implementation of dialogical communication forms characteristic of «small talk» in the educational process. The application of communicative training provides opportunities to realize various communication scenarios, the practice of which in classes is a crucial component for enhancing students' language proficiency, social adaptation, and communicative flexibility. Conducting imitations of natural dialogues, using the «small talk» approach in English language education, contributes to the development of key communicative skills and linguistic competence in students.
Key words: small talk, training, communicative skills, phatic communication.

Шетел тілін оқыту – бұл мұғалім оқу-танымдық процесті оңтайландыру үшін әртүрлі әдістерді қолданатын күрделі көп қырлы педагогикалық қызмет. Теориялық зерттеулер лингвистикалық және коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға, оқушылардың жаңа

ақпаратты игеру дағдыларын, сыни ойлауды, зерттеу дағдыларын, жалпылау, қорытынды жасау және талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әртүрлі әдістер мен тәсілдерді сипаттайды және оқу процесінде өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуда соңғы орында емес. Белгілі болғандай, шет тілін оқытудың заманауи әдістері коммуникативті-белсенділік және когнитивтік тәсілдерге бағытталған. Кез келген тілді меңгерудің негізгі мақсаты – сол тілде еркін сөйлесе білу. Шетел тілінде коммуникативті дағдыларды қалыптастыру көбінесе табиғи қарым-қатынас жағдайына еліктеу үшін арналған коммуникативті жаттығулар арқылы жүзеге асырылады.

Ағылшын тілін оқытудың қазіргі заманғы әдістері бірқатар интерактивті технологияларды қолданады. Интерактивті педагогикалық әдістер қатысушылар арасындағы қарым-қатынастың жоғары қарқындылығымен, олардың өзара әрекеттесуімен, іс-әрекетімен алмасуымен және т.б. сипатталады. Бұл тәсілмен мұғалім дайын білімді бермейді; ол студенттерді өз бетінше ізденуге баулиды. Мұғалім Smalltalk форматында диалогтық сөйлеуді оқыту кезінде осындай пассивті позицияны ұстанады, мұнда оның рөлі нақты ситуациялық тапсырманы қоюға дейін төмендейді.

Қарым-қатынас дағдыларының қалыптасу кезеңі әдістемелік зерттеулерде оқытудың репродуктивті және өнімді кезеңі ретінде қарастырылады. Бұл кезең сөйлеу жаттығуларын қолдануды көздейді - студенттің шетел тілінде қарым-қатынас жасаудағы білімін көрсетуге және курс барысында қалыптасқан барлық дағдылар мен дағдыларды қолдануға бағытталған жағдайлар. Бұл кезең шеңберінде оқытудың нәтижелерін көруге болады: оқушылардың бар дағдылар мен дағдылар негізінде меңгерілген коммуникативтік стратегияларын өз бетінше таңдауы [1, 32б].

Заманауи әдістерде тіл тікелей қарым-қатынас процесінде тиімдірек игеріледі деп саналады. Мұндай ассимиляция сөйлеу тілінің табиғи немесе табиғи ортасына енген студенттің өзінің белсенді қатысуын болжайды. Осыған байланысты педагогикалық зерттеулер жағдаяттық әдістерді қолдануды ерекше атап көрсетеді: «оқу процесі нақты өмірде мүмкін болатын немесе мұғалім ұйымдастыратын табиғи немесе тәрбиелік сипаттағы бірқатар жағдаяттар негізінде құрылады. Сонымен бірге оқыту тілді меңгерудің табиғи жағдайларына жақындайды, сабақ барысында нақты қарым-қатынас жағдайлары үлгіленеді. Жағдаяттық тапсырмалар оқытудың әртүрлі кезеңдерінде сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін қалыптастырудың жақсы мүмкіндіктеріне ие. Коммуникативтік бағдар принципін жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, мұндай тапсырмалар оқушылардың коммуникативті даму мәселесін шешуде үлкен рөл атқара алады, өйткені олар сөйлеу-ойлау белсенділігін ынталандырады, сөздік өзара әрекеттестік пен қарым-қатынас дағдыларын автоматтандыруға көмектеседі. Сонымен қатар, күтпеген және үлгіленбеген жағдайларда қарым-қатынасты қамтамасыз ететін жалпы сөйлеу дағдыларын дамыту үшін табиғи қарым-қатынас жағдайлары қолданылады [2, 844б].

Аудиториялық жұмыстың нәтижелері студенттермен қарым-қатынас тапсырмаларын бастапқы кезеңде орындау стихиялық қарым-қатынасты ынталандыратынын көрсетеді, осылайша оқу жағдайы табиғи жағдайға айналады, ал қарым-қатынастың табиғи жағдайлары мәдениетаралық қарым-қатынастың ерекшелігін игеру қажет болатын белсенді бірлескен әрекетті болжайды. Коммуникативті жаттығулар-бұл шетелдік мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасау үшін қажетті негізгі білімді игерудің ең қол жетімді әдісі.

Шет тіліндегі қарым-қатынастың қазіргі парадигмасындағы ерекше маңызды шарт, әрине, мәдениетаралық қарым-қатынастың ерекшелігін білу болып табылады. Алайда, студенттердің болашақ кәсіби және әлеуметтік қызметі басқа да нақты коммуникативті құзыреттерді қалыптастыруды талап етеді, олардың арасында әңгімені қалай бастау керек, бейтаныс адаммен, іскери серіктестермен немесе әріптестермен танысу, қарым-қатынас жасау және т.б. туралы білім маңызды орын алады. Сондықтан бейімделген диалогтық

формалардағы оқу ойыны негізгі мақсатқа жетудің маңызды шарты болып саналады: нақты ортада стихиялық қарым-қатынастың тұрақты тілдік дағдыларын қалыптастыру. Smalltalk-тың фатикалық (қарым-қатынас) жанры осы тілдік дағдыларды дамыту үшін өте ыңғайлы формат болып шықты.

Small talk – ақпараттылықтың төмен деңгейімен және әлсіз атаулылығымен сипатталатын байланыс диалогының түрі; оның көмегімен адамдар сөйлеу байланысына түсуге, қарым-қатынас орнатуға, кез-келген типтегі коммуникативті жағдайда тұлғааралық қашықтықты сақтауға деген ұмтылысын білдіреді [3, 34б].

Лингвистикалық әдебиетте ғалымдар small talk жанрын басқа қырынан қарастырады. И.А.Стернин өз еңбектерінде зайырлы және фатикалық коммуникацияның нақты айырмашылығын белгілей отырып, зайырлы коммуникация (жалпы тақырыптардағы әңгіме) терминін қолданады. Танымал ағылшын жанрынан айырмашылығы, кішігірім әңгіме ерекше мақсатқа ие, бұл салттық (әдеттік) әңгіме. Сөйлеу этикетінің талаптарына сәйкес адамдар мұндай әңгімелерді ресми жағдайларда және коммуниканттар ресми рөлдерде әрекет ететін ресми жағдайларда: жолсеріктер, ресми қонақтар, кез-келген қабылдауға, жиналысқа, іс-шараға ресми қатысушылар немесе бір-біріне жаңадан ұсынылған және әлі де аз таныс адамдар. Әлеуметтік қарым-қатынастың әртүрлі мақсаттары бар: 1) уақытты әңгімемен толтыру; 2) қарым-қатынастың бір топқа жататындығын көрсету; 3) жағдайдың осы түрі үшін қоғамда қабылданған салтты (әдетті) сақтау. Қарым-қатынастың бұл түрімен белгілі бір әлеуметтік қабат үшін қабылданған белгілі бір әңгіме тақырыптары, көптеген тыйымдар мен шектеулер бар, бірақ қарым-қатынас кілтінің жалпы параметрлері екі жағынан да мейірімді және оптимистік болуы керек [4, 227б]. И.А. Стернин зайырлы қарым-қатынасты фатикалық қарым-қатынас этикетінің бір түрі деп есептейді, өйткені ол мәдениетті қоғамда қабылданған талаптар мен нормаларға бағынады. Зайырлы қарым-қатынастан айырмашылығы, автор фатикалық қарым-қатынас этикетсіз, бейресми және ешқандай этикеттік шектеулермен байланысты болмауы мүмкін деген пікір айтады.

Көптеген мәдениеттерде small talk термині әдетте бейресми, дерексіз тақырыптар бойынша шағын әңгімемен байланысты. Мұндай қарым-қатынастың бастамашысы сыпайы және әдепті адам сияқты әсер қалдыра отырып, әңгімелесушінің бойында жағымды эмоционалды көңіл-күй орнатуды басты мақсат етеді. Бұл сөйлеу жанры фатикалық коммуникацияға жататындықтан және сәйкесінше фатикалық қызметті жүзеге асыратындықтан, бұл түрдегі әңгімелер достық қарым-қатынасты реттеуге, достықты нығайтуға ықпал етеді және болашақта қарым-қатынасты жалғастыру үшін қолданылады. Small talk әмбебап сипаты оның әртүрлі жағдайларда қолдану жиілігімен расталады: таныс немесе бейтаныс адамдар қоғамдық орындарда кездейсоқ кездесу кезінде. Демек, бұл жанр ресми және жартылай ресми, сондай-ақ бейресми жағдайларда белсенді түрде қолданылады, мұнда ауызша контактіні бастау ыңғайсыз үнсіздікке қарағанда сыпайы реңк болып саналады.

Small talk технологиясын оқытуда қолдану, сөзсіз, шетел тілінде қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырумен байланысты. Бұл тәсілдің практикалық қолданылуы қарым-қатынастың диалогтық формаларын жаңғыртуда өзінің табиғи жүзеге асуын табады. Барлық тілдердегі қарым-қатынастың диалогтік формасы әлеуметтік-рөлдік өзара әрекеттесудің ең кең таралған тәсілі болып табылады. Ағылшын тілін оқытуда Small talk үлгісі бойынша табиғи диалогтық жағдаятқа еліктеу, әсіресе бастапқы кезеңде студентте негізгі тілдік дағдыларды қалыптастырады, мысалы: 1) сөйлеу әрекетін (диалог) бастау/аяқтау қабілеті; 2) сөйлеуде берілген қарым-қатынас жағдаятының стилі мен регистріне сәйкес келетін фатикалық тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білу; 3) сұрақты дұрыс құрастыру/сұраққа жауап беру қабілеті: 4) өз ойын жеткізе білу, жеке көзқарасын ынталандыру. Қарым-қатынастың диалогтық формаларын құру оқушыны бірқатар жеке қасиеттерді дамытуға

итермелейді: дербестікті, шығармашылық ойлауды және қиялды дамытуға, сонымен қатар қарым-қатынас мотивациясын ынталандырады [5, 487б].

Бастапқы кезеңде ағылшын тілін оқитын студенттермен сыныптық жұмыста осы фатикалық жанрдың практикалық түрде жүзеге асырылуы көрсетілген идеяны жүзеге асыру үшін шешуі қажет бірқатар сұрақтарды туындатты. Соның бірі студенттердің осындай интерактивті мәселені шешуге қатысуға деген ынтасымен байланысты болды. Оқу процесінің белсенді қатысушылары ретінде студенттер өздерінің тәжірибелік сабақтарының қалай ұйымдастырылғаны туралы өз пікірлерін білдірулері қажет болды. Осы мақсатта шағын сауалнама жүргізілді. Сауалнама практикалық сабақтарды өткізу үдерісіне қатысты олардың жеке пікірін анықтауға, сондай-ақ small talk ұғымының мәнін және оның сөйлеу тәжірибесіндегі ерекше белгілерін қаншалықты түсінетінін тексеруге мүмкіндік берді.

Бұл эксперимент толықтығы мен дәлдігін талап етпейтінін түсіну маңызды, өйткені бұл эксперимент ағылшын тілін үйренетін 21 студенттен тұратын тілдік топта жүргізілді. Сұрақтардың бірінші тобы практикалық тапсырмалардың орындылығына қатысты болды. «Ағылшын тілінен тәжірибелік сабақтарда қандай тапсырмаларды орындағанды ұнатасыз?» деген сұраққа студенттердің көпшілігі жазбаша түрде мәтін құрастырғанды және қолда бар үлгі бойынша жаттығулар жасағанды ұнататынын айтты. Дегенмен, топтың жалпы ортақ пікірі алдын ала анықталған жағдайға негізделген диалог құру ағылшын тілінде еркін сөйлеу қабілетін дамытудың ең нәтижелі әдістерінің бірі болып табылады деген идеяның төңірегінде болды.

Екінші топ сұрақтарының міндеті студенттердің ана тіліндегі қарым-қатынас мәдениеті туралы жалпы білімдерін тексеру болды. Олардың көпшілігі әртүрлі жағдайларда, соның ішінде бейтаныс адамдармен сөйлеу байланысын оңай орната алатынын хабарлады, ал әлеуметтік мәртебе, жас, жыныс, сұхбаттасушының этникалық тегі, қарым-қатынас ортасы және т.б. сияқты факторлар онша маңызды емес. Мұндай жауаптар қарым-қатынастың жеделдігі мен жастарға тән әлеуметтік тәжірибенің жетіспеушілігінен туындауы мүмкін.

Әңгімелердің тақырыптық мазмұны туралы сұрақтарға байланысты жауаптар қызықты болды. Кейбір студенттер әңгімені ауа-райы, уақыт, көлік, бейтаныс қаладағы бағдар, әртүрлі сипаттағы оқиғалар сияқты тақырыптарды талқылау арқылы сәтті бастауға болатынын атап өтті; жанжалға әкелмейтін қоғамдық тақырыптар; қоғамның көп бөлігін қамтитын тақырыптар; тіпті жақсылық пен жамандықтың моральдық-этикалық категорияларына қатысты тақырыптар. Басқа реципиенттер әңгіме тақырыбы көбінесе қарым-қатынас жағдайына, әңгімелесушіге және қарым-қатынастың ортақ мүдделеріне байланысты екенін атап өтті.

Small talk диалогтарын құрастыру тренингтерін жүзеге асыру, әдетте, оқу кешенінің әр тақырыбы аяқталғаннан кейін жүзеге асырылды, студенттер лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдардың белгілі бір минимумын игерген деп болжанады. Тренингтер, әдетте, тәжірибелік сабақтардың соңында, студенттердің шаршағандықтан жаңа ақпаратты қабылдау деңгейі төмендеген кезде жүргізілді. Нақты қарым-қатынастың әртүрлі жағдайлары «Let's get acquainted!», «All is well!», «I have a wonderful family», «How are you doing?», «There's no place like home!», «It's never too late to learn!», «Don't think too far ahead!» және т.б. тақырыптарынан кейін ситуациялық-коммуникативтік оқу жаттығулардың негізі болды. Осылайша, аудиториялық жұмыста студенттерге көшеде, университетте, кітапханада, дүкенде, көлікте, ауруханада, қалалық әкімдікте, кештерде, іскерлік кездесулерде және т.б. таныс немесе бейтаныс сұхбаттасушымен шағын диалог құру міндеттері бірнеше рет қойылды.

Ойын тапсырмалары түрінде өткізілетін коммуникативтік тренингтер психологиялық жүктемені жеңілдетуге, ұжымды біріктіруге, әр студенттің шығармашылық қабілеттерін ашуға ықпал етті. Топта қолайлы психологиялық ахуал құрылды, осылайша эмоционалдық

тонусы жоғарылады. Жағымды эмоция тудыру оқу іс-әрекетіне әсер етті. Жұмыс барысында мұндай эмоционалды компонентті оқытуда қолдану ағылшын тілінің грамматикалық ерекшеліктерін игеруге және алған білімдерін белсендіруге ықпал ететіндігі байқалды.

Сынып та small talk диалогтарды ойын түрінде жүйелі түрде жүргізу студенттердің ағылшын тілін оқу барысында меңгерілген негізгі тілдік құзыреттіліктерін дамыту процесінде мұғалімнің іс-әрекетіне қолдау көрсетуде өте нәтижелі болды; қарым-қатынасты қалыптастыру дағдылар; лексикалық және грамматикалық құзыреттілік деңгейін арттыру; шетел тіліндегі қарым-қатынас ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.

Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Small talk әңгімесінің ішкі функцияларының бірі – байланысты реттеу. Осылайша, студенттер қарым-қатынасты бастау, қолдау және сәйкесінше оны аяқтау дағдыларын қалыптастырды. Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру процесінің маңызды элементі – корпоративті рухта одан әрі қарым-қатынасты жалғастыруға мүмкіндік беретін жағымды әсер қалдыруға ықпал ететін сыпайы сөйлеу мәнерін игеру. Бұл сөйлеу этикетінің формулалары, атап айтқанда, сыпайылық категориясымен байланысты сөздер мен сөз тіркестері туралы білімді нығайтуға мүмкіндік береді. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру процесі коммуниканттардың әлеуметтік-рөлдік статусы туралы білімдерді де қамтиды, сондықтан мұғалім бұл фактіні ескеруі керек. Тренинг – сөйлеу жағдаятында диалогқа қатысушылар әңгімелесушінің биотикалық ерекшеліктерін: жынысын, жасын, әлеуметтік мәртебесін (жоғарғы/төменгі), білімін және т.б. сақтай отырып, өз мәлімдемелерін қалай дұрыс құрылымдау керектігі туралы «еске түсірілді». Оқыту және сөйлеу жағдаяттарын сахналау (соның ішінде small talk диалогы) негізгі диалогтік дағдыларды қалыптастыруға елеулі ықпал етті.

Лексикалық және грамматикалық құзыреттілік деңгейін арттыру. Small talk оқу-сөйлеу жағдайының контексті фатикалық қарым-қатынаспен байланысты, ол көптеген сөйлеу клишелерімен (сәлемдесу/қоштасу сөз тіркестері), этикеттік белгілермен, фатикалық эмоциялармен (мысалы, алғыс, мақтау, мадақтау, тілек), өтініш формаларымен және т. б. сипатталады. Осы элементтердің барлығын сөйлеу тәжірибесінде қолдану мұғалімге бір жағынан өз оқушыларының тілдік дағдыларын тексеруге, ал екінші жағынан білімдерін толықтыруға, сонымен қатар лексикалық және грамматикалық түзетуге мүмкіндік береді. қателерді дер кезінде. Ал мұндай тренингтердің негізінде жатқан ситуациялық фактор стихиялық, жоспардан тыс қарым-қатынаста шағын сөйлесу формулаларын қолдануды автоматтандыру мен білімді бекітуге ықпал етті.

Шетел тіліндегі қарым-қатынастың ерекшелігі туралы білімді қалыптастыру. Small talk жүргізуді үйрену сөйлеуші, әсіресе басқа лингвомәдени қоғамдастық өкілдерімен қарым-қатынаста ескеруі керек коммуникативтік білім мен дағдылардың минимумын жеткілікті дәрежеде дамытады. Жоғарыда айтылғандай, осы типтегі әңгімелер қарым-қатынас тақырыбын реттеумен сипатталады (рұқсат етілген тақырыптар мен тыйым салынған тақырыптардың репертуарына қатысты регламент белгілеу), қарым-қатынас тақырыбын таңдау мәдениетаралық қарым-қатынастың негізгі нүктесі болып табылады. Әрбір мәдени қоғамда small talk тақырыптық мазмұнының өзіндік стереотиптері бар, оларды студенттер сабақтарда түрлі диалогтық тренингтер өткізу кезінде ағылшын тілін үйрену кезінде игереді. Сондықтан small talk тренингтерін өткізу процесінде оқытушының міндеті студенттерді ағылшын қоғамындағы танымал және тыйым салынған тақырыптар туралы қарым-қатынастың тақырыптық ерекшеліктері туралы хабардар ету болды.

Ағылшын тілі сабақтарында ситуациялық-коммуникативтік жаттығуларды жүйелі түрде өткізу тіл білімін де, қарым-қатынас жасау қабілетін де табиғи түрде толықтырды. Оқытудың бірінші кезеңінің соңында студенттер коммуникативті дағдыларды (А) және тілдік білімді (Б) игеру тұрғысынан топтастыруға болатын келесі нәтижелерді байқады:

А) Коммуникативті дағдылар: тілдік тосқауылдың болмауы; тілдік қателіктерден стресстің төмендеуі; ағылшын тілінде сөйлесуге деген ұмтылыстың артуы; диалог жүргізу қабілеті; командада жұмыс істеу қабілеті; шетел тілінде сөйлеу этикетін білімді байыту ретінде және ана тілінде үйрену.

Б) Тілдік білім: белгілі бір тақырып бойынша конструкцияларды пайдалануды автоматтандыру; зерттелген шетел тілін құлақпен қабылдау қабілетін дамыту; іздеу әрекетін белсендіру (жаңа сөздер мен сөз тіркестерін, оның ішінде ауызекі сөйлеу конструкцияларын, жаргон және жаргон тіркестерін іздеу); әртүрлі ақпараттық ресурстармен: сөздікпен, электрондық ресурстармен және т.б. жұмыс істеу қабілетін дамыту. Студенттермен ағылшын тілін оқытуға арналған small talk жанрының практикалық қосымшасы мұғалімге бір жағынан сөйлеу этикеті туралы білімді бекітуге, екінші жағынан студенттердің жалпы лексикалық және синтаксистік құзыреттілігінің деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, мұғалімнің міндеті студенттерді шетел тілінде сөйлеуге үйрету ғана емес, сонымен қатар оны этикет, тіл нормасы, іскерлік хаттама және т.б. тұрғысынан дұрыс орындау болды. Мұндай әңгімелерді оқу процесіне практикалық енгізу ситуациялық модельдердің көптеген нұсқаларын жүзеге асыруға мүмкіндік берді және студенттердің тілдік дайындық деңгейін, әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілігін және коммуникативтік икемділігін арттырудың алғы шарты болды.

Қорыта келе, small talk форматында ситуациялық-коммуникативтік жаттығулар өткізу ағылшын тілін оқытуда, әсіресе бастапқы кезеңде өте тиімді және перспективалы болып табылады. Ойын моделі студенттер арасында қауымдастық құруға, тілдік кедергіні жеңуге, лексикалық және грамматикалық материалды бекітуге, сондай-ақ коммуникативті мәдениетті арттыруға табиғи түрде ықпал етеді. Small talk диалогын құру студенттердің тіл үйренуге деген ынтасын арттыратыны сөзсіз. Small talk оқушылардың прагматикалық құзыреттілігін арттыруда тиімді, өйткені бұл оларға сыныптан тыс қарым-қатынас кезінде қажет болатын сөйлеу әрекеттерінің түрлерін салыстырмалы түрде төмен стресстік ортада қолдануға мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ студенттерді әртүрлі сөйлеу әрекеттерін және әдетте мұғалімге ғана қол жетімді дискурсты басқару стратегияларын қолдана алатын көшбасшылар позициясына орналастырады. Small talk студенттер арасында өте танымал, сонымен қатар, кем дегенде, мұғалімдердің байқағанынша, тіл меңгеру деңгейін жалпы орта деңгейден жоғары деңгейге дейін, әсіресе ауызша қатысуға кедергі келтіретін мәдени ортадан шыққан студенттер арасында өте тиімді.

Әдебиеттер

1. Гусакова, Н.Л. Развитие коммуникативной компетентности подростков в процессе изучения английского языка: автореф. дис. канд. псих. наук / Н.Л. Гусакова. – Курск, 2008. – 32 с.
2. Ольхова В. В., Тихонова Е. В. Подходы и методы преподавания английского языка: устный подход, ситуативное обучение языку и аудиоречевой метод // Молодой ученый, 2015, № 22, С. 844-847
3. Косова К. И. Small talk как универсальный фатический жанр в глобальном коммуникативном пространстве // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. Сер. Филологические науки. 2014, № 2 (87). С. 34-38.
4. Стернин И. А. Введение в речевое общение, Воронеж, 2001, 227 с.
5. Гольдберг Г. А. Small talk в обучении студентов иностранному языку // Иностранная филология. Социальная и национальная вариативность языка и литературы, Симферополь, 03- 28 апреля 2017 г. С. 489-492.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

БЕЙНЕЛЕУ ӘРЕКЕТІ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПАЛДЫ ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ

Қонысбаева Аружан Маратқызы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет, магистрант
Алматы қ., Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459203

To Cite: Қонысбаева Аружан Маратқызы. (2024). БЕЙНЕЛЕУ ӘРЕКЕТІ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПАЛДЫ ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459203

Аннотация: Мақалада мектепалды топ балаларының әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын бейнелеу әрекеті негізінде дамыту жолдары қарастырылады. Бейнелеу әрекетінің түрлері және олардың баланың әлеуметтік – эмоционалдық жай күйіне тигізетін әсері туралы баяндалады.
Кілт сөздер: мектепалды топ, бейнелеу, дағды, әлеуметтік-эмоционалдық

Annotation: The article discusses ways to develop social-emotional skills of preschoolers based on visual arts. The types of visual activities and their impact on the socio-emotional state of the child are described.
Key words: preschool group, representation, skill, social-emotional activity.

Бейнелеу өнері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.Бейнелеу дағдыларын игерудің педагогикалық құндылығы балаларда эстетикалық сезімдерді қалыптастыруда, көркем бейнелерді жақсы түсіну қабілетінде жатыр.

Қазіргі уақытта педагогикалық процесте мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру үшін балаларды сурет салуға үйретудің әртүрлі әдістері мен әдістері бар : ойындар, әңгімелер, көркем әдебиет оқу, өнер туындылары, бейнелеу тәсілдерін көрсету, қоршаған әлемнің құбылыстары мен заттарын бақылау, түсіндіру және басқалар. Балаларда бейнелеу дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі - балалар кітаптарын иллюстрациялау.

Ертегілерге иллюстрациялар жасау процесі жұмыстың бірнеше кезеңдерін қамтиды. Біріншіден, бала жеке кейіпкерлердің портреттерін және өзіне тән атрибуттары бар кейіпкерлерді салады. Әрі қарай, балалардың суреттерінде интерьерде немесе пейзажда портреттер пайда болады. Соңғы кезеңде, балаларда көптеген суреттер жиналған кезде, ертегі кейіпкерлерінің, олардың қарым-қатынасы және оны қағазға қалай түсіруге болатындығы туралы ойлана бастайды.

Даярлық тобына дейін мектеп жасына дейінгі балалар негізгі бейнелеу дағдыларын игереді, оқу шартымен, бұл оларға сүйікті шығармаларының сюжеттерін жеткізе отырып, ертегілердің бейнелерін жасауға мүмкіндік береді[1]. Ертегілер тақырыбындағы суреттерде мұғалім балалардың назарын әртүрлі сюжеттерді бейнелеуге және ертегі бейнелерін жеткізуге бағыттайды. Сабақ тақырыптары белгілі бір ертегімен байланысты болуы мүмкін немесе тәрбиеші таңдау үшін үлкен орын береді .

Бейнелеу әрекеті - бала үшін ең үлкен жағымды эмоциялар сыйлайтын әрекеттердің бірі. Бұл әрекет балаларға үлкен қуаныш әкеледі. Сурет салу арқылы бала айналасында көргендерін ғана емес, сонымен қатар өз қиялын дамытады. Оң эмоциялар балалардың психикалық денсаулығы мен әл-ауқатының негізін құрайтынын ұмытпау керек. Бейнелеу әрекеті жақсы көңіл-күйдің кепілі болғандықтан, баланың шығармашылыққа деген қызығушылығын қолдап, дамытқан жөн. Бейнелеу қызметінде қарқынды танымдық даму процесі іске асады. Қарапайым заттар мен құбылыстарды бейнелей отырып, бала оларды таниды, алғашқы түсініктері қалыптасады. Бірте-бірте бала көрген және оны таң қалдырған құбылысты бояулар, сызықтар, сөздер тілімен бейнелейді.

Дәстүрлі сурет салу өткеннің еншісінде қалды. Қазіргі уақытта дәстүрлі емес тәсілдермен сурет салуды үйретудің маңызы зор болып отыр. Дәстүрлі емес сурет салу баланың шығармашылық әлеуетін ашуға, көркемдік қызметке қызығушылығын ұдайы арттыруға, психикалық процестерді дамытуға мүмкіндік береді. Ол балаларға өздерін еркін, батыл сезінуге мүмкіндік береді, қиялын дамытады, өзін көрсету үшін толық еркіндік береді [2].

Саусақпен сурет салу - бала саусағын бояуға батырып және қағазға нүктелер қояды. Әрбір саусаққа түрлі түсті бояу жағуға болады. Алақанмен сурет салу - бала бояуға алақанын батырады және қағазға басады. Оң және сол қолдар алақанын бірден қолдануға болады. Қатты жартылай құрғақ қылқаламмен сурет салу - бала бояуға щеткасын түсіреді және оны тігінен ұстап қағазға тігінен қою арқылы бояйды. Жұмыс кезінде щетка суға батырылмайды.Түкті немесе тікенді жазықты елестету құралы болып табылады[3].

Баланың өмірінің алғашқы күндерінен бастап қоршаған әлемнен, ата-анасынан белгілі бір эмоциялардың куәсі болады. Күлкі, ата-анасының көзіндегі қуаныш баланың салауатты дамуын одан әрі айқындайтын фактор болып табылады. Жағымды эмоциялар есте сақтауды, сөйлеуін және қозғалысты дамытуға көмектеседі.

Эмоциялар - адамның барлық ойлары мен әрекеттеріне әсер ететін тұрақты серіктесі. Эмоция адам үшін маңызды әлеуметтік белгілер адамгершілік, мейірбандық қасиеттерін тәрбиелеу үшін бірінші кезектегі маңызы бар. Мектепке дейінгі жаста эмоциялар баланың дамуында маңызды рөл атқарады. Эмоция қоршаған ортаны түсінуге және оған жауап беруге көмектеседі. Мінез-құлқында көрініс тапқан эмоция көрінісі ересектерге балаға не ұнайтынын, не қуантатынын немесе керісінше неліктен қайғырып отырғанын хабарлайды. Бала өсіп-өркендеген сайын оның эмоциялық әлемі әр алуан және бай бола түседі. Эмоциясы дамыған бала эгоцентризмді жеңе алады, оқу-танымдық жағдайларды жақсы түсінеді, қызметінде өзін-өзі ойдағыдай жүзеге асырады [4].

Балабақшаның маңызды функционалдық міндеттерінің бірі - балаларды басқалармен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуге үйрету. Эмоциялық дағдыларды дамыту үшін балалар ата-аналарының қолдауына мұқтаж.

Сурет салуды жеке және топтық жұмыста қолдануға болады. Жобалық суреттің негізгі міндеті - балада қиын мәселелерді анықтаудан және білуден тұрады. Әсіресе балалардың қорқынышын түзетуде тиімді әдіс болып табылады.

Жапырақтар және ПВА желімін пайдаланып кескіндерді жасауға болады. Дизайн түтіктен сығылған желім арқылы қағаз парағына қолданылады. Содан кейін құрғақ жапырақтар алақандар арасында ұсақ бөлшектерге ұсақталады және желім жағылған параққа себіледі. Артық, жабыспаған бөлшектерді алып тастауға болады. Сондай-ақ, шағын көлемді материалдар мен өнімдерді пайдалана отырып кескіндерді жасауға болады: ұсақ жармалар (жарма, сұлы және күріш, қарақұмық, тары), түйіршіктелген қант, кеспе және т.б. Атап айтқанда, психолог кабинетінде құмсалғыш болса, құмды белсенді пайдалану жағдайларын ұйымдастыру ұтымды шешім.

Балаға әйнек ұсынбас бұрын, оның жиегін шеберханада (қауіпсіздік техникасы) өңдеу керек. Қағазға сурет салудан айырмашылығы, әйнек жаңа визуалды әсерлер мен тактильді сезімдер береді. Балаларды сурет салу процесінің өзіне бірден қызықтырып алып кетеді: гуашь әйнекке жақсы жағылады, оны щеткамен де, саусақтармен де жағуға болады, өйткені ол беткі материалға сіңбейді және ұзақ уақыт кеуіп кетпейді. Балалар үлкен өлшемдегі әйнектерге сурет салғанды ұнатады, мысалы, 25х40см немесе 40х70см. Сурет салу кезінде әйнекті дымқыл губкамен жууға болады, жаңа суретті салып , қайтадан жууға болады.

Былғау техникасы. Біздің жағдайда, арт-сессия жағдайында біз мектеп жасына дейінгі балалардың стихиялық суреттері туралы айтып отырмыз абстрактілі түрде, бейнелеу алдындағы кезеңнің суреттеріне ұқсас. "Былғау" анықтамасы суреттердің құрылымдалмауына байланысты таңдалады, сюжеттің болмауы, алаңдататын пішіндер мен түс дақтарының үйлесімі. Инкарнациядағы ең бай және эмоционалды жарқын-гуашь немесе акварель суреттері. Бояулар әр түрлі эмоцияларды ашық көрсетуге көбірек көмектеседі. Балалар білім алған жылдар бойы үйреніп қалған жүйеде сурет салмайды. «Дұрыс-бұрыс», «жақсы-жаман» деген бағалау жоқ, стандарттар жоқ. Бағалау критерийлерінің болмауы бағалаудың өзін жоққа шығарады. Сыртқы немесе ішкі бағалаусыз жұмыс жасай алмайтын балалар бар, сондықтан өздеріне және басқаларға өз критерийлерін қояды.

Ұсынылған әдістемені қолдана отырып, балаға бейнелеу әрекеті қиын болмауы керек. Жұмыс барысындағы кез келген күш-жігер бала үшін қызықты, ерекше және жағымды болуы керек. Қиындыққа тап болған кезде балалар өздеріне таныс түрде әрекет ете білгені абзал. Арт-терапия қоршаған ортаға әсерін тигізетін қауіпсіз өзін-өзі көрсету және белсенділіктің жаңа тәсілдерін көрсетуге көмектеседі.

Бүрку- бала бояуды қылқаламға малып,үстел үстіндегі параққа бүркиді, сонда бояу қайталанбас пішінмен шашырайды.

Балабақшалардың барлық қызметкерлеріне белгілі «кляксография» - бұл да монотипті бейнелеудің бір нұсқасы. Бүктелген парақтың бір жағында бояу дақтары қолданылады (кездейсоқ немесе белгілі бір сурет түрінде). Бояуды тікелей бүктеу сызығының жанында немесе парақтың жартысының басқа бөлігінде қолдануға болады - бұл түпнұсқа мен көшірменің басып шығаруы бір бүтінге біріктірілетінін немесе олардың арасында екі түрлі кескіннің арасындағы қашықтықтың болатынын анықтайды. Содан кейін парақ қайтадан бүктеліп, алақанмен тығыз үтіктеледі. Бояу парақтың екінші жартысында симметриялы түрде басылған болып шыға келеді[5].

Әлеуметтік-эмоционалды дамуды мектеп жасына дейінгі балалық шақтағы ғаламдық проблемаға жатқызуға болады, егер тұлғаның дамуындағы әлеуметтік жағдайлардың шешуші рөлін есте ұстасақ. Олар белгілі бір жағдайда баланың ішкі эмоционалдық әл-ауқатының атмосферасын қалыптастырады.

Әлеуметтену – адамның әлеуметтік тәжірибені, оның қоғамда өмір сүруі үшін қажетті әлеуметтік байланыстар мен қатынастар жүйесін ассимиляциялау және белсенді жаңғырту процесі. Әлеуметтену адамның өзінің адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін меңгеруге, белгілі бір әлеуметтік рөлдер мен функцияларды қалыптастыруға белсенді қатысуын болжайды. Әлеуметтік-эмоционалдық даму - бұл баланың өзі өмір сүретін қоғамның немесе қауымдастықтың құндылықтарын, дәстүрлерін, мәдениетін меңгеру процесі.

Мектепке дейінгі білім беру мамандарының міндеті – баланың өзіне қолайлы психологиялық жағдайда тәжірибе, дағды, білім алуын қажетті көлемде қамтамасыз ету. Мектеп жасына дейінгі балаға қарым-қатынастағы кедергілерді жеңуге, өзін және басқаларды жақсы түсінуге, өзін-өзі көрсетуге мүмкіндіктер туғызуға көмектесу, бұл өз кезегінде балаға қазіргі қоғамдағы қиын өмір жағдайларына бейімделуге көмектеседі. Арт-

терапия – көркем шығармашылық арқылы емдеу және дамыту әдісі. Ғылыми-педагогикалық интерпретацияда «арт-терапия» көркем қызмет құралдары арқылы адамның, топтың немесе ұжымның эмоционалдық әл-ауқаты мен психологиялық денсаулығына қамқорлық жасау деп түсініледі.

Мектепке даярлық топта баланың даму процесінде оның эмоционалдық сферасында өзгерістер орын алады, оның дүниеге көзқарасы және басқалармен қарым-қатынасы өзгереді. Баланың эмоцияларын сезіну және басқару қабілеті артады, бірақ эмоционалдық саланың өзі дамымайды. Оны дамыту, балаларды эмоциялар мен жоғары сезімдерді тәрбиелеуде мәнерлі қозғалыстар техникасының элементтерімен таныстыру және өзін-өзі босаңсу дағдыларын меңгеруге ықпал ету қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, 4 жастан бастап балаларды эмоциялармен таныстыруға болады: балалар қажетті ұғымдарды меңгереді, олардың сөздік қоры эмоцияны білдіретін сөздермен толықтырылады, дегенмен «эмоция» сөзінің өзі енгізілмесе де, ол келесі сөздермен ауыстырылады. осы жастағы бала үшін неғұрлым қолжетімді ұғым « өңіл-күй». Және, әрине, олар тәжірибелік тапсырмаларды орындап, үлкен қуанышпен ойнайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рисование. Методическое руководство для педагогов предшкольных групп и классов по Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения/С.С. Попова, В.И. Прахнау. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017. – 144 с.
2. Балабақшада сурет салудың дәстүрлі емес техникасы және олардың мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуындағы рөлі/Е.В. Цыкунова. - Мәтін: тікелей//Мектепке дейінгі педагогика мәселелері. — 2018. — № 3 (13). - 49-53 С.
3. Нетрадиционные техники рисования в детском саду. Давыдова Г.Н. Часть 2. - М.: «Издательство Скрипторий 2003.), 2007. 72 с. ISBN 978-5-98527-082-2
4. Ежкова Н. С. Эмоциональное развитие детей дошкольного возраста. Часть 1: учеб.-метод. пособие: в 2 ч. / Н. С. Ежкова. — М.: Гуманитар, 2010.
5. Социально-эмоциальное развитие детей старшего дошкольного возраста средствами арт-терапии. Е.И. Вирясова, Россия, С 21

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 372.857

ADDIE ЖӘНЕ SAM МОДЕЛЬДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ САНДЫҚ ГЕРБАРИЙДІ ҚОЛДАНУ

Нығметова Айгерім Скандарбекқызы
Нуридинова Сетора Низамуддин кизи
Ғылыми жетекші: PhD, аға-оқытушы **Аширова Жадыра Бердимуратовна**
«7М01504 – биология педагогтерін даярлау» мамандығының 2 курс магистранты
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459217

To Cite: Нығметова Айгерім Скандарбекқызы, Нуридинова Сетора Низамуддин кизи, & Аширова Жадыра Бердимуратовна. (2024). ADDIE ЖӘНЕ SAM МОДЕЛЬДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ САНДЫҚ ГЕРБАРИЙДІ ҚОЛДАНУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459217

Аннотация: Биология сабақтарына сандық гербарийдің интеграциясы ботаникалық білім беруді өзгертті, бұл білім алушыларды өсімдіктердің биоәртүрлілігін зерттеуге тартудың инновациялық жолдарын ұсынды. Бұл зерттеу биология сабақтарында Asteraceae тұқымдасының дәрілік түрлері бар сандық гербарийлерді ADDIE және SAM модельдері арқылы қолдануға бағытталған.

Кілт сөздер: сандық гербарий, asteraceae, addie моделі, sam моделі, дәрілік түрлер

Abstract: The integration of a digital herbarium into biology classes has transformed botanical education, providing innovative ways to engage learners in the study of plant biodiversity. This study focuses on the use of digital herbariums with medicinal species of the Asteraceae family in biology classes using ADDIE and SAM models.

Key words: digital herbarium, asteraceae, addie model, sam model, medicinal species

Кіріспе

Заманауи педагогиканың проблемалардың бірі – білім алушылардың биология сабақтарында өсімдік түрлерін, соның ішінде гүлді өсімдіктерді олардың дәрілік түрлерінен ажырату кезіндегі қиындықтары. Бұл өз кезегінде биология пәнін оқып, түсінуге деген қызығушылығының төмендігін көрсетеді. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін пайдаланылған негізгі оқу ресурстары суреттері жоқ оқушыларға арналған оқулықтар мен жұмыс парақтары, мысалдар әлі де ортақ, мәтіндік түсініктемелер басым және контекстік емес екендігі анықталды, өйткені олар қоршаған ортаның әлеуетін толық көрсетпейді. Оқу ғимараты айналасындағы қоршаған ортаны оқу ресурсы ретінде пайдалану жеткіліксіз, өйткені оның өсімдіктері аз, сонымен бірге оқытушы әзірлеген тәуелсіз оқу материалдары жоқтың қарасы.

Бұл мәселені шешуге ботаник-ғалымдардың жинақтаған өсімдіктердің визуалды коллекцияларын оқу үдерісінде қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Өсімдік түрлерін жинақтау – бұл биологтардың бұрын жасаған және қазіргі уақыттағы жұмыстарының негізгі бөлігі. Ал қазіргі сандық технологиялар уақытында өсімдіктердің коллекцияларын жинақтаудың жаңа құралдары пайда болды: өсімдіктер тұқымдастарының виртуалды гербарий үлгілері ғаламтор жүйесінде еркін қолжетімді.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737


Деректерге онлайн қол жеткізу олардың тек зерттеушілерге ғана емес, білім алушыларға да қолжетімді екенін білдіреді. Жинақталған материалдарды өз кезегінде биология сабақтарында қолдану – қазіргі заманғы инновациялардың бірі.

Дегенмен де, қарапайым дәстүрлі оқыту арқылы жақсы нәтижелерге жету қисынды болып келеді. Сондықтан да заманауи әлемде ADDIE және SAM модельдеріне көмекке жүгінуімізге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері


Бұл зерттеу талдау, жобалау, әзірлеу, енгізу және бағалауды қамтитын компоненттері бар ADDIE және SAM модельдерін қолдана отырып жасалған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық тәсілді (R&D) қолданады.

ADDIE - бұл даму процесінің бес кезеңінің аббревиатурасы: талдау (analysis), жобалау (design), әзірлеу (development), енгізу (implementation) және бағалау (evaluation). ADDIE моделі әр кезеңнің белгілі бір ретпен орындалатынына сүйенеді, бірақ шағылысу мен итерацияға баса назар аударады. Модель үздіксіз жақсарту үшін кері байланысты қамтамасыз ететін оңтайландырылған, бағытталған тәсілді ұсынады.



Сурет – 1. ADDIE моделінің бес кезеңі.

Ал SAM (Successive Approximation Model – дәйекті жуықтау моделі) педагогикалық дизайн моделі – ADDIE моделінің ең танымал баламаларының бірі. Модель қысқа қайталанатын қадамдарды ұсынады – итерациялар. Әрбір итерация өнімнің жаңа қасиеттерін қосу арқылы оның мүмкіндіктерін кеңейтеді. Модельдің артықшылығы – қазірдің өзінде қолдануға болатын дайын өнім әр жаңа нұсқада егжей-тегжейлі болады. Модельдің негізгі кезеңдері: талдау – жобалау – әзірлеу.




Сурет – 2. SAM моделінің негізгі кезеңдері.

Ерекшеліктері	**ADDIE**	**SAM**
Жылдамдығы	Баяу, әдістемелік тәсіл.	Теорияда жылдамырақ, бірақ қажет болған жағдайда баяу болуы мүмкін.
Қолданылу тәсілі	Сызықтық көзқарасты ұстанады.	Қайталануына байланысты бағыты – алға - артқа.
Өзара әрекеттесуі	Шектеулі өзара әрекеттесу.	Процесс барысында үздіксіз өзара әрекеттесу.
Икемділігі	Қатаң оқыту жүйесі.	Әр түрлі кезеңдерде пысықтау және қайта даярлау қажеттілігімен өте икемді.
Қажетті нақтылау	Көбінесе нақтылау қажет (бүкіл процесс басынан аяғына дейін).	Процесс барысында қайта өңдеу соңында жалпы қайта өңдеуді азайтады.
Экономикалық тиімділік	Көпшілік қалағандай үнемді емес.	Көптеген сарапшылардың пікірінше үнемді.

Кесте – 1. ADDIE және SAM модельдерінің ерекшеліктерінің салыстырмалы кестесі.

Зерттеу материалдары ретінде танымал Central Siberian Botanical Garden және Moscow State University Digital Herbarium сандық гербарий базалары қолданылды.


RAS CSBS гербарий коллекциялары (және NS NSC) Сібірдің, Қиыр Шығыстың, Ресейдің еуропалық бөлігінің, шетелдік Еуропаның және шетелдік Азияның, Солтүстік Американың және Австралияның әртүрлі аймақтарында жиналған жоғары тамырлы өсімдіктердің, мүктердің, қыналардың, саңырауқұлақтар мен балдырлардың кең бірегей коллекцияларын сақтайды. Үлгілерді цифрландыру 2014 жылы басталды. Биоресурстық топтарды зерттеу нәтижелері биоалуантүрлілік жөніндегі GBIF жаһандық ақпараттық қор порталында ашық қолжетімділікте жарияланады (gbif.org).



	Thumbnail	Specimen ID	Family	Scientific Name	Collector	Collection Date
46		NS0020643	Papaveraceae(Papaveraceae)	Corydalis stricta Steph. ex DC.	Верещагин В.И.	1907-06-00
47		NS0020647	Papaveraceae(Papaveraceae)	Corydalis stricta Steph. ex DC.	Данилов М.П., Фризен Н.В.	1982-06-24
48		NS0020646	Papaveraceae(Papaveraceae)	Corydalis stricta Steph. ex DC.	Данилов М.П., Доронькин В.М.	1982-07-01
49		NS0020645	Papaveraceae(Papaveraceae)	Corydalis stricta Steph. ex DC.	Тимохина С.А.	1964-06-27

Сурет – 3. RAS CSBS сандық гербарийі (http://herb.csbg.nsc.ru:8081).

Мәскеу университетінің "Нұх кемесі" жобасы биологиялық материалдың көп функциялы желілік қоймасын құруға арналған. Депозитарийді құру біздің планетамыздың биоалуантүрлілігін сақтауға және биологиялық материалды пайдалы пайдаланудың жаңа тәсілдерін жасауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда ММУ цифрлық гербарий – бұл Ресей флорасының құжаттамасына үлес қосатын бірнеше ресейлік университеттер мен академиялық гербариялардың консорциумы. Бұл деректер GBIF-те де қол жетімді.



Сурет –4. MW digital herbarium (https://plant.depo.msu.ru/?d=P).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Сандық гербарийлердің ADDIE және SAM модельдері арқылы оқу үдерісінде қолданудың тиімділігі білім алушылардың алдын-ала 30 сұрақтан тұратын тестілеу (pre-test) және қолданудан кейінгі тестілеу (post-test) арқылы жинақталған танымдық жетістіктері туралы мәліметтер негізінде алынады. Тестілеу екі топтан құралған 30 студентке жүргізілді: 1-топ (15-ADDIE) және 2-топ (15-SAM).

	pre-test	**post-test**
1-топ (15-ADDIE)	11,6	19,6
2-топ (15-SAM)	15,8	18,7

Кесте – 2. 1-ші және 2-ші бақылау топтарына жасалған тестілеудің орташа көрсеткіштері.

Алдын-ала тестілеуден кейінгі 1-ші және 2-ші бақылау топтарының көрсеткіштерінің айырмашылығы 4,2 баллды құрады, яғни екінші топ жақсы көрсеткіштер көрсетті. Дегенмен де, модельді қолданғаннан кейінгі тестілеу көрсеткіштеріне назар аударсақ, 1-ші топ студенттерінің post-test нәтижелері pre-test нәтижелерінен 8 баллға асып түсті және 2-ші топ студенттерімен салыстырғанда 0,9 баллға жоғары көрсеткішті көрсетті (Кесте – 2).




Диаграмма – 1. CSBS сандық гербарийінің 1-5 дейінгі шкала бойынша тиімділігі




Диаграмма – 2. Әртүрлі цифрлық гербарийлердің салыстырмалы тиімділігі.

Студенттердің сауалнамалық талдауының нәтижелері сандық гербарийді биология сабақтарында қолдану туралы оң жауап берді. Жауап сандық гербарийді көрсетуді және оны пайдаланып оқу процесін жүзеге асыруды қамтиды. Сауалнаманы талдау нәтижелеріне сүйене отырып, сандық гербарий оқу процесінде қолдануға өте қолайлы деп айтуға болады.




Диаграмма – 3. Студенттердің цифрлық гербарийді оқу үдерісі кезінде қолдануы танымдық жетістіктерінің жақсаруына себептілігі.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, CSBS және MV сандық гербарий өсімдіктер коллекциялары жарамды, оқу нәтижелерін жақсартуда тиімділігі дәлелденген және пайдаланушылардан, атап айтқанда студенттерден оң жауап алынды. Сонымен қатар ADDIE және SAM модельдерінің биологиялық және ботаникалық білім беруде және сандық гербарийлерді қолдану айтарлықтай тиімді көрсеткіштерді көрсетті деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Seregin A.P. 2017. Digital herbarium of Moscow State University: The largest Russian biodiversity database. Biology Bulletin 44(6): 584–590.
2. Seregin A.P. 2016. Making the Russian flora visible: Fast digitisation of the Moscow University Herbarium (MW) in 2015. Taxon 65(1): 205–207.
3. Spatioti, A.G.; Kazanidis, I.; Pange, J. A Comparative Study of the ADDIE Instructional Design Model in Distance Education. Information 2022, 13, 402. https://doi.org/10.3390/info13090402
4. Thiers B.M., Tulig M.C., Watson K.A. Digitization of the New York Botanical Garden Herbarium // Brittonia, 2016. V. 68, No. 3. P. 324–333. DOI: 10.1007/s12228-016-9423-7
5. Jung, Hyojung & Kim, Younglong & Lee, Hyejeong & Shin, Yoonhee. (2019). Advanced Instructional Design for Successive E-Learning: Based on the Successive Approximation Model (SAM). International Journal on E-Learning: Corporate, Government, Healthcare, and Higher Education. 18.
6. Takano A., Horiuchi Y., Fujimoto Y., Aoki K., Mitsuhashi H., Takahashi A. Simple but long-lasting: A specimen imaging method applicable for small- and medium-sized herbaria // PhytoKeys. 2019. V. 118. P. 1–14. https://doi. org/10.3897/phytokeys.118.29434
7. Kovtonyuk N., Han I., Gatilova E. Digital Herbarium Collections of the Central Siberian Botanical Garden SB RAS, Novosibirsk, Russia // I. Bychkov, V. Voronin (Eds.). Information Technologies in the Research of Biodiversity. Springer Proceedings in Earth and Environmental Sciences. Springer, Cham. 2019a. P. 22–27. DOI: https://doi.org/10.1007/978-3-030-11720-7_4
8. Kislov D.E., Bakalin V.A., Pimenova E.A., Verkholat V.P., Krestov P.V. An electronic management system for a digital herbarium: development and future prospects // Bot. Pacifi ca. 2017. No. 2. P. 59–68. DOI: 10.17581/bp.2017.06207
9. Irina Belyaeva and Nataliya Kovtonyuk The role of digital herbarium collections in the taxonomic revision of complex plant families: Salicaceae sensu stricto // BIO Web Conf., 38 (2021) 00014 DOI: https://doi.org/10.1051/bioconf/20213800014
10. Piotr Niedzielski, Joanna Markiewicz, DIGITALIZATION OF HERBARIUM COLLECTIONS AS A TOOL FOR THE COMMERCIALIZATION OF SCIENTIFIC KNOWLEDGE, Procedia

Computer Science, Volume 225, 2023, Pages 2194-2203, ISSN 1877-0509, https://doi.org/10.1016/j.procs.2023.10.210. (https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877050923013686)

11. López A, Sassone AB. The Uses of Herbaria in Botanical Research. A Review Based on Evidence From Argentina. Front Plant Sci. 2019 Nov 7;10:1363. doi: 10.3389/fpls.2019.01363. PMID: 31787992; PMCID: PMC6853993.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 37.015.2

ROSACEAE ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ДӘРІЛІК ТҮРЛЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ.

Нуридинова Сетора Низамуддин кизи
Нығметова Айгерім Скандарбекқызы
Ғылыми жетекші: PhD, аға-оқытушы **Аширова Жадыра Бердимуратовна**
«7М01504 – биология педагогтерін даярлау» мамандығының 2 курс магистранты
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459249

To Cite: Нуридинова Сетора Низамуддин кизи, Нығметова Айгерім Скандарбекқызы, & Аширова Жадыра Бердимуратовна. (2024). ROSACEAE ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ДӘРІЛІК ТҮРЛЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459249

Аннотация: Болашақ қоғам мүмшесі мектеп қабырғасында білім алатын жастарға берілетін білімнің сапалығын, ғылыми мазмұнының тереңдігін, қоршаған ортамен және жергілікті материалдармен байланыстылығын жүзеге асырып, оқушылардың ізденушілігі мен зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруды жүзеге асыратын болашақ педагог мамандар. Әсіресе, жаратылыстануға байланысты жергілікті нысандарды танып-біліп, олармен іс жүзінде жұмыс жасау қабілеттерін қалыптастыру мұғалім қауымының педагогикалық-психологиялық тұрғыдан сауаттылығы мен әдістемелік шеберлігіне байланысты екендігі белгілі. Яғни, болашақ жастардың өмірге икемдігі мен ізденушілігі мектеп қабырғасында жүзеге асатындығы анық. Соңғы уақытта әртүрлі ауруларды емдеу және алдын-алу шаралары үшін дәрілік өсімдіктерді кеңінен қолдану үрдісі дамып келеді. Соның ішінде *Rosaceae* тұқымдасының дәрілік түрлері қолданыста кең таралған. Бірқатар түрге жататын дәрілік өсімдіктердің, соның ішінде *Rosaceae* тұқымдасы өкілдерінің көптүрлілігі мен химиялық құрамы бойынша ерекше дәрілік өсімдіктердің бірі болып табылады.

Зерттеу үдерісінде студенттерге *Rosaceae* тұқымдасының дәрілік түрлерінің, соның ішінде *F.Viridis, Crataegus Sanguina,Potentila Erecta* және т.б түрлері анықталып, олардың медицинада қолданылатын мүшелерімен танысып, жинау мен кептіруді үйрету және оқыту процесінде пайдалану арқылы ғылыми-танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру міндеті қойылды.

Зерттеу процесінде оқытудың инновациялық әдістері, TBL *(team based learning)* контекстік әдісі, сауалнама алу және диагностикалау әдістері, статистикалық әдіс қолданылды.

Кілт сөздер: *Rosaceae* тұқымдасы, оқыту әдісі, TBL *(team based learning),* инновациялық әдіс, педагогика.

Abstract: Future teachers who realize the quality of education, the depth of scientific content, the connection with the environment and local materials, the formation of students ' search and research abilities. It is especially well known that the formation of the ability to recognize and practically work with local objects related to natural science depends on the pedagogical and

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

psychological literacy and methodological skills of the teaching community. That is, it is clear that the flexibility and search for life of future young people will be realized within the walls of the school. Recently, there has been a trend towards the widespread use of medicinal plants for the treatment and Prevention of various diseases. In particular, medicinal species of the Rosaceae family are widely used. It is one of the most unique medicinal plants in terms of diversity and chemical composition of medicinal plants belonging to a number of species, including representatives of the Rosaceae family.

During the research process, students were given the opportunity to study the properties of medicinal species of the Rosaceae family, including F.The species Viridis, Crataegus Sanguina,Potentila Erecta and others were identified, and the task was set to form their scientific and cognitive Interests by familiarizing themselves with the organs used in medicine, teaching and using harvesting and drying in the learning process.

In the research process, innovative teaching methods, the TBL (team based learning) contextual method, survey and diagnostic methods, and the statistical method were used.
Key words: *Rosaceae* family, teaching method, TBL (*team based learning*), innovative method, pedagogy.

Кіріспе

Бүгінгі таңда жаңа білім берудің жаңа иновациялық әдіс-тәсілдері пайда болғаны белгілі. Көптеген мұғалімдер әлі күнге дейін пәндік білім беруге ерекше мән береді және олардың жақсы игерілуі оқушылардың жоғары нәтижелерін және академиялық табыстың жоғары пайызын қамтамасыз етеді [1].

Бүгінгі таңда қазіргі мектеп оқушыларына білімнен бөлек олардың өмірлік мақсаттарына қол жеткізуде тәуелсіздікті дамыту, өмірдің осы кезеңінде маңызды мәселелерді шешуге кепілдік беретін практикалық пайдалы білімдерді алу, және оларды қолдана білу маңызды дағды болып табылады. Қазіргі таңда оқушыға берілетін мектеп білімімен, өмірлік тәжірибе формалары қарама-қайшылыққа түседі, нәтижесінде мектеп әлеуметтік-мәдени мекеме ретінде өзінің тәрбиелік функцияларын, оның ішінде «мәдениеттің қорғау функциясын» жоғалта бастайды [2].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты оқытудың оқушыға шынайы дүниені түсінуіне көмектесетін құбылыс ретінде қарастырылған кезде оқытудың жеке аспектісіне бағытталған тұжырымдама өзекті болады. Қазіргі уақытта «қалай оқу керектігін үйрету» идеясын мектептегі оқу-тәрбие үдерісін жаңғыртудың маңызды заманауи идеясы ретінде қарастыруға болады, ол оқушыларға өзі оқуы үшін жауапкершілікті қабылдауға қалай көмектесу мәселелерін шешуді үйретеді [3].

Жалпы білім беретін мектепте биологиялық білім берудің дамуына біздің елімізде қалыптасқан жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға, ақпараттық технологиялардың дамуына және ғылыми ақпараттың тез өсіп келе жатқан көлеміне байланысты факторлар әсер етеді. Соңғысына байланысты дәстүрлі энциклопедиялық тәсіл негізінде жалпы білім беру мазмұнын жаңарту білім көлемінің артуына және оның оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуіне байланысты оқушылардың шамадан тыс жүктелуіне әкеледі [4-6].

Ситуациялық тапсырмалар проблемалық міндеттерге жақын және іс-әрекет тәсілін анықтауға және білуге бағытталған. Ситуациялық мәселені шешуде мұғалім мен оқушылар әртүрлі мақсаттарды көздейді: оқушылар үшін — осы жағдайға сәйкес шешім табу; мұғалім үшін — оқушылардың іс-әрекет тәсілін игеруі және оның мәнін түсінуі.

Педагогикалық әдебиеттерде ситуациялық тапсырымаларды жобалаудың бірнеше тәсілдер бар. Ситуациялық тапсырмаларды жасауда бірінші қойылатын сұрақ – тақырыпты немесе шешілетін мәселелерді таңдау. Ситуациялық тапсырмалар үшін материалды таңдау критерийлерінің белгілі бір тізімі бар:

- Ситуациялық тапсырма әңгіме (қысқаша кіріспе) түрінде тұжырымдалуы керек.
- Ситуациялық тапсырма үшін оқушылардың назарын аударатын тақырыптар алыну керек.
- Ситуациялық тапсырма өзекті болуы керек.
- Тапсырмада әртүрлі эмоциялардың (эмпатия, таңдану, қуаныш, ашу және т.б.) көрінісін ынталандыратын нақты жағдайдың болуы маңызды.
- Ситуациялық тапсырманың мәтінінде толыққанды, шынайы көрініс жасау үшін әртүрлі көздерден алынған дәйексөздер болуы керек.
- Ситуациялық тапсырмаларды құра отырып, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет.
- Ситуациялық тапсырманың негізінде жатқан мәселе оқушыға түсінікті және оны шешуге қабілетті болуы керек [7-9].

Қоғамның қазіргі білім беру жүйесіне қойылатын талаптары өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайға тез бейімделе алатын мобильді тұлғаны дайындау қажеттілігін ескереді. Білім берудің әлеуметтік тапсырысын іске асыру шарттарының бірі ақпараттық білім беру ортасында оқыту болып табылады, оны іске асыру әртүрлі ресурстар есебінен қамтамасыз етіледі. Жеке алынған сабақ немесе сабақтан тыс іс-шаралар кешені, пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар оқушыны белгілі бір мәліметтер жиынтығына батырады, олардың құндылығын негіздеу, танымдық іс-әрекеттің уәждемесін қамтамасыз ету қажет, өйткені ақпараттың өзі адамдарды ақпараттық сауатты етпейді. Ақпарат әлемдік экономика үшін өте маңызды дереккөзге және, әрине, ғылыми-техникалық прогресс пен білім берудің негізгі компонентіне айналды. Ақпарат форматы мен ортасына байланысты әртүрлі анықтамалары бар ресурс болып табылады. Ақпарат халықтың барлық топтарына, соның ішінде оқушыларға көптеген проблемалар туғызады. Сонымен бірге, бүгінгі таңда білім беру тек арнайы білім беру мекемелерінде оқыту және тәрбиелеу ретінде ғана емес, сонымен бірге адам мен әлемнің ақпараттық өзара әрекеттесу процесі ретінде қарастырылады [10-11].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу жұмыстары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті биология және биотехнология факультеті студенттерімен биофизика, биомедицина және нейрогылымдар кафедрасында жүргізілді. Зерттеуге «Биомедицина» мамандығының 3-курс студенттері арасынан 20 студент қатысты.

Зерттеу процесінде *Rosaceae* тұқымдасының дәрілік түрлерінің медицинада қолданылатын мүшелері зерттелді. Соның ішінде *F.Viridis, Crataegus Sanguina,Potentila Erecta* және т.б түрлері зерттеліп, олардың химиялық құрамы сиппаталды. Өсімдіктер түрлерін атау М.С. Байтенов (1999 жыл) мәліметімен жүзеге асырылған болатын. Өсімдік морфологиялық және фитохимиялық зерттеулер әдісін қолдану арқылы зерттелінді.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесін оқыту процесінде қолдану мақсатта Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студентеріне *Rosaceae* тұқымдастарының дәрілік түрлерімен таныстыру жүргізілді.

Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу кезінде оқытудың контекстік әдістері, баяндау әдісі, сауалнама жүргізу, диагностикалау әдісі қолданылды. Студенттерге өсімдіктің түрін ажырата алуды үйрету мақсатында электронды гербарий материялдары көрсетіліп, тұқымдас түрлерімен танысты. Сабақ барысында студенттерден сауалнама алынып, олардың дәрілік өсімдектер туралы базалық білімімен таныстырылды. Сауалнамаға барлығы 20 студент қатысты. Сауалнама нәтижелеріне байланысты материал дайындалып баяндама жасалынды. Білім беру саласындағы ең кең тараған оқыту әдісі - баяндау. Баяндаудың тәрбиелік мәні және білімді әрі қарай дамытудағы ролі өте жоғары. Баяндау әдісі студенттердің тақырыпты терең қабылдауы және логикалық идеялар мен сыни пікірлерді қалай жүзеге асыру керектігін түсіну үшін жасалынды.

Оқу процесінде контекстік әдістерді қолдану әртүрлі пәндерді оқытудағы стереотиптерді жеңуге, кәсіби қызметтің жаңа әдістерін әзірлеуге, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқу процесінде алған білімдерін өмірмен байланыстыруға ықпал етеді. Зерттеу барысында оқытудың контекстік әдістерінің бірі ретінде интербелсенді тақтаны қолдана отырып, баяндама жасау әдісі қолданылды. Осы әдістер көмегімен студенттердің теориялық білімдері қалыптасып практикалық жұмыстар жасауға дайын болды.

Практикалық жұмыстар электронды гербариймен (кеппешөп) танысудан басталды. Студенттер электронды гербариймен *Rosaceae* тұқымдастарының дәрілік түрлерімен танысып, оқыту барысында биологиялық әдіс көмегімен өз беттерімен *Rosaceae* тұқымдас өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін анықтады.

Зерттеу нәтижесінің деңгейін анықтау мақсатында зерттеуге қатысқан 20 студенттен қайта сауалнама алынды. Студенттер жүргізілген зерттеуге байланысты жеке әсерлері мен көзқарастарын білдіруі үшін дискуссия сабағы ұйымдастырылды. Алынған сауалнамалар диагностикасы жасалынып зерттеу нәтижесін нақтылауда пайдаланылды. Зерттеу нәтижесіне сай әдістеме жасалынды.



Сурет – 1. «Биомедицина» мамандығының 3-курс студенттеріне сабақ өту процессі.

ТАЛДАУ МЕН НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу жұмысына қатысқан студенттер 2 топқа бөлінді. Бірінші топ (А) эксперименталды топ болып белгіленді және 10 студенттен құралды. Екінші топ (В) тек қана теориялық мәліметтерді игерген топ болып 10 студенттен құралды. Студенттердің зерттеуден алдынғы білім деңгейлерін және ғылымға деген қызығушылық деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама құрамы *Rosaceae* тұқымдастарының дәрілік түрлерін дәріптеу және оларды көбейту әдістері мен қолдану жолдары туралы пікірлерден тұрды. Сауалнама нәтижелерінде бірінші топ студенттерінің 30% ғана *Rosaceae* тұқымдастарының дәрілік түрлері және оларды көбейту жолдары тұралы ақпаратқа ие екені анықталды. Екінші топ студенттерінің 15% ғана аталмыш тақырып тұралы пікірлерге ие екені анықталды.

Бөлініп алынған топтармен теориялық білім қалыптастыру үшін лекция және дискуссия сабақтары жүргізілді. Лекция сабақтарының 50% интербелсенді тақтада баяндама түрінде, 50% дискуссия түрінде өткізілді. Оқыту барысында TBL *(team based learning)* әдісі, инновациялық оқытудың контестік оқыту, баяндау әдісі, сауланама алу, диагностикалау әдістері қолданылды. Студенттердің зерттеу іс-әрекеттерін бақылау мақсатында А тобының зерттеу жұмыстарының 50% Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ботаникалық бағында жүргізсе, В тобы ботаникалық бақтағы зертханалық жұмыстарға қатыстырылмады. Бұл топқа өз бетімен интернет желісін пайдалану арқылы ізденіс жұмыстарын жүргізу тапсырмасы берілді.

Жүргізілген зерттеулердің студенттердегі әсерін және қалыптасқан білім деңгейін анықтау мақсатында зерттеудің алғашқы күндері алынған сауалнама қайта алынды. Сауалнама нәтижесінде А тобының студенттерінің тақырыпқа байланысты білім деңгейі 20%-дан 98%-ға өсті. В тобы студенттерінің нәтижесі 10%-дан 35%-ға ғана өскен.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысында студенттерге *Rosaceae* тұқымдастарының дәрілік түрлерін және олардың биологиялық ерекшеліктерін ажыратып анықтай алу үшін теориялық және практикалық жұмыстар жүргізілді. Зерттеу тақырыбына байланысты әдеби шолу жасалынып, студенттерге дәріс түрінде түсіндірілді.

Зерттеу жұмысының тақырыбына сай зертханалық сабақ әдістемесі жасалынды. Студенттердің ғылыми көзқарастарының қалыптасқаны және *Rosaceae* тұқымдастарының дәрілік түрлеріне деген қызығушылығының артқаны сауалнама нәтижесінде белгілі болды. Эксперименталды топ студенттерінің зерттеу тақырыбына байланысты білім деңгейлері және ғылымға байланысты көзқарастары 78%-ға артқандығы, ал теориялық біліммен шектелген студенттердің тақырыпты меңгеру деңгейі 25%-ға өскені анықталды. Бұл өз кезегінде тек қана теориялық білім беру арқылы бәсекеге қабілетті және ғылыми дағдылары қалыптасқан биолог маман даярлау мүмкін емес екендігін дәлелдеді. Зерттеу жұмысы барысында жергілікті материалдармен байланыстырып, байыта отырып, болашақ мамандардың өзіндік ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жағдай жасалады. ЖОО-да білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту, табиғатқа бақылау жүргізу, эксперименттер қою сияқты өзіндік жұмыстар орындаудың нәтижесінде қалыптасады. Бұл үшін әрбір студент өз өлкесінің табиғи ерекшеліктерін, ондағы тіршілік түрлерінің өзін қоршаған ортаға қарай бейімділіктерін ұғына отырып, келешекте оқушыларға осы өздері меңгерген білімдері мен дағдыланған біліктері тұрғысынан білім беруіне негіз болатын кәсіби шеберлікті қолдануына мүмкіндігі туады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Qazaqstan Respýblıkasynda bilim berýdi jáne ǵylymdy damytýdyń 2020–2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy. [Elektrondy resýrs]. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988. – Astana, 2019. 27 jeltoqsan.
2. Гуслова, М.Н. Инновационные педагогические технологии: Учебное пособие для студентов учреждений сред. проф. образования / М.Н. Гуслова. - М.: ИЦ Академия, 2013.
3. Панфилова, А.П. Инновационные педагогические технологии. Активное обучение / А.П. Панфилова. - М.: Academia, 2013. - 272 с.
4. Панфилова, А.П. Инновационные педагогические технологии: Активное обучение: Учебное пособие / А.П. Панфилова. - М.: Академия, 2013. - 208 с.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [Электронды ресурс]. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988. – Астана, 2019. 27 желтоқсан.
6. Дейл Х. Шунк. Оқыту теориясы: Білім берудің келешегі. 7-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 ж. – 468 б.
7. Скотт Янг. Суперобучение. Система освоения любых навыков – от изучения языков до построения карьеры / перевод с английского Д. Шалаевой. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2020. – 368 с.
8. D. Costa-Silva, J.A. Cortes, R.F. Bachinski, C.N. Spiegel, G.G. Alves. Teaching Cell Biology to Dental Students with a Project-Based Learning Approach // Journal of Dental Education. USA, 2018. №3(82). DOI: 10.21815/JDE.018.032. – 322–331.

9. Lee, D., Huh, Y., and Reigeluth, C. M. (2015). Collaboration, intragroup conflict, and social skills in project-based learning. Instructional Science 43, 561–590. DOI: 10.1080/00219266.2019.1600570
10. Khalid, A.H. (2018). Research Skill Development. Workshops and Trainings. DOI: 10.13140/RG.2.2.17166.82249
11. Dwikoranto, Madlazim, Erman. Project based laboratory learning as an alternative learning model to improve sciences process skills and creativity of physic teacher candidate. Journal of Physics: Conference SeriesVolume 1387, Issue 1, 3 December 2019, Номер статьи 0120741st International Conference on Education, Science and Technology 2019, ICESTech 2019.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 373.32

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ

Срайл Нургул Мустафақызы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
1 курс магистранты,
Алматы, Қазақстан
Аскарова Галия Аккаловна
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Алматы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459268

To Cite: Срайл Нургул Мустафақызы, & Аскарова Галия Аккаловна. (2024). ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459268

Аңдатпа: Цифрлық құралдар абстрактілі математикалық ұғымдарды көрнекілендірудің қуатты құралын ұсынады, бұл оларды оқушыларға тиімді және қол жетімді етеді. Интерактивті модельдеу, графикалық бағдарламалық қамтамасыз ету және динамикалық геометрия қолданбалары оқушыларға математикалық идеяларды көрнекі және интерактивті түрде үйренуге мүмкіндік береді. Көрнекілік күрделі ұғымдарды түсінуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар есте сақтауды жақсартады және математикалық принциптерді тереңірек және интуитивті түсінуге ықпал етеді. Цифрлық құралдар оқушыларға синхронды және асинхронды түрде бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беру арқылы математиканы бірлесіп үйренуді жеңілдетеді. Интернеттегі ынтымақтастық платформалары мен бағдарламалық қамтамасыз ету нақты уақыт режимінде байланыс пен топтық жұмысты ынталандыру арқылы мәселелерді шешуде ынтымақтастыққа мүмкіндік береді. Оқушылар идеялармен алмасып, шешімдерді талқылай алады және жобаларда ынтымақтаса алады, қауымдастық сезімін дамытады және математикалық пайымдауды тұжырымдау және қорғау қабілетін арттырады. Цифрлық құралдар оқушылардың математикалық дағдыларын бағалаудың және оларға кері байланыс берудің тиімді жолдарын ұсынады. Автоматтандырылған бағалау, викториналар және интерактивті жаттығулар оқушыларға нақты уақыт режимінде қателерді анықтауға және түзетуге мүмкіндік беретін жедел кері байланысты қамтамасыз етеді. Бұл жылдам кері байланыс циклі оқушыларды қателіктерді оқу мүмкіндігі ретінде қарастыруға және олардың математикалық дамуына белсенді көзқарасты дамытуға ынталандыру арқылы өсу ойлауын дамытады.

Түйінді сөздер: цифрлық білім беру ресурстары, оқыту сапасы, математика, оқушылар, тиімділік.

Аннотация: Цифровые инструменты предоставляют мощный инструмент для визуализации абстрактных математических концепций, что делает их эффективными и доступными для учащихся. Интерактивное моделирование, графическое программное обеспечение и приложения динамической геометрии позволяют учащимся изучать

математические идеи визуально и интерактивно. Визуализация не только помогает понять сложные концепции, но также улучшает память и способствует более глубокому и интуитивному пониманию математических принципов. Цифровые инструменты упрощают совместное изучение математики, позволяя учащимся работать вместе синхронно и асинхронно. Платформы и программное обеспечение для онлайн-сотрудничества позволяют вам сотрудничать в решении проблем, поощряя общение и командную работу в режиме реального времени. Учащиеся могут обмениваться идеями, обсуждать решения и сотрудничать в проектах, развивать чувство общности и повышать свою способность формулировать и защищать математические рассуждения. Цифровые инструменты предлагают эффективные способы оценки математических навыков учащихся и предоставления им обратной связи. Автоматизированная оценка, викторины и интерактивные упражнения обеспечивают мгновенную обратную связь, которая позволяет учащимся обнаруживать и исправлять ошибки в режиме реального времени. Этот цикл быстрой обратной связи развивает мышление роста, побуждая учеников рассматривать ошибки как возможность учиться и развивать активный подход к их математическому развитию.

Ключевые слова: цифровые образовательные ресурсы, качество обучения, математика, ученики, эффективность.

Abstract: Digital tools provide a powerful tool for visualizing abstract mathematical concepts, making them effective and accessible to students. Interactive modeling, graphics software, and dynamic geometry applications allow students to learn mathematical ideas in a visual and interactive way. Visualization not only helps to understand complex concepts, but also improves memory and promotes a deeper and more intuitive understanding of mathematical principles. Digital tools make it easier for students to learn math together by allowing them to work together synchronously and asynchronously. Online collaboration platforms and software enable collaboration in problem solving by encouraging real-time communication and teamwork. Students can exchange ideas, discuss solutions, and collaborate on projects, develop a sense of community, and increase their ability to formulate and defend mathematical reasoning. Digital tools provide effective ways to assess students ' math skills and provide them with feedback. Automated assessments, quizzes, and interactive exercises provide instant feedback that allows students to identify and correct errors in real time. This quick feedback loop develops growth thinking by encouraging students to view mistakes as an opportunity to read and develop an active approach to their mathematical development.

Key words: digital educational resources, quality of teaching, mathematics, students, effectiveness.

Кіріспе

Жоғары сыныптардағы математикалық білім беру саласында цифрлық құралдарды біріктіру қызықты және тиімді оқу процесін құрудың міндетті шарты болды. Бұл мақалада жоғары мектеп оқушыларына математиканы оқытудағы цифрлық білім беру ресурстарының негізгі рөлі қарастырылады. Технологиялардың одан әрі дамуына қарай оқытушылар алдында өздерінің оқу практикасының тиімділігін арттыру және оқушыларды инновациялық тәсілдермен тарту үшін бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашылады.Жоғары мектепте математиканы оқыту контекстінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану оқытудың әртүрлі стильдерін ескеретін динамикалық тәсілді ұсынады. Бұл мақалада цифрлық құралдарды пайдаланудың көптеген артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады және оларды орта мектеп оқушылары үшін интерактивті, бейімделгіш және жекелендірілген оқу процесін құру үшін қалай пайдалануға болатыны қарастырылады. Біз осы талқылаудың

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

өзегіне тереңірек үңіле отырып, мақсат цифрлық білім беру ресурстарын ұтымды пайдалану дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып қана қоймай, сонымен қатар жоғары мектепте математикалық білім берудегі қатысу мен шеберліктің жаңа дәуірін шабыттандыратын жолдарды қамту болып табылады. Бұл зерттеу цифрлық құралдардың әлеуетін толық пайдаланғысы келетін оқытушылар үшін нұсқаулық ретінде қызмет етеді, яғни жоғары мектеп оқушылары үшін динамикалық және тиімді оқу ортасын құруға ықпал етеді. Математиканы
оқыту цифрлық құралдарды біріктіру арқылы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бұл құралдар оқушылар арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуді жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар математикалық ұғымдарды үйренудің инновациялық әдістерін ұсына отырып, оқу тәжірибесін байытады.

Математиканы оқытуда цифрлық құралдарды пайдаланудың артықшылықтары

Цифрлық технологияның пайда болуы оқытушылар мен оқушыларға оқу процесін жақсартудың көптеген күшті құралдарын ұсына отырып, білім беру саласында өзгеріс жасады. Математикалық білім беру саласында цифрлық білім беру ресурстарын интеграциялау барған сайын кеңейіп, интерактивті оқыту, жекелендірілген оқыту және бірлесіп зерттеу мүмкіндіктерін ұсынады. Цифрлық ресурстар оқушыларды оқу процесіне белсенді түрде тартатын интерактивті платформаларды ұсынады. Desmos және GeoGebra сияқты құралдар оқушыларға графиктерді басқаруға, геометриялық ұғымдарды үйренуге және математикалық принциптерді іс жүзінде байқауға мүмкіндік беретін динамикалық визуализацияны ұсынады. Сондай-ақ, Хан академиясы және IXL сияқты жауап беретін оқыту платформалары оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген жеке оқу тәжірибесін ұсынады. Бұл ресурстар мақсатты тәжірибе мен қолдауды қамтамасыз ете отырып, оқушының үлгеріміне байланысты тапсырмалардың қиындық деңгейін реттейді. Цифрлық білім беру ресурстары мұғалімдерге математиканы нақты жағдайда қолдануға мүмкіндік береді. Wolfram Alpha сияқты платформалар оқушыларға математиканың әртүрлі салаларда қалай қолданылатынын тереңірек түсінуге ықпал ете отырып, математикалық ұғымдардың практикалық қолданылуын үйренуге мүмкіндік береді. Цифрлық құралдар бағалаулар мен тапсырмалар бойынша дереу кері байланысты қамтамасыз етеді. Мұндай уақтылы кері байланыс оқушыларға математикалық ұғымдар туралы түсініктерін нығайту және ойлауды дамыту арқылы қателерді анықтауға және түзетуге мүмкіндік береді.

Бірлескен іс-шаралар арқылы оқушылар проблемаларды шешу, тұжырымдамаларды талқылау және өз идеяларымен бөлісу үшін бірлесіп жұмыс істей алады. Мұндай белсенді қатысу математикалық ұғымдарды тереңірек түсінуге ықпал етеді және сыни ойлау дағдыларын дамытады (Джонсон және басқалар).

Ғылыми және технологиялық өнертабыстар математиканы дұрыс білместен өмір сүре алмайтыны белгілі болғандықтан, математика мұғалімдерінің білім беру саласындағы өзгерістер туралы, әсіресе пәнді оқыту мен оқуға қатысты білімі болуы өте маңызды (Огункунле, Р. А. және Чарльз-Оган).

Моранның айтуы бойынша "сыныпта мобильді технологияның пайда болуы өзімен бірге шиеленісті, жаңа мүмкіндіктер мен күрделі мәселелерді алып жүреді. "Мобильді технологиялар" сөздерінің өзі оларды сынып сияқты бекітілген кеңістікте қолданудың қайшылығын көрсетеді". Мобильді технологиялар оқушылар мен оқытушылардың қолында барған сайын қол жетімді болып келеді, бұл осы ресурстарды білім беру мақсатында пайдалануға мүмкіндік береді.

Математиканы оқытуда цифрлық құралдарды пайдалануда туындауы мүмкін мәселелер

Оқушылардың қатысуы мен мотивациясын сақтау математиканы бірлесіп оқытудың цифрлық құралдарын енгізу кезінде де қиын болуы мүмкін. Бұл құралдар оқу процесін жақсарта алатынына қарамастан, олар тиімді пайдаланылмаса, алаңдаушылық көзі бола алады. Оқытушылар оқушылардың математика мазмұны мен бірлескен жұмыс процесіне назар аударуын қамтамасыз ете отырып, мағыналы және қызықты болатын бірлескен іс-шараларды мұқият әзірлеуі керек. Тұрақты кері байланыс пен күшейту оқушыларды ынталандыруға және олардың бірлескен оқу тапсырмаларына белсенді қатысуына көмектеседі (Хван мен Цай, Пуэнтедура).

Тағы бір мәселе – мұғалімдерге де, оқушыларға де тиісті дайындық пен қолдау қажет. Сандық құралдар көбінесе оқу процесімен бірге жүреді және мұғалімдерге бұл құралдарды математика бойынша оқытуға тиімді енгізу үшін біліктілікті арттыру қажет болуы мүмкін (Тондер және т.б.). Сол сияқты, оқушыларға тиімді ынтымақтастық үшін құралдарды қолдануға басшылық пен қолдау қажет болуы мүмкін. Үздіксіз оқыту мен қолдау бұл мәселені шешуге көмектеседі және оқытушылар мен оқушылардың өздерін жайлы сезінуін және цифрлық құралдарға ие болуын қамтамасыз етеді (Эртмер және т.б., Лу және басқалар).

Сонымен, оқушылардың ақпараты мен деректерінің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету цифрлық бірлескен оқыту құралдарын енгізу кезінде қиын болуы мүмкін. Деректерді қорғауға басымдық беретін және құпиялылық ережелеріне сәйкес келетін құралдар мен платформаларды таңдау өте маңызды (Хван және Цай). Оқытушылар сонымен қатар оқушыларға цифрлық саладағы жауапты азаматтығы және олардың жеке ақпаратын қорғаудың маңыздылығы туралы айтуы керек. Осы мәселелерді шеше отырып, тәрбиешілер цифрлық құралдарды (Эртмер және т.б.).

Жоғары мектепте математиканы түсінуді жақсартудағы цифрлық құралдардың тиімділігін растайтын бірнеше зерттеулер жүргізілді. Хоэнвартер мен Прейнердің бір зерттеуі динамикалық геометрия бағдарламалық құралын пайдалану оқушылардың геометриялық ұғымдарды түсінуін жақсартатынын көрсетті. Зерттеу көрсеткендей, бағдарламалық жасақтаманы қолданған оқушылар геометриялық қасиеттерді жақсы білетін және бағдарламалық жасақтаманы пайдаланбағандармен салыстырғанда күрделі мәселелерді тиімді шеше алады (Хоэнвартер мен Прейнер).

Жүргізген тағы бір зерттеу оқушылардың математикалық оқуына онлайн ынтымақтастық құралдарының әсерін зерттеді. Зерттеушілер оқушылар цифрлық құралдарды пайдалана отырып, мәселелерді шешу бойынша бірлескен іс-шараларға қатысқанда, олар терең математикалық түсінікке қол жеткізе алатынын анықтады. Құралдардың бірлескен сипаты оқушыларға өз идеяларын талқылауға және бөлісуге мүмкіндік берді, бұл мәселелерді түсіну мен шешу дағдыларын жақсартуға әкелді (Рошель және т.б.).

Сонымен қатар, Чеунг және Славин жүргізген мета-анализде математикалық білім берудегі білім беру технологияларының тиімділігі туралы көптеген зерттеулер қарастырылды. Талдау компьютерлік модельдеу және интерактивті бағдарламалық қамтамасыз ету сияқты цифрлық құралдардың оқушылардың математикалық жетістіктеріне оң әсер еткенін көрсетті. Бұл құралдарды пайдалану орта мектеп оқушылары арасында белсенділіктің, мотивацияның және тұжырымдамалық түсініктің артуына әкелді (Чеунг, А.С. және Славин).

Осылайша, әртүрлі зерттеулер цифрлық құралдар орта мектепте математиканы түсінуді тиімді түрде жақсарта алатынын дәйекті түрде көрсетеді. Бұл құралдардың динамикалық және интерактивті сипаты оқушыларға математикалық ұғымдарды неғұрлым

қызықты және бірлескен түрде үйренуге мүмкіндік береді, бұл түсіністік пен мәселелерді шешу қабілетінің жақсаруына әкеледі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, біз жоғары сыныптарда математиканы оқытуға цифрлық білім беру ресурстарын біріктіру туралы ойлана отырып, бұл тәсіл білім беру тәжірибесін айтарлықтай өзгерте алатыны анық. Интерактивтілік пен бейімделудің жоғарылауынан бастап жекелендірілген оқу тәжірибесіне дейін талқыланатын көптеген артықшылықтар жоғары мектеп оқушыларының әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін цифрлық ресурстардың әлеуетін көрсетеді. Дегенмен, біз осы цифрлық шекараны еңсерген кезде тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және ықтимал тұзақтарды жою сияқты мәселелерді білу өте маңызды. Жоғары мектептегі математикалық білімнің болашағына көз жүгіртсек, цифрлық құралдарды ақылға қонымды интеграциялау жай ғана опция емес, қажеттілік екені анық. Оқытушылар оқушыларды цифрлық әлемнің қиындықтарына дайындайтын динамикалық және тиімді оқу ортасын құру үшін осы ресурстарды пайдалануда шешуші рөл атқарады. Осылайша, біз математиканы жақсы меңгеріп қана қоймай, барған сайын цифрлық қоғамның күрделілігін шарлай алатын оқушыларды даярлаймыз. Математиканы оқытуда цифрлық құралдарды біріктіру оқытушылар үшін оқу тәжірибесін байыта отырып, парадигманың өзгеруіне әкелетінін атап өтеміз. Көрнекілік, жекелендіру, геймификация арқылы тарту, бірлескен оқу мүмкіндіктері, нақты әлемдегі қосымшалар және цифрлық құралдар ұсынатын тиімді бағалау механизмдері математиканы оқытудың динамикалық және тиімді тәсіліне ықпал етеді. Технология дамып келе жатқандықтан, математикалық білім беруде цифрлық құралдардың мүмкіндіктерін пайдалану математикалық сауатты және өзіне сенімді оқушылардың жаңа буынын шабыттандырудың перспективалы тәсілі болып қала береді. Математиканы оқытуда цифрлық құралдарды пайдалану физикалық және виртуалды сыныптар арасындағы алшақтықты жойып қана қоймайды, сонымен қатар бірлескен оқу процесін жақсартады. Технология дамып келе жатқандықтан, мұғалімдер математика саласындағы қатысуға, өзара әрекеттесуге және түсінуге ықпал ететін үнемі кеңейіп келе жатқан құралдар жинағын дамытады. Осы цифрлық құралдарды пайдалану оқушыларды цифрлық дәуірдің қиындықтарына дайындап, математиканың қызықтылығын тереңірек түсінуге ықпал ете отырып, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Джонсон, Д. В., Джонсон, Р. Т. және Смит, К.А. (2014). Бірлескен оқыту: тәжірибені дәлелденген теорияға негіздеу арқылы университеттік оқытуды жетілдіру. Колледжде оқытудың озық тәжірибесі журналы, 25 (3-4), 85-118.

Лу, Ю., Абрами, П.С., және Д ' Аполлония, с. (2001). Технологияны қолдана отырып, шағын топтық оқыту және жеке оқыту: мета-талдау. Білім беру зерттеулеріне шолу, 71 (3), 449-521.

МОРАН, Хосе Мануэль; МАЗЕТТО, Маркос; БЕРЕНС, Марилда Апаресида. Жаңа технологиялар және педагогикалық медиация. Кампинас, ЖК: Папирус, 2014. ISBN 8530805941

Огункунле, Р. А. және Чарльз-Оган, г. (2013). Кіші орта мектеп математикадан негизги дагдыларды игеру үшін калькуляторларға Тәуелсіздік. Ханымдар зерттеу журналдар (қосылыңыз). 11(1), 228-232.

Пуэнтедура, Р. Р. (2006). SAMR: технологиялық интеграцияны күшейту моделі.

Рошель, Дж., Фенг, М., Мерфи, р. ф., және Мейсон, К. А. (2010). Математикадан онлайн Үй тапсырмасы оқушылардың үлгерімін арттырады. AERA Open, 1(4), 1-13. doi:10.1177/2332858410384724.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Тондер, Дж., ван Браак, Дж., Санг, г., Вогт, Дж., Фиссер, П., және Оттенбрайт-Лефтвич, А. (2012). Бастауыш буын мұғалімдерін білім беруге технологияларды енгізуге дайындау: сапалы деректерді жинақтау. Компьютерлер және білім, 59 (1), 134-144.

Хван, Дж. Дж., және Цай, к. с. (2011). Мобильді және барлық жерде оқытуды зерттеу тенденциялары: 2001-2010 жылдар аралығындағы таңдаулы журналдардағы басылымдарға шолу. Британдық білім беру технологиялары журналы, 42 (4), E65-E70.

Хохенвартер, М., және Прейнер, Дж. (2007). GeoGebra көмегімен Динамикалық математика. Онлайн математика журналы және оның қосымшалары, 7.
Сілтеме: https://www.maa.org/press/periodicals/loci/joma/dynamic-mathematics-with-geogebra

Чеунг, А.С. және Славин, Р. Э. (2013). K-12 сыныптарында математика бойынша үлгерімді арттыру үшін білім беру технологияларын қолданудың тиімділігі: мета-талдау. Білім беру зерттеулеріне шолу, 9, 88-113.

Эртмер, П.А., Оттенбрайт-Лефтвич, А. Т., Садик, О., Сендурур, Э., & Сендурур, П. (2012). Мұғалімдердің сенімдері және технологияны интеграциялау практикасы: сыни байланыс. Компьютерлер және білім, 59 (2), 423-435.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ПАРАМЕТРЛІ ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Мекембай Жадыра Оразалықызы
Математика, физика және информатика институтының магистранты
Ғылыми жетекші: **Тукенова Ляйля Муратбековна**
ф.-м.ғ.к., доцент, ст.преп.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Казақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459350

To Cite: Мекембай Жадыра Оразалықызы, & Тукенова Ляйля Муратбековна. (2024). ПАРАМЕТРЛІ ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459350

Аңдатпа: Мақалада, соңғы жылдары математика мазмұнында жиі кездесетін параметрлі теңдеулер және оларды шешу мәселелері қарастырылған.
Кілтті сөздер: Теңдеу, параметр, түбір, теңсіздік, айнымалы.

Аннотация: В статье рассмотрены вопросы параметрических уравнений, часто встречающихся в содержании математики за последние годы и их решения.
Ключевые слова: Уравнение, параметр, корень, неравенство, переменная.

Abstract: The article deals with the problems of parametric equations, often found in the content of mathematics in recent years and their solutions.
Keywords: Equation, parameter, root, inequality, variable.

Мектеп курсында карастырылған параметрлері бар тапсырмалар, мысалы, сызықты және квадрат теңдеулер және теңсіздіктердің шешімдерін іздеу, түбірлер санын табу параметр мәндеріне байланысты зерттеледі. Параметр - мәні белгіленген, тұрақты болатын тәуелсіз айнымалы. Параметрі бар теңсіздік пен оның шешімі бір немесе бірнеше параметрлердің мәндеріне байланысты болатын математиткалық теңсіздік.

Теңдеуде кейбір коэффициенттер нақты сан арқылы емес әріппен берілген болса, онда оларды параметрлер, ал теңдеуді (теңсіздікті) параметрі бар теңдеу (теңсіздік) деп атаймыз.

Параметрі бар теңдеу мен теңсіздікті шешу үшін:

1) алдымен параметрдің қандай мәнінде теңдеудің немесе теңсіздіктің шешімі болатынын анықтауымыз керек:

2) параметрдің әрбір мүмкін мәндер жүйесі үшін сәйкес шешімдер жиынын табуымыз қажет болады .

Параметрі бар теңдеулерді шешудің негізгі принципі: праметрдің өзгеруі барысында шыққан теңдеулер бірдей тәсілмен шешілетіндей параметрдің өзгеру обласын аралықтарға бөлу қажет. Әрбір жеке аралықта параметр арқылы өрнектелген теңдеудің түбірлері табылады. Ол үшін коэффициенттермен берілген теңдеулерді шешудің әдістері пайдаланылады .

Параметрі бар теңдеуді шешу – бұл a – ның әрбір мәніне осы теңдеуді қанағаттандыратын x – тың мәндерін табу.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Құрамында параметрі бар сызықты теңдеулер .

Анықтама. ax = b мұндағы a және b-нақты сандар немесе параметрге тәуелді өрнектер,ал *x*-белгісіз түріндегі теңдеуді сызықтық теңдеу деп аталады.

$a \neq 0$ болғанда, ax = b теңдеудің бір түбірі $x = \frac{b}{a}$ болады, оны табу үшін теңдеудің екі жағын да бірдей a-ға бөлу керек. a=0 бұлай етуге болмайтындығы түсінікті.

ax = b теңдеудің не бір түбірі, не оның түбірлері барлық нақты сандар,не түбірлері болмайды, яғни сондықтан сызықтық теңдеуді шешкенде үш жағдайды қарастыру керек:

1) Егер $a \neq 0$ болса, онда $x = \frac{b}{a}$;

2) Егер $a = 0$ және $b = 0$ болса, онда $x \in R$;

3) Егер $a = 0$ және $a \neq 0$ болса, онда $x \in \varnothing$.

Құрамында параметрі бар квадраттық теңдеулер.

Анықтама. Мына теңдеуді $ax^2 + bx + c = 0, \quad a \neq 0,$ мұндағы a,b,c -қайсыбір нақты сандар немесе параметрге тәуелді өрнектер квадрат теңдеу деп аталады.

Оның сол жағы квадрат үшмүшелік, яғни екінші дәрежелі көпмүшелік болып табылады. $ax^2 + bx + c = 0, \quad a \neq 0,$ квадрат теңдеудің түбірлері мына формулалармен анықталады:

$$x_{1,2} = \frac{-b \pm \sqrt{b^2 - 4ac}}{2a}.$$

$D = b^2 - 4ac$ өрнегі $ax^2 + bx + c = 0, a \neq 0,$ квадрат теңдеуінің дискриминанты деп аталады.

Егер $D > 0$ болса, онда квадрат теңдеудің екі әртүрлі түбірі болады; егер $D = 0$ болса , онда квадрат теңдеудің еселік түбірлері болады, егер $D < 0$ болса, онда квадрат теңдеудің нақты түбірлері болмайды.

Мысал. Теңдеуді шешіңіздер: $(a-1)x^2 + 2(2a+1)x + (4a+3) = 0$

Шешуі: $a = 1$ болған жағдайға байланысты қарастырамыз.

$a = 1$ болған кезде бұл теңдеуіміз сызықты теңдеу болады, $a \neq 1$ болғанда кезде квадрат теңдеуді шешеміз.

Берілген теңдеуді шешу үшін келесі екі жағдайды қарастырамыз:

1) $a = 1$; 2) $a \neq 1$.

1. $a = 1$ болғанда $6x + 7 = 0$. Бұдан $x = -\frac{7}{6}$.

2. $a \neq 1$ болғанда дискриминант нольге тең болатын жағдайын қарастырамыз.

Егер $a = a_0$ болғанда $D = 0$ болса, онда $D < 0$ болғанда $a < a_0$ және $D > 0$ болғанда $a > a_0$ болуы мүмкін.

Берілген теңдеуді шешейік:

$$\frac{D}{4} = (2a+1)^2 - (a-1)(4a+3) = 5a + 4$$

$\frac{D}{4} = 0$ болғанда $a = -\frac{4}{5}$. Егер $a < -\frac{4}{5}$, онда $D < 0$; егер $\begin{cases} a \geq -\frac{4}{5} \\ a \neq 1 \end{cases}$, онда $D \geq 0$.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Сонда берілген теңдеуді $a < -\frac{4}{5}$ және $\begin{cases} a \geq -\frac{4}{5} \\ a \neq 1 \end{cases}$ болған жағдайларда шешеміз.

Егер $a < -\frac{4}{5}$, онда теңдеуді нақты шешімі жоқ; егер $\begin{cases} a \geq -\frac{4}{5} \\ a \neq 1 \end{cases}$, онда

$$x_{1,2} = \frac{-(2a+1) \pm \sqrt{5a+4}}{a-1}$$

Жауабы: 1) егер $a < -\frac{4}{5}$, шешімі жоқ; 2) егер $a = 1$, онда $x = -\frac{7}{6}$; 3) егер $\begin{cases} a \geq -\frac{4}{5} \\ a \neq 1 \end{cases}$, онда $x_{1,2} = \frac{-(2a+1) \pm \sqrt{5a+4}}{a-1}$.

Ескерту: $a = -\frac{4}{5}$ болса, $x_1 = x_2 = -\frac{1}{3}$.

Құрамында параметрі бар сызықтық теңсіздіктер

Мына түрдегі теңсіздіктерді $ax > b$, $ax < b$, $ax \geq b$, $ax \leq b$, мұндағы a және b – нақты сандар немесе параметрге тәуелді өрнектер, ал x – белгісіз параметрлі сызықтық теңсіздік деп аталады.

a және b коэффициенттеріне байланысты сызықтық теңсіздіктің шешімдері не шексіз аралық, немесе бүкіл сан түзуі, немесе бос жиын болып келуі мүмкін.

$ax > b$ түріндегі теңсіздікті шешу:

Егер $a > 0$ болса, онда $x > \frac{b}{a}$; егер $a < 0$ болса, онда $x < \frac{b}{a}$; егер $a = 0$ және $b < 0$ болса, онда $x \in R$; егер $a = 0$ және $b \geq 0$ болса, онда $x \in \varnothing$.

$ax < b$ түріндегі теңсіздікті шешу:

Егер $a > 0$ болса, онда $x < \frac{b}{a}$; егер $a < 0$ болса, онда $x > \frac{b}{a}$; егер $a = 0$ және $b > 0$ болса, онда $x \in R$; егер $a = 0$ және $b \leq 0$ болса, онда $x \in \varnothing$.

$ax \geq b$ түріндегі теңсіздікті шешу:

Егер $a > 0$ болса, онда $x \geq \frac{b}{a}$; егер $a < 0$ болса, онда $x \leq \frac{b}{a}$; егер $a = 0$ және $b \leq 0$ болса, онда $x \in R$; егер $a = 0$ және $b > 0$ болса, онда $x \in \varnothing$.

$ax \leq b$ түріндегі теңсіздікті шешу:

Егер $a > 0$ болса, онда $x \leq \frac{b}{a}$; егер $a < 0$ болса, онда $x \geq \frac{b}{a}$; егер $a = 0$ және $b \geq 0$ болса, онда $x \in R$; егер $a = 0$ және $b < 0$ болса, онда $x \in \varnothing$.

Мысал. Теңсіздікті шешіңіздер: $a \cdot (2x-1) < ax + 5$

Шешуі: Берілген теңсіздікті түрлендірейік:

$a \cdot (2x-1) < ax + 5$

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

$$2ax - a < ax + 5$$
$$2ax - ax < a + 5$$
$$ax < a + 5$$
$$x < \frac{a+5}{a}$$

Енді жоғарыдағы айтқан үш жағдайды қарастырамыз:

Егер $a > 0$ болса, онда $x < \frac{a+5}{a}$ болады; егер $a < 0$ болса, онда $x > \frac{a+5}{a}$ болады ; $a = 0$ болғанда $x \in \varnothing$ болады.

Жауабы: $a > 0$ болғанда, $x < \frac{a+5}{a}$; $a < 0$ болғанда, $x > \frac{a+5}{a}$; $a = 0$ болғанда, $x \in \varnothing$.

Құрамында параметрі бар квадраттық теңсіздіктер.

Мына теңсіздіктерді

$$ax^2 + bx + c > 0,\ ax^2 + bx + c < 0,\ ax^2 + bx + c \le 0,\ ax^2 + bx + c \ge 0,$$

мұндағы *a,b,c* – нақты сандар немесе параметрге тәуелді өрнектер квадрат теңсіздіктер деп аталады.

Квадрат теңсіздіктерді шешу $y = ax^2 + bx + c$ квадрат үшмүшелігінің геометриялық кескінінің қасиеттеріне негізделген.

Мысалы үшін $ax^2 + bx + c > 0$, ($a \neq 0$) теңсіздігін қарастырайық.

Үш жағдайдың болуы мүмкін.

Егер $a > 0$ және дискриминант $D < 0$ болса, онда теңсіздіктің шешімі барлық $x \in R$ болады.

Егер $a > 0$ және $D = 0$ болса, онда $x \in \left(-\infty; -\frac{b}{2a}\right) \cup \left(-\frac{b}{2a}; +\infty\right)$.

Егер $a > 0$ және $D > 0$ болса, онда $x \in (-\infty; x_1) \cup (x_2; +\infty)$, мұндағы x_1, x_2- сәйкес квадрат үшмүшеліктің кіші және үлкен түбірлері.

Егер $a < 0$ және $D < 0$ болса, онда $x \in \varnothing$; егер $a < 0$ және $D = 0$ болса, онда $x \in \varnothing$; егер $a < 0$ және $D > 0$ болса, онда $x \in (x_1; x_2)$, мұндағы x_1, x_2- сәйкес квадрат үшмүшеліктің кіші және үлкен түбірлері .

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымова А., Корчевский В.Е., Абдиев А.А., Жұмағұлова З.А. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. Өнд.Толық 2 бас. Алматы: «Мектеп»2015 ж.,216 б.

2. Рахымбек Д., Дуйсебаева П.С., Бекмолдаева Р.Б. Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу.Оқу құралы. -Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ , 2014,-320 б.

3. Литвиненко В.Н., Мордкович А.Г. Задачник—практикум по математике. Алгебра. Тригонометрия: Для поступающих в вузы —М.: ООО «Издательский дом «Оникс 21 век»:ООО «Издательство «Мир и образование», 2015.-464с.

4. Әбілқасымова А., Жұмағұлова З.Ә., Абдиев А., Корчевский В. Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Өнд.толықт. 3-бас.- Алматы: Мектеп,2016.,-176б.,сур.

5. Шыныбеков Н.А. Алгебра.Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық,-Алматы,2016.-177 бет.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Annotation. This article is written about the problem of contrast in vocabulary. The studies of Kazakh linguists on antonymy were differentiated and compared. Also, a methodology for teaching lexical opposites at school and methods based on the age characteristics of students were developed. The methodological basis of the article is the research of such scientists as Zh. Musin, G. Kaliuly, A. Bolganbayuly. In addition, methodological manuals focused on the updated curriculum were considered.

Keywords. Contrast, antonym, pedagogical technologies, methods.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұнының, яғни инновациялық оқыту технологиясының ақпараттық оқытудан үлкен айырмашылығы бар. Ол айырмашылық оқытудың принципінде, яғни инновациялық оқыту технологиясының ұстанымы оқушыға «піскен» емес, «шикі» ақпаратты беріп, өз бетінше ізденуге, мәселені шешуді үйретуге негізделген. Ал ақпараттық оқыту технологиясы оқушыға дайын ақпарат берумен шектелетін еді. Оның бір мысалы – кез-келген ақпаратты жаттатқызып оқыту. Оқушы жаңа білімді түсініп оқуы үшін логикалық тапсырмалар мен мәселеге құрылған, креативті ойлауға баулитын, қиял өрісіне әсер ететін оқытудың әдістемесі аса қажет. Осындай қажеттіліктерді түгел қамтитын инновациялық оқыту технологиясы. Жобалап оқыту, мәселелік оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологияларын қазақ тілін оқытуда қолдану нәтижелі.

Ф.Оразбаева мен С.Рахметова құрастырған «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» оқу құралында антонимдерді оқытуда салыстыру әдісін қолданудың ұтымды екенін айтқан. Антоним сөздердің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасын салыстыру арқылы оқыту керек [1, 101 б.]. Лексикалық мағынаны ашуға көмектесумен бірге, оқушылардың грамматикалық ұғымдарды дұрыс ажыратып, сөздердің қолданылу аясын терең түсінуге жағдай жасайды. Бір сөз бойында жарыса өмір сүретін екі мағынаның айырмашылығын танытып, салыстыра оқыту антонимдерді оқытуда тиімді болары сөзсіз. Антонимнің басқа лексикалық категориялардан (омоним, синоним) ерекшелігі – сөз таптарын талғауы, яғни сын есім мен етістік антонимге бай болса, зат есім мен үстеуден антонимдік жұп сирек құралады. Сонымен қатар салыстыра отырып оқыту әдісі туынды антонимдер немесе логикалық қарама-қарсылық аталып жүрген сөздерді түсіндіруде тиімді болары сөзсіз. Бұл туралы Ж.Мусин «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» еңбегінде былай деп жазады: «Қарама-қарсы ұғымдар белгілі бір логикалық қатардың ең шеткі екі мүшесі болып табылады» [2, 5 б.]. Демек, бұл мүлде кереғар екі сөздің арасында логикалық байланыс болады дегенге саяды. Бұндай логикалық байланысты құраушы ретінде қарастырылатын аралық мүшелер туралы екіұдай пікірлер бар. Ғ.Қалиұлы мен Ә.Болғанбайұлы еңбектерінде зат есімнен жасалған сындық мағынадағы сөздерді туынды күйінде кездесетін антонимдер тобына жатқызады: «Қазақ тілінде сындық мағынадағы туынды антонимдер көбінесе -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтары арқылы антонимнің жағымды сыңарларын жасайды да, ал жағымсыз мағыналы сыңарларын -сыз, -сіз жұрнақтары жасайды» [3, 121 б.] десе, Ж.Мусиннің пікірінше бұл сөздердің тобы (әдепті-әдепсіз, ақылды-ақылсыз) логикалық қарама-қарсылықты құрайды. Өйткені, тілімізде зат есімдерден антонимдік қатардың түзілуі сирек, әсіресе тек атауыштық қызмет атқаратын сөздердің қарсы мәндегі жұбы болмайды. Ал *жаз – қыс, аспан – жер, күн – түн* деп келетін антонимдік қарама-қарсылықтың бойында заттық мағынадан бөлек сындық, сапалық мағынаның көмескіленуін байқаймыз. Аталған сөздердің қарсы мәнде кездесуіне септесіп тұрған олардың сапалық қасиеттері, яғни бірі – ыстық, екіншісінің суық болуы, сол сияқты жоғары – төмен, жарық – қараңғы деген сындық белгілерінің әсерінен антонимдік жұп құрайды. Сол себепті сындық сипаты жоқ есім сөздерге -сыз, -сіз, -лы, -лі жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалған сын есімдерді антоним деп қарастыруға болмайды. Ж.Мусин *жақсы – жақсы емес* деген қатарда заттың сапасына жаңа баға берілмейтіндігін, мағынадан гөрі қосымшаның қарама-қарсылық күші басым екенін жазған. Сондықтан антонимияның осындай мәселелері қазіргі инновациялық оқытудың критерийлеріне сәйкес, оқушыларды тың ақпараттарға жетелейтін өзектілікке ие деуге болады.

Антонимдерді оқыту бойынша 5-сынып оқулықтарын салыстыра кетелік. Дәулетбекова Ж., Қосымова Г. құрастыруымен Қазақ тілі оқулығының «Атамұра» баспасында «Жануарлар мен тіршілік» тақырыбында синоним мен антоним қатар меңгертіліп, мынадай тапсырмалар қарастырылған:

1.Топтық жұмыс. Берілген сөздердің антонимін тауып,мағынасын түсіндіру; 2.Жазылым тапсырмасы: Берілген сөздердің антонимін табу; Мәтіннен антонимдерді табу;

Оқулықта антонимдерге жеңіл тапсырмалар беріліп, көбіне назар синонимдерге ауғаны байқалады.

Т.Н.Ермекова, Ж.К. Отарбекова, Р.Н. Мұнасаева құрастыруымен «Арман - ПВ» баспасында «Адам және табиғат» тақырыбында да синоним мен антоним қатар меңгертіліп, мынадай тапсырмалар қарастырылған:

1.Деңгейлік тапсырма: Берілген сөздердің антонимін тауып, сөйлем құрау. Оқулықта антонимді меңгертуде 1 тапсырмамен шектелген.

Б. Қапалбек, М. Жолшаева, Т.Мадиева құрастыруымен «Мектеп» баспасында «Уақыт алтын қазына» тақырыбында антонимдер жеке тақырып ретінде беріліп, бірнеше тапсырманы қамтыған:
Мақал – мәтелдердегі антоним сөздерді тауып, мағынасын түсіндіру; Кестені толтыру; Кім шапшаң әдісі арқылы, сөздердің қарама – қарсы сыңарларын жазу; Жұмбақтардан антонимдерді анықтау;Антонимдерді қатыстырып жаңылтпаш құрау.

Оқулықта тек антоним қарастырылғандықтан, әртүрлі деңгейлік тапсырмалар беріліп, тақырыпты толық қамтыған.

Лексикадағы қарама-қарсылықты оқытуды жаңартылған білім бағдарламасына лайықтап, 5 сынып оқушыларына арналған әдіс-тәсілдер құрастырып ұсынсақ. Әр сыныптың деңгейіне қарай тапсырмалардың күрделілігі әр түрлі, сондықтан төменгі сынып оқушыларына антонимді ойын технологиясы бойынша оқытуды көздесек, жоғары сыныпта мәселелік оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту сынды педагогикалық технологияларды пайдалануға болады.

Жаңартылған бағдарлама негізінде құрастырылған 5-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығында антонимдерді меңгерту жазылым, оқылым әрекеттері арқылы жүзеге асырылған. Сондай-ақ антоним болатын сөздер мен семантикалық жағынан қарама-қарсы болса да антоним бола алмайтын сөздерді оқытуды оқу міндеттеріне енгізген. Мәтінмен жұмыс және сөзжұмбақ шешу арқылы қарама-қарсылықты үйретудің тиімді жолдарын көрсеткен. Сондықтан біз де логикалық қарама-қарсылық пен антонимдік қарама-қарсылықтың айырмашылығын оқушыға түсіндіруде модификациялық инновацияны пайдаланмыз. Педагогикалық технологияның бұл түрі «Қолда бар ақпаратты өзгерте отырып оқыту» [4, 164 б.] деп түсіндіріледі, яғни антонимнің ережесін түрлендіріп, оқушылардың назарын аудартуды көздейді. Сондықтан «Лингвистикалық эксперимент» деп аталатын ойын арқылы оқушылардың жаңа ақпаратты меңгеруіне жағдай жасаймыз. Ойынды сабақта тиімді қолданудың маңызы кез келген ойын баланың ойлау қабілетін дамытады, ойын технологиясы сабақты түсіндіру мен оқушының қабылдау процесін жеңілдетеді.

Жұмыстың барысы: мұғалім оқушыларға антоним туралы жалпы ақпарат беріп, *жақсы – жақсы емес – жаман* деген тізбектегі *жақсы* мен *жаман* антоним болғанымен, *жақсы* мен *жақсы еместің* бола алмайтындығын түсіндіруі керек. Ал осы берілген ақпарат оқушы санасында ұзаққа сақталуы үшін аталған әдісті қолдану нәтижелі болады. Бұл әдіс **пәнаралық байланыс бойынша жүзеге асады**, бірақ гуманитарлық пәндермен емес, жаратылыстану пәндерін пайдаланамыз, мысалы, физика пәні.

Мұғалім әуелі оқушыларға физикадағы тығыздық заңына қатысты тәжірибені көрсетеді. **Тәжірибе барысы:** Сыныпқа спирт, май, су әкеліп, спиртке көк, суға қызыл бояу араластырады. Содан соң барып қызыл түсті суды стаканға құяды, оның үстіне күнбағыс майын, үшіншісінде спиртті құяды. Нәтижесінде көк, сары, қызыл түстен тұратын, бір-бірімен араласпайтын үш қабат пайда болады. Мұғалім олардың тығыздықтарының әртүрлі екенін *жақсы – жақсы емес – жаман* деген қатардағы сөздердің де антонимдік салмағының біркелкі еместігімен қатар қойып түсіндіреді. Қазақ тілі сабағында бұндай эксперименттің қолданылу себебі мынада: *әдетте балаларға қарама-қайшы нәрселерді қатар алып түсіндіргенде қабылдау процесі тезірек жүреді*. Біздің жағдайымызда қарсылық та, ұқсастық та қатар көрсетіліп тұр. Мұғалім осы эксперименттен кейін оқушыларға *артында, алдында, шетінде, ортасында, қасында* деген сөздерді ұсынады да, оларға берілген сөздерден логикалық тізбекке қатысатын антонимдік жұп пен аралық мүшені анықтап, лингвистикалық эксперимент жасауды тапсырады. Тапсырма төмендегі кесте бойынша орындалады:

«Спирт қабаты»	алдында	Себебін түсіндіріп

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

«Май қабаты»	ортасында	жазуы
«Су қабаты»	артында	керек

Қазақ тілінің оқыту әдістемесін жасаған бірқатар әдістемешілер лексиканы оқытуда оқушыларды сөздікпен жұмыс істеуге үйретудің маңыздылығын атайды. «Сөздердің шығу тарихын, сөз мағыналарын сөздіктерді қолдана отырып меңгертуді оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сабақ барысында оқулықтан тыс жұмыс ретінде «Өз уақытымызды ұтымды пайдалана білеміз бе?» мәтінімен тапсырма береміз.

1 – тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіннен бір-біріне қарама-қарсы мәндегі сөздерді табыңыз. Мағыналарын сөздіктен қараңыз.

Өз уақытымызды ұтымды пайдалана білеміз бе?

Біздің өміріміздегі ең қымбат нәрсе - ол уақыт. Адам белгілі бір уақытта жаратылды, уақытша жаратылды. Уақыт бізге емес, біз уақытқа тәуелдіміз. Уақытты қалаған кезімізде ***ұзартып,*** *қалаған кезімізде* ***қысқарта*** *алмаймыз. Уақыттың адамға бағынбайтын өз заңдылығы бар. Қазақта уақытқа қатысты "қас қағым сәт", "көзді ашып-жұмғанша", "қамшының сабындай қысқа ғұмыр" тәрізді сөз тіркестері бағзы заманнан қалыптасқан. «Уақыт - емші», «уақыт - төреші» деген де бар. Осылайша, ата-бабамыз уақыттың бағасын жете түсініп, оның қадір-қасиетін ұрпақтарына жеткізуді қалаған.*

Біздің өміріміздегі ең қымбат нәрсе - ол уақыт. Адам белгілі бір уақытта жаратылды, уақытша жаратылды. Уақыт бізге емес, біз уақытқа тәуелдіміз. Уақытты қалаған кезімізде ***ұзартып,*** *қалаған кезімізде* ***қысқарта*** *алмаймыз. Уақыттың адамға бағынбайтын өз заңдылығы бар. Қазақта уақытқа қатысты "қас қағым сәт", "көзді ашып-жұмғанша", "қамшының сабындай қысқа ғұмыр" тәрізді сөз тіркестері бағзы заманнан қалыптасқан. «Уақыт - емші», «уақыт - төреші» деген де бар. Осылайша, ата-бабамыз уақыттың бағасын жете түсініп, оның қадір-қасиетін ұрпақтарына жеткізуді қалаған.*

Уақытты зая кетіру - ең ауыр өкініш. Уақытын қадірлемеген жан көптеген мүмкіндіктен айырылып қалады. Адам баласы уақытын ұтымды пайдалана білгенде ғана көздеген мақсатына жете алмақ. «Бес нәрседен бұрын бес нәрсенің қадірін біл: ***Картаймай*** *тұрып* ***жастық*** *шақтың қадірін біл, ауырмай тұрып денсаулықтың қадірін біл,* ***кедейліктен*** *бұрын* ***байлықтың*** *қадірін біл, қысылтаяңнан бұрын бос уақытты қадірле және* ***өлмей*** *тұрып,* ***тірілігіңді*** *ғанибет біл» деген сөз содан қалса керек*[5] -, деген мәтіннен бір-бірімен антоним болатын сөздерді тауып, мағынасын ашып жазуы керек. Бұл тапсырманы орындау кезінде оқушы грамматикалық ережені түсініп қана қоймай, сабақ тақырыбына байланысты тың ақпараттармен танысады.

2 – тапсырма. Антоним сөздерді сәйкестендір.

Қартаю	байлық
Кедейлік	қысқарту
Өлі	жастық шақ
Ұзарту	тірі

Тапсырманы орындау барысында оқушылар сөздердің мағынасын ажыратып, сөздердің мағыналық сәйкестігін анықтайды, іздену мен сыни ойлау қабілеттері артып, тапсырманы орындауда уақытты тиімді пайдалану дағдысы қалыптасады.

3 – тапсырма. Берілген тұрақты тіркестердің мағынасын анықтап, антонимдерін тауып жаз.

Қас қағым сәт -

Көзді ашып-жұмғанша -

Қамшының сабындай ғұмыр –

Мәтіндік тапсырманы орындату оқушылардың түсіндірме сөздікпен жұмыс жасай алуына әрі тұрақты тіркестердің мағынасын түсінуіне, функционалдық сауаттылығының артуына , қарым- қатынастық байланыста сөзді орынды қолдана алуына, шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етеді.

4 – тапсырма. Берілген сөздердің антонимін тауып, оларды қатыстырып мәтін бойынша ой - тұжырым жаса.
Пайдалы, құнды, өзгеру, оң нәтиже, күрделі.

Оқушылар жеке жұмыс жасай отырып, берілген сөздердің антонимдік қатарын мағынасына қарай тауып жазады. Сөздердің мәтіндегі қолданысын түсініп, өз ойын нақты әрі тұжырымдап жеткізу қабілеттері артады. Өз ойын жеткізуде дәлелдер келтіру арқылы тұжырымдауды үйренеді.

5 – тапсырма. Антонимдерді қатыстырып уақыт тақырыбында мақал құра.

Мақал құрау барысында оқушы мақалдың қарсылық мән арқылы жасалатынын түсініп, сыни ойлау қабілеті мен шығармашылық қабілеттері дамиды.

Қазақ тілін оқытудың өзектілігі уақыт өткен сайын артып келеді. Өскелең ұрпақтың ана тіліне деген құрметін қалыптастыруда педагогиканың үлесі зор. Сондықтан зерттеу еңбегімізде қазақ тілін, оның ішінде лексикадағы қарама-қарсылықты тиімді оқытудың әдіс-тәсілдерін жасадық. Қазақ тіліндегі қарама – қарсылықты оқытуда кездесетін қиындықтардың шешу жолдарын көрсеттік. Логикалық қарама-қарсылық пен антонимдік қарама-қарсылықтың айырмашылығын оқушыға түсіндіруде тапсырма барысында, контекст арқылы түсіндірдік. Педагогикалық еңбектерде оқушының қызығушылығын қанағаттандыруды басты нысан етіп қояды. Қазақ тіл біліміндегі қарама-қарсылық туралы зерттеулерді, мәселелерді оқушыларға қызықты әрі қабылдауға жеңіл етіп ұсынып, олардың тіл ғылымына деген талпынысының артуына жағдай жасадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 170 б.
2 Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1984. – 175 б.
3 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
4 Бөрібекова Ф.Б, Н.Ж.Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. –Алматы, 2014. – 360 б.
5 https://www.inform.kz/kz/oz-uakytymyzdy-utymdy-paydalana-bilemiz-be_a2802835
6 Бақтыбаева Ж. Білім берудегі арт-технологиялар: оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 98 б.
7 Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, М. Жолшаева, Т.Мадиева. – Алматы: Мектеп, 2017. - 224 бет.
8 Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 5 - сыныбына арналған оқулық / Ж. Дәулетбекова, Г. Қосымова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192 бет.
9 Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 5 - сыныбына арналған оқулық. / Т.Н.Ермекова, Ж. К.Отарбекова, Р. Н. Мұнасаева. - Астана: Арман-ПВ баспасы, 2017. - 144 бет.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

КОМПОЗИЦИОННЫЙ ЦЕНТР В ЖИВОПИСНОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ

Байоразова Аяжан Жанбатырқызы, Тустукпаева Даяна Жандосқызы.
Преподаватели в «Zhansgurov College» Жетысуского университета имени И.Жансугурова
Республика Казахстан, Жетысуская область, город Талдыкорган.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459471

To Cite: Байоразова Аяжан Жанбатырқызы, & Тустукпаева Даяна Жандосқызы. (2024). КОМПОЗИЦИОННЫЙ ЦЕНТР В ЖИВОПИСНОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459471

Аннотация: Раскрытие композиционного центра в живописном произведении, целостность изображения образов главных героев, которая позволяет показать систематичность эффекта восприятия картины, обращая внимание на контрастность изображения главной темы.
Ключевые слова: Сбалансированная композиция, гармоническое объединение, живописное произведение, композиционный центр, художник.

Abstract: Disclosure of the idea of the composition of a painting, the integrity of the image of the images of the main characters, which allows us to show the systematic effect of the perception of the picture, paying attention to the peculiarity of the image of the main theme.
Key words: Balanced composition, harmonious unification, painting, idea of a painting, artist.

Основная цель картины-показать основную мысль, идею. Целостность композиции обусловлена подчинением дополнительного понимания главной идее, гармонизацией описания в одном целомудренном произведении. Каждая деталь должна быть направлена на развитие главной мысли. Основной объект должен быть четко виден, а дополнительные, второстепенные предметы не должны так сильно зацепляться за глаза.

Объект, выполняющий основную функцию на изображении, должен располагаться близко к оптическому центру. В этом случае изображение может быть полностью просмотрено с первого взгляда, что позволяет воспринимать его содержимое на больших расстояниях.

При наблюдении за окружающей средой наше зрение адаптировано к уникальному восприятию одного объекта из рассматриваемой группы. Он расположен в центре поля зрения и хорошо виден невооруженным глазом, привлекая к себе много внимания. А объекты в поле зрения за пределами другого центра зрения наблюдаются в общем виде. Вещи в области основного рассматриваемого предмета воспринимаются единым, уравновешенным образом, все видение, которое подчиняется главному элементу и попадает в поле зрения.

Композиционное построение картины во многом зависит от специфики зрительного восприятия. Чтобы изображение воспринималось целостно, все элементы должны подчиняться главному образу. Наличие нескольких композиционных центров одинаковой важности создает целостность, ассоциацию композиции. Он не соответствует требованиям визуальной оригинальности. Художник может показать на картине несколько композиционных центров, которые должны сочетаться с содержанием.

Систематичность эффекта восприятия картины должна соответствовать не только специфике эффекта восприятия, но и сознанию развития содержания. Например, если привести пример

произведения М. Кенбаева "поэма Шабана", то в первую очередь выделяется образ Шабана. После принятия Центрального изображения внимание зрителя падает на другие элементы, все они направлены на определение главной темы. Все это должно сначала повлиять на то, как художник создает проектные закономерности. Поэтому в первую очередь задача состоит в том, чтобы изделие для проектирования находилось в первом ряду. В произведении С. Мамбеева "девушки в твоем городе" внимание зрителя в первую очередь уделяется девушкам первой линии, восхищаясь их красотой, преклоняемся перед мастерством художника. Правильное определение пропорций образов людей, использование контраста все это способствует восприятию композиционного построения произведения. Размер не очень большой, но изображения с понятным содержанием также хорошо воспринимаются на больших расстояниях. Таким образом, целостность композиции зависит от взаимосвязи всех элементов произведения, которые определяются сознанием деятельности.

В композиционном жанре описание главного героя не ограничивается его расположением в видимом центральном месте, но также имеет большую функцию техники письма.

В отличительном проявлении композиционного центра усиление четкого зрения в изображении осуществляется световыми тенями, и выполняется с помощью размеров, расстояния изображений.

Художник демонстрирует важный элемент в картине цветом, оттенком, наблюдательностью деталей.

Основная цель художника-создать гармоническое объединение. В композиции целостность произведения может быть достигнута только тогда, когда равновесие, то есть все элементы, находятся во взаимном согласии. Равновесие выполняется с помощью пропорциональности. Сбалансированная композиция воспринимается легко и непринужденно, создавая ощущение целостности, четкости. Непропорционально взаимосвязанные отношения, неустойчивые, неравные, вызывают чувство разорения в любой момент. Любое нарушение равновесия усложняет композицию и приводит к дисгармонии.

Если поверхность бумаги неоднородно заполнена изображенными объектами, изображение смещено к одному краю плоскости, а часть воспринимается как тяжелая, это нарушает равновесие. Такое видение может противоречить нашей способности видеть и казаться плохо организованным.

Когда мы смотрим на объекты окружающей среды, мы замечаем, что объекты в поле зрения расположены равномерно. Оптический центр находится примерно посередине. В соответствии с этим находят места предметов в композиции и устанавливают композиционный центр. Композиционный центр может не совпадать с геометрическим центром. Центральный объект изображения слишком сильно смещается или смахивает кучу предметов позже, оставляя пустой вид на другой стороне, утяжеляя часть изображения.

Чтобы добиться равновесия в композиции, следует уделить особое внимание равномерному расположению элементов как справа, так и слева от плоскости рисунка, как верхней, так и нижней части. Но вам нужно держаться подальше от разделения плоскости пополам (горизонтально или вертикально).

Желательно, чтобы горизонт на рисунке не соприкасался с горизонтальным центром изображения, и чтобы крупные объекты не попадали в центральную вертикаль. Однако вся картина разделена на части, ширина которых находится самостоятельно.

Баланс изображения не подразумевает точной геометрической симметрии. Если композиционный центр, главный герой, расположен прямо в центре картины, картина будет выглядеть непривлекательно. Лучше всего немного отодвинуть его от центра. Кроме того, вес изображения имеет большую функцию тона и цвета, а также размера предметов

смелые и искренние мысли, жизненные проблемы, связанные с любовью к человеку и природе, питают человеческое сердце и разум. И. Е. Репин - "без идеи невозможно

существование Великого художественного произведения". Для определения эстетического богатства жизненных явлений различными предметами произведение художественного изобразительного искусства должно иметь по своему содержанию и по виду определения итоги проявления реального мира. Элементы, составляющие живописное мастерство (от пластических объемов предметов до колоритных), имеют объективное происхождение. Используется с образами явлений и предметов, воспринимаемых только зрением человека, характерными для живописи. Для определения явлений жизни всегда нужны реалистичные, реалистичные визуальные эффекты. Сходство с реальными предметами, разная цветовая реальность-вот в таких случаях краски вызывают эстетические эмоции. До тех пор, пока не будет найдено истинное выражение предметов и предметов, не может возникнуть художественный образ или другой контент. Живописное изображение не может быть предположительным знаком или символом. Художественный образ в станкинской живописи-это не тревожное понятие, а реальное сходство вещей. Эмоциональное воздействие картины связано с зрительным восприятием природы, осознанием реального мира. Опираясь на богатство ассоциативных иллюзий, связанных с миром вещей, картина погружает зрителя в систему определенных человеческих переживаний. Человек познает мир через видимые образы.

Мыслительную деятельность можно развернуть с помощью знакомых предметов, конкретных свойств и отношений. Чувства видения являются основным источником эстетического восприятия и познания природы. Вид предмета дает развернутую и полную характеристику предмета, определяем сущность и содержание предметов, их деятельность в жизни через видимый образ.

Список литературы:

1. Адамкулов Н.М. История музыкальных инструментов. Алматы, 2006 - 48 стр.
2. Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты. Алматы, Искусство, 1981. 26-42 страницы.
3. Великий казахский поэт Акселеу Тараkты. Алматы, Искусство 2000 8-11 стр.
4. Актаев Адамкулов С.Н., руководитель казахского безумия. Алматы, 2008, 298 стр.
5 . Шаныракская энциклопедия для жизни дома. Алматы, Арт 1990. 814 страниц
6. Кульжабаев Искусство Орима Е.У. Алматы, 2008. 166 страниц

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫН МӘТІНДІ ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Уракова Жансая Нұржанқызы

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459546

To Cite: Уракова Жансая Нұржанқызы. (2024). БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫН МӘТІНДІ ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459546

Аңдатпа. Мақалада математикалық ұғымдарды мәтін есептер арқылы дамытудың әдістемесі айтылды. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық ұғымдарды түсінудің маңыздылығы талқыланды. Мәтінді есептердің шығару жолы мен әдістемесі көрсетіліп, оны бастауыш мектепте оқытудың әдістемесі жазылды.
Кілт сөздер: мәтін есептер, математикалық ұғымдар, математиканы оқыту әдістемесі, функционалдық сауаттылық, бастауыш сынып.

Abstract. The article outlined a methodology for the development of mathematical concepts through text problems. The importance of elementary school students ' understanding of mathematical concepts was discussed. The method and methodology of solving textual problems are indicated, and the methodology for teaching it in elementary school is written.
Key words: text problems, mathematical concepts, methods of teaching mathematics, functional literacy, primary school.

Математикалық ұғымдар математика ғылымында өте күрделі категорияларға жатады. Мұғалім бастауыш мектептен математикалық ұғымдарды оқытудың әдістемесіне аса назар аудару керек. Оқушы ұғымдарды танып қана қоймай оны іс жүзінде қолдана алуды да білуі тиіс. Зерттеуші А.Я.Хинчин математикалық ұғымдардың әдістемелік мәселелерін теориялық негізде зерттеп, жариялау керек деген болатын.Осы тақырып бойынша бірнеше бағыт қалыптасқанын айта кеткеніміз жөн. Бірінші бағыт математикалық ұғымдарды оқыту кезінде бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктеріне назар аударды. өйткені баланың ақпаратты қабылдауы тікелей оның психикалық, физикалық саулығына байланысты еді. Бұл мәселе Ж.Пиаже, Д.Эльконин, т.б. психологтардың еңбектерінде айтылды. Ғылыми тұжырымдамаларды қалыптастыруға ауызша-логикалық операциялардың қатысуымен қалыптасатын психологиялық процестердің бір жүйесі қалыптасатынын көрсетті.

Ал, екінші бағыттың өкілдері Н.Талызина, И.Никольская, Т.Кондрашенков және т.б. математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін логикалық әдістерді зерттеумен айналысты.Оқушылар математикалық ұғымдар мен олардың анықтамаларымен жұмыс істеу кезінде олардың іс-әрекеттері назарға алынады екен. Математиканың бастауыш курсының бағдарламаларында анықтамалармен жұмыс істеу туралы ештеңе айтылмаған, бірақ анықтамалар оқушыларды оқытуда үлкен рөл атқарады және бастауыш мектептің математика курсында өте маңызды орын алуы керек. Сондықтан қарастырылып отырған тақырып қазіргі уақытта өзекті болып қала береді. Ұғымдарды зерттеудің негізгі мақсаты-оқушылардың ұғымдардың мазмұнын дұрыс игеруі және олардың оқу іс-әрекетінде соңғысын қолдануы. Бұл мақсатқа жету-ұзақ процесс. Оқушыларда ұғымдардың

қалыптасуы, яғни.ұғымдарды игеру процесі студенттердің өз қызметінде қалыптасқан ұғымдарды қолдануы арқылы жүреді. Сондықтан оқушыларды белсенді іс — әрекетке қосу — ақыл-ой немесе практикалық-оларда зерттелетін ұғымдарды қалыптастырудың маңызды және жалғыз жолы[1].

Қарапайым есептерді шешуді үйрену процесі сонымен бірге математикалық ұғымдарды қалыптастыру процесі болып табылады. Осыған байланысты, бастауыш сынып математикасы курсында қарастырылатын ұғымдарға байланысты қарапайым есептер үш топқа бөлінеді:

- бірінші топқа қарапайым есептер кіреді, оларды шешу кезінде балалар арифметикалық әрекеттердің әрқайсысының нақты мағынасын игереді (қосу, азайту, көбейту, бөлу) ;
- екінші топқа оқушылар компоненттер мен арифметикалық әрекеттердің нәтижелері арасындағы байланысты игеретін қарапайым есептер кіреді. Бұл белгісіз компонентті табудың қарапайым міндеттері;
- үшінші топ-қарапайым міндеттер, оларды шешу кезінде айырмашылықты салыстыру және бірнеше қатынас ұғымдары ашылады[2].

Бастауыш сынып оқушыларына есептерді шешуге үйрету дегеніміз-оларды деректер мен ізделгендер арасында байланыс орнатуға және соған сәйкес арифметикалық әрекеттерді таңдауға, содан кейін орындауға үйрету. Оқушылар игеруі керек мәселелерді шеше білудің орталық буыны-бұл мәліметтер мен ізделгендер арасындағы байланысты игеру. Оқушылардың бұл байланыстарды қаншалықты жақсы меңгергендігі олардың есептерді шешу қабілетіне байланысты. Осыны ескере отырып, бастауыш сыныптарда тапсырмалар топтары бойынша жұмыс жүргізіледі, олардың шешімі деректер мен ізделетін арасындағы бірдей байланыстарға негізделген және олар нақты мазмұны мен сандық деректерімен ерекшеленеді[3]. Мұндай тапсырмалар топтарын бір типтегі тапсырмалар деп атаймыз. Тапсырмалар бойынша жұмыс оқушыларды алдымен бір түрдің, содан кейін екіншісінің және т.б. есептерді шешуге итермелеумен шектелмеуі керек. оның басты мақсаты — балаларды әртүрлі өмірлік жағдайларда мәліметтер мен ізденушілер арасында саналы түрде белгілі бір байланыстар орнатуға үйрету, олардың біртіндеп күрделенуін қамтамасыз ету.

Бұған қол жеткізу үшін мұғалім әр түрдің мәселелерін шешуге арналған оқыту әдістемесінде осындай қадамдарды қарастыруы керек: 1) міндеттерді шешуге дайындық жұмыстары; 2) міндеттерді шешумен танысу; 3) есептерді шешу қабілетін бекіту. Құрама тапсырма бір-бірімен байланысты бірқатар қарапайым тапсырмаларды қамтиды, осылайша кейбір қарапайым тапсырмалар басқалардың деректері ретінде қызмет етеді. Құрама есепті шешу оны бірқатар қарапайым есептерге бөлуге және оларды дәйекті шешуге дейін азаяды. Осылайша, күрделі есепті шешу үшін мәліметтер мен ізделгендер арасындағы байланыс жүйесін құру керек, оған сәйкес арифметикалық әрекеттерді таңдап, содан кейін орындау керек.

Бұл тәсілде құрама есептерді шешуді оқытудың негізгі әдісі-белгілі бір мәселелерді шешу жолдарын көрсету және оларды игерудің маңызды, кейде әлсіретететін тәжірибесі, яғни оқытудың түсіндірме-иллюстрациялық және репродуктивті әдістері қолданылады (И.Я.Лернер - М.Н.Скаткиннің жіктелуі). Сондықтан көптеген оқушылар тапсырмаларды тек үлгі бойынша шешеді. Басқа тәсілдің мақсаты (оның жақтастарының пікірінше: Истомина Н.Б., Фридман Л.М., Александрова Э.А., Аргинская,т.б - балаларды мәтіндік есептердің семантикалық, логикалық және математикалық талдауларын орындауға үйрету, шарт пен сұрақ, деректер мен ізделгендер арасындағы байланысты анықтау және осы байланыстарды схемалық түрде ұсыну және символдық модельдер[4].

Есептерді (қарапайым және құрама) шешу процесі ауызша модельден математикалық немесе схемалық модельге көшу ретінде қарастырылады. Бұл ауысуды жүзеге асырудың негізі мәтінді семантикалық талдау болып табылады (осы міндеттерді ауызша тұжырымдау

ерекшеліктерін анықтау, оларда жеке элементтердің қандай тілдік құралдармен көрінетінін анықтау, тапсырманың ауызша тұжырымын талдау негізінде шамалардың жеке мәндерін және олардың түрлерін, сондай-ақ шамалардың мәндерін байланыстыратын қатынастарды тануға болады) т. б.) ондағы математикалық ұғымдар мен қатынастарды бөліп көрсету (мәтінді Математикалық талдау). Әрине, оқушылар бұл әрекетке дайын болуы керек. Демек, бастауыш сынып оқушыларын мәтіндік тапсырмамен таныстырудың алдында математикалық ұғымдар мен қатынастарды қалыптастыру бойынша арнайы жұмыс болуы керек, олар мәтіндік есептерді шешуде қолданатын болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1.Кольцова, Ю. Г. Формирование математических понятий на уроках в начальной школе / Ю. Г. Кольцова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 3 (293). — С. 428-430.
2.Сағымбекова П.С., Тлеубаева Э.Ы., Тортаева А.С. Бастауыш сыныптардың математика сабақтарына дайындалу мен оны жоспарлаудың әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптары мұғалімдеріне арналған.-Тараз, 2013. 329-бет

3.Математиканы оқыту әдістемесі, 2-сынып. Мұғалімдерге арналған. /Оспанов Т.Қ., Маркина М.В., Керімқұлова Г.Т., Свидченко И.И. – Алматы: «Атамұра», 2009.
4. Текесбаева А.М. Математиканы оқыту әдістемесі .- Алматы: «Отан» баспасы, 2015.-165б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ДЁРНИДІҢ МОТИВАЦИЯ ТЕОРИЯСЫ ТҰРҒЫСЫНАН СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ МЕН ЫНТАСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Е.Есқали
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 7М01706 - Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 2 курс магистранты, e-mail: Қызылорда, Қазақстан
М.Е.Сейтова
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы (PhD),
Түркістан, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459679

To Cite: М.Е.Есқали, & М.Е.Сейтова. (2024). ДЁРНИДІҢ МОТИВАЦИЯ ТЕОРИЯСЫ ТҰРҒЫСЫНАН СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ МЕН ЫНТАСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459679

Аңдатпа

Мақалада студенттердің мотивациясын Дёрнидің теориясы тұрғысынан ағылшын тілін үйренуге деген көзқарасы мен ынтасын зерттеу мәселелері талданады. Бұл мәселені зерттеудің өзектілігі бүгінгі таңдағы жаһандану заманында ағылшын тілін жетік меңгерген тұлғаның қоғамның мәдени, саяси, экономикалық салаларында алатын орнының маңыздылығында. Студенттердің ағылшын тілін үйренуге деген мотивациясын арттыру және оқыту әдістерін зерттеу оқытушылар үшін маңызды міндет болып табылады. Зерттеу барысында жоғарғы оқу орындары студенттерінен сауалнама алынып, деректер мақалаға енгізілді. Жүргізілген жұмыс нәтижелерін ағылшын тілін оқыту әдістемесінде қосымша ақпарат немесе тәжірибелік материал ретінде қолдануға болады.

Кілт сөздер: мотивация, оқыту процесі, білім алушылар, зерттеулер

Study of students' attitudes and motivation to learn English from the perspective of Dorneyi's motivation theory issues

Annotation

The article analyzes the problems of studying the motivation of students in their attitude and motivation to learn English from the point of view of Derney's theory. The relevance of the study of this problem lies in the importance of the place of a person who is fluent in English in the cultural, political, economic spheres of society today in the era of globalization. Increasing the motivation of students to learn English and studying teaching methods is an important task for teachers. In the course of the study, a survey of university students was taken and the data was included in the article. The results of the work carried out can be used as additional information or practical material in the methodology of teaching English.

Key words: motivation, learning process, learners, research

Қоғамдық дамудың қазіргі кезеңінде қоғамдық қатынастардың барлық саласының жаһандану үрдісін ескере отырып, ағылшын тілін меңгеруге айтарлықтай көңіл бөлінуде. Жаһандану үдерісі әлеуметтік байланыстардың, сонымен қатар вербалды коммуникацияның,

оның ішінде ағылшын тілін білуді талап ететін этносаралық коммуникацияның рөлінің артып келе жатқанын білдіреді. Сондықтан ағылшын тілін меңгеру процесінде студенттердің мотивациясын арттыру мәселесі өте қажет және өте өзекті болып табылады. Мотивацияның жеткіліксіздігі - бұл бөлек қиындық және тілді үйрену үдерісіндегі айтарлықтай кедергі, әсіресе ағылшын тілін белгілі бір мақсатта үйренуге келгенде көптеген мәселелер туындауы мүмкін.


Мотивация білім беру саласындағы, атап айтқанда, ағылшын тілін үйренудегі жетістіктің негізгі кілті болып табылады. Жұмыс, қарым-қатынас, таным сияқты кез келген адам орындайтын барлық әрекеттер ішкі немесе сыртқы қажеттіліктер немесе мотивация арқылы ынталандырылады [1].

Мотивация сөзі «қозғалу» дегенді білдіретін латынның movere етістігінен шыққан. Адамды белгілі бір таңдау жасауға, әрекетке баруға, күш жұмсауға және әрекетте табанды болуға итермелейтін нәрсе – мотивация теориясы мен зерттеулерінің негізінде осындай негізгі сұрақтар жатыр. Бір қызығы, бұл алдамшы қарапайым сұрақтар ондаған жылдар бойы көптеген теориялар мен зерттеулерді тудырды, ғалымдар арасында айтарлықтай пікірталастар мен келіспеушіліктерді тудырды, әртүрлі айнымалыларды және мотивация құрылымының әртүрлі түсінігін қамтитын көптеген теориялық модельдерді тудырды және бірнеше нақты тұжырымдар жасады. Интуитивті түрде біз «мотивация» терминімен нені білдіретінін білуіміз мүмкін, бірақ оның тұжырымдамалық анықтамалық ауқымы туралы консенсус аз [2].

Пән ретінде ағылшын тілі бірқатар спецификалық қасиеттерге ие және олардың бірі коммуникативті дағдыларды меңгеру болып табылады. Сондықтан білім алушылардың мотивациясын дамытуға тиімді әсер ете алатын оқыту әдістерін әзірлеу және зерттеу аса қажет үдеріс. Зерттеулер мотивацияның ерекшеліктерін зерделеу, жаңа тәсілдер, бағдарламалар мен оқу жоспарларын әзірлеуде оқу процесін алға жылжытады және айтарлықтай жақсы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етуін анықтауды жүзеге асырады.

Зерттеу барысында алдымен студенттердің ағылшын тіліне деген қызығушылықтарын анықтау мақсатында олардың өз беттерімен ағылшын тілін үйренуге деген көзқарасын анықтадық. Сауалнамаға Қызылорда қаласы бойынша жоғарғы оқу орынында білім алатын бакалавр дәрежесінің 111 студенті қатысты [3].

Кесте 1



NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Сауалнамаға қатысушы студенттердің пайыздық көрсеткіші бойынша ЖОО-на түскенге дейін ағылшын тілін өз бетімен үйренген студенттердің үлесі 61,3%.


Ноттингем университетінің психолингвистика профессоры Золтан Дёрни: «Мұғалімнің сабақта жасайтын барлық нәрсесінің мотивациялық әсері бар», - дейді. Ол өзінің «Тіл сабағындағы мотивациялық стратегиялар» кітабында оқуға деген құштарлыққа әсер ететін маңызды факторларды қарастырады.

Золтан Дёрни мотивациялық зерттеудің түрлері мен әдістерін мұқият зерттеп, шетел тілдерін меңгерудегі ішкі мотивация негіздерін және оқытудың тиімділігін арттыру жолдарын талдады. Ол үш негізгі мотивациялық фактордың маңыздылығына тоқталды: студенттердің шетел тілдеріне оң көзқарасы болуы керек екендігін, олар процестен ләззат алуы керектігін, сонымен қатар сыртқы тәжірибеден өтуі керек екендігін атап өтті [4].

Оқыту процесінде мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас деңгейі өте маңызды рөл атқарады. Релаксация, қорқыныштың болмауы, мұғалімге және оқу процесіне деген достық қатынас, сонымен қатар топта достық өзара түсіністікке ұмтылу педагогикалық қарым-қатынастың дұрыс таңдалған стилінің нәтижесі болып табылады. Әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде ұйымдастырылған оқу үрдісінің өзі педагогикалық қарым-қатынастың адекватты емес стилі арқылы жойылуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, студенттердің тиімді оқу іс-әрекетін қамтамасыз ету үшін табысты мотивация жағдайларын қамтамасыз етуде айтарлықтай мәселелер бар. Ал қазіргі психологтардың мотивацияның теориялық негіздері саласында белгілі бір тәжірибесі болғанына қарамастан, мотивация мен оқу әрекетінің өзара байланысы, сондай-ақ олардың оқытудың тиімділігіне әсері және оның механизмдері туралы жалпы түсінік әлі де жеткілікті зерттелмеген және оның әдістерін жақсарту жолы әлі де көптеген зерттеулер жүргізуді талап етеді [5].

Деректерге сәйкес бағалар, емтихандар, стипендиядан айырылып қалу қорқынышы және ата-аналардың қысымы сияқты сыртқы мотивация 62,2%-ды көрсетіп ең негізгі мақсат ретінде танылып отыр. Дегенмен, дәл осы студенттер сыртқы қысымды жеке қызығушылық пен сабақтан ләззат алу сияқты өзін-өзі ынталандырумен алмастырса, тіл үйрену процесі әлдеқайда тиімді болар еді.

Кесте 2




Қарым-қатынас адамның ағылшын тілін үйренудегі бірінші және табиғи қажеттілігі болғандықтан мотивацияның коммуникативтік түрі негізгі болып саналады. Зерттеулер көрсеткендей, студенттер жасына және әлеуметтік жағдайына қарамастан өздерінің

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

қажеттіліктерін саналы және бірауыздан таза коммуникативті, атап айтқанда: әріптестерімен, достарымен ағылшын тілінде сөйлесу, ой-өрісін кеңейту үшін оқи білу, сонымен қатар кәсіби мақсаттарда және жеке ләззат алу үшін, шетелдік достармен және әріптестермен ағылшын тілінде пікр алмасу үшін меңгереді. Оны сауалнамадағы көрсеткіш бойынша барлық дағдылардың ішінен сөйлеу дағдысы 66,4%-ды құрап, басым таңдауда болғандығынан анықтаймыз.

Кесте 3




Дегенмен, ағылшын тіліне деген осындай күшті қарым-қатынасқа қызығушылыққа қарамастан, мотивацияның бұл түрін сақтау ең қиын қызмет болады. Себебі, өз ана тілінің атмосферасында ағылшын тілін меңгеру барысында ағылшын тілі «жасанды» қарым-қатынас құралы болып табылады. Осылайша, «табиғи жағдайлар» деп аталатындардың барлығы жасанды [6].

Алайда сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға арналған түрлі ойын түрлері, миға шабуыл сессиялары, брейн-рингтер 38,7%-ды құрап, студенттер арасында үлкен қызығушылыққа ие екендігін танытты. Мұндай жағдайларда оларда бәсекелестік сезімі қалыптасады және өз ойын, пікірін білдіріп, шығармашылық қабілеттері айқынырақ көрінеді. Ішкі мотивацияның келесі түрін лингвистикалық деп санау керек, ол студенттердің «тіл мәселесінің» өзіне, тілдің негізгі қасиеттерін зерттеуге қызығушылық танытуынан тұрады. Оны қалыптастырудың екі мүмкін жолы бар: жанама, коммуникативті мотивация арқылы және тікелей, студенттердің ізденіс белсенділігін ынталандыру арқылы.

Ішкі мотивацияның маңызды түрі инструментальды болып табылады, яғни студенттердің белгілі бір еңбек түрлеріне оң көзқарасымен анықталатын мотивация. Студенттердің бақылаулары мен сауалнамасы мультимедиялық құралдарды пайдалану мотивацияны айтарлықтай арттырып, ағылшын тілін үйренуге деген құштарлықты оятатынын көрсетті. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануды асыра бағалау мүмкін емес, өйткені интернетте сабақтарға дайындық процесін жеңілдететін, оқытудың тиімділігін арттыратын көптеген ақпараттарды, үлестірмелі материалдарды, жұмыс парақтарын және мультимедиялық ресурстарды табуға болады.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Кесте 4



Сонымен қатар, mentimeter.com сияқты веб-сайт арқылы жасалған интерактивті презентациялар оқу процесін қызықты етуге көмектеседі және тиімді визуализацияны қамтамасыз етеді. Бұл веб-сайт кез келген тақырып бойынша презентацияларды оңай құруды жүзеге асырады, осылайша оқытушы белгілі бір сабақтың тақырыбына сәйкес келетін материалдарды таңдай алады. Сонымен қатар, студенттерге kahoot.com сияқты ресурстарды пайдалана отырып, викториналар мен басқатырғыштар сияқты интерактивті әрекеттерді беруге болады. quizlet.com, class-time.com. веб-сайттары оқытушыға мультимедиялық интерактивті әрекеттерді құруда үлкен көмек көрсетеді және сабақтарды қызықты өткізуге кең мүмкіндіктер береді.

Кесте 5



Дегенмен, мұндай құралдарды пайдаланудың кемшілігі - аудиторияларда қажетті құрал-жабдықтардың болмауы және кейбір жағдайларда интернеттің әлсіздігі екендігін сауалнамада 46,8%-дық көрсеткіштен байқауға болады. Бірақ мұндай келеңсіз аспектілерге қарамастан, мұндай ресурстарды пайдалану аудиторияда да, үйге дайындық кезінде де өте

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

пайдалы. Сонымен қатар, тегін онлайн грамматика мен сөздік тапсырмаларын ұсынатын көптеген сайттар бар.

Қорытындылай келе, зерттеу және сауалнаманың нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей тұжырымдамаларға тоқталамыз:

Оқу процесінде мотивация студенттің жеке тұлғасын қалыптастырудың, сонымен қатар оның дағдылары мен қабілеттерін дамытудың маңызды факторы болып табылатынын, сонымен қатар оның шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға және ашуға ықпал ететінін атап өтуге болады. Ағылшын тілін үйренудегі мотивацияны қалыптастыру мен қолдаудың қажетті шарттары оқытудың проблемалық әдістерін, тілдік және мәдени материалды пайдалану болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Зимняя, И. А. Педагогическая психология: учеб. для вузов. 3-е изд. / И. А. Зимняя. — М.: Логос, 2004. — 384 с.
2. Dornyei, Z. Teaching and Researching Motivation. Applied Linguistics in Action Series. 2nd ed. / Z. Dornyei, E. Ushioda. — Harlow: Pearson Education Limited, 2001. — 323 p.
3. https://forms.gle/WTEMmcSAqWsURnsW6
4. Motivation [Electronic resource] // Oxford Learner's Dictionaries. — Mode of access: https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/defi nition/english/motivation.
5. Dörnyei, Z. (1994b) Understanding L2 motivation: On with the challenge! Modern Language Journal 78: 515–23.
6. Dörnyei, Z. (2009a) The L2 Motivational Self System. In Dörnyei, Z. and Ushioda, E.(eds), Motivation, Language Identity and the L2 Self. Bristol: Multilingual Matters:
9–42.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 378:373.2.517.58

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жаманқұлова Айдана Мекенғалиқызы
Х.Досмұхамедов атындағы АтУ-нің 7М01503-математика мамандығы бойынша
1 курс магистранты, ғылыми жетекшісі – **Н.К.Шаждекеева**

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459691

To Cite: Жаманқұлова Айдана Мекенғалиқызы, & Н.К.Шаждекеева. (2024). МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459691

Аннотация: Мақала математиканы оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға арналған. Математиканы оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану көрнекілік пен белсенділік принципі арқылы да, диагностика мен оқыту сапасын бақылаудың жаңа деңгейіне көшу арқылы да оқыту тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әдістемелік функциялары бойынша жіктелуі қарастырылып, осы технологияларды қолдану арқылы оқыту тиімділігін арттыру тетіктері ұсынылған.

Кілт сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, математиканы оқыту, ақпараттық-білім беру ортасы.

Abstract: the article is devoted to the use of information and communication technologies in teaching mathematics. The use of information and communication technologies in teaching mathematics makes it possible to significantly increase the effectiveness of training both through the principle of visualization and activity, and through the transition to a new level of diagnostics and quality control of training. The article considers the classification of information and communication technologies by methodological functions and proposes mechanisms to increase the effectiveness of training using these technologies.

Keywords: information and communication technologies, teaching mathematics, information and educational environment.

Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданбай оқу процесін елестету мүмкін емес. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тікелей сабақтарда да, оларға дайындық кезінде де қолданылады. Білім беру ұйымының ақпараттық білім беру ортасының болуы мемлекеттік білім беру стандарттарында көрсетілген заңмен бекітілген норма болып табылады. Жаңа буынның білім беру стандарттарында ақпараттық білім беру ортасына қойылатын қатаң және рәсімделген талаптар ұсынылған. Мұғалімнің кәсіби стандарты мұғалімнің АКТ құзыреттілігіне қойылатын талаптарды қамтиды, ал мұғалімнің АКТ құзыреттілігі көп деңгейлі болып табылады және жалпы қолданушы АКТ құзыреттілігін, жалпы педагогикалық АКТ құзыреттілігін және пәндік-педагогикалық АКТ құзыреттілігін қамтиды. Пәндік-педагогикалық АКТ құзыреттілігі математика мұғалімі үшін өте егжей-тегжейлі ашылған.

Жалпы пайдаланушының АКТ құзыреттілігі қазіргі ақпараттық кеңістікте жұмыс істеу құралы ретінде компьютердің аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету

негіздерін білуді; мәтіндік, сандық, графикалық, дыбыстық және бейне ақпаратпен жұмыс істеу үшін компьютердің аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалана білуді; ақпаратты басқару құралы ретінде компьютермен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруді қамтиды.

Жалпы қолданушы АКТ құзыреттілігі мұғалімге негізгі және орта жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша педагогикалық қызметті орындау үшін қажет, атап айтқанда мәтіндік редакторлармен, электрондық кестелермен, электрондық поштамен және браузерлермен, мультимедиялық жабдықтармен жұмыс істеу.

Жалпы педагогикалық АКТ құзыреттілігі білім беру кеңістігіндегі ақпараттық ағындардың айналымының ерекшеліктерін білуді білдіреді, өзінің кәсіби қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын құру және қолдану, сондай-ақ сабақтарды дайындау және өткізу үшін қажетті ақпаратты жинау, өңдеу және талдау үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (қолданбалы бағдарламалар пакеттерін, жергілікті және ғаламдық компьютерлік желілерді қоса алғанда) пайдалану, білім беру нәтижелерін бақылау және диагностикалау үшін оқыту бағдарламалары мен бақылаушы бағдарламалық құралдарды пайдалану мүмкіндігі; бағдарламалық құралдарды пайдалану және компьютерлік желілерде жұмыс істеу, деректер базасын құру және жалпы педагогикалық міндеттерді шешу үшін Интернет желісінің ресурстарын пайдалану дағдыларын меңгеру.

Жалпы педагогикалық АКТ құзыреттілігі мұғалімге негізгі және орта білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша педагогикалық қызметті орындау үшін, атап айтқанда келесі міндеттерді шешу үшін қажет:

- заманауи ақпараттық технологияларды, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарын қолдану;
- заманауи ақпараттық-формациялық технологиялардың жетістіктеріне сүйене отырып, оқу сабақтарын өткізу;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағдайында бағалаудың қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалану (құжаттаманың электрондық нысандарын, оның ішінде білім алушылардың электрондық журналы мен күнделіктерін жүргізу).

6. Арбузова, Е. Н. Развитие критического мышления при обучении биологии / Е. Н. Арбузова // Биология в школе. - 2011. - № 8. - С. 29-36

7. Арбузова, Е. Н. Методическая система обучения студентов-биологов на основе использования инновационного учебно-методического комплекса по дисциплине «Методика обучения биологии» / Е. Н. Арбузова // Вестник Московского городского педагогического университета. Серия «Естественные науки».-2011-№2 (8).-С. 110-125

8. Арбузова, Е. Н. Опыт разработки и применения инновационного учебно-методического комплекса по вузовской дисциплине «Технология и методика обучения биологии» / Е. Н. Арбузова // Открытое и дистанционное образование. - Томск, 2011. - № 4 (44). - С. 26-31

9. Арбузова, Е. Н. Дидактический анализ учебно-методического обеспечения по методике обучения биологии за первое десятилетие XXI века / Е.Н.Арбузова // Вестник МГОУ. Серия «Педагогика». — 2011. — №3. — С. 144-151

10. Арбузова, Е. Н. Применение сетевого учебно-методического комплекса по методике обучения биологии в педагогическом вузе / Е. Н. Арбузова // Вестник МГОУ. Серия «Педагогика». - 2011. - № 2. - С. 180-182 (0,125 п. л.).

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

МОТИВ, МОТИВАЦИЯ ЖӘНЕ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫ: ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Болат Самал Талғатқызы
7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты
Жетекшісі: ф.ғ.к., филологтарды даярлау білім беру
бағдарламасының жетекшісі Асылова Р.О.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Қазақстан., Талдықорған қ.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459828

To Cite: Болат Самал Талғатқызы. (2024). МОТИВ, МОТИВАЦИЯ ЖӘНЕ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫ: ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459828

Аннотация: Мақалада мотивация мен оқу мотивациясы терминіне жан-жақты теориялық негіздеме жасалынған. Қазіргі таңда білім беру мазмұнында оқушылардың мотивациясымен жұмыс жасау аса маңызды. Бұл мақала ғалымдар жүргізген зерттеулер мен мотивация ұғымына кең әрі терең талдау жасалынған. Түрткі, өмір сүру жағдайының белсенділігі, бір істің басталуы, қажеттерді қанағаттандыру ұғымдары тақырыптың ең өзекті тұстарын қамтиды.

Тірек сөздер: мотивация, оқу мотивациясы, мотивациясы түрлі деңгейдегі балалар, түрткі, оқыту әдістері.

Аннотация: В статье разработано всестороннее теоретическое обоснование термина мотивация и мотивация обучения. В настоящее время очень важно работать с мотивацией учащихся в содержании образования. Эта статья представляет собой обширный и глубокий анализ исследований, проведенных учеными, и концепции мотивации. Понятия мотивации, активности условий жизни, начала одного дела, удовлетворения потребностей охватывают наиболее актуальные моменты темы.

Ключевые слова: мотивация, мотивация обучения, мотивация детей разного уровня, методы обучения.

Annotation: The article develops a comprehensive theoretical justification of the term motivation and motivation of learning. Currently, it is very important to work with the motivation of students in the content of education. This article presents an extensive and in-depth analysis of the research conducted by scientists and the concept of motivation. The concepts of motivation, activity, living conditions, starting a business, and meeting needs cover the most relevant points of the topic.

Keywords: motivation, learning motivation, motivation of children of different levels, teaching methods.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде әрбір жеке пәнге деген оқушылардың өзіндік қызығушылықтары бар. Қызығушылық адам баласында көзін ашқаннан бастап пайда болатын процесс. Оқушының жеке бір пәннің аясында ғана қызығушылық танытуы жиі

кездеседі. Ал адам санасындағы қызығушылық процесі бір нәрсеге құштарлықтан, түрткіден, жетелеуші мәселерден туындайды. Аталған факторлар мотивацияға тіреледі.

Ежелгі ойшылдар – Аристотель, Гераклит, Демокрит, Лукреций, Платон, Сократ мұғалімді өмірге керек «қажеттілік» деп атаған. Гераклит қозғаушы күштерді және қажеттіліктерді егжей-тегжейлі қарастырды. Демокрит қажеттілікті негізгі қозғаушы күш ретінде қарастырды, ол эмоционалды тәжірибелерді ойынға енгізді, адамның ақыл-ойын жетілдірді, оған тіл, сөйлеу және жұмыс әдетін меңгеруге мүмкіндік беретін факторларды анықтады. Ал Платонда қажеттіліктер, жетектер мен құмарлықтар адамның «қалау» ұғымынан шығатын нәрсе екенін айтады [1, 9 б.]. Қажеттіліксіз адам жабайы жағдайдан шыға алмайды. Қажеттіліктер өмір сүру жағдайларымен анықталады, сондықтан шошқалар кірге қуанады, есектер сабанды алтыннан артық көреді, құстар шаң мен күлге шомылады, т.б. Адам баласының жан-жануардан айырмашылығы – саналы түрде қажеттіліктерден туындаған өз бойындағы бір нәрсеге түрткі болу қасиеті арқылы ерекшеленеді. «Қалаймын», «жеткім келеді» ұғымдары адамзат бойындағы мотивацияға негізделеді.

«Мотивация» сөзін алғаш рет А.Шопенгауэр «Жеткілікті себептің төрт қағидасы» (1900-1910) мақаласында қолданған. Содан кейін бұл термин адамдар мен жануарлардың мінез-құлқының себептерін түсіндіру үшін психологиялық қолдануға мықтап енді. Қазіргі уақытта мотивация психикалық құбылыс ретінде әртүрлі түрде түсіндіріледі. Бір жағдайда – мотивация ұғымы мінез-құлықты анықтау, қолдау және бағыттау факторларының жиынтығы ретінде түсіндірлсе, басқа жағдайда – мотивтер жиынтығы ретінде көрінеді (К.К. Платонов, 1986), үшіншіде – ағзаның белсенділігін тудыратын және оның бағытын анықтайтын импульс ретінде көрініс табады [1, 65 б.].

Мотивация – адамды әрекетке итермелейтін, әрекеттің шекаралары мен формаларын белгілейтін және осы әрекетке белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған бағыт беретін ішкі және сыртқы қозғаушы күштердің жиынтығы [2, 9 б.]. Демек, мотивация адамның мінез-құлқына әсер етеді және көп нәрсеге байланысты факторлар, негізінен жеке және адам қызметінің кері байланысының әсерінен өзгеруі мүмкін дегіміз келеді.

Адам парасатты болғандықтан, ол өз күш-жігерін кез келген тілектеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға мақсатты түрде жұмсайды. Кез келген мәселені шешу түрткіден немесе қарапайым, кәдімгі «мен қалаймын» түсінігінен басталады екен. Іс жүзеге асырылуы үшін бұл ұғым «мотивацияға» ауысады. Сонда өзіндік бағыты мен күші бар «мен істей аламын» (құзыреттілік) аспектісі пайда болады. Осы процесстер кезінде пайда болған мүмкін нәтиже – адамзат революциясының прогрессіне әкеледі [2, 4 б.].

Ал қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «мотивация» терминін кездестіру мүмкін болмады. Алайда, «түрткі» сөзі «мотив» сөзімен сәйкестендіріліп анықтама беріледі. ТҮРТКІ (Мотив; фран. motif, лат. moveo - қозғаймын) – субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғызушы. Түрткі термині субъектінің белсенділігін туғызатын түрлі құбылыстар мен күйлерді білдіру үшін қолданылады. Түрткі – адамды түрлі іс-әрекетке итермелейтін себеп. Кісінің өз қажетін өтеуі оның түрткілеріне байланысты. Мысалы, бір оқушы өзінің тиянақты білім алуын келешектегі өміріне орайластырады, екінші бір оқушыда түрткі тек баға алуға бағытталады. Мұндайда екі түрлі түрткінің нәтижесі екі түрлі болады. Мақсат анықталмаса, түрткі дәрменсіз келеді, тек қиялын қозғап қана қояды [3, 219 б.].

Бұл сөздіктің басты ерекшелігі – ұлттық сипатының айқын болуына айрықша мән берілген. Орыс тілінен енген атау-терминдердің түгелге жуық қазақшаланып берілуінен және жантану мен тәлімгерлік салаларындағы ежелден бергі замандардағы қазақы, ұлттық атау-

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

терминдерді енгізе отырып, оларға ғылыми орнықты, дәлелді түсініктер беруден көрініс тапты. Міне, сол себептен «мотивация» термині бұл сөздікте «түрткі» мәнінде беріліп тұр.

Ал кейінгі жылдары басылып шыққан қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «мотивация» сөзі мүлдем жоқ. Бұл жерде де «түрткі» сөзіне анықтама берілген. «Түрткі. 1. Бір істің басталуына әсер ететін себеп-салдар, қозғау», яғни мотивацияны белгілі бір іс-әрекет ретінде сипаттайды [4, 834 б.].

Қазіргі кезде мотивация психикалық құбылыс ретінде әртүрлі түсініктемелер береді. Бір жағдайда мінез-құлық пен іс-әрекетті анықтайтын, бағыттайтын және қолдайтын факторлардың жиынтығы болып табылса (К. Мадсен; Ж. Годфруа), басқа жағдайда – мотивтердің жиынтығы ретінде (К.К. Платонов), үшіншіде – организмнің белсенділігін тудыратын және оның бағыттылығын анықтайтын ниеттенуші ретінде қарастырды [5, 96 б.].

Ал, он томдық әдеби сөздіктің негізі ретінде С.Бизақовтың әдеби нормаларын басшылыққа алған, «мотив», «мотивация», «мотивсіз», «мотивтендір», «мотивтендіру», «мотивті» сөздерінің мағынасын салалық кейпінде талдап, әрқайсына бөлек-бөлек анықтама берген [6, 299 б.]

.

Кесте-1 Әдеби сөздіктегі атаулардың мән-мағынасы

Термин атауы	**Ғылым саласы**	**Анықтамасы**	**Атауы**	**Анықтамасы**
МОТИВ (франц.motif) Уәж	Көркем әдебиет	Әдебиет пен өнерге арналған шығарманың сюжеті, тақырыбы.	МОТИВАЦИЯ (лат. motivus) Уәждеме	Адам мен жоғары сатыдағы жануарлардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын қимыл-әрекеттерін іске асыруға бағытталған ми құрылымының белсенді жағдайы
	Музыка	Өзіндік көркемдік сипатқа ие, бір әуендік тақырып, интонация бар шағын музыкалық құрылым, үзінді.		Мінез-құлықтық әрекеттерді тұқым қуалағыштық немесе бұрын қалыптасқан шартты рефлекстік тәжірибелер негізінде жинақталған қандай да бір мақсатты жолға бағдарлайды.
	Психология	Адамды белгілі бір іс-әрекетке бастайтын ішкі субъективті себеп, оның қажеттіліктері мен мүдделерін білдіруге бағытталған		

		саналы, мақсатқа сәйкес әрекет. Пиғыл, ынта, мақсат ұғымдарымен үндес.		Бағытталған даралық, топтық, танымдық болып сараланады.
	Лингвистика	Ұғымның, заттың аталуына себеп болған түрткі, белгі, сыртқы және ішкі әсер		

Соңғы жылы басылып шыққан еңбектердің бірі 2023 жылғы «Жас ерекшелік психологиясы» еңбегінде «мотив» те, біз іздеген «мотивация» термині де бар. Бұл терминдерді мәтін сөздіктің ішінен табуға болады [7, 183 б.].

Кесте-2 Терминдердің анықтамасы

Термин атауы	**Анықтамасы**
Мотив	Қол жеткізілуі іс-әрекеттің мағынасы болатын, материалдық немесе идеалды зат
Мотивация	Адамның нақты бір мақсатқа жетуге бағытталған талаптану жүйесі

Мақаламыздың негізгі мақсаты ретінде «мотивация» терминіне теориялық негіздеме жасауды алған едік. Мотивация ұғымы кейбір басқа салаларда мен мамандықтарда қандай орын алатынын анықтадық. Әр зерттеуші-автор бұл тақырыпқа түрлі түсініктемелер берген. Осы түсініктемелердің арқасында біз бұл терминнің жалпы мағынасына шолу жасай алдық.

Сурет-1 «Мотивация» терминінің түрлі салалардағы жан-жақты берілген атаулары



Міне, осылайша мотивация ұғымына жан-жақты теориялық негіздер бойынша талдау жасадық. Ал, оқу мотивациясы дегеніміз не?

М. Ксикзентмикалидің мына бір сөзі оқу мотивациясның кеңдігіне дәлел: «Оқу нәтижесі – оқушылардың ілімді еркін оқуы мен осыған жетуді мақсат ететін ішкі жан дүниесі мотивацияға толы мұғалімдердің еңбегі арқылы қалыптасады».

«Мотивация – бір нәрсені істеуге, бір нәрсеге жетуге, алға ұмтылуға ұмтылу» [8, 7 б.]. Бұл анықтама барлығына түсінікті әрі ең үздік анықтама деп көрсетілген.

Еңбектің авторлары балалар мен жасөспірімдерді тиімді оқыту әдістерінің қарапайым және түсінікті түрдегі сарапшысы және балалар психологы, ата-аналарға, баласын қалай ынталандыру керектігі туралы кеңестер беріледі.

Біріншіден, баланың өзін-өзі ынталандыра алмайтынын түсіну керек. Оған үнемі сыртқы көздер әсер етеді. Сыртқы көздер: ата-ана, жақын орта мен, әрине, мектеп. Мектептерде ынталандыруға байланысты дұрыс жұмыс жүргізілмейді. Оқу жылының басында оқушы әдетте үй тапсырмасы сапалы, оң нәтиже береді. Бірақ, бірнеше айдан кейін үй тапсырмасын орындауға уақыт арнамайтынын байқайсыз, бағалар нашарлайды, ал бала бағаға үлкен мән береді. Ол сырттан қалай жақсы баға ала алатыны туралы наразылықпен айтып береді. Оқушы іштей алдыға тартатын факторлар: «Менің бағам нақты әділетсіз», «Бәрін есептен шығардым, ал мұғалім есептемеді», «Мұғалім тақырыпты дұрыс түсіндірмеді». Мектеп жүйесі баланы білім алуға ынталандырып қана қоймай, кей жағдайда оны демотивациялайтынын да ұмытпауымыз керек.

Жалпы білім беру мазмұнында оқушылардың пәнге деген мотивациясы баланың қызығушылығынан басталады. Оқушы өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін, өз алдына түрлі мақсаттар қояды. Бірі сол сабаққа кіру мақсаты – білсем, түсінсем, үйренсем екен деген болса, енді бірінікі – мұғалімнің көзіне көрінсем, жоқ белгісін алмасам деген мақсатта. Демек, кез-келген оқушыда белгілі бір мақсат бар. Біз педагогтер осы мақсаттың дұрыс бағытталуына негіз болуымыз керек. Мотивация – әрекет етуге күш беретін, мақсатқа жетелейтін адам психикасының «қозғалтқышы». Бұл «қозғалтқышсыз» мақсатты түрде дами алмаймыз. Әсіресе, мақсат тұрақты, жүйелі күш-жігерді қажет етсе ғана алға жылжимыз. Оқушының қажеттіліктері шартты және мобильді болатынын білеміз, яғни, қажеттілік пен ынталандыру тығыз байланыста болады. Біріншісі оқушының белсенділігіне түрткі болса, оның принципі жекелеген мотивке айналады. Ол оқушының қажеттіліктерін қанағаттандыратын жағдайларды жасауға ынталандырады. Екіншісі - бұл оқушының белгілі бір іс-әрекет етуіне ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлардың үйлесімі болып саналады. Қорыта келе, мотивация - оқушының тұрақты жеке қасиеті, ол қажеттіліктерімен, мақсаттары мен ниеттерімен бірге мінез-құлқын ынталандырады және қолдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ильин Е. П. И 46 Мотивация и мотивы. – СПб.: Питер, 2002 — 512 стр: ил. – (Серия «Мастера психологии»)
2. Руденко, А.А. Мотивация и развитие персонала : учеб. пособие / А.А. Руденко, Т.В. Остудина, Т.В. Полякова. – Тольятти : Изд-во ТГУ, 2013. – 210 стр.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2002. – 254 бет.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. Асеев В.Г. Мотивы поведения и формирование личности. – М.: Политиздат, 1976. – 157 стр.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том / Құраст.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. 11-том. – М – О. – 752 бет.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

7. Жас ерекшелік психологиясы: Оқулық. – Алматы «Alem book» баспасы, 2023. – 188 бет.
8. Мотивация детей. Как мотивировать ребенка учиться Ахмадуллин Ш.Т., Шарафиева Д.Н. – М.: БИЛИНГВА, 2016. – 80 стр.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 519.216

ШАҒЫН ҒАРЫШ АППАРАТЫН БАСҚАРУДЫҢ МАГНИТТІК ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

Жақсымбет Арайлым Кененқызы
Механика мамандығының магистранты
Алматы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460775

To Cite: Жақсымбет Арайлым Кененқызы. (2024). ШАҒЫН ҒАРЫШ АППАРАТЫН БАСҚАРУДЫҢ МАГНИТТІК ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460775

Аннотация. Бұл жұмыста шағын ғарыш аппаратын басқарудың магниттік жүйесін әзірлеу, ШҒА бағдарлауды басқару заңын зерттеу және басқару түрлеріне тоқтала отырып, магниттік жүйесін талдау зерттелген. Сонымен қатар, шағын ғарыш аппаратын басқаруды зерттей отырып, оның қозғалыс теңдеуін қорытып шығарылды. Әртүрлі жағдайларда дәлдік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін күрделі алгоритмдер мен басқару жүйелерін әзірлеу қарастырылды.

Кілттік сөздер: шағын ғарыш аппараты, магниттік жүйе, B-dot алгоритмі, активті жүйе.

Аннотация. В данной работе исследуется разработка магнитной системы управления малого космического аппарата, исследование закона управления ориентацией МКА и анализ магнитной системы исследуя на видах управления. Кроме того, изучив управление малым космическим аппаратом, было обобщено уравнение его движения. Была рассмотрена разработка сложных алгоритмов и систем управления для обеспечения точности и стабильности в различных условиях.

Ключевые слова: малый космический аппарат, магнитная система, алгоритм B-dot, активная система.

Annotation. This paper presents the study the development of a magnetic control system for a small spacecraft, the study of the law of orientation control of the MC and the analysis of the magnetic system by examining the types of control. In addition, after studying the control of a small spacecraft, the equation of its motion was generalized. The development of complex algorithms and control systems to ensure accuracy and stability in various conditions was considered.

Keywords: small spacecraft, magnetic system, B-dot algorithm, active system.

I. Магниттік бағдарлау жүйесінің қазіргі мәселеріне талдау

Магниттік басқару жүйелері спутниктерде ғарыш кеңістігін игеру дәуірінің басынан бері қолданылып келеді. Пассивті магниттік жүйесі бар алғашқы спутник 1960 жылы 13 сәуірде ұшырылған Transit 1B болды. Алғашқы белсенді магниттік жүйе 1960 жылы 23 қарашада іске қосылған Trios аппаратында қолданылды.

Магнит өрісін өлшеу бойынша қозғалысты Қайта құру алғаш рет 1958 жылы 15 мамырда ұшырылған Спутник-3 үшін жүргізілді. Пассивті жүйелер ғарышты игерудің алғашқы онжылдықтарында ерекше танымал болды. Мұндай жүйелерге тұрақты магнит пен демпферлік құрылғы – гистерезис штангалары, сфералық магниттік демпфер, тұтқыр

үйкелісті нутациялық демпферлер жатады. Тұрақты магнит шамамен магнит өрісінің индукция векторына бағытталған.

Демпферлер энергияны тарату үшін қолданылады. Мұндай жүйелер қарапайым және сенімді, олар борттық есептеулерді қажет етпейді және энергияны пайдаланбайды. Бұл ерекшеліктер спутниктердің мүмкіндіктері мен оларды жасау тәжірибесі аз болған кезде маңызды болды. Пассивті жүйелер, егер бағдарлау жүйесінің дәлдігі мен жылдамдығына жоғары талаптар қойылмаса, қазір де қолданылады.

Белсенді магниттік жүйелерге көп жағдайда артықшылық беріледі. Микроэлектроника және жалпы миниатюризация саласындағы жетістіктердің арқасында мұндай жүйелер ұқсас себептермен мүмкіндіктері артқан шағын құрылғыларда ерекше сұранысқа ие болды. Белсенді магниттік жүйе бір-біріне перпендикуляр орналасқан магниттік катушкалардан (әдетте үш) тұрады. Катушка-бұл сымның көптеген бұрылыстары, әдетте металл өзегінде. Ток катушкадан өткен кезде *M* диполь моменті пайда болады, ол *B* индукция векторымен сыртқы магнит өрісімен (негізінен геомагниттік өріспен анықталады) әрекеттесіп, басқару механикалық моментіне әкеледі.

B индукция векторы спутникпен байланысты координаттар жүйесінде көрсетілген. Векторлық көбейтіндіден басқару моменті геомагниттік индукция векторы бойымен жасалмайтынын көруге болады. Жүйе басқарылмайтын болып көрінуі мүмкін. Алайда, басқару моменті қол жетімді емес бағыт спутниктің орбитада қозғалуы кезінде кеңістікте өзгереді. Нәтижесінде уақыт өте келе барлық бағыттар қол жетімді болады. Магниттік бағдарлау жүйесі бар спутниктің қатаң басқарылуы көрсетілген. Бұл жұмыстарда геомагниттік индукция векторының периодты өзгеруі туралы болжам қолданылады. Бұл болжам өте орынды, өйткені геомагниттік өріс әдетте алдын ала зерттеу және басқару синтезі кезеңдерінде диполь өрісімен модельденеді.

Басқарудан тыс кері проблемасын жеңудің үш тәсілін ажыратуға болады. Біріншіден, басқа атқарушы құрылғыларды немесе пассивті тәсілдерді қолдануға болады. Осылайша, жетіспейтін басқару компонентін толтыруға немесе гравитациялық тұрақтандыру немесе бір осьтік бағдар сияқты белгілі бір қозғалыс режимдерін қамтамасыз етуге болады. Екіншіден, басқаруды әр түрлі шектеулерді қамтитын оңтайландыру әдістерімен құруға болады. Ақырында, бастапқыда шектеусіз салынған басқару сәтінің қол жетімді бөлігін ғана жүзеге асыруға болады. Бұл моменттің геомагниттік индукция векторына перпендикуляр жазықтыққа проекциясы.

II. Шағын ғарыш аппараты қозғалысының математикалық моделін құру

Шағын ғарыш аппараттарының қозғалысының математикалық моделін құру басқару жүйесін жобалаудағы маңызды кезең болып табылады. Бұл модель ғарыштағы аппараттың әрекетін болжауға және талдауға және белгіленген мақсаттарға жету үшін қажетті әрекеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Міне, осы процестің қысқаша сипаттамасы:

1. Координаттар мен бағдарларды анықтау: бірінші қадам-үш өлшемді ғарыш кеңістігінде аппараттың координаттары мен бағдары үшін математикалық модельді анықтау. Мұны бағдарлауды сипаттау үшін сфералық координаттар жүйесі немесе кватерниондар сияқты координаттар жүйесі арқылы жасауға болады.

2. Қозғалыс теңдеулері: Ньютонның екінші заңы мен импульстің моментін сақтау заңдарының көмегімен аппараттың қозғалыс теңдеулері жасалады. Бұл теңдеулер құрылғының жылдамдығы мен бұрыштық жылдамдығының уақыт бойынша қалай өзгеретінін сипаттайды.

3. Сыртқы әсерлер: гравитациялық әсер, магнит өрістері және күн радиациясы сияқты аппаратқа әсер ететін барлық сыртқы күштер мен моменттер ескеріледі. Бұл магниттік басқару жүйелері тудыратын магниттік күштер мен моменттерді модельдеуді қамтиды.

4. Теңдеулерді шешу: аппараттың қозғалысын талдау және оңтайлы басқару әрекеттерін анықтау үшін қозғалыс теңдеулерін Рунге-Кутта әдісі немесе ақырлы элементтер әдісі сияқты сандық әдістермен шешу қажет.

5. Модельдеу және талдау: математикалық модель әзірленіп, қозғалыс теңдеулерін шешкеннен кейін, әртүрлі жағдайларда және әртүрлі басқару әрекеттерінде аппараттың әрекетін талдау үшін компьютерлік модельдеу жүргізіледі.

6. Басқаруды оңтайландыру: модельдеу нәтижелеріне сүйене отырып, бағдарлауды тұрақтандыру немесе орбитаны өзгерту сияқты мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін басқару алгоритмдері жасалады.

Шағын ғарыш аппараттарының қозғалысының математикалық моделі басқару жүйесін және автономды навигация алгоритмдерін жобалауға негіз болып табылады. Бұл инженерлер мен ғалымдарға аппараттың ғарыштағы қозғалысын тереңірек түсінуге және оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында көп жағдайда белсенді жүйелер қарастырылады, өйткені қуатты аз тұтынатын, массасы, құны бар магниттік катушкалар үшін де қол жетімді. Ең көп таралған демпферлік алгоритм - Bdot. Жылдам айналатын спутник жағдайында магниттік жүйенің жұмысы құйынды токтардың әсеріне ұқсас. Алгоритмді зерттеу - Bdot және оның шағын спутниктердегі жұмысын талдау қазір де өзекті болып табылады.

Құрылғының нақты бағытын қамтамасыз ету үшін магниттік жүйені пайдалану бағыттарын үш топқа бөлуге болады: спутниктер, айналу арқылы тұрақтандыратын, қосымша атқарушы элементтерді пайдаланатын және тек магниттік жүйені пайдаланады. Жылдам айналатын осьтік симметриялы спутниктің белгілі бір қасиетке ие болуы-құрылғы гироскоп сияқты әрекет етеді-спутниктің бұралу осінің бағытын қамтамасыз ету кезінде механикалық моменттің бағытын шешуге мүмкіндік береді (индукция векторы бойымен момент құру мүмкін емес).


Басқару әсерін қалыптастыру үшін сенсорлардың көрсеткіштерін қолданатын белсенді магниттік бағдарлау жүйелерінің қолдану аясы пассивті жүйелерге қарағанда едәуір кең. Тербелістердің бұрыштық жылдамдығын демпферлеу алгоритмі қарастырылады. Бұл жағдайда механикалық моменттің бағытын шектеу мәселесі туындамайды: спутниктің бұрыштық жылдамдығын нөлге дейін төмендететін басқару алгоритмін құруға болады (сыртқы бұзылулар болмаған жағдайда). Сонымен қатар, бұл алгоритмнің жеңілдетілген нұсқасын борттық компьютерде жүзеге асыруға болады, әсіресе қарапайым және магнитометрді қатарынан екі рет өлшеуді қажет етеді.

2.1. Есептің қойылымы.

Жер серігін қозғалмалы бөліктері жоқ қатты дене ретінде қарастырамыз. Оның массалар центрі шеңберлік орбита бойымен Жерді айнала қозғалады. Нақты конструкциялардың спутниктерін қарастырмаймыз, мысалы, үлкен аумақты күн панельдері бар, бұл күн радиациясының қысым күштерінен немесе атмосфераның кедергісінен айтарлықтай моменттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Сондықтан, магниттік бағдарлау жүйесінің әсерінен пайда болатын басқару моментінен басқа, тек гравитациялық момент ескеріледі, ол бұзушы да, негізгі момент те рөл атқара алады, ұйытқушы күштерді де ескереміз.

Координата жүйесі және қозғалыс теңдеуі.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



2-сурет. ҒА масса центріне қатысты қозғалысын сипаттауда қолданылатын негізгі координаталық жүйелер.

$O_aY_1Y_2Y_3$ - спутниктік орбитаның көтерілу түйінінің орналасуына байланысты инерциялық координаттар жүйесі. O_a – жердің массалар центрі, O_aY_3 осі Жердің айналу осіне бағытталған, O_aY_1 жер экваторының жазықтығында жатыр және орбитаның көтерілу түйініне бағытталған, O_aY_2 жүйені оңға қарай толықтырады.

$O_aS_1S_2S_3$ - спутниктің орбитасының инерциялық кеңістіктегі орналасуымен байланысты инерциялық жүйе. O_aS_1 осі орбитаның көтерілу түйініне бағытталған, O_aS_3 осі орбита жазықтығына 2 нормаль бойынша бағытталған, O_aS_2 осі жүйені оңға қарай толықтырады.

$O_aJ_1J_2J_3$ - $O_aY_1Y_2Y_3$ жүйесінен алынған O_aY_1 осінің айналасында Θ бұрышын бұру арқылы алынған инерциялық жүйе. Бұл бұрыштың шамасы орбитаның көлбеуіне және қолданылатын геомагниттік өріс моделіне байланысты анықталады. O_aJ_3 осі іс жүзінде спутниктің масса центріндегі геомагниттік өрістің кернеу векторы орбитада қозғалатын конустық беттің симметрия осі болып табылады.

$O_aX_1X_2X_3$ – орбиталық координаттар жүйесі, O – спутниктің масса центрі, OX_1 осі орбита жазықтығында және спутниктің масса центрінің радиус векторына оның қозғалысына перпендикуляр, OX_3 осі-радиус векторы бойынша, OX_2 жүйені оңға қарай толықтырады.

$O_aZ_1Z_2Z_3$ – магниттік координаттар жүйесі. OZ_1 осі жергілікті (спутниктік массалар центрінде) геомагниттік индукция векторының **B** бағытына сәйкес келеді, OZ_3 осі $OZ_1 \times OX_2$ векторлық көбейтіндісімен анықталады, OZ_2 осі жүйені оңға қарай толықтырады.

$O_aL_1L_2L_3$ – спутниктің кинетикалық моментімен байланысты жүйе. OL_3 осі кинетикалық момент векторына бағытталған, OL_2 осі OL_3 – ке перпендикуляр және $O_aY_1Y_2$ параллель жазықтықта жатыр, OL_1 жүйені оңға толықтырады.

$Ox_1x_2x_3$ – спутникпен байланысты координаттар жүйесі, оның осьтері спутниктік инерцияның негізгі орталық осьтерімен сәйкес келеді.

Ғарыш аппаратының қозғалысы сипатталған жүйені тірек деп атаймыз. Оның таңдауы зерттелетін бұрыштық қозғалыс режиміне байланысты. Әрі қарай, егер оларды қолдану бір тараудың шеңберімен шектелсе, басқа көмекші координаттар жүйелері қолданылады.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Анықтамалық жүйеден (инерциялық, орбиталық немесе магниттік жүйе осылай әрекет етуі мүмкін) байланысқанға ауысу матрицасын белгілейтін боламыз. Осылайша, әр түрлі тараулар немесе бөлімдер шеңберінде матрицаның түрі өзгеруі мүмкін.

Қозғалыс теңдеуі.

Инерциялық кеңістіктегі Эйлер теңдеулері

Спутниктің бұрыштық қозғалысын сипаттаудың ең кең тараған тәсілі-Эйлер теңдеулерін қолдану. Бұл жағдайда айнымалыларды екі топқа бөлуге болады. Бірінші топ спутниктің бұрыштық жылдамдығының компоненттерінен тұрады.

Екінші топ спутниктің бағытын сипаттайтын айнымалылардан тұрады. Бұлар айналу бұрыштары $\alpha\,\beta\,\gamma$ немесе Эйлер бұрыштары $\phi\,\psi\,\theta$ деп аталады.

ҒА динамикалық қозғалыс теңдеуі:

$$J\frac{d\vec{\omega}}{dt}+\vec{\omega}\times J\vec{\omega}=M, \tag{1}$$

мұндағы $M=M_{\text{басқару}}+M_{\text{ұйытқу}}$ механикалық момент басқару кезіндегі момент және ұйытқушы моменттен тұрады.

Кинематикалық теңдеуі:

$$\frac{dA}{dt}=W_{\omega}A, \tag{2}$$

$$\frac{d\alpha}{dt}=\frac{1}{cos\beta}(\omega_2 cos\gamma-\omega_3 sin\gamma),$$

$$\frac{d\beta}{dt}=\omega_2 sin\gamma+\omega_3 cos\gamma, \tag{3}$$

$$\frac{d\gamma}{dt}=\omega_1-\tan\beta\,(\omega_2 cos\gamma-\omega_3 sin\gamma)$$

Спутниктің салыстырмалы бұрыштық жылдамдығына арналған белгілердегі динамикалық теңдеулер келесідей жазылады:

$$J\frac{d\vec{\Omega}}{dt}+\vec{\Omega}\times J\vec{\Omega}=M, \tag{4}$$

Кинематикалық теңдеуі:

$$\frac{d\alpha}{dt}=\frac{1}{cos\beta}(\Omega_2 cos\gamma-\Omega_3 sin\gamma),$$

$$\frac{d\beta}{dt}=\Omega_2 sin\gamma+\Omega_3 cos\gamma, \tag{5}$$

$$\frac{d\gamma}{dt}=\Omega_1-\tan\beta\,(\Omega_2 cos\gamma-\Omega_3 sin\gamma)$$

Эйлер теңдеулерін қолданудың тағы бір ерекше жағдайын сипаттайық. Бағдарлау бұрыштары енді спутниктің магниттік координаттар жүйесіне қатысты орнын анықтайды:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

$$A\frac{d\omega_1}{dt}+(C-B)\omega_2\omega_3=M_1,$$

$$B\frac{d\omega_2}{dt}+(A-C)\omega_1\omega_3=M_2,$$

$$C\frac{d\omega_3}{dt}+(B-A)\omega_1\omega_2=M_3,$$

$$\frac{d\alpha}{dt}=\frac{1}{\cos\beta}(\bar{\omega}_2\cos\gamma-\bar{\omega}_3\sin\gamma),$$

$$\frac{d\beta}{dt}=\bar{\omega}_2\sin\gamma+\bar{\omega}_3\cos\gamma,$$

$$\frac{d\gamma}{dt}=\bar{\omega}_1-\operatorname{tg}\beta(\bar{\omega}_2\cos\gamma-\bar{\omega}_3\sin\gamma).$$

2.2. Бұрыштық жылдамдықты демпферлеу алгоритмі (Bdot)

Демпферлік алгоритмдер (бәсеңдету алгоритмдері), атап айтқанда *Bdot*, спутниктік қозғалыстың бастапқы кезеңінде, тіпті магниттік бағдарлау жүйесі дәл қажетті бағдарлауды қамтамасыз ете отырып, басқару тізбегіне қосылмаған болса да жиі қолданылады. Бұл алгоритмнің қарапайымдылығы мен сенімділігіне, пассивті жүйелермен салыстырғанда үлкен дәлдік пен жылдамдыққа, сондай – ақ өңдеуді қажет етпейтін тек бір сенсордың-үш осьті магнитометрдің өлшемдерін қолдануға байланысты.

1. Демпферлік алгоритмнің нұсқалары

Спутниктің дипольдік магниттік моменті B-dot басқару заңына сәйкес өрнектеледі:

$$\vec{m}=-k\frac{d\vec{B}}{dt}, \tag{7}$$

мұндағы k – оң тұрақты коэффициент. Спутниктің бұрыштық жылдамдығы туралы ақпарат болған кезде (бұрыштық жылдамдық датчигін орнату немесе датчиктердің көрсеткіштерін динамикалық сүзу арқылы) алгоритмді қолдануға болады:

$$\vec{m}=k(\omega\times\vec{B}), \tag{8}$$

немесе салыстырмалы бұрыштық жылдамдықты сөндіру туралы болса,

$$\vec{m}=k(\vec{\Omega}\times\vec{B}), \tag{9}$$

Соңғы екі алгоритмге көп қолданылады, өйткені олар бұрыштық жылдамдықты нөлге дейін демпферлеуге мүмкіндік береді (ұйытқушы моменттер болмаған кезде), ал басқару заңы бұрыштық жылдамдықты екі орбитальдың реттік шамасына дейін, яғни геомагниттік индукция векторының өзіндік айналу жылдамдығына дейін сөндіруге мүмкіндік береді.

Басқару алгоритмін құру

Егер спутникке гравитациялық момент әсер етсе, демпферлік алгоритмді орбиталық осьтерде тұрақтандыруды қамтамасыз ету үшін тиімді пайдалануға болатындығын қарастырамыз. теңдеуі тек гравитациялық момент әрекет еткен жағдайда жалпыланған энергия интегралына мүмкіндік береді

$$J=\frac{1}{2}(\omega J\omega+3\omega_0{}^2\boldsymbol{e}_3J\boldsymbol{e}_3-\omega_0\boldsymbol{e}_2J\omega)=const, \tag{10}$$

мұндағы $\boldsymbol{e}_3,\boldsymbol{e}_2$ - спутниктің масса центрінің радиус-векторының орт және орбита жазықтығына нормальдар. Егер спутникке магниттік момент әсер етсе, өрнек бұдан былай сақталмайды.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

$$V = J - \frac{{\omega_0}^2(3C - B)}{2}, \quad (11)$$

Ляпунов функциясына сәйкес ретінде қарастырайық және қозғалыс теңдеулеріне байланысты осы өрнектің туындысын табайық,

$$\frac{dV}{dt} = \sum_{i=1}^{3}(\omega_i - \omega_0 a_{2i})M_{\text{басқару}} = \boldsymbol{M}_{\text{басқару}}(\boldsymbol{\omega} - \boldsymbol{\omega_0 e_3}), \quad (12)$$

$M_{\text{басқару}} = m \times B$ болғандықтан, соңғы өрнекті келесі түрде қайта жазуға болады:

$$\frac{dV}{dt} = m(\boldsymbol{B} \times \boldsymbol{\Omega}), \quad (13)$$

бұл спутниктің орбиталық бағытының асимптотикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін моментті анықтауға мүмкіндік береді.

Демпферлік алгоритмді құрудың тағы бір тәсілі спутниктің айналмалы қозғалысының кинетикалық энергиясының өзгеруін қарастыруға негізделген

$$\frac{dE}{dt} = \frac{d}{dt}\left(\frac{1}{2}\omega J\omega\right) = \boldsymbol{\omega M} < \boldsymbol{0}., \quad (14)$$

Егер спутникке тек магниттік момент әсер етсе, бұл шарт мынаны білдіреді $\omega(m \times \boldsymbol{B}) < 0$. Бұр түрлендіруден келесі өрнекті аламыз $m(\boldsymbol{B} \times \omega) < 0$. Бұл шартты инерциялық кеңістіктегі ұқсас басқару қанағаттандырады.

Әдебиеттер

1. *Коваленко А.П.* Магнитные системы управления космическими летательными аппаратами. М., «Машиностроение», 1975, 248б.
2. *Айзерман М.Ф.* Классическая механика. «Наука» Изд.; М, 1980г, 368б.
3. *Овчинников М.Ю., Цветков Е.А.* Проектирование имитатора геомагнитного поля в составе лабораторного стенда для отработки способов управления ориентацией микроспутников. Москва, 2005, 98б.
4. https://www.isispace.nl/satellite-solutions/
5. http://myexs.ru/wp-content/uploads/2012/02/JP_13

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА СКАФФОЛДИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

Абижанова Ғазиза Тилеуалдықызы
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Магистрант специальности 7М01201 «Дошкольное образование и воспитание образование»
Булшекбаева Асем Исаевна
Доктор философии (PhD),
и. о. ассоциированного профессора

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460783

To Cite: Абижанова Ғазиза Тилеуалдықызы, & Булшекбаева Асем Исаевна. (2024). МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА СКАФФОЛДИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460783

Аннотация: Данная статья исследует методы использования технологии скаффолдинга при обучении английскому языку дошкольников. Скаффолдинг - это педагогическая стратегия, которая предлагает систематическое поэтапное руководство с детьми в процессе обучения, с целью помощи им в достижении новых знаний и навыков. В контексте обучения английскому языку дошкольников, скаффолдинг может быть использован для создания поддерживающей среды, которая способствует развитию языковых навыков у детей. Кроме того, статья рассматривает преимущества использования технологии скаффолдинга при обучении английскому языку дошкольников. Она подчеркивает, что скаффолдинг помогает детям развивать речевые навыки, понимание языка.
Ключевые слова: технология скаффолдинг, педагог, система образования, речевые навыки, английский язык.

Abstract: This article explores the methods of utilizing scaffolding technology in teaching English to preschool children. Scaffolding is a pedagogical strategy that offers systematic step-by-step guidance to children during the learning process, with the aim of assisting them in acquiring new knowledge and skills. In the context of teaching English to preschoolers, scaffolding can be used to create a supportive environment that promotes language development in children. Additionally, the article discusses the advantages of using scaffolding technology in teaching English to preschool children. It emphasizes that scaffolding helps children develop their speaking skills and language comprehension. Furthermore, it highlights the importance of providing appropriate support and guidance to facilitate effective language learning.
Keywords: scaffolding technology, teacher, education system, language skills, English language.

Аңдатпа: Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға ағылшын тілін үйретуде скаффолдинг технологиясын қолдану әдістерін көрсетеді. Скаффолдинг – балаларға жаңа білім алуға және баланың дағдысын дамыту мақсатында тиімді. Мектепке дейінгі балаларға оқу процесінде кезең-кезеңмен басшылық жасауды ұсынатын педагогикалық стратегия. Мектеп жасына дейінгі балаларға ағылшын тілін үйрету контекстінде қарасақ. скаффолдинг балалардың тілдік дағдыларын дамытуға ықпал ететін қолдау ортасын құру үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға ағылшын тілін үйретуде

скаффолдинг технологиясын қолданудың артықшылықтары: сөйлеу дағдыларын, тілді түсінуді дамытуға көмектесетінін атап көрсетеді.
Түйін сөздер: скаффолдинг технологиясы педагог, білім беру жүйесі, тілдік дағдылар, ағылшын тілі.

Кіріспе

Өзіндік дара даму жолын айқындап алған Қазақстан Республикасы өскелең ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің жаңа үлгілерін қалыптастыруды басты міндеп етіп қойып отыр. Қазақстан Республикасының әлеуметтік – экономикалық дамуының жаңа кезеңге өту жағдайында сапалы білім беруді қамтамасыз ету күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл дегеніміз білім саласына қатысты өрісі кең мақсаттардың орындалуы, білім берудің барлық деңгейлеріндегі мамандардан үлкен жауапкершілік пен қажырлы еңбекті талаб етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жасын және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасын құратын үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі деп санауға болады.

Бұл дегеніміз білім беру сапасын заман талабына сай арттыру ең алдымен балабақшадан басталатындығын көрсетеді. Осыған байланысты соңғы жылдары мектепке дейінгі ұйымдарда баланың толыққанды өсіп жетілуіне ерекше көңіл бөліне бастағаны белгілі. Сонымен қатар, ересек топ балаларының ойлау дәрежесі мен қарым – қатынас жасаубелсенділігінің қалыптасуына жағдай жасап, мектепке дейінгі мекемелерде беретін білім сапасын жаңа заман талаптарына сай іріктеу мен меңгеру міндеттері олардың тілін жан – жақты дамытуға тікелей байланысты.

Осыған орай мектепке дейінгі ұйымдарда берілетін білім мазмұнын жаңарту, оқытуды белсендірудің жаңа әдістемелік жүйесін жасау, ең алдымен, әр баланың жан жақты жетілуіне, ақылының өрістеп кеңеюіне, іс – әрекет белсенділігінің артуына, қабылдағыштық қабілетінің қалыптасуына, нәтижесінде бала тілінің жоғары деңгейде дамып, тіл көркемдігі толысып, сөздік қорының молайып, коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуына қызмет етуі тиіс, және де педагогтер жаңа білім технологияларын қолданғаны жөн.

Қай кезде де баланың тілін дамыту көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Себебі, осы мәселелерді әр қырынан зерттеу және оның натижесін тәжірибеге енгізу бүгінгі күнге дейін ғылыми тұрғыда жүзеге асырылып келеді. Ондай жұмыстардың бірі, Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің атасы тұңғыш балалар фольклорын жинап бастырып, оқыту, тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатынын айта келіп: "Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай-қай тілде болса да еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес" деген. [1]

Негізгі бөлім

Қазіргі таңда білім саласында пән мен тілді кіріктіріп оқытуда бірнеше технологияларды ұсынуға болады. Солардың ішінде скаффолдинг, топтық оқыту (Team teaching), Translanguage және т.б. Скаффолдинг технологиясы шет тілін үйрету үшін қолданылатын оқу әдісі, бұл термин алғаш рет 1976 жылы Дэвид Вуд пен Джером Брунердің жұмысында қолданылған. Технологияның негізгі принципі: тапсырма өзгермейді, бірақ оны шешу үшін баланың іс-әрекетін қолдау деңгейі өзгереді. Яғни баланың өздігімен шешім қабылдауы, белсенділігі мен сыни ойлауына көмектесетін түрлі уақытша әрекеттер мен механизмдер жиынтығынан тұрады, сонымен бірге балаларға өз бетімен үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі. Оқу процесінде Скаффолдинг тәрбиешілер білім алушыларға оқу және түсіну процесінде алға жылжуға көмектесу үшін пайдалана алатын жеткілікті қолдау, мөлшерленген көмек көрсетуді білдіреді. [2] Бұл аталған еңбектердегі тұжырымдар бойынша ересек топ балаларының тілінің дамуында ауыз әдебиет үлгілері мен ойын түрлерінің алатын орны ерекше болып табылады. Солардың негізінде зерттеу жұмысымның теориялық,

тәжірибелік, әдістемелік өзектілігі анықталды. Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ ертегілерімен қатар көбінесе баланың түсінуіне жеңіл, құрлымы күрделі емес басқада ұлт ертегілері оқытылатындығы белгілі. Мектепке дейінгі ұйымдарда балар тек ана тілін ғана емес, сондай ақ шет тілінде үйренеді. Ересек топ балаларының тілдік дағдыларын дамытуда скаффолдинг технологиясын қолдануға болады.

Көптеген авторлар шет тілін үйрену мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің жан-жақты дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар тілдік және жалпы қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдайлар жасайды дейді. Көптеген шетелдік педагогтер мен психологтар шет тілін үйренудің оңтайлы жасы туралы түрлі ой – пікірлерін айтқан. Дегенмен, шетелдік психологтар Р.Робертс Л.С. Выготский, Б.Уайт, Т.Элиот баланың ересектерге қарағанда шет тілін оңай меңгеретіндігімен келіседі. [3]

Осылайша, мектепке дейінгі жас – баланы шет тіліне баулудың ең жақсы кезеңі. Сонымен қатар, көптеген авторлар баланың тілді жақсы қабылдауына кепілдік беретін 3-10 жас аралығы екеніне сенімді. 10 жылдан кейін тілдік ерекшеліктері бар балалар ғана шет тілін оңай меңгере алады. Ал 3 жасқа дейінгі балалар жаңа тілді меңгеру үшін ана тілін әлі толық меңгерген жоқ.

Бұл жастағы топ лексикалық материалды оңай және жылдам есте сақтайды. Балалар үшін шет тілін үйрену керемет жаңа ашылу ретінде қабылданады. Бұл жағдайда шет тілі баланың әлем туралы білім жүйесіне органикалық түрде еніп, туған тілге айналады. Сондықтан ұстазға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ұстаздың міндеті - баланы баурап алу, таң қалдыру, перспективалар беру және шет тілдерін үйренуге деген ынтасын асыру.

Шетел тілін ерте үйренудің негізгі артықшылықтарының бірі - жас балалар әлі де ана тілін үйренуде, сондықтан табиғи оқыту стратегиялары жаңа, ана тілін меңгерумен қатар қолданылады. Мұндай жағдайда балаларға шет тілін үйрету ана тілін меңгеруден қиынға соқпайды. Мектеп жасына дейінгі баланың есте сақтау қабілеті жас ерекшелігіне қарай жетекші функцияға айналады. Егер оқиғалар эмоционалдық мәнге ие болса және балаға әсер қалдырса, олар өмір бойы есте қалуы мүмкін. Мектеп жасына дейінгі балалардың білім алу негізгі ойын методикасы болып табылады. Осылайша, оқу процесі ойын түрінде болуы керек, балалар тілді үйренбейді, бірақ онын арқылы ақпаратты тез қабылдайды. Бұл жаста оларды бір нәрсені үйренуге мәжбүрлеудің қажеті жоқ - балаларда еріксіз есте сақтау қабілеті басым, сондықтан тіл үйренуде жағымды эмоцияларды қажет етеді. Бұған білім беру ойындары көмектеседі. Ағылшын тілін оқытудағы ойын жаттығулары мақсат қою және оған жету, бақылау, іс-әрекетті бағалау, талдау сияқты жалпы білім беру дағдыларын дамытудың негізі болып табылады.

Шет ел тілі сабағында, кез келген материалды меңгеру барысында баланың өзіне және оның деңгейіне арналған тапсырма қиын болса, балалар тапсырманы орындай алмайды, өйткені олар өз мүмкіндіктеріне күмәнданады. Мұндай жағдайда педагогтің басты міндеті – шет тілін оқыту үдерісінде ынтасын арттыру. Бұл жағдайда «Scaffolding» технологиясы қолдануға болады. Скаффолдинг білім саласында – оқушыға оның қабілетінен немесе білім деңгейінен тыс мәселені шешуге, тапсырманы орындауға немесе мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін процесс болып саналады. Джером Брунер – скаффолдинг теориясының негізін салушы. Скаффолдинг технологиясы – білім беру міндеттерін кезең-кезеңімен қамтамасыз ету және құрылымдау арқылы оқушыны оқу процесіне белсенді түрде тартуға және оның мүмкіндіктерін барынша арттыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің жүйелі әдісі болып табылатын педагогикалық стратегия.

Скаффолдинг технологиясы сабақ барысында әртүрлі әдістерді қолдануды қамтиды:

1. үлкен тапсырманы кішіге бөлу;
2. «дауыспен ойлау» тактикасын қолдану, оқушылардың сөйлеуі және тапсырманы орындағаннан кейін ойлау процесі;

3. топтағы оқушылардың бірлескен жұмысы, топ мүшелерінің диалогы;
4. пеадгогтың мақсатты «сұрақтары» (сұрақтар немесе көрнекі белгілер)

Мысалға, дұрыс ұйымдастырылған скаффолдинг тапсырмада бала он затты санауды үйренсе, оқытудың барлық кезеңдерінде жеті немесе үш емес, дәл он затты санауды ескеру қажет. Сабақ барысында скаффолдинг технологиясын қолдау кезеңінде педагог әр бәр баламен әр затты көрсетуі және сол затты дауыстап айтуы қажет. Бірінші кезеңде педагог барлық іс-әрекеттерді өзі орындайды, ал бала педагог пен бірге қайталайды. Содан кейін педагог қолдауды бірте-бірте азайтады, жауапкершілікті балаға жүктейді. Екінші кезеңде педагог объектілерді санау кезінде оларды көрсетуге көмектеседі, бірақ баланың өзі олардың санын атайды. Соңында, педагог қолдауды толығымен тоқтатады, бала өз бетінше объектілерді көрсетіп, оларды санауы қажет. Тапсырманың сипатына және баланың ерекшеліктеріне байланысты педагог қолданатын нақты стратегиялар әртүрлі болуы мүмкін. [4]

Мектепке дейінгі педагогикада скаффолдинг – бұл педагог пен баланың өзара әрекеттесуі, ол балаға педагогпен бірге тапсырманы орындаудан, осы тапсырманы өз бетінше орындауға көшуге көмектеседі. Мұндай өзара әрекеттесу баланың жақын даму аймағында орналасады және жетілу қарсаңында тұрған қабілеттердің, білім мен дағдылардың дамуына ықпал етеді. Дегенмен, кез келген жағдайда, сәтті скаффолдинг кілті - баланың ішкі мотивациясы - оның орындалатын тапсырмаға қызығушылығы болып саналады.

Скаффолдинг – педагог пен баланың өзара әрекеттесуінің жалпы стратегиясы, ынтымақтастықтың әртүрлі формаларын дамытуға және мектеп жасына дейінгі баланың психикалық және практикалық әрекеттердің жаңа тәсілдерін меңгеруіне көмектесуге бағытталған. Скаффолдинг «ақыл-ой құралдарын» үйретуді қамтамасыз етеді. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балаларға шет тілін оқыту барысында скаффолдинг технологиясын қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл осы топтағы балалардың дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Ал педагог осы ерешеліктерді ескеріп, мектеп жасына дейінгі балаларға ойын арқылы қарым-қатынас орнату арқылы, шет тілдік ортасына енуге мүмкіндік беруі керек. [5]

Қорытынды

Қорытындылай келе, скаффолдинг технологиясын тілдік дағдыларын дамыту мақсатында қолданудың болашағы зор. Бұл технология педагогика бағытында көмектесетін тиімді тәсіл, яғни баланың ағылшын тілін меңгеруге деген жігерін арттыру, олардың қарым-қатынасқа оңай түсіп ойын дербес жеткізе алуына кепіл болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кусаинов Ғ.М., Кагазбаева А.К., Абыканова Б.Т., Айтбаева Д.Б., Мылтыкбаева Р.Л., Нугуманова С.Б. ОҚЫТУ ТУРАЛЫ РЫЛЫМ ЖОНЕ ЖАНА БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ Оқу-адістемелік куралы І-том Нур-Султан-Алматы 2019
2. Wood, David, Jerome S. Bruner, and Gail Ross. December 2006. "The role of tutoring in problem solving" Journal of Child Psychology and Psychiatry. 17: 2 89-100. Abstract ret. 6/4/13. http: // onlinelibrary. wiley.com/doi/10.1111/j.1469-7610.1976.tb00381.x
3. Зарецкий В. К. Зона ближайшего развития: о чем не успел написать Выготский… // Культурно-историческая психология. 2007.
4. "Scaffolding" in the context of subject-language integrated learning CLIL Autonomous organization of education "Nazarbayev Intellectual Schools" Astana, 2018, p.5
5. Winsler, Adam. 1995. Scaffolding Children's Learning: Vygotsky and Early Childhood Education. Washington: NAEYC.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

Манасқызы Арай,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты
Жетекшісі: **Абызова А.М.**,
PhD, оқытушы-дәріскер
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорган. Казахстан.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460789

To Cite: Манасқызы Арай, & Абызова А.М. (2024). ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460789

Аннотация: Бұл мақалада қазақ тілі сабағында пунктуациялық норманы меңгертуге инновациялық технологияларды қолдану қарастырылған. Сонымен қоса, пунктуация терминінің пайда болу және даму тарихына, ғалымдардың зерттеулеріне қысқаша көз жүгіртілді. Мектеп оқушыларының тыныс белгілерін дұрыс қоя білмеуі өзекті тақырып. Мектеп оқушыларына пунктуациялық норманы меңгерту –тиімді тәсілдер қолдану арқылы жүзеге асатындығы мақалада дәйекті қарастырылған.

Тірек сөздер: пунктуация, инновациялық технологиялар, қазақ тілін оқыту, синтаксис, интонация, семантикалық сегменттер.

Аннотация: В данной статье речь идет об использовании инновационных технологий изучения пунктуационной нормы на уроке казахского языка. Кроме того, кратко рассмотрена история возникновения и развития термина пунктуация, исследования ученых. Актуальным вопросом является то, что школьники не умеют ставить знаки препинания. В статье последовательно рассматривается, что обучение школьников нормам пунктуации осуществляется посредством использования эффективных методов.

Ключевые слова: пунктуация, инновационные технологии, обучение казахскому языку, синтаксис, интонация, смысловые отрезки.

Abstract: This article deals with the use of innovative technologies to learn the punctuation norm in the Kazakh language class. In addition, the history of the emergence and development of the term punctuation, the research of scientists was briefly reviewed. The fact that schoolchildren do not know how to put punctuation marks is a topical issue. In the article, it is consistently considered that teaching punctuation norms to schoolchildren is carried out through the use of effective methods.

Key words: punctuation, innovative technologies, Kazakh language teaching, syntax, intonation, semantic segments.

Қазіргі қазақ тілі сабағы инновациялық технологияларды қолдануды талап етеді. Әртүрлі инновациялық технологияларды сынау барысында мектеп оқушыларының білімі мен дағдыларының жоғары болуы мен қоса, мектеп оқушыларының даму мүмкіндіктері де анықталды. Қазақ тілін оқытудың дамыта оқыту технологиясының әдістері мен тәсілдерін

шебер қолдана отырып, оқу материалын берік және саналы түрде меңгеруді қамтамасыз етуге, оқу тапсырмаларының бүкіл кешенін табысты жүзеге асыруға, ең бастысы, балаларды қазақ тілін үйрену, пәнге деген терең қызығушылығын дамыту екенін айтап өткеніміз жөн.

Қазақ тілі ең бай, бірақ сонымен бірге ең қиын тілдердің бірі екені мәлім. әсіресе, орфографиямызда көп жіберілетін қателіктердің бірі тыныс белгілері. Өйткені тыныс белгісін дұрыс қоя алмай, жазбаша сөйлеуді тұтастай меңгеру мүмкін емес, сондықтан жазбаша сөйлеудің мағынасын неғұрлым толық және дәл көрсету үшін тыныс белгілерін білу өте маңызды. Тыныс белгілерінің көмегімен жазылған сөзді оқырман түрлі интонациямен қабылдап, ойша айтады. Осылайша, тыныс белгілері әріппен жазылғаннан әлдеқайда көп нәрсені жазбаша түрде айтуға, сөздердің әртүрлі мағыналарын және оларды бояйтын сезімдерді білдіруге мүмкіндік береді. Тыныс белгілері сөздер сияқты сөйлейді және біз оларды сөздермен бірге оқимыз.

Пунктуацияның пайда болу тарихына көз жүгіртетін болсақ, С.К.Булич «Брокгауз және Эфрон энциклопедиялық сөздігінде» пунктуация терминін (латын тілінен interpūnctio; тыныс белгілерінің синонимінен) қолданады [2]. 17 ғасырда бүгінгі таңда кең таралған белгілердің көпшілігі ғылыми қолданысқа енді. Шекспирдің алғашқы шығармаларында қолданылатын тыныс белгілерінің барлығы дерлік нүкте, үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, сұрақ белгісі және леп белгілерін қамтиды.[3] Бір сөзбен айтқанда, Еуропа ғылымында тыныс белгілерінің қалыптасуы мен дамуы ұзақ та қызықты жолдан өтті.

Орыс тіл білімінде тыныс белгілері мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген ғалым М.Грек (16 ғ.) болды. Ғалым өз еңбегінде нүктелі үтір, үтір, үтір туралы айта келіп, «Үтір ойды аяқтауға қызмет етеді, ал үтір сөйлеушінің тынысын алады», «Үтірді қою керек» дейді. Одан кейін ғалымның бұл ойларын Л.Зизания, И.Срезневский сияқты ғалымдар жалғастырып, дамытты. Ал М.Смотрицкий тыныс белгілерінің он түрін көрсетеді. Тыныс белгілерінде бірқатар олқылықтар болғанымен, олардың орыс тіл білімінде бұрыннан пайланылып келе жатқанын атап өтпеске болмас[6].

Түркі әлемінің пунктуация тарихына тоқталсақ, алғашқы тыныс белгі Орхон-Енисей жазбаларында кездестіре аламыз. Жазбаның кейбір жерлерінде екі нүктелі гауһар тәрізді тыныс белгілері қолданылады. Профессор С.Малов өз еңбектерінде: «Түріктердің Енисей жазбаларында нүкте мен тыныс белгілерін санағанда қос нүкте қолданылады» деп хабарлайды. Араб қарпімен жазылған ерте хикаяларда аяттардың арасына түрлі белгілер қойылған. Бұл жағдайлар тпунктуацияның бастапқы қызметі сөйлеуді әртүрлі мағыналы бөліктерге бөлу болғанын және қазіргі біз қолданып жүрген тыныс белгілерінен басқаша болғанын көрсетеді. Күні бүгін біз қолданып жүрген тыныс белгілерінің кейбірін академик В.Радловтың 1870 жылы жарық көрген «Үлгілері халық ауыз әдебиетінің түркі диалектілері» еңбегінде, одан соң, П.Мелиоранскийдің «Қазақ тілі грамматикасы» атты еңбегінен кездестіруге болады. В.Катаринский. 19 ғасыр мен 20 ғ. б. түркі тілінде, соның ішінде қазақ тілінде шыққан кітаптарда тыныс белгілері дұрыс, жүйелі түрде қолданылмаса да, таңба элементі, олардың қолданылу тәжірибесінің алғашқы тәжірибесі байқала бастағанын айтады. «20 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың алғашқы 10-15 жылдарында қазақ әліпбиінің емлесі мен жазба мәдениетіне қатысты қоғамдық пікір айқындалып, қазіргі тыныс белгілерінің мақалалары, түрлері мен орындары жарияланды. көрсетілген» (Р.Сыздықова, «Байтұрсынұлы хаты» және емле ережелерінің тарихы). Қазақ тілінде шыққан алғашқы газеттердің бірі «Дала ұлаяты» газеті) алғашқы басылымдарында тыныс белгі мүлдем қойылмаған. Кейде ұзақ күрделі ойдың немесе жалғыз күрделі ойдың соңын білдіру мақсатында екінші ой жаңа жолға жазылады. Бірақ бұл абзацтар сөйлемдерді бір-бірінен ажыратпады. Тыныс белгілері мен бас әріптің болмауы кейбір жазылған жолдарды оқуды және түсінуді қиындатты. Кейіннен пайдаланғаны «Дала ұлағаты» газетінің енгізіп, түсіндірген тыныс белгілері. Алайда газеттің редакторларымен қоса, жеке авторлар да бұл

тыныс белгісінің толықтай қазақша атауларын түсіндірере алмады. Тыныс белгілерін бұл «тыныс алу» екендігі, тыныс белгісін қоймай-ақ, тынысты алу керектігін» (Р.Сыздықова, «Байтұрсынұлы хаты» және емле ережелерінің тарихы) айтқан. Нүкте – дем шығару, үтір – жартылай дем шығару, нүктелі үтір – ингаляцияның төрт бөлігінің бірі, сұрақ белгісі – сұралған сөйлемнің соңына қойылатын белгі және тырнақша мен қос нүкте, қос нүкте және сызықша. Ғалым Р. Сыздықова: «Қазіргі тыныс белгілерін алғаш ұсынған А.Байтұрсынов болды. Бірқатар қазақ зиялылары орыс әліпбиіне қарсы шығып, орыс әліпбиі мен қоса орыс емлесін де өзгерту мәселесін көтеріп жүр. Бұл ретте орыстың тілінен аударылған мәтіндердегі тыныс белгілеріне көңілі онша тола қоймайтынын жеткізді. Бұл мәселені көтергендер «өзгерісті жасаушылар» деп аталады. Бұл туралы Тележан Шонанов «Орыс орфографиясы мен әліпбиін өзгерту мәселесі» атты мақаласында: «Реформашылар төрт нәрсені талап етеді: 1) орыс тілінің емлесін жеңілдету, 2) тыныс белгілерін жеңілдету, 3) бас әріпті жою, 4) латын әліпбиін қабылдаңыз, бірақ біреу бұл өзгерістің болғанын қаласа, басқалар ол өзгерісті қалайды». Айтылған мәселелерге жеке-жеке тоқталып, ғалым пунктуация мәселесіне тоқталып: «Орыс тілінде тыныс белгілерінің көп болғандығын және оны қайтадан бөлу үшін оған 70-80 ереженің керек болғандығын айтты. оған қоса, Ресейде сапалы мектеп бітірген адамдар қайда, қандай тыныс белгісін қоятынын біле алмай дел-сал болып жүргендігі айтты. Орыс тілін үйренген қазақтар да орысша тыныс белгілерінің ережелерін қазақша жазумен шатастырып алған. Тұтқаның орнында жеңілдік бергенімен, орыс графикасындағы қара құрғақ тыныс белгісі әріптің ортасындағы өскен тікенектей көзге түспейді. Бұл күні осы қатыгез тыныс белгілеріне наразылық күшейіп, бұл сөз жақында көтерілді. Ресейде тыныс белгілері азайып, қарапайым болады деп ойлаймыз. Білім басқармасы тыныс алу белгілерінің жобасын әзірлеу үшін арнайы комиссия құрды. Қазақ тілі тыныс белгілері орыс тілінің тыныс белгілерінің үлгісін басшылыққа ала отырып, Қазан социалистік революциясынан кейін ғана жүйелі, ғылыми негізде қалыптаса бастады деген пікірлер де бар. Қазақ тіл біліміндегі пунктуацияның қалыптасуы мен жүйелі дамуына орыс тіл білімінің әсері болды.[4]

Осыдан кейін тыныс белгілері мәселесі баспасөз беттерінде жиі көтеріліп, тыныс белгілерін жазуда дұрыс қоя білудің маңыздылығы, тыныс белгілерін қою ережелері, оларды қолдану мәселесі жиі айтыла бастады. Бұл пікірлердің барлығы қазақ тілінің тыныс белгілеріне мән беріп, оның жазу құралы ретінде танылуына әкелгені сөзсіз. Қазақ тілі біліміндегі тыныс белгілері мәселесін талдағанда тыныс белгілеріне арналған шығармаларды тыныс белгілеріне қатысты мақалалар, тыныс белгілеріне қатысты танымдық мақалалар, мектеп оқушыларына қосымша білім мен тәрбие беретін шығармалар деп үшке бөлуге болады. Жазбаша тыныс белгісінің маңызы ерекше зор. Ол туралы М.Петерсон: «Бір белгінің бірнеше қолданысы болуы мүмкін, ал басқаша, бір құбылысты әртүрлі белгілермен көрсетуге болады» деп өте дурыс айтқан. Тыныс белгілерін дұрыс қолдану үшін басқалардың функцияларын даралау және оларға арналған ережелерді біріздендіру қажет. Дұрыс жазудың бір белгісі – интонациялық тыныс белгілері. Қайғысыз бірде-бір «немесе» жоқ және айқындық жоқ. Тыныс белгілері – тіліміз болса, интонация – сөйлеу тіліміздің құралы. Екеуі бір-бірімен тығыз байланысты.

20-ғасырдың басында жалпы тыныс белгілеріне қатысты жүйелі еңбектер мен мақалалар болмағанымен, осы кезеңде тыныс белгілерінің терминологиялық атаулары толық тілдік танымымызда қалыптасты деуге болады. Қазақ тілі оқу ісінің меңгерушісі Ахмет Байтұрсынұлы да бұл салада терминдердің нақты атауларын тауып, жасауда көп еңбек етті. Бұл тыныс белгілері туралы зерттеулер тоқтап қалмады, ол негізгі жылдары жалғасты және дамыды. Пунктуация мәселесіне арналған мақалалары: Сарыбаев Ш. «Тыныс белгілері туралы», Жиенбаев С. «Тыныс белгілері», Х.Басимов. «Сөйлемдегі тыныс белгілерін дұрыс қою», Балақаев М.«Сауатты жазушының шығармашылығын қарастырады» т.б.

Мектепте балаларды тыныс белгілеріне үйретудің мақсаты – оларда тыныс белгілерін дамыту, бұл жазушының сөйлемдер мен мәтінді мағыналы бөліктерге бөлу үшін тыныс белгілерін дұрыс қолдана білуін және оқырманның жазушымен адекватты түрде жазылғанын түсінуін білдіреді. Тағы бір мақсаты – оқушыларды күнделікті өмірде қазақ тыныс белгілерінің негізі болып табылатын тыныс белгілері ережелерін қолдана білуге үйрету. Бұл ережелер бағдарламамен қамтамасыз етілген және олардан ауытқу қате болып табылады. Осы мақсаттарға жету үшін ауызекі сөйлеуде интонациялық түрде берілетін немесе коммуникациялық жағдайдан анық туындайтын ойлар мен сезімдерді жазбаша түрде жазуға көмектесетін тыныс белгісін оқушылардың меңгеруіне тереңінен және жан-жақты тыныс белгілерін дамыту қажет. Бұл ережелердің ерекше категориясы.

Мектеп оқушылары тыныс белгілерінің ең жиі қатесі – қажетті тыныс белгілерін дұрыс қолдана алмаудан бөлек, мүлдем қолданбау немесе керегі жоқ жерде қолдану. Тыныс белгілерінің қателерімен жұмыс орфографиялық ережені үйренудегідей сілтемелерден тұрады. Қателермен жұмыс істеу тыныс белгілерін дамытудың маңызды кезеңі болып табылады. Пунктуациялық қателерді болдырмауға бағытталған арнайы жұмыстардан, мұғалімнің тыныс белгілерінің қатемен жазып алуынан, сабақты дайындауда қате жазылған сөздерді есепке алудан, қателермен жұмыс жасаудан, сабақтағы қателермен жұмыс жасаудан тұрады. Пунктуациялық сауаттылықты меңгерудің екі деңгейі бар: абсолютті және салыстырмалы. Абсолютті тыныс белгілерінің сауаттылығы тыныс белгілерінің барлық нормаларын мінсіз меңгеруді, сонымен қатар тыныс белгілерін авторлық мақсатта барабар пайдалана білуді болжайды[5]. Мектепте әр түрлі себептермен абсолютті пунктуациялық сауаттылыққа жету мүмкін емес. Біріншіден, мектепте тыныс белгілерінің барлығы оқытылмайды, сонымен қатар мектепте оқытылатын нормалардың барлық нұсқалары оқушыларға жеткізілмейді. Мектепте тыныс белгілерінің келесі түрлері қалыптасады:

- коммуникативті бірліктерді таба білу: семантикалық сегменттер, олардың тыныс белгілерімен ерекшеленуін талап ету;
- игерілген тыныс белгілеріне сәйкес тыныс белгісін қоя білу;
- белгі үшін орынды таңдауды және қажетті тыныс белгісін таңдауды негіздей білу;
- тыныс белгілерінің қателерін тауып, түзете білу.

Тыныс белгілері бар семантикалық сегменттерді ерекшелеу ережелерін қолдану қабілеті орталық тыныс белгілері болып табылады, оның нәтижесі өз мәлімдемелерінің тыныс белгілерін дұрыс қою болып табылады[1]. Тыныс белгілері бірнеше принциптерге негізделген:

1) логикалық: тыныс белгілері сөйлемнің мағыналық бөліктерінің шекарасын жазбаша көрсетеді;

2) синтаксистік (құрылымдық-синтаксистік): тыныс белгілері синтаксистік бірлік құрылымын айқын етеді: сөйлем, кезең, мәтін;

3) интонация: жазбаша сөйлеу ауызекі сөйлеудің ырғақты, әуездік ерекшеліктері мен мағыналық реңктерін көрсетеді.

Тыныс белгілерінің қызметі де мына принциптерден туындайды:

1) бөлу: нүкте, сұрақ және леп белгілері, үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, сызықша, көп нүкте арқылы орындалады;

2) екпін түсіру: тырнақша, қос үтір және қос сызықша, жақша арқылы орындалады.

Қорытындылай келе, мектеп оқушыларының тыныс белгілерін дұрыс қоя білмеуі белең алып келеді. Оқушыларды күнделікті өмірде тыныс белгілерінің негізі болып табылатын тыныс белгілері ережелерін қолдана білуге үйрету қажет. Ол үшін инновациялық технологияларды қолдана отырып, түрлі тәсілдермен пунктуациялық норманы меңгертуге болады. Қазіргі таңда оқушылар гаджеттерді жиі қолданады және мүмкіндігінше жылдам ақпарат алмасуға және мүмкіндігінше қысқа жазуға тырысады. Соның әсерінен тыныс

белгілерін басқаша қояды немесе мүлде қоймайды. Электрондық мәтіндер математикалық белгілерді, латын әліпбиін және әртүрлі графикалық таңбалардың комбинациясын пайдаланады. Бұл тыныс белгілерінің ережелерінің болашақта өзгеруі мүмкін екенін көрсетеді. Қазіргі қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің зерттелу тарихына үңілсек, олардың осы уақытқа дейін зерттеліп келгенін және әлі де болса зерттелетінін байқауға болады. Бұл тыныс белгілерінің теориясы мен тәжірибесі.

Әдебиеттер тізімі:

1 Адамова С.В. Практикум по русской пунктуации. Вспомогательное учебное пособие для студентов-словесников / С.В., Адамова С.А. Гюльмисарян – Ер.: Изд-во «Асогик», 2016, 104 б.

2 Интерпункция // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). —, 1890—1907.

3 Steinthal, "Geschichte der Sprachwissenschaft bei d. Griechen und Römern", т. II, Берлин, 1891, 348-354 б.

4 https://emle.kz/ сайты

5 Герцена А. И. Инновационное обучение русскому языку (Учебное пособие к спецкурсу) / А. И. Герцена. — Л., 1989.

6 https://www.vbr.ru/courses/help/znaki-prepinaniya-v-russkom-yazyke/ сайты

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Дәрібай Ғалымжан Серікжанұлы
Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейі, құқық және экономика негіздері пәндерінің мұғалімі, заң ғылымдарының магистрі
Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460802

To Cite: Дәрібай Ғалымжан Серікжанұлы. (2024). ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460802

Аннотация: Аталған мақалада қазақ зиялыларының педагогикалық көзқарастары туралы мәлімет беріледі. Сонымен қатар, қазақ даласында ашылған алғашқы мектептердің білім беру жүйесіндегі рөліне талдау жасалынады.

Кілт сөздер: ағартушылық ілім, білім беру жүйесі, мектеп, идея, еңбек.

Abstract: This article provides information about the pedagogical views of the Kazakh intelligentsia. In addition, the role of the first schools in the education system opened in the Kazakh steppe is analyzed.

Key words: enlightenment, education system, school, idea, work.

Білім беру саласына қатысты идеяларды дәріптеуде қазақ ағартушыларының қосқан үлесі өте зор. Соның бірі – халқымыздың маңдайына біткен шоқ жұлдыз, ағартушы-ғалым Шоқан Уәлиханов. Оның педагогикалық көзқарасының қалыптасуына орыстың белгілі Г.Н. Потанин, П.П. Семенов-Тянь-Шанский және Ф.М. Достоевский секілді ғалым, жазушыларымен жақын достық қарым-қатынаста болуы әсер етті. Ол өз елінің оқу-ағарту мен ғылымын дамыту үшін күресті. Шоқан Уәлихановтың орыс-қазақ мәдени-педагогикалық байланысының тарихындағы өшпес еңбегі сол – ол орыстың озат білімі мен ғылымын таратушы, насихаттаушы болды, артта қалушылық пен надандыққа қарсы күресті.

Шоқан Уәлиханов қазақтар арасында орыс білімін, оның ғылымы мен өнерін таратудың тиімді шаралары үшін күресті. Ол Қазақстанда «нағыз шынайы білімділер» ұясы болатындай мектеп түрлерін ұйымдастыруды талап етті. «Тек ақиқат білім ғана күдіктерден құтылуға жәрдем етіп, өмірмен материалдық әл-ауқатты бағалауға үйретеді»,-деді.

Халықтық тәрбиенің жаңа жүйесін ойластыра отырып, Шоқан Уәлиханов ең алдымен жасөспірімдерді ғылым мен техниканың табыстарымен, дүние жүзі мәдениетінің бай қазынасымен таныстыра алатындай діннен бөлінген дүниелік білімдерді енгізуді жақтады. Ол қазақ халқының болашағы мистицизмге де, аскетизмге де емес, тек цивилизация мен оқу-ағартудың табыстарына байланысты деп білді. Яғни, ұлы ағартушы-ғалым қазақ халқының орыс мәдениеті мен білімін және ғылымын үйрену арқылы ғана көзі ашық, көкірегі ояу болатындығын бек түсінді және сол үшін бар өмірін арнады.

Сонымен қатар, қазақ жерінде ағартушылық ілімді кеңінен насихаттаған – ол қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, ұлы ақын Абай Құнанбаев. Абай Құнанбаевтың педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамдардың өзара қарым-қатынасы, әсіресе, жастарды еңбекке баулу болып табылады. Еңбек тәрбиесін, оқу мен білім алудың негізі – деп түсінген ақын жас ұрпақтың барлық тәрбиесінің көзін, бұлағын еңбектен іздеді. Оның пікірінше, еңбек – адамды жан-жақты дамыған, ғұламалыққа көтереді, баулиды,

жетелейді. Шынында да, еңбек адамды дұрыс жолға жетелейді. Еңбек арқылы ғана адам өзінің алдына қойған мақсатына жетеді.

Ұлы Абай атамыздың шығармаларындағы өзекті тақырыптардың бірі – білімге шақыру. Осы жолда ағартушы қаламынан өнер-білімге қатысты мол нақыл сөз туған.

Мәселен, «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген нақыл сөзі білім – өнердің кілті, өнер білім; мағыналы өмір деген пікірді айтады. Ақын өнер-білімді күрделі мақсат үшін үйрену керектігін, жеке болымсыз себептер үшін үйрену ұзаққа бармайтынын: «Білім-ғылымды бір нәрсеге себеп қана үшін үйренсең, білімге деген көңілінің мейірімі, асырап алған шешенің мейірімі сияқты болады»-деген нақыл сөзімен аңғартады. Бұл орынды айтылған ұлағатты сөз. Себебі, адам білімді тек бір себеп үшін ғана меңгерсе, ол ешқандай нәтиже бермейді, керісінше, білімнің ертеңгі болашағымыздың жарқын кепілі болатынына сеніммен қарап, жүйелі түрде игеруіміз керек.

Хакім Абай: «балалардың ғылымға деген ынтасы мен талабын өсіру қажет, олай болмағанда білімге жетіліп те болмайды» - деп көрсетеді. Ол жастарға байлықты көксеме, арды көксе, көбірек білуге ұмтыл деп талап қойды.

Кітапта білім көп, - дей келе, оны оқып үйрен, шен тағып, шекпен киіп, кеудеңді көтеруге құмар болма, жан отыңның жалынын сөндірме, ұлыққа жағамын деп төменшектеме, ғылымның жолы – қия жартас, бірақ адал еңбегіңмен өнер-білімге өрлей бер, адал бол, әділ бол – дейді Абай атамыз.

Ол жасөспірім буынға мектептік білімді жүйелі түрде беру керектігін айтты. Адамның адам болып қалыптасуында тәрбие мен оқу-білімнің шешуші рөлі болатынын жақсы түсінді. Өзінің пікірлерінде, практикалық қызметінде ақын Абай нағыз педагог ретінде көріне түсті. Жастарды тәрбиелеу ісіне үлкен көңіл бөлді. Білімді саналылықпен игеруді талап етті. Яғни, дүрелік тәртіптің орнына ақылдан туған саналы тәртіпті ұсынды, балалардың сана-ынтасын дамытуға көңіл аударды. Қазіргі педагогикада да оқытудың саналылық пен белсенділік принципі бар. Бұл принципке сәйкес, егер оқушы белсенділік танытып, өз бетінше білімді меңгеруге қызығушылығы артса ғана оқыту процесі нәтижелі түрде іске асады. Сондықтан білімді жүйелі түрде меңгеру өте маңызды.

Білімді ойдағыдай беру үшін Абай Құнанбаев орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский сияқты, әуел бастан оларды ана тіліне, ақиқат ғылым, білімдерге үйретуді, ал содан кейін барып шет тілдерді, соның ішінде араб, парсы тілдерін оқытуды ұсынды.

Ұлы ақын ғылымды үйренуге алыс-беріс тұрғысынан қарауды қолдамаған. Ол балаларға ең алдымен жалпы білім беруді ұсынды, демек, бұл – оның ақыл-ойын, дүниетанымын және жалпы мәдениетін дамыту керек деген. Сонымен қатар ол табиғат сырларын тануға, табиғат күштерін адам еркіне бағындыруға бағытталған ғылымды үйренудің практикалық маңызын жоққа шығармайды.

«Оқыған кезде білімнің тереңіне сүңгуге талаптан. Дау-шарда ғана күшімен жарқырау үшін оқыма. Даудан білім туатыны рас, бірақ оған салынып кетпе, оны өлшемімен қолдану керек»-дейді Абай атамыз [1, 304]. Бұл айтылған нақыл сөз халқымыздың «Ашу –дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» деген мақалының балама мағынасы ретінде айтылған.

Сонымен, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарасының түп-төркіні – білім мен ғылымды игеруді еңбекпен байланыстыруында жатыр. Өйткені білім мен ғылым меңгеріп, оның шыңына шығудың өзі үлкен еңбек. Тек еңбек ету арқылы ғана адам қоғамнан өз орнын табады. Еңбек –баланы адамгершілікке, ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Жалпы алғанда, Абай Құнанбаевтың білім беру мен тәрбиелеуге қатысты терең мағыналы философиялық ой-толғамдары қазіргі қоғам жағдайында өскелең жас ұрпақты адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуде маңызды құрал болуы тиіс.

Ал XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени және әдеби өміріне белсене араласып, өнімді еңбек етіп, артына құнды мұра

қалдырған көрнекті ағартушы-ұстаз, ірі ғалым-лингвист, ақын-аудармашы, әдебиет зерттеушісі, түркітанушы, Алаштың ардақтысы – Ахмет Байтұрсынов. Ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынов ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсады. Осы мақсатты орындау үстінде ол – қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-танытқан әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш «Ана тілі» оқулықтарын жазған автор.

Ахмет Байтұрсынов өзінің саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім-ғылымның жоғары бағаланып, ағартушылық бағыт әбден қалыптасқан кезде бастады. Ол ауыл мектептерінде, семинарияларында халыққа білім беру, оны жетілдіру саласында көп ізденді, көптеген мақалалар, еңбектер жазды. «Әліп-би», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптар, қазақ тілінің табиғаты, ерекшеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазуы, 1926 жылы Баку қаласында өткен түркітанушылардың I съезіне қатысуы, Қазақстанның оқу-ағарту комиссариатындағы жұмысы – осының бәрі оның қоғамдық, мәдени, ағартушыллық, ғалымдық қызметінің жан-жақтылығын аңғартады.

Ақынның 1911 жылы Орынборда басылған «Маса» атты өлеңдер топтамасында нағыз ағартушылық идея жатыр. Ақын:

Ызыңдап, ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, қара яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен
Қоймастан құлағына ызыңдаған? –дей келе, енжар халықты маса арқылы оятуға тырысады. Масаның негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болып табылады. Яғни, ақын осы өлеңі арқылы сол кездегі білім мен мәдениет жағынан артта қалған қазақ халқының сауатын ашуға тырысқан.

Жалпы, Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқуға шақырумен тынбайды. Ол сонымен қатар қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы сөз етеді.

Балаларға білім берудің бірінші сатысы – бастауыш мектеп. Ахмет Байтұрсынов осы білім көзінің алғашқы сатысына ерекше назар аударады. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 мамырдағы санында «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялады. Мақаласында ағартушы-ұстаз қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы мәз емес екендігіне тоқталады. Қазақ бастауыш мектептерінде оқу бағдарламалары мен оқулықтардың, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі (мектеп режимі) дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Қазақ жерінде ашылған бастауыш орыс мектептеріндегі оқыту ісі біршама ілгері болғанмен, оны бітіруші қазақ балалары әрі қарай оқи алмайтындықтан, бұл мектептердің де пайдасы аз екендігін атап өтеді.

Ол бастауыш мектеп 5 жылдық болу керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде ашқаны абзал, атап айтқанда, бастауыш мектеп 5 жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Оның үстіне ел сирек қоныстанған жерлерде балалар жатып оқитын интернаттар ашу керектігі туралы ұсыныс жасайды. Бұл бастауыш мектептерде оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп,

жағырафия, шаруашылық кәсіп, жаратылыстану пәндері жүргізілсін деп нақты көрсетеді. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынов өзі басқарып отырған «Қазақ» газетінің бетінде «Мектеп керектері» атты мақаласында: «...ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, әдістемеден хабардар оқыта білетін мұғалім. Екінші – оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші – мектепке керегі белгіленген бағдарлама. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімі өлшеуі боларға керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс – солпы не артық, я кем шықпақшы»-деп, мектеп оқу жұмысын сапалы ұйымдастырудың дидактикалық талаптарын анықтап берді [2, 292].

Сонымен, XX ғасырдың бас кезіндегі саяси жағдайдың шиеленіскен әрі күрделі тұсында халықтың сауатын ашып, білім беру ісінің дамуына өз үлесін қосқан Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық саладағы еңбегі өлшеусіз. Оның қазақ балаларына арнап жазған «Әліппесі», оқулықтары және қазақ тіліне сай жасаған латын графикасы мен емлесі бүгінгі күні де өз маңыздылығын жойған жоқ. Әсіресе, қазіргі таңда елімізде қазақ тілін латын графикасына көшіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл ретте қолданысқа енетін латын графикасы Ахмет Байтұрсыновтың жасаған латын әліпбиінің үлгісі ретінде алынып отыр. Сондықтан алаш көсемдерінің бірі – Ахмет Байтұрсыновты қазіргі қазақ педагогикасы қалыптасуының негізін салған ұлы тұлға ретінде санауымыз қажет.

Ал білім беру жүйесі дегеніміз – сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны болып табылады [3].

Еліміздегі білім беру жүйесінің қалыптасу тарихы өзінің ілкі бастауларын сонау ерте замандардан алады. Қазақстан жерінде, әсіресе, оның отырықшы аудандарында орта ғасырдың ерте дәуірінде-ақ (VII-VIII ғ.ғ.) көптеген мектептер (мұсылманша бастауыш оқу орны) мен медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындары жұмыс істей бастағаны тарихтан белгілі.

Ертедегі Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар, т.б. қалаларында көптеген медреселер болған, олардың жалпы саны 84-ке жеткен. Ауылдық жерлерде мектепте молдалар (татар, башқұрт, т.б.) ұстаздық еткен. Оқыту ақысы халықтан жиналған. Балалар қыс, күз айларында оқыған. Оқу мерзімі 4 жыл, оқуға 7 жастан бастап қабылдаған жыл аяғында емтихан тапсыру мектеп бітіргені үшін балаға ресми куәлік тапсыру тәртібі сақталмаған. Медреселер мұсылмандық рәсімдерін таратушы оқу орны болып қана қоймай, ірі мәдениет орталығы ретінде де қызмет атқарған. Бұл оқу орындарында заңтану, тарих, логика, философия, математика, астрономия, медицина, т.б. пәндер енгізілген. Медреселердің жанында салиқалы кітапханалар болған [4, 68]. Бұл сонау орта ғасырлардың өзінде жерімізде мұсылмандық білім берудің кең етек жайып, дамығандығын көрсетеді.

Еліміздің Ресей құрамына қосылу тұсындағы білім беру жүйесі туралы қарастырар болсақ, осы тарихи оқиғамен қазақ халқының арасында діни емес білім берудің таралуының алғашқы қадамдары жасалды.

XVIII ғасырда орыс дворяндары жағдайының артуымен осы таптың мақсаты үшін білім беру саласында көптеген шаралар іске асырылғаны белгілі. Мәселен, 1741 жылы құрылған әскери кадет корпусы жабық сословиелік-дворяндық оқу орындарының бастамасы болды. Оларға дворян балаларын әскери және азаматтық борышын өтеуге даярлауды қамтамасыз ету қажет болды. Дворян мәдениетінің орталықтарының бірі бола отырып, кадет корпустары Ресейдің ұлттық шет аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда, ағарту ісін таратуда елеулі әсер етті.

1744 жылы Орынборда татар мектебі ашылды, онда әскери лауазымды адамдардың балалары оқыды. Бұл мектепті бітіргеннен кейін олар кеңсе қызметкерлері, кеден ісі чиновниктері және аудармашылар мамандықтары бойынша қызмет атқарды.

Осы мақсатта 1786 жылы Омбыда «азиялық мектептің» негізі қаланды. Алайда 1836 жылы «азиялық мектеп» жабылып, қазақ балалары үшін мұсылман мектебі ашылды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан қалаларында әскери училищелер ұйымдасты, оған, әрине, қазақ ақсүйектері мен байлардың балалары қабылданды. 1813 жылы Омбыда Сібір казактарының әскери училищесі ашылды, ал 1827 жылы Орынборда – Неплюев әскери училищесі жұмыс істеді.

Сөз жоқ, осындай әскери училищелердің құрылуы белгілі мақсатты көздеген болатын-ды. Патша өкіметі ең алдымен ақсүйек сұлтандардың, байлардың және әкімшілік аппаратының, чиновниктерінің және әскери мекемелердің Қазақстанда патша өкіметінің отарлау саясатын жүргізуге қабілетті балаларды даярлауға ұмтылды.

Жалпы, қазақ даласында қазақ мектептерін ашу туралы бастама тек қана отарлау саясатын көздеген патша өкіметі тарапынан шыққан жоқ, сонымен қатар қазақтың белгілі атқа мінерлері, ру басылары, орысша оқыған, білім алған өкілдерінен де шыққан еді [2, 223].

Соның бір дәлелі ретінде 1841 жылы Бөкей ордасында Жәңгір ханның бастамасы бойынша ашылған мектепті атап өтуге болады. Бұл жөнінде Жәңгір хан: «Біздің балалар қоғамға ізгілікті түрде қызмет ету үшін білім ала отырып, барлық ғылымды біле алады деп жар саламын. Осының бәрі мені қатты қуантады, себебі білімге қолы жетуі – менің халқым үшін ең үлкен бақыт»-деп қазақ халқы үшін білімді игерудің үлкен маңызы барын айтқан. Жоспар бойынша аталған мектеп балаларды ресейлік арнайы оқу орындарына түсу үшін дайындауға керек болатын. Мектепке жұмсалатын барлық шығынды хан өз мойнына алды. Өмірінің соңғы күніне дейін хан өз табысымен мектепті ұстады, оқушылардан емтиханды өзі қабылдады. Ол іс жүзінде мектептің бірінші мұғалімі болды, ал көмекшісі Садриддин Амин деген татар азаматы болған. Бұл мектеп сол дәуірдегі бірден-бір жалғыз мектеп болды. Яғни, Жәңгір ханды қазақ халқының тұңғыш ағартушысы деуге толық негіз бар [5]. Мектептің қазақ халқы үшін үлкен тарихи маңызы болды. Біріншіден, сол дәуірде қазақ жерінде ағартушылық ілімнің кең етек жаюына әсер етсе, ал екіншіден, қазақ халқының сауаттылық деңгейінің артуына мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде халқымыздың ұлы ағартушы - ұстазы Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен мектептер ашылды. Оның бірі – 1864 жылы Торғайда ашылған қазақ балаларына арналған 14 балалық шағын интернаты бар бастауыш мектеп болды. Ыбырай Алтынсарин әуелі бастауыш мектептің мұғалімі, кейін Торғай облысының қазақтар үшін ашылған мектептері бойынша инспекторы қызметін атқарды. Ал екінші мектеп ретінде 1887 жылы Ырғыз қаласында ашылған қазақ қыздарына арналған училищені атап өтуге болады [6, 154].

Ыбырай Алтынсарин кәсіптік білім берудің маңызын жете түсінді және жақтады. Ол Торғайда төменгі қолөнер училищесін ашудың жоспарын жасады және оны ашуды қолға алды. Ағаш-токорлы, слесарлы-ұсталық, тігін бөлімі бар Торғайдағы Яковлев қолөнер училищесі тек 1884 жылы ғана ашылды. Ыбырай Алтынсарин Қостанайдағы ауылшаруашылық училищесін ашу үшін өзінің екі үйінің орнын және училище участкесі үшін қыстауындағы жерін берді. Алайда, бұл үстемдік етуші топтың әсері салдарынан ол ұлы Қазан төңкерісіне дейін ашылмады, қолдау таппады. Училище сол күйінде ашылмай қалды. Ыбырай Алтынсариннің табандылығымен Орынборда 1886 жылы мұғалім даярлайтын қырғыз мектебі ашылды. Бұл орыс-қазақ мектептеріне мұғалім даярлаудың орталығына айналды. Ыбырай Алтынсарин қазақ мектептерін сол кездегі орыстың озық педагогикасы тұрғысынан құрды, жаңа типті қазақ мектебінің кең таралуы жолында қажымастан еңбек етті, бұл бағытта ол елеулі табысқа жетті[1, 308]. Ұлы қазақ педагогының

ашқан кәсіптік мектептері сол заманда қазақ жерінде өнеркәсіп саласының қалыптасуына және арнайы осы салада қызмет атқаратын мамандар қатарының өсуіне ықпал етті. Жалпы алғанда, қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен ашылған мектептер сол кезеңдегі отаршылдықта өмір сүрген қазақ елінің оқу-ағарту саласын біршама дамытуға мүмкіндік берді.

Ал XX ғасырдың бас кезінде қазақ жерінде ашылған алғашқы мектептердің бірі ретінде Жетісу өлкесіндегі «Мамания» мектебін айтуға болды. Бұл мектептің құрылысын Жетісудың атақты байы Маман балалары Тұрысбек, Сейітбаттал және Есенқұл қажылар 1899 жылы ұйымдастырып, 1903-1904 жылдары салып бітірген. Мектептің құрылыс жобасы, оқу бағдарламасы және ішкі ережелері Уфадағы «Медресе-Ғалияның» оқу-тәжірибесіне негізделді. Мектепте арнаулы оқу орындарын бітірген қазақ, татар мұғалімдері сабақ берген. Сабақ ана тілінде жүргізілді. Орыс тілі 4-ші сыныптан бастап жеке пән ретінде оқытылды. Мектепте діни сабақпен қатар жаңа пәндер, атап айтар болсақ, география, есеп, орыс тілі, ана тілі және т.б. оқытылды. Мектепте дәріс берген мұғалімдердің қатарындабелгілі тарихшы, қоғам қайраткері, заңгерҒабдолғазиз Мұсағалиев болды. Мамания мектебін бітірген қазақ жастары Ақсу, Қапал, Лепсі елді мекендерінде бала оқытып, мұғалімдік қызмет атқарды. Мамания мектебінің түлектері қатарында халқымыздың көрнекті ұлт зиялылары Біләл Сүлеев, Мейірман Ермектасов, Әубәкір Жайшыбеков және қазақ поэзиясының құлагері Ілияс Жансүгіровтың есімдері белгілі [7]. Бұл аталған мектеп те сол кезеңдегі қазақ жеріндегі білім мен мәдениеттің дамуына өзінің лайықты үлесін қоса білді.

Кеңес дәуірі тұсында Қазақстан жерінде ашылған мектептер туралы айтар болсақ, отандық мектеп пен педагогиканың тарихына кеңестік дәуірде шектен шыққан томаға тұйықтыққа негізделген тоқырау мен қарама-қайшылықтар тән болды.

Кеңестік кезеңде жеке тұлғаның және оның мүддесі қоғам мүддесіне қатаң бағындырылған тәрбие жүйесі қалыптасты, ең алдымен оқушылардың санасына саяси-идеологиялық қасаң қағидаларды сіңіруді ең бірінші орынға қойды. Коммунистік тәрбие жүйесі орынсыз дәріптелді, ол бұл тұрғыдан өте пәрменді әрі тиімді тәрбие құралы деп есептелді. Дегенмен 20-жылдары педагог-теоретиктеріміз бен практиктеріміздің шығармашылық ізденістері арқылы қазақ мектептерінде көптеген демократиялық сипаттағы қадамдар жасалды, әсіресе, білім берудің мазмұнын анықтауға, оқу жұмысын ұйымдастырудың жаңа түрлері мен әдістерін енгізуге бағытталды.

Қазақ АКСР-нің құрылуы, халық ағарту комиссариаты мен оның жанында Академиялық орталықтың ұйымдасуы, халық ағарту саласындағы түбегейлі өзгерістер қарастырып отырған кезеңде республикада жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуына саяси-әлеуметтік және педагогикалық алғышарттар жасады, республикада жоғары педагогикалық мектепті құруға берік негіз қаланды. Осы кезеңде Қазақстанда халықтың көшпелі және жартылай көшпелі тұрмысына байланысты интернаты бар мектеп-коммуналар ашылды. Бұл мектептер өте қолайлы деп есептелді. Ол мектептердің кейіннен жеті жылдық немесе тоғыз жылдық мектеп дәрежесіне дейін дамығандары болды. Ондай мектептерде негізінен жетім балалар толық мемлекет қаражатындағы мектеп-интернаттарға алынды [2, 279].

Міне, қазақ жерінде білім беру жүйесінің қалыптасып дамуы түрлі қилы кезеңдерден өткен және әр кезеңге тән білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазіргі жаһандану заманында жастардың білімді, адамгершілігі жоғары, мәдениетті тұлға болып қалыптасуында ұлы ағартушылардың айтып кеткен терең мағыналы педагогикалық идеялары таптырмас тәрбие құралы болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, - 2006. – Б. 304-374

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

2. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы: Оқулық. -Алматы: «Білім», 2012. – Б. 33-297
3. Жаңа білім беру жүйесі // https://kk.wikipedia
4. Ш.Х.Құрманалина, Б.Ж. Мұқанова, Ә.У. Ғалымова, Р.К. Ильясова. Педагогика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – Б. 72
5. Қазақтың тұңғыш мектебі - El.kz.
6. Педагогика тарихы: қысқаша курс. Қ. Бержанов., С. Мусин. -Алматы. Мектеп, 2003. –Б. 154-156
7. Мамания мектебі // https://kk.wikipedia.org/wiki

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

EXPLORING THE APPLICATION OF GAMIFIED TEACHING IN PRIMARY SCHOOL ENGLISH ORAL TEACHING

Kabdumanap Aikumis
second-year postgraduate student of University of International Business, Almaty, Kazakhstan,
Scientific supervisor: **Nassikhat Utemgaliyeva** PhD, Assistant Professor
7M01701 Two Foreign Languages
Кабдуманап А, магистрант 2 курса.
Научный руководитель:**Утемгалиева Насихат Адайхановна** PhD, доцент
Университет Международного Бизнеса им. Кенжегали Сагадиева

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460821

To Cite: Kabdumanap Aikumis, & Nassikhat Utemgaliyeva. (2024). EXPLORING THE APPLICATION OF GAMIFIED TEACHING IN PRIMARY SCHOOL ENGLISH ORAL TEACHING. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460821

Аннотация

В современную эпоху глобализации владение английским языком постепенно стало важным навыком. Этап начальной школы является решающим периодом для развития способностей детей к английскому языку. Его основная цель — помочь студентам освоить и использовать английский язык в повседневном общении. Однако в каком классе некоторые учащиеся могут лишь пассивно и механически усваивать соответствующие знания, не имея способностей и энтузиазма к самостоятельному обучению. Поэтому данная статья начинается с использования игрового метода обучения в устном обучении. Стратегии геймифицированного обучения привносят живость и веселье в разговорный английский в начальной школе.

Ключевые слова: геймифицированное обучение, английский язык в начальной школе, устное обучение, PPP метод .

Abstract

In today's era of globalization, mastering English has gradually become an essential skill. The primary school stage is a crucial period for cultivating children's English language abilities. Its main purpose is to help students master and utilize English for daily communication. However, in which classroom, some students can only passively and mechanically learn relevant knowledge, lacking the ability and enthusiasm for self-directed learning. Therefore, this article starts with the utilization of game based teaching method in oral teaching. Gamified teaching strategies inject vitality and fun into primary school English speaking.

Keywords: Gamified teaching, primary school English, oral teaching, PPP method

Introduction

In the context of global economic integration, the development mode of education is also constantly changing and needs to be consistent with the trends of the times and the international community. English is gradually becoming more widespread and has become a bridge for communication between countries. Therefore, students who can speak English not only have an advantage in self-development, but also have a positive impact on the country. And oral communication is the most effective way for people to communicate with each other,Realize

through communication, strengthening cultural exchange and understanding different cultures. Of course, students are the future and hope of the country, so cultivating excellent students is a focus of everyone's attention. The education during primary and middle school is the best time to cultivate students. Therefore, English teachers should fully respect and cleverly utilize the playful nature of children, and adopt gamification methods to cultivate the interest of primary school students in English speaking.

The main goal of offering English courses in primary school is not to cultivate students' professional English abilities, as students at this stage generally lack the ability to learn independently. Therefore, the main purpose at this time is to cultivate interest in learning English, make students interested in learning English, and lay a good foundation for future English learning. However, observing the results achieved in primary schools today, there is a discrepancy between them and what we expected. There are some problems with students not showing a strong interest in English through primary school English teaching. Although gamified teaching is widely used to arouse students' interest, there are still some problems, such as limited game materials, difficulty levels that do not match the age of students, and inaccurate game goal positioning.

Literature review:

We first need to understand the significance of game-based teaching method. Game based teaching method is to use various game forms during classroom teaching, so as not to let the previous single teaching method make students lose interest in learning (Welbers, K.2019). Ensure that students are highly focused on activities in the classroom, help them feel the joy of learning English, and improve the learning efficiency of oral English in classes. Using multimedia technology to stimulate students' interest in expression. Multimedia technology is now widely used in the field of teaching. Multimedia is a computer program that includes text and at least one of the following: audio or complex sounds, music, videos, photos, 3D graphics, animations, or high-resolution graphics (A. Pourhosein et al, 2011). In primary school English teaching, we should fully utilize the advantages of multimedia to better play its role. Teachers can play animated texts to turn textbook knowledge into animated characters, which can help students better understand the content of the text. By using some characters in the animation, students can develop a desire to imitate, such as hero characters and witty characters, and enhance their interest in learning. This learning method can promote students' self-expression and desire to express themselves, which is beneficial for children's oral practice.

Here should be mentioned about PPP method, so-called PPP, meaning that Presentation, Practice, Production. This method is used in English teaching and is designed to go through three stages. The first stage is language introduction, where the teacher creates an appropriate language teaching situation. In the second stage, teaching practice, teachers can design some activities, such as practicing sentence pronunciation, chorus, or individual practice, etc., to improve students' speaking ability. The third stage is language production. This stage is related to the types of games we will mention later, such as role-playing, group discussion activities, etc. The focus of this stage is to encourage students to use the language as fluently and naturally as possible (Ihsan, M. 2020).

When it comes to multimedia, there are many online games that can help students improve their speaking skills. There are many types of these games, and teachers should consider the age of students when choosing them to prevent problems such as games not matching their age. For games to improve oral skills, teachers can choose from several online games (Byron Antonio et al,2022):

- AlphaBear
- Lingo Challenge
- ESL Fun Games Online

There are many reasons why elementary school students have poor English-speaking performance, such as insufficient teaching time and language environment. To solve these

problems, it is necessary to make learning English more life oriented, not limited to classroom time, but to cultivate the habit of children being interested in learning the language in their spare time. Fun dubbing software can play an important role here. Fun Dubbing is an educational software used for English speaking practice, which includes dubbing for popular animations and movies. Parents can also use this software in their spare time to improve their children's spoken English, but when they don't know how to practice. Teachers and students can also collaborate to complete interesting dubbing tasks. (Sihong Zhang,2016)

Teachers are the leaders and promoters of learning and should be willing to create learning space for children and actively integrate into their learning environment. Elementary school students need more companionship and care, so teachers need to communicate more with students. (Zhang Ying,2022) Therefore, teachers can actively organize small activities that do not take up a lot of time, enrich classroom content, and actively participate to strengthen communication with students. Like role-playing games, I believe everyone knows that this game is suitable for enhancing interaction between teachers and students. It is also beneficial for cultivating oral expression skills, for example, teachers can assign different roles to students, allowing them to simulate situations firsthand, such as shopping in stores. Students need to engage in dialogue and communication during the process of playing this game, to exercise their oral expression skills. And what the teacher needs to do is to correctly guide students to actively participate in the game, and can also set up reward mechanisms, such as issuing certificates and best performance awards to students, to increase their engagement in the game (Adipat, S. L. 2021).

In practical life, there is a lack of places for expression and communication. Game based teaching can create specific communication spaces for students, allowing them to be influenced by special environments (Bayirtepe, E. et al 2007) and actively engage in English communication, which can improve their English communication level. For example, the role-playing games mentioned above help students apply the knowledge they have learned to practice. For example, when learning words or questions related to color, the teacher can simulate a scene in a supermarket and have students play the roles of salespeople and customers. Based on real-life activities, the teacher can guide students to express themselves. The student who plays the customer asks if there are any apples? The salesperson can say that there are several colors of apples, which color do you like? At this time, the teacher can also point out the fruits and colors, allowing the students to have a deeper influence. Similarly, through extensive dialogue, students can effectively improve their English expression ability.

Through the application of the above types of games, we can analyse the advantages of gamified teaching to refer to whether it is helpful for improving oral English. Firstly, gamified teaching can stimulate students' interest in learning and enable them to actively participate in English oral learning (Ni Luh , 2023). Furthermore, students are encouraged more timely and easily than ever before. Timely encouragement can enhance students' confidence and make them feel that they can do it. Gamified teaching can also promote interactivity between students and between teachers and students. For example, teachers can organize a game that requires a team to complete, to increase students' team awareness.

Conclusion

In summary, in the increasingly progressive era, teachers need to pay attention to exploring students' learning interests and create a cheerful classroom atmosphere based on their needs, so that students can actively integrate into English oral learning and stimulate their expression abilities. Therefore, teachers need to conduct targeted in-depth research, develop diverse game activities, and promote the improvement of primary school students' learning abilities in various aspects. Based on the experimental results conducted by some researchers on elementary school students, we can see that although there are still some problems with gamified teaching, it still has great help in

improving oral English. For example, according to Byron Antonio et al experimental results on EFL elementary school students, gamification strategies have a certain help in improving oral communication. The proposed outcome achieved the expected results, as for students in traditional teaching, this experiment is a different experience that no longer requires repetition and memory. Instead, an alternative solution is to use gamified teaching for learning, which improves students' oral skills.

References

1. A. Pourhosein Gilakjani and S. M. Ahmadi, Multimedia, and Its Effect on the Quality of English Language Teaching. Celt, Vol. 11, No. 1, pp. 14-35, 2011
2. Adipat, S. L. (2021). Engaging Students in the Learning Process with Game-Based Learning: The Fundamental Concepts. International Journal of Technology in Education (IJTE), 542-552
3. Byron Antonio Marin-Pacurucu; Antonio Lenin Argudo-Garzón, Gamification strategies and speaking fluency in EFL elementary students Estrategias de gamificación y fluidez oral en estudiantes de primaria de EFL,2022.
4. Bayirtepe, E., and Tuzun, H. (2007). The effects of game-based learning environments on students' achievement and self-efficacy in a computer course. Eğitim Fakwww.frontiersin.orgltesi Dergisi 33, 41–54.
5. Cahyani, A. (2016). Gamification Approach to Enhance Students Engagement in Studying Language course. MATEC Web of Conferences, 58, 1-12. https://doi.org/10.1051/matecconf/20165803006
6. Huo Ying Research on the Application of Gamified Teaching in Primary School English Teaching [D]. Yunnan Normal University, 2013
7. Ihsan, M. (2020). The application of presentation, practice, production method for teaching speaking skill: the perception of teachers and students. Jurnal Inspirasi Pendidikan, 10(1), 30-40. https://doi.org/10.21067/jip.v10i1.3854
8. Ni Luh Ayu Budi Hari Ningsih, The Importance of Game-Based Learning in English Learning for Young Learners in the 21st Century,May 2023.
9. Sihong Zhang, Mobile English Learning: An Empirical Study on an APP, English Fun Dubbing. Anhui University of Chinese Medicine, Hefei, 230012, China, 2016.
10. Welbers, K., Konijin, E., & Burgers, C. (2019). Gamification as a tool for engaging student learning: A field experiment with a gamified app. E-Learning and Digital Media, 16(2), 92-109. https://doi.org/10.1177%2F2042753018818342
11. Yin Yuying Research on the application of gamified teaching in primary school English oral teaching [D]. Jiangnan University, 2022. DOI: 10.27169/dcnki. gwqgu. 2022-001145
12. Zhang Ying Research on the application of gamified teaching in primary school English oral teaching [A] Langfang Society of Applied Economics. Collaborating with Beijing and Tianjin - A Collection of Papers on Basic Education in the New Era. Langfang Society of Applied Economics: Langfang Society of Applied Economics, 2022

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

UDK 37:303.687.4

PEDAGOGICAL POSSIBILITIES OF TRADITIONS AND CUSTOMS IN THE FORMATION OF A CHILD'S PERSONALITY

Mukhamedin Marat Mukhamedinovich,
Baikadamova Saltanat Ismailovna
candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, M. Auezov SKU,
Shymkent, Kazakhstan
teacher, M. Auezov SKU,
Shymkent, Kazakhstan

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460847

To Cite: Mukhamedin Marat Mukhamedinovich, & Baikadamova Saltanat Ismailovna. (2024). PEDAGOGICAL POSSIBILITIES OF TRADITIONS AND CUSTOMS IN THE FORMATION OF A CHILD'S PERSONALITY. B SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (T. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460847

Аннотация. В данной статье рассмотрены сущность и педагогический потенциал, особенности и виды семейных традиций и обычаев казахов в процессе формирования личности ребенка. Семейные традиции выступают в качестве норм, образцов поведения. Семейные традиции – это обычные принятые в семье нормы, манеры поведения, обычаи и взгляды, которые передаются из поколения в поколение.

Хорошей семейной традицией для поддержания всеобщей заинтересованности в заботах и успехах каждого члена семьи является постоянный обмен мнениями о делах трудовых, общественных, впечатлениями об увиденном, услышанном, о важных событиях. В жизни любой семьи есть события, которые отмечают по традиции как семейно - бытовые праздники: «Құрсақ шашу» тойы, шілдехана, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу тойы, тұлым түту, айдар тағу, атқа отырғызу, сүндеттеу, тоқымқағар тойы, оң босағаға шығару тойы, Қыз ұзату тойы т. Үйлену тойы т.с.с.

Семья вводит в общество его новых членов, передавая им язык, нравы и обычаи, основные образцы традиционного поведения, обязательные в данном обществе, вводит человека в мир духовных традиционных ценностей общества, контролирует поведение своих членов.

Ключевые слова: ребенок, семья, традиции, обычай, воспитание, действие, ценность, духовное, поведение

Abstract. This article discusses the essence and pedagogical potential, features and types of family traditions and customs of the Kazakhs in the process of forming the child's personality. Family traditions act as norms, patterns of behavior. Family traditions are the usual family norms, behaviors, customs and attitudes that are passed down from generation to generation.

A good family tradition to maintain a general interest in the cares and successes of each family member is a constant exchange of views on labor and social affairs, impressions of what they saw, heard, and important events. In the life of any family there are events that are traditionally celebrated as family and household holidays: Kazakh wedding" Kursak shashu", shildekhana, cradle, removal from the fold, presentation wedding, tulim TUU, Aidar wearing, horse riding, circumcision, tokymkakar wedding, right threshold wedding, Kyz uzatu wedding, etc.

The family introduces its new members into society, passing them the language, customs and customs, the main patterns of traditional behavior that are mandatory in this society, introduces a person into the world of spiritual traditional values of society, controls the behavior of its members.

Key words: child, family, traditions, custom, education, action, value, spiritual, behavior

Introduction. Kazakh traditions and Customs play an important role in the revival of all spheres of cultural and spiritual life as a whole, enriching the life of subsequent generations, making it meaningful, implementing life experiences accumulated over the centuries, ensuring the continuity of new and old, and the harmonious development of society and personality. They cover all spheres of public life: Labor, socio - political, family - household, socio - cultural, etc.

The family has a special place in the life of every individual person. The family is considered an institution of human relations that ensures the comprehensive and harmonious development of the individual, the preservation and improvement of the physical, moral and mental health of the child. The family forms the intellectual and emotional foundations of the child's personality, introduces the first ideas about social life.

Theoretical analysis. Kazakh family traditions and Customs play a special role in the education of children and adolescents, because "the main goal of using elements of folk pedagogy in education is to have an effective impact on the spiritual world, moral views, the formation of aesthetic taste, the development of a culture of perception of the world", wrote a well-known pedagogical scientist A. Kalybekova [1, 6 p.].

According to S. S. Frolov, "as all researchers admit, this family is considered the main carrier of cultural patterns inherited from generation to generation, and is also considered a necessary condition for the socialization of the individual. In the family, a person Masters social roles, acquires the basics of upbringing, behavioral skills" [2, p.182].

Family traditions are manifested as norms, patterns of behavior. Family traditions are the set of normal family norms, behaviors, Customs and attitudes that have been passed down from generation to generation. Kazakh family traditions and customs, on the one hand, are considered one of the main features of a healthy or full-fledged family. On the other hand, the presence of Kazakh family traditions is one of the most important mechanisms for the transfer of the identity of one family to subsequent generations, which includes the laws of relations in the family, that is, the distribution of roles, responsibilities in all spheres of domestic life, the preservation of noble qualities, the solution of various problems with family conflicts. Family traditions and customs are based on social, cultural, religious and historical traditions and customs, but are creatively transformed and supplemented in their own way, so they have a special educational meaning for each family.

An analysis of the scientific literature [3,4]and the experience of educational activities shows that there are certain scientific and practical prerequisites for solving the problem of forming national value orientations of young families on the basis of Kazakh family traditions. But there are contradictions between the objective values of the Kazakh family way of life and the understanding of young people about these values of marriage, between the ever-increasing demands of public life in preparing young people for family life and the traditional educational experience, which includes such practices.In this regard, the issue of preparing young people for family life, raising children is becoming increasingly relevant at the present stage of social development and requires the creation of specialized programs and projects in this direction that ensure the effectiveness of work with young families.

Kazakh family traditions and Customs-well-established, inherited from previous generations, supported by public opinion, as well as based on the principles of the development of national culture, include forms of behavior of people and their relationships. The national tradition is something that keeps the balance of life, adherence to traditions is, on the one hand, a protective

activity. Each type of culture, creates its own kind of relationship between people. Traditions include a set of motivational qualities and abilities, value orientations, general ideas, feelings, moods, habits that are included in the general potential of culture or arise from a generalized potential. Traditions are constantly evolving, both conservative and dynamically changing, and new generations are enriched with experience, and sometimes they disappear and reappear. Tradition is a generally accepted norm of behavior, informally "legalized" by the power of mass habit, tradition and public opinion, as well as a phenomenon that is slowly changing through the actions of individual people, as an effective means of education, it has a deep meaning in preserving traditional practices and customs recognized by all people and accessible to all folk art [5,6].

As a rule, customs are considered more traditional, they are characterized by the stereotypical behavior of participants who repeat daily actions, the generally accepted order, the traditionally established rules of social behavior. The habit is something normal, but in a special way. In philosophical literature, customs are interpreted as" repetitive, habitual ways of behaving in certain situations."

Kazakh society is characterized by the presence of national traditions, but for the family they are of particular importance. First of all, they help to form generally accepted conditional feelings in the family, allow you to get acquainted with them, express feelings of belonging to each of them in the world of family, collective values. Secondly, each member of this family has their own similarity and uniqueness, as can be seen in the traditions, history and public opinion around the family.

In the Kazakh people, "Education Begins with the family", changes in the process of socialization in a child are especially noted, paying special attention to the upbringing of children in everyday situations, skills of behavior, work, as well as in public environments [7,133p.]. It should be noted right away that the Kazakh people did not celebrate the day of birth, in the practice of family celebrations in our people, only the periods when the individual acquired a social status, that is, from childhood to youth, from mental to middle age, the beginning of the birth of grandchildren and old age, that is, the age of members.

Practical part. In the manifestation of some family and household traditions, the family happiness of people, the national ideal of human qualities that predetermine the well-being of a person as a whole with a favorable family situation, is manifested to a significant extent, despite the fact that it has undergone social changes. As an example,we can mention the revival of some folk holidays in social and cultural activities [8,103 - 110p.], which are components of modern aesthetics and labor culture: the Nauryz holiday, the shepherd's feast and Sabantoi, The Ritual of scattering, the ritual of colostrum, the ritual of shearing, the ritual of shearing, etc.

In order for each member of the Kazakh family to feel cared for and achieve common success, it is important to constantly exchange views on work, Public Affairs, impressions of important events that they have heard. In the life of any family, there are events that can be celebrated as a family and household holiday: "Kursak shashu" toi, shildehana, besikke salu, kyrkynan shygaru,tusau kesu toi, tulym tutu, aidar tagu, atka otyrgyzu, sundetteu, tokymkagar toi, on bosagaga shygaru, Kyz uzatu toi, wedding and etc.

Research methods. Methods of analysis, comparison, integration and control in the practice of educational activities were used to differentiate the works of well-known scientists of the pedagogical and ethno-cultural sphere.

The results and discussion. The analysis of data and observations of the life of the Kazakh family shows that a full-fledged family is an important factor in the formation of a child's personality, plays a huge role in raising children in the life of society. On the one hand, the Kazakh family introduces its new members to society, teaching them the language, customs and traditions, national art forms, basic patterns of mandatory, traditional behavior in the society in which they live, introduces the child to the world of spiritual traditional values of society. On the other hand,

the family creates conditions for the development of the personality of all its members in family life.

The birth of children not only causes a sense of joy in relation to the continuation of one's own dynasty, but also allows the dynasty to maintain its nobility, to gain confidence in the future. In the married life of a person, a feeling of love and mutual understanding, recognition, respect and security is most clearly manifested. The child acquires value for society only when he acquires national spirituality and becomes a person, so it is necessary to develop it purposefully, systematically. Only the Kazakh traditional family, with its stable natural character, can change the behavior, qualities, beliefs, views, worldview of the child. Therefore, the educational function of the family has a special social significance.

Considering the family as the main factor influencing the formation of the personality of every preschooler, it is also worth noting its psychological essence, since all personality traits worthy of society are formed in the family. The traditional Kazakh family protects every child from stressful situations and emergencies, gives advice, promotes the development of the child, determines responsibility and adapts to life. Comfort and warmth in a large house, the child's feeling of the need for reliable and emotional communication, the desire to innovate, empathy, support – all this will allow the child to withstand the current hectic living conditions.

Family traditions and Customs help to feel the generally accepted conditionality in the Kazakh family, to master them by family members, to create in them a sense of belonging to the world of traditional values in the family, to give stability and confidence. At the same time, the similarity of traditions and Customs in a particular family, in one family in another region, its uniqueness, the integrity of traditions, is significant.

Conclusions. The influence of parents and children in raising the pedagogical culture of the population and moral education of children is great, the participation of parents and children in social and cultural events related to national traditions. Socio-cultural activity is organized on a voluntary basis and is considered an effective way to regulate the moral consciousness, actions, behaviors, feelings and actions of children and adults of different ages. Socio-cultural activities based on Kazakh national traditions have a wide variety of forms and methods necessary to influence the formation of moral and ethical qualities of children. Finally, tradition is a socio-cultural phenomenon that occurs in any area of public life. The Kazakh people preserve their national identity, which is passed down from generation to generation through their strong adherence to traditions.

References

1. Kalybekova A. Teoreticheskiye i prikladnye osnovy narodnoi pedagogiki kazakhov. – Almaty, BAYR, 2005. – 200 s.
2. Frolov S.S. Osnovy sociologii. – M., 1997. – 344 c.
3. Argynbayev X. Kazak otbasy – Almaty: Kainar, 1996.
4. Tradicii: stabil'nost' preemstvennost' v zhizni obshestva: Ucheb.posobie/S.K.Bondyreva, D.B. Kolesov. – 2 izd., ster. – M.: Izdatel'stvo Moskovskogo psihologo-social'nogo instituta; Voronezh: Izdatel'stvo NPO «ODEK», 2007. – 280 s.
5. Uzakbaeva S. A. Tamyry teren tarbie: Jogary oku oryndary studentterine arnalgan oku kuraly. - Almaty: Bilim. -1995. – 232b.
6. Seidimbek A. Kazakh alemi. Etno madeni paiymdau. Oku kuraly.- Almaty: Sanat, 1997. -464 b.
7. Mukhamedin M. M., Toleuov E. S. Kazak khalkynyn bala tarbiesine katysty salt-dasturlik areketteri/ "QAZAQTANÝ" respublikalyk gylymi jurnal. 4 (8) 12 / 2020. - Shymkent, 2020. – 132b.
8. Kamalova N. Kazaktyn manin joimas kundylygy. Monographia. - Almaty, 2017. -220b.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 37.014.5

«CASE-STUDY (КЕЙС-СТАДИ) – ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ»

Жусипова Макпал Шермаханбетовна Қалдыбек Аделя Әділетқызы
Халықаралық Бизнес және Коммуникация колледжі, арнайы пәндер оқытушысы,
«Экономика және бизнес» магистрі , АМГПК №2 студент
Алматы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460855

To Cite: Жусипова Макпал Шермаханбетовна, & Қалдыбек Аделя Әділетқызы. (2024). «CASE-STUDY (КЕЙС-СТАДИ) – ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ». В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460855

Аннотация: Кейс технологиясы ұғымын қарастыру барысында педагогикалық технологияны былай анықтауымызға болады – бұл қатысушыларға қолайлы жағдай туғыза отырып, нақты мәселелер шеңберінде шешім қабылдауға бейімдеу.

Технология сабағының барысында оқытушы студенттерге қаралатын негізгі сұрақтар (жоба) бойынша пікірталас жүргізіп, баллдық жүйе бойынша бағалайды.

Кілт сөздер: Кейс технологиясы, дамыту, амал-тәсіл, білім алушы, оқытушы.

Abstract: when considering the concept of Case technology, we can define pedagogical technology as follows – it is an adaptation to decision-making within specific problems, creating favorable conditions for participants.

During the technology lesson, the teacher conducts a discussion of the main questions (Project) addressed to students and evaluates them according to the point system.

Key words: case technology, development, approach, Student, Teacher.

«Case-study» ұғымы.

Кейс-технология - ойдан немесе нақты жағдайларға арналып құрастырылған аз уақыттық оқытуларға негізделген технология.

Кейс-технология - оқытушы-тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды үйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.

Кейс технологиясы (ағылшынның case—портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

КЕЙС-технологиялардың тарихы.

Кейс –стади амал-тәсілі немесе оқытудың нақты жағдаяттар әдісі - XX ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Кейс-стади амал-тәсілі термині алғаш рет американдық ғалым Коплендтің еңбектерінде пайдаланылған. Копленд 1921 жылы оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс-стади амал-тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен.

Кейс амал-тәсілі алғашқы кезде бизнес мектебінде ғана қолданылып келсе, бүгін де бұл әдіс арқылы оқытудың қолданылу аясы кеңіп, ол құқық, мәдениеттану, медицина және т.

Б. Салаларда жемісті қолданылуда. Қазір кейс-стади амал-тәсілін педагогикалық оқыту үрдісіне енгізу әдіс-тәсілдерін: Л. Барис, В.А. Ясвин, К. Кристенсен, Э.хансен, М.В. Коротков, М.В. Кларин, А.И.Наумова, А.М.Зобина, М.С.Керимбаева, В.А.Канн-калик, Н.Д.Никандров, Б.Н.Киселева, И.В. Липсина, Г.А.Полонский, Д.Экинсон, И.Уилсондар қарастыруда.

Кейс технологиясының ерекшеліктері, мақсаты

Кейс оқытудың негізгі ерекшеліктері.

v тәжірибелік жағдайларды зерттеу;

v нақты болған оқиғаларды баяндау;

v білім алушылар берілген нақты орын алып жатқан мәселемен танысып, оны шешудің жолдарын іздейді.

Кейс-технологялардың негізгі мақсаты.

v білім алушылардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру;

v әр түрлі ұсынылған мәселелерді талдау және оларды оңдайлы шеше білу қабілетін дамыту;

v берілген ақпаратпен жұмыс жасауды үйрету

Кейс-стади әдісінің идеялары

v Әдіс қойылған сұрақтардың бірнеше жауаптары бар болуы мүмкін болатын пәндерден білім алуға арналған;

v Технологиямен үйрету білім алушы мен оқытушының бірлесе шығармашылықпен айналысу дағдыларын қалыптастыруға негізделеді;

v Әдісті қолданудың нәтижесі болып алған білімдері мен жұмыс жасау барысында қалыптасқан дағдылары есептеленеді.

v Оқытушы - сұрақтарды қойып, жауаптарды ескеріп отыратын дискуссияны жүргізуші.

CASE-терді құрудың сатылары .

CASE-терді құрудың келесі негізгі сатылары белгіленген: мақсаттарды анықтау, әр түрлі жағдайларға критерилерді тағайындау, қажет ақпарат көздерін белгілеу, CASE – тегі алғашқы материалдарды дайындау, сараптама жасау, оны қолдану бойынша әдістемелік материалдар дайындау. Оқу процесіндегі кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі сатылардан тұрады:

1) кейс материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы (мәселені сәйкестендіру, негізгі баламаларды тұжырымдау, ұсынылған әрекетті немесе шешімді ұсыну);

2) негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс.

3) жалпы дискуссиядағы (оқу тобы шегінде) шағын топтардың тұсаукесерлері және тәжірибе нәтижелері.

CASE-STUDY (КЕЙС-СТАДИ) – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру құралы .

Кейс оқыту әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын қызықты етуге, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

- Жобамен (макет) жұмыс жасауға дағдылану.
- Топпен жұмыс жасау.
- Белгілі жағдайды талдау – нақты немесе ойдан шығарылған жағдайды терең және бөлшектеп талдау.
- Кейс-стадияның мақсаты: топ білім алушыларының бірлесіп болған жағдайды талдау және практикалық шешім шығару.
- Білім алушыларға болған жағдайды толық мәлімдейтін мәтін ұсынылады.

- Білім алушылар жағдаймен танысады, оны өз-бетінше талдайды және оны шешудің бірнеше жолын табады.
- Жобаның аяқталуы – ұсынылған алгоритмдерді бағалау және олардың ең үздігін таңдап алу
- Кейс сабақтарында алдын-ала дайындалып қойылған жағдаяттар бойынша жұмыс істелді. Кейстік амал-тәсілде, әрбір топ өзінің шығарған шешімдерін басқа топтардың алдында дәлелдеді.
- Әрбір топ сабақ соңында өз ойларын ортаға салады, сабақтың соңында тапсырманы қорытындылады.

Кейстердің көптүрлілігіне қарамастан олардың барлығының типтік құрылымы болады.

Ережеге сәйкес кейс келесілерден тұрады:

- Жағдайлар – кездейсоқ жағдай, түйінді мәселе, шынайы өмірден алынған мәселелер.
- Жағдайдың контексті - хронологиялық, тарихи, орын контексті. әрекеттердің немесе жағдайға қатысушылардың ерекшеліктері.
- Автор ұсынған жағдайға түсініктеме беру.
- Кейспен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар.
- Қосымшалар
- Білім мақсаттары жүйесінде кейстің орнын анықтау.
- Кейс тақырыбына тікелей қатысы бар институциалды жүйені іздеу.
- Жағдай моделін құру немесе таңдау.
- Сипаттауды құру.
- Қосымша ақпараттарды жинау.
- Ақырғы мәтінді даярлау.
- Кейстің тұсаукесері, талқылауды ұйымдастыру.

CASE STUDY әдісі келесідағдыларды дамытады:

1. Аналитикалық дағдылар. Оларға келесілерді жатқызуға болады: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпаратарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б. Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

2. Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз CASE-пен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. Коммуникативті дағдылар. Олардың ішінен төмендегілерді атап айтуға болады: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қоршаған адамдардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа медиа заттарды қолдану – топтарғабірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа да нұсқа есеп дайындау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Талқылау барысында CASE-те нақты әлеуметтік дағдылар қалыптасады: адамдардың өзін - өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама – қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, өзін өзі ұстау және т.б.

6. Өзіндік саралау. Пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларынқалыптастыруды талап етеді.

Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Сонымен қатар, оқудағы оқу, білім және ізденіс мазмұнын біріктіру

арқылы оқытушының кәсіптік құзыреттілігін жоғарылатудың нақты тәсілдерінің бірі. Бұл әдістің тиімділігі, ол басқа оқу әдістерімен оңай байланысуы мүмкін.

Кейспен жұмыс істеуді ұйымдастыру:

Нұсқалары өте көп, бұл оқытушының шығармашылығы үшін мүмкіндік. Біз жұмыс ұйымдастыруға болатын, максималды жалпыланған сабақ үлгісін ұсынамыз.

Сабақты ұйымдастыру сатылары:

Бірлескен іс-әрекетке жұмылу сатысы:

Бұл сатының негізгі міндеті: бірлескен іс-әрекетке дәлелдеме құру, талқылауға қатысушылардың бастамаларының айқындалуы.

Бұл сатыда келесі жұмыс нұсқалары болуы мүмкін:

- Кейс-стади мәтіні білім алушыларға өз бетімен зерделеу және сұрақтарға жауап дайындау үшін сабақ басталғанға дейін таратылып берілуі мүмкін.
- Сабақ басында білім алушыларға кейс-стади материалдарын білуі және талқылауға қызығушылығы анықталады.
- Кейс-стади негізінде жатқан басты мәселе анықталады, және ол курстың сәйкес бөлімімен үйлестіріледі.

Біріккен іс-әрекетті ұйымдастыру сатысы:

Бұл сатының негізгі міндеті: – мәселелені шешуге арналған іс-әрекетті ұйымдастыру. Іс-әрекет кішігірім топтарға біріктірілуі және жеке болуы мүмкін. Тыңдаушылар оқытушы берген қандай да бір анықталған уақыт көлемінде сұраққа ұжымдық жауап дайындау үшін уақытша кішігірім топтарға бөлінеді. Әрбір кішігірім топтарда (басқа топтардан тәуелсіз) жауаптарды салыстырулар, оларды өңдеу, тұсаукесер үшін рәсімделетін жеке бір көзқарасты өндіру жұмыстары жүреді. Әрбір топта шешімді жеткізетін «спикер» таңдалады немесе тағайындалады. Егер кейс сауатты құрылған болса, онда топтардың шешімдері сәйкес келмеуі керек. Спикерлер топтардың шешімін таныстырады және сұрақтарға жауап береді. Оқытушы жалпы дисскусияны ұйымдастырады және бағыттайды.

Талдау және біріккен іс-әрекеттің рефлексиясы сатысы:

Бұл сатының негізгі міндеті: - кейспен жұмыстың нәтижелерімен білімдік және оқытулық нәтижелерін айқындау. Сонымен қатар, бұл сатыда сабақтың ұйымдастырылуының тиімділігі талданады, біріккен іс-әрекетті ұйымдастырудың түйінді мәселелері анықталады, ары қарай жұмыс жасау үшін міндеттер қойылады. Оқытушы әрекеттері келесідей болуы мүмкін: оқытушы кейс-стадиді талқылау үрдісін және барлық топтардың жұмысын талдай отырып пікірталасты аяқтайды, оқиғаның шынайы дамуына қысқаша түсініктеме береді, қорытынды шығарады.

Демек, білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда кейс-стади амал-тәсілін қолдану - қазіргі білім беру талабына білім алушының сабаққа деген қызығушылығын туғызатын жеке педагогиканың жаңа инновациялық жүйесі.

Кейс амал-тәсілдерін пайдалануда мына мәселелер:

1) Білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіруге алдын-ала дайындалған мәтіндер не тапсырмалар беру;
2) Микротоптардың басшыларымен өздерінің ойларын бөлісу,бірге талдау, басшының білім алушыларға түсінбегенде микросабақтар өту;
3) Сыныптың бірнеше микротоптарға бөлінуі;
4) Әрбір топтың өзінің басшысы болуы;
5)Мұғалім бағыт-бағдар беруші, бақылаушы рөлінде ойнауы ескеріледі.

Сонымен қатар кейстік амал-тәсілде жағдаяттарға байланысты мынадай бес түрлі пікірсайыс ұйымдастырылды:

1) Мұғалім білім алушыға қарсы сұрақ береді.

2) Мұғалім- білім алушылардан өзінің тапсырма жайлы болжамын сұрайды.
3) Білім алушы - білім алушы рольдік ойындар да қолданылады.
4) Мұғалім білім алушылардан өзінің тапсырма жайлы болжамын сұрайды.
5) Білім алушы - білім алушы пікірталасады.

Кейс бірыңғай ақпараттық кешен болғандықтан, ол үш түрлі бөлімнен тұрады:
1) кейс дайындау бөлімі
2) нақты жағдаяттар бөлімі
3) кейске кіретін қосымша тапсырмалар.

Кейс амал-тәсілдері қолданылған сабақтарда студенттерді үш адамнан тұратын микротоптарға бөлдік. Олар:

1.Сарапшы – әрбір топтың өзінің сарапшысы болады. Сарапшының міндет микротоптарға қатысып отырған білім алушылардың жауаптарын қорытындылау. Керек болса, микросабақтар өту. Студент жауаптарының дұрыстығы не бұрыстығы сарапшыға тексертеді.

2.Жол сілтеуші – бұл-тапсырманы басқалардан ерте шығаратын, әдетте жақсы оқитын студент. Олар жауап таба алмай жатқанда, дұрыс жолды айтады.

3.Қарсы сұрақ қоюшы – бір білім алушы басқа білім алушының айтқан пікірлеріне келіспей әдейі сұрақ қояды. Бұл сұрақтарға басқа білім алушылар жауап берулері қажет.Бұл оларды өз пікірлерін басқа біреуге дәлелдеуге үйретеді. Кейс сабақтарында берілетін тапсырмалар студенттерлі қызықтыруға, олардың диалогттік және монологтік сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Білім алушыларға тәрбиелік мағынасы жоғары ұлттық педагогика элементтері бар шешендік сөздер, мақал-мәтелдер үйретілді. Кейс технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы мұнда білім алушы – өздігінен ізденетін, алдарында тұрған проблеманы шешетін субъект. Мұғалім сабақта тек бағыт-бағдар беруші қызметін атқарады. Кейс технологиясында білім алушылар санына қарай бірнеше микротоптарға бөлінеді. Әрбір топ проблеманы шешуде өзінің пікірін дәлелдейді.

Кейс стади әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде білім алушылар үшін өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдістің көмегімен білім алушылар өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Білім алушы ситуацияға талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады.

CASE-STUDY технологиясын сабақ барысында қолдану.

Кейс оқыту әдісін алғашқы уақытта «Туризм» және «Менеджмент» мамандығының студенттерімен жүргізіледі. Кейс «Объектілерді заманауи жобалау» тақырыбы аясында жүргізіледі.

Кез келген объектінің (ол офистік ғимарат, тұрғын үй не болмаса демалыс орны болсын) құрылысы арнайы сәкестендірілген жобалануынсыз жүргізілмейді Бұл істі жүргізу өте маңызды әрі жауапкершілігі жоғары жұмыс болып табылады. Себебі, болашақ құрылыстың тағдыры оның сапалы орындалуымен қатар, бастапқы ой-ынтаға да байланысты болады.

Жобалаудың негізгі кезеңдері:

1. Алғашқы кезеңді – архитекторлық эскизді құру. ол келесілерден тұрады: объектінің масштабтағы жоспары, реңктік шешімдері, ерекше кескіндер, 3Д визуализацияны қолдану.

2. Екінші кезеңде жеке жағдайлар, конструкторлық құраушыларды жеке өңдеуден тұрады: энергетика саласы, сантехника, вентиляция және т.б. Жобаны іске асыруға жұмсалған барлық болашақ шығындардың сметасын құрастыру.


Қазіргі заманғы динамикалық және дамып келе жатқан әлемде жобалау ұғымы өзгеше реңті болып келеді. Бұл енді көптеген қағаздар мен сызбаларды жасау үрдісі емес, міндетті заманауи компьютерлік технологияларды пайдалануды талап ететін жұмыс.


1-Қосымшада жұмыс барысында ең үздік деп танылған студенттердің дайын компьютерлік модельді ұсынылады. Бұл макет бойынша теңіз жағасында орналасқан бос нысанға туристтік тартымды объект орналастыру. Теңіз жағасы демалуға өте қолайлы болғандықтан кішігірім хауызы бар 3 қонақ үй, боулинг орталығы және т.б. объектілер жоспарға қосылды. Алаң маңында тағам ұсынатын бәсекелік күштің төмендігіне байланысты, студенттермен алаң орталығына фонтан және айналдыра интернационалдық кафе салу жоспарланды. Сонымен қатар, осы Кейс технологиясының көмегімен білім алушылар бизнес жобалар жаза отырып, әр түрлі бағдарламалар жасау мүмкіндігін алды десек болады. 5-6 суреттер қатарынан, білім алушылардың топпен бөлініп, «Кім жүйрек,кім бәсекеге қабілетті» деген ойындар қатарын орындап жатқандарын байқауға болады. Яғни, ойын барысында, баяндалған тақырыпты, игере отырып, сол тақырыпқа байланысты, сөз жұмбақ және сұрақтар қатарына жауап беру сияқты, тапсырмаларды орындау барысындағы бейнені көре аласыздар.

Әдебиеттер тізімі:

1. CASE-STUDY как современная технология профессиональноориентированного обучения. Долгоруков А.
2. Кейс-технологии в учебном процессе. Ж. «Народное образование» №2, 2009. Шимутина Е
3. 280220_172507_4-keys-tehnologiyasy.pdf (sova.ws)

№1-Қосымша





ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



1-Сурет – Бос алаңға орналастырылған объектілер моделі
Ескерту: студенттермен құрастырылған



NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 372.8(072)

СӨЙЛЕУ БҰЗЫЛЫСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНА СИПАТТАМА

Сақулова А.
Педагогика кафедрасының оқытушысы
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460861

To Cite: Сақулова А. (2024). СӨЙЛЕУ БҰЗЫЛЫСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНА СИПАТТАМА. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460861

Аннотация: Мақалада баланың сөйлеу тілі даму бұзылысы мен кешеуілдеуі жағымсыз сыртқы жағдайларға байланысты болады, яғни эмоционалды қалыпты қоршаған ортаның, шулы ортаның болмауы салдарынан болады.

Аннотация: В статье отмечается, что нарушение и задержка речевого развития ребенка происходит из-за неблагоприятных внешних условий, то есть из-за отсутствия эмоционально нормальной среды, шумной среды.

Abstract: The article notes that the violation and delay of the child's speech development occurs due to unfavorable external conditions, that is, due to the lack of an emotionally normal environment, a noisy environment.

Түйінді сөз: *Фонетикалық-фонемалық, корреляциялық, анализ бен синтез, афферентация, Экзогенді-органикалық факторлар.*

Ключевое слово: *Фонетико-фонематические, корреляционные, анализ и синтез, афферентация, экзогенно-органические факторы.*

Keyword: *Phonetic-phonemic, correlation, analysis and synthesis, afferentation, exogenous-organic factors.*

Сөйлеу бұзылыстарының салдарынан көп жағдайда баланың танымдық қабілеттерін тежейтін, психикалық бұзылысы пайда болады. Бұл көбінесе олардың тұрақты сөйлеу бұзылысын психикалық дағдысының бұзылысымен байланысуына алып келеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық кабілеттерін тексеруге есту, көру, қозғалыстық есте сақтау, зейін, қиялдау, және де көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық ойлаудың даму деңгейін анықтайтын тесттер пайдаланылады.

Тексеру нәтижесінде жалпы тіл дамымаушылығы бар балалар қалыпты дамып жатқан балалардан қиялдау тестілеуден басқа, барлық психикалық дамуы жағынан өзгешеленеді. Бұл категориядағы балаларға сөйлеу ерекшеліктерімен қатар, сөйлеу қабілетімен тығыз байланысты процестердің жеткіліксіз қалыптасуы тән.

Бірінші кезекте, зейіннің тұрақсыздығы, оны ауыспалығының жеткіліксіздігі, босаңдығы, бір объектіден екіншісі ауысуының қабілетсіздігі анықталады.

Балаларда есте сақтаудың продуктивтілігі зардап шегеді, олар қиын нұсқауларды естен шығарады, тапсырманың ретімен элементтерін ұсынып келеді. Сонымен қатар есту, көру

және қозғалыстық есте сақтау дамуының көрсеткіштері қалыптыдан ауытқушылығы байқалады.

Есте сақтау қабілеті ойлау, қабылдау, сөйлеу сияқты психикалық функцияларға интеграциялық негіз, әрі дамуына ықпал етеді. Сондықтан ана тілінің фонемаларын жақсы қабылдай алмау мен есте сақтай алмау, оларды дұрыс айта алмауға, тұрақты сөйлеу бұзылысына алып келеді.

Ойлау операцияларын толыққанды мүмкіндіктері бола тұрып сөздік-логикалық, көрнекі бейнелік ойлауды артта қалады. Олар анализ бен синтез, салыстыру мен жалпылауды қиындық пен меңгереді. Бұзылыс күшіне қарай бала айналасындағыларымен аз тілдеседі, сонымен байланысты ой-өрісі айтарлықтай кемиді, ойлау қабілетінің даму темпі баяулайды. Осылайша сөйлеу патологиясы бар балалардың көпшілігінде ойлау және зейін, есте сақтау қабілеттері нашарлайды. Тек қиялдаудың даму көрсеткіштері қалыпты дамып жатқан балалардан өзгешеленбейді, қалыптығы сай болады. Себебі мектепке дейінгі жастағы баланың қиялдау еріксіз болады. Қиялдаудың негізі оны қатты қызықтырған, тебіренткен дүниелер болып табылады.

Фонетикалық-фонемалық жетіспеушілігі бар балаларды тексеру олардың көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық ойлау қабілетінің төмендігін, сонымен бірге, есту және қозғалыс есте сақтау қабілетінің төмендігін көрсетті, бұл кезде балалардың көру есте сақтауы, зейіні, қиялдауы қалыпты болған.

Баланың сөйлеуі психикалық процестердің жүруімен байланысты болғандықтан, оларды мақсатты түрде дамыту арқылы сөйлеуді дамытуға болады.

Қандай да бір деңгейдегі сөйлеу бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігін зерттеу балалардың психикалық процестерінің жүруімен қозғалыс сферасының дамуында бірқатар артта қалушылық анықталды. Қозғалыс дамуында координациялық қабілеттердің дамымаушылығы көрінді. Дәл осы адамның координациялық қозғалысы, Н.А.Бернштейн ойынша, жоғарғы жүйке процесінің көрінісі болып табылады.

Бір орыннан секіру кезінде қалыптан төмен көрсеткіш көрсетілді, бұл дененің түрлі бөліктерін сәйкестендіре алмаумен сипатталады, себебі бұл тапсырманы сәтті орындау күш ептілік қабілеттерімен ғана емес, координациямен де байланысты.

Жалпы тіл дамымаушылығы және фонетикалық-фонемалық жетіспеушілігі бар балалардың психикалық дамуы танымдық қабілеттерінің артта қалуымен шартталған. Бұл ОЖЖ қызметінің бұзылысымен де шартталады. Сараптама барысында балалардың сөйлеу мен басқа да психикалық процестерінің байланысы.

Корреляциялық сараптама барысында анықталған сөйлеу арасындағы байланыс өте тығыз болады. Осылайша, балалардың арнайы ұйымдастырылған қозғалыс белсенділігі арқылы ОЖЖ-ң қызметіне оңталы әсер етуге, оның сөздік орталықтарын белсендіріп, сөйлеуді дамытуға болады.

Балаларда есте сақтаудың продуктивтілігі зардап шегеді, олар қиын нұсқауларды естен шығарады, тапсырманың ретімен элементтерін ұсынып келеді. Сонымен қатар есту, көру және қозғалыстық есте сақтау дамуының көрсеткіштері қалыптыдан ауытқушылығы байқалады.

Есте сақтау қабілеті ойлау, қабылдау, сөйлеу сияқты психикалық функцияларға интеграциялық негіз, әрі дамуына ықпал етеді. Сондықтан ана тілінің фонемаларын жақсы қабылдай алмау мен есте сақтай алмау, оларды дұрыс айта алмауға, тұрақты сөйлеу бұзылысына алып келеді.

Ойлау операцияларын толыққанды мүмкіндіктері бола тұрып сөздік-логикалық, көрнекі бейнелік ойлауды артта қалады. Олар анализ бен синтез, салыстыру мен жалпылауды қиындық пен меңгереді. Бұзылыс күшіне қарай бала айналасындағыларымен аз тілдеседі, сонымен байланысты ой-өрісі айтарлықтай кемиді, ойлау қабілетінің даму темпі

баяулайды. Осылайша сөйлеу патологиясы бар балалардың көпшілігінде ойлау және зейін, есте сақтау қабілеттері нашарлайды. Тек қиялдаудың даму көрсеткіштері қалыпты дамып жатқан балалардан өзгешеленбейді, қалыптығы сай болады. Себебі мектепке дейінгі жастағы баланың қиялдау еріксіз болады. Қиялдаудың негізі оны қатты қызықтырған, тебіренткен дүниелер болып табылады.

Фонетикалық-фонемалық жетіспеушілігі бар балаларды тексеру олардың көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық ойлау қабілетінің төмендігін, сонымен бірге, есту және қозғалыс есте сақтау қабілетінің төмендігін көрсетті, бұл кезде балалардың көру есте сақтауы, зейіні, қиялдауы қалыпты болған.

Баланың сөйлеуі психикалық процестердің жүруімен байланысты болғандықтан, оларды мақсатты түрде дамыту арқылы сөйлеуді дамытуға болады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық процестерінің және сөйлеуінің байланысын бағалау.

Танымдық процестер мен сөйлеудің арасындағы байланысты бағалау үшін корреляциялық сараптама жүргізілді, оның барысында сөйлеу мен зейін арасындағы ойлау (көрнекі бейнелік; сөздік логикалық) арасындағы байланыс анықталды.

Сөйлеу бұзылысы баланың ойлау қабілетінің дамуын, әсіресе танымдық қабілеттерінің жоғарғы деңгейлеріне кері әсер етеді, бұл сөйлеу мен ойлаудың тығыз байланысымен шартталады. Есту қабілеттерінің ішінде сөйлеу мен тығыз байланысы есту арқылы есте сақтау болып табылады. Көру және қозғалыстық есте сақтау туралы мәлімет алынды (көру арқылы есте сақтау; қозғалыстық).

Сөйлеу мен қиялдау арасындағы байланыс, коррекциялық сараптаманың көрсеткіші бойынша, анық мәлімет емес,себебі бұл таңдау үшін қалыптыдан төмен болды. Осылайша, баланың барлық психикалық процестері-есте сақтау, зейін, ойлау-тікелей сөйлеудің қатысуымен дамиды, сөйлеу де өз кезегінде ойлау процестері арқылы дамиды.

Бала сөйлеудің көмегімен тек жаңа мәлімет алып қана қоймай, оны жаңаша қабылдау мүмкіндігіне ие болады. Психикалық процестерді мақсатты түрде дамыта отырып, педагог баланың сөйлеу функциясын түзетуге және дамытуға жағымды жағдай туғызады.

Компьютерлік өңдеудің нәтижесінде координациялық қабілеттермен сөйлеуінің қалыптасуының деңгейінің арасындағы көріністердің тығыз байланысын сипаттайтын арақатынастық коэффициент алынды.

Ең көп байланыс сөйлеу мен ұсақ моторикалық координация арасының арасында байқалды. Қол мен сөйлеу арасындағы байланысты 1928ж. В.М. Бехтерев анықтаған болатын, ал қалдық қимылы сөйлеуді дамытуға қозғалтқыш әсер болатынын айтқан.

М.М. Кольцованың 1973 жүргізген зерттеулері негізіндегі қол саусақтарының қимылын баланың орталық жүйке жүйесін және сөйлеуін дамытады деген болжам айтылған. Сонымен қатар біз координациялық мүмкіндіктермен дененің түрлі бөліктерінің біріккен іс-қимылының («Қимылды қайтала») бір атаулы және тұрматаулы әдістермен сөйлеудің тығыз байланысын анықтадық.Осылайша мектепке дейінгі жастағы баланың сөйлеуі координациялық мүмкіндіктерінің дамуымен тығыз байланысты осыдан шығатыны, дененің түрлі бөліктерінің біріккен іс-қимылын, ұсақ мотористі, тепе-теңдікдікпен ритм сезімін дамыта отырып, мектепке дейінгі жастағы баланың сөйлеуін дамыту және түзету процесіне жағымды ықпал етуге болады.

Фонемалық және фонетикалық бұзылыс баланың өз туған тілін дыбыстау жүйесінің құрылу процесі бұзылумен сипатталады, кейіннен бұзылысына ұласады. Фонетикалық-фонемалық бұзылыстың ең көп тараған түрі дыбыстарды шатастыру болып табылады.

Кейбір балаларда тіпті қалыпты интеллектімен қалыпты есту қызметінде кейбір фонетика, лексика, грамматика сияқты тіл компоненттерінің құрылуы күрт кешеуілдеуімен

сипатталады. Бұл бұзылысты ең алғаш Р.Е. Левина зерттеп, жалпы тіл бұзылысы деп анықталған.

Қазірде сөйлеу тілінің жалпы бұзылысына барлық сөйлеу тілі компоненттерінің құрылыу деңгейінің бұзылысы жатады. Жалпы сөйлеу тілі бұзылысы түсінігі сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің құрылмауы болып табылады (фонетикалық-фонемалық жағы, лексикалық құрамы, грамматикалық қатары).

Логопедияда «сөйлеу тілінің даму бұзылысы» және сөйлеу тілі дамуының кемеуілдеуі-бұл баланың жасына сай келмейтін сөйлеу тілі даму деңгейі және сөйлеу тілінің кемеуілдеуі.

Жалпы белгілердің қатарына сөйлеу тілінің дамуының кеш басталуы, сөздік қорының саяздығы, аграмматизм, дыбыстаудың кемшілігі, дыбыстарды шатастыру жатады. Бұл бұзылыс әр түрлі деңгейде болуы мүмкін: сөйлеу тілінің болмауы немесе былдырлап сөйлеуден қалыпты сөйлеуге дейін фонетикалық және лексика-грамматикалық элементтер бұзылысымен сипатталады.

Сөйлеу тілінің бұзылысы үш деңгейге бөліп қарастыруға болады:

Сөйлеу тілі дамуының *бірінші деңгейі* сөйлеу тілінің мүлдем болмауымен сипатталады («сөйлеу тілі жоқ балалар» деп аталады). Бұл деңгейдегі балалар көбіне былдыр сөздерді, жеке зат есімдемен және тұрмыстық етістіктерді қолданады. Бала өзінің айта алмағанын ым-ишарасыз түсіндіреді.

2-деңгейінде бала ым-ишара және былдыр сөздерден басқа анық айтылмайтын, бірақ үнемі қолданыстағы сөздерді қоса бастайды.

Сөйлеу тілінің дамуының *3 деңгейі* лексикалық, грамматикалық және фонетикалық, фонемалық элементтері бар бұрмаланған сөздерден құралған сөйлеу тілімен сипатталады. Кейбір балалада ашуланшақтық, кейбірінде-тұйықталу, өжеттілік, тұрақты негативтілік, басқа қоршаған орта адамдарымен қарым-қатынасқа түсуге, қалауының болмауы пайда болады. Сөйлеу тілі бұзылысымен қатар екінші бұзылыс көрініс табатын белгілі.

Сөйлеу тілінің толық дамымауы баланың жоғары психикалық қызметінің дамуына кері әсерін тигізеді. Зейіннің тұрақсыздығымен, бір нысаннан келесісіне уақытында ауысуының баяулығымен, балалардың көбісі тез шаршағыштық сипатына ие, алаңдаушылықпен сипатталады.

Балалардағы маңызды және логикалық ойлаудың сақталуында, оның вербалды есте сақтауы төмен болады. Олар тапсырманың бірізділігін элементтерін, күрделі инструкцияларды ұмытып қалады. Балалар белсенділігінің төмендігі, олардың танымдық іс-әрекеттерінің даму жағдайы төмендігіне әкеледі. Көріп есте сақтауы қалыпты сөйлеу тілі бұзылысы бар балаларда-сөздік есте сақтауы қалыптан айтарлықтай қалып қояды. Бұл жағдай зейін процесінің дамымауына, фонематикалық және естіп қабылдауға айтарлықтай септігін тигізеді. Сонымен қатар, балаларда рифма және ритм сезімі төмендігі байқалады, сол себепті жаттауларды тез ұмытып қалады.

Сөйлеу тілі бұзылысы мен психикалық даму бұзылысы арасындағы байланыс ойлаудың спецификалық ерекшеліктерімен шартталған. Көптеген балалар үшін ойлаудың регидтілігі тән.

Балалардың кейбірінде сөздік логикалық ойлау көрсеткішінің төмендігімен қоса екіншілік бұзылыс көрініс табады.

Диагностикалық белгілердің біріне сөйлеу тілімен психикалық даму арасындағы диссоциация қызмет етеді. Бұл балалардағы психикалық даму, сөйлеу тілі дамуымен салыстырғанда сәтті өтуімен түсіндіріледі.

Сөйлеу тілі бұзылысы бар балалардың жалпы соматикалық әлсіздігі мен локомоторлы қызметі дамуының баяулығымен қатар-қимыл-қозғалыс аймағы дамуының артта қалуы байқалады, яғни кеңістікте бағдарланудың нашарлығы, сенімсіз қозғалыс, іс-әрекет

орындаудағы жылдамдықтың баяулауымен сипатталады. Көптеген қиындықтар сөздік инструкция бойынша қимыл-қозғалыс орындаумен анықталады.

Балаларды вестибулярлы анализаторлардың жеткіліксіз дамуына орай кеңістікте бағдарлануы нашар болады. Аталмыш анализатордың орталық бөлімі Вернике орталығына (сенсорлы сөйлеу тілі орталығы) жақын орналасады.

Сөйлеу тілі бұзылысы бар балалар қалыпты дамудағы өз құрдастарына қарағанда кеңістік уақыттық параметрлер бойынша қозғалыстық тапсырмаларда, іс-әрекеттің бірізділігін бұзып, оның негізгі бөлімдерін қалдырып кетеді. Ұсақ қол-саусақ моторикасының дамымауы, саусақтардың бағдарлануының жетіспеушілігі анықталады. Бір қалыпта қалып қою, баяулық сипат алады. Тапсырманы орындауда өзін өзі басқаруы әлсіз болады.

Сөйлеу тілі бұзылысы бар балалар тез шаршағыш болып келеді. Балалардың көбісі көпшілік ортада ұзақ уақытты қиындықпен өткізеді.

Сөйлеу тілі процесінде еркін фразалық сөйлеуде қиналады. Қалыпты тыныс алуда дыбыстау процесі қалыпты болады және де сөйлеу тілінің қатты шығуын; кідірістердің айқын сақтауды, сөйлеу баяулығымен интонациялық мәнерлілігін қамтамасыз етеді.

Аталмыш категориядағы балаларда тыныс алу және тыныс шығару өте әлсіз сипатта болады; олар ауаны тиімді қолдана алмайды. Нәтижесінде бала бірінші сөзінде барлық тынысын жұмсап, келесі сөзін айтқанда ауа жетпей сыбырлап шығарады (кейде ол сөзінің соңын айтпай тастап кетеді); кейде сөйлеу кезінде қатты, кейде жай сөйлеу орын алады . Сөйлеу тілі бұзылысы көбіне ер адамдарда кездеседі. Соңғы жылдардағы зерттеу бойынша оң және сол жақ (сөйлеу) гемисфера дамуы жынысқа байланысты болып келеді.

Сол жақ жартышары сөйлеу қызметін, ал оң жақ жартышары-кеңістіктік-көру гнозисін атқарады. Ұл балаларда, қыздарға қарағанда оң жақ жартышары тезірек дамиды. Ал қыздарда керісінше сол жақ жарты шарының жылдамырақ дамуына орай, сөйлеу тілі ерте дамиды. Сонымен қатар, ер адамдардың сөйлеу тілі бұзылысының себебі, ақыл ой және сөйлеу бұзылысы болуы мүмкін, ол Х- хромосоманың құрылымының спецификалық өзгерісімен байланысты.

Сөйлеу тілі механизмі ми әрекетімен байланысты. Бала сөйлеу тілі дамуында оң және сол жақ жартышарының алатын рөліне басым теріс пікірдегі көзқарастарға қарамастан, көптеген авторлар балалық шақта сөйлеу процесінде оң жақ жартышары басты рөл ойнайтынын анықтаған. Сөйлеу құралын еркін және жетік қолданудың құрылуына ми жартышарларының доминантты құрылымы басты орын алады.

Сөйлеу қызметі адамның туа пайда болатын қабілеті болып есептелмейді, ол баланың дамуымен бірте-бірте құрылады. Жақсы сөйлеу тілі баланың толық, сапалы, жанжақты даму көрінісі. Баланың сөйлеу тілі неғұрлым бай және дұрыс болса, соғұрлым оның өз ойын жеткізуі оңайырақ болады, қоршаған орта әрекетін тану мүмкіндігі кеңірек болады, ересектермен өз құрдастарымен қарым-қатынасы жақсы болып психикалық дамуы белсендірек жүреді. Сөйлеу тілінің уақытында дамуы бала психикасының қалыпты дамуына әсер етіп, қоршаған әлемдегі болмыстарды жетік тануға мүмкіндік береді.

Сөйлеу тілінің кез-келген бұзылысы қандай да бір дейгейде баланың іс-әрекеті мен мінез құлқына әсер етеді. Сондықтан да бала тілінің уақытында дамуына көңіл бөлу қажет, оның таза және дұрыс дамуына көңіл болу керек, және де бұзылыстың алдын-алып, оны түзету маңызды болып табылады.

Сөйлеу тілі функционалды жүйесінің даму негізінде афферентация жатыр, яғни әр түрлі анализаторлар арқылы сыртқы ортада келіп түскен ақпарат, ең алдымен әр түрлі сигналды және соның ішінде-сөздік сигналдарды қабылдайтын есту анализаторы арқылы қабылданады.

Есту афферентациясының қайнар көзі ересек адам болып табылады, себебі ол баламен көп қарым-қатынасқа түседі.

Қорытынды

Сөйлеу бұзылысы көбіне әр түрлі психикалық жарақат салдарынан пайда болады (шошыну жақын адамнан айырылған кездегі уайым, отбасындағы ұзақ уақыттық психологиялық жарақаттаушы жағдай және т.б.). Бұл сөйлеу тілі дамуын тежеп, әсіресе қатты психикалық жарақатта бала сөйлеу тілінің психогенді бұзылысын тудырады.

Функционалды сөйлеу бұзылысын сонымен қатар бала ағзасына жағымсыз әсерлермен байланыстыруға болады: жалпы ағзалық (дене) әлсіздік, дамымау, ішкі дамымаушылықпен және жетіспеушілікпен шартталған бұзылыс, ішкі мүшелердің әртүрлі аурулары, рахит, зат алмасудың әр түрлі бұзылысы. Сол себепті бала өмірінің алғашқы жылдарындағы кез-келген жалпы немесе жүйке психикалық аурулар сөйлеу бұзылысымен қатар жүреді.

Сөйлеу бұзылысында үлкен орынды экзогендік органикалық факторлар алады. Хватцев М.Е. классификациясы бойынша бұл себептер тобы бас ми жарақатының салдарынан органикалық орталық немесе әр түрлі ішкі жағымсыз факторлардың әсерінен сөйлеу аппараттарының перифериялық дамуының морфологиялық бұзылысы туындауы мүмкін, ол органикалық перифериялық себепке жатады.

Экзогенді-органикалық факторлар бала орталық жүйке-жүйесіне және оның жалпы ағзасына әсер ететін жағымсыз әртүрлі (инфекция, жарақат, интоксикация және т.б.) факторлар. Осы факторлар немесе перинаталды (ішкі құрсақтық даму кезіндегі жарақаттану (наталды патология) және туылғаннан кейінгі әр түрлі жағымсыз факторлар әсері (постнаталды). Ішкі құрсақтық патология-бала жүйке жүйесінің құрсақта жарақаттануы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Аирес Э.Дж. Ребенок и сенсорная интеграция. Понимание скрытых проблем развития Пер.с англ. Ю. Даре.- Т.: Теревинф, 2009. 272 с.
2. Актуальные проблемы нейропсихологии детского возраста / Под ред. Л.С. Цветковой. М.: МПСИ; Воронеж: НПО «МОДЭК», 2006. - 296 с.
3. Ананьев Б.Г., Рыбалко Е. Ф. Особенности восприятия пространства у детей. М.: Просвещение, 1964.
4. АнаньевБ.Г., Рыбалко Е.Ф., Шемякин Ф.Н. Некоторые теоретические проблемы исследования пространственных восприятий и представлений // Вопросы психологии.-1968.-№4.
5. Афанасьева Е.А., Фомичева М.Ф. Овладение пространственными'представлениями основа усвоения предложно-падежных конструкций детьми с тяжелыми нарушениями речи// Сб. научн. трудов. - М.: МГЛУ, 2008.
6. Ахутина Т.В. Нарушения письма: диагностика и коррекция /Актуальные проблемы логопедии; отв. ред. М.Г. Храковская. СПб.: Акционер и К°, 2004. - С. 225247.
7. Ахутина Т.В., Меликян З.А. Зрительно-пространственная память у младших школьников в норме и с задержкой психического развития // Школьный психолог. -2002.-№23.
8. Бабина Г.В., Сафронкина Н.Ю. Слоговая структура слова: обследование и формирование у детей с недоразвитием речи. М.: Изд. центр «Академия», 2002.
9. Баряева Л.Б., Гаврилушкина О.П., Зарин А., Соколова Н.Д. Программа воспитания и обучения дошкольников с интеллектуальной недостаточностью. — СПб.: КАРО, 2009.
10. Безруких М.М. Психофизиологические механизмы трудностей обучения письму на начальном этапе формирования навыка // Школа здоровья. 2002. - № 1.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМГЕ, СЕПАРАТИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ЖАСТАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ.

Карабалаев Кошгар Айладырович
Сейтжанов Досым Сейткасымович
М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ.
«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті,
«Алғашқы әскери дайындық» кафедрасы. Аға оқытушы
Тараз, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460921

To Cite: Карабалаев Кошгар Айладырович, & Сейтжанов Досым Сейткасымович. (2024). ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМГЕ, СЕПАРАТИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ЖАСТАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460921

Түйін: Халықаралық сырттан төніп тұрған қауіпке қарсы күреске тұру жастарды Отансүгіштікке баулу арқылы жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеу.
Тірек сөздер: Терроризм, сепаратизм, діни экстремизм, Отан, Ерлік.

Терроризм мен діни экстремизм – адамзат баласына қайғы мен қасірет әкелетін жаман қағидат. Оны өздеріне пайдаланушы арам пиғылды топтар алла адам ұрпақтары алдында үлкен күнәға батуда. Адамзатты қырып-жоятын бұл тәсіл белгілі топтарды байытуға, өз мүдделерін үстем етуге, көзқарасы қара ниетті топтар болып табылады.

Терроризмнің мақсаты – мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, тұрақты жағдайда, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау. Сонымен бірге қоғамда дүрбелең тудырып, көшеде, жұмыс және дем алатын жерлерде, халықтың көп шоғырланған орталарында оқу және мәдениет ошақтарында кез-келген уақытта бүлік шығарып, үрей тудыру.

Терроризм – латын тілінен **(террор)** қорқыту, өлім жазасына берумен үркіту, өлтіру және барлық сұмдық қаталдықтар болып табылады

Терроризм–жарылыс істеу, өртеу не басқа әрекеттер,адамдардың өміріне қауіп-қатер жасайтын,мүлікке зиян келтіру жасау немесе басқа қоғамдық қатерлердің болуы, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзуға мақсатталған болса, халықты қорқыту не басқарушы органдар шешіміне әсері, және де нұсқалған әрекеттерді сол мақсаттарда қауіп-қатер істеу. Терроризм теориясы жалпы мәселе болып табылады, себебі ол ешбір террорист дұшпансыз әр бір адамды өзінің құрбаны ете алады.

Терроризімнің құралы ретінде қарсы жауға арналған психологиялық артықшылық болып табылады, ол: не, қайда, қашан, не үшін кезекті соққы болатынын білмейді. Терроризм – ол оның ұзақ мерзімді болашағына есептелген және оның іске асыруына глобальді қарқындалған жүйке соғысы. Терроризм, «өркениеттендірілген» соғыс ретінде, шайқас алаңында жеңбейді, ол адамның ішкі психика дүниесінде жеңеді. Адамның немесе үлкен адамдар тобының мінез-құлқын өзгерту үшін оларды өлтіріп, жарақаттау міндетті емес, тек олардың саналарының құрылымы мен күйін өзгерту керек.

Діни экстремизм- «шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағынаны білдіреді. — жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің көзқарасымен, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Яғни, тек менің ғана пікірім болуы керек дегенді білдіреді. Бұл ең алғашқы этаптары болып саналады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды. Міне, осының салдарынан әлемде түрлі төңкерістер мен қантөгістер орын алуда.

Саяси ортада пайда болған экстремизм – саяси экстремизм, ал діни ортада пайда болған экстремизм - діни экстремизм деп аталады

Діни экстремизм - Ислам құндылықтарын сақтау жолында үндеу тастаған өздерінің пікірлестерін діни принңиптерді бұзушылар деген айыптаулармен кінәлайды. Діни-саяси экстремизм болса, әртүрлі діни пікірлерге негізделгеніне қарамай олардың іс-әрекеттері қылмысты істер кодексінің баптарына сәйкес келеді. Яғни, діни-саяси экстремизм - діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда-терроризм (лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Қауіпті жағдайға айналған осындай әрекеттерді іске асыру, көбіне қарулы топтар құрып, өзара өшіктіру әдістерін қолдану аркылы дін және үлттық қайшылықтарды қоздырумен, сондай-ақ адам құқын жаппай бұзумен қатар жүреді.

Мұндай шектен шыққан экстремизм әр-түрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Экстремистер қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Саяси экстремизм тек саяси мүддені ғана көздейді. Олар адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады.

Сепаратизм – бөлектену, оңашалануға тырысушылық. Халықтың мемлекеттен бөліну әрекеті сепаратизм деп аталады. Көп ұлтты мемлекеттердегі аз ұлттың өкілдері алдына бөлек мемлекет болып бөлініп шығуға немесе автономия алуға ұмтылады. Ұлт-азаттық қозғалыстан ерекшелігі – оның жалпыхалықтық, бұқаралақ сипаты болмайды, ол ұлттың бір бөлігінің мүддесін қамтиды. Сепаратизм территориялық қақтығысты тудыратын бірден бір фактор болып табылады.[2,б.9.].

ҚР-ның Президенті Қ.К.Тоқаевты «Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам» атты халыққа Жолдауында жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесіне айрықша көңіл бөлінді. «Қазақстан патриотизмінің іргетасы-барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі», - деді.

Мемлекет Басшысы бұған дейінгі Жолдауларында да патриотизм тақырыбын қозғағаны белгілі. Айталық, 2022 жылы 3 наурыздағы жарияланған «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы», деген халыққа Жолдауында; «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да, дамуы заңға мойынұсынушылық. Бұл құндылықтар, меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да жүргізілуге тиіс», - деген еді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын патриотизмді дамыту «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды. Жастарға Қазақстандық патриоттық рухта тәрбие беруден құжат жастардың патриоттық қозғалыстарға қатысуға деген ұмтылысын арттыру,

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

патриоттық санасын жетілдіру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету. Жастарды Отансүйгіштікк, елді,жерді сүюге тәрбиелеу. Ел басының жүргізіп отырған саясатын, Үкіметтің барлық бағдарламаларын қолдау, елдің мемлекеттік нышадарын, мемлекеттік рәміздерді-Ту, Ән ұран, Елтаңбаны қастерлеу, мемлекеттік және әскери қызметті танымал етуге, Қазақстандық патриоттық тәрбие жұмысын одан әрі дамытуға бағытталған шараларды жандандыру.

Қазақстан жастарына патриоттық тәрбие беру жөніндегі кеңес құру, патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік жинақтар, ұсынымдар, ақпараттық-талдамалы материалдар дайындап шығару, экскурсиялық және өлкетану жұмыстарының бағдарламаларын дайындау, ерекше көзге түскен оқушылардың және студенттердің Астана және Алматы қалаларына, сонымен қатар Ресейдің қаһарман және жауынгерлік даңқы атағы берілген қалаларына сапарын ұдайы ұйымдастырып отыру қажет. Республикалық іс-шаралар (семинарлар, форумдар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер» отырыстары, әлеуметттанушылық зерттеулер, әлеуметтанушылық мониторинг, акциялар, слеттер, конкурстар, турнирлер, әскери-спорттық ойындар) ұйымдастырылып отырылуы қажет. Осылайша білім беру ұйымдарының желісімен Қазақстан жастарын, балаларды осындай маңызды шараларға тарту мәселелерін қарастырып, жетілдіріп отыру қажет.

Биылғы Жолдауда атап өтілген жаңа Қазақстандық патриотизмге келсек, бұл бағдарламалық құжаттың жастарға үміт артатынын ескерсек, патриотизмнің жаңа үлгісі жастар үшін тартымды болу керектігі анықталады. Жаңа Қазақстандық патриотизм не үшін қажет? Маңыздылығы, құндылығы, неде? Соңғы жылдарда орын алған оқиғаларға көз жүгіртіп, оларды сараптайтын болсақ, жастардың кришнаиттер, иегова куәгерлері секілді Қазақстан үшін дәстүрлі емес бірлестіктерге, сондай-ақ экстремистік ұйымдарға, мысалы, «Хизб-ут-Тахрир», «Джамаат-Ислами», «Ваххабизм» діни-саяси бірлестігіне және басқаларға деген қызығушылығы осы бірлестіктер мен ұйымдардың белсенді жақтаушылардың жас адамдардың санасына психологиялық ықпал етуімен байланысты. Президентте биылғы Жолдауында «Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды. Өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз», - дегенді айтты. [1,б.3-7.].

Егер де жан-жақты мәселелерді қамтыған патриотизмді күшейту, оны жастар үшін ұстанымның альтернативті моделіне айналдыра алатын болса, онда бұны тиімді шешім деп қарастыруға болады. Сонымен қатар қауіп-қатерлердің алдын аламыз. Жаңа Қазақстандық патриотизмді жастардың бойында кеңінен насихаттау, қалыптастыру қажеттілігінің өзектілігі де осында жатыр.

Сонымен қатар, жастарды патриотизмге баулу, оларға үлгі болар тұлғалардың көмегінсіз мүмкін еместігін атағанымыз жөн. Президент «Біз жастарымыз бағыт алып, бой түзеуге тиіс өз заманымыздың жаңа қаһармандарын көрсету және жасауымыз керек », - дегенді айтты.

Қазақ ұлтында, Қазақстан халқы арасында үлгі тұтарлықтай тұлғаларымыз жетерлік. Тарихқа терең көз жүгіртсек, жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыс кезінде ел қорғап, Қазақстан мемлекетінің тұтастығын сақтап қалған бірден-бір ұлы тұлғалар Әбілқайыр хан, Абылай хан екенін ұмытпауымыз керек. Төле би, Қазыбек би, Айтеке би, найзаның ұшымен білектің күшімен, елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалған, тарихта өшпес атын қалдырған баһадүр батыр бабаларымыз Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Қарасай, Көшек және тағы басқалары бар. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс батырларын да ұмыт қалдыруға болмайды. Осыған қоса сол жылдары мемлекеттілігімізді қайта жандандырып, ел қамы үшін жандарын пида еткен Алаш арыстары да бірден еске түсетіні анық. [4,б.8-12.].

Халықаралық терроризм мен экстремизмге, сепаратизмге қарсы күресте Ұлы Отан соғысы жылдары қан майданда қаза тапқан Кеңес Одағының батырлары Әлия Молдағұлова,

Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров, Қайрош Сарталиев, Нүркен Әбдіров, Қасым Қайсенов, Рейхстагқа Ту тіккен Рақымжын Қошқарбаев, аты аңызға айналған даңқты қолбасшы «Отан үшін отқа түс күймейсің» деген Бауыржан Момышұлы, тұңғыш қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов, Кеңес Одағының батыры атағына екі мәрте ие болған Талғат Бигельдиновтердің ерліктері туралы айтып жастарымызды Қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеу барысында кеңінен насихат жүргізуіміз қажет. [3,б.7.].

Бері келе тәуелсіздігімізге жол ашқан 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің боздақтары, қаһармандары Қайрат Рысқұлбекеов, Ләззат Асанова және тағы басқалары бар. Аталған оқиғалардың қаһармандары ел үшін жан салды, Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолында осылардың мысалдары ерекше үлгі бола алады.

Қазақстанның тәуелсіз жылдарындағы қаһармандарымыз да аз емес. Атап айтар болсақ «Халық қаһарманы» атағына ие болған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызметте жүрген капитан Азамат Жұмаділов, Ауған соғысының ардагері ҚР Мәжілісінің депутаты генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, ҚР Сенатының деутаты армия-генералы Мұхтар Алтынбаев, тұңғыш ғарышқа көтерілген азаматтарымыз Талғат Мусабаев, Тоқтар Аубакировтардың ерліктерін кеңінен насихаттау қажет.

«Өмірде қашанда ерлікке орын бар». Бұл сөздер біздің жерлесіміз хақында. Ішкі Істер Департаменті полиция капитаны Ғазиз Байтасов. Бәлкім, Ғазиз өмірінің дәл 40 жасында аяқталарын ойламаған да болар... Ерлік жасау туралы барлығы армандайды, әсіресе балалар, алайда, оның қашан жасалатындығын ешкім де білмейді...

Ол 2011 жылы 12 қарашада Тараз қаласында болған лаңкестік оқиғада ерлікпен қаза тапты. Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен қызмет бабында қаза тапқан Ғазиз Байтасовқа «Халық қаһарманы» атағы берілді... Қашып бара жатқан терроршы Мақсат Қариевтің соңынла жол полициясының арнайы көлігімен Жамбыл облыстық ІІД жол полициясы жеке батальоны 1-ші взводының командирі, полиция капитаны Ғазиз Байтасов түседі. Қылмыскер Қазыбек би көшесі бойындағы Орталық гастроном маңына тоқтай қалып, маңайындағының бәрін оңды-солды ата бастады. Ғазиз көлігін тоқтата сала, жүгіріп барып қарсы оқ жаудырады. Сол кезде ғана қылмыскер шегіне түскен. Сол сәтте взвод командирі оны аңди бастайды. Алайда, дайындалған қылмыскер айлакер әрі епті болып шықты. Джип көлігінің тұсына жасырынған лаңкес қызметтік автокөлігін айналып, Ғазиздің кеудесіне оқ атады.

Ғазиз қылмыскерде жарылғыш зат бар екенін біліп, бейбіт халыққа залалы тиетіндігін іштей сезген еді. Барлығы қас-қағым сәтте болды. Полиция капитаны ауыр жарақатына қарамастан лаңкеске қарсы ұмтылып, кеудесін қолымен ұстап, оны жерге құлатты. Осы сәтте жарылыс үні естілді. Ғазиз Байтасов өз өмірін құрбан ету арқылы ондаған өмірді сақтап қалды. Ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өмірлерін қиған Ғазиз Байтасов сияқты қаһармандарымыз жас буын үшін үлгі боларлықтай тұлғалар. Олардың өмірі мен ерлігін насихаттауда, және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскери күш құрылымдарының жауынгерлік дәстүрлерін насихаттауда жаңа әдістерді ұдайы іздеу керек. [3,б.6.].

Олимпиада ойындарының жеңімпаздары, білім-ғылым саласынла елеулі көрсеткіштерге қол жеткізген ардақтылардың жеңістерін жастарды Қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеуде қолданысқа алып отыру қажет. Жастарды Қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеу жұмыстары қазіргі заманғы тілмен жүргізілуі қажет.

ҚР ҚК әскери доктринасы төніп тұрған қауіптерге, яғни терроризм, экстремизм және сепаратизмнің трансұлттық түр-сипатының таралуына байланысты нақтылай шаралардың қажеттілігін туындатады. Жоспарлы түрде ҚР ҚК қатысуымен әскери оқу-жаттығулар ұйымдастыру тәжірибесі дәстүрге айналған.

Әскери оқу-жаттығулар Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) және Исламдық ынтымақтастық ұйымына (ИЫҰ) мүше әрбір елдің аумағында кезектесіп өтеді. Онда негізінен тиісті құрылымдардың өзара бірлесіп қимылдауы, жеке құрамның күш-қуат жұмылдыруы, қару-жарақпен әскери техникалардың пәрмеңділігін байқау секілді басқа да тәсілдер пысықталады. Өткен жылдар ішінде оннан астам бірлескен жаттығулар ұйымдастырылды. «Шығыс-Антитеррор», «Ыстықкөл-Антитеррор», «Норак-Антитеррор», «Саратов Антитеррор», секілді көршілес елдерде болған басқа да жаттығуларға Қазақстан жағынан делегация қатысып, тәжірибе алмасып қайтты. «Тянь-Шань-Антитеррор №1» жаттығуы Қазақстан мен Қытай аумағында өткізілді. Ал әскери ведомстволардың арасында өткен «Бейбітшілік шеруі», «Алдаспан-2021» жаттығуына ҰҚК «Арыстан» арнаулы бөлімшесі қатысып, өздерінің жоғары дайындықтарын көрсетті. [3,б.5.].

2022 жылғы Қазақстандағы наразылық шаралары (немесе Қанды қаңтар, Қаңтар оқиғасы, Қаңтар трагедиясы) - сұйытылған газдың кенеттен қымбаттауына байланысты Қазақстанда басталған наразылық шаралары. 2 қаңтарда бастау алған бұл оқиғалар тәуелсіз Қазақстанның 30-жылдық тарихындағы ең қарқынды әрі қатал қақтығысқа айналды. Алғашында Жаңаөзен қаласында басталған шеру артынан Қазақстанның басқа қалаларына да таралды.

Халық Алматы, Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Қарағанды, Астана, Шымкент, Көкшетау, Орал және т.б. қалалардың көшелеріне шығып, экономикалық талаптармен қоса саяси өзгерістерді талап ете бастады. Бастапқыда бейбіт басталған наразылық шаралары артынан қарулы қақтығыстар мен тонаушылыққа ұласты (негізінен Алматы қаласында). 5 қаңтарда басталған тәртіпсіздіктер ресми деңгейде **мемлекеттік төңкеріс** деп аталды.

Елдегі жағдайдың шиеленісуіне байланысты, 5 қаңтарда төтенше жағдай Қазақстанның барлық аумағында енгізілді. Шерушілер маңызды нысандарға шабуыл жасап, Алматы, Талдықорған қалаларындағы әкімдік ғимараттары, Алматы әуежайы наразы халықтың қолына өтті. Артынша Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) басшыларынан көмек сұрағанын мәлімдеді. 10 қаңтарда ҰҚК тәртіпсіздіктер кезінде басып алынған барлық әкімшілік нысандардың қайтарылғанын, елдегі жағдайдың тұрақталғанын мәлімдеді. 11 қаңтарға дейін тәртіпсіздікке қатысып, қамауға алынған адамдардың саны 10 мыңға жуықтады. Тонаушылық пен бұзақылықтың салдарынан кәсіпкерлерге келтірілген шығынның мөлшері 100 миллиард теңгеден асты.

Қорытынды.

Осындай келеңсіз жағдайларды болдырмай алдын алып, жастарды Қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеу қажет және ішімдікке, нашақорлыққа, төніп тұрған қауіптерге қарсы күресте ұдайы қырағылық танытуға, тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауға, ұлт қауіпсіздігін қорғауға міндетті екенімізді әрбір Қазақстан азаматына жеткізіп отыру керек. Қазіргі таңда батыр бабаларымыздың жауынгерлік жолдарын насихаттау арқылы жастарды Қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан 2023жыл 01 қыркүйек.
2. Н.Назарбаев «Сындарлы он жыл»- 2003жыл.
3. Журнал «Айбын», «Сарбаз»-2010жыл.
4. Мемлекеттік-дайындық құқықтары оқу әдістемелік құралы – 2009жыл.
5. Жалпы тактика. Ұрыста жауынгердің іс-қимылы және ұрысты ұйымдастыру бойынша бөлімше мен взвод командирінің атқаратын жұмысы [Мәтін]: оқу құралы/ О.В. Ажимов, О.Ю. Скоков, К.Е. Суюндиков және т.б. Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 70 б.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
7. Алғашқы әскери дайындық: Оқулық. 10-11 сынып. Авторлары: К.Аманжолов, А.Тасболатов, Д.Майхиев, Б.Аманжолова.-Алматы «Мектеп баспасы». 2015
8. Бекбосунов А.Қ. Әскери патриоттық тәрбие негіздері [Мәтін] : Оқу құралы / А.Қ. Бекбосунов, А.Қ. Демеуов, Н.А. Бектаев. - Алматы : Эверо, 2016. - 112б. - ISBN 978-601- 310-374-7
9. Бекбосунов А.Қ. Әскери патриоттық тәрбие негіздері [Мәтін] : Оқу құралы / А.Қ. Бекбосунов, А.Қ. Демеуов, Н.А. Бектаев. - Алматы : Эверо, 2016. - 112б. - ISBN

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ И ПРОЕКТНЫХ НАВЫКОВ УЧЕНИКОВ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Сапашева Эльмира Ибрагимовна
учитель истории, мастер-педагог ОШ имени Л.Кылышева, Чингирлауского района, ЗКО

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460932

To Cite: Сапашева Эльмира Ибрагимовна. (2024). РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ И ПРОЕКТНЫХ НАВЫКОВ УЧЕНИКОВ НА УРОКАХ ИСТОРИИ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460932

Аннотация

Статья раскрывает авторскую методику развития исследовательских навыков у учащихся на уроках истории.

Представленный алгоритм исследовательского обучения даст направление педагогам на реализацию развивающего обучения, ориентированного на результат, организацию самостоятельной поисковой деятельности учащихся. Позволит объективно, пошагово измерять уровни функциональной грамотности каждого ученика по учебным предметам.

Актуальность педагогической идеи в развитии у учащихся навыков критического и творческого мышления, решения проблем и самоорганизации в обучении, в создании образовательной среды, которая научит самостоятельному поиску, анализу информации и выработке правильного решения предложенной ситуации, формировать собственное мнение, опирающееся на определенные факты, приводить релевантные аргументы.

Аннотация

Мақала тарих сабақтарында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудың авторлық әдістемесін ашады.

Ұсынылған зерттеу алгоритмі мұғалімдерге нәтижеге бағытталған дамытушылық оқытуды жүзеге асыруға, оқушылардың өзіндік іздеу қызметін ұйымдастыруға жолдама береді. Әр оқушының оқу пәндері бойынша функционалдық сауаттылық деңгейін объективті, кезең-кезеңімен өлшеуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытудағы педагогикалық идеяның өзектілігі, оқудағы мәселелерді шешу және өзін-өзі ұйымдастыру, ақпаратты өз бетінше іздеуге, талдауға және ұсынылған жағдайды дұрыс шешуге үйрететін білім беру ортасын құруда, белгілі бір фактілерге негізделген өз пікірін қалыптастыруда, тиісті дәлелдер келтіруде.

Ключевые слова: исследовательское обучение, проектно-исследовательские навыки, проблема, гипотеза, алгоритм проекта, методы исследования: «сравнительно-исторический анализ», «историко-генетический», «историко- системный» , «синоптический анализ», «устной истории», наукообразность

Сегодня система образования и требования к ней изменились коренным образом. В отличие от традиционной школы обновленная система образования требует нового формата обучения и создания новой модели ученика-ученика XXI века. Это участник

образовательного процесса, который не просто обладает определенным наборомзнаний и умений, а умеет применять полученные знания на практике: использовать их в повседневной жизни для решения сложных, нестандартных задач. Поэтому в сегодня очень важно, чтобы каждый учитель применял на своих уроках новые педагогические технологии и приемы проблемного, исследовательского обучения

«Исследовательское обучение» - это особый подход к обучению, построенный на основе естественного стремления обучающегося к самостоятельному изучению окружающего. Исследовательское обучение позволяет заинтересовать учащихся процессом обучения, самообразованием, обеспечивает развитие творческих и исследовательских навыков, критического и логического мышления, развивает универсальные учебные навыки и компетенции.

Актуальность идеи:

Так как сегодня очень важно развивать у учащихся навыки критического и творческого мышления, навыки решения проблем и самоорганизации в обучении необходимо на уроке создавать такую образовательную среду, которая позволит учащимся самостоятельно добывать знания, ставить релевантные цели и задачи исследования, выбирать оптимальные способы достижения результатов проводить защиту своего проекта (идеи решения) и др.

Задачи исследовательского обучения

- Научить самостоятельному поиску, анализу информации и выработке правильного решения предложенной ситуации.
- Научить формировать собственное мнение, опирающееся на определенные факты, приводить релевантные аргументы, формулировать выводы и т.д..

Цель показать на конкретных примерах как я использую методы и приемы исследовательскогообучения на уроках истории и какова результативность этого процесса.

Проводя каждый урок я в первую очередь стараюсь создать такую образовательную среду в которой обучающиесясамостоятельно задают себе вопросы, а учитель выступает в роли координатораобучения, создавая соответствующие сценарии действий, нежели предлагая факты. Обучающиесяиспользуют ресурсы для исследования тем и формируют свои выводы. Это помогаетоттачивать навыки более высокого порядка, необходимые для приобретения болееглубоких знаний и понимания предмета.

Признанные педагогические подходы: Концепция Выготского,Ж.Пиаже, С.Л.Рубинштейн, П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин

В научной литературе описаны три основных подхода в исследовании преподавания иучения, которые могут быть представлены следующим образом:

структурированное исследование	направленное исследование	открытое исследование

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

учитель предоставляет подробные методы обучения, которым учащийся должен следовать (часто, шаг за шагом); предполагается, что учащиеся будут объяснять, обсуждать и делать выводы из своих (или чужих) умозаключений Поэтому будет целесообразно выбрать данный подход на уроках, когда отрабатываются новые навыки или концепции	учитель предоставляет учащимся определенную структуру, которой они должны следовать (например, выбрать из списка вопросов учащиеся могут выбрать собственный подход для ответа на вопросы. По мере приобретения учащимися опыта, можно использовать *направленное исследование*.	учащиеся выбирают свой вопрос и метод ответа на такой вопрос. Основной целью учащегося является успешное выполнение *открытого исследования* с требованием к развитию навыков мышления более высокого уровня

.

Приступим к материалу, я рекомендую вам проводить развитие исследовательских навыков на каждом этапе обучения .

Алгоритм работы по проведению исследования на уроке

1. постановку проблемы,
2. изучение теории, посвященной данной проблематике,
3. подбор методик исследования и практическое овладение ими,
4. сбор собственного материала,
5. анализ и обобщение,собственные выводы

Алгоритм

1. постановка проблемы

Проблема-это не любой вопрос , а только такой, который содержит предварительное частичное знание о предмете –одновременно!- незнание какого-то его аспекта. При формулировании проблемы усиливается исследовательский интерес, с этого начинается поисковая деятельность ученика.

Мои рекомендации :

- не давайте учащимся готовых формулировок проблем, лучше научите их составлять в ходе исследований

-проблема должна быть оформлена ввиде краткого описания. Оно должно четко формулировать то, что собирается делатьученик .

Конкретная формулировка темы- всегда признак того, чтобы ваши ученики выбрали тот объем работы, с которым им по силам справиться

И мои рекомендации по проверенным способам:

-необходимо исследовать узкую направленность темы

-отказаться от части исследуемого материала

-сузить хронологический период исследуемого процесса.

Лучше использовать- точные даты!

-ограничить количество аспектов своего исследования .

2. Изучение теории, посвященной данной проблематике

Следующий шаг - найти как можно больше информации по исследуемой проблеме. Необходимо записывать все, что, может помочь ученику в исследовании. Включая эскизы, диаграммы, пометки.

Необходимо ученику подумать:

- Времени - как долго он будет решать эту проблему?
- Материалах - какие материалы имеются в его распоряжении?

- Функциях - для выполнения каких функций нужен данный объект?
- Внешнем виде - как онбудет выглядеть?

Развивая идеи–ученик должен помнить, что простые идеи - часто лучшие идеи.

3. Подбор методик исследования и практическое овладение ими

Обоснование выбранной темы учебного проекта: объяснение выбора темы, ее актуальность, значимость проекта. Результаты своих исследований ученики смогут отразить в дневниках наблюдения

Актуальность темы исследования у учеников должна рассматриваться и в плане ее значимости для социальной, практической, духовной жизни современного человека. Особенно это касается в исследовании в социально-экономической и политических областях.

Наукообразность формулировки предполагает осмысленное использование лексики и фразеологии научного стиля.

Например : не стоит называть работу « Почему произошел голод в Казахстане 1920-1921гг.», а лучше « Трудности и пути их преодоления»

3 этап. Методы исследования

На этом этапе ученик должен составить план, как он собирается решить данную проблему. Выделить цель исследования, составить план. Записать порядок своей работы. Тщательно подумать , сколько времени необходимо для исследования.

Мои рекомендации изучите с учащимися все методы исследования, выберете наиболее эффективные .

Свои знания предметные учащиеся ся смогут отразить в дневниках наблюдения

Методы исследования

Эмпирические методы	Теоретические методы
Индукция (анализ) -наблюдение -измерение -эксперимент -обобщение	Индукция (анализ) -идеализация -формализация -моделирование
Индукция (синтез) -систематизация -классификация	Дедукция (синтез) -построение теории -доказательство -опровержение Дедукция (анализ) -конкретизация -проверка практикой

4. Сбор собственного материала

Мои рекомендации

Предоставьте ученикам конкретные средства сортировки и презентации информации и идей, возникающих из фазы «исследование». Дайте ученикам возможность обрабатывать информацию, которую они собрали, и предоставить ее разными способами. Допускайте широкий диапазон результатов .

Типы вопросов ученику:

Где вы можете найти информацию? Кто может вам помочь?

Каким образом мы могли бы сортировать информацию? Какие связи мы могли бы сделать? Как мы можем убедиться в том, что информация точная, ценная и подходящая к использованию?

Выбор соответствующих ресурсов: Полезна ли эта информация? Что вы должны сохранить? Что вам необходимо удалить? Насколько надежны ресурсы?

Организация информации: Сможете ли изложить записи своими словами? Как их организуете? Отметили ли вы, где взяли информацию? Достаточно ли взяли информации?

Выберите 2-3 источника которые противоречат друг другу, ученики должны выявить свою точку зрения. Научите учеников работать с источником, выявлять основную суть источника, цитировать источники. Объясните что значит плагиат.

Анализ и обобщение, собственные выводы

Мои рекомендации:
-ученики должны осмыслить, рассмотреть основные современные теории, связанные с проблемой….
-изложить результаты исследований, посвященных проблеме…
-подробно охарактеризовать….
--описать состояние изучения проблемы….
-обосновать следующую точку зрения…
-осуществить критический анализ отдельных положений работы…
-сопоставить разные точки зрения….
-представить точки зрения разных ученых на (что)…
Научить правильно выражать мнение и аргументировать ответы.
Приемы: аргументация позиция и контр, критики, отб

На последнем этапе

Анализ и обобщение материала, учащиеся составляют свод анализ, каждый собирает факты и анализирует.
Ученики могут по заключения исследования могут написать статьи, научно-исследовательский проект .
Рефлексия учеников над вопросами:

Решил ли он проблему? Подумай об этом и спроси других людей. Может мне необходимо произвести изменения в проекте или, может быть, начать все заново? Очень небольшое количество дизайнерских решений безупречно, всегда есть путь для улучшения!
Не забыл ли я что-нибудь? Есть ли смысл в моей работе? Смогу ли я почувствовать гордость перед человеком, которому буду читать свой труд? Чему я научился?

Исследовательская деятельность учащихся способствует:

- развитию интереса, расширению и актуализации знаний как по предметам школьной программы, так и вне программы;
- развитию представлений о межпредметных связях;
- развитию интеллектуальной и творческой инициативы учащихся в процессе освоения основных и дополнительных образовательных программ;
- созданию предпосылок для развития научного образа мышления;
- формированию установки на престижность занятий научно–исследовательской деятельностью;

Если вы будете включать в процесс обучения задания исследовательского характера, учащиеся получат необходимые знания, это разнообразит подходы в обучении.

Учителя смогут реализовать развивающее обучение, ориентированное на результат; организовать самостоятельную поисковую деятельность учащихся и объективно пошагово измерять уровни функциональной грамотности каждого ученика по всем темам учебного предмета.

- Качество знаний по предмету история возрастает повышается познавательная мотивация учащихся,
- Ученики приобретают опыт участия в областных и республиканских конкурсах,
- Успехи отдельных учащихся стимулируют познавательную активность других учеников

Организация обучения на уроках истории по методу проектов создает оптимальные условия превращения учащихся в «субъектов» деятельности.

Каждый школьник становится равноправным членом творческого коллектива, работа в котором способствует развитию социальных ролей, воспитывает обязательность и ответственность при выполнении заданий в намеченные сроки, взаимопомощь в работе. В проектную деятельность вовлечены чувства, отношения, мысли и действия школьников.

Используемая литература:

1. Свинина Н.Г. Жизненный опыт учащихся в контексте личностно ориентированного образования // Педагогика, 2001. №7. С.31.
2. Селевко Г.К., Басов А.В. Новое педагогическое мышление: педагогический поиск и экспериментирование. Ярославль, 1981.
3.Сборник лекций по методологии исторической науки// https://studbooks.net/588362/istoriya/metodologiya_istoricheskoy_nauki
4.Шегенова З., Жанисов А. развитие навыков исторического мышления на основе исторических концептов. Методическое пособие/ Шегенова З., Жанисов А. – Астана, 2018.– 22 с.
5.Хоруженко Е.Г. Проектная деятельность на уроках истории// Актуальные вопросы современной педагогики: материалы X Международной научной конференции – Самара: ООО"Издательство АСГАРД", 2017. - С. 105 – 108.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бидебаев Рахат Жеткергенович
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің
7М01547 -математика 2-курс магистранты
Түркістан, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10461701

To Cite: Бидебаев Рахат Жеткергенович. (2024). ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10461701

Аңдатпа. Мақалада орта мектепте математика сабағында цифрлық технологияларды тиімді қолдану әдістемесі талданады. Оқушыларға күрделі тригонометриялық функциялардың негізгі қасиеттері тақырыбы бойынша графиктерді Excel, Maple және GeoGebra математикалық есептеу бағдарламаларында ерекшеліктері салыстырылған. Бағдарламада есептерді шығару барысымен таныстырылған. Жоғарыда аталған қолданбалы бағдарламалардың қолайлысы, әрі тиімдісі тәжірибе арқылы анықталған. Excel, Maple және GeoGebra сынды ақпараттық коммуникациялық технологияларды орта мектепте математика сабағында қолдану оқушылардың сабаққа деген ынтасын, берілген ақпаратты түсіну жылдамдығын, уақыттың үнемді қолданылуына мүмкіндік туғызады.

Аннотация. В статье анализируется методика эффективного использования цифровых технологий на уроках математики в средней школе. Учащиеся сравнивали графики по теме Основные свойства сложных тригонометрических функций в программах математических вычислений Excel, Maple и GeoGebra. Ознакомлен с ходом решения задач в программе. Удобство и эффективность вышеуказанных прикладных программ определены практикой. Использование информационно-коммуникационных технологий, таких как Excel, Maple и GeoGebra, на уроках математики в средней школе повышает мотивацию учащихся к занятиям, скорость понимания предоставленной информации, экономное использование времени.

Кіріспе

Цифрлық технологиялар деп деректерді электронды түрде жинақтау, сақтау, өңдеу, іздеу, беру және ұсыну технологиялары болып табылады[1]. Демек, білім беруде деректер/ақпараттарды электронды түрде жинақтау, сақтау, өңдеу, іздеу, беру мен ұсыну технологиялары.

Цифрлық технологиялар қазіргі әлемнің ажырамас бөлігіне және кез келген саладағы табысты жұмыстың маңызды элементіне айналды. Жалпы орта мектепте математиканы оқыту барысында компьютерлік бағдарламалар мен қосымшалар, интерактивті тақталар мен ойындар, күрделі теңдеулерді шешуге және графиктер құруға мүмкіндік беретін маңызды математикалық бағдарламалар қолданылады. Олардың кейбіреулері ғаламторда

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

тегін, әрі қол жетімді, басқалары ақылы немесе лицензияны талап етеді. Бірақ қандай бағдарлама қолдансақ та, оның пайдасы анық.

Біріншіден, компьютерлік бағдарламалар мен қосымшалар оқушыларға материалды жақсы түсінуге көмектеседі. Мысалы, олар геометриялық фигуралар мен кеңістік объектілерін жақсы елестетуге көмектеседі.

Екіншіден, компьютерлік бағдарламалар мен қосымшалар оқушылардың есептерді шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Кейбір бағдарламалар оқушылар нақты уақытта шеше алатын интерактивті тапсырмаларды ұсынады. Бұл оларға есептерді тезірек және дәлірек шешуге және математикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Үшіншіден, математика сабағында ақпараттық технологияны қолдану оқушылардың компьютерлік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл ақпараттық технологиялар өмірдің барлық салаларында барған сайын маңызды рөл атқарып келе жатқаны анық. Компьютермен жұмыс істей білу оқушыларға болашақта мамандық таңдауда ғана емес, күнделікті өмірде де пайдалы болады.

Сонымен қатар, математика сабағында компьютерлік бағдарламалар мен қосымшаларды қолдану оқу үдерісін оқушылар үшін қызықты, әрі тартымды ете алады.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі уақытта елімізде жасалып жатқан жобаларды және қойылған міндеттерді іске асыруға сүйене отырып, білім беру жүйесінің және, ең алдымен, жалпы орта мектептегі білім берудің кейбір аспектілерін нақтылау қажеттілігі туындайды, атап айтқанда:

- цифрлық технологияларға көшу кезіндегі отандық орта білімнің жай-күйін талдау және осы ауысудан туындаған проблемалар;

-цифрлық технологияларға қатысты мектеп-оқытушылар құрамының деңгейі мен құзыреттілігі;


– білім беру процесінде пайдаланылатын білім беруді цифрлық трансформациялау құралдары мен ресурстарының тізбесі және болуы;

- Қазақстандық орта білім беру жүйесінің шетелдіктерден негізгі айырмашылықтары;

- құралдар мен ресурстарды тарта отырып, цифрлық технологияларды пайдалану тәсілдері мен әдістері.

Математиканы оқытудың әдістемелік жүйесі аясында оқу процесіне іс - әрекетке, тәжірибеге бағытталған тәсілдер тұжырымдамасына және оқу процесін оңтайландыру теориясына сүйене отырып, оқытуды ұйымдастыру формаларының жүйесін құрудың келесі логикасы ұсынылады. Оқу процесінде оқу материалының мазмұны, оқу мақсаттары мен кезеңдері талданады, сондай-ақ оқу-материалдық базаға қойылған шектеулер ескеріледі. Содан кейін оқытудың барабар әдістері мен формалары анықталады. Осы негізде оқыту құралдарының номенклатурасы әзірленуде. Осылайша алынған оқыту әдістері, формалары мен құралдарының ішкі жүйесі суретте көрсетілген оқытуды ұйымдастыру формаларының жүйесіне айналады [6].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



Сурет 1. Оқытуды ұйымдастыру формалары

Жүйеге біріктірілген бірлікте және бір-бірімен үйлесімде оқытуды ұйымдастыру формалары оқу процесін, оның ішінде жалпы математиканы оқыту процесін оңтайландыруға, білім алушыларды кәсіби дайындық деңгейін тұрақты және дәйекті түрде арттыруға, оны әр білім алушының тәрбиесімен және жеке дамуымен тығыз байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қолданыстағы цифрлық технологиялардың тиімділігін ескере отырып екі өлшемді жазықтықта екінші ретті қисықтардың графигін Excel, Maple және GeoGebra математикалық бағдарламаларында салып көрсету қолға алынды.

Екінші ретті қисықтар, тікбұрышты координаталар жүйесінде екінші дәрежелі теңдеулер түрінде берілетін қисықтардың жазықтықтағы нүктелерінің орналасуын айтады. Екінші ретті қисықтардың қолданылуының басым бөлігі құрылыс және техника саласында болып табылады[1].

Жарықтың шағылу траекториясына, өсімдіктердің және басқа да табиғат құбылыстарының сызбаларына сүйене отырып қарастырылған. Егер бір-бірімен қиылысатын екі түзу алып, олардан пайда болған бұрыштың айналасында айналдыра бастасаңыз косинус тәрізді бетті алуға болатындығын ұсынған. Ал осыны басқа жазықтықпен кесіп өткенде әртүрлі геометриялық фигуралар түріндегі кесінділер шыға келеді. Ол шеңбер, эллипс, парабола, гипербола және т.б. кесінділер[2].

Excel - бұл сандық деректерді өңдеу және әртүрлі математикалық есептерді шешу үшін кеңінен қолданылатын электрондық кесте. Excel бағдарламасында формулалар мен функцияларды жасауға, арифметикалық және логикалық амалдарды орындауға, графиктер мен кестелерді құруға болады.

Excel бағдарламасында диаграмма термині сандық деректерді пайдалана отырып графикалық түрде көрсетуге қолданылады. Диаграмма өзі құрастырылған деректермен тікелей байланысты болып қалады және құрастырылған деректер өзгерген жағдайда оның сыртқы түрі де өзгеріске ұшырайды. Excel бағдарламасында екінші ретті қисық сызықтарды салу арқылы, барлығына түсінікті геометриялық фигуралардың кесіндісін алуға болады[3].

Maple - күрделі математикалық бағдарланған қуатты бағдарламалау тілін (және жүйемен интерактивті байланыс үшін кіріс тілі) біріктіретін типтік интеграцияланған жүйе. Құжаттар мен бағдарламаларды дайындау және редакциялау, математикалық бағдарланған кіріс байланыс тілі және бағдарламалау тілі, диалогтық режимде жұмыс

істеу мүмкіндігі бар заманауи көп терезелі пайдаланушы интерфейсі, анықтамалық жүйе, математикалық өрнектерді түрлендіру алгоритмдері мен ережелерінің өзегі, диагностикалық жүйесі бар бағдарламалық сандық және символдық процессорлар, кіріктірілген және қосымша функциялардың ең қуатты кітапханалары,жүйені кеңейту және қолдану пакеттері, үлкен және қолдануға өте ыңғайлы анықтамалық жүйе, барлық осы құралдарға тікелей жүйеден толық қол жетімділік бар.

Maple бағдарламасында диаграмма термині, алдағы айтып өткен Excel бағдарламасы тәрізді математикалық формулаларды пайдалана отырып графикалық түрде кесінділерді ала аламыз. Бұл бағдарламада математикалық формулалар бағдарламаның өзіне тән белгілі бір заңдылықпен жазылады және формулалардың түріне байланысты бағдарламаның жұмыс жасау барысында қолданылатын бірнеше нұсқау түрлері бар[4].

Geogebra – интерактивті математикалық диаграммалар мен графиктерді құруға арналған бағдарлама. Geogebra геометриялық фигураларды салуға, арифметикалық амалдарды орындауға, теңдеулерді шешуге және т.б. мүмкіндік береді. Geogebra сонымен қатар сандық эксперименттер жүргізуге және нәтижелерді талдауға мүмкіндік береді.

Geogebra бағдарламасы да, жоғарыда айтылғандай екінші ретті қисықтарды графикалық түрде көрсетуге қолайлы болып келеді. Excel және Maple бағдарламаларына қарағанда, Geogebra бағдарламасымен жұмыс жасау тез, әрі қолайлы жүзеге асады[5].

Excel, Maple және Geogebra - бұл үш түрлі математикалық бағдарлама, олардың өзіндік сипаттамалары мен қолданбалары бар.

Осылайша, бірнеше бағдарлама да математикалық есептерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін болғанымен, олардың әртүрлі салаларда өзіндік сипаттамалары мен қолданбалары бар. Excel деректермен жұмыс істеу үшін, Maple күрделі математикалық есептерді шешу үшін және Geogebra интерактивті математикалық диаграммаларды құру үшін қолайлы.

Жоғарыда аталған математикалық бағдарламалардың мүмкіндіктерін ескере отырып бірнеше геометриялық фигураларды салу қарастырайық.

Шеңбер, гипербола, парабола және көпбұрыш сияқты 2D жазықтықтағы екінші ретті қисықтарды Excel, Maple және Geogebra бағдарламаларында салуға болады.

Шеңбер. Центрі A(a;b) нүктесінде радиусы R-ға тең шеңбер деп M нүктесінен бірдей қашықтықта тұратын жазықтықтың барлық нүктелерінің жиынын айтады. Кез келген M нүктесі үшін:

$$|AM| = R$$

Яғни, осы теңдеу арқылы шеңбердің канондық теңдеуін аламыз, ол үшін:

$$\sqrt{(x-a)^2 + (y-b)^2} = R$$

$$(x-a)^2 + (y-b)^2 = R^2$$

Бірінші, Excel математикалық бағдарламасында шеңбердің графигі салынды және оны салу үшін Excel-де бірнеше қадамдар орындалды.

Excel-де жаңа бет ашылды, онда шеңберді салу барысында мынадай мәліметтер енгізілді:

Кесте құрылды, онда x айнымалысының мәндерін А бағанына енгіземіз. Ол үшін А1 ұяшығына x символын енгіземіз. А2 ұяшығына аргументтің бірінші мәні- аралықтың сол жақ шекарасы (-3) енгізіледі. А3 ұяшығына аргументтің екінші мәні – аралықтың сол жақ

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

шекарасы плюс салу қадамы (-2,5) енгізіледі. Сосын A2:A3 ұяшықтар блогын белгілеп алып, автотолтырумен аргументтің барлық мәнін толтырып шығамыз.

y айнымалысының мәндерін 1 – ші қатарға енгіземіз. Ол үшін B1 ұяшығына y айнымалысының бірінші мәні – аралықтың сол жақ шекарасы (-2) енгізіледі. C1 ұяшығына y айнымалысының екінші мәні – аралықтың сол жақ шекарасы плюс салу қадамы (-1,5) енгізіледі. Сосын, B1: C1 блогын белгілеп алып, автотолтыру арқылы y айнымалысының барлық мәндерін аламыз.

Ары қарай z айнымалысының мәндерін енгіземіз. Ал ол үшін, B2 ұяшығына кестелік курсорды қоямыз және Стандартты құрал-саймандар панеліндегі Вставка (f_x) функциялар түймесін басу керек. Пайда болған Функциялар шебері -2-ден 1-ші қадам, сұхбат терезесінде Категориялар бетінен Математикалықты таңдаймыз. Функция бетіндегі оң жақтан Түбір функциясын таңдаймыз. ОК түймесін басамыз. Түбір сұхбат терезесі пайда болады. Жұмыс парағына түбір астындағы өрнекті енгіземіз: 1+$A2^2/9+B$1^2/4. ОК түймесін басамыз. B2 ұяшығында 1,732051 пайда болады. Енді B2 ұяшығынан функцияны көшіріп алу қажет. Сосын автотолтырумен (оңға қарай тартамыз) бұл формуланы алдымен B2:J2 аралығында , содан кейін B2:J14 аралығында көшіреміз (төмен қарай тартамыз).

Нәтижесінде келесі кесте алынуы керек (Сурет 2).

	A	B	C	D
3				
4	Бұрыш	x	y	r
5	0	6	5	2
6	1	5,9997	5,0349	
7	2	5,99878	5,0698	
8	3	5,99726	5,10467	
9	4	5,99513	5,13951	
10	5	5,99239	5,17431	
11	6	5,98904	5,20906	
12	7	5,98509	5,24374	
13	8	5,98054	5,27835	
14	9	5,97538	5,31287	
15	10	5,96962	5,3473	
16	11	5,96325	5,38162	
17	12	5,9563	5,41582	
18	13	5,94874	5,4499	
19	14	5,94059	5,48384	
20	15	5,93185	5,51764	
21	16	5,92252	5,55127	
22	17	5,91261	5,58474	
23	18	5,90211	5,61803	
24	19	5,89104	5,65114	
25	20	5,87939	5,68404	

Сурет 2- Excel-де сандық мәндерді енгізу

Диаграмма салу үшін, Стандартты құрал-саймандар панелінде диаграмма шебері түймесін басу керек. Пайда болған диаграмма шеберінің сұхбат терезесінде (4-тен 1-ші қадам): диаграмма типінен – Беттер – типін, Мөлдір бет – түрін таңдаймыз (оң жақ терезедегі оң жақ жоғарғы диаграмма). Содан кейін сұхбат терезесінде Далее түймесін басамыз.

Пайда болған диаграмма шеберінің сұхбат терезесінде (4-тен 2-ші қадам): Диаграмманың берілгендер көзінен берілгендер Аралығы қосымшасын таңдаймыз және Аралық парағында тышқанмен *B2:J14* берілгендер интервалын көрсетеміз.

Ары қарай, берілгендер қатарын қатарда ма, әлде бағанда ма орналасқандығын көрсетеміз. Бұл *x* және *y* осьтерінің ориентациясын анықтайды. Мысалда Қатарда ауыстырғышы тышқан көрсеткішінің көмегімен бағандағы орнына орналастырамыз.


Енді Қатар қосымшасын таңдаймыз және *x* осіндегі Жазулар бетіндегі жазулар аралығын көрсетеміз. Ол үшін оған тышқанның көрсеткішін шертіп, *x* осіндегі жазулар аралығын *–A2:A14* енгіземіз.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Содан кейін, *y* осінің жазуларында Мәндерді енгіземіз. Ол үшін Қатар жұмыс парағында Қатар1 бірінші жазуын және жұмыс парағында Атын, оны тышқанның көмегімен белсенділендіріп болған соң, *y* айнымалысының алғашқы мәнін - *y=-2* енгіземіз. Сосын Қатар бетінде Қатар2 екінші жазуын және Аты жұмыс парағында, *y* айнымалысының екінші мәнін- *y=-1,5* енгіземіз. Тура осылай, Қатар9- соңғы жазуға дейін қайталаймыз.

Керек болған жазу пайда болған соң, Далее түймесін басамыз.

Үшінші терезеде диаграмманың тақырыбы мен осьтердің атын енгізу қажет болады. Ол үшін Тақырыптар қосымшасын таңдаймыз. Жұмыс парағында диаграмманың атын шертіп, клавиатурадан берілген параққа: Екі қуысты гиперболоид атын енгізу керек. Сосын, тура алдындағыларға ұқсас жұмыс парағында *X* осін (категориялар), *Y* осін (берілгендер қатарлары) және *Z* осін (Мәндер) енгіземіз, сәйкесінше аттары: *x, y* және *z* болады.



Сурет 3- Excel-де енгізілген мәндер бойынша шеңбер диаграммасы

Geogebra-да гипербола салу үшін Excel бағдарламасында қолданған мысалды, осы Geogebra бағдарламасында да қолданамыз. Оны салу үшін келесі қадамдарды орындау қажет:


Omirbek Hanayi. (2018). Orta Asya'da sinofobi algisi. Avrasya araştirma enstitüsünün aylik yayinidir Yıl:3, Sayı:35, Aralık.

Starr S.Frederick. A. (2005). «Greater Central Asia Partnership» for Afghanistan and Its Neighbors. Silk Road Paper.

Yermekbayev, A. A., Zhekenov, D. K., & Uralbayev, S. S. (2021) Afghanistan in the context of Russian and Chinese projects. Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н Гумилева. серия: политические науки. регионоведение. востоковедение. (4), 61-67.

Yermekbayev, A., Akimbek, D., & Meng, N. (2020). Issues of the international image of Russia in the modern world. Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право, 94(2), 66-73.

В Казахстане работают почти 4 тысячи мигрантов из Китая (2022) https://kapital.kz/economic/102254/v-kazakhstane-rabotayut-pochti-4-tysyachi-migrantov-iz-kitaya.html (доступно 12.05.2022)

Жұрынбаев, Е. (2022). Синофобия: история становления и проявления. Государственное управление и государственная служба, 1 (80), 75-83. https://doi.org/10.52123/1994-2370-2022-655

Кожирова С. Б. (2016). Китайская миграция и Казахстан. Казахстан Спектр, (1) (75), 43-63

Қазақ-қытай қарым-қатынасының шегі. (2022) https://e-history.kz/kz/news/show/260/ (доступно 12.05.2022)

Трудовые мигранты приезжают в Казахстан в основном из Китая (2022) https://kapital.kz/economic/97558/trudovyye-migranty-priyezzhayut-v-kazakhstan-v-osnovnom-iz-kitaya.html (доступно 12.05.2022)

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ: 10.47.01

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ - ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Газизова Назигул Слямболовна
Бопабаева Асемгуль Тимуровна
КЕАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
Семей, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451654

To Cite: Газизова Назигул Слямболовна, & Бопабаева Асемгуль Тимуровна. (2024). ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ - ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451654

Аннотация: Аталмыш мақалада қоғамның арасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты құқтық сауаттылықты ашу, насихаттау көзделген. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себеп - салдарын анықтау.

Кіл сөздер: Қазақстан Республикасының Конституциясы,заң, құқық, тұрмыстағы зорлық-зомбылық.

Annotation: This article provides for the disclosure and promotion of legal literacy among society in relation to domestic violence. Causes of domestic violence - determining the consequences.

Key words: Constitution of the Republic of Kazakhstan,Law, Law, domestic violence.

Әлемде жаппай адам құқығының бостандығы туралы мәселе жиі айтылып тұрады. Бұл бағытта күн сайын жаңа заңдар, реформалар, өзгерістер енгізілгенімен, тұрмыстағы зорлық – зомбылық әлі де тыйылмай тұр. Қазіргі заманда Қазақстан өзінің басты бағытын әлемдік жетекші елдердің қатарындағы техналогияларды өндіруден озық мемлекет болуға тырысып, майталмандай еңбек атқаруда, оны мойындау қажет. Алайда, бұл бағытқа әмбе жету үшін, әуелі отбасы институтын нормалды функциясына орнықтыру қажет. Себебі, қаншалықты еліміз алдыға техникалық жағынан дамығанымен де, оның қоғамдағы ахуалдық жағдайы бәсең болса, құқықтық нигилизм кең етек жая отырып отбасылық құндылықтың мәртебесі жойылады. Кішкентай құндылықтың жойылуы болашақта қоғам ортасының деградациялық, яғни регрессияға ұшырайтынын байқаймыз. Бұл орайда, талдау жүргізілген нәтижелерге қарайтын болсақ Еліміз орталық деңгейде орнықтылып тұр.

Аталмыш мақалада біз осы тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуде әлем бойынша тәжірибені талдай отра, бұл дерпен күресу жолдардың тетігін қарастыратын боламыз. Яғни, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінің аспектісін анықтау үшін біріншіден оның терминалогиялық ұғымына және себеп-салдарын жіті талқылап, анықтау қажет. Осы орайда, жиі қоғамда зорлық-зомбылық терминін теріс бұрмалап жатады. Бұған дәлел жыл сайын тұрмыстық зорлық – зомблықтан жәбір көрген азаматтардың құқықтық сауаттылықтан төмендігінің айқын нықыш белгісі. Аталмыш мәселені кең көлемде зерттей келе, біз тұрмыстық зорлық-зомбылылық терминінне жалпылама ұғым бере

аламыз. Бұл дегеніміз: білгілі бір деңгейде отбасылық қарым-қатынасы бар адамдардың арасында туындайтын қандай да бір қол сұғушылықтың түрі,- деп қарастыруға болады. Зерттеу мәліметтері көрсетіп отырғандай, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккеннердің қылмыскермен туыстық қатынасы бар екенін айқын көрсетеді. Әсіресе, заңды некедегі күйеуінен жәбір көрген әйелдердің саны көп. Бұл жағдайда тұрмыстық зорлық- зомбылықтан зардап шеккен жан не себепті құқық қорғау қызметтеріне дер кезінде хабар бермейді? ,- деген сұрақ бірден қойылады. Бұл логикалық сұрақтың жауабы, қоғамның түп санасында қалып қойған дәстүрлі сөздің бірі- ұят дегенде. Жалпы соңғы жылдары қоғам мен құқық қорғау органдарының назары мен алаңдаушылығы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, яғни оның көріну формасының бірі - агрессияның ең көп таралған түрлерінің бірін білдіреді. Агрессия зорлық-зомбылықтың айқын бейнесі ретінде тұрмыстық өмірге теріс енуінің нәтижесінде: отбасының адамгершілігі, құндылығы жойылады, отбасылық тәрбиенің гуманизмі әлсірейді, балалардың панасыздығы пайда болады, балалар алкогольді, есірткіні және қылмыстық әрекеттерді тұтынуға құлшынысының артуын байқаймыз.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық дөрекі қарым-қатынастан, ауызша қорлаудан басталады. Егер әсер физикалық болса, онда эмоционалды әсер созылмалы уыттылығымен одан да үлкен қауіпті жасырады. Эмоционалды зорлық-зомбылық тұрақты мазасыздық жағдайына, депрессияға, дәрменсіздікке әкеледі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін шешу-зорлаушының мінезінің бір бөлігі. Эмоционалды қорлауға жол берген адам физикалық зорлық-зомбылыққа тез ауыса алады.

Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың басты белгісі-қорқыныш. Отбасын криминализациялау ерекше өмір салтын қалыптастырады, онда зорлық-зомбылық, алкоголизм, нашақорлық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін нормаға айналады. Отбасындағы зорлық-зомбылық адамның жақын немесе басқа мағыналы қарым-қатынасы бар немесе болған физикалық, жыныстық психологиялық немесе экономикалық қорлау мен зорлық-зомбылықтың нақты әрекеті немесе қаупі бар. Мысалы қорлау, қорқыту, мәжбүрлі жыныстық қатынас, экономикалық тәуелділік те зорлық-зомбылық қатынастарының бөлігі болып табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық-бұл қорқыныш сезімін бақылау, қорқыту, ұсыну мақсатында физикалық, ауызша, рухани және экономикалық қорлаудың қайталанатын циклі. Ал осының барлығын көріп, сезіп жүрген адам қандай күйде болады? Зорлық – зомбылық жағдайында өмір сүретін және зардап шеккен тарап болып табылатын адамдар келесі сезімдерді сезінуі мүмкін: қорқыныш, абыржу, дәрменсіздік, үмітсіздік сезімі, қауіпсіздік туралы алаңдаушылық, кінә, депрессия сезімі. Зерттеу көрсеткендей, зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер өздерін қорғаудың ешқандай жолы жоқ деген сеніммен сипатталады. Әйелдер құқық қорғау органдарына жүгінуге тырысқанда, күйеулер олардан кек алады немесе өздеріне қымбат адамдарға (балаларға, үй жануарларына және т.б.) зиян тигізеді деп қорқытады. Олар басқалардың тыныш өмірі үшін өздерін құрбан етеді. Яғни, бұл жерден біз латентті қылмыстың түрін көреміз. Сондай-ақ, виктималогиялық аспектіні байқаймыз. Көбінесе әйелдер тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегеді. Бұл жағдайдың себебі неде?

Мысалы жыныстық зорлық-зомбылықтың қауіп факторларына мыналар жатады:

– білім деңгейі төмен;
– бала кезіндегі зорлаушының өзіне қатыгездік;
– әкесі мен анасы немесе басқа туыстары арасындағы зорлық-зомбылық;
– антиәлеуметтік тұлғаның бұзылуы;
– алкогольді ішімдіктерді теріс пайдалану.

– отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық (қарттарға, балаларға, басқа туыстарына)

Жоғарыда айтылғандай, тұрмыстық зорлық-зомбылық тек тиран күйеулерінің әйелдеріне ғана әсер етпейді. Балалар-әкелердің, физикалық, психологиялық зорлық-зомбылыққа бейім аналардың жиі құрбаны. Олар өздерін озбырлықтан қалай қорғауды білмейді, басқа таңдаусыз жылдар бойы зиянды атмосферада өмір сүруге мәжбүр. Болашақта олар зорлық-зомбылыққа бейім болуы мүмкін. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары көбінесе өздерін қорғай алмайтын қарт адамдар болып табылады, олар үйде болып жатқан тирания туралы айтуға ұялады немесе тираннан одан да көп агрессия алудан қорқады. Бұл жағдай мұндай қылмыстардың басым көпшілігі алдын-ала дайындалмайтындығын, бірақ кенеттен, жарылғыш сипатта болатындығын және ерекше жойқын және ашуланшақтықпен бірге жүретіндігін көрсетеді. Бұл практика жоғарыда аталып өткен агрессияның айқын көрінісі. Тіпті соңғы 4 жылдағы сандық мәліметке сүйенсек, яғни, ***2019 – 2023 жылдар аралығында*** тұрмыстық зорлық-зомблықтың салдарынан елімізде **869** адам қайтыс болды. Сондай –ақ, аталмыш мәселемен күресу мақсатында көмек көрсету орталығының саны артты, яғни, ғаламтордағы мәліметке сүйенсек **68** – отбасыны қолдау бойынша жұмыс атқаратын дағдарыс орталықтары жұмыс істеуде. Оның ішінде **19**- қолдау орталығының уақытша тұру орнымен қамтамасыз етеді. Алайда, соңғы **5** жылда гендерлік теңдік, отбасы институтының жандандырып проблемалық мәселелерді болдырмау және шешу аясында республикамызда жалпы құны 469,3 млн теңге мөлшерінде, 156 – әлеуметтік жоба іске асырылып жатыр[1]. Бұл дегеніміз біздің суверенді еліміз отбасылық институттың жанданып, қоғамдағы отбаслық құндықлықты қорғап, дәріптеу жолында жұмыс атқарып жатқанының көрінісі.

Жоғарыда аталған үрдісті қорытындалай келе келесі тұжырымдарды шығаруға болады. Рухани, адамгершілік құндылықтар мен құқықтық дәстүрлерді қайта жаңғыртып, көпшілдік, төзімшілдік, мейірім мен келісім сынды игі құндылықтарға ұмтылу, оларды өміршең қылуға қызмет ету керектігі анықталды.

Қоғамда неғұрлым жиі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты құқықтық сауаттылықты арттыратын әңгімелесу жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Более 800 казахстанцев погибло от бытового насилия с 2019 года – Минкультуры. 17.10.2023 жыл. // https://ru.sputnik.kz/20231017/bolee-800-kazakhstantsev-pogibli-ot-bytovogo-nasiliya-s-2019-goda---minkultury-39405575.html

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ШЕТ ЕЛ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДА ПЕЙЗАЖ ПОЭТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Сатыбалды Айгерім Жұмабекқызы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің магистранты
Ғылыми жетекші - **Байтанасова Қарлығаш Медетқызы**
Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты
Астана, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452026

To Cite: Сатыбалды Айгерім Жұмабекқызы, & Байтанасова Қарлығаш Медетқызы. (2024). ШЕТ ЕЛ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДА ПЕЙЗАЖ ПОЭТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452026

Аннотация: Мақалада шетел және ұлттық әдебиеттану ғылымындағы пейзаж поэтикасының зерттелуіне талдау жасалған. Шетел әдебиеттануында пейзажға қандай анықтамалар берілді және ол қалай зерттелді деген сұрақ қарастырылған. Оны ұлттық әдебиеттану ғылымымен салыстырып, айырмашылықтары көрсетілген.

Түйін сөздер: пейзаж, пейзаж поэтикасы, әдебиеттану, шетел әдебиеттану, ұлттық әдебиеттану, зерттеу, функция.

Annotation: The article analyzes the study of landscape poetics in the science of foreign and national literary studies. The question of what definitions were given to the landscape in foreign literary studies and how it was studied. It is compared with the science of national literary studies and differences are shown.

Key words: landscape, landscape poetics, literary studies, foreign literary studies, national literary studies, study, function.

Пейзаж – қазіргі таңда көркем әдеби шығарма әлемінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі әрі проза мен поэзияда жиі қолданылатын көркемдегіш құрал. Қалыптасқан дәстүр бойынша, пейзаж дегеніміз айналамызды қоршаған табиғаттың бейнесі, яғни сыртқы дүниенің ешқандай тұйықталуына ұшырамаған, кейіпкерлер мекендейтін шығарманың кең, ашық кеңістігі деп түсіндіріледі. Сонымен бірге пейзажды тек көркемдегіш құрал ғана емес, жаңаша көзқараста зерттеу орын алған. Көркем шығарманың кіріспесінде, не орта тұсында пейзаж белгілі бір кейіпкердің айналасында қалыптасады, дүниенің, табиғаттың, мәдениеттің, кейіпкер тіршілігінің көркем бейнесіне айналады [1, 17 б.].

Пейзаж сөзінің нақтылай анықтамасына тоқталып өтейік. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» пейзаж «табиғаттың бар болмысын әдеби тілмен көркемдеп жеткізу» деп түсіндіріледі. Шығармада табиғаттың бейнесі жай сөздермен берілмейді. Ол шығарманы жазған жазушының сөз қолданысы мен өзіндік жазушы ретінде қалыптасқан стиліне байланысты түрлі шамада көркемделіп сипатталады [2, 347 б.].

Әдебиеттану ғылымының «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» пейзажға мынандай анықтама беріледі: «пейзаж - әдебиеттегі көркем шығармадағы жаратылыстың, яки

сыртқы қоршаған ортаның, кең кеңістіктің, табиғаттың әсем суреттемесі, көркем бейнесі». Шығармада табиғаттың әсем бейнесін сипаттаудың тәсілі бар. Оны көбінде образдық-метафоралық тәсіл арқылы бейнелейді. Автор табиғаттың әр бұрышына, яғни тасы мен гүліне дейін эстетикалық көзқараста қарап, олардың бар бейнесін ашуға тырысқан. Алайда табиғат бейнесі әрқашан позитивті деңгейде болмайды. Кейде ол кейіпкердің жан дүниесімен астасып, үлкен ауыртпалық пен қайғының көрінісінде, кейде асқан қаталдықтың бейнесінде болуы мүмкін [3, 278-279 б.].

Шет ел әдебиеттану ғылымында пейзаж мәселесі жан-жақты зерттелу үстінде. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Л.И.Тимофеев пейзаждың шығармада көркем сипатталуын, бірнеше қызмет атқаруын тікелей жазушының шеберлігімен байланыстырып, «пейзаж - «табиғат суреттерінің бейнесі, оның көркем туындыда әртүрлі функцияларды орындауы жазушының стилі мен әдісіне байланысты» деп тұжырым жасайды [4, 265 б.]. Ал Б.Галановтың пікірінше, «пейзаж – табиғат бейнесі, уақыт пен шығармадағы іс-әрекеттің орны және белгілі бір көңіл-күй тудырушы» деген. М.Н.Эпштейн пейзажды жеке дара көркемдеу құралының жүйесіндегі бір мүше ретінде қарап, оны «табиғаттың тұтас көрінісін сипаттайтын өзара байланысты объект бөлшектерінің жалпы жүйесі, сол кеңістіктегі түрлі бейнелерді жинақтай келе бір бейнеде көркемдеп сипаттаушы» дейді. Т.Н.Гурьева қысқаша түрде пейзажға «табиғат суреті» деген анықтама береді. Ал В.Шкловский көркем әдебиеттегі пейзажды деректі дүние деп қарастырады. Адамзаттың жаратылысынан көзге көрінбейтін заттарды емес, көзге көрінетін нақтылы деректерді әдемілік деп бағалауы бұрыннан қалыптасқан. Пейзаж дегеніміздің өзі адамның сезінетін сезімдер жүйесінен бұрын, қолмен ұстауға, көзбен көруге келетін табиғат бейнесі екендігі анық. Л.Н. Щемелова пейзажға анықтама бергенде оны «дүниедегі ашық кеңістік» дейді. Яғни онда қандай да бір бекітулер немесе тұйықталу болмайды [5, 293-299 б.].

Сөз өнерінде пейзаждың қалыптасуы ұзақ мерзімді қамтыды. Пейзажды көркемдегіш құрал ретінде шығармаларында қолданудың алғашқы талпыныстары XVIII ғасырда басталды. Жалпы пейзаждың көркемдегіш құрал ретінде қалыптасуы негізгі екі кезеңді құрайды:

Алғашында пейзаж шығармаларда тек сыртқы орта мен табиғат бейнесін, сюжеттік желіні суреттеуші сыртқы фон ретінде қолданылды;

Кейіннен ол психологиялық деңгейге көтеріліп, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, сезімдері мен ойларының көрінісіне айналды.

Жалпы пейзаждың көркем әдебиетте пайда болып, қалыптасуы жайында В.Шкловский былай тұжырымдама жасаған. Ғалымның тұжырымдауынша, пейзаж әдебиетке сыртқы қоршаған ортаны сипаттайтын түрлі теңеулер арқылы алғаш қалыптаса бастаса, кейінірек ол ұлғайтылған параллелизмдер бойынша толықтай орныққан. Г.Н.Поспелов пейзаждың көркем әдебиеттегі тарихилығы жайында былайша тұжырымдама жасайды: «Пейзаж әдебиетке баяғыда-ақ енген. Алғашқы жазбалар мен ауыз әдебиеті үлгілерінде пейзаж оқиғалар мен кейіпкерлер әрекеттерінің фоны ретінде қызмет атқарды. Кейінгі кезеңдерде пейзаждың қызметі кеңейіп, психологиялық функциялар да атқара бастаған. Тек XVIII ғасырдан бастап, әдебиеттегі пейзаждың қолданысы жаңа деңгейге көтеріліп, ендігі таңда адамның ішкі жан дүниесін, сезімі мен ойларын бейнелейтін жазушының психологиялық құралына айналды» [6, 146-149 б.].

Ежелгі және ортағасырлық кезеңдерде жазылған шығармаларды қарастырар болсақ, пейзаж кейіпкерлер мен оқиға әрекеттерінің фонында бейнеленген. Әдебиеттегі ағымдарда пейзаж түрліше көрініс береді және оның қызметі мен даму қарқынында ерекшеліктер көп. Сентиментализмде кейіпкерлер бейбіт, тыныштыққа толы пейзаждар арасында өмір сүреді. Романтизмде пейзаж кейіпкерлердің нағыз ішкі сезімдері мен түрліше күйін көрсететін құралға айналады. XVIII – XX ғасырларда әлем

сентименталисттерінің (Дж.Ж.Руссо, Н.Карамзин сынды әдебиет өкілдері және т.б.) мәтіндерінен бастап пейзаж әдебиетте эмоционалдық-психологиялық мәнге ие бола бастады. Яғни пейзаж адамның ішкі жан дүниесін тану құралы ретінде танылды. Романтикалық шығармаларда пейзаж адамның бостандық пен жеке тұлғалық ұмтылыстарын білдіру формасына айнала бастады. Ондай пейзаж үлгілері Дж.Байронның, А.Пушкиннің, Лермонтовтың шығармаларында кездесті. Олардағы табиғат бейнесі үлкен ерекшеліктерге толы болды. Романтикалық пейзаж үлгілерін қарастыра келе, шет елдік ғалымдар оған «жан пейзажы» деген атау ұсынды. Ал реализм әдебиетінде пейзаж адам мен қоршаған ортаның, адам мен қоғамның арасындағы қарым-қатынастың мәнін ашады, кейіпкерді әлеуметтік-психологиялық сипаттаудың бір жолы ретінде қолданылады. Көркем шығармадағы реалистік пейзаж романтикалық пейзажға қарағанда өте объективті, бірақ оның адаммен, басты кейіпкерлермен, көп өлшемді байланыстары бары анық:

Ол кейіпкердің, баяндауыштың, лирикалық қаһарманның көңіл-күйіне сәйкес немесе қайшы келеді;

Оны белгілі бір сезімдер және ойлармен шабыттандырады;

Ол сондағы әрекеттің тікелей немесе жанама себепшіне айналады. Реалистік көркем мәтіндерде пейзаждың жаңа түрі «қала бейнесі» пайда болды. Оның мысалдарын Н.Гогольдің шығармаларынан («Петербор хикаялары», «Өлі жандар»), Н.Некрасовтың лирикасынан, Ф.Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза», «Ағайынды Карамазовтар» романдарынан таба аламыз. Пейзаждық поэма болсын, мейлі романдағы пейзаждық көріністер болсын, пейзаж көркем мәтінде міндетті түрде адаммен байланысқа түседі. Пейзаж қазіргі әдебиеттегі жаңа ағымдарда жаңаша деңгейге көтеріле бастады. Модернизмде пейзаж - хаотикалық, абсурдтық әлемнің бір бөлігі. Ол модернизм мен импрессионизмде жеке кейіпкер дәрежесінде қызмет етеді [5, 157 б.].

Әлем әдебиетімен салыстырғанда қазақ әдебиетінде пейзаждың қалыптасуы, зерттелуі әлдеқайда кеш басталды. Оның көркем әдебиетімізге ене бастаған уақыт шамасы - XIX ғасырдың соңғы тұстары мен XX ғасырдың алғашқы кезеңдері. Әдебиет өкілдері тарапынан XIX ғасырдан бастап табиғат суреттемесін жасауға алғашқы қадамдар байқалды. Сол тұста поэзияда табиғат лирикасы айналасында қалам тербеп, жылдың әр мезгіліне, ерекшеліктеріне өлең арнаған Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар болды. Олар қазақ әдебиетінде табиғат лирикасын қалыптастырды. Ал XX ғасырда пейзажды шығармасында қолдану дәстүрін А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ш.Құдайбердіұлы сынды әдебиет өкілдері жалғастырып, пейзаждың әдебиетте қалыптасуына үлкен үлестерін тигізді. Қазақ көркем әдебиетінде XX ғасырда бірқатар жазушылар қоршаған орта, табиғат суреттемесін адам жанымен қатар қойып, оның психологиясына үңілу дәстүрі қалыптаса бастады. Онда С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» деген көлемді шығармасынан бастап, С.Мұқанов «Ботакөз», З.Шашкин «Тоқаш Бокин», Х.Есенжанов «Ақ Жайық», Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер», М.Қаратаев «Даладағы дабыл», М.Әуезовтің қысқа әңгімелері мен көлемді шығармаларында табиғат бейнесі мен адам жаны қатар қойылып, бір-бірін аша түседі. Бастапқы шығармаларда пейзаж аса қатты көп функциялы қызмет атқара қоймаса да, сатылап қалыптаса келе, М.Әуезов шығармаларында толық дамыды. Онда ол бірнеше қызмет атқарып, жазушының жеке стиліне айналған еді. Лирикадан М.Жұмабаев өлеңдерінде табиғат бейнесін адам кейпіне келтіре, терең сыршылдықпен, суреткерлік әдіспен сипаттайды. Табиғат бейнелерін балаша жандандырып, оларды адам кейпіне айналдырады.

Жалпы қазақ көркем әдебиетінде пейзажды ұтқыр пайдаланып, оны шығарманың мазмұнымен шебер қиюластыра білген жазушы - М.Әуезов. М.Әуезовке дейін де пейзаж қолданысы басқа да жазушылардың шығармаларында кездесті. Олар пейзажды адамның

жан дүниесін ашатын құрал ретінде тереңінен қолдана алмады. Ал М.Әуезов шығармаларында пейзаж, табиғат көрінісі, жеке адамның бар болмысымен қатар қойылып, шығарма мазмұнымен біте қайнасып кеткен. Жазушы табиғаттың өзгермелі болмысын адамның жанымен қатар қойып, терең психологизмнің шеңберінде кейіпкерлер образын жасайды. М.Әуезов ұсақ әңгімелерінен бастап, көлемді шығармаларына дейін табиғат бейнесіне ерекше мән береді. Шығармаларының барлығында дерлік пейзаж жазушының асқан шеберлігімен, жазушы ретіндегі стиліне сай жасалады. Олар көбінде көлемді әрі экспрессивті қалыпта жасалып, сол табиғаттың бар болмысын көз алдыңа алып келеді. Жазушының прозалық шығармаларының қайсысын алып қарасаңыз да, онда ұлан ғайыр қазақ даласының бар бейнесі, ерекшеліктері мен өзіне тән әсемдігі шебер суреттеледі. Онда қаһарлы қыстың боранды даласы, көк желекке толы көктемі, құлпырған жазы мен дауылды, жауынды қараша күзінің бейнесі дәлме-дәл суреттелген [1, 47 б.].

М.Әуезовтың пейзаждары шығармада көп функциялы. Тек сюжеттік желіде табиғат фонын жасаушы ғана емес, мәтіннің мазмұндық, композициялық құрылымына етене еніп, пейзаж шығарманың басталуы, дамуы, шарықтау шегі мен шиеленісі кезінде оқиғаны одан әрмен әсерлі әрі маңызды ете түседі. Шығарма мазмұнын байытып, оның сыртқы тұтастығымен қоса автордың айтпақ болған ішкі идеялық көзқарасын одан ары ашады [7, 62 б.].

Қазақ әдебиеттануында пейзаждың зерттелуі өте кеш қалыптасып келе жатыр. Ол жайында бірізді, жүйеге салынып зерттелген ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Оның нақтылы қандай ұғым екендігі, атқаратын функциялары мен түрлері жайында зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Соңғы ширекте жазушылар тарапынан пейзажды әр жақты бағытта шығармаларында пайдалануға талпыныстар мен түрлі деңгейдегі ізденістер жасалғанымен оны қарастырып, пейзаж айналасында талдау жасайтын әдеби сын мақалалар да жазылмай тұр. Қазіргі таңда ғалымдар көбінде бір жазушының шығармашылығын зерттегенде пейзаж кезігетін тұстарда ғана сол жайында кішігірім пікір қалдырып кетеді. Мысалы, әдебиеттанушы ғалымдар прозадағы пейзаж тақырыбын қарастырғанда М.Әуезовтың пейзаж қолданысын негізге алады. Пейзаж поэтикасы жайында ой қозғағанда соның шеңберінде пікір білдіреді, тұжырым жасайды. Алайда оның өзіне тоқталып, жеке зерттеу нысанасы ретінде алып қарастырмаған, қазақ тілінде осы тақырып аясында жазылған ғылыми кітаптар әзірге жазылмай тұр.

З.Ахметов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы М.Әуезовтың пейзаж қолданысын қарастыра келе, жазушының пейзажында үлкен ерекшелік барын байқайды. Ол кейіпкердің халіне икемделіп, не соның ішкі бар болмысындағы сезімдерді одан ары оқырманға ашық жеткізуге тырысады, не кейіпкердің сезімдеріне қарсы мәнде болады. Осы арқылы пейзаждары эмоционалды-экспрессивті күйде болады деп тұжырымдайды [1, 50 б.].

Ә.Байтанаев М.Әуезов шығармаларындағы пейзаждардың қолданысын талдайды. Ғалымның тұжырымдауынша, көркем шығарма мәтінінде пейзаждар үш түрлі функция атқарады. Бірде шығармада пейзаж кейіпкерлердің іс-қимылы, амалымен бірге бірлесе қатысады. Кей шығармаларда пейзаж табиғаттың сипаттамасын жасайтын фондық қызметте болады. Ендігі шығармаларында автор тарапынан пейзажды қолдану арқылы белгілі бір философиялық ой түйінделеді. Сонымен қоса ғалымның пікірінше, М.Әуезовтың осылай пейзажды кеңінен қолдануы оның автор ретіндегі өзіндік стильдік ерекшеліктеріне жатады [9, 187 б.].

А.Нұрқатов пейзаж тақырыбын қарастыра келе оның қолданысын тікелей қазақ көркем әдебиетінде М.Әуезов шығармашылығымен байланыстырады. Ғалым М.Әуезовтың пейзаждарын сол замандағы кеңестік дәуір әдебиетіндегі пейзаждың нағыз классикалық үлгілері болды дей келе, жазушыны үлкен суретші деп жоғары бағалайды.

Олай деуінің себебі жазушы шығармаларында пейзажды тек оқиға қашан және қандай жерде өткен деген мақсатта пайдаланбайды. Оны кейіпкерлерінің бейнесін ашуда, типтік сипаттамалар жасап, олардың өзара қарым-қатынасын анық көрсеткен. Ғалым жазушының шығармаларында табиғат суреттемелеріне ерекше әр беріп, оларды тікелей геройларының көзқарасы тұрғысынан бейнелеген. Кейіпкерлерінің ішкі толқынысы, сезімдері мен жан қайғысы шығармаларында табиғатты суреттеумен жеткізілген. Кейде жазушының пейзажы ендігі келе жатқан белгілі бір оқиғаға ая болып, оқырманын соған дайындайды деп ғалым тұжырымдайды [10, 137 б.].

Р.Нұрғали М.Әуезов прозасын қарастыра келе, жазушының өзіндік стилдік ерекшеліктеріне тоқталады. Жазушы негізгі үш түрлі көркемдік тәсілді кейіпкердің бар болмысын, психологиясын ашу мақсатында қолданады. Олар: пейзаж, диалог, монолог. Осы тәсілдердің негізінде Әуезов кейіпкерлері бар болмысымен жан-жақты суреттеледі. Олардың ішкі ойлары мен сезімдерін жазушы оқырман алдына жайып салады. Жазушының асқан шеберлігі мен сөздік қорының байлығы шығармаларында өзіндік ерекшеліктерге толы, қайталанбас пейзаждарды жасауына себеп болады. Р.Бердібай М.Әуезовтың прозасындағы пейзаждарды қарастыра келе, ол кейінгі әдебиетке пейзаж қолданысының үздік дәстүрін қалады деп жоғары бағалайды [11, 236 б.].

Б.Наурызбаев пейзаж поэтикасын бірнеше жазушының шығармалары негізінде қарастырады. Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы пейзаж қолданысына мән беріп, оларға жекеше сипаттама береді. Майлиннің пейзаж қолданысын реалистік десе, Әуезовтікін философиялық, ал Мүсіреповтікінде әсірелеу басым дейді. Сонымен ғалым әр жазушының өзіне тән сөз байлығы, шеберлігі мен әдісі болатындықтан бұл жазушылардың пейзаждары бір-біріне ұқсамайды деген қорытынды жасайды [1, 21 б.].

Қазақ әдебиеттану ғылымында пейзажды зерттеу обьектісіне ретінде қарастырып, біршама зерттеген әдебиеттанушы ғалым - Б.Майтанов. Б.Майтанов өзінің «Пейзаждың көркемдік семантикасы» деген зерттеу еңбегінде қазақ прозасындағы пейзаж поэтикасының қолданылу ерекшеліктеріне тоқталып, табиғатты суреттеудің тарихи романдарда қандай маңызды рөл атқаратындығына, пейзаждың қалай жасалатындығына талдау жасайды. Әсіресе, тарихи романдарды жекелей қарастырады [12, 91 б.]. Б.Майтанов қазақ әдебиеттануында пейзажды біршама жүйелеп, адам мен табиғат арасындағы бірлестік әдебиетте пейзаж поэтикасын қалыптастырған деген позицияны ұстанады. Ғалым адамдар жер бетінде пайда болғалы бар қажеттілікті табиғаттан алып, оның басты мүшесіне айналды деген пікірді ұстанады. «Пейзаждың көркем сементикасы» деген еңбегінде алдымен адам мен табиғат байланысын қарастырып, одан ары қарай пейзажды ғылыми деңгейде қарастырады. Түрлі ғалымдардың анықтамаларын теориялық деңгейде жинақтап, қазақ әдебиеттануында пейзаждың қалыптасу тарихына шолу жасайды. Пейзаждың көркем әдебиетімізде сатылы дамып келе жатқандығын, қазіргі қазақ прозасында оның рөлі мен қызметінде өзгешеліктер барын байқайды. Ғалым пейзаж адам жанын суреттеуге қатысқанда психологиялық паралеллизм жиі қолданылады деген тұжырым жасайды. Негізінен пейзаж адам дейтін көп қырлы әрі жұмбаққа толы жаратылыстың бойындағы бар сезімдерін (үлкен сезімдерден бастап кішігірім ұшқындарға дейін) ашуға көмектеседі. Ғалым «Пейзаждың көркемдік семантикасы» деген еңбегінде пейзажды бірнеше тақырыптар аясында жан-жақты қарастырған. Табиғат пен адам деген тіркеске аса мән береді. Пейзаж жасау кезіндегі табиғат бейнелеріне жекелей тоқталып өтеді. Ғалым мезгіл, аспан және даладағы бейнелер қазақ көркем әдебиетіндегі пейзаждарды жасауда басты рөл атқарады дейді. Пейзажда символдық мифопоэтика дәстүрін М.Әуезов қалыптастырған дей келе оны жалғастырушылардың қатарына Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, З.Қабдолов, Ә.Нұршайықов, С.Жүнісов, Қ.Жұмаділов сынды

әдебиет өкілдері жалғастырады. Б.Майтанов қазақ көркем әдебиетінде жазушылар мифопоэтикалық сипаттауды жиі қолданатындығын байқайды [13, 145 б.].

Пейзаж – әдебиет поэтикасының ең маңызды эстетикалық тиімді әрі көркем элементтерінің бірі. Олай дейтініміз пейзаж үлгісі кездеспейтін көркем шығарма жоқ. Авторлар түрлі мақсатта пейзажды шығармаларында қолданып, оның көркемдік мәнін арттыра түседі, оқырманға эстетикалық ләззат сыйлайды. Сондықтан әдебиеттанушы ғалымдар мен оқырмандар үшін пейзажды талдаудың әдеби шығарманы, кейіпкерлердің табиғатын және автордың оқиғаға қатынасын түсіну үшін маңызы өте зор. Жалпы пейзаж тақырыбы - әлем әдебиеттану ғылымында болсын, қазақ әдебиеттану ғылымында болсын әлі толық зерттеу жүйесіне түспеген, жан-жақты қаралмаған тақырып. Прозадағы пейзажды зерттеу мәселесі әлем және қазақ әдебиеттануында актуалды проблемаға айналған. Оның аспектілері, түрлері, функцияларымен қоса пейзаждың қалыптасу тарихы зерттелу үстінде. Сол себепті отандық және шет елдік ғалымдардың тарапынан пейзаж поэтикасын әр кезеңде жаңа деңгейге көтеріп, жаңаша, тың тақырыптар аясында зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Майтанов Б. Пейзаждың көркемдік семантикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. –108 б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст.: А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. 12-том. –752 б.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст: З.Ахметов, Т. Шаңбай. – Семей-Новосибирск: Талапкер-Пресс», 2006. –398 б.
4. Словарь литературоведческих терминов. Тимофеев Л.И., Тураев С.В. – Москва: Просвещение, 1974. –509 с.
5. Баева Н.А. Интертекстуальная сущность ландшафтных описаний в художественном тексте. – Кемерово : Интеллект, 2006. – 600 с.
6. Хализев В.Е. Теория литературы. –Москва: Высшая школа, 2009. –405 с.
7. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. –Алматы, «Санат», 1996. –336 б.
8. Майтанов әлемі: Ғылыми мақалалар мен естеліктер. –Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. –256 б.
9. Байтанаев Ә. Шын шеберлік. – Алматы: Жазушы, 1969. –220 б.
10. Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. –Алматы: Жазушы, 1980. –267 б.
11. Нұрғали Р. Өнердің эстетикалық нысанасы. –Алматы: Мектеп,1991. – 310 б.
12. Майтанов Б. Сөз сыны (XX ғасыр әдебиетінің көріністері). Зерттеулер, мақалалар, портреттер. –Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. –344 б.
13. Көкейкесті әдебиеттану / Құрастырған: Р.Н.Нұрғали. – Астана: ЕҰУ, 2009. –412 б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ФИЛОСОФСКИХ ЦЕННОСТЕЙ У КАЗАХСКИХ МЫСЛИТЕЛЕЙ

Иманбаев Аскарбек Аширалыулы
Таразский региональный университет им. М. Х. Дулати, старший преподаватель,
академик Международной академии информатизации,
Казақстан, Тараз

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452062

To Cite: Иманбаев Аскарбек Аширалыулы. (2024). ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ФИЛОСОФСКИХ ЦЕННОСТЕЙ У КАЗАХСКИХ МЫСЛИТЕЛЕЙ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452062

Аннотация: *в статье анализмруются философские ценности отечественной философии идей по философским проблемам человека и гуманизма в контексте мировой философии.*

Ключевые слова: *преественность начиная с древности до дватцатого века. Для казахской духовной культуры характерна преемственность, антропология, нравственность, идентичность, философская культура, мудрость, духовность.*

Abstract:: *v stat'ye analizmruyutsya filosofskiye tsennosti otechestvennoy filosofii idey po filosofskim problemam cheloveka i gumanizma v kontekste mirovoy filosofii.*

Key words:: *preyestvennost' nachinaya s drevnosti do dvattsatogo veka. Dlya kazakhskoy dukhovnoy kul'tury kharakterna preyemstvennost', antropologiya, nravstvennost', identichnost', filosofskaya kul'tura, mudrost', dukhovnost'.*

Культура развивается непрерывно, и каждое новое поколение людей опирается на то, что было создано предшественниками, а также достижениями общечеловеческих ценностей. Но процесс наследования культурных ценностей противоречив и болезнен, иногда бывает так, что наследники абсолютизируют свои культурные ценности и критически относятся к культурным ценностям других народов.

В этом причина невосполнимых потерь. Залогом развития духовно-культурного прогресса является диалектическая взаимосвязь культурных ценностей всех народов, живущих в нашем государстве, да и в мировом культурном сообществе в целом.

Проблема человека, человечества, человечности их сущности материальном и духовном, нравственном аспектах, их развитие и предназначение, их будущее – это, самая основная из всех, которые когда-либо вставали перед человечеством на протяжении тысячелетии его истории.

Она предстает в наши дни не только как сложнейшая и неисчерпаемая философская и научная проблема, но и как практическая задача с построением нового, истинно человеческого общества, в котором духовно – нравственное развитие каждого будет условием развития всех.

Благодаря независимости Казахстана, повышается роль и значение отечественной философии. Важность данного аспекта состоит в том, что она оказалась созвучной нашему времени. Разумеется, если философия не может решить насущное и ее

диалектическую связь прошлого с настоящим, то философия теряет свое истинное предназначение.

Несмотря на длительный характер изучения казахской философии, остается еще много не исследованных проблем. Вследствие этого подтверждается вывод о «болевых точках» отечественной философии: узнать и осмыслить накопленные человечеством философские проблемы человека и гуманизма, и на основе этого осмысления появляется перспектива движения к новому уровню философской культуры.

В этом коренится изначальная двойственность философии:

вопервых, она исторически конкретна и все человечески общезначима;

во-вторых, обусловлен определенным обществом и принадлежит всемирно-историческому процессу в целом.

Теоретическим ядром автохтонного мировоззрения, духовной квинтэссенции отечественных философов является поиск нравственного человека.

Широта поставленных мыслителями проблем обуславливает широкий спектр жанров от философского до публицистического. «Человек есть тайна. Ее надо разгадать, и ежели будешь разгадывать всю жизнь, то не говори, что потерял время...». [1, с. 19] Эти слова Ф. М. Достоевского преисполнены мудростью.

И эту мудрость мы видим в произведениях отечественных мыслителей. Если не быть академичным, то можно сказать, что проблемы нравственности и гуманизма, как предметы научных исследований не существует. Но вместе с тем они воспринимаются не только философией, а всяким ищущим человеком как повелось со времен Диогена.

Специфической особенностью казахской философской мысли является то, что она тесно связана с номадисткой культурой т.е. их творческий мир формировался под влиянием двух факторов: природных и социальных.

Однако влияние этих факторов не было глубоко проанализировано и приведено в определенную систему при рассмотрении проблем антропологии. Но надо отметить, что «природная мудрость, гуманизм казахского народа, многовековые традиции и обычаи, отшлифованные временем..., и многие другие нравственные устои (идущие от времен саков, скифов, массагетов, усуней, огузов, кыпчаков) требуют специального глубокого изучения». [2, с. 7]

Для казахской духовной культуры характерна преемственность идей по философским проблемам человека и гуманизма в контексте мировой философии. Поиск сущности человека казахскими мыслителями был не повтор не комментарии достижении мировой философской мысли, а анализ проблем на основе личностных переживании и «собственного усилия».

Все познается в сравнении. И, например, сравнивая исследования проблемы человека в Древней Греции, где поиск истины основывался на разуме, сомнении. Ибо по Сократу «онтология человека — это то, что внутри и в рамках не коего момента мира». [3, с. 22] Это совпадает «с двумя душами» геттевского Фауста, и только диалектикой, по Сократу можно увидеть свое истинное благо и свой истинный образ.

Отечественные мыслители исходили из индивидуально-эмпирического, онального подхода решения данной проблемы. Проблема гуманизма и человека развивался в двух тенденциях:

во-первых, она выступала возродителем и проповедником духовного наследия прошлых мыслителей;

и, во-вторых, объектом исследования, является не наличный человек, а возможный человек.

Углубленное сопоставительное изучение философского поиска нравственного человека Сократа и Абая, позволяет делать вывод о духовной созвучности этих двух

гигантов мысли, хотя и жили они в разных эпохах, в разной культурной среде. Но философские поиски нравственного человека у отечественных мыслителей имеют свою специфическую особенность.

В условиях суверенизации национального духа обостренную жажду правдивого и полного освещения испытывают практически все преподаватели гуманитарного цикла. Но наиболее остро этот вопрос стоит перед историками Казахстана.

Похожие проблемы возникают и перед философами, культурологами, историками религии. Фрагментарность наличной истории государства затрудняет восприятие единой культуры, ведущей начало с андроновской эпохи. Вершина «звериного» стиля в мировом искусстве костюм сакского воина представляется как нечто инородное, не вытекающее из логики предшествующего развития культуры степняков и как не имевшее своего предложения.

Конгениальность возникает тогда, когда мыслители одного уровня дарования, таланта, гения, будучи современными или же представителями разных эпох, занимаются решением одних и тех же проблем и выдают адекватные по силе и интеллектуальной мощи результаты. К примеру, Сократ и Платон, Гегель и Гете.

Конгениальность очень часто появляется в условиях великого Возрождения, Ренессанса культуры или в переломные моменты истории. Нас интересует вопрос, были ли примеры конгениальности в культурном пространстве казахской нации? Но прежде чем ответить на этот вопрос, необходимо уточнить сначала были ли Ренессансы у казахов, сколько лет и веков занимает культурное пространство коренного этноса?

До сих пор национальные и инородные скептики считают, что Ренессанс - это детище Европейской культуры, Западного зодиакального мышления, и поэтому Восток— это господство иррационализма и навечно законсервированных застойных культурных традиций.

В основе подобного скепсиса могут лежать десятилетиями выработанный нигилизм в отношении культуры и истории «младшего брата», так и осознанно культивируемый западноцентризм.

Не надо забывать и о том, что в недавнем прошлом наша официальная идеология преследовала якобы благородную цель - скорого слияния наций, культур, языков, следовательно, слияния людей разной, иногда почти противоположной ментальности.

Ради достижения этого устраивались бесконечные дебаты, фестивали, симпозиумы, которые больше подчеркивали наши специфические отличия, чем единство и схожесть.

Получилось, в конце концов, по Л. Н. Гумилеву, который в свое время заметил: «...если все люди сольются и станут одинаковыми, то тогда и никакого движения, никакого развития культуры и просто жизни не будет». [4, с.62]

Причиной того, что братские народы быстро разбежались по первому зову, по национальным квартирам обычно считают экономическую стагнацию и застой, на наш взгляд не меньшую роль сыграло не стремление к получению культурнонациональной автономии, а суверенности духа национального человека, бегство от нивелированной, денационализированной личности. Казалось, в обретенном статус-кво постсоветских национальных государств, состоялась встреча более удачливой политической системы с человеком, Восток и Запад, наконец, сошлись.

Эта встреча должна была дать импульс и периоду Ренессанса, после долгой зимней спячки, застоя. Чтобы могли следовать за ходом аргументации необходимо определить признаки Ренессанса.

Первый, стремление к новой западной цивилизованности.

Второй. Обновление старых традиций культуры, ее возрождение.

Третий, подчеркивание уникальности, красоты и социальности человеческой природы, величие его духа и морали.

Четвертый, стремление обустроить бытие, мир на началах гуманизма.

Спецификой типов возрождений казахского этноса, протоказахов — скифов, саков является интеллектуальный позыв, возникающий при встрече с иной культурой, с иным языком, с иным менталитетом. Это, видимо, связано с открытостью, восприимчивостью номадической, кочевнической субкультуры, вообще, а в частности национальным характером, психологией кочевников Великой степи.

Переломные моменты истории всегда рождают титанов, которые превращаются в олицетворение эпохи. Если же философия считается эпохой, выраженной в мыслях, то каждый взлет нации в каждую эпоху можно представить в лице конкретных философов, мыслителей.

Первым философом протоказахов является скиф Анахарсис. По свидетельству Геродота он жил в VII-VI веках до нашей эры. Абая, Жамбыла, Мухтара от Анахарсиса отделяют более двадцати пяти веков. Об Анахарсисе писали Платон, Аристотель, Секст Эмпирик, Плутарх.

Например, Платон пишет: «Имя скифа Анахарсиса стало легендой» [5, с. 16] т.е. он был постоянным участником бесед семи мудрецов Эллады. Двое из них Солон и Фалес гордились дружбой с великим скифом Анахарсисом. Несмотря на уговоры друзей, он вернулся в родную Скифию, где пытался заняться реформацией кочевой жизни, кочевых нравов и, в конце концов, был убит братом Кадуифом, сыном скифского царя Гжура.

Возрожденческий прорыв под силу только когорте, блестящей плеяде гигантов мысли. Анахарсис был один, а один в поле не воин.

Но факт, великого предка казахов Анахарсиса волновали те же проблемы, что и Абая, и Шакарима, и Мухтара. Это были идеалы Просвещения и Знания. То, что Абай был просвещенцем, это аксиома, и то, что для казахов он сыграл миссию аналогичную миссии Локка для англичан, Руссо и Вольтера для французов, Лессинга для немцев - общеизвестный и неоспоримый факт.

Абай, Шакарим, Мухтар - три гения из одного генеалогического древа казахов. У последнего Ренессанса казахов, который до сих пор известен как эпоха Просвещения, три этапа прохождения.

Святая троица для казахов - Абай, Шакарим и Мухтар являются лидерами трех этих этапов. Шакарим племянник Абая, сын брата Кудайберды. По собственному признанию Шакарима он принял эстафету Просвещения из рук Абая.

Накопление и распространение знаний, просвещение людей, превращается в цель и смысл жизни этих великих людей. Еще один фундаментальный принцип, который их объединяет — это сомнение. Анахарсис по Диогену является отцом учения скептиков.

Сомнение пронизывает все содержания Гаклии — «Слов назидания» Абая, превращается в пронзительную душевную боль поэта.

Сомнение же Шакарима приводит к отрицанию надвигающегося тоталитаризма. Эта безжалостная система сметает его.

Мухтар Ауэзов волею судьбы стал последним из могикан. Цвет нации, истребленные в 30-е годы, сохранил и делегировал его к нам, чтобы он завершил дело Абая.

Если Абай говорил казахам: «Адам бол» и определил критерии человечности, то Мухтар в условиях не менее переломной эпохи, предостерегая от этнического вырождения, говорил: «Абай бол, Қазақ бол».

Абая в казахском народе не менее велико, чем иные мыслители других народов. Ауэзов возвеличивает Абая, Абай же возвеличивает казахский народ. Заново познав их в

условиях суверенитета национального духа, сегодня мы имеем полное основание говорить о конгениальности Абая и Мухтара.

Каковы истоки этого явления? 1. Генетические причины. Ауэзов близкий родственник Абая. 2. Ауэзов ученик Абая. Дед Ауэз, отец Омархан учили своих ближних на сборнике стихотворений Абая. 3. Ауэзов продолжатель дела Абая по Просвещению. На нем завершается воспитание народа личным примером. 4. Общие черты и качество как универсальность, национальная самобытность, духовная чистота, социальная справедливость. 5. Единым объектом раздумий и размышлений является казахский народ - его настоящее и будущее. 6. Схожая историческая ситуация. Крушение кочевого образа жизни, быта, нравов. Духовный и нравственный вакуум, что предложить взамен? Как более безболезненно пройти адаптацию? Что сохранить как бесценный багаж предков? 7. Равноценная и равностепенная сила и мощь Ауэзова и Абая. Абай в 45 слове писал: «Ученый и мыслитель - гордость человечества». [6, с.12]

Абай и Мухтар действительно составляют гордость казахского народа. Можно подчеркнуть что великого предка казахов Анахарсиса волновали те же проблемы что и Абая, Шакарима и Мухтара. Это проблемы Просвещения, Знания, Гуманизма.

Таким образом, для казахских мыслителей характерны преемственность при рассмотрении философских проблем.

Эта же преемственность наблюдается и у плеяды казахских мыслителей т.е. гениями одного генеалогического древа казахов являются Абай, Шакарим и Мухтар.

Каждый из этих мыслителей представляют три этапа эпохи Просвещения. Три гения казахского народа развивали свои мировоззрения в зависимости от окружающих действий людей т.е. номадистских традиций и обычаев.

Многие с этими представлениями остаются навсегда, у других ум с годами растет и перерастает в более высокие духовно-нравственные ценности. Шакарим племянник Абая, сын брата Кудайберды. Идеи гуманизма и просвещения он принял у Абая. «После смерти Абая, который был для меня образцом, я принял на себя как единственно приемлемый путь человечности, чистоты и честности, а потому поскорее освободив свою голову от всего путанного и наносного вступил, на путь накопления знаний». [7, с.7]

Таким образом, Шакарим после смерти своего духовного наставника Абая сначала со страхом, потом все более подвергая сомнению заложенные в него знания ищет «пробел» проблемы человека и человечности.

«За семьдесят два года, прожитых мною, мне пришлось быть свидетелем событий малых и великих, много повидал я доброго и скверного, немало и сам совершил ненужных и пустых. Говорят, «Найди себе кумира для подражания». Кумиром для меня стал покойный Абай. Следуя ему, рано отстранился я от межродовой распри и унизительных междоусобиц, избрал путь истины и справедливости, занялся науками. Специального образования я не получил, но постоянно пребывал в кровопотливых поисках знаний - изучал труды известных мыслителей, знакомился с взглядами на жизнь писателей разных времен и народов, встречался — имел беседы со знающими, разумными людьми, много времени посвятил писательскому труду». [7, с. 6]

Накопление и распространение знаний, просвещение людей, превращается в цель и смысл жизни этих великих дюдей. Абай был наставником Шакарима, Ауэзов же возвеличивает Абая, а Абай в свою очередь возвеличивает казахский народ. Заново познав их в условиях сувернитета национального духа, сегодня мы имеем полное основание говорить о преемственности, конгениальности Шакарима, Абая и Мухтара.

Человеческая культурная жизнь — сплошной поиск истин. Но необходимо понять, что философская мысль может достичь своих мыслей тогда, когда она находится в постоянном движении, в процессе сопоставления и борьбы идеи.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Пытаясь исследовать проблему, мы обязаны отнестись предельно критически и к собственным обобщениям и выводам, рассматривая их как материал для дальнейших размышлений и выработки объективно истинных в животрепешущих вопросах, каким, несомненно являются и вопросы касающиеся философских проблем человека и гуманизма в отечественной философии в контексте мировой философии.

Отечественные философы ищут сегодня правильные критерии, которые адекватно отражали бы всю сложность человеческой природы, в том числе ее нравственную глубину, ее духовные измерения философии Шакарима, Абая, Ауэзова.

Для каждого периода человеческой истории характерна своя интерпретация Истины. Каждый период, характеризующийся деятельностью философов, представляет значительный интерес, когда круг философских, гуманистических идей, начинает определять основные направления теоретических поисков, обретая особую остроту, всё более отчётливое социально – этическое звучание, и, необходимо понять, что философская мысль может достичь своих целей в поиске.

Истина лишь тогда, когда она находится в постоянном движении, в процессе сопоставления и борьбы идей. Но бесспорна одна Истина, которая должна быть присуща каждому отдельно взятому Человеку. Бесчисленные мифы и легенды, религиозные учения, философские системы, фантастические грезы, утопии и антиутопии порождены человеком - найти ответ на эти вопросы, познать свое предназначение и судьбу.

Как драгоценную находку, как награду после долгих и мучительных поисков, надежду и разочаровании должен принять современный человек следующую истину: через нравственность, гуманизм к прогрессу науки и культуры – вот ключ к понимаю человеческих проблем, вот тот «магический кристалл», сквозь который просматриваются Новый Казахстан.

Список литературы:

1. О человеческом в человеке. Под общ. Ред. И.Т.Фролова Политиздат,1991с - М.:.349
2. М. Мырзахметұлы. Восхождение М. Ауэзова к Абаю. Л.,1994.
3. Платон. Избранные диалоги. М.1965.
4. Л. Н. Гумилев. Древняя Русь и Великая степь. М.: Мысль, 1989
5. Платон. Избранные диалоги. М.1965.
6. Абай. Книга слов. Алматы: «Ел», 1993.
7. Шакарим. Мысли разных лет. Простор, 1989. № 8 с. 138

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ «БОРАН» РОМАНЫ АУДАРМАСЫНДАҒЫ РЕАЛИЯ СӨЗДЕРДІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Карагулова Балкенже Сагидуллаевна
ф.ғ.к., доцент
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе, Қазақстан
Назарғали Аружан Серғалиқызы
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10457026

To Cite: Карагулова Балкенже Сагидуллаевна, & Назарғали Аружан Серғалиқызы. (2024). ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ «БОРАН» РОМАНЫ АУДАРМАСЫНДАҒЫ РЕАЛИЯ СӨЗДЕРДІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10457026

Аннотация: Зерттеу мақалада Т. Ахтанов шығармаларындағы реалий сөздердің аударылу жолдары қарастырылған. Мақаланың негізгі мақсаты ұлттық колоритті сипаттайтын реалий сөздердің аудармадағы балама аудару, тура аудару сынды әдістер негізінде аударылу ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу мақалада Г.С. Асанова, А.М. Куркимбаева пікірлері арқылы реалий сөздер анықталады. Реалий сөздердің аударылуы С. Влахов, С. Флорин, А. Алдашева көзқарастары негізге алынған. Сонымен бірге мақалада ұлттық колоритті білдіретін реалий сөздер қатарында эмоционалды-экпрессивті сөздер танылған. Т. Ахтановтың «Боран» шығармасында ұлттық колоритті, ұлттық дүниетанымды білдіретін реалий сөздердің орыс тіліне баламалы және тура аударылуы берілген. Сонымен бірге эмоционалды-экпрессивті сөздер орыс тіліне баламалы түрде аударылған. Зерттеу мақаланың құндылығы Т. Ахтанов шығармаларындағы этномәдени дүниетанымды танытатын реалий сөздердің аударылу ерекшеліктері негізінде контекстуалдық мағынаның ұлттық дүниетанымммен байланысы арқылы көрінеді.

Кілт сөздер: реалий сөздер, этномәдени дүниетаным, ұлттық колоритті сөздер, эмоционалды-экпрессивті сөздер, аударма теориясы.

Аннотация: В исследовательской статье рассмотрены способы перевода реалии слов в произведениях Т. Ахтанова. Основная цель статьи – выявить особенности перевода реалии слов, характеризующих национальный колорит, на основе таких методов, как альтернативный перевод, прямой перевод. По мнению Г. С. Асановой, А. М. Куркимбаевой в исследовательской статье определяются реалии слов. В основе перевода реалии слов лежат взгляды С. Влахова, С. Флорина, А. Алдашевой. В то же время в статье признаются эмоционально-экспрессивные слова в ряду реалии слов, обозначающих национальный колорит. В произведении Т. Ахтанова «Буран» дается эквивалентный и прямой перевод на русский язык реальных слов, обозначающих национальный колорит, национальное мировоззрение. При этом эмоционально-экспрессивные слова переведены на русский язык альтернативно. Ценность исследовательской статьи проявляется в связи контекстуального значения с национальным мировоззрением на основе особенностей

перевода реалий, отражающих этнокультурное мировоззрение в произведениях Т. Ахтанова.

Ключевые слова: реалии, этнокультурное мировоззрение, национальные колоритные слова, эмоционально-экспрессивные слова, теория перевода.

Annotation: The research article examines the ways of translating the reality of words in the works of T. Akhtanov. The main purpose of the article is to identify the features of the translation of the reality of words that characterize the national flavor, based on such methods as alternative translation, direct translation. According to G. S. Asanova, A.M. Kurkimbayeva, the realities of words are defined in the research article. The translation of the reality of words is based on the views of S. Vlakhov, S. Florin, A. Aldasheva. At the same time, the article recognizes emotionally expressive words among the realities of words denoting national flavor. In the work of T. Akhtanov's "Buran" is given an equivalent and direct translation into Russian of real words denoting national flavor, national outlook. At the same time, emotionally expressive words are translated into Russian alternatively. The value of the research article is manifested in the connection of contextual meaning with the national worldview based on the features of the translation of realities reflecting the ethno-cultural worldview in the works of T. Akhtanov.

Keywords: realities, ethno-cultural worldview, national colorful words, emotionally expressive words, translation theory.

Көркем мәтіннің негізінде ұлттық мәдени маркер ретінде анықталатын сөздер – реалия сөздер. Аталған ұғымды ғылыми айналымға XX ғасырда А.В. Федоров енгізген. Одан бөлек реалия сөздерді Н.И. Паморозская, М.Л. Байсбурд, В.С. Виноградов, Г.Д. Томахин, В.Г. Костомаров сынды зерттеушілер қарастырған. Зерттеушілер Г.С. Асанова мен А.М. Куркимбаева реалий сөздерді аударудың қиындығын былай деп түсіндіреді: «Реалийді аудару қиындығы:

1) аударма тілінде сәйкестік (балама) табылмауы;

2) реалийдің заттық мағынасымен (семантика) бірге және колоритін (коннотация), оның ұлттық және тарихи бояуын жеткізу. Ұлттық сипаттағы реалийдің нақтылы контекстегі қызметін жеткізу күрделі мәселе. Реалийді әдеби көркем шығарма жағдайында аудармас бұрын, алдымен стилистикалық-композициялық рөлін түсіну тиімді. Бұл сол реалиймен қатар орналасқан сөздердің қолданылу мағынасына қарай анықталады. Түпнұсқа мен аударма тілінің реалийін салыстыру барысында оның семантикалық жақындығы айқындалады. Аударылатын тіл мен аударма тіліндегі реалийдің стилистикалық экспрессиядағы ұқсастығы аударманың дұрыстығын көрсетеді» [1, 256], - деп анықтайды.

Стилистикалық әрі экспрессивтік ұлттық ерекшеліктері анықталатын реалий сөздердің аудармада балама мағынасында аударылып жатады. Десе де реалий сөздердің аударылуы үшін көркем мәтіндегі мәні мен мағынасын дұрыс анықтап алып, шығарманы үлкен ауқымда қарастыру қажет. Бұл ретте С. Влахов, С. Флорин реалий сөздердің аудармадағы көрінісі жайлы мынадай қорытындыға келеді: «Реалий сөздерді аударудағы басты шарт реалий сөздердің негізгі қызметінің мағынасын түсіну. Келесі кезекте ұлттық ерекшеліктер анық көрсетіліп, реалий сөздердің стилистикалық қызметіне назар аудару. Бұдан кейін реалий сөздердің семантикалық жағымен бірге экспрессивтілік мәні де қарастырылуы керек» [2, 74], - деген пікір айтады. Бұның негізінде әрбір реалий сөздердің аударылуының дұрыстығы мен тілдегі қолданысын жақсы білуімен анықталады.

Реалий сөздер әр тілге тән ұлттық бояуы басым, аудармада қиындық тудыратын сөздер тобы. Десе де, зерттеушілер С. Влахов, С. Флорин аударуға болмайтын сөздердің

болмайтындығын айтады. Осы себептен реалий сөздерді аударуда транслитерация немесе транскрипция, ауыстыру, калька, мағыналық жақындықтан аудару, түсіндіру, контекстуальдық аударма сынды тәсілдер қолданылады. Мәселен, реалий сөздерді аудару жайында зерттеуші А. Алдашева былай дейді: «Реалийлер, ұлттық мәдениетті белгілейтін басқа да атаулар функционалды қызметі жағынан басым доминант элементтер; олардың контекстегі функционалдық- коммуникативтік қызметі жоғары. Демек, оларды түсіріп тастау түпнұсқаның мазмұнын сақтау талабына нұсқан келтіреді. Сондықтан аудармашы текстегі қолданылған, қазақ тіліне мәдени-танымдық сипаты, ұғымдық-мағыналық көлемі жағынан сәйкестіктері жоқ атаулардың түпкі мағынасына, этимологиясына, қандай ұғымда жұмсалғанына , контекстегі стильдік жүгінің ауқымына назар аударуға тиіс» [3, 45], - деп реалий сөздердің аудармадағы ерекшеліктерін атап өткен болатын.

Т. Ахтановтың «Боран» романында реалий сөздер көптеп ұшырасады. «Қора маңын тақырлап қоңылтақсып қалған қойлар жаздан бері мал баспаған беткейдің жұқа қарын кішкене тұяқтарымен үсті-үстіне тепкілеп құнжыңдасып жатыр. Атының ауыздығын алып, отқа жіберіп, Қоспан төбенің басында сүйсіне қарап тұрған» [4, 3], - деген үзіндіде ауыл тұрмысы, шаруашылығы бейнеленген. Ауыздық деген ұлттық маркерлі реалий сөз көшпелі этномәдени дүниетанымның анық көрінісі. Ұзақ жолдан келген соң жылқының ауыздығын босатып, отқа қоюы оны еркіне жіберуді білдіреді. Үзіндіде осы сәт бейнеленген. Туындыны орыс тіліндегі аударған В. Аксенова. Осы негізден атының ауыздығы деген тіркестің аудармадағы көрінісіне назар аударсақ. «Тучи на севере угрожающе густеют, чернеют, в воздухе явственно ощущается дыхание мороза, однако Коспан не торопится. Пустив коня пастись, он стоит на косогоре и смотрит на своих овец» [5, 4]. Бұл жерде ауыздық реалий сөзі тура мағынасында аударылмаса да, негізгі мәні сақталып аударылған. «Пустив коня пастись» деп аттың ауыздығынан босатылғанын жеткізіп тұр. Шығармадағы назар аударарлық реалий сөздердің бірі – қамшы. Туындыда былай берілген: «Қоспан айқайлап қамшы үйіреді. Қойларды желге қарсы жылжытып айдап келе жатқан сияқты еді. Бір кезде байқаса үйірілген қой бір орнынан тапжылмай қалған. Бұл тек шетке шашау шыққанын қайырумен ғана жүр екен. Оларды ілгері жылжытайын деп атпен омыраулай бергенде тұтасып, ұйысып тұрған қой қақ жарылып кейін қарай лоқси жөнелді» [4, 7], - дегенде қой бағып жүрген Қоспанның қолындағы қамшысы – боранды күнде ығып бара жатқан қойды қораға айдаудың құралы. Аудармада: «Ветер не ослабевает. Коспан поднимает кнут и вдруг застывает в ужасе, понимая, что все это время отара стояла на месте. Оказывается, он только заворачивал тех овец, что бежали назад» [5, 7]. Қамшы сөзі кнут деп аударылған. Қамшы – көшпенді өмір сүрген ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінде кеңінен қолданған бұйымы. Зерттеуші Ғ. Қоңқашбаев халқымыздың көпшенді дүниетанымы жайында былай дейді: «Кочевой образ жизни развил у казахов исключительную наблюдательность, необходимую для использования особенностей своей территории прежде всего кормовых угодий, для ведения хозяйства. Сама жизнь заставляла его не только знать специфику того или иного пастбища (особенности рельефа, климата, растительности, характер водных источников, сезон его использования, пригодность для видов скота и т.д.), но и подмечать мельчайшие особенности ландшафта, могущие служить ориентацией на пути перекочевок, для укрытия скота от непогоды и.п.» [6, 31]. Шығармадағы қамшы реалийінің қолданылуы халқымыздың тұрмысын, шаруашылығын танытып қоймай, этномәдени дүниетанымынан хабардар етеді. Қамшы тек шаруашылық құралы емес, ер қаруы ретінде символикалық мәні жоғары. Қамшының халық тұрмысында қолданылуын екіге ажыратуға болады. Біріншісі қамшыны береке деп біліп, сыйға тартқанда қолымен тіке бермей, жерге қойып беретінімен анықталады. Қолымен берсе берекемді, бағымды беремін деп ұғынған. Екіншіден, ел ішінде дау, араздық жағдайларында қамшы арқылы келіспейтін тұсын

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

білдірген. Қамшы тастау арқылы дауды шешудің жолдарын анықтап, ұтымды шешімді қабылдауға тілектестік білдірген.

Реалий сөздердің қатарында ұлттық бояулы маркер сөздер танылатындықтан, эмоционалды-экспрессивті бояуы бар сөздер де қарастырылады. Аталған тақырып жөнінде С. Жиренов, Г. Нурекешова, Ж. Нұрсұлтанқызы былай дейді: «Эмоционалдық-экспрессивтік лексика ертеден келе жатқан этностыңтілдік және психологиялық ерекшелігін айқындайтын, лексикалық жүйенің ішіндегі аффективтік және психологиялық мазмұны басым категори. Эмоционалдық-экспрессивтік лексика күнделікті тұрмыстық өмірдегікоммуникативтік ортаның барлық түрінде, ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде, көркем поэтикалық мәтіндерде жиі қолданылады. Диахронды тұрғыдан эмоционалдық-экспрессивтік лексика адам баласының көңіл-күйін, сезімдік әсерін, өмірлік дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, образды ойлауын білдіруге негіз болса, бүгінгісинхронды тұрғыдан да эмоционалдық-экспрессивтік лексиканың аталған қызметтерінің саны артпаса, кеміген емес» [7, 51]. Поэтикалық мәтінде эмоционалды-экспрессивті сөздердің бір тобы бейпіл сөздердің функциясын нақтылай түседі. Шығармада Жаңыл жайлы Ұштаптың пікірі, позициясы мынадай эмоционалды-экспрессивті сөздер арқылы көрінеді: «Әсіресе шешесінің қарғысы мен бейпіл сөзінің бірін шашыратпай құлағына құйып алған. Қит етсе: «Әй, әке-шешесін бірдей жалмаған жалмауыз, құдай қарғаған қу жетім, жүзіқара, қаншық» деген сөздер аузынан түйдек-түйдегімен шығады» [4, 10]. Аталған сөздердің негативті сипаты басым болғанына қарамастан, тұрмыста көптеп қолданылатын бағалауыштық сипатқа ие сөздер тобы. Қазақ жақсы көрген адамын *қалқам, еркем, жалғызым, төрем, ақылшым, жаным, жақсым, айналайын* деп жоғары көтерсе, жек көрген, ұнатпаған адамына да айтар сөзі дайын. Сондай сөздер үзіндіде келтірілген. Аталған сөздер аудармада «Дочь не отставала от своей матери и подражала ей.

- Эй, ведьма, проглотившая своих родителей! - кричала она Жанель. - Проклятая богом беспризорница! Позорная!» [5, 11], - деп аударылған. Орыс тілінде де эмоционалды-экспрессивті сөздер бағалауыштық сипатқа ие. Бұл жерде аударма транлитерациялау немесе калькалау арқылы емес, мағыналық жақындық негізінде аударылған.

«Жер ошақтағы оттың жалыны бетін шарпиды. Жаңыл ас пісіріп жатыр. Қасында Майлыаяқ. Ылғи қазан жақты сағалап бір нәрсе дәметіп жүретін әдеті. «Кет» деп жасқап қалса бір-екі адым шегініп, майысып жер бауырлап, құйрығын бұлғаңдатып, мүләйім көзі жаутаңдап Жаңылдың бетіне қарайды. Қанша кейісең де бермесіңе қоймайды.

— Сүйек дәметіп келді ғой. Бір нәрсе тастай салшы» [4, 18]. «Догорает кизяк под казаном. Жанель спит и улыбается во сне. Что это — сон или явь? Летние джайляу. Солнце в зените. Печет вовсю. Невидимое на солнце пламя очага. Над ним колышется воздух. Жанель готовит обед. В ногах у нее крутится льстивая бестия Майлаяк. Крикнешь «прочь», собака изображает из себя самое несчастное в мире существо — отползает на брюхе, скулит, смотрит на хозяйку так, словно молит о вечном спасении.

— Брось ей косточку, Жанель. Все равно не отвяжется» [5, 17], - деген үзіндіде соғысқа кеткен Қоспанның оралуын күткен Жаңылдың арманының шындыққа айналғанын біледі. Жер ошақ, қазан сынды ұлттық маркерлі сөздер «догорает кизяк под казаном» деп мағынаға жақын аударылған. Сүйек дәметіп келді деп Қоспанның соғыстан оралғанын білген Жаңылдың нәзік үміті қайта жалғанып, үлкен қуаныштың басы болған еді. Аудармадағы экспрессивтік бояу қызметі анық бейнеленген. Майлыаяқтың қазан жанында жүрген Жаңылдың жанынан қалмауы аудармада бейнелі көрінеді.

«Бұл Қоспанның дауысы. Иә, кәдімгі өзі. Киіз үйдің қасына келіп Тортөбелдің ер-тоқымын алып жатыр. Өзінің асықпайтын байсалды қимылы» [4, 18], - деген үзіндіде ер-

тоқым реалий сөзі қолданыс тапқан. Аудармада: «Это голос Коспана. Он снимает седло с Тортобеля. Спокойные неторопливые движения» [5, 17], - деп берілген. Ер-тоқым сөзі седло деп аударылған. «Седло» сөзінің беретін мағынасы ат үстіндегі жолаушының ыңғайына лайықтап жасалған бұйым деп анықталады.

Тіл білімінде мал шаруашылығына, соның ішінде жылқы шаруашылығымен қатысты кәсіби сөздер қолданысы поэтикалық мәтіндерде көптеп қолданылады. Зерттеушілер А. Амангелді, Д. Тілеужан аталған тақырып жөніндегі зерттеулерінің нәтижесінде жылқы шаруашылығына қатысты сөздер жайлы: «Ат-тұрман атауларына ер, тоқым, тебінгі тоқым, ішпек, ішкілік, терлік, айыл, шап айыл, төс айыл, кер айыл, құр айыл, тартпа айыл, алдыңғы айыл, жүген, жырым, ауыздық, тізгін, қос тізгін, жақтау, желкелік, сағалдырық, кекілдік, кеңсірік, сулық, шаужай т.т. жатады» [8, 16], - деп анықтайды. Зерттеушілер жаугершілік заманда ер тоқым, тұрман сынды әбзелдердің ерекше құрметке ие болғанын айтады. Осы негізден қаламгер де халқымыздың дүниетанымын бейнелейтін сөздерді қолдану арқылы халықтың тұрмысын, мәдениетін, шаруашылығын танымды бейнелеген.

Қорытындылайтын болсақ, қаламгердің шығармада халқымыздың этномәдени дүниетанымында қамшы, ер тоқым, ауыздық, қарғыс мәнді эмоционалды-экспрессивті сөздерді қолдану арқылы туынды түрленіп, боямасыз ауыл тіршілігін көрсетудің негізгі құралы болып танылады. Қоспанның мінезін, болмысын танытуда ұлттық маркерлі сөздердің негізгі қызметі – әсірелеусіз ауыл тіршілігінің, халық тұрмысының боямасыз бейнеленуі. Әрі аудармадағы реалий сөздер мағынаға жақын аудару арқылы көрініс тапқан. Қамшы – кнут, ер тоқым – седло деп тура мағынасында аударылған. Негативті мәндегі эмоционалды-экспрессивті сөздер, тұрмыста қолданылатын жер ошақ, қазан сөздері мағынаға жақын контексте, транслитерациялау арқылы аударылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асанова Г.С., Куркимбаева А.М. Лингвомәдениеттану және мәдениетаралық қатысым саласындағы аударманың кейбір мәселелері. М. Өтемісұлы ат. Батыс Қазақстан университеті Хабаршысы, №1, 2017. 254-260 беттер
2. Влахов С.И., Флорин С.П. Непереводимое в переводе. – Изд.4-е. Москва: «Р.Валент», 2009. - 360 с.
3. Алдашева А. Аударматану. – Алматы, 2006. – 158 б.
4. Ахтанов Т. Боран [Мәтін]: роман. – Алматы: Sunshine plus, 2023. – 342 бет
5. Ахтанов Т. Буран [Текст]: роман: пер. с каз. / Ахтанов, Тахави; предисл. Г. Шариповой – Астана: Аударма, 2010. – 608 с.
6. Конкашпаев Г.К. (1951) Казахские народные географические термины // Изв. АН КАЗ ССР. Сер. географическая. – Алма-Ата, 1951.No 99, Вып.3. – С. 25–36.
7. Жиренов С., Нурекешова Г., Нұрсұлтанқызы Ж. Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық-экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, №2, 2023. 50-66 беттер
8. Амангелді А., Тилеужан Д.М. Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет лексикасының берілуі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №4 (125)/2018. 15-24 беттер

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

INNOVATIVE SOCIAL TECHNOLOGIES

Nurtay Gulsairan
Master student of the Department of Social sciences
L.N. Gumilyov Eurasian national university
Scientific advisor - **Kussainova R.E.**
Astana, Kazakhstan

https://doi.org/10.5281/zenodo.10457044

To Cite: Nurtay Gulsairan, & Kussainova R.E. (2024). INNOVATIVE SOCIAL TECHNOLOGIES. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10457044

Annotation. This article is devoted the technical innovations in the social sphere, focusing on the impact of innovative work in the field of social technologies. The article recognizes the dynamic landscape of social technologies, emphasizing the continuous evolution of tools and platforms that shape the way individuals interact, share information, and participate in the broader social context. The article underlines the importance of understanding the symbiotic relationship between social innovators and emerging technologies, highlighting the potential for positive change and the creation of more inclusive, efficient, and responsive social systems. The article not only provides a conceptual framework but also offers tangible examples of innovative social technologies that have made significant strides. In addition to qualitative insights, the article incorporates relevant statistics to underscore the broader impact of these technologies.
Keywords: technical innovations, innovative work, social technologies, information and communication processes, social sphere, social innovators.

Инновационные социальные технологии

Аннотация. В этой статье рассматривается сфера технических инноваций в социальной сфере, основное внимание уделяется влиянию инновационной работы в области социальных технологий. В статье признается динамичный ландшафт социальных технологий, подчеркивается непрерывная эволюция инструментов и платформ, которые формируют способы взаимодействия людей, обмена информацией и участия в более широком социальном контексте. В статье подчеркивается важность понимания симбиотических отношений между социальными новаторами и появляющимися технологиями, подчеркивается потенциал позитивных изменений и создания более инклюзивных, эффективных и отзывчивых социальных систем. В статье не только представлена концептуальная основа, но и приведены реальные примеры инновационных социальных технологий, которые добились значительных успехов. В дополнение к качественному анализу, в статье приведены соответствующие статистические данные, чтобы подчеркнуть более широкое влияние этих технологий.
Ключевые слова: технические инновации, инновационная работа, социальные технологии, информационно-коммуникационные процессы, социальная сфера, социальные новаторы.

Инновациялық әлеуметтік технологиялар

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Аңдатпа. Бұл мақалада әлеуметтік саладағы техникалық инновациялар саласы қарастырылады, әлеуметтік технологиялар саласындағы инновациялық жұмыстың әсеріне назар аударылады. Мақалада әлеуметтік технологиялардың динамикалық ландшафты танылады, адамдардың өзара әрекеттесу, ақпарат алмасу және кеңірек әлеуметтік контекстке қатысу тәсілдерін қалыптастыратын құралдар мен платформалардың үздіксіз эволюциясы атап өтіледі. Мақалада әлеуметтік новаторлар мен дамып келе жатқан технологиялар арасындағы симбиотикалық қатынастарды түсінудің маңыздылығы, оң өзгерістердің әлеуеті және инклюзивті, тиімді және жауап беретін әлеуметтік жүйелерді құру туралы айтылады. Мақалада тұжырымдамалық негіз ғана емес, сонымен қатар айтарлықтай жетістіктерге жеткен инновациялық әлеуметтік технологиялардың нақты мысалдары келтірілген. Сапалы талдаудан басқа, мақалада осы технологиялардың кеңірек әсерін көрсету үшін тиісті статистика келтірілген.
Кілт сөздер: техникалық инновациялар, инновациялық жұмыс, әлеуметтік технологиялар, ақпараттық-коммуникациялық процестер, әлеуметтік сала, әлеуметтік новаторлар.

Innovative social technologies are ways and means of innovative work aimed at creating and materializing innovations in society, implementing innovations that lead to high-quality changes in various spheres of public life, to the optimal use of material and other resources in society. The specificity of social innovations is produced in the fact that the results appear through a specific amount of time and often have a crazy temper. Distinctive symptoms of social innovations are considered to be the presence of a close connection with certain social relations; servitude in the application of innovations from mass and own properties of users; unavailability of indisputable superiority, in contrast to technical innovations.

The main goal of innovative work in the social sphere is considered to be the conclusion of social tasks in society. This is quite likely only if the productivity of companies and organizations in the public sphere increases, while improving the properties of public offerings, considering the dynamics of changing needs of the population.

Now social technologies act as a mental science-intensive resource, the introduction of which allows not only to study and predict all kinds of social configurations, but also to actively influence practical life, design it according to previously developed patterns, obtain a predetermined social outcome and change social reality [1]. On the one hand, with the support of social technologies, it is possible to regulate or prevent public incidents, block public efforts, reduce hazards, prevent decline, i.e. to steer, or rather, to improve public appearances and processes. Global educational, political, advertising and marketing technologies are well developed and actively used.

The concept of social technologies is applicable to the management of both society (economy, social environment, culture), for example, and certain organizations (increasing labor productivity or employee qualifications, drafting corporate culture, etc.), at least some other social objects. Various methods are used in the development and implementation of social technologies: jet schemes, matrix methods, tables of conclusions and comparisons, heuristic methods [2].

Each public development, which has its own purpose of design and implementation, is aimed at technologizing the corresponding process. In this case, the importance of technologization lies, as a rule, in the proper:

- formation of the process;
- optimization of the social process;
- ensuring the sustainability of the social process;
- development of a self-regulation mechanism;

- providing approving accompanying criteria.

Modern social technologies not only perfectly replace the environment around a person, but transform the nature (biological, social, mental) of the person, develop fresh guidelines and meanings of existence.

Table 1 - Innovative social technologies [3]

№	Technologies	Features
	Rebo Smart Battle	Swiss startup that manufactures battles from recycled materials in order to reduce the number of plastics in the oceans. Smart battle detectors determine the size of the water consumed, reminding users of the need to drink less. In addition, the startup encourages people to use fewer plastic bottles and supports initiatives to clean the ocean. Smart battle has a mobile application that calculates the number of plastic bottles saved. Further, the noted thrift is converted into loans to finance ocean cleanup events. In this way, the smart battle bot can not only help improve hydration, but also has a positive impact on the environment around it.
	Wildlife.ai	New Zealand organization that promotes conservation of untamed nature with the support of artificial intelligence. The startup includes all kinds of technological campaigns to protect the environment and educate. Using AI, scientists track down patterns of forest fires and predict the extinction of animal forms that are in danger of disappearing. For example, the plans introduce machine learning to identify fish in underwater video clips with bait. Otherwise, mental video cameras are used to predict herpetofauna and invertebrates.
	Green cities	The desire for "green cities" uses technology to create a livable and sustainable environment around it. Social technologies ensure serious use, circulation of resources and reduction of losses in wise towns. For example, highly sensitive detectors of online things make water and waste management better. Data analysis make it better to predict endangered species and prevent wildfires. Digital platforms encourage people to apply repeatable energy informants. To achieve this goal, startups will combine machine learning

		and psychology, which change unstable behavior.

Table 1 provides examples of innovative social technologies [3]. Social innovators are fighting some of the biggest universal dangers with the support of 4IR tools. The association of public merchants of the Schwab Foundation has improved the lives of more than 622 million people in 190 states and distributed $6.7 billion in loans or prices of goods and offers to improve the criterion of life [4].

From restructuring psychiatric support to providing billions of people with digital identification, this is how social innovators use the power of breakthrough technologies to solve serious universal problems more effectively.

Since the beginning of 2023, through the Portal of Public Proposals, people with disabilities have received about 428.1 thousand technical means of rehabilitation, 7.5 thousand - sign language offers, 25.5 thousand - a personal assistant, 77.2 thousand -sanatorium-resort healing [5].

The portal allows people with disabilities to autonomously select the manufacturer and supplier of technical means and rehabilitation offers. The application for technical support is executed with the help of proof of the electric digital signature of the service recipient. It is possible to receive the ordered TSR by delivery or pickup.

As of today, 869 centers for offering special public offers, 531 technical means of rehabilitation providers, more than 28 thousand providers of personal assistant offers, 714 sign language and 106 sanatorium-resort healing have been registered on the portal. The organizational accompaniment of the plan "Construction of 100 secondary educational institutions and 100 hospitals on the basis of public-private partnership" is defined as the leading directions of the work of JSC "Public Innovative Technologies".

As part of the use of innovative and technological layouts, the Government of Kazakhstan has launched a Digital family Card designed to simplify social assistance for adherents of vulnerable groups of the population. The digital Family Map is a digital platform that accumulates data from 24 municipal authorities and 30 data resources and determines the degree of public health of people to provide municipal proposals[6].

In conclusion, one of the main highlighted aspect is the role of artificial intelligence and machine learning in enhancing the capabilities of social technologies. These technologies not only facilitate more personalized and efficient interactions but also pave the way for predictive analysis, enabling a deeper understanding of user behavior and preferences. Moreover, the article emphasized the significance of inclusive and ethical design principles in the development of social technologies. As these innovations become more ingrained in our daily lives, it becomes imperative to address concerns related to privacy, security, and the potential for bias.

References

1. Nagoronova A. Y. Social innovations: studies. student's handbook. in the specialty "Social work". Ulyanovsk: Ulstu, 2003. 87 p.
2. Modern social technologies: the essence, variety of forms and implementation. - Belgorod, 1991.
3. Ivanov V.N. Patrushev V.I. Social technologies. - M.: Municipal world. 2004. - 488 p.
4. Platonova N.M., Platonov M.Y. Innovations in social work: studies. student's handbook. institutions of higher education. education. - 2nd ed., ster. - M.: Publishing center "Academy", 2012. - 256 p.
5. Shcherbina V.V. Social technologies: the history of the emergence of the term, the transformation of content, the current state // Sociological research. 2014. №. 7. pp. 113-124.
6. https://kazakhstan.un.org

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 347.7 (072)

САЛЫҚ САЛУ АЯСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Усенбаева Асемгуль Узакбаевна
Еуразия технологиялық университеті,
заң ғылымдары магистры, аға оқытушы
Алматы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10457054

To Cite: Усенбаева Асемгуль Узакбаевна. (2024). САЛЫҚ САЛУ АЯСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10457054

Аңдатпа: Мақалада салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеудің мемлекет тарапынан құқықтық нормалары, заңды және жеке тұлғаларға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану шаралары, мемлекеттің салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар және басқа да маңызды мәселелер қамтылған.
Тірек сөздер: дебитор; акционер; мониторинг; консорциум; лицензия.

Аннотация: Статья содержит правовые нормы государственного принуждения в сфере налогообложения со стороны государства, меры по применению мер государственного принуждения к юридическим и физическим лицам, административные правонарушения в сфере налогообложения государства и другие важные вопросы.
Ключевые слова: дебитор; акционер; мониторинг; консорциум; лицензия.

Abstract: The article contains the legal norms of state coercion in the field of taxation by the state, measures for the application of state coercion measures to legal entities and individuals, administrative offenses in the field of state taxation and other important issues.
Keywords: debtor; shareholder; monitoring; consortium; license.

Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу күші көбінесе материалдық, сонымен қоса өзге де салықтық-құқықтық қатынастарды қорғауға бағытталған, сондай-ақ ол әрқашанда заңи жауапкершілікпен тығыз байланыста болады және көптеген жағдайларда осы жауапкершіліктің мәнін құрайды.

Қазіргі салық салу аясында мемлекет тарапынан (оның салықтық құқығы арқылы) мынадай мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылады: салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдердің мерзімінде төленбеген сомасына өсімпұл есептеу; салық төлеушінің банктік шоттар бойынша жүргізетін шығыс операцияларын тоқтата тұру; мерзімінде өтелмеген салық берешегі есебіне салық төлеушінің өз мүлкіне билік етуіне шектеу қою; салықтық тексерулер жүргізу барысында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес салық төлеушілердің қандай болмасын құжаттарын алып қою; салық берешегін салық төлеушінің банктік шоттарындағы ақшалар есебінен өндіріп алу; салық берешегін салық төлеушінің қолма-қол ақша қаражаттары есебінен өндіріп алу; салық төлеушінің салық берешегі сомасын оның дебиторларының банктік шоттарынан өндіріп

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

алу; салық төлеушінің билік етуіне шектеу қойылған мүлкін өткізу, сату есебінен оның салық берешегін өндіріп алу; салық төлеушінің (акционерлік қоғамның) акциялары эмиссиясын мәжбүрлеп қосымша шығарту арқылы салық берешегін өндіріп алу; салық берешегінің бересі сомасын есептеу және өндіріп алу; салықтық-құқық бұзушылық жасаған салық төлеушілерді тиісті заңдарда көзделген заңи жауапкершілік түрлеріне тарту.

Қазақстан Республикасының ағымдағы тиісті заңдары салықтық тексеру, бақылау нәтижесіне қарай салық төлеуші нақты заңды және жеке тұлғаларға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануды көздейді. Мемлекеттік мәжбүрлеудің айтарлықтай бөлігі әкімшілік тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы ретте салық салу аясындағы мәжбүрлеу шараларына мынадай айрықша белгілер тән болады: мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі көбінесе салықтық құқықтың нормаларымен және әкімшілік іс жүргізу нормаларымен айқындалады; мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде заңдылықтың сақталуына қатаң назар аударылады және оның сақталуы іс жүзінде қамтамасыз етіледі; салық салу аясында қолданылатын мәжбүрлеу шараларының жүйесі әртүрлі бағыт-сипатта болады; мәжбүрлеу шараларын қолдану соттан тыс жағдайда жүзеге асырылады; салық салу аясындағы мәжбүрлеу шараларын құқықтық реттеу, яғни жауапкершіліктің негізін және қолдану тәртібін белгілеу механизмі, қаржылық, әкімшілік және қылмыстық заңдармен айқындалады; мәжбүрлеу шараларын қолдану айрықша жеңілдетілген тәртіппен және қарапайым іс жүргізу нысанында жүзеге асырылады; мәжбүрлеу шаралары салық салу аясындағы заңдылықты қамтамасыз ету және салықтар мен басқа да міндетгі төлемдерді төлеу тәртібін сақтау, сондай-ақ нақтылы салық төлеушілерді өз салықтық міндеттерін бұлжытпай орындауға мәжбүр ету мақсатында жүзеге асырылады.

Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу мемлекет тарапынан құқықтық нормаларда белгіленеді. Сондықтан оларды қолдану қашанда және қайда болмасын мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі.

Әдетте заңи жауапкершілік шараларын қолдану құқық бұзушының ерік білдіруіне байланысты болмайды, сондай-ақ заңи жауапкершілік пен мемлекеттік мәжбүрлеуді салыстырсақ, мемлекеттік мәжбүрлеудің заңи жауапкершіліктің аса қажетті элементі ретінде көрініс табатынын байқаймыз.

Салық салу аясында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының бәрін бірдей заңи жауапкершілік шарасы деп айта алмаймыз. Себебі кейбір кездерде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануды заңи жауапкершілік ретінде қарастыратын негіздер болмайды. Дегенмен салық салу аясында колданылатын қандай болмасын заңи жауапкершіліктің құрамында әрдайым мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары көрініс табады. Демек салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу мынадай: салықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылатын заңи жауапкершілік шаралары бойынша; салық заңдарының әмірлі талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес шара ретінде қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу бойынша жүзеге асырылады.

Бұл орайда екінші бағыт бойынша жасалған іс-қимылдар салықтық құқық бұзушылық болып саналмағандықтан қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары заңи жауапкершілік шараларына жатпайды. Қандай болмасын құқық бұзушылықтың тұрақты белгісі осы құқық бұзушылықты білдіретін іс-қимылды жасағаны үшін мемлекет белгілеген (көздеген) заңи жауапкершілік болып табылады. Егер мемлекет тарапынан қандай болмасын құқыққа қайшы іс-әрекетті жасағаны үшін жауапкершілік белгіленбесе, онда ол салықтық құқық бұзушылық ретінде қарастырылмайды. Демек құқық бұзушылық заңи жауапкершілік шараларын қолданудың негізі болып есептелінеді. Осыған

байланысты мемлекеттік мәжбүрлеу аясының заңи жауапкершілік шеңберіне қарағанда кең ауқымды болатынын байқаймыз.

Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеуді сипаттау кезінде оның мынадай ерекше белгілерін бөліп шығаруға болады: соттан тыс жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын салық салу аясында кеңінен колдану мүмкіндігі заң жүзінде рүқсат етілген және салықтық құқық бұзушылық фактісін жедел жою мақсатында сол шараларды қолданудың жеңілдетілген процессуалдық тәртібі көзделген; мемлекеттік мәжбүрлеу аясымен қамтылған салық салу аясында міндетті түрде салық төлеушілердің құқықтарын қорғау және заңдылықты қамтамасыз ету механизаддері қарастырылған; мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану негізінде салықтық құқықтық қатынаска қатысушының құқыққа қайшы әрі кінәлі іс-қимылы жатады; салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу кешенді құқықтық институт болғандықтан салықтық, әкімшілік, қылмыстық және т.б. құқық нормаларынан құралады; мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану процесінде салық төлеушілердің мемлекет алдындағы өз салықтық міндеттемелерін тиісінше орындау мән-жайлары қамтамасыз етіледі. Мәселен, салықтық тексеру кезінде салықтық заңдардың бұзылуы фактісінің орын алғанын мәлімдейтін жалған немесе қолдан жасалған құжаттардың табылуына байланысты олардың бәрі салық төлеушіден мәжбүрлеп алынып, алынғаны жөнінде құжаттардың тізбесі бар акті салық төлеушіге табыс етіледі.

Салық органының құжаттарды алу жөніндегі іс-кимылдары тек сол салық төлеуші — заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның көзінше және солардың қатысумен жүргізіледі. Құжаттарды алып қою (Салық кодексі, 539-бап) мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде мынадай мақсаттарды көздейді: салықтық зандардың бұзылуына жол бермеу және соған байланысты мән-жайларды тыйып тастау; құқық бұзушыны заңи жауапкершілікке тарту кезінде тиісті заңның бұзылғаны жөніндегі фактіні дәлелдемелермен қамтамасыз ету.

Аталған шараны қолдану негізінде: құжаттың қолдан, яғни тиісті құжатқа жалған мәліметтер енгізу арқылы жасалғандағы немесе жалғандығы; құжатта салықтық заңдардың бұзылғаны жөніндегі нақтылы мәліметтердің орын алуы белгілері көрініс табады. Мысалы, ресми құжатқа жалған мәліметтер енгізілсе не болмаса түзетулер енгізілсе бұл құжат жалған болып саналады. Бұл ретте жалғандығы мен түзетілгендігі бірігіп кеткен сияқты.

Сондықтан оларды толығымен алғанда тек жалған фактілер мен мағлұматтардан және шындыққа жанаспайтын мәліметтерден тұратын құжаттар - жалған құжаттар, сондай-ақ ресми құжаттың шын мәнісін бұрмалайтын түзетулер енгізілген құжаттар - қолдан жасалған құжаттар деп бөліп көрсетуге болады.

Мемлекет салық төлеушілердің өз міндеттерін тиісінше әрі сапалы орындауларын асыға күтеді және өз экономикалық-қаржылық мүддесінің мүлтіксіз орындалуын көздей отырып мемлекеттік мәжбүрлеу және заңи жауапкершілік шараларының өткір жебесін салық жүйесіндегі негізгі тұлғаға — салық төлеушіге бағыттайды.

Салық төлеуші өзінің салықтық міндеттемесін тиісінше орындаған жағдайда ол төлеген салықтар ақша нысанында тиісті бюджет кірісіне уақтылы және толығымен түсетіні сөзсіз.

Сондықтан, айтылған жайларды ескере отырып мемлекет өзінің салықтық-бюджеттік мүддесін қамтамасыз ету максатында өркениетті, салық салу процесін жан-жақты қамтитын салық заңын қабылдау нәтижесінде әрбір салықтың ұтымды болуын қамтамасыз ету және оның тиімді құқықтық негізін құру арқылы салық төлеуден жалтарушыларға және төлемей жүргендерге тосқауыл қою; өктем өкілеттілік берілген салық органдарының екінші тарапқа - салық төлеушілерге мәжбүрлеу шараларын қолдануға қажетті құқығын қалыптастыру; салық төлеушілердің өздеріне тиесілі

салықтық міндеттемелерін тиісінше орындамауларына байланысты оларға жазалау шараларын белгілеу; салық төлеуді қамтамасыз ету мақсатында салық төлеушілерге және басқа да салықтық құқықтық қатынасқа қатысушыларға әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық сипаттағы заңи жауапкершілік шараларын белгілеу тәрізді мәжбүрлеу механизмін құрады [1].

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 14-тарауында салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары көрсетілген. Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 121-бабында салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары айтылады. Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға немесе деңгейлес мониторинг нәтижелері туралы хабарламаға шағым жасау жағдайларынан басқа, салық органдары салық төлеуші – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің, дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның салықтық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады. Салықтық міндеттемелерді орындау салық кодекстің 722-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес операторға жүктелген жағдайларда, жай серіктестік (консорциум) құрамында өнімді бөлу туралы келісім бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушінің салықтық берешегін өндіріп алу кезінде осы тарауда көзделген мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары салық төлеушіге және операторға қатысты қолданылады.

Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі. Мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану басталғанға дейін тәуекел деңгейлері орташа және жоғары салық төлеушіге, осы баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама жіберіледі.

Салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану салық төлеушіде салықтық берешек түзілген күні немесе салық төлеуші тәуекел деңгейі төмен санаттан тәуекел деңгейі орташа немесе жоғары санатқа өткен күні салық төлеуші жатқызылған тәуекел деңгейіне байланысты, осы тарауда көзделген мерзімдерде жүзеге асырылады. Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу мынадай тәртіппен: банктік шоттардағы ақша есебінен; дебиторлар шоттарынан; билік ету шектелген мүлікті өткізу есебінен; жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару түрінде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі өзіне салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілгеннен кейін қырық жұмыс күні ішінде салықтық берешекті өтемеген жағдайда, салық органы салық төлеуші – осы құрылымдық бөлімшені құрған заңды тұлғаға мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану арқылы салықтық берешек сомасын өндіріп алады. Заңды тұлғада біреуден астам құрылымдық бөлімше болған кезде, осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған тәртіппен мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданғаннан кейін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің салықтық берешегі өтелмеген жағдайда, салық органы мұндай заңды тұлғаның барлық құрылымдық бөлімшесіне бір мезгілде банктік шоттардағы ақша есебінен мәжбүрлеп өндіріп алу шарасын қолданады. Заңды тұлға салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама өзіне табыс етілгеннен кейін қырық жұмыс күні ішінде салықтық берешекті өтемеген жағдайда, салық органы салық төлеуші – заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану арқылы салықтық берешек сомасын өндіріп алады.

Мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары мынадай: банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған жағдайда – сот банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап; салық төлеушіге қатысты оңалту рәсімі қолданылған жағдайда – сот оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы

ұйғарым шығарған күннен бастап; сот берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіткен жағдайда – соттың осындай келісімді бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап; екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда – соттың мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап; Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган лицензиядан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап күші жойылуға жатады.

Салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешекті өтеу туралы хабарламаға шағым жасаған жағдайда, салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім шығарылғанға дейін тоқтатыла тұрмайды [2].

Сонымен, салықтық құқық бұзушылық - салықтық қатынасқа қатысушылардың салық зандарының нормаларымен белгіленген өздеріне қатысты міндеттерді тиісінше орындамауларына не мүлдем орындамауларына байланысты тиісті заң актілерінде заңи жауапкершілік көзделген құқыққа қайшы, кінәлі әрекет не болмаса әрекетсіздік болып сипатталады. Салықтық құқық бұзушылықтың басқа да құқық бұзушылықтар сияқты өзіне тән белгілері мен құрамы болады.

Салықтық құқық бұзушылық белгілеріне: жиі көрініс табуына байланысты қоғамға қауіптілігі; құқыққа қайшылығы (қарсы); кінәлілігі; зардап-залалдың (зиянның) болуы; құқыққа қайшы әрекет пен оның нәтижесі (салдары) зардапты зиян және олардың арасындағы себептік байланыс; құқыққа қайшы, кінәлі әрекеттің (әрекетсіздіктің) жазалануы, яғни теріс әрекеттің жазалануы жатады.

Салықтық құқық бұзушылықтар тек мемлекеттің салық жүйесіне тікелей бағытталған құқық бұзушылықтар болып саналады. Алайда салықтық құқық бұзушылықтарға тек салық төлеуші тарапынан жасалынған құқыққа қайшы әрекеттерді ғана жатқызуға болмайды.

Құқыққа қайшы іс-әрекеттердің нақтылы бағыт-бағдарларына байланысты салықтық құқық бұзушылық мынадай түрінде көрініс табады: салықтар жүйесіне (салық салу жүйесі) қарсы құқық бұзушылықтар; салық төлеушілердің экономикалық мүдделеріне, құқықтары мен бостандықтарына қарсы құқық бұзушылықтар; бюджетеердің кіріс бөліктерінің салықтық түсімдер арқылы орындалуына қарсы құқық бұзушылықтар; салық төлеушілердің салықтық міндеттерін орындауға кепілдік беретін жүйеге карсы құқық бұзушылықтар; салық органдарының бақылау функцияларын жүзеге асыруға қарсы құқық бұзушылықтар; бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және салықтық есептемелерді әзірлеу және табыстау тәртібіне қарсы құқық бұзушылықтар; салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерге қарсы құқық бұзушылықтар. Құқыққа қайшы іс-әрекет салық заңдары нормаларының әмірлі талаптарын орындамау болып табылады. Салықтық құқық бұзушылықтың келесі белгісі кінәлілігі құқық бұзушы тарапынан қасақана немесе абайсызда жасалған іс-әрекетке оның тікелей психикалық қатыстығын білдіретін белгі болып есептелінеді.

Салықтық құқық бұзушылықтың нәтижесінде мемлекетке зиян (залал) келтірілетіні көпшілікке белгілі. Қандай болмасын салықтық құқық бұзушылықтың зиянды-зардапты салдары болатындықтан, оларды материалдық ауыртпашылығы бар және салық салу аясындағы құқықтық тәртіпті бұзу түріндегі зияны бар салықтық құқық бұзушылықтар деп бөлген дұрыс болады. Материалдық құқық бұзушылықтың барысында мемлекетке немесе салық төлеушіге айтарлықтай көлемде мүліктік-заттай зиян келтіріледі. Құқық бұзушылық жасалған жағдайда оның міндетті түрде зиянды салдары болады. Құқыққа

қайшы әрекет пен оның нәтижесі - келтірілген зардаптың арасындағы себептік байланыс салықтық құқық бұзушылықтың төртінші белгісі болып саналады. Себептік байланыстың құқық бұзушыға қатыстығы зиянның тікелей және кінәлі әрекеттің нәтижесінде келтірілуі аркылы көрініс табады.

Салықтық құқық бұзушылықтың бесінші белгісі кінәлі, құқыққа қайшы әрекеттің, яғни оны жасаған тұлғаның заңи жауапкершілікке тартылып мемлекет тарапынан қарсы ауыр ықпалға ұшырауы жазалануы болып табылады. Құқық бұзушылық жасалған жағдайда ғана заңи жауапкершілік қолданылады. Салықтық құқықтық қатынастар аясында құқық бұзушылық орын алмаса заңи жауапкершілікті қолдану негізі де болмайды.

Әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың объективтік жағына әрекет не болмаса әрекетсіздік түрінде жасалатын құқыққа қайшы, қасақана немесе абайсыз терісқылықтар жатады. Ал әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың субъектісі - осы құқық бұзушылықты жасаған, сол үшін жауапкершілікке тартылуға тиісті тұлға болып табылады. Субъектілерге көбінесе тек салық төлеуші жеке тұлғалармен қоса заңды тұлға — салық төлеушілердің лауазымды адамдары, табысты төлеудің көзі болып табылатын заңды тұлғалардың лауазымды адамдары және банктердің, сондай-ақ банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды адамдары жатады.

Әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы құқық бұзушының қасақана немесе абайсызда жасаған өзінің кінәлі әрекетіне деген психикалық көзқарасын білдіреді. Бұл ретте, көпшілікке мәлім болса да айта кететін бір жәйт, әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың дені әдейілеп, яғни қасақана жасалады. Бүгінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің тиісті баптарында нақтылы әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтар мен оларға қолданылатын жауапкершілік түрлері көрсетілген.

Сонымен, мемлекеттің салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға мыналар жатады: салық органында салық есебіне кою мерзімінің бұзылуы (205-бап); салық есеп-қисабын, сондай-ақ салық төлеушінің мониторингін жүргізу үшін қажетті құжаттарды табыс етпеу (206-бап); салық салу объектілерін жасыру (207-бап); кірістерді, шығыстарды және салық салу объектілерін есепке алу ережелерін бұзу (208-бап); салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын кемітіп көрсету (209-бап); салық агентінің және өзге де уәкілетгі органдардың (ұйымдардың) салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттерді орындамауы (210-бап); жалған шот-фактура жазып беру (211-бап); базар аумағына жіберу тәртібін бұзу (212-бап); акцизделетін тауарларды әкелу, тасымалдау, өндіру, сақтау және өткізу ережелерін бұзу (213-бап); таңбалау тәртібі мен ережелерін бұзу (214-бап); фискальдық жады бар кассалық-бақылау машиналарын қолдану тәртібін бұзу (215-бап); банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдар, қор биржалары лауазымды адамдарының салық заңдарында көзделген міндеттерді орындамауы (216-бап); банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық заңдарында белгіленген міндеттерді орындамауы (217-бап); банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер табыс ету (218-бап); салық қызметі органдары мен олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамау (219-бап).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде орын алған салықтық нормалар бойынша тек: азаматтың салық төлеуден жалтаруы (221-бап); ұйымдардан алынатын салықты төлеуден жалтару (222-бап) сияқты екі бап қамтылған.

Салық салу аясында жасалған салықтық (құқық бұзушылықтар) қылмыстар үшін қолданылатын заңи жауапкершілік түрі қылмыстық жауапкершілік болып табылады. Оны

қолдану ерекшеліктері мынадай мазмұнда болады: қылмыстық жауапкершілік тек Қылмыстық Кодексте салықтық қылмыс ретінде белгіленген іс-әрекет жасалған кезде ғана қолданылады; қылмыстық жауапкершілік тек сот арқылы, қылмыстық жазалау нысанында қолданылады; қылмыстық жауапкершілікке тартылатындар аталған кодексте белгіленген жасқа жеткен жеке тұлғалар және заңды тұлғалардың лауазымды адамдары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде салықтық қылмыс жасауға байланысты мынадай шаралар: айыппұл салу; қоғамдық пайдалы жұмыстарға тарту; белгілі мерзімге қамауға алу; түзеу жұмыстарында пайдалану; бас бостандығынан айыру көзделінген.

Мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану барысында мынадай: мемлекет тартқан (мемлекеттің материалдық мүддесіне келтірілген залал-зиянның) материалдық зардаптың нысаны мен мөлшерін айқындау; мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының ішінде көрініс тапқан нақтылы құқық бұзушылықтың сипаты мен қауіптілік дәрежесін есепке алу; мәжбүрлеу шаралары қолданылатын құқыққа қайшы (мемлекет пен қоғамның материалдық мүдделеріне карсы), кінәлі іс-әрекеттердің белгілері мен тізбесін мүмкіндігінше толық айқындау; салықтық құқық бұзушының жеке басына байланысты жәйттерді, кінәсінің сипатын есепке алу; салықтық құқық бұзушылық жасаған тиісті тұлғаға қолданылаты жазаның түрі мен мөлшерін салықтық құқық бұзушылыққа қарсы жүргізілетін күрестің негізгі міндеттері негізінде айқындау; салық салу аясында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының қорғалатын салықтық құқықтық қатынастардың мән-жайына байланысты болуы; салықтық құқық бұзушылықтың бір түрі үшін бірнеше мәрте мәжбүрлеу шараларын қолдануға жол бермеу сияқты принциптерді ұстанған (басшылыққа, негізге алған) жөн болады және салық салу жүйесіндегі конституциялық талаптарды орындауға сәйкес келеді [3].

Жоғарыда айтқандарымызды қорыта отырып, салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеуге мынадай жалпы сипаттама беруге болады: салық салу аясында құқыққа қайшы іс-әрекет жасаған тұлғаға қатысты мемлекеттің каһарлы қарымтасы болып табылады; кешенді құқықтық институт ретінде салықтық, әкімшілік және қылмыстық құқық нормаларынан тұрады; салық заңдарының тиісінше орындалуын және салықтық құқықтық қатынастардағы заңдылықтың сақталуын кепілдендіреді; салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары көбінесе соттан тыс жағдайларда қолданылады; мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану негізінде салықтық құқықтық қатынас субъектілерінің құқыққа қайшы, кінәлі іс-әрекеттері жатады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. 400-б.
2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K17000001207.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 811.512.122

ЖИНАҚЫ МӘТІН БОЙЫНША ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІ

Испулатова Т.З.
2-курс магистранты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университет
Қазақстан, Талдықорған қ.

https://doi.org/10.5281/zenodo.10457056

To Cite: Испулатова Т.З. (2024). ЖИНАҚЫ МӘТІН БОЙЫНША ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10457056

Аннотация

Бұл мақалада жинақы мәтін және оны жазудағы критерийлер, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жинақы мәтін құрастыруға біздің беретін бағыт және деңгейлік тапсырма арқылы оқушылардың ықтимал жауабы талданады.

Кілт сөздер*: компрессия, жоспар, екінші реттік мәтін.*

Аннотация

В этой статье будет показан компактный текст и критерии его написания, направление, которое мы даем для составления компактного текста, соответствующего возрасту учащихся, и возможный ответ учащихся с помощью уровневого задания.

Ключевые слова: *компрессия, план, вторичный текст.*

Annotation

This article will show the text and the criteria for its writing, the direction that the text gives according to the age of the students, and the possible response of the students using a level assignment.

Keywords: *compression, outline, additional text.*

«Жинақтау (компрессия) – мәтінді қайта өңдеудің негізгі түрі. Жинақы мәтін формасы бойынша қысқа, бірақ мазмұны жағынан бай болуы қажет. Жинақы мәтін – бастапқы мәтіннің мазмұнын қысқаша және жалпылама түрде жеткізуі керек. Дегенмен, мәтінді жинақтау кезінде автордың негізгі ойы көрсетіліп, оқиғалардың логикалық реттілігі сақталуы қажет. Сонымен қатар, кейіпкерлер мен оқиғаларды беру кезінде бұрмалануға жол берілмейді.

Мәтінді түсіну – оның ішіндегі жеке сөздерді түсіну. Сол себепті мәтіннің мазмұнын ашатын жеке тірек сөздерді дұрыс тауып, қолдана білу дағдыларын қалыптастыру қажет. Түсіну нәтижесінде оқырманның санасында мәтін құрылымының дәйекті өзгеруі және мәтіннің бір элементінен, екіншісіне ойша ауысу процесі жүреді.

Ең бастысы, бұл семантикалық жинақтау процесі болып, нәтижесінде бастапқы мәтіннің негізгі мағынасын қамтитын жинақы мәтін пайда болады.

Мәтінді жинақтау бойынша жұмыс оны тереңірек түсінуге ықпал етеді және тезистерді, рефератты, аннотацияны, шолуды, сондай-ақ курстық және дипломдық жұмыстарды құрастыру кезінде қажет. Мұны істеу үшін негізгі және қосымша ақпаратты

бөліп көрсете білуіңіз керек, жоспар бойынша мәтін туралы ақпаратты жазбаша түрде көбейте білуіңіз керек.

Жинақтау (компрессия) – мәтіннің семантикалық құрылымындағы бастапқы ойды ашуға және ондағы негізгі ақпаратты бөлуге негізделген. Егер оның негізгі мазмұны сауатты түрде жинақталған болса, мәтін шынымен мағыналы болады.

«Лингвистикалық терминдердің толық сөздігінде» жинақталған мәтін – басқа мәтіннің негізінде жасалған және оның негізгі мазмұнын сақтайтын мәтін деп анықтайды. Екінші мәтіндегі бастапқы мәтіннің авторлық ойы өзгеріссіз қалуы мүмкін, бірақ ол да өзгеруі мүмкін» [1, 62-63 бб].

Мәтінді жинақтау келесі ережелерге негізделеді:

1) мәтінді мұқият оқып, кілт сөздер мен сөйлемдерді ажырату. Кілт сөздер – бұл ақпараттың негізгі мағынасын қамтитын сөздер. Мәтіннің негізгі элементін табу үшін абзацтың құрылымын білу қажет.

Әрбір абзацта негізгі абзац фразасының мәлімдемесі ашылатын және кілт сөздердің қай жерде орналасқандығы туралы түсініктеме бөлігі бар. Абзац қорытындымен аяқталады.

2) қосымша мәтін жазу. Өз позицияларын анықтау үшін бастапқы дереккөзге қатысты екінші мәтіннің авторы арнайы стандартты өрнектерді (клишелерді) пайдаланады, ол бастапқы мәтіннің құрылымын ашады және көрсетеді.

3) жоспарларда, тезистерде, аннотацияларда және рефераттарда мәтіннің негізгі ережелерін атау үшін түйін сөздер мен сөз тіркестері немесе мәтіннің абзацтарының немесе бөліктерінің негізгі мазмұнын қысқаша жеткізу үшін жалпыланған нақты мағынасы бар сөздер пайдаланылады.

Жоспар – жазбаның ең қысқа түрі. Жоспар ғылыми мәтінді, мақаланы ұсынудағы тәртіпті, дәйектілікті көрсетеді. Жақсы жасалған жоспар оқылған материалды түсінуге және есте сақтауға көмектеседі, өйткені жоспар әрдайым мәтіннің құрылымын көрсетеді және мәтін бөліктері арасындағы құрылымдық қатынастарды ашады. Жоспар бойынша мәтін мазмұнын қалпына келтіру өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау құралы болып табылады.

Жоспар бойынша жұмыс келесі кезеңдерді қамтиды: тақырыпты түсіну, микротемаларды анықтау және оларды ұстану.

Мәтінді жинақтаудың негізгі тәсілдері:

а) кішігірім фактілерді қамтитын сөйлемдер немесе олардың фрагменттері (мәліметтер, мысалдар, сандық деректер, т. б.);

б) сипаттамалары мен пайымдаулары бар сөйлемдер;

в) қайталау;

г) бір немесе бірнеше синонимдер;

д) сөйлеудің бір тақырыбын баяндайтын екі іргелес сөйлемді біріктіру арқылы күрделі сөйлемнің қалыптасуы.

Мәтінді жеңілірек түрде ұсыну:

а) күрделі сөйлемді қысқартылған жай сөйлемдерге бөлу;

б) күрделі сөйлемді қарапайым сөйлеммен ауыстыру.

в) диалогты немесе тікелей сөйлеуді жанама түрде аудару;

г) мәтін фрагментін синонимдік өрнекпен ауыстыру.

д) ойды өз сөзімен тұжырымдау [2, 13-17 бб].

Осылайша, жинақталған мәтіннің семантикалық құрылымы – мәтіндегі негізгі ақпаратты айқындауға негізделген. Мәтінді оқушылар түсіну керек, тек осы жағдайда оның негізгі мазмұнын жинақталған сапалы мәтін түрінде көрсетуге болады.

Тыңдалым және жазылым материалы бойынша оқушылар төменде көрсетілген тапсырмаларды орындайды:

ТЫҢДАЛЫМ/ОҚЫЛЫМ – мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау.

ЖАЗЫЛЫМ – оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтін желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін жазу.

Толық мәтін:

Махамбеттің Исатайдан айырылғанына сегіз жыл үш ай. Махамбеттің елден аулақ, Қараойда жалғыз отырғанына да үш ай. Екі көзі ауылдан келетін жолда. Осыдан біраз бұрын туысы Ықылас сенімді кісілерді ертіп келетінін айтып кеткен. Махамбет оған не сенерін, не сенбесін білмей қатты алаңдаулы. Баймағамбет сұлтанның жансыздарын Ықылас бастап ақынның жалғыз үйіне алып келеді. Ақынды жабылып, ұрып өлтірелі. Махамбеттің өлеңі өсиетті, өмірі тағылымды. Ол дұшпанға бас имей кетті…

Махамбеттің үй іші шулап қалды…

Махамбет тілге келмей кетті. Бірақ талайға дейін жүрегі дүрсілдеп, миы шыңылдап, бүкіл өмірі көз алдынан өтіп жатты. Ақырғы сөзі «Әуес» болса, ақырғы ойы «Қайран халқым!» деген екі сөзге сыйды. Жан тәсілім қыларда қанталаған қой көзін кең ашты. Жарық дүниемен қоштасып, Қараоймен араздасты. Ұзақ жолдың түйіні қысқа екенін бірінші рет біліп бара жатты…

Жаңаберген би байлаулы аттарына келе жатты. Түсі өрт сөндіргендей. Тісі опырылып қалған Ықылас:

- Жақа, боталы түйені сіз жетектеңіз! – деп еді, ашулы би:

- Бүлінгеннен бүлдіргі алма! Менің ісім бітті, - деді.

Ықылас Махамбеттің атын мінгенде би тағы ашу шақырды:

- Е, немене, қолыңдағы бастың құны аз ба?! Жетімектеріне қалдыр!

- Сұлтанның әмірі осылай, биеке!

Жаңаберген би жым болды. Махамбеттің жүйрік аты қарабеттің астында кетіп барады [3, 21 б].

Оқушылар үшін мәтіннің толық түрі ұсынылады. Мәтін аудио диск арқылы тыңдалады. Үш рет тыңдаған соң оқушыларға мәтіннен жинақы мәтін құрастыру керектігі туралы тапсырма беріледі. Осы ретте мәтінмен танысқан оқушылар тарапынан мынадай ықтимал жауапттардың бірнеше нұсқасын ұсынсақ:

1-оқушының ықтимал жауабы:

Махамбеттің Исатайдан айырылғанына сегіз жыл үш ай. Махамбеттің туысы Ықылас сенімді кісілерді ертіп келетінін айтып кеткен. Махамбет қатты алаңдаулы. Баймағамбет сұлтанның жансыздарын Ықылас бастап ақынның үйіне алып кеп, ақынды ұрып өлтірді.

Махамбет тілге келмей кетті. Ақырғы сөзі «Әуес» болса, ақырғы ойы «Қайран халқым!» болды.

2-оқушының ықтимал жауабы:

Махамбеттің Исатайдан айырылғанына сегіз жыл үш ай. Ықылас бастаған Баймағамбет сұлтанның жансыздары сол күні ақынды жабылып, ұрып өлтіреді.

Махамбеттің жүрегі дүрсілдеп, бүкіл өмірі көз алдынан өтіп жатты. Ақырғы сөзі «Әуес» болса, ақырғы ойы «Қайран халқым!» болды.

Жаңаберген би байлаулы аттарына келе жатты. Ықылас Махамбеттің атын мінгенде би ашу шақырды:

- Е, немене, қолыңдағы бастың құны аз ба?! Жетімектеріне қалдыр!

- Сұлтанның әмірі осылай, биеке!

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

3-оқушының ықтимал жауабы:

Махамбеттің елден аулақ, Қараойда жалғыз отырғанына үш ай. Екі көзі ауылдан келетін жолда. Баймағамбет сұлтанның жансыздарын Ықылас бастап ақынның үйіне алып келеді. Ақынды жабылып, ұрып өлтірелі. Махамбеттің өлеңі өсиетті, өмірі тағылымды. Ол дұшпанға бас имей кетті…

Махамбет тілге келмей кетті. Ақырғы сөзі «Әуес» болса, ақырғы ойы «Қайран халқым!» деген екі сөзге сыйды. Жан тәсілім қыларда қанталаған қой көзін кең ашты. Жарық дүниемен қоштасып, Қараоймен араздасты.

Жаңаберген би байлаулы аттарына келе жатты. Тісі опырылып қалған Ықылас:

- Жақа, боталы түйені сіз жетектеңіз! – деп еді, ашулы би:
- Бүлінгеннен бүлдіргі алма! Менің ісім бітті, - деді.

Ықылас Махамбеттің атын мінгенде би тағы ашу шақырды:

- Е, немене, қолыңдағы бастың құны аз ба?!
- Сұлтанның әмірі осылай, биеке!

Жаңаберген би жым болды. Махамбеттің жүйрік аты қарабеттің астында кетіп барады.

Мәтінді түсініп оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтап, жинақы мәтін құрыңыз.

Оқушылардың жауапттары түгел дұрыс бола бермейді. Кей жағдайда оқушы мәтіннің негізгі және қосымша ақпаратын ажырата алмай, жинақы мәтін құрастыруда қателіктер жібереді (3-ықтимал жауапта). Алайда бұндай қателіктер жиі болмайды.

Толық мәтін:

Ел мол жиналыпты: ақ сақалды қарттар, егде кісілер, жігіттер мен бозбалалар да жүр.

- *Әне,келе жатыр... Әне,келе жатыр,- деп күбірлесе бастады жиналғандар.*

Қасында пошта бастығы мен болыстық басқарманың бір топ жігіті бар орта бойлы, сұр шекпеннің өңірі ашық күйде, жалаңбас бір кісі келеді екен. Бәріміз де бар ықыласымызбен тесіле қарап қалыппыз. Ол төбешікке шыққан соң, төрдегі ақсақалдардың қолын жағалай алып шықты. Қалған топпен қолын кеудесіне қойып, бас иіп, ізетпен сәлемдесті.

- *Армысыздар, ардақты қауым! – деді ол аздаған қарлыққан дауыспен.*

Аман-есенсіздер ме, қадірменді қариялар! Дендеріңіз сау ма? Туған-туыстарыңыз, мал-жандарыңыз аман ба?

- *Рақмет, қарағым Садық. Өзің де аман-есенсің бе?*
- *Денің сау ма, Садықжан?*

- Балаларың өсіп жатыр ма, қарағым? – деп шалдар шетінен саулық сұрасып жатыр.

- *Рақмет! – деді Садық ақ тістерін көрсете жымиып. – Әзірше аман-есенбіз... [4, 11б]. (Бауыржан Момышұлы)*

1-оқушының ықтимал жауабы:

Ел мол жиналыпты.

- Әне,келе жатыр,- деп күбірлесе бастады жиналғандар.

Қасында пошта бастығы мен болыстық басқарманың бір топ жігіті бар жалаңбас бір кісі келеді екен. Бәріміз де бар ықыласымызбен тесіле қарап қалыппыз. Ол төбешікке шыққан соң, төрдегі ақсақалдардың қолын жағалай алып шықты. Қалған топпен қолын кеудесіне қойып, ізетпен сәлемдесті.

- Армысыздар, ардақты қауым! – деді ол. Аман-есенсіздер ме, қадірменді қариялар!
- Рақмет, қарағым Садық. Өзің де аман-есенсің бе?

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

- Балаларың өсіп жатыр ма, қарағым? – деп шалдар шетінен саулық сұрасып жатыр.
- Рақмет! – деді Садық жымиып. – Әзірше аман-есенбіз...

2-оқушының ықтымал жауабы:

- Әне,келе жатыр... Әне,келе жатыр,- деп күбірлесе бастады жиналғандар.

Қасында пошта бастығы мен болыстық басқарманың бір топ жігіті бар. Бәріміз де тесіле қарап қалыппыз. Ол төбешікке шыққан соң, төрдегі ақсақалдардың қолын жағалай алып шықты.

- Армысыздар, ардақты қауым! – деді ол аздаған қарлыққан дауыспен. – Аман-есенсіздер ме, қадірменді қариялар! Дендеріңіз сау ма?
- Денің сау ма, Садықжан?
- Рақмет! – деді Садық ақ тістерін көрсете жымиып.

Оқушылардың жазған жауаптары арқылы әр оқушы жинақы мәтінді жазуда әр түрлі тәсілді қолданатыны, бірі тек кілт сөздерді теріп, сол арқылы сөйлемді жинақтаса, кей жағдайда қажет ақпаратты да, қажеті жоқ ақпаратты да қысқартып, мән-мағынасыз сөйлем құрайтындығына да кездеседі.

Толық мәтіннен жинақы мәтін құрастыру арқылы оқушылар:

- Нақты ақпаратты ойда сақтауға;
- Жоспар құра білуге;
- Аз уақытта тапсырманы орындай алуға дағдыланады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Матвеева Т.В. Полный словарь лингвистических терминов. - Ростов-на-Дону, 2010. - 62-63 бб.

2. Ладыженская, Н. В. Учимся составлять опорный конспект / Н. В. Ладыженская // Русский язык в школе. - 2001. - N 5. - 13-17 бб.

3. Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйтерек. 2 бөлім Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Рахметова Р.С., Рауандина А.Қ., Жайлаубаева Қ.С - 21б.

4. Қазақ тілі: Арман ПВ. Ермекова Т., Отарбекова Ж., Тоқтыбаева Г. 2018ж. - 11б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Қабылбекова Мөлдір Ержановна
Байжанова Орынгул Қанатқызы
Жанысбек Аружан Дәуренқызы
Қазақстан, Алматы, Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінің өндірістік оқыту шебері мен 114-БОП студенттері, 1 курс

https://doi.org/10.5281/zenodo.10457079

To Cite: Қабылбекова Мөлдір Ержановна, Байжанова Орынгул Қанатқызы, & Жанысбек Аружан Дәуренқызы. (2024). ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10457079

Елбасы «Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім мен кәсіби іскерлік дағдылар – қазіргі заманғы білім беру мен кадрларды даярлаудың басты бағыты» екендігін ерекше атап өткен болатын. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі қазіргі оңтайлы жаңалықтар – кәсіби білім беру мен оның сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық заманауи технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру сияқты мәселелерге тікелей қатысты. Кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуы сол елдің білім беру жүйесі мен азаматтарының білім деңгейіне байланысты екендігін жақсы білеміз. Демек білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық дәрежесі мен инновациялық күйі қалыптасады. Бүгінде таңда дуальды оқыту технологиясы техникалық және кәсіптік білім беру саласында жұмысшы кадрларды даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып отыр. Өндіріс жағдайларына икемделген, жұмыс орнында тәжірибе мен теорияға бағытталған, тәжірибелік сағаттардың оқу бағдарламасына үйлесіммен біріктірілген мамандарды дайындау білім берудің дуалды жүйесінің үлгісі. Дуалды оқыту жүйесі жұмысшы мамандықтар бойынша мамандар даярлаудың тиімді формаларының бірі болып табылады.

Жаһандану дәуірінде осындай мақсатты жүзеге асыру жолында, жас ұрпақты отансүйгіштікке, еңбекке баулу, жан- жақты дамыту және терең білім беру, болашаққа жол бастап мамандықтар көкжиегіне жол сілтеу ісінде ұстаздардың ролі айрықша екендігін түсінеміз.

Әрбір баланың қабілеті мен қарымын, мүмкіндігі мен, қызығушылығын ескере отырып кәсіби бағдар беру ата аналар мен ұстаздардың міндеті, себебі жастар – еліміздің, ұлтымыздың болашағы.

Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті маман даярлау және еңбек нарығына білімді, білікті кәсіби жұмысшы мамандарды ұсыну мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп отырған мәселе.

Техникалық және кәсіптік білімнің бәсекеге қабілетті ілгерілеп дамуы мемлекет, бизнес құрылымдарының және азаматтардың әлеуметтік жағдайына зор серпін береді. Дуалдық жүйе маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді. Сонымен қатар, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан ортаға бейімделген дайын маман болып қана қоймай, өндірісте өздігінен шешім қабылдай алатын, теория мен тәжірибені меңгерген, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын тұлға болып қалыптасады.

Дуалдық оқыту жүйесі үштік одақтың бірлескен жұмысы болып табылады, әлеуметтік серіктестік- өндіріс, техникалық және кәсіптік оқу орны және кәсіпкерлікті дамытуға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін кәсіпкерлер палатасы. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы дуалды оқыту туралы үшжақты келісім-шарттардың жасалуына ықпал етеді, дуалды оқытуды қолдана отырып, оқу материалдарын, білім беру оқу жоспарларын жасауға қатысады, дуалды оқытуда оқыған түлектерді жұмысқа орналастыруға көмек шараларын әзірлейді және жүзеге асырады, кәсіпкерлік субъектілерінің кәсіби кадрларға қажеттіліктерін бақылау, аймақтық кәсіпкерлер палаталарының жұмысын үйлестіру, дуалды оқыту шеңберінде басқа өкілеттіктерді жүзеге асыру бойынша қолдау көрсетеді. Осы үштік одақтың бірлескен жұмысы ғана нарық талабына лайықты маман дайындау механизмдерін жүзеге асыра алады.

Қазіргі кезде кәсіптік техникалық білім ордалары заманымызға сай жаңару мен даму үстінде. Бұл кәсіптік білім беруде оқытудың заманауи бағдарламалары мен оқыту әдістемелерін жаңғырту, игерудің маңызды екендігіне тағы да көз жеткізе түседі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес оқытудың барлық кезеңінде практиканың әр түрлі түрлері ұсынылады: оқу, өндірістік (технологиялық) және диплом алдындағы. Бір-бірін алмастыратын және толықтыратын, олар кәсіби маман қалыптастыруға бағытталған тұтас білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады

Колледжде өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы ұйымдастыру Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Кәсіби практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын және ұйымдарды практика негіздері ретінде айқындау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы No 107 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы No 242 «Типтік нысанын бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 «Дуальды оқытуды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіби практика - оқу процесінің маңызды бөлігі. Ол Мемлекеттік білім беру стандартына, кәсіптік практиканы өткізуге арналған әдістемелік ұсыныстарға, оқу жоспарларына сәйкес ұйымдастырылған және кіріспе, оқу, диплом алдындағы, өндірістік практика және өндірістік практикадан тұрады.

Өндірістік оқыту және практикалық сабақтар барысында студенттерде практикалық оқуға жауапкершілікпен қарау, басқа адамдармен ынтымақтастыққа дайын болу, өз бетінше шешім қабылдау қабілеті, болашақ жұмысына шығармашылық көзқарас қалыптасады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

46 жыл тарихы бар Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі осы жылдар аралығында көптеген жас мамандарды еңбек нарығына қанат қақтырды, тұлға ретінде қалыптасып, өмірден өз жолдарын табуға мүмкіндік жасады. Бүгінде 2023 оқу жылында колледжімізде «Тамақтандыруды ұйымдастыру», мамандығы бойынша дуалды оқыту жүйесі бойынша білім беруде.

Қазіргі таңда аталған мамандықтарды тәжірибеден өткізу мақсатында кәсіпорындар мен әлеуметтік серіктестіктер арасында үш жақты келісім шарттар жасалынды. Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі 114 БОП,

1 курс студенттері ТОО «Скиф Трейд» Small дүкендер желісінің асханаларында 25 студент дуалды оқыту жүйесіне қамтылды. Бұл жоба біздің колледжде 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап жүзеге асырылып келеді.





Еңбек нарығы әрдайым жоғары білікті мамандарды қажет етеді, жоғары кәсіпқойлық маңызды капиталдың бірі болып қала береді. Мақсатты дуалды оқыту кезінде студент белгілі бір кәсіби құзыреттіліктерді, сондай-ақ ұжымда жұмыс істеу қабілеті, технологиялық шешімдерді оңтайлы таңдау дағдылары, берілген қызмет саласы үшін жауапкершілік сияқты жеке қасиеттерді алады.

Дуалды оқыту жүйесінің қиыншылықтары да жоқ емес. Мамандарды даярлаудың жүйесін реттейтін заңнамалық және нормативтік-құқықтық база шеңберінде жұмыс істеу көзқарасын қалыптастыру өзекті мәселе. Жұмыс берушілердің алдында Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес кәсіптік практикаға, сондай-ақ өндірістік оқытуға орындар ұсынып, қауіпсіз жағдайлар жасау, шарттарда көзделген ережелерді орындау міндеті тұр, оқу бағдарламасына түзетулер енгізу бойынша ұсыныстар беру үшін оқу орнының материалдық-техникалық базасымен танысу, оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайтуға көмектесу аса маңызды шешім күтетін мәселе.

Дуалды оқыту жүйесі Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швейцария сияқты көптеген еуропалық елдерде және соңғы жылдары Қытайда және Азияның басқа да елдерінде кең тараған және оң нәтижеге ие болып отырған дәлелденген жүйе. олай болса дамыған елдердің қатарында еліміздің де биік тұғырдан көрінетіне сенімдімін. Біздің басты бағытымыз өскелең ұрпақты туған жері мен елін сүйетін, білімді де білікті, нағыз өз маманының шебері етіп тәрбиелеу. Тәлімгерлеріміз сапалы білім алып, отанға деген патриоттық сезімін, еліне деген сүйспеншілігін болашаққа деген нық сеніммен қадам басып өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайтынына кәміл сенемін!

Германия қаласы BSW – білім беру орталығындағы өткен тәжірибеме сүйенсек 70% кәсіпорында яғни аптаның дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі күндері өндірістік тәжірибеден өтсе 30% яғни бейсенбі, жұма күндері білім беру ұйымында оқиды.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қазақстан – 2050» стратегиясы –қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
3. «Кәсіптік мектеп» журналы №2, 2010 ж.
4. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 882:82.091

СПОСОБЫ ВЫРАЖЕНИЯ «ЧУЖОГО СЛОВА»В ТВОРЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ ПИСАТЕЛЕЙ (НА МАТЕРИАЛЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Л.ПЕТРУШЕВСКОЙ)

Аладьина Ангелина Алексеевна,
Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати,старший кандидат филологических наук, доцент кафедры "Русский язык и литература", г.Тараз, Республика Казахстан
Минайдарова Мария Естаевна,
Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати,старший кандидат педагогических наук, доцент кафедры "Русский язык и литература", г.Тараз, Республика Казахстан
Жумагалиев Равиль Абилович,
Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, старший преподаватель кафедры "Русский язык и литература", магистр педагогики и психологии,
г.Тараз, Республика Казахстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10457110

To Cite: Аладьина Ангелина Алексеевна, Минайдарова Мария Естаевна, & Жумагалиев Равиль Абилович. (2024). СПОСОБЫ ВЫРАЖЕНИЯ «ЧУЖОГО СЛОВА»В ТВОРЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ ПИСАТЕЛЕЙ (НА МАТЕРИАЛЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Л.ПЕТРУШЕВСКОЙ). В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10457110

Аннотация: В художественной литературе XXI века изменились способы выражения чужой речи в текстовом пространстве произведений в связи с экспансией разговорного синтаксиса в письменную речь. Современные авторы используют в своём повествовании голоса "человека с улицы".
Ключевые слова: разговорная речь, письменная речь, чужая речь, непомеченная прямая речь, частично маркированная прямая, несобственно - прямая речь, внутренняя речь, авторская речь, несобственно- авторское повествование, контаминированная речь.
Annotation: In the fiction literature of the 21st century some approaches of inclusion into the textual space of work. The modern authors actively use in their narration such phenomenon as the voice of “a man from street”.
Key words: oral speech, written speech,someoneelse'sword, unlabeled direct speech, partially marked direct speech, improperly direct speech, inner speech, author speech, improperly- author narration, contaminated speech

Проблема организации "чужого слова" в творческом контексте прозаиков относилась и относится к числу остро дискуссионных и актуальных проблем на современном этапе становления литературного процесса. "Чужое слово" подвергается существенной трансформации под влиянием разговорной стихии, разговорного (рубленного) синтаксиса, ворвавшегося в письменную кодифицированную речь литературного произведения. Традиционно описанные формы чужой речи (прямая, косвенная, несобственно- прямая) выступают у писателей- прозаиков XXI века в контаминированном виде, а именно: обнаруживается проникновение одной формы речи в другую, в результате чего возникает инновационное "чужое слово" [1, 45]. Становятся

частотными такие формы выражения "чужого слова", составлявшие ранее лингвистическую периферию, как непомеченная прямая речь, частично маркированная прямая речь, полупрямая речь, содержащая, с одной стороны, элементы прямой речи ,а с другой- компоненты косвенной речи. Преображается и косвенная речь, то есть собственно- косвенная речь в основном уступает по частотности скрытой косвенной речи, "живописной" косвенной речи. Следует отметить, что в прозе современных писателей не прослеживается резкое разграничение авторской речи и речи персонажей: они представлены как "голоса автора и персонажей"; тесно переплетаясь, они создают, по оценке учёных- исследователей, "двуголосое повествование". Выбор языковых средств у современных прозаиков (в нашем случае у Л.Петрушевской) подчинён созданию несобственно-авторского повествования, в котором успешно осуществляется установка автора на воспроизведение стихии устно -разговорной речи. К стилеобразующим в прозе Л.Петрушевской следует отнести также лексические и синтаксические средства устно-разговорной речи. Важным является то, что они используются не только в сфере персонажа, но и в сфере автора, благодаря чему достигается единство стилистической организации художественного текста. Наибольшего внимания заслуживают разговорные единицы в сочетании с несобственно- прямой речью как зоной максимального сближения голосов автора и главных персонажей. Виртуозное сплетение в творческом контексте Л.Петрушевской разных форм передачи "чужого слова" выполняет различные функции. К основным функциям можно отнести создание многоголосия художественного произведения, включение различных (порой полярных) мировоззренческих позиций, чёткое выражение оценочных контекстов, создание эффекта непринуждённой устно-разговорной повествовательной речи, наполненной субъективно модальными контекстами. Многоаспектная проблема "чужого слова", его организации, эффективное использование языковых средств, особенностей их функционирования в интерьере того или другого современного писателя, является актуальной и чрезвычайно перспективной и в настоящее время.

Цель статьи заключается в выявлении и описании функциональных разновидностей способов передачи чужой речи, их различных модификаций, анализ системных средств, использованных для передачи чужой речи в современной прозе на материале рассказов и повестей Л.Петрушевской. Объектом исследования выступают произведения художественной литературы, позволяющие проследить кардинальные изменения в способах организации"чужого слова" у современных авторов. Предметом исследования являются разнообразные способы включения чужой речи, характерные для современной русской прозы. Гипотеза исследования заключается в предположении, что в современной русской художественной литературе способы включения чужой речи претерпевают значительные изменения. Мы считаем, что в прозе Л.Петрушевской сосуществуют различные комбинации основных форм чужой речи, в результате чего возникают смешанные синтаксические построения той или иной степени сложности. В последние десятилетия всё более распространённой в сфере современной художественной прозы является ориентированность и направленность на устную разговорную речь. Это связано не только с процессом демократизации русского языка в целом, но и со стремлением авторов ввести в повествование многоголосие "человека с улицы". Широкое использование разговорной речи прослеживается не только в персонажной сфере, но и в авторской. Ярким примером использования элементов разговорной речи в художественной прозе являются произведения Л.Петрушевской. Следует отметить, что проникновение разговорной речи в художественную литературу наблюдается на уровне всех языковых средств, но прежде всего на уровне лексики и синтаксиса. Научное изучение проникновения конструкций разговорного синтаксиса в письменную речь

представляется чрезвычайно актуальным для читателя, так как под воздействием этого процесса оказались способы организации "чужого слова" в творчестве многих современных писателей. Под термином "чужая речь" каждый исследователь понимает группу разнородных в структурном отношении конструкций, объединённых широким мотивационным признаком передачи чужого высказывания. Понятие "чужая речь" стало широко распространено благодаря работам М.Бахтина о диалоге, о "чужом слове" как универсальной общекультурной категории [2, 2]. Чужая речь- явление многомерное и многоаспектное, так как она рассматривается на уровне устного речевого высказывания и художественного текста, монологической и диалогической речи, стилевой отнесённости, а также на уровне синтаксиса, морфологии, пунктуационных и интонационных средств. В лингвистической литературе используется обширный понятийный аппарат, позволяющий увидеть и выделить общие перспективные вопросы и проблемы, связанные с её дальнейшим изучением. До настоящего времени отсутствует общепринятая концепция чужой речи. Разобщённость как самих зафиксированных языковых фактов чужой речи, так и лингвистических понятий, их описывающих, приближается к критической массе,поэтому сфера чужой речи требует, по мнению Н.В.Максимовой, теоретического осмысления с точки зрения её целостности. Под целостностью теоретического осмысления чужой речи Н.В.Максимова понимает наличие концептуальных оснований описания, позволяющих рассматривать широкий круг проблем: фактор структуры, семантики, функционального потенциала чужой речи и другие [3,18]. Описание чужой речи опирается на методику полевого структурирования, которая позволяет рассматривать различные по своему языковому статусу виды чужой речи следующим образом: конструкции с прямой речью составляют ядро поля данной семантической зоны,а другие способы передачи чужой речи воспринимаются как периферийные. Некоторые современные исследователи вводят в лингвистику новые синонимичные "заменители" понятия "чужая речь", например, Т.Е.Трощинская-Степушина заменяет термин "чужая речь" диалогом. Она отмечает, что в основе построения художественного текста лежит принцип диалога: художественный дискурс вводит любое слово в диалогическое измерение, в котором начинается взаимодействие разных голосов, включая авторский и внутренние голоса различных субъектов [4,79]. Эта мысль нашла своё воплощение в трудах Л.В.Щербы, который отмечал, "что подлинное своё бытиё язык обнаруживает лишь в диалоге"[5,155]. Лингвисты обращают внимание на то, что изучение внедрения чужой речи в ткань художественного произведения является одной из актуальнейших проблем лингвистики текста. Средством реализации авторских задач в художественной литературе является прямая речь как важнейший приём характеристики персонажа, помогающий выделить в нём как типичное, так и индивидуальное. Современный учёный А.М.Ломов в своей работе "Чужая речь в письменном тексте", напротив, оспаривает традиционное мнение о том, что прямая речь точно воспроизводит чужие высказывания. Он считает, что "вопреки мнению большинства лингвистов прямая речь предполагает неточное воспроизведение чужого высказывания, а всего лишь имитацию буквальной передачи этого высказывания в плане его языковой организации"[6,13]. Неточное воспроизведение содержания чужой реплики в прямой речи, по мнению А.М.Ломова, достигает своего пика, когда прямая речь оформляется в виде "неразвёрнутой чужой речи"."Неразвёрнутая" же прямая речь предполагает редукцию отдельных деталей содержания, которые можно оценить как неактуальные."Замещённая" и "неразвёрнутая" чужая речь изучены в неполной мере. Косвенная речь является способом передачи чужой речи, предполагающим её пересказ конкретным автором конкретного речевого произведения. Косвенная речь существует в нескольких разновидностях. Сюда относятся собственно косвенная речь, скрытая косвенная речь,"живописная" косвенная речь. В

первом случае речь персонажа обработана автором, освобождена от индивидуальных особенностей и оформлена как придаточное предложение."Живописная" косвенная речь приближается к прямой, воспроизводя не только слова, но и интонацию. "Живописная" косвенная речь представлена как некая пограничная зона между чётко выраженной прямой и косвенной речью. При "живописной" косвенной речи прослеживается формальное преобладание авторской позиции, подрывающей изнутри усиление в ней голоса персонажа. Характерно, что голос персонажа воспроизводится иногда даже с помощью таких приёмов, как жесты, мимика. Несобственно- прямая речь характеризуется нестандартными видами включения чужой речи в художественный текст: читатель ярко видит в ней слова персонажа как бы через призму сознания автора - повествователя. В несобственно- прямой речи повествователь вытесняется персонажем, который и становится говорящим.Основным признаком несобственно-прямой речи следует назвать её двуплановость, проявляющуюся в неоднозначности грамматических показателей принадлежности речи самому персонажу (как в прямой речи) и пересказывающему её повествователю (как в косвенной). Включение несобственно-прямой речи в повествование позволяет автору выразить невысказанные мысли действующего лица, показать наглядно речевое своеобразие героя. Суть несобственно-прямой речи состоит в слиянии голосов автора и персонажа. Наряду с несобственно-прямой речью на базе эпического текста современными исследователями в области чужой речи выделяется понятие "внутренняя речь персонажа", которая передаётся несколькими способами, а именно: в форме прямой речи героя, косвенной речи, в виде авторского повествования, при помощи несобственно- прямой речи. Каждый из представленных способов изображения внутренней речи наделён своими типическими характеристиками в аспекте структуры, семантики и стилистического функционирования в художественном тексте. Учёные по-разному решают вопрос о соотнесении в художественном произведении внутренней и несобственно- прямой речи. Лингвисты отождествляют понятие "внутренняя речь" и "несобственно прямая речь", применяя их как термины синонимичного характера: "несобственно- прямая речь", "пережитая речь", "внутренняя речь", "внутренний монолог".Следует отметить, что в языковой картине эпического текста образ "чужого слова" остаётся не до конца изученным.

Материалами исследования послужили рассказы и повести Л.Петрушевской. Стилистика произведений писателя ориентируются на живую, разговорную стихию не только в персонажной речи, но и в авторском повествовании.

Цель и выдвинутые задачи определили выбор эффективных методов исследования. Основными являются: описательный, индуктивно-дедуктивный, предполагающий наблюдение, анализ, классификацию и последующий синтез рассматриваемых явлений; метод лингвистического анализа, под которым понимается способ исследования языковых единиц с точки зрения их функционального значения в высказывании, а также метод концептуального анализа.

В произведениях Л. Петрушевской органично совмещены «мужское» и «женское» начала. В центре ее повествования семейно-бытовые события, которыми отличается жизнь женщины. Однако эти самые обычные, на первый взгляд, житейские истории наполнены значимыми мотивами: литературными, библейскими, мифологическими. Основными концептами являются Человек, Женщина, Мужчина, Ребенок, Жизнь, Смерть, Время, Пространство [7, 239].

Исследователями творчества Л. Петрушевской не раз было отмечено, что автор пользуется лапидарными художественными средствами: «А если точнее – то едва ли не единственным, но доведенным до совершенства за многие годы творчества: речевой характеристикой» [8, 33]. Автор сознательно индивидуализирует речь персонажей,

наделяя того или иного героя определёнными речевыми характеристиками. Прямая речь помогает писателю более точно ознакомить своего читателя с индивидуальными качествами персонажей, их поведением. Л.Петрушевская активно использует и косвенную речь персонажа, традиционно оформленную с синтаксической точки зрения. Часто можно встретить в прозе автора и диалог .

На репликах героев может быть построен сюжет целого рассказа Л. Петрушевской. В рассказе «Черное пальто» диалоги персонажей занимают 70% от всего содержания произведения, а два рассказа «Медея» и «Гость» Л. Петрушевской полностью построены только на диалоге. Диалог персонажей – «живые голоса людей» – занимает центральное место в поэтике некоторых её рассказов. Л. Петрушевская предлагает «выслушать» героев повествования самому читателю, а отсюда некоторые её рассказы начинаются и завершаются диалогами героев.

Благодаря коммуникативному акту в форме диалога, писатель выражает сложные межличностные отношения персонажей, стараясь с максимальной художественной точностью воспроизвести мысли и чувства каждого героя.

В творчестве Л. Петрушевской диалог представлен как соединение письменной речи с квази-устной прямой речью. Если авторская (письменная) речь характеризуется синтаксической полнотой и протяженностью предложений, то речь персонажей (квази-устная речь) отличается эллиптичностью, краткостью и существенной контекстуальной зависимостью предложений.

Излюбленным синтаксическим приёмом у автора становится введение прямой речи персонажа в повествование без каких-либо графических показателей:*Софа быстро вышла. Заперла номер и пулей сбежала по лестнице в столовую, съела то, что осталось на столе, – яйцо, холодную кашу и хлеб с сыром. Официантки собирали посуду. Фу, пронесло (Л. Петрушевская «Найди меня, сон»).*

Кроме того, автор использует частично маркированную прямую речь: *Она сказала ему: раз ты не учишься, поработай, как я. Я на всякую работу согласна ради тебя. Он стал говорить, что в жизни не будет, как его мать, гнуть спину за копейки (Л. Петрушевская «Чудо»).*Прямая речь обозначена только двоеточием, при этом опущены кавычки: отсутствие кавычек переводит прямую речь персонажей в бессоюзное сложное предложение, изменяя и интонационный рисунок конструкции, однако глагол *сказала* позволяет разглядеть здесь именно прямую речь.

В следующем примере прямая речь персонажа отделена от слов нарратора, напротив, только кавычками: *Полковник выстрелил, но, как видно, не попал, потому что летчик все продолжал бормотать свое «пошли, пошли», а тем временем раздался гул машин, и на поляну выехала колонна немецких грузовиков с солдатами (Л. Петрушевская «Рука»).* Прямая речь, оформленная лишь кавычками, вливается в общий поток говорения. Эти конструкции можно рассматривать как имитирующие говорение, в стилистическом плане их отличает разговорность. Оформление косвенной речи персонажа как прямой, без соблюдения пунктуационных и синтаксических особенностей – один из излюбленных приемов включения чужой речи в контекст рассказов и повестей Л. Петрушевской: *Мать выпила, откашлялась и продолжала: «Что мечтаешь, то сбудется, Надя, поверь мне! Поднеси и ты ему, сделай свое дело. Он тебя выбрал. Помнишь бабу на почте? Это была я. Он посылал за тобой. Помнишь ту старушку? Он сказал, Надя пойдет на все, не побоится, ей надо с Вовой окончательно решать. Да ты не волнуйся. Тебе тяжело с сыном, а моему сыну тоже тяжело» (Л. Петрушевская «Чудо»).*

В следующем примере прямая речь выделена лишь восклицательной интонацией, что позволяет писателю «говорить» вместе со своими персонажами: *Сопрано бы в кабак не взяли. Так она сама говорила. Еще не время! (Л. Петрушевская «Призрак оперы»).*

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Включение прямой речи происходит с помощью двоеточия и вводящих прямую речь глаголов: *должен был сказать*: *Он-то, Лева, строил свои дальнейшие планы на основе ее отказа, он затем* ***должен был сказать так: ну живи тут, ну пользуйся, чем женщина ближе к центру, тем она дороже, ты же принимаешь гостей. Но тогда не жди никаких алиментов.*** *(Л. Петрушевская «Три лица»).* Начало прямой речи персонажа может быть обозначено и просто знаком «-»: *Много лет спустя Самсон позвонит и мягким, нетрезвым голосом* ***скажет – а, да что там, одну тебя и любил всю жизнь.*** *И положит трубку (Л. Петрушевская «Как цветок на заре»).*

В прозе писателя встречаются случаи, когда косвенная речь персонажа постепенно превращается в прямую: *Д., идя домой, поразилась, никто ей не говорил никогда, что она стала красавицей, мать, наоборот, критически смотрела на Д. и была всегда недовольна ее ростом, дородностью, румянцем,* ***кричала, что меньше есть надо булочек в институте, что сейчас не модно быть толстой, не нажирайся хоть на ночь, опять все конфеты уничтожила!*** *(Л. Петрушевская «Лабиринт»).* Автором может быть выбран совсем иной «нетрадиционный» способ введения прямой речи персонажа в повествование: *Пела в полный голос первый раз после тяжелейшей ангины. Ангина была как смерть.* ***Ты бледна как смерть (мамины слова)*** *(Л. Петрушевская «Как цветок на заре»).*В данном случае вводящий прямую речь глагол вместе с именем говорящего заключается в скобки, а сама прямая речь никак не отделена от речи повествователя. Часто прямая речь персонажей в тексте выделяется лишь интонационно: *Она повела его к тренеру сразу.* ***Вот такие дела творятся в вашем бассейне! Избили ребенка! Вы не следили! Вы! Вы обязаны! Это теперь ваша обязанность, да, охранять его!*** *Ну хорошо, прошел тот маленький момент, это был дурной педагог, не рассмотревший будущего чемпиона, злой и мстительный человек. (Л. Петрушевская «Из учебника жизни»).*

Приведенный пример иллюстрирует процесс вторжения прямой речи персонажа, не обозначенной графически, в художественный текст автора. Это явление в современной лингвистике называется «несобственно-авторским повествованием» [9, 234]. К такому виду «несобственно-авторского повествования» можно отнести и случаи смешения в рамках одного синтаксического целого косвенной и прямой речи персонажей, которые при этом часто еще и сливаются с речью самого повествователя:

И очень уж просто он позволил женщине заплатить за себя в ресторане.
Тем более, как объясняла потом сопрано, ***он же не ел ни фига*** *!* ***И вино не пил.***
Но они обе поняли, что он из тех мужчин, за которыми нужен глаз да глаз, которые мгновенно становятся объектом заботы. ***Одеть-обуть, накормить – это еще полдела. Не обидеть! Не задеть ни единым словом. Создать обстановку! Поддержать и обогреть эту беззащитную душу!*** *(Л. Петрушевская «Призрак оперы»).*Между авторской речью и чужой в художественном тексте писательницы выстраиваются сложные отношения: возникает «совмещенная речь», связанная с процессом речевой интерференции. Особенность несобственно-прямой речи Л. Петрушевской- контаминация голосов автора и персонажа или, по В. В. Виноградову, «скольжение речи по разным субъектным сферам» [10, 64].

- в науке знание английского повышает зарплату на 30%, в IT — на 35%, в PR и маркетинге — на 32%.

В условиях информационного общества знания и квалификация приобретают первоочередное значение в жизни человека. Поэтому, повышение значимости иностранного языка, его востребованность оказывают влияние на содержание, задачи и динамику развития современного общества. Таким образом, изучение английского языка – жизненная необходимость, является обязательным в современном мире, являющимся комплексом взаимосвязанных частей, поскольку знание английского языка способствует коммуникации и глобальному взаимопониманию. Внутренняя мотивация определяет отношение студента к предмету, и, в конечном счёте, обеспечивает продвижение в овладении английским языком. Например, когда ему нравится говорить, читать на иностранном языке; воспринимать иноязычную речь; узнавать новое; когда подросток получает удовольствие от выполняемой работы, то в этом случае можно сделать вывод о сформированности интереса к предмету «английский язык», и то, что этот интерес влияет на дальнейшее самоопределение подростка. И подводя итоги можно долго рассуждать о том почему и для чего необходим английский язык в обучении специалистов технической сферы, то что это плюс к вашей конкурентоспособности это сто процентов, в любой фирме, предприятии необходимы специалисты, которые не только знают свою профессию и работу, но так же и стремятся развиваться и идти дальше. При изучении языков мы открываем каждый раз новую вселенную и почему бы этой вселенной не быть бизнес вселенной на английском языке, которая поможет в дальнейшем при трудоустройстве.

Список литературы:

1. Горбина, М. А. Иностранный язык как составляющий фактор конкурентоспособности современного специалиста / М. А. Горбина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 10 (114). — С. 1202-1204. — URL: https://moluch.ru/archive/114/30270/

2. Характеристика специалистов с иноязычной компетентностью на современном российском рынке труда // Молодой ученый. 2011. №11. Т.2. С. 99-101.

3. https://englex.ru/learn-english-for-successful-career/

4. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). - М., 2009.

5. https://netology.ru/blog/10-2022-english-for-career

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

БАЛАЛАР ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ

Мұхамедияр Ақбота Қайратқызы
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, ғылыми қызметкер, PhD докторант
Алматы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10459841

To Cite: Мұхамедияр Ақбота Қайратқызы. (2024). БАЛАЛАР ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10459841

Аннотация. Ғылыми мақалада қазақ балалар ойындарының тұлғалық даму үдерісіндегі тигізер әсері қарастырылды. Сонымен қатар басқа ойын түрлерінен ерекшелігі мен айырмашылықтары талданды. Балалар ойындары фольклорына байланысты айтылған қазақстандық және шетелдік зерттеушілер мен ғалымдардың пайымдаулары мен пікірлері ескерілді. Қазіргі таңдағы бала санасындағы ойындардың алар орны мен берер пайдасына басымдық берілді.

Ойын баланың зейіндік (интеллектуалдық) қабілетінің артуына және дене бітімін физикалық тұрғыда қалыптастырады. Сәби анасының құрсағында біткен сәттен бастап, айналаны сезіп біле бастайды. Дүниеге келген шақта «бесік жыры», «әлди» сынды уату-жұбату ойын-өлеңдері айтылады. Бозбалалық шаққа дейін «асық ойыны», «шілдек», «қуаласпақ» жетіле келе «бәйге», «тай жарыс» сияқты ойындармен ойнап өседі. Сондықтан да ойындық фольклорда оның ішінде қазақ балалар ойындарының орны ерекше саналады.

Қазақ балалар ойындарының негізгі қажетті құрал-жабдықтары (атрибуттары) «тас», «қайшы», «ағаш» т.б. заттар жатады. Сондай-ақ айналадағы тіршіліктің және төрт түліктің де әртүрлі символикалық мән-маңызына екпін беріледі.

Мақалада ойынның ойналу процесіне, сөз ойындары мен қимыл-әрекеттің ерекшеліктері баяндалады. Интернет ойындарының баланың ой-санасына (психикасына) әсер ету факторы, пайдасы мен зияны төңірегінде сараптама жасалып, ой тұжырымдар келтіріледі.

Кілт сөздер: Балалар ойындары, ойын-өлеңдер, даму, символика, процесс, фактор.

Abstract. The scientific article examines the influence of Kazakh children's games on the process of personal development. The features and differences from other types of games were also analyzed. The opinions and views of Kazakhstani and foreign researchers expressed in connection with the folklore of children's games were taken into account. The article focuses on the benefits and place of games in the child's mind at the present stage.

The game helps to increase the attention (intellectual) abilities of the child and forms the physical form. The baby begins to feel and know the world around him from the moment he is in the womb. When a baby is born, lullabies are sung. Until adolescence, children play assik, namely games called "shildek", "kualaspak", and after growing up, they switch to games such as "baiga", "tai zharys". Therefore, Kazakh children's games occupy a special place in gaming folklore. Attention is also focused on various symbolic meanings of everyday life and pets.

The article describes the features of the gameplay, verbal games, and gestures. The factors of influence, benefits, and harm of Internet games on a child's thinking (psyche) are analyzed and conclusions are given.

Keywords. children's games, poetry game, development, symbolism, process, factor.

Кіріспе. Ойындық фольклордың адамзат баласы өміріндегі орны мен рөлі айрықша екені белгілі. Соның ішінде ен-далада көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз әр баласының тұлғалық дамып жетілу жолын қадағалаған. Оған көмек етуші фактор ойын элементтері болған. Анасының құрсағына бітіп, шыр етіп дүние есігін ашқан сіттен бастап «бесік жыры», «әлдиді» естиді. Ары қарай жасына жас қосылған сайын ойынайтын ойындары да өзгеріп отырады. Бұл процестер бозбалалық кезеңге дейін жүзеге асады. Балалар ойындары туралы алғашқы пайымдауларды фольклортанушылар, этнографтар, мәдениеттанушылар, педагогтар, әдебиеттанушылар мен тарихшылар түрлі-түрлі тұжырымдар айтқан. Алғаш рет балалар ойындарына қатысты ой-тұжырымдарды У.И. Хейзиг, М.Бахтин, М.Н. Мельников, Ф.С. Капица, Т.М. Колядич шетелдік ғалымдар мен зерттеушілер айтты. Олар балалар ойындарының психикалық және физиологиялық заңдылықтарына тоқталды. Әсіресе психикалық және физикалық даму үдерісінде айрықша маңызға ие екендігін дәлелдеді. Өйткені баланың ойы арқылы өмірдегі құбылыстар, жағдаяттар, оқиғалар әрқилы көрінеді. Ал оның бәрін бала көбіне ойын ретінде қабылдайды. Десе де кей жағдайларда өткір әрі салмақты оқиғалар баланың зейінін айналып өтпей қоймайды. Отандық фольклор мен этнографияны, төл тарихты зерттеуші ғалымдар Б.Төтенаев, Е.Сағындықов, Ш.Ыбыраев, С.Қасқабасов, К.Матыжанов қазақ балалар ойындарына қатысты ойлар айтып, сараптама жасады.

Қазақ балалар ойындары жөнінде бізге дейін бірқатар ғалымдар мен зерттеушілер, шығысқа жол тартқан Еуропа саяхатшылары мен зерттеу экспедициясының құрамындағылар біршама ой-пікірлер айтқан. Дәлірек айтқанда А.Янушкевич, В.Рубрук, Е.Томсен сынды саяхатшылар халқымыздың бала тәрбиесі жөнінде біршама ойлар айтқан. Сонымен бірге XIX ғасырда қазақ балалар фольклорына қатысты өлеңдер, жаңылтпаштар, санамақ, қаламақтарды Ы.Алтынсарин, С.Көбеев, Ә.Диваев, Г.Потанин жинақтаған. Одан кейін С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ө.Тұрманжанов, М.Ғабдуллин, Ш.Ахметов, М.Әлімбаевтар, С.Қасиманов т.б. зерттеушілер атсалысты (Алтын абдыра, 2007: 5).

Ойынның эстетикалық және заманауи форматы жайында қоғамдағы өзектілігіне фольклортанушы К.Матыжанов «Ойын мен рәсім (ритуал) – адамзат қоғамының аса маңызды әлеуметтік қарым-қатынас құралы» атты мақаласында егжей-тегжей баяндайды. Ол «Қазіргі кезде ойын әлеуметтік мәдени жағдайды, қарым қатынас пен құндылықтар жүйесін, псотмодерн дәуіріндегі адам санасындағы өзгерістерді көрсете отырып, дәстүрлі этномәдени тұғырынан ауытқып, космополиттік бағдарсыздыққа, жасандылыққа ойысып барады» (Матыжанов, 2021: 19) тоқталады. Балалар ойындарының зерттеудегі негізгі мақсат – ойын арқылы баланың қабілетін арттырып, үлкен өмірге дайындаудың алғашқы қадамдарын айқындау.

Адамзат руханияты мен мәдениетінде бала тәрбиесі қаншалықты маңызды дүние саналса, балалар ойындары да соншалықты қасиетке ие. Ойын феноменінің қазақ балаларының дамып жетілуіне әсері, басқа ойын түрлерінен ерекшеліктері турасында атқарар қызметі зор. Аталмыш мақалада осындай көп функциялы әрі күрделі ғылыми жағдаяттардың астарын анықтауға тырысамыз.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу материалдарының сипаттасмасына қазақ балалар ойындарының қоғамдағы тағылымдық-тәрбиелік маңызға ие екендігін жатқыза аламыз. Көтеріліп отырған гипотеза бойынша баланың тұлғалық қалыптасу үдерісіндегі

қызметі мен ерекшеліктеріне сипаттама беріледі. Мақалада қазақ балалар ойындарын өзге де ойын түрлерімен салыстыру, интернет ойындарының баланың санасына әсер ету жағдайы баяндалады. Сонымен бірге интеллектуалдық ойындарға, ойынға қатысты атрибуттарға құрылымдық-семантикалық талдау жасалады.

Зерттеу нәтижесі. Әр халықтың дүниетанымында асыл құндылықтар, өзіндік ерекшеліктер болары анық. Ұлттық код, генезис, этнопедагогика, этнопсихология, фольклор мен мәдениетті айқындап тұратын сол халықтың мәдениеті саналады. Басқасын айтпағанда әлгі мәдениет бір қыры балалар ойындары арқылы сіңдіріледі.

Зерттеу нәтижесіне жалпы балалар фольклорының өзін зерттеуді XIX ғасырдан бұрын және Қазан төңкерісінен кейінгі кезең деп екі топқа бөліп қарастыра аламыз (Ыбыраев, 2009: 64-65). Ол төңірегінде жоғарыда келтіріп өттік. Сондықтан арнайы жүйелеп, жекелеген ойындарға сипаттама мен түсінік беруге тура келді.

Біз мақалада қазақ балалар ойындарын екі тарапқа бөліп қарастырдық. Оның біріншісі «ойын-өлеңдер» десек, екінші тарапқа «қимыл-қозғалысқа» (физикалық) негізделген ойындар деп топтастырдық. Ойын болғанннан кейін оның ережесі, басты фигуранттары, атрибуттары, қатысушылары болатынын баяндадық. Неғұрлым ойын қызықты өтуі үшін соғұрлым әралуандық керегін айттық. Көбіне қазақ балалары қоршаған ортаға жақын келеді. Сол себепті де төрт түлікке байланысты ойындар көптеп кезігетіндігі анықталды.

Қазір интернеттің дәуірі жүріп тұр. Әлем жаһандану кезеңінің алдында тұр. Осы тұста интернеттегі түрлі-түрлі ойындардың бала психикасына әсер етпей қоймайтыны анық. Осы жағын да мақалада аз-кем айтып, зерделедік.

Талдау. Жалпы отандық және шетелдік зерттеушілер болсын балалар ойындарына қатысты ой-пікірлері бір арнаға тоғыса қоймайды. Кей тұстардан пайымдаулары жақындаса, енді бір тараптан алғанда қарама-қайшы келіп те қалады.

Фольклортанушы К.Матыжанов бабалар фольклорының өзін «әлпештеу фольклоры» деп ішінара бөледі. Сөзіміз нақтырақ болуы үшін бөбектерді әлпештеуге арналған өлең мәтінінен үзінді келтірейік.

Бесік жыры:
Әлди, әлди, ақ бөпем,
Әлдилесем келеді-ау,
Неше түрлі өлеңім.
Алтыннан болсын шүмегің,
Күмістен болсын түбегің.
Сені туды дегенде,
Жарыла жаздады-ау жүрегім.
Соңыңнан ерсін көмегің,
Жалғызда Құдай жар болып,

Қабыл болсын тілегің (Бабалар сөзі, 2011:42). Қазақ балаларына «бесік жырын», «әлпештеу» айту ертеден қалыптасқан. Мұның өзіндік семантикасы бар. Яғни шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап, баланы үлкен өмірге дайындайды. Аталмыш өлеңде «әлди», «Сені туды дегенде, Жарыла жаздады-ау жүрегім» сынды шумақтар ұшырасады. Сонда мағынасына терең үңілгенде өлең-ойындары арқылы ата-ананың бала көз қуанышы, одан үлкен азамат шығып, жан-жағына мейірбан болады деген игі ниет-тілекпен айтылғандығын байқаймыз. Бұл төңірегінде уағында қазақ даласына саяхаттаған Э.С.Вульсон деген саяхатшы жергілікті халықтың тұрмыс-табиғатындағы осы бір дүниені байқайды. Сөйтіп қазақ баласының емін еркін өсетіндігін, омыраудағы баланың көш кезінде түйе үстінде тербелетіндігін, ер жете келе ат жалын тартып мінетіндігін жазып қалдырған (Бабалар сөзі, 2011: 16). Осындай бір қарағанда қарапайым көрінген

көріністерді шетелдік жиһанкездер назардан тыс қалдырмай, хатқа түсіріп, жазып алғандығын байқаймыз. Демек, баланың бесікте жатқан сәтінен бастап сөз ойындарының өлең арқылы қолданысқа түскендігін аңғарамыз.

Қазақ балаларының зейінінің жетіле түсуіне тікелей әсер ететін өзіндік ерекшеліктері басым ойын ол – «тоғызқұмалақ». Тіршілігінің көбісі мал шаруашылығымен байланысты қазақ халқына ең етене жақын ойын түрі осы. Кішкене күннен ақыл-ойының дамып, зияткерлік қабілетінің артуын тікелей әсер ететін ертеден-ақ ұғынған. Бұған қажетті атрибуттар да тым қарапайым келеді. Екі үлкен қазандық, бірнеше қазан шұңқыр және қойдың кептірілген 162 құмалағы болса жетіп жатыр. Мұнда ой жүйріктігі керек. Есептен жаңылмасаңыз болғаны. Бір шалыс кетсеңіз, келесі тұздыққа дейін көр күтуге тура келеді. Міне, осылайша ойын қарапайым ережелермен өрілген. Бұған бар жоғы екі адам қатысады. Ойында ой-еңбегі қатты бағаланады. Ал аса бір қимыл-әрекет көрініс бере қоймайды.

«Тоғызқұмалақ» – зияткерлік ойын. Сондықтан шығар бұл ойынды қазақтың небір көрнекті тұлғалары құмарта ойнаған. Олардың қатарында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, М.Әуезов, Қ.Қуанышбаевтар бар (Олжайұлы, 2021). Осыған қарап қазақ XIX-XX ғасырдағы қазақ интеллигенциясының ұлы даланың әрбір тасы, қойдың кептірілген құмалағының да жәй жатпағанындығын сезсе керек-ті. Сондықтан сан-ғасырлар бойғы дала мәдениетінің құрамдас бөлігі болып саналатын ұлттық ойындардың шығу тегіне (генезісіне) мән беріп, оны өздері ойын ретінде ойнап, ұрпаққа мұра етіп қалдырғандығын көріп отырмыз.

Тарихшы Қ.Забайұлы баланың ақыл-ойын дамытып, зейінінің зерек болуына тоғызқұмалақ ойының тікелей әсері бар екендігін және «ойындар патшасы» саналатын – шахматтан еш кем түспейтдігін қоштай түседі (Забайұлы, 2021).

Біздің зерттеу жұмысының басынан бастап, «өлең-ойындар» немесе «сөз ойындары» деп жүргеніміз екеуі бір ұғымды білдіреді. Дәлірек айтқанда, қазақ балалары, мақал-мәтелге, жұмбақ, жаңылтпашқа жетік болып өскен. Ел арасында «ойымен ойнап отыр» деген тіркестер кездеседі. Осыдан-ақ ойынның сөз бен ойдың қабысуы арқылы жүзеге асатындығын пайымдаймыз.

Саусақ санау ойыны:
Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балапанға бидай шаш!
Тауықтарға тары шаш!
Бас бармақ
Балалы үйрек
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.
Сен тұр – қойыңа бар!
Сен тұр – қозыңа бар!
Сен тұр – жылқыңа бар!
Сен тұр – сиырыңа бар!
Сен тұр – түйеңе бар!
...Ая сен алаңдамай,
Қазан түбін жалап
Үйіңде жат.
Мына жерде құрт бар,
Мына жерде май бар...
Мына жерде қатық...

Қытық, қытық! (Бабалар сөзі, 2011:184-185). Жоғарыда сөз ойындары деп нақтыладық. Бұл ойынды кейбір деректерде «Қуырмаш» деп те атайды. Дегенмен түпкі мән-мағынасы бір. Бұнда аты айтып тұрғандай «бес саусақтың» бәріне ат қойылады. Қазақ баласы төрт түлікке етене жақын өскендіктен, «қой», «қозы», «сиыр», «жылқы», «түйе» сияқты жан-жануарлар ойын элементі саналады. Сондай-ақ сөз ойынымен қатар қол, білек, саусақ түгел іске қосылады. Демек физикалық қимыл-әрекет бар деп санауға толық негіз бар. Сонымен қатар өлең мәтінінің соңында «қытық, қытық!» деп аяқталады. Бұл дегеніміз – баланы ойын аяқталар тұста, ойламаған сәтте қытықтап, көңілін көтеру болып саналады. Сонда оның санасында қоршаған ортаны танып-біліп, еңбекке ерте араласып, әр нәрсенің қадірін біліп, бір жағы санауға, сөйлеуге, жаңылмай жаттауға деген қабілет-қарымы оянады. Қоғам қайраткері З.Ахметова «Күретамыр» кітабында осыған мән берген. Оны «тілұстартар» деп атаған (Ахметова, 2018:140). Мұндайды көрген бүлдіршін «қайталап ойнасақ екен» деп іштей қалап тұратын болған. Осыған қарап қазақ жұрты өз перзентіне сөз бен істі қабыстырып отырып, ойын түрінде психикалық һәм физикалық тәрбие бергені қатар бергендігін байқаймаймыз.

Қазақ балалар ойындарының бүгінгі таңдағы заманауи көрінісіне – интернет ойындарын жатқызамыз. Алысқа бармай-ақ, ұлттық төл ойындарымыз тоғызқұмалақ, дойбы, асық ойындары электронды нұсқасын кездестіруге болады. Сапа жағынан шетелдің қаптаған интернет ойындарымен салыстыруға келе қоймас. Цифрлық форматтағы дүниелердің артықшылығы да, кемшіл тұстары да бар.

Артықшылығы – бүгінгінің баласы туа бітті жаңа технологияға бейім. Смартфон мен гаджеттің тілін жетік біледі. Оларға түрлі сайттарға кіріп, қажетті ойынды жүктеу қиынға соқпайды. Соңғы уақытта тым ақыл-ойы зеректерді «вундеркинд» терминімен атайтын болды. Бәлкім, бұл заман талабы шығар. Ол жағын уақыт еншісіне қалдырдық.

Кемшіл тұсы – қазір баланы әр нәрседен қорғау керек болып тұр. Қаптаған атыс-шабыс ойындары бүлдіршіннің санасын улауда. Баланың қадағалауда ұстамаса психикалық ауытқу, теріс жолға түсіп кету қаупі туындайтыны анық.

Қазақ өзінің әр перзентіне сынайы қараған. Баласының саналы, мейірімді, елге жаны ашитын, адал азамат болып өсуіне баса назар аударған. Академик М.Әуезов «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» дейді. Текке айтылмаса керек-ті. Біз мақаланың талдау бөлімінде бесік жырынан бастап, өсе келе интеллектуалдық қабілетінің арту, психикалық және физикалық жетілуі, интернеттің балаға әсерін талқыладық. Осының бәріне – ойын қатысатындығын дәлелдеуге тырыстық.

Қорытынды. Зерттеу барысында қазақ балалар ойындарының тұлғалық даму үдерісіндегі тигізер әсері мен ерекшеліктері зерттеліп қана қой, баланың интеллектуалдық, психикалық, физикалық дамып жетілуі, алдағы өміріндегі мықты азамат болып қалыптасуына осы аталған факторлардың маңызы жоғары екендігі айқындалды.

Егер баланың өмірінде ойын болмаса, онда дүние тіпті қараңғылыққа түсіп кеткендей болар еді. Сондай-ақ баланың тәтті қылықтарын, қимыл-қозғалысын жетілдіріп тұрған айрықша фактор ол – ойын. Үлкендер мен жасөпірімдер ойынды арнайы бір мақсатпен, діттеген ойын жүзеге асыру үшін жасаса, ал балаларға күнделікті қайталанып отыратын дағды болып саналады. Мақалада осы жағы сарапталып, түйінделді.

Ойын үстінде бұйрық жүрмейді. Әсіресе балалар ойынына пәрмен беріп, бұйырып, ұрысып-соғып дегеніңізді жасай алмайсыз. Ойын еркіндік алаңы екендігін Нидерландық мәдениеттанушы Йохан Хейзинга өзінің «Ойынпаз адам» еңбегінде айтып кеткен (Хейзинга, 2011:14). Қайта жылаған баланы уатып-жұбату үшін ересектер жағы түрлі айлалы тәсілдерге барып, бірде мысық, ендігіде түйе немесе арқасына мінгізіп тұлпар кейпіне еніп жатады. Бұның бәрі ойын элементтерінің арнаулы ережеге бағына бермейтін, әрбір ата-ана, баланың ағасы мен әпкесі істейтін әрекетіне жатады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қазақ балалар ойындарының тұлғалық даму үдерісіндегі беретін әсері және ерекшеліктеріне интелектуалдық ойындар, сөз ойындары, санамақтар, қимыл-әрекет пен өлең ойындарының қатар қолданылуы жататындығы сөз болды. Сонымен қатар ұлттық менталитетке сай баланы еңбекке баулу, болашақ өмірге дайындау, қоршаған ортаға жақын болу, төрт түліктің қадір-қасиетін ұғыну сынды критерийлер келтіріліп сарапталды. Сондай-ақ қазіргі заманауи сандық формат кезіндегі интернет ойындарының бүлдіршін психикасына тигізер пайдасы мен зияны айқындалды. Қазақ фольклорының құрамдас бөлігі, балалар фольклоры, оның ішінде ойындық фольклордағы ұлттық код, ұлттық генезисті ашып көрсетуге тырыстық.

Балалар тәрбиесі, әсіресе, оның ой-қабілетін дамытып, мінез-құлқын қалыптастыру ісінде балалар ойындарының алатын орны ерекше екендігі даусыз (Қазақ жаңылтпаштары, 2013:96). Балалар ойындарының қыр-сыры, педагогикалық, тағылымдық-тәрбилік аспектісі, генезисі, қоғамға тигізер пайдасы, әлі де ғылыми тұрғыдан зерттеле түсері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асқар О. Алтын абдыра. – Алматы. Балауса, 2007. – 496 б. ISBN 9965-672-53-9 (қаз).
2. **Ахметова З. Күретамыр. –** Алматы, Полиграфкомбинат, 2018. – 208 б. **ISBN** 978-601-06-4746-6 (қаз).
3. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т.72: Балалар фольклоры. – 440 б. ISBN 978-601-271-076-2 (қаз).
4. Забайұлы Қ. «Тоғызқұмақ» ойынының төрт мың жылдық тарихы бар...» // https://e-history.kz/kz/news/show/32700/ (қаз).
5. Қазақ жаңылтпаштары. / Құрастырған Нұралиева Ж. – Алматы. Балауса, 2013. – 96 б. ISBN 978-9965-672-85-9 (қаз).
6. Матыжанов К.С. Ойын мен рәсім (ритуал) – адамзат қоғамының аса маңызды әлеуметтік қарым-қатынас құралы // Керуен. 72. – №3 – (2021). https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.3-01 (қаз).
7. Олжайұлы Ы. Ұлттық ойындар – халықтың рухани қазынасы. // https://e-history.kz/kz/news/show/33032/ (қаз).
8. Хейзинга Й. Ойынпаз адам. – Санкт-Петербург. Иван Лимбаха баспасы, 2011. – 416 б. ISBN 978-5-89059-168-5. (орыс).
9. Ыбыраев Ш. Бастау. Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер. – Алматы. Баспалар үйі, 2009. – 160 б. ISBN 978-601-80914-7-5 (қаз).

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Сәбитова Ділназ Жұмағалиқызы
Қазақ Технология және Бизнес университеті, 4 курс студенті.
Астана қаласы, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460771

To Cite: Сәбитова Ділназ Жұмағалиқызы. (2024). РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460771

Аннотация: В статье рассматривается языковая политика в аспекте полиязычия и ее роли в нашей многонациональной стране. Значение полиязычия в формировании и развитии профессионально компетентной высококультурной личности, владеющей тремя языками, обсуждается в данной статье.

Ключевые слова: трехъязычие, глобальная эволюция, лингвокультурология, язык межнационального общения

Abstract: The language policy in the polylingual aspect and its role in our multinational countryis discussed in this article. The siguificance of multilingual sue in training and educating of a polylingual, professionally competent person with a high cultural level is considesed in the paper.

Key words: trilingualism, global evolution, linguoculturology, the language of international communication

Жаһандық эволюцияға қадам басқан XXI ғасыр – ғылым мен технологияның заманы. Осы заман көшіне ілесу үшін, әрине, бізге керегі – тіл білу. Мұны ұғынған елімізді әлемнің дамыған үздік отыздығына бастап келе жатқан Елбасы «Үш тұғырлы тіл» саясатын ұсынды. Және дамыған елдердің тәжірибесін назарға ала отырып, әзірленген үштілділік бағдарламасына мамандар қазақ, орыс тілімен қатар халықаралық қатынас тілі ағылшынды бекер енгізбеді. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүниежүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегенге сүйеніп, жас ұрпаққа саналы, мән мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің талабы. Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсу жолында, ағылшын тілін меңгеру дұрыс, құптарлық іс [1, 2].

Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгін де отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі ролін арттыруға, орыс тілінің лингивистік белсенділігі сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде

енгізу бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгін де мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы қуантады.

Ұлы Абай былай деген еді: «Басқа халықтың тілі мен мәдениетін білу адамды сол халықпен тең етеді». Бұл жерде әңгіме тек қазақ тілі туралы ғана емес, жалпы тілдер туралы. Тілді білсең, сол халықпен тең боласың. Қандай терең сөздер! Яғни,бұл барлығы араласқан, бүкіл әлем бір-бірімен қатынасқа түскен бүгінгі жаһандық дүниеде қажеттілік болса, ол біз үшін және біздің балаларымыз үшін де ашық. Біз, сондай-ақ, барлық этностық топтардың мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын, тілдерін сақтап дамыту бойынша, біздің бай ортақ тарихымызбен байланыстырамыз [2, 6].

Еліміз үш тұғырлы тіл саясаты мәселесін көтергенде мәдениетаралық тілдер тоғысында мәдениеттер сұхбаттастығы мәселесіне де айрықша назар аударады. Бұл – халықтың өзара түсінісуі мен ынтымақтастық жағдайында өмір сүруі үшін аса қажет өркениет талабы болып табылады. Осыған орай, соңғы кезде әлеуметтанушылар мен психологтар, лингвистер мен әдіскерлер мәдениетаралық қатысым жөнінде жиі айтатын болды. Тілшілер мен әдіскерлер тілді өзге ұлтқа оқытып-үйретуді сол халықтың мәдениетімен байланыстыру мәселесіне мән бере бастады. Соның салдарынан лингвистика мен мәдениеттанудың шегінде лингвомәдениеттану дейтін жаңа ғылым пайда болды [3, 5].

Көп тіл білу біздің мемлекеметіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Еліміздің басқа мемлекеметтермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдала алатын адамдардың бәсекеге қабілеттілігі жоғары.

Ең бастысы, жүрегі «Отаным, Қазағым, Тілім» деп соғатын ұлттық сана-сезімі жоғары, ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Бірнеше тілді меңгеру арқылы жас ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік алады. Үш тілде оқытуды қолға алудағы негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Барлық салалардағы жаңалықтардың қалыптасу заңдылықтарындағы үздік, озық тәжірибелерді оқып білу, оны тануда тілдің қажет екендігі белгілі. Себебі, өндірістің, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілдердің көптеген саладағы қызметі артып, күннен күнге тілдердің дамуы мен өзгеруі жеделдеуде. Әсіресе, мемлекеметіміз үшін экономика мен өндірісті, білім мен ғылымды, медицинаны, туризмді дамытуда, телекоммуникацияны жетілдіруде, ғарышты игеруде, тағы да басқа қоғамның біршама салаларында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қызметі дамып, үштілділік мәселесі белсенді қолданыс табуда.

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу – ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны – аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділікке ыңғайлап қайта дайындаудан өткізіп, оларға үштілділік маманы дегенқұжат табыс еткен жөн.

Егер, біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол – қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса, өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттың өркендеп,тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздіңсөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігінде, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын

иеленетіндігініне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлемтілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ [4, 122-125]. Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз. Сондықтан, да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз. Үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болареді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз.

Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін – халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы керек. Сондықтан, тілдерді меңгеру қажеттіліктен туындап отыр. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Көптілді болу – уақыт талабы. Көптілділік қазіргі әлемнің басты мәселесі – адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

Ағылшын тілі – қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Үштілділікті үрейлі кейіпте елестетін кейбіріміз «мұны ең соңғы өлу деп те қорқатындығын» жасырмайды. Жоқ! Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып, өзімізді өзге елдерге таныта білуіміз қажет. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса, Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік?

Әрине, дамыған өркениетті 30 елдің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған «Үш тұғырлы тіл» саясаты, шын мәнінде, елдің ертеңі үшін керек нәрсе. «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек»,-делінген болатын. Мейлінше, көп тілді меңгеру қажет. Дегенмен, өз ана тіліміздің ешқашан ұмытпағанымыз жөн.

Үш тілде білім беру жобасы негізінен, қазақ тілінің аясында жүзеге асатыны белгілі. Үш тіл білу «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деп қазақ мақалы айтқандай, қоғамның интеллектуалдық мүмкіндігінің көтерілуіне, маманның бәсекеге қабілетті, икемделгіш болуына ықпал етеді. Білім беру үрдісінде үш тілді меңгерудің қажеттігі мен үш тұғырлы тіл саясатының күн тәртібіне шығу себебі әлемдік ақпараттық кеңістіктің дамуы үшін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін, мәдениеттер сұхбаттастығының тиімділігін қамтамасыз ету үшін, білім алу кеңістігінің берекелі болуын қамтамасыз ету үшін, тілді қашықтықтан оқып-үйренудің тиімділігі үшін қажет болуымен түсіндіріледі. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, мысалы, жоғары оқу орындарында орыс тілін оқыту арнайы осы тілдегі дайындықты тереңдету мақсатын көздейді [5, 3]. Орыс тілі мамандары орыс тіліндегі тілдесім үшін қажет дағдыларды қалыптастыру қазақ тіліне аударылмаған әдебиеттерді оқыту арқылы жүзеге асатыны білгілі. Атап айтқанда, газет-журнал мақалалары, монографиялар және т.б. Және өзге тілдегі оқылымның бұл түрі орыс тілі қатысым тілі ретінде қолданылатын елдердегі әріптестермен тілдесу үшін де қажет еткен.

Қорыта келгенде, көп тілді меңгерген тұлға көкірегі ояу, көзі ашық, әлемдік мәдениетке көзқарасы қалыптасқан болып есептелінеді. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі екендігін ескере отырып, көп тілді үйренуге, меңгеруге ұмытылайық деп ойымды аяқтағым келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

1. Saryarqa. 20.07.2018. № 28.
2. Ана тілі. 21.04.2011. № 16.
3. Айқын. 05.12.2015. № 228.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті. А., 2018. № 7.
5. Қазақстан ZAMAN. 23.07.2015. № 29.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

АНАЛИЗ ТАКСИСНЫХ КОНСТРУКЦИЙ В АНГЛИЙСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ НА МАТЕРИАЛЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ БРИТАНСКОГО ПИСАТЕЛЯ Р. ГЭЛБРЕЙТА

Приходько Дарья Алексеевна
Кыргызско-Российский Славянский университет, старший преподаватель, аспирант
Бишкек, Кыргызстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460811

To Cite: Приходько Дарья Алексеевна. (2024). АНАЛИЗ ТАКСИСНЫХ КОНСТРУКЦИЙ В АНГЛИЙСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ НА МАТЕРИАЛЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ БРИТАНСКОГО ПИСАТЕЛЯ Р. ГЭЛБРЕЙТА. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460811

Аннотация: В статье определяется и анализируется таксис на примере художественного произведения современного британского писателя Роберта Гэлбрейта «Дурная кровь». Также рассматриваются его категории и способы выражения в сравнении оригинала текста с его переводом на русский язык.
Ключевые слова: таксис, таксисные конструкции, английский язык, художественная литература, герундий, деепричастие, перевод.

Abstract: The article defines and analyzes taxis using the example of the work of fiction by the modern British writer Robert Galbraith ‘Troubled Blood’. Its categories and ways of expression are also considered in comparison of the original text with its translation into Russian.
Key words: taxis, taxis relations, English, fiction, gerund, adverbial participle, translation.

Несмотря на обилие научных работ, отечественные и зарубежные лингвисты так и не пришли к единому решению проблемы таксиса и таксисных отношений. Хотя понятие таксиса и зародилось в англоязычной науке, исследования данного феномена на материале английского языка немногочисленны.

Согласно Р.О. Якобсону, который ввел данный термин в научный оборот, таксис характеризует сообщаемый факт по отношению к другому сообщаемому факту и безотносительно к факту сообщения [3]. В отечественной лингвистической науке также было выделено временное соотношение, выраженное деепричастиями, или относительное время, которое и называлось таксисом.

С другой стороны, А. В. Бондарко считал, что таксис - это не любое временное соотношение действий. Он говорил о том, что все действия должны относиться либо к прошлому, либо к настоящему или будущему [2]. Как правило, временные отношения между действиями включают и аспектуальную характеристику. Здесь важно обратить внимание на сменяющие друг друга последовательные действия, их длительность, результативное состояние и т.д.

В нашем исследовании в качестве основного источника материала были использованы примеры из художественного произведения Роберта Гэлбрейта «Дурная кровь», которое предоставляет богатый материал для анализа таксисных конструкций, и его перевод на русский язык, выполненный Еленой Петровой. Автор мастерски

использует разнообразные структуры предложений, чтобы создать напряженность, подчеркнуть драматичность моментов и передать внутренний мир персонажей.

Изучение таксисных конструкций в художественных текстах на английском и русском языках позволяет лучше понять механизмы языкового строения. В таких произведениях таксис может служить средством выражения авторского стиля, создания атмосферы и передачи эмоциональной окраски произведения. Исследование таксисных конструкций актуально не только с точки зрения лингвистики, но и стилистики и литературоведения. Понимание того, как авторы используют таксис в своих произведениях, позволяет раскрывать глубину их творческого подхода. Примером может служить сравнение структур в английском и русском тексте, где переводчик, сохраняя смысл, стремится передать особенности таксиса, чтобы сохранить стилевую интонацию оригинала.

В данном произведении выделяется достаточно много глагольных таксисных конструкций, представляющих собой основу синтаксической структуры предложений. Проанализируем примеры из небольшого отрывка:

1) *Polworth had applied for the new job without telling his wife what he was doing* [4].

В оригинале фраза содержит таксисную конструкцию, использующую глагол 'to tell' в пассивной форме с использованием герундия (*had applied without telling*). Пассивная форма подчеркивает действие, выполненное субъектом (Polworth), и ориентированность на результат (не рассказывать жене).

В переводе на русский язык эта конструкция передана аналогичным образом: «*Подав заявление о приеме на новую работу, Полворт ни словом не обмолвился жене*» [1,19]. Здесь также используется пассивная форма глагола «обмолвиться» для передачи идеи того, что Полворт не сообщил информацию жене.

С другой стороны, в оригинале автор использует Past Continuous, чтобы показать длительность действия (*what he was doing*), и Past Perfect для указания на предшествование: ситуация 1 (*had applied*) произошла раньше ситуации 2 (*what he was doing*). В русском языке отсутствуют эквивалентные конструкции, поэтому переводчик передал значение предшествования с помощью деепричастия совершенного вида (*подав*), а часть про длительность действия была опущена. Таким образом, оригинал и перевод на русский соответствуют друг другу, сохраняя смысловую, но не грамматическую структуру предложения.

2) *Having been offered the position, he'd quit his job and gone home to announce the fai t accompli to his family* [4].

Оригинальная фраза использует таксисную конструкцию с перфектным герундием (*having been offered*) и глаголом в Past Perfect (*had quit*) для описания последовательности событий. Эта конструкция подчеркивает, что увольнение из работы произошло после предложения новой должности.

Перевод на русский *«Когда его вопрос был решен положительно, он уволился из фирмы, а придя домой, поставил родных перед фактом»* [1, 19] также передает эту последовательность событий, используя деепричастный оборот (*придя домой*) и глаголы в прошедшем времени (*уволился и поставил*). Также здесь подчеркивается, что увольнение произошло после положительного решения вопроса о новой должности. С точки зрения таксиса оба варианта (оригинал и перевод) описывают аналогичную последовательность действий, сохраняя смысловую связь.

3) *Strike, who'd been about to drink, lowered his glass in amazement* [4].

Автор оригинала использует таксисную конструкцию с Past Perfect (*who'd been about to drink - который собирался выпить*) и глаголом в прошедшем времени (*lowered*) для описания действия Страйка. В данном случае, таксис подчеркивает, что он, находясь в

процессе поднесения стакана ко рту для того, чтобы выпить, внезапно опустил его из-за изумления.

Перевод на русский *«Страйк собрался хлебнуть еще пива, но от изумления даже опустил стакан»* [1, 22] передает тот же смысл и последовательность действий с помощью прошедшего времени. Таким образом, таксис предшествования здесь также использован для передачи событий, где планируемое действие (*хлебнуть еще пива*) прерывается из-за внезапного изумления, но уже не с помощью варьирования времен, а благодаря синтаксической структуре и дискурсу.

4) *She'd been banging on about getting engaged, and I wasn't feeling it* [4].

В данной конструкции используется Past Perfect Continuous (*had been banging on*), что указывает на продолжительность прошлого действия и выражает повторяющееся и назойливое обсуждение или разговор о чем-то. Возможный эквивалент на русском языке, учитывающий таксис, мог быть следующим: *«Она все время не переставала говорить о помолвке, но меня это не волновало».* Здесь *«не переставала говорить»* соответствует '*had been banging on'*, а *«меня это не волновало»* передает отсутствие интереса или согласия, что соответствует '*I wasn't feeling it'*.

Переводчик же изменил стилистическое оформление высказывания, сделав его более грубым с лексической точки зрения: *«Она мне все кишки вывернула насчет помолвки, а я эту помолвку в гробу видал»* [1, 22], но сохранив общую смысловую линию для передачи отношения к обсуждаемой теме. При этом, в оригинале Гэлбрейт показывает предшествование одной из ситуаций, используя Past Perfect Continuous и Past Continuous, а перевод выражает одновременность действий с помощью прошедшего времени, что в данной ситуации нам кажется более логичным.

5) *Having assured himself that he could balance perfectly well, he set off toward the exit, giving unsmiling nods to those few locals whom he could not ignore without causing offense, and reached the warm darkness outside without being importuned* [4].

Здесь Гэлбрейт показывает предшествование с помощью перфектной герундиальной конструкции (*Having assured himself)*, а следующие шаги с помощью простого прошедшего времени (*set off, reached*). В то же время, в предложении присутствует одновременность, выраженная неперфектным герундием (*giving unsmiling nods).*

Переводчик показывает предшествование с помощью фразы *«как оказалось»*, глаголов в форме прошедшего времени и синтаксической параллельной структуры: «*Как оказалось, равновесие ничуть не пострадало, и Страйк* ***направился*** *к выходу, сухо кивая тем немногим знакомым из местных, кого просто не мог оскорбить невниманием; никто его не* ***окликнул****, и он беспрепятственно* ***вышел*** *в теплый сумрак»* [1, 25]. Одновременность выражается деепричастием настоящего времени (*кивая*), что и структурой, и смысловой нагрузкой соответствует оригиналу.

Таким образом, проанализировав эти и другие примеры из произведения Р. Гэлбрейта «Дурная кровь», мы пришли к нескольким выводам: в английском языке предшествование синтаксически зависимой таксисной формы чаще всего выражается с помощью Past Perfect и его аспектных вариаций, а также герундием в перфектной форме, в то время как в русском предшествование выделяется не лексико-грамматическими средствами выражения, а скорее дискурсом, подкрепленным знаниями читателя о мире и событиях. Одновременность действий в обоих языках выражается с помощью герундиальных конструкций в настоящем времени. А исследование таксисных конструкций в художественных текстах на английском и русском языках позволяет расширить наши знания о том, как язык используется для творческого выражения, и требует дальнейшего изучения.

Список литературы:

1. Гэлбрейт Р. Дурная кровь. Книга 1. пер. с англ. Е. Петровой. – Спб: Азбука, 2022. – 608 с.
2. Храковский В. С. Категория таксиса (общая характеристика) // Вопр. Языкознания, 2003. – № 2. – С. 42-44.
3. Якобсон Р. О. Шифтеры, глагольные категории и русский глагол // Принципы типологического анализа языков различного строя. – М., 1972.
4. Galbraith R. Troubled Blood. – 2020. – URL: https://liteka.ru/english/library/2867-troubled-blood-a-cormoran-strike-novel#1 (дата обращения: 15.12.2023).

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 343.353

ОПТИМИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА ОТБОРА НА СЛУЖБУ В ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫЕ ОРГАНЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И ЭФФЕКТИВНЫЕ РЕШЕНИЯ

Балтабаева Жибек Бауржановна
Докторант 2 курса Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10460831

To Cite: Балтабаева Жибек Бауржановна. (2024). ОПТИМИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА ОТБОРА НА СЛУЖБУ В ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫЕ ОРГАНЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И ЭФФЕКТИВНЫЕ РЕШЕНИЯ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10460831

Аннотация: Статья посвящена пересмотру и совершенствованию процесса отбора на службу в правоохранительные органы Республики Казахстан. Авторы предлагают внести изменения в правила отбора, сфокусированные на повышении честности, надежности и профессиональной квалификации сотрудников. Введение гибкости в определение формы и содержания выпускного экзамена, а также использование разнообразных методик оценки, направлены на обеспечение более точного измерения уровня подготовленности слушателей. Предложенные изменения представляют собой важный шаг в обеспечении эффективного функционирования системы обеспечения правопорядка и общественной безопасности, а также нацелены на создание устойчивой и ответственной кадровой базы в условиях динамичной обстановки в сфере правопорядка.

Ключевые слова: процесс отбора, правоохранительные органы, Республика Казахстан, кадровая подготовка, выпускной экзамен, гибкость оценки, честность, профессиональная квалификация, обеспечение правопорядка, общественная безопасность.

Abstract: The article is devoted to the revision and improvement of the selection process for service in law enforcement agencies of the Republic of Kazakhstan. The authors propose to amend the selection rules focused on improving the honesty, reliability and professional qualifications of employees. The introduction of flexibility in determining the form and content of the final exam, as well as the use of various assessment methods, are aimed at providing a more accurate measurement of the level of preparedness of students. The proposed changes represent an important step in ensuring the effective functioning of the law enforcement and public safety system, and are also aimed at creating a stable and responsible personnel base in a dynamic environment in the field of law and order.

Keywords: selection process, law enforcement agencies, Republic of Kazakhstan, personnel training, final exam, assessment flexibility, honesty, professional qualifications, law enforcement, public safety.

Современное обеспечение законности и поддержание правопорядка в обществе являются невозможными без эффективной политики подготовки кадров в правоохранительных органах. Этот важный аспект становится неотъемлемой частью

строительства правового государства. Ключевым фактором обеспечения безопасности и борьбы с преступностью является высокий профессиональный уровень сотрудников правоохранительных органов.

На текущий момент формирование кадров в правоохранительных органах Республики Казахстан представляет собой крайне актуальную проблему, поскольку построение устойчивого демократического, правового и социального государства, требуемого современной внутренней и мировой геополитической обстановкой, неосуществимо без эффективного государственного аппарата, включая органы внутренних дел. Кадровый потенциал этих органов должен соответствовать высоким стандартам, навязанным современными вызовами и задачами.

Особую важность представляет собой модернизация правоохранительной системы, включая пересмотр кадровых принципов, определяющих роль полиции и ее место в общей системе внутренней безопасности. Построение эффективной системы правоохранительных органов в стране является ключевым элементом строительства правового государства и обеспечения стабильности в обществе. Вопросы успешной реализации этих процессов приобретают стратегическое значение для обеспечения надежности и эффективности правоохранительных структур, справедливости и законности в обществе [1].

Оптимизация деятельности правоохранительных органов и постоянное её улучшение, направленные на выполнение важных государственных задач по обеспечению правопорядка, тесно связаны с повышением эффективности управления кадрами. Основными аспектами являются объективная оценка производительности сотрудников, анализ их профессиональных и личностных качеств, а также оптимальное распределение обязанностей и функций. Следует констатировать, что служба в правоохранительных органах Казахстана обладает особым статусом в системе государственной службы. Представляя собой уникальный инструмент, эта служба активно способствует реализации законов страны. Комплексный и многомерный характер функционирования этой системы способствует формированию оптимально сбалансированного и высокопрофессионального кадрового состава органов внутренних дел. Таким образом, политика подготовки кадров в правоохранительных органах играет ключевую роль в создании стабильного правового государства, обеспечивая не только эффективную борьбу с преступностью, но и поддержание общественной безопасности на высоком уровне.

– делдалдар мен тұтынушылар, сұраныс және ұсыныс аралығында байланысты қамтамасыз ету;

– жылжымайтын мүлік объектілеріне еркін баға қалыптастыру және меншік құқығын қорғау;

– жылжымайтын мүлік объектілеріне инвестицияларды бөлу;

– еркін кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз ету [2].

Жылжымайтын мүлік нарығын талдауға оның сәйкестендірілуі мен интерпретациясы кіреді, ол жылжымайтын мүліктің пайдалылығынан, оның нарықта болуынан және мәміленің екі жағының да, сатып алу қабілетінің де қалауынан туындайды.

Бағалау мақсатына арналған нарықты талдау жылжымайтын мүлік нарығының барлық жағдайының, зерттелген әрбір объектімен нақты сегменттің арақатынасы болып табылады. Біз бағаланатын мүліктің бағасына әсер етуі мүмкін сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуі туралы есеп аламыз. Жанама түрде нәтижені оңтайлы пайдалану жағдайын, сұраныс динамикасын, қолданыстағы және жобаланған жылжымайтын мүлік бойынша маркетингтік стратегияларды, дизайнды және объект алатын нарық үлесінің

болжамдарын анықтау үшін пайдалануға болады. Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығы әлі де тұрақсыз. Бағаның кенеттен көтерілуі уақытша құлдыраумен ауысады.

Жалпы отандық жылжымайтын мүлік нарығының қалыптасуын келесі факторлармен сипаттауға болады:

1. Макроэкономикалық тұрақсыздық (қабылдауы белгілі бір уақытта "саяси конъюнктураға" байланысты болатын нормативтік актілерді болжау мүмкін емес).

2. Инфляция (бір жағынан, инвестициялық белсенділік төмендейді, ипотекалық несиелеудің қалыпты жүйесінің дамуы "тежеледі", екінші жағынан, инвестициялаудың неғұрлым өтімді және рентабельді бағыттарының шектелуіне байланысты жылжымайтын мүлікке инвестициялар тартымды болып табылады, өйткені "белгілі бір дәрежеде" инфляциядан қаражатты сақтауға мүмкіндік береді).

3. Заңнамалық базаның бұлыңғырлығы (әсіресе жылжымайтын мүлік нарығына қатысты).

4. Саяси тұрақсыздық, инфрақұрылымның әлсіз дамуы, жылжымайтын мүлік нарығына қатысушылардың төмен кәсібилігі салдарынан ақпараттық кеңістіктің ашықтығы (жұмыс тәжірибесінің аздығы, заңнамалық базаның белгісіздігі, кәсіби қасиеттері бойынша емес, достық пен туыстық бойынша қызметкерлерді іріктеу үрдісі).

5. Жылжымайтын мүлікті бағалау бойынша нақты әдістемелік базаның болмауы.

6. Жылжымайтын мүлік нарығы сегменттерінің біркелкі емес дамуы [3].

Жылжымайтын мүлік нарығы кез – келген ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені жылжымайтын мүлік ұлттық байлықтың маңызды бөлігі болып табылады, оның үлесі әлемдік байлықтың 50% - дан астамын құрайды. Бұл коммерциялық және коммерциялық емес құрылымдардың, еңбек нарықтарының, капиталдардың, тауарлар мен қызметтердің жұмыс істеуі үшін материалдық негіз құруды қамтамасыз ететін жылжымайтын мүлік нарығы [4].

Экономиканың секторы ретіндегі отандық жылжымайтын мүлік нарығының маңыздылығы оның жалпы ұлттық өнімдегі жоғары үлесімен, оның бастапқы сатудан, мемлекеттік және муниципалдық жылжымайтын мүлікті жалға беруден, жылжымайтын мүлікке салынатын салықтар мен активтердің осы түрімен мәмілелерді орындау кезінде төленетін алымдардың бюджетке түсуінен түсетін кірістердің жоғары деңгейімен расталады.

Қазақстан экономикасында болып жатқан өзгерістер, сондай-ақ халықтың басым бөлігінің өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға деген ұмтылысы тұрғын үй құрылысының өзектілігін айқындады. Тұрғын үй құрылысы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясының басым бағыттарының бірі болып танылды және жалпыұлттық сипаттағы аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Орта мерзімді перспективада Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұрғын үй құрылысында жаңа саясатты талап етеді.

Тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығы бүгінгі таңда қоғам үшін аса маңызды өзекті мәселе болып табылады. Біздің барлық кейінгі ұрпақтарымыздың болашағы біздің балаларымыздың қандай үйлер мен пәтерлерде тұратындығына, қандай мектептер мен балабақшаларға баратындығына байланысты.

"Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалуда. Тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына ол заңда белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан қолжетімді ақыға беріледі" [5].

Жылжымайтын мүлік нарығын қалыптастырудың маңызды факторы инвестициялық-құрылыс қызметі болып табылады. Тұрғын үй құрылысы-халықтың өмір сүру деңгейін дамытудың маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету-адамның негізгі қажеттіліктерінің бірі. Тұрғын үй адамның өмір сүру сапасын анықтайды.

Тұрғын үй құрылысының дамуы құрылыс материалдарын өндіру, металлургия және т.б. сияқты салалардың қатар дамуын анықтайды. Банк секторының дамуы өз кезегінде сақтандыру нарығының дамуын, зейнетақы салымдарының өсуін өзіне тартады.

Тұрғын үй жинақ жүйесі халықтың қалың жігіне тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік беретін тиімді тетік болып табылады. Тұрғын үй құрылысы өзектілігін жоғалтпайды және бәріне қайғылы. БҰҰ нормаларына сәйкес халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі кемінде 30 м2/адам болуы тиіс, бұл Қазақстанның ең ірі және дамыған қалаларындағы ағымдағы көрсеткіштерден едәуір асып түседі. Іске қосудың айтарлықтай қарқынына қарамастан, тұрғын үй әлемдегі орташа деңгейден аз салынуда. Астананың Тұрғын үй қоры адамға шаққанда жалпы қабылданған нормалардан едәуір төмен, бұл Астана мен Алматыда жылжымайтын мүлікке ұзақ мерзімді іргелі сұраныстың бар екендігін көрсетеді. Астанада Халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі БҰҰ-ның жалпы қабылданған нормасынан 2 еседен астам төмен [6].

Бір тұрғынға тұрғын үймен қамтамасыз ету соңғы 10 жылда 30% - ға өсті және бүгінде 21,6 шаршы метрді құрайды. Бұл көрсеткішті 2030 жылы 30 шаршы метрге жеткізу қажет. Бұл тапсырманы орындау кезінде ғимараттарды жобалауда және қала құрылысын жоспарлауда құрылыстың жаңа әдістерін, заманауи материалдарды, түбегейлі басқа тәсілдерді қолдану маңызды. Ғимараттардың сапасына, экологиялық тазалығына және энергия тиімділігіне жоғары талаптар қою қажет. Салынып жатқан және қазірдің өзінде қолда бар үйлер мен инфрақұрылым объектілері зияткерлік басқару жүйелерімен жарақтандырылуы қажет.Бұл халық үшін жайлылықты арттырады, электр энергиясын, жылуды, суды тұтынуды азайтады, табиғи монополистерді өз тиімділігін арттыруға ынталандырады [7].

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII.
2. Б. К. Сагинова, А. Е. Бименова, Жылжымайтын мүлік экономикасы оқулық, Алматы, 2014.
3. Қазіргі экономика мәселелері. Еуразиялық халықаралық ғылыми-талдау журналы № 4 (24).
4. Н.Х. Утегалиева, Б.М. Мусаева, Жылжымайтын мүлікті бағалау, оқу құралы, Орал, 2020.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 30 тамыз 1995 ж.
6. Г. К. Рауандина, С. А. Тулупова , Н. С. Лустов , А. А. Цембер, Қазақстандағы өңірлік тұрғын үй нарығын дамыту перспективалары, Жас ғалым. 2016.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 10 Қаңтар 2018 ж.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 657

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

Имашова Ж.О., Ғилаж А.Е.
С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті,
Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы

https://doi.org/10.5281/zenodo.10451987

To Cite: Имашова Ж.О., & Ғилаж А.Е. (2024). МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10451987

Андатпа: Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу қағидалары есепке алынатын объектілерді есепке алу және бағалаудың балама әдістерінің барлығының егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтиды, олардың ішінен бюджеттердің барлық деңгейлерінің барлық мемлекеттік мекемелері үшін бірыңғай болып табылатын, тәжірибелік қолдануға міндеттілерін есеп саясаты анықтайды. Есеп саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган енгізеді.

Тірек сөздер: мемлекеттік мекеме, типтік шоттар жоспары, есептеу принципі, есеп саясаты, алғашқы құжаттар, реквизиттер

Abstract: The rules for accounting in state institutions contain a detailed description of all alternative methods of accounting and evaluation of accounting objects, from which the accounting policy determines those that are unified for all state institutions of all levels of budgets, subject to practical application. Amendments and additions to the accounting policy are made by the central authorized body for budget execution.

Key words: state institution, plan of typical accounts, calculation principle, accounting policy, primary documents, details

Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады. Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінде операциялар мен оқиғалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6314 болып тіркелген) Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) негізінде көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің басшысы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін жағдайлар жасайды, есепке қатысы бар мемлекеттік мекемелердің барлық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін рәсімдеу мен ұсынудың тәртібіне қатысты талаптардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мекемеде бухгалтерлік есепті оның дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылатын мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік қызметі немесе бас бухгалтер басқаратын орталықтандырылған бухгалтериясы жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінде олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып және мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп

жүргізуді және есеп саясатын сақтай отырып, бухгалтерлік есеп жөніндегі жалпы ережелерді қолдану тәртібі туралы нұсқаулар беруі мүмкін.

Бухгалтерлік қызметі жоқ мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп пен есептілікті мекеме басшысының жазбаша өкімімен тағайындалған тиісті маман жүзеге асырады.

Орталықтандырылған есепке алу бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бұйрығымен бекітілетін Орталықтандырылған бухгалтерия туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Орталықтандырылған бухгалтерия қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелердің басшыларына осы мемлекеттік мекемелер басшыларының келісімімен орталықтандырылған бухгалтерияның бас бухгалтері белгілеген мерзімде қаржы есептілігін ұсынады.

Бухгалтерлік қызметтердің басшылары өз жұмыстарында Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті қалыптастыру басқармалары (бөлімдері) туралы ережелерді басшылыққа алады.

Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері лауазымына басшы тағайындайды және босатады және мемлекеттік мекеменің басшысына тікелей бағынады.

Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді.

Бас бухгалтер мемлекеттік мекеме басшысымен бірлесіп банк құжаттарына және материалдық құндылықтарды және ақша қаражатын қабылдау мен беруге негіз болатын құжаттарға, сондай-ақ қаржы міндеттемелеріне қол қояды. Мемлекеттік мекеменің басшысы бас бухгалтердің ұсынымы бойынша банк құжаттары мен бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығын уәкілетті тұлғаларға беріледі. Осы өкілеттіктер мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтары негізінде беріледі. Бас бухгалтердің немесе оны алмастыратын тұлғаның қолтаңбасыз құжаттар жарамсыз болып есептеледі және орындалуға қабылданбайды.

Бас бухгалтер атқаратын лауазымынан босатылған (жұмыстан шығарылған, басқа жұмысқа тағайындалған, ауыстырылған) кезде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалған бас бухгалтерге, ал соңғысы болмаған кезде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен тағайындалған қызметкерге істерді тапсыру жүргізіледі.

Істерді тапсырушы бас бухгалтердің (бұдан әрі - тапсырушы) және істерді қабылдаушы қызметкердің (бұдан әрі - қабылдаушы) істерді тапсыруы және қабылдауы мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі. Бұйрықта бухгалтерлік қызмет істерінің қабылдау-тапсыру мерзімі, бірақ екі аптадан аспауы тиіс; тапсырушы мен қабылдаушының еңбекақы төлеу тәртібі көрсетіледі. Бұйрықта сондай-ақ істерді қабылдау-тапсыру кезеңінде қол қою құқығы кімге берілетіні көрсетіледі, бұл ретте қабылдаушы тұлғаның қол қою құқығын рәсімдегенге дейін құжаттарға қабылдаушының бақылауымен істерді тапсырушы қол қоятыны келісілуі тиіс.

Істерді тапсыру процесінде осы мемлекеттік мекемедегі бухгалтерлік есептің жағдайы және есеп мәліметтерінің дұрыстығы анықталады, бұл ретте істерді қабылдаушы мен тапсырушының жауапкершілігін шектейтін істерді қабылдау-тапсыру актісі жасалады (онда басшының бұйрығына сәйкес комиссия құрамы, бухгалтерлік тіркелімдердің атауы

мен саны есептілік: қаржылық, бюджеттік, салықтық және статистикалық, активтердің, міндеттемелердің, таза активтердің/капиталдың сомасы мен атауы көрсетіледі).

Бухгалтерлік қызмет істерін тапсыру соңғы ұсынылған баланстың негізінде жүргізіледі. Қабылдап алу-беру актісінде істерді беруді жүзеге асыру күні көрсетілуі тиіс.

Істерді қабылдау және тапсырудың басында істерді қабылдау-тапсыру кезіндегі кассаның (қолда бар ақша қаражатының сақталуына тиісті жағдайлар қамтамасыз етілген бе, кассада сақталатын басқа құндылықтар бойынша жағдай және олардың бухгалтерлік жазбаларға сәйкестілігі, чек кітапшаларының, қолданылмаған чектер нөмірлерінің болуы) жағдайы тексеріледі. Кассадағы қолма-қол ақшаның қалдығын тексеру актісіне (онда ерекшеліктер бойынша ақша қаражатының қалдық сомасы, соңғы шығыс және кіріс ордерлерінің нөмірлері мен күні көрсетіледі) бухгалтерлік қызмет істерін тапсырушы және қабылдаушы адам, сондай-ақ кассир не кассалық операцияның жүргізілуіне жауап беретін тұлға қол қояды.

Істерді қабылдау және тапсыру кезінде ақшалай есептің, есептеу операцияларын есептеу жағдайы, есептеу баптары балансының жағдайы (дебиторлық және кредиторлық берешектің нақтылығы, осыған кінәлі тұлғалардың көрсетілуімен өндіріп алуға болмайтын берешектің болуы, өзара есептесудің салыстыру актісінің болуы, бюджетке уақытылы аударылмаған сомалардың болуы), сондай-ақ мемлекеттік мекеменің қаржы есептілігінің жасалуы (есеп тәртібінің сақталуы, ұсынылатын есептің сапасы) тексеріледі.

Бұдан басқа қабылдап алу-беру актісінде:

- бухгалтерлік қызметте есепті ұйымдастырудың жағдайы (штат, оның жинақталуы, міндеттердің бөлінуі, лауазымдық нұсқаулықтар, бухгалтерлік есеп пен есептілік бойынша нұсқаулық материалдардың болуы, бухгалтерлік кітаптармен, есеп пен есептілік бланкілерімен қамтамасыз етілуі), есеп жүйесінің қалыптасуы;
- есептің, бухгалтерлік есептіліктің алғашқы құжаттамасының жағдайы;
- есепке алу, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды ұйымдастыру үшін қажет іс-шаралар;
- құжаттардың ресімделуінің және сақталуының дұрыстығы, мұрағаттың жағдайы көрсетіледі.

Мемлекеттік мекеменің есебі мен есептілігінің жағдайын тексеруді аяқтау бойынша жасалған қабылдап алу-беру актісіне істерге қабылдаушы мен тапсырушы қол қояды және мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді. Қабылдап алу-беру актісінің қандай-да бір ережелерімен қабылдаушы келіспеген жағдайда, ол оған қол қойғанда тиісті дәлелденген ескертулерді көрсетуге етуі тиіс. Қабылдап алу-беру актісі екі данада жасалады, оның біреуі істі тапсырушы тұлғада қалады.

Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттік мекемені бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін нұсқаулық құжаттармен қамтамасыз етуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.Мемлекеттік мекеме осы қағидаларға сәйкес бухгалтерлік есептің мемориалды-ордерлік нысаны бойынша бухгалтерлік есепті жүзеге асырады.

Операцияны немесе оқиғаларды жасау фактісін белгілейтін, дұрыс рәсімделген бастапқы құжаттар бухгалтерлік есептің тіркелімдерінде жазбаларды көрсетуге негіз болып табылады.

Бастапқы құжаттар операцияны немесе оқиғаларды жасау кезінде жасалады, егер бұл мүмкін болмаса операция мен оқиғалар аяқталғаннан кейін тікелей жасалуы тиіс.

Бастапқы құжаттардағы жазбалар ұзақ уақыт бойы жазбалардың сақталуын қамтамасыз ететін құралдар арқылы ғана жүргізіледі.

Бастапқы құжаттарда мынадай міндетті деректемелер қамтылады:

- құжаттың атауы (нысандар);
- жасау күні;
- ұйым атауы немесе құжат кімнің атынан жасалса, соның тегі мен аты-жөні;
- операция немесе оқиға мазмұны;
- операция мен оқиғаның өлшем бірлігі (сандық және құндық шамада);
- операцияның жасалуына (оқиғаны растауға) және оның дұрыс рәсімделуіне жауапты тұлғалардың лауазымдарының атауы, тектері, аты-жөндері және қолдары;
- бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН).

Бастапқы құжаттың электрондық нысаны қағаз жүзінде рәсімделген бастапқы құжаттың күшінде болады. Электрондық қолдарды қолданушы электрондық қолтаңбаларды пайдалану және қол жеткізу құқығына қатысты тиісті сақтану шараларын және бақылауды белгілейді.

Мемлекеттік мекемелер электрондық тасымалдағыштарда бастапқы құжаттарды және бухгалтерлік есепке алу тіркелімдерін жасау кезінде осындай құжаттардың көшірмесін қағаз тасығыштарда дайындайды.

Бастапқы құжатта мынадай қосымша деректемелер көрсетіледі құжат нөмірі, мемлекеттік мекеменің мекенжайы, құжатпен тіркелген операция жасау үшін негіздеме, құжатталатын операциялардың сипатымен анықталатын басқа қосымша деректемелер.

Материалдық құндылықтарды сатып алуға арналған құжаттарда осы құндылықтарды алғаны жөніндегі материалдық жауапты тұлғаның қолхаты, ал орындалған жұмыстар үшін құжаттарда – тиісті тұлғалардың жұмыстарды қабылдау растамасы болады.

Бастапқы құжаттарда мәтіндік бөлімде де, сандық деректерде де келісілмеген түзетулер мен тазартуларға жол берілмейді.

Бастапқы құжаттарда қателер дұрыс емес мәтінді немесе соманы сызып тастау жолымен түзетіледі және сызып тасталғанның үстінен дұрыс мәтінді немесе соманы жазу арқылы түзетіледі. Сызып тастау бұрынғы жазылғанды оқитындай етіп, жіңішке сызықпен жүргізіледі. Бастапқы құжатта қатені түзеу "Түзетілді" деген жазумен ескертілу және құжатқа қол қойған тұлғалардың қолымен, түзету енгізу мерзімін көрсету арқылы расталады.

Кассалық және банктік бастапқы құжаттарға түзетулер енгізуге жол берілмейді.

Халықаралық ұйымның дипломатиялық хатының негізінде жасалған бухгалтерлік анықтама Қазақстан Республикасының жарналарын төлеу кезінде корреспондент банктің комиссиялық сыйақысына арналған шығыстарды бухгалтерлік есепте көрсету үшін негіз болып табылады.

Жеке мемориалды ордерлер операцияны жасау шамасына қарай, бірақ келесі күннен кешіктірмей (алғашқы құжатты алғаннан кейін), жеке құжаттардың негізінде де, біртекті құжаттар тобының негізінде де жасалады. Мемориалды ордерде қосалқы шоттарды корреспонденттеу бір қосалқы шоттың дебеті бойынша және басқа қосалқы шоттың кредиті бойынша немесе бір қосалқы шоттың дебеті бойынша және бірнеше қосалқы шоттардың кредиті бойынша немесе керісінше бір қосалқы шоттың кредиті бойынша немесе бірнеше қосалқы шоттардың дебеті бойынша операция сипатына қарай жазылады.

Мемориалды ордерлерге бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

Барлық мемориалды ордерлер Нысандар альбомының 308 нысанды "Басты-журнал" кітабында тіркеледі. "Басты-журнал" кітабындағы есеп әдетте қосалқы шоттар бойынша жүргізіледі.

"Басты-журнал" кітабы өткен жылдың бухгалтерлік балансына сәйкес жыл басындағы сома қалдықтарының жазбаларымен ашылады. Онда жазбалар мемориалды ордерлерді жасау шамасына қарай жүргізіледі, ал жинақтау ведомостерінің мемориалды ордерлерін жасау кезінде айына бір рет жүргізіледі. Мемориалды ордердің сомасы алдымен "Ордер бойынша сома" бағанына, содан кейін тиісті қосалқы шоттардың дебеті мен кредитіне жазылады. Бір айда айналымдардың сомасы дебет бойынша да, кредит бойынша да, барлық қосалқы шоттар бойынша "Ордер бойынша сома" бағанының қорытындысына тең болу керек. Бір айдағы айналымнан кейін екінші жолда әрбір қосалқы шот бойынша келесі айдың басындағы қалдық шығарылады.

Синтетикалық және талдамалы есеп шоттары бойынша бухгалтерлік жазбалардың дұрыстығын бақылау үшін тиісті синтетикалық шотпен біріктірілетін талдамалы шоттардың әрбір тобы бойынша Нысандар альбомының М-44, 285 және 326-ҰМА, 326-МЕА, 326-ИЖМ, 326-БА нысандарының айналым ведомостері жасалады. Айналымдардың қорытындылары және әрбір талдамалы шоты бойынша айналым ведомостерінің қалдықтары айналымдардың қорытындыларымен және Нысандар альбомының 308 нысанды "Басты-журнал" кітабының осы қосалқы шоттарының қалдықтарымен салыстырылады.

Нысандар альбомының 326-ҰМА, 326-МЕА, 326-ИЖМ, 326-БА нысандарындағы айналым ведомостеріндегі жазбалар бірнеше жыл бойы жүргізіле алады.

Қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары түсініктілік, орындылық, сенімділік пен салыстырмалық болып табылады. Операциялар мен оқиғалар есепке алу құжаттамасында тіркеледі және олар жататын кезеңдердің қаржылық есептіліктерінде танылады. Активтер, міндеттемелер және капитал қаржылық есептіліктің қаржы ережесін бағалауға байланысты элементтері болып табылады. Кірістер мен шығыстар қаржылық қызмет нәтижелері туралы есепте қызмет нәтижелерін тікелей өлшеуге байланысты элементтер болып табылады.

Активтерге өткен оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік мекеменің бақылауындағы ресурстар жатқызылады, олардан болашақта экономикалық пайда немесе сервистік әлеует күтіледі. Активке негізделген болашақ экономикалық пайдалар түрлі жолдармен түсуі мүмкін. Актив жеке немесе басқа активтермен үйлесімділікте тауарларды өндірген және қызметтер көрсеткен кезде басқа активтерге айырбастала, міндеттемені өтеуге қолданыла алады. Тауарларды өндіру және қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын, бірақ ақша қаражатының таза түсімін тікелей қамтамасыз етпейтін активтер сервистік әлеуетті білдіреді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығы.(22.10.2021ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)
2. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығы Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын бекіту туралы (12.02.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

4.Байрамова Г.Ш. Бухгалтерский учет и финансовая отчетность в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности для общественного сектора по методу начисления: учебное пособие. – Астана: KAINAR, 2016. – 337с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 005.96:164

АНАЛИЗ ФАКТОРОВ, ФОРМИРУЮЩИХ КАДРОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЛОГИСТИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ

Павлова Вероника Владимировна
Белорусский национальный технический университет, доцент кафедры «Экономика и логистика», кандидат экономических наук
г. Минск, Республика Беларусь

https://doi.org/10.5281/zenodo.10452034

To Cite: Павлова Вероника Владимировна. (2024). АНАЛИЗ ФАКТОРОВ, ФОРМИРУЮЩИХ КАДРОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЛОГИСТИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10452034

Аннотация: В статье произведен обзор одной их основных составляющих характеристик логистических систем государства – кадрового обеспечения, приведен анализ факторов внешней и внутренней среды, оказывающих непосредственное влияние на его состояние и развитие.

Ключевые слова: логистический потенциал, государство, среда, факторы, кадры, конкурентоспособность

Abstract: The article provides an overview of one of the main components of the characteristics of the state's logistics systems - staffing, and provides an analysis of external and internal environmental factors that have a direct impact on its condition and development.

Key words: logistics potential, state, environment, factors, personnel, competitiveness

В условиях глобальной экономической нестабильности на первое место выходит процесс совершенствования условий ведения деятельности по обеспечению логистических процессов, а также исследование факторов, оказывающих влияние на конкурентоспособность территорий. Пути повышения конкурентоспособности регионов в условиях современного рынка определяются повышением качества производимой продукции, снижением цен на логистические услуги, внедрением инновационных технологических процессов, поиском новых возможностей в направлении снижения затратных механизмов, внедрения ресурсо- и энергосберегающих технологий. [1]

Учитывая мнения исследователей, хотелось бы выделить еще одну характеристику логистического потенциала – кадровое обеспечение предприятий.

Необходимость кадрового обеспечения логистической системы предприятий заставляет обращать внимание на факторы, формирующие этот процесс. Степень влияния разных факторов не одинакова и зависит от сложившихся в определенный момент времени обстоятельств. Степень обеспечения трудовыми ресурсами логистической системы определяется совокупностью действия факторов внешней и внутренней среды.

К факторам внешней среды относятся: социально-экономическая политика государства, региона; законодательная система; научно-техническое развитие; дифференциация оплаты труда (региональная, отраслевая); дефицит кадров в области

логистики; демографическая ситуация в стране и регионе; уровень занятости и безработицы на рынке труда и др.

Рассмотрим детальнее факторы внешней среды[2]:

1. Социально-экономическая политика государства.

Существующая в Республике Беларусь социально-экономическая политика влияет на интенсивность и направления подготовки специалистов в области логистики через целостную совокупность взаимосвязанных и взаимодействующих социальных и экономических отношений по поводу формирования, распределения, перераспределения и использования трудовых ресурсов. Сохранение многочисленных элементов старой системы трудовых отношений на региональном и отраслевом уровнях, неразвитость рынка жилья, чрезвычайная сегментация рынка труда приводят к недостаточному качественному и количественному уровню трудовых ресурсов в области логистики. Благополучие экономической ситуации во внешней среде предприятия отражается на росте национального дохода, благодаря высоким доходам работников и занятости.

2. Законодательная система.

На качественный и количественный кадровый состав логистической системы оказывает влияние и совершенство законодательной системы, так как изменения в ней приводят к существенным переменам в области трудовых отношений и занятости населения. На макроуровне главную роль в сфере регламентации трудовых отношений играют Трудовой кодекс Республики Беларусь, отраслевые тарифные соглашения.

3. Научно-техническое развитие.

В обеспеченности трудовыми ресурсами логистической системы немаловажную роль играют применение достижений научно-технического прогресса в логистике, степень внедрения инноваций, применение современной техники и технологии, уровень автоматизации в деятельности снабжения материально-техническими ресурсами, складирования, распределения готовой продукции и ее сбыте, модернизация бизнес-процессов в данной работе.

4. Дифференциация оплаты труда

Дифференциация оплаты труда служит фактором, влияющим на переток работников в те области трудовой деятельности, где оплата труда выше.

5. Демографическая ситуация в стране.

Демографическая ситуация в Республике Беларусь также влияет на обеспеченность, формирование и развитие кадров логистической системы. Подготовка кадров по направлению «Логистика» началась сравнительно недавно, поэтому на численность специалистов в данной области оказывает влияние количество и удельный вес молодых людей среди всего населения республики, также как и общая численность экономически активного населения. Восемь учебных заведений, готовят сегодня специалистов в той или иной функциональной области логистики (Белорусский национальный технический университет (БНТУ, г. Минск); Белорусский государственный экономический университет (БГЭУ, г. Минск); Институт бизнеса Белорусского государственного университета (Институт бизнеса БГУ, г. Минск); Международный университет «МИТСО» (МИТСО, г. Минск, филиалы в г. Витебске и г. Гомеле); Полоцкий государственный университет (ПГУ, г. Новополоцк); Белорусский торгово-экономический университет потребкооперации (БТЭУП, г. Гомель); Брестский государственный технический университет (БрГТУ, г. Брест) и др.

6. Дефицит кадров в области логистики.

Дефицит кадров, особенно молодых квалифицированных рабочих, в логистике является одним из факторов, стимулирующих деятельность по подготовке специалистов в области логистики и управления цепями поставок. Основными причинами дефицита

кадров в логистических системах является неадекватная затратам оплата труда, уравнительность заработной платы, недооценка квалифицированного труда, в том числе интеллектуального, а также разрушение мотивационного механизма труда[3].

7. Уровень занятости и безработицы на рынке труда.

Занятость и безработица (рис. 1) на рынке труда Республики Беларусь представляют сложные явления социально-трудовой сферы.

Противоречащие друг другу тенденции сегодня наблюдаются на рынке труда применительно к области логистики: с одной стороны, бизнес-сообщество при найме работников отдают предпочтение лицам более молодых возрастов, даже несмотря на отсутствие у молодёжи опыта работы; с другой стороны, частный бизнес отказывает в трудоустройстве молодым специалистам, оказывая предпочтение специалистам старших возрастов, зарекомендовавших себя в трудовой деятельности; вместе с тем, следует учитывать, что подготовка кадров, как уже упоминалось выше, ведется в нашей стране с недавнего времени (не более 10 лет). В итоге все это отражается на обеспеченности кадрами логистической системы.

Охарактеризуем факторы внутренней среды, которые влияют на формирование и




Рисунок 1 -- Уровень безработицы в Республике Беларусь, %

развитие кадрового обеспечения логистической системы:

1. Первая группа – характеристики работников.

Включает демографические, профессионально-квалификационные и личностные факторы. Демографические факторы отражают влияние половозрастных характеристик, семейного положения работников, уровня их психофизиологического состояния на тенденции развития в трудовой деятельности. Профессионально-квалификационные факторы показывают влияние сочетания профессиональных навыков или компетентности, которыми обладает работник, опыта работы, уровня профессионального образования на развитие процесса трудового развития. Личностные факторы являются весьма значимыми, так как все работники существенно различаются по степени восприимчивости ситуаций, возникающих в процессе трудовой деятельности. Эти индивидуальные различия отражают взаимодействия ситуационных детерминант процесса решения с такими устойчивыми характеристиками человека, как его личностные черты [4].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Среди качеств, которыми должен обладать специалист в области логистики, необходимо выделить личные качества, которые необходимы для работы, и профессиональные навыки, при использовании которых человек может быть максимально эффективен и полезен для организации. Данные качества представлены в таблице 1.

Таблица 1 – Профессиональные и личные качества специалиста в области логистики [5]

Профессиональные навыки и знания	Личные качества
1. Непосредственное взаимодействие с поставщиками и клиентами, в ходе которого нужно быть уверенным переговорщиком и иметь опыт переговоров; 2. Подготовка документации (первичная документация и последующая ее систематизация, и подача в разрешительные органы); 3. Умение формировать и размещать заказ; 4. Планирование закупок; 5. Взаимодействие с таможенными органами; 6. Координация работы складских служб; 7. Разработка маршрутов поставок грузов; 8. Знание различных видов перевозок; 9. Знание закупочной, складской и распределительной логистики; 10. Знание современных технологий, программных средств, которые необходимы для работы; 11. Владение языками.	1. Трудолюбие – одно из самых важных качеств каждого человека, который бы хотел добиться успеха; 2. Пытливый ум и наблюдательность -это те качества, которые необходимы для того, чтобы в ежедневной рутине жизни искать новые идеи; 3. Амбициозность является необходимым качеством, которое помогает преодолевать любые преграды на пути к успеху; 4. Аналитический склад ума. Позволяет оценить шанс на успех той или иной идеи, проанализировать сделанные ошибки и внести соответствующие поправки; 5. Умение принимать нестандартные решения; 6. Креативность. Это черта подразумевает творческий подход, нестандартность мышления, отсутствие неких рамок, каких-либо ограничений; 7. Системность мышления – навык, благодаря которому можно спрогнозировать, как повлияют действия и решения на систему взаимодействующих процессов; 8. Коммуникативные навыки, так как логист должен уметь выстаивать отношения с поставщиками, контрагентами, гос. службами и т.п.

2. Вторая группа – условия предприятия.

Включает социально-экономические, информационные, технико-организационные, политико-правовые факторы. Социально-экономические факторы являются определяющими и обусловлены производственными отношениями, они воздействуют на трудовую деятельность через материальную обеспеченность, уровень образования, продолжительность работы на предприятии, а также через величину моральных и материальных издержек, связанных с трудовой деятельностью. Информационные факторы исполняют существенную роль в процессе трудовой деятельности, так как от степени владения информацией происходят изменения в карьере работника. Технико-организационные факторы отражают создание и функционирование множества необходимых предприятию социально-трудовых систем, касающихся карьерной обеспеченности логистической системы: технико-технологический уровень производства, организацию труда и управление производством, качество управления персоналом,

возможность самосовершенствоваться и т.д. Существенной предпосылкой к высокому уровню кадровой обеспеченности, закрепления работников на предприятии являются также политико-правовые факторы. К ним относятся кадровая политика предприятия, нормативные документы предприятия, способствующие повышению эффективности труда. Условия труда и отдыха, формы организации рабочих мест и труда и методы морального и материального стимулирования, возможность проявления творческой инициативы, участия в управлении производством работников, возможность карьерного и профессионально-квалификационного продвижения, наличие социальной поддержки [6].

3. Третья группа – мотивация работников к результатам труда.

Включают наличие разработанной системы, позволяющей работнику реализовать свой потенциал и получить признание за работу в виде продвижения по службе, материального вознаграждения и т.п., вызывает удовлетворение работой и мотивирует на повышение результатов труда.

Так определение принципиальных направлений формирования и развития кадрового обеспечения логистической системы должно основываться на учете существующих факторов внутренней и внешней среды, которые уже длительное время влияют и будут влиять на привлечение и закрепление работников в области логистики.

Резюмируя актуальность кадрового потенциала для государства, отметим теорию М. Портера, согласно которой высшей формой конкурентных преимуществ стран является «движение инноваций», позволяющее максимально эффективно использовать любые мировые ресурсы. Однако за «движением инноваций» (научно-исследовательскими, маркетинговыми разработками, развитием персонала и организации фирм) чаще всего стоит социальная сфера страны, воспроизводящая основные ресурсы фирм – человеческие. Данные ресурсы воспроизводятся за пределами фирм, но определяют потенциал развития последних. Это специфические страновые ресурсы международной конкуренции, которые представляют собой ключевые ресурсы глобальной конкуренции, ибо за право обладать и пользоваться ими в хозяйственной деятельности фактически разворачивается конкурентная борьба фирм. Но воспроизводят этот ресурс, как правило, не фирмы, а страны. Именно поэтому способность воспроизводить его, а затем пользоваться результатами этого воспроизводства — признак глобальной конкурентоспособности страны. Республика Беларусь как страна с социально ориентированной экономикой может целенаправленно стремиться к достижению подобных целей и тем самым позитивно влиять на свою конкурентоспособность. [7]

Список литературы:

1. Куган С.Ф. Логистический потенциал как фактор формирования конкурентоспособности региона [Текст] / С.Ф. Куган // Технико-технологические проблемы сервиса. – 2020. – № 1 (51). – С. 71.

2. Новикова Т.В., Пахолкин П.П. Управление трудовыми ресурсами в микрологистической системе // Материалы Международной научно-практической конференции «Наука XXI века: опыт прошлого - взгляд в будущее». – Омск: СибАДИ, 2015. – С. 290-296.

3. Новикова Т.В. Трудовая мобильность молодежи на промышленных предприятиях в условиях нестабильной экономики: Автореф. дис. канд. экон. наук. Омск, 2009. – 28 с.

4. Новикова Т.В. Проблемы планирования подготовки и распределения специалистов в области транспортной логистики // Сборник трудов конференции "Развитие дорожно-транспортного и строительного комплексов и освоение стратегически

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

важных территорий Сибири и Арктики: вклад науки Материалы международной научно-практической конференции". – Омск: Изд-во СибАДИ, 2014. – С. 66-69.

5. Силина Д.В., Грипалева Н.С., Шевень Л.Н. Кадровый потенциал и его характеристики в области логистической деятельности // Современные научные исследования и инновации. 2015. № 4. Ч. 3 [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://web.snauka.ru/issues/2015/04/41267 Дата доступа: 01.12.23

6. Потуданская В.Ф. Экономика и социология труда:учебное пособие / В. Ф. Потуданская, И. В. Цыганкова, Т. В. Новикова; Федеральное агентство по образованию, Гос. образовательное учреждение высш. проф. образования «Омский гос. технический ун-т». Омск, 2009. – 92 с.

7. Широканов Д. Факторы повышения конкурентоспособности экономики Беларуси в современных условиях: теоретико-методологические подходы в программных документах [Электронный ресурс] / Д. Широканов // – Режим доступа: https://evolutio.info/ru/journal-menu/2006-2/2006-2-shirokanov. – Дата обращения: 02.12.2023.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(VOLUME 4 ISSUE 4, 2023)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 338.266

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН НЫҒАЙТУ ЖОЛДАРЫ

Темирбекова Эльмира Темирбековна
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
«Экономика және басқару» ББ-ның аға оқытушысы, э.ғ.м.
Қызылорда, Қазақстан

https://doi.org/10.5281/zenodo.10457130

To Cite: Темирбекова Эльмира Темирбековна. (2024). ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН НЫҒАЙТУ ЖОЛДАРЫ. В SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME (Т. 4, Выпуск 4). Zenodo. https://doi.org/10.5281/zenodo.10457130

Аннотация:

Демография — бұл қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын кешенді және қолданбалы ғылым. Мақалада халық санының өсуі экономикалық дамуға оң әсер тигізгенімен, инфрақұрылым, денсаулық сақтау, білім саласы мен еңбек нарығындағы ауқымды мәселелерді күн тәртібіне шығаратыны анық көрсетілген. Сонымен қатар, еліміздің демографиялық қауіпсіздігін нығайту жолдары ұсынылған.

Тірек сөздер:

Демография, демографиялық саясат, халық саны, халықтың денсаулығы, тұрғын үй мәселесі, экономикалық тұрақтылық, көші-қон

Abstract:

Demography is a complex and applied science that covers all spheres of social life. The article clearly shows that although the population growth has a positive effect on economic development, it brings to the agenda large-scale problems in infrastructure, healthcare, education and the labor market. In addition, ways to strengthen the country's demographic security are proposed.

Key words:

Demography, demographic policy, population, population health, housing problem, economic stability, migration

Әлемнің кез-келген мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани-мәдени дамуындағы жетістіктерінде оның халқы маңызды рөл атқарады. Тұрғындардың әл-ауқатына әсер ететін еңбек ресурстарының көлемі, экономикалық әлеуеті, бәсекеге қабілеттілігі, елдің дүннежүзілік деңгейдегі табыстары мен саяси тұрақтылығы демографиялық даму үрдісіне тәуелді. Халықтың ұдайы көбеюінің оң қарқындылығы мемлекеттің өмір сүре алу қабілетін, тұрғындардың әлеуметтік жағдайы мен болашаққа сенімділігін көрсетсе, сонымен қатар демографиялық үдерістердегі орын алып отырған мәселелер мемлекеттің әрі қарай экономикалық өсіміне кедергі келтіре отырып, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайын шиеленістіруі мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңына сәйкес, ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлерінің бірі демографиялық жағдайдың және халықтың денсаулығының нашарлауы, оның ішінде бала туудың күрт төмендеуі, өлім-жітімнің

артуы, көші-қон мәселелері болып табылады. Осыған байланысты орнықты әлеуметтік-демографиялық үдерістер ел дамуының негізгі басымдықтарының бірі ретінде саналады.

Қысқаша анықтама беретін болсақ, демография дегеніміз – халық санын жүйелі және ғылыми тұрғыда зерттеу. «Демография» сөзі грек тілінен аударғанда, «халық туралы жазу» деген мағынаны береді. «Демография» терминін алғаш 1855 жылы бельгиялық статист Ахилл Гиллард өзінің «Адамдар статистикасының элементтері немесе салыстырмалы демография» атты кітабында қолданды.

Әлеуметтік ғылым ретінде демография келесі мәселелерді зерттейді:

- белгілі бір аймақта тұратын халықтың нақты бір уақыттағы саны, құрамы және орналасуы;
- халық саны мен құрамындағы өзгерістер (туу, өлім және көші-қон);
- осы компоненттерге әсер ететін факторлар;
- халық саны, құрамы, орналасуы және компоненттердегі өзгерістердің салдары [1].

Демографиялық үдерістердің кез келгеніндегі өзгеріс халықтың құрамы, яғни оның құрылымы жөнінде де маңызды ақпарат береді. Халықтың құрамы жайында айтатын болсақ, ең маңызды сипаттар – жас пен жыныс. Демография және демографиялық үдерістерді зерттеуде аса маңызды болып табылатындықтан, оларды демографиялық сипаттар деп атайды.

Еліміздің демографиялық жағдайына тоқтала кетсек. Бірінші мәселе – ол халық саны. Көбіне аумағы және халық саны бойынша Қазақстанды Франциямен салыстырып жатады. Францияның аумағы Қазақстаннан 5 есе аз, ал халқы шамамен 67 млн адам. Осыған байланысты Қазақстан тәуелсіздігін алған 1990 жылдардың басында көптеген отандық демографтар біз үшін халықтың оңтайлы саны 60 млн адам болуға тиіс екенін айтқан болатын. Қазіргі таңда Ұлттық статистика Бюросының мәліметтері бойынша 2023 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасының халық саны 20 миллион адамға жетті [2]. Дегенмен осының әсерінен көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемалар туындайтынын айта кеткен дұрыс. Жергілікті жерлерде отандық өндіріс пен жұмыс орындары, балабақша, мектеп, аурухана, тұрғын үй, жол айрығы және көлік қатынасы, ауылдық жерлерде азық-түлік дүкендері және т.б. тапшылығы байқалады.

Екіншіден, халық санының өсуі мәселесі инфрақұрылымның проблемаларын ғана айқындап ғана қоймай, сонымен қатар, оның әсерінен адамдардың біркелкі қоныстанбауын да көрсетіп отыр. Бүгін Қазақстанда радикалды урбанизация процесі жүріп жатқанын көріп отырмыз, онда ауылдық жерлердегі жастар, сондай-ақ орта жастағы адамдар өздерін жұмыспен қамтамасыз ету үшін және жақсы өмір сүру үмітімен жаппай қалаға көшуде. Бірақ «құмырсқаның илеуіндей» құжынаған тұрғын үй кешендері мен барак үлгісіндегі баспаналарда тұруға, 6-7 адамнан бір бөлме жалдауға мәжбүр. Мұндай өмір салты «адами капиталдың» жетіспеушілігіне әкеледі. Бұл ұғым – демографияның негізгі тақырыптарының бірі. Сәйкесінше, қиын жағдайда өмір сүру адамның мәдениеті мен құндылықтарының деңгейіне сөзсіз әсер етеді.

Үшіншіден, Қазақстанның демографиялық жылнамасының деректеріне сәйкес, 2023 жылдың басында қазақстандықтардың орташа жасы – 32,1. Айта кету керек, бұл – Қазақстан Республикасы халқы жас екенін дәлелдейтін жақсы көрсеткіш. Алайда, демографиялық жүктеме проблемасы туралы ұмытпау қажет, өйткені балалар мен еңбекке жарамсыз қарттардың мәселесі еліміздің экономикалық белсенді тұрғындарына кері әсер етпек. Мұндай жағдайда орта жастағы тұрғындарға, еңбек пен табыс мәселесінде көп ауыртпалық түсіп, тіпті өндіріс пен экономикада көрініс табатынын байқауға болады. Нәтижесінде, қазір барлық салада кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі проблемасы туындап отыр.

